ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Нұргелді Уәли

ТІЛТАНЫМДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Екінші кітап

Алматы, 2025

ӘОЖ 80/81:811
КБЖ 81.2
У 12

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ғалымдар кеңесі ұсынған
(№11 хаттама, 23 қазан, 2025 жыл)

Жауапты редакторы:
филология ғылымдарының докторы, профессор *Айман Алдаш*

Жауапты шығарушылар:
филология ғылымдарының докторы, профессор *Құралай Күдеринова*
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор *Гүлфар Мамырбек*

Пікір жазғандар:
филология ғылымдарының докторы, профессор *Жамал Манкеева*
филология ғылымдарының докторы, профессор *Мырзаберген Малбақов*

Уәли Н.
У 12 Тілтанымдық зерттеулер. Екінші кітап. – Алматы: Асыл ЖК, 2025. – 400 б.

ISBN 978-601-311-431-6

Жинаққа филология ғылымдарының докторы, профессор Нұргелді Уәлидің сөз мәдениеті, орфография және орфоэпия, әліпби, ауызша сөз бен жазба тілдің ерекшеліктері, тілдік норма туралы мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары топтастырылған.

Еңбек филолог мамандарға, білім беру жүйелерінің мамандарына, магистранттар мен докторанттарға, сондай-ақ ұлт тілінің қазіргі жай-күйі қызықтыратын қалың қауымға арналған.

ӘОЖ 80/81:811
КБЖ 81.2

ISBN 978-601-311-431-6

© А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі қалың жұртшылықты қазіргі жазудың жайы, әліпби, сөз мәдениеті мәселелері алаңдатып, әрі қызықтырып отыр. Тілдің болашақ тағдырына қатысты осындай өзекті мәселелердің түйінін табуда сол қалың қауым, әрине, сол түйінді тарқатып беретін, мойындататын ғылыми тоқтам іздегенде, ең алдымен филология ғылымдарының докторы, профессор, бүгінгі тілші қауымның рухани ұстазы, көрнекті ғалым Нұргелді Мақажанұлы Уәлидің тілтанымдық зерттеулеріне сүйенеді.

Әрине, ғалымның қазақ орфографиясының фонологиялық негіздерін де, сөз мәдениетінің теориялық тұжырымдарын да ғылыми дәйектеген, кейінгі жылдары жарық көрген іргелі зерттеулері бар. Дегенмен ғылыми негіздемелерді ұсынар алдында ғалым өткен ғасырдың орта тұсынан бастап осы мәселелерге алдымен терең барлау жасады. Профессор Нұргелді Уәли сөз шеберлігі, сөзді сауатты жұмсау, сөз тазалығы, сөз әсерлілігі, ауызша сөз бен жазба тілдің бір-біріне әсері сияқты күрделі сипаттарды анықтау үшін тілдік фактілерді молынан жинақтады, емлесі қиын сөздерді жүйеледі, ортологиялық құралдардың түзілуіне тікелей араласты.

Ұсынылып отырған Жинаққа ғалымның тілдік жүйе – норма – узус, лексика-фразеологиялық жарыспалар, функционалды стильдердегі сөзқолданыс, жаңа сөздер мен терминдердің, жергілікті тіл ерекшеліктерінің әдеби нормаға қатысы, қазақ жазуының ұлттық сипаты, сөздік түзудің ұстанымдары, орфографиялық норма, дыбыс – графема – фонема теориясы тәрізді сан алуан мәселелер жөніндегі әр жылдары жарияланған мақалалары топтастырылған.

Ғалымның ғылыми ізденістерінің алғашқы нәтижелері, мол эмпирикалық материалдардың негізінде жүргізілген пайымдаулар, ұсыныстар мен сараптамалар осы мәселелерге сұранысы бар ынталы қауым үшін танымдық-тағылымдық жағынан аса құнды. Әліпби ауыстыруды тұңғыш рет реформа деңгейіндегі ауқымды шара екенін дәлелдеген, қазақ орфографиясының негізгі принциптерін, емлесі қиын кейбір сөздердің нормасын негіздеген көзқарастары, сондай-ақ ауызша сөз бен жазба сөздің коммуникативтік статусы және оның емлеге қатысы, орфоэпиялық нормаларды кодификациялау, қазақтың дәстүрлі сөзсаптамы туралы профессор Нұргелді Уәлидің кейінгі кезеңде жарық көрген мақалалары, сөз жоқ, бүгінгі тіл саясатының өзекті мәселелерінің дұрыс шешімін табуға үлес қосады.

Айман Алдаш
филология ғылымдарының докторы, профессор

СЕН ДҰРЫС СӨЙЛЕЙ БІЛЕСІҢ БЕ?[1]

Бұрын-соңғыны барлай қарасақ, адам мәдениетінің алғы шарты дұрыс сөйлеуден басталады екен. Дұрыс сөйлей білетін адам айтар ойын тыңдаушы зердесіне жеткізе алады. Ол үшін сөйлер сөзге ұқыптылық керек. Сөз мағыналарының әр сырына қанық адам сөз маржанын тізе біледі. Басы артық сөздерді қолданбайды. Себебі керексіз сөздер айтар ойыңды көмескілеп ажарынан айырады. «*Жаңағы нетіп қалып, нетіп кеткенде, сөйтіп, өйтіп, әлгі бар ғой*» тағы басқаларды сөз арасына орынсыз кіргізсе, одан не түсінуге болар еді? Сөйлеу дағдысы нашар оқушы «*Асан бар ғой, сөйтіп, сонда ше? Неғылмағанда, нетпейтін еді»* деп сөйлеген бала сөзі, құлаққа түрпідей тимей ме?

Ана тілін қадірлей білген адам бөгде сөзді араластырмай таза сөйлейді. Бөгде сөз дегеннің өзін дұрыс түсіну керек, өйткені басқа тілден сөз қабылдамайтын таза тіл болмайды. Егер басқа тілден енген сөздер тіл байлығына айналса құба-құп. Олардың еш бөтендігі жоқ. Мысалы, бір кездерде *ноқай* моңғол тілдерінен енген. Ал *кітап, нан, гүл* о бастағы араб-иран сөздері. *Ферма, колхоз, радио, кино* орыс тілі арқылы ауысқан. Бұлар тіліміздің игілігіне айналған. Сондықтан бұндай сөздерді қолданудың еш әбестігі жоқ. Ал халық қабылдамаған, тілдік дәстүрде жоқ бөтен сөздер сөз арасын былғайды.

Сөйлеу мәдениеті жоғары адамдар сыпайы сөйлейді. Мәселен, құрбы-жолдасының жағымсыз қылығын байқаса *өсекші* деудің орнына *аузы жеңілдеу* екен деп ескертер еді. *Мылжың* деудің орнына *сөзуарлау*, *суайт*, *өтірікші* деудің орнына *сөзі шындыққа жанаспайды* деп айтар еді.

Бұлай сөйлеу дұрыс, бұлай сөйлеу бұрыс деп ешкім біреудің аузына сөз салып бермейді. Дегенмен дұрыс сөйлеудің бәрімізге ортақ өлшем таразысы бар. Ол – әдеби тіл. Қазақ тілі – кемеліне келген әдеби тіл. Шешендіктің небір інжу-маржан үлгісі жасалынған ана тіліміздің байлығында шек жоқ. Күнделікті пайдаланылатын оқулықтар, сүйіп оқитын көркем шығармалар, газет, журналдардың тілі әдеби тілдің жазба түріне жатады. Әдеби тілдің екінші түрі – сөйлеу тілі. Бұлардың арасында алшақ айырма да, нәзік ұқсастық та бар. Сөйлеу мәдениеті жоғары адам бірімен бірін шатастырмайды. Олардың арасындағы азғана айырманы да аңғара біледі. Мәселен, қабырға газетіне *«Біз колхоз егістігінде қажырлы еңбек еттік»* деп жазудың еш өрескелдігі білінбейді. Ал ағаңа, не әжеңе солай деп тұрсаң жарасымсыз. Себебі бұндайлар сөйлеу тілінде жаттанды болып көрінеді. Ал жаттанды сөйлеу тіл мәдениетімен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Тіл мәдениеті жоғары кісі жаттанды емес, жарасымды сөйлейді. Кей оқушы сабақ айтқанда өз түсінігін сөйлеу тілімен жеткізудің орнына оқулықтағыны бұлжытпай айтуға тырысады. Бұл да оқушының ой-өрісінің олқылығын, сөйлеу мәдениетінің кемістігін көрсетеді. Халқымыз ежелден-ақ «көп сөз – көмір, аз сөз – алтын» дейді. Ал тіл ұстарту көп тыңдап, аз сөйлеуден, аз сөйлеп көп ойды аңғартудан, мол білімнен басталады.

[1] *Мақала «Қазақстан пионері» газеті, 1973, № 26 санында жарияланған.*

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ[2]

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың, ұлттың ұжымдық тәжірибесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға білім мен ғылымды үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Тіл – қысқасы, өмірдің ұлы қаруы.

Тілдің қарым-қатынас құралы болу қызметі оның коммуникативтік функциясы, ой мен дүниетанымды қалыптастыруы, конструктивтік функциясы, эстетикалық функциясы, ұжымдық тәжірибе, ғылым-білімнің табыстарын жинақтауы кумулятивтік функциясы деп аталады. Қарым-қатынас майданына түскен сайын тілдің икемділігі артып, қызметі шыңдала береді. Бірақ тілдің мұндай қасиеті оның қызмет етуіне, жетілуі мен дамуына айрықша көңіл бөліп, мемлекет шынайы қамқорлыққа алғанда ғана ерекше жандана түседі. Тіл саясаты тілдің қоғамдық қызметінің дамуына оң әсер етуі тиіс. Ал, кері әсер етсе, ондай саясат кертартпа саясат болып шығады.

Әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрін қатар дамытып, оның қоғам өміріндегі қызметінің өрістей түсуіне мүмкіндік жасау, түрлі ауытқулардан арылтып отыру, небір күрделі ойдың әр қилы нәзік иірімдерін тіл арқылы дәл, анық жеткізе білуге көпшілікті ұдайы тәрбиелей беру т.б. тіл мәдениетін көтеру деген ұғымды білдіреді. Тіл мәдениеті мен сөз мәдениеті деген терминдер кейде тайталас ұғымда жұмсалады. Өзара мағыналас болғанмен, бұлардың бір-бірінен айырмасы да жоқ емес. Тіл мәдениеті дегеннің ұғымы кең. Ол көбіне көп қарым-қатынас құралы болып табылатын тілді жетілдіре беруге, негізгі нормаларын (жүйесі мен құрылымдарын) қалыптастыра түсуге тікелей жәрдемі тиетін грамматикалар, сөздіктер, түрлі анықтама құралын жасау бағытында іс-әрекеттермен қатар сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік тәрізді мәселелерді де қамтиды. Әсіресе, соңғы ұғымдарға қатысты айтсақ, сөз мәдениеті – дегеніміз қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әр қилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл, тиімді қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге саяды. Сонымен, сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді.

Сөз мәдениеті ұғымы, біріншіден, сөзді дұрыс қолдану (сөз дұрыстығы), екіншіден, сөзді бедерлі жұмсау (сөз шеберлігі) деген екі сатыдан тұрады.

Сөз дұрыстығы қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормасын ұстану дегенге саяды. Жарыспалы екі немесе бірнеше нұсқаның біреуі ғана дұрыс деп танылады: *барасыз (барсаңыз* емес), *балалар (балдар* емес) *арықтан аттады (арықты аттады* емес) т.б.

Сөзді қазіргі әдеби тілдің нормасына сай дұрыс қолдану туралы білім (әсіресе, грамматикалық, орфография салалары бойынша) негізінен мектепте беріледі.

Сөз шеберлігі тек нормаға тән дұрыстықты ғана көздемейді, сонымен қатар тілдік амал-тәсілдердің ішінен мағына, стильдік жағынан аса дәл, бедерді, ұтымды түрін талғау дегенге саяды. Бұл жерде сөзге дұрыс не бұрыс деген үзілді-кесілді баға берілмейді. Сөз «дәлірек», «айқынырақ», «әлдеқайда лайықты», «орындырақ»

---

[2] *Мақала «Қазақ тілін мектепте, колледжде және ЖОО-да оқыту» журналы, 2005, №6 санында жарияланған.*

деп бағаланады. Мысалы, көркем тіл кестесі үшін *ауыл ұйқыда* дегеннен гөрі *ауыл мызғып, қалғып тұр* деу әлдеқайда дәлірек.

Сөз мәдениеті адамның жалпы мәдениеттілігінің, ойлау мәдениетінің жоғары болуын көздейді. Ана тілін ардақтау, тілді құрмет тұту – жалпы мәдениетке, оның ішінде сөз мәдениетіне қойылатын аса қажетті талаптардың бірі.

Қазақ тілі – біздің ана тіліміз, мақтанышымыз. Қазақ тілі – әлемдік тіл кеңістігінде ерекше орны бар, небір күрделі ойды, аса нәзік мағына реңктерді бере алатындай құрылымы мен жүйесі дамыған, сөз байлығы аса мол, ұлттық деңгейге көтерілген, гуманизм мен прогреске қызмет етіп келе жатқан кемел тіл; қазақтардың ұлттық тұтастығын қамтамасыз етіп келе жатқан тіл. Қазақ тілінде адамгершілік пен бауырмалдылықты, ізгілік пен әсемдікті уағыздайтын небір көркем сөз үлгілері жасалған. Абайдың ойшылдыққа толы ұлы мұрасы, М.Әуезов сомдаған көркем дүниелер ұлттық шеңберден шығып, әлемдік өркениетке үлес болып қосылды. Қазақ тілінің эстетикалық қуаты, әлеуметтік мүмкіндігі аса зор. Олай болса, халықтың мәдени дәстүрі, сөз шеберлері мен көркем сөз зергерлерінің тіл айшықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, сақтап келе жатқан қазына іспетті әдеби тіл – сөз мәдениетінің ең жоғарғы межесі.

Сөз мәдениеті туралы таным-білімнің қалыптасуы әдеби тілдің диалект, қарапайым сөйлеу тілінің ықпалына түсіп, аймақтық оқшаулануына, сондай ақ қажетсіз кірме сөздердің, қасаң, сіреспе қолданыстардың тілде етек алып кетуіне тосқауыл болады.

Тілдің барлық деңгейіндегі объективті тілдік нормалардың тұрақталғандарын, қайшылықтарын, жаңа пайда болып келе жатқан үрдістерін (тенденцияларын) зерттеу сөз мәдениеті саласындағы маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Тілдік амал тәсілдердің қарым қатынас мақсатына сәйкестігі, осымен байланысты тілдік норманың варианттылығы тіл мәдениетіндегі ғылыми мәселелердің бірі болып табылады.

Сөз мәдениеті – тіл білімінің грамматика, стилистика және басқа да тармақтарының жетістіктерін қорыта отырып, тілдің қоғамдық өміріндегі күнделікті белсенді, шұғыл араласу мақсатын көздейтін теориялық және практикалық пән.

Сөз мәдениетінің нормативті стилистика ғылымынан айырмасы – әдеби тілдің нормалық жүйесіне ене қоймаған салалар мен құбылыстарды да қамтиды.

Сөз мәдениеті мәселелері туралы ғылыми түсінік нормалауға (нормаға сипаттама жасау мен оны реттеуге), тіл саясатына – тіл мамандарының, жазушылардың, педагогтардың, қоғам қайраткерлерінің, басқа да жұртшылық өкілдерінің әдеби тілдің қызметіне, эволюциялық дамуына байланысты жүргізетін іс-әрекеттеріне негіз болады.

Сонымен, сөз мәдениеті – дегеніміз «әдеби тілдің жазбаша, ауызша түрлеріне тән нормаларды (дыбыстау, сөз жұмсау, грамматикалық,т.б.) игеру, сондай ақ тілдік амал-тәсілдерді айтылмақ ойдың, сөздің мақсаты мен мазмұнына лайық дәл, бедерлі қолдана білу» деген ұғымға саяды.

СӨЗ МӘДЕНИЕТІНЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС[3]

Елдің егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін баянды етудің аса маңызды факторларының бірі – ұлттың тұтастығы мен бірлігі. Ал ұлттың ыдырамас тұтастығы, мызғымас бірлігі, түптеп келгенде, ұлт тілінің тұтастығы, оның әдебилігімен тығыз байланысты. Өйткені ұлтты ұйымдастыратын, оны өзге этностардан өзгешелігі мен айырмасын айқын аңғартатын негізгі белгісі де, бет-бедері де оның тілі, әсіресе ұлттық әдеби тілі. Әрине, этностардың бір-бірінен айырмасын көрсететін өзге де, айқын салт-дәстүр сияқты белгілер бар, бірақ олар тұрақты емес, айнымалы сипатта болып келеді.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың, ұлттың ұжымдық тәжірибесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға білім мен ғылымды үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Тіл, қысқасы, өмірдің ұлы қаруы.

Тілдің қарым-қатынас құралы болу қызметі оның ***коммуникативтік функциясы,*** ой мен дүниетанымды қалыптастыруы ***конструктивтік функциясы,*** рухани мәдениетті жасау қызметі ***эстетикалық функциясы,*** ұжымдық тәжірибе, ғылым-білімнің табыстарын жинақтауы ***кумулятивтік функциясы*** деп аталатыны белгілі.

Жалпы халық тілінің әдеби тіл, диалект, қарапайым сөйлеу тілі тәрізді формалары бар. Бірақ бұлардың да ұлтты ұйымдастыратын, басын біріктіре алатындай әлеуеттік қауқары ұлттық әдеби тілмен салыстырғанда кем түсіп жатады.

Тілдің ***ұлтты бірегейлендіретін*** қызметі соңғы жылдары жиі айтылып келеді. Тілдің этносты ұйыстыру қызметіне ерекше мән беріліп, оны мемлекеттіліктің негізі, тірегі ретінде танудың мәні айрықша, өйткені мұндай факторлар тілдің коммуникативтік, куммулятивтік, конструктивтік эстетикалық т.б. қызметінің ерекше жанданып, өрістей түсуіне жол ашады. Тіл қоғамдық өмірдегі сан-салалы қызметі арқылы қырналып, ұштала береді.

Қарым-қатынасқа түскен сайын тілдің икемділігі артып, қызметі шыңдалып отырады. Бірақ тілдің мұндай қасиеті оның қызмет етуіне, жетілуі мен дамуына айырықша көңіл бөліп, мемлекет шынайы қамқорлыққа алып отырудың барысында ерекше жандана түседі. Тіл саясаты тілдің қоғамдық қызметінің дамуына оң әсер етуге тиіс. Ал кері әсер етсе, ондай саясат керітартпа саясат болып шығады.

Қазақ тілі қазақ халқының рухани мәдениетінің негізі, қазақ мемлекеттілігінің іргетасы, өйткені ол ұлтты қалыптастыруда, бірегейлендіруде, ұрпақ пен ұрпақты сабақтастыруда аса маңызды рөл атқарып келеді. Ұлт мәдениетін жинақтауды, сабақтастыруды қамтамасыз етіп қоймай, ұлттық мәдениеттің, заман талабына қарай қайта жаңғырып, қайта түлеп отыруына қызмет етті; ұлттың таным-түсінігін, ақыл-ой парасатын, нәзік сезім дүниесін объективтендіреді.

Сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде іргелес, салалас пәндерден өзінің төл ерекшелігі бар. Сөз мәдениеті, біріншіден, әдеби тілдің нормаларын саралайды, екіншіден әдеби тіл нормасын мәдени-танымдық жақтан байыптайды, үшіншіден, әдеби тілдің әуезділігі, сымбаты, өткірлігі, бейнелілігі, байлығы, икемділігі тәрізді сапа-қасиеттерін дамытудың негіздерін айқындайды. Сондай-ақ сөз мәдениеті ұлттық әдеби

---

[3] *Мақала «Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері» атты ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинағы, – Астана: Ғылым, 2018, 16 наурызда жарияланған.*

тілдің тұрақты, дәстүрлі нормаларын бұзушылықтың алдын алады, ұлттық тіл болашағына қауіп төндіретін жайттарды айқындай отырып, оларға қарсы күреседі т.б.

Қазіргі кезде мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейтуді жүзеге асыру мемлекеттің құзырындағы іске айналды. Мемлекеттік тіл мемлекеттің тұрақты, орнықты дамуының негізгі факторларының бірі екені анықталып отыр. Қазақ ұлтының халықаралық қоғамдастықтағы, тіпті өз еліндегі беделі мен абыройы қазақ тілінің ахуалына тікелей байланысты. Мұның өзі қазақ тілінің ахуалын жақсартып, мәртебесін көтеруді қажет етеді. Мұндай талаптың сөз мәдениетіне де тікелей қатысы бар. Өйткені мәдениеті жоғары тіл ғана ұлттық тіл, мемлекеттік тіл ретінде қызметін мінсіз атқара алады. Осымен байланысты сөз мәдениетін зерттеу өзекті сипат алып, келелі-келелі мәселелерді айқындауды, оларды ғылыми негізде шешуді күн тәртібіне қойып отыр.

Сөз мәдениеті пәнінің негізгі тірек таянышы – әдеби тіл нормасы. Осымен байланысты тілдік норманы кодификациялаудың теориялық негіздерін қарастыру, кодификациялаудың принциптерін белгілеу, дәстүрлі тілдік нормалардың заңдылықтарын ашу; нормадан ауытқудың түрлерін айқындап, себептерін көрсету; жаңа пайда болған құбылыстың тілдік жүйеге, тілдің даму үрдісіне сай түрлерін анықтап, оларды заңдастыру жөнінде ұсыныс беру; орфографиялық, орфоэпиялық, лексика-грамматикалық нормалардың жиі бұзылатын тұстарын айқындап, себептерін ашу; тілдік жүйеде қасаң тартқан элементтердің мөлшер шамасын анықтау; шеттілдік элементтердің, калькалық құрылымдардың орынды/орынсыз түрлерін айқындау; тілдік жүйе мен норма, узус және норма, олардың бір-бірімен арақатысын, дағды бойынша нормаға айналған қолданыстардың түр-түрін айқындау. Бұлар қазақ сөз мәдениетіндегі норма мәселесін тілдік-құрылымдық аспектіде қарастыру болып табылады.

Жоғарыда айтылғандар әдеби тілдің нормасына қатысты жалпылама жайттар. Мұндай жалпылама мәселелер, сөз жоқ, әдеби тілдің нормалылығын, оңтайлылығын, сымбаттылығын, икемділігін, орамдылығын, тұрақтылығын, орнықтылығын көздейді. Яғни әдеби тілдің мәдени деңгейінің жоғары болу жағын қарастырады.

Сөз мәдениеті жалпылама мәселелермен шектелмейді, атап айтқанда, тілдік тұлғаның сөйлеген (жазған) сөзінің де мәдени деңгейін тексереді. Тілдік тұлға сөзінің мәдени деңгейі әдеби тілдің нормаларына қатысты біліммен шектелмейді. Тілдік тұлға қарым-қатынас барысында коммуникациялық ситуациямен байланысты қалайда бір функционалдық стильдің, оның жанрларының бірін негізге алады. Сондықтан сөйлеген, жазған сөздің мәдени деңгейі функционалдық стильдерге қатысты дағды мен білімнің жеткілікті болуына байланысты. Олай болса сөздің функционалдық типтеріне тән нормаларды айқындау, әрбір функционалдық стильдердің өзді-өзіне тән тілдік құралдары мен стильдік амал-тәсілдерін, стильдік нормадан ауытқудың түрлері мен себептерін, сөз бедерін, стильдік әсер (эффект) тудырудың амал-тәсілдерін көрсету және осылар арқылы тілдік тұлғаның мәтін түзудегі мәдени деңгейін айқындаудың айрықша мәні бар. Бұл сөз мәдениетінің функционалдық аспектісі болып саналады.

Сөз мәдениетіне жаңаша көзқарас сөздің коммуникативтік сапаларына объективті баға берудің теориялық негіздерін іздестіру; жақсы, бедерлі, дәл, қисынды т.б. деп бағаланатын сөздің ортақ белгілерін айқындау дегендермен байланысты.

Сөз мәдениеті үшін тек нормадан ауытқымау, норманы сақтай білу аса маңызды болғанымен, жеткіліксіз. Сонымен бірге тілде қарым-қатынас қажетін өтейтін аса мол құралдардың қорын сөздің (дискурс, мәтіннің) коммуникативтік сапасы жоғары

болу үшін қарым-қатынастың міндетіне, діттеміне, мақсатына анағұрлым сай, тиімді түрлерін таңдап, таразылау аса қажет.

Осындай мақсатқа жету үшін сөйлеген (жазған) сөздің тілдік құрылымын тілдік емес мәнділіктермен тығыз байланыста қарау; адресант/адресат факторлары; сөз құрылымындағы тілдік таңбалардың ақиқат дүниемен үйлесімділігін айқындау; мәтін түзушінің когнитивтік санасы мен мәтінді қабылдаушының когнитивтік санасындағы ортақ білім қорының құрылымындағы таңбалардың тілдік емес жағдаяттарға сәйкес/сәйкес еместігін анықтау т.б. Сондай-ақ сөйлеушінің (жазарманның) тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған ойын, сезімін, интенциясын мәтін қабылдаушының адъекваты аша білу мәселесін айқындау т.б. сөз мәдениетінің коммуникативтік аспектісі болып табылады.

Сөйлеуші (жазушы) белгілі бір ойын, сезімін, көздеген мақсаты мен діттемін тілдік таңбалар арқылы кодқа салады. Мәселе, бір жағынан, сол таңбаларды тілдік, тілдік емес ситуацияға лайық талғай білуде, ең қажет деген таңбаларды таба білуде болса, екінші жағынан, тыңдаушының (оқырманның) тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған ойды, мән-мағынаны, интенцияны дәл аша білуінде. Ол үшін тілдік таңбаның лексика-семантикалық мағыналарына қоса әртүрлі стильдік ерекшеліктерін (бейтарап, кітаби, сөйлеу тілі, эмоционалды, экспрессивті, бағалауыштық т.б.) жақсы ажырата білуі шарт. Әдеби тілдің функционалдық құрылымындағы элементтердің лексика-семантикалық, эмоционалдық, амал-тәсілдік ерекшеліктерін, стильдік нышан реңктерін жақсы игеру аса қажет. Өйткені сөз санасының мәдени деңгейі стильдік нышаны бар элементтерді орынды тиімді қолдана білумен де байланысты.

Тілдік нормаларды өзге де тілдік емес, атап айтқанда, **этикалық нормалармен** байланысты қарау зерттеудің негізгі мақсаттарының бірі болып саналады. Әрбір қоғамда, тілдік ұжымда қарым-қатынастың қалыптасқан ереже тәртібі болады. Қоғам, тілдік ұжым мүшелерінің осыған сәйкес қарым-қатынасын реттеп отыратын әдеп нормалары болады. Тілдік қарым-қатынаста тілдік норма сақталғанмен, әдеп нормасы сақталмай бұзылып жатса, коммуникативтік қатынас сәтсіз болады. Сондай-ақ тілдік норма сақталмай, әдеп нормасы сақталғанмен, коммуникацияға қаяу түседі. Коммуникацияда, бір-біріне тәуелсіз болғанмен, екі норма да сақталуға тиіс. *Сәлем, сәлем бердік, сәлеметсіз бе, ассалаумағалейкүм* т.б. таңбалардың тілдік норма тұрғысынан бір-бірінен пәлендей айырмасы жоқ. Бұлардың қай-қайсы да тілдік нормаға қайшы келмейді. Айырма этикеттік нормада әлгіндей таңбалардың қолданылатын өз тәртібі, өз ережесі бар. Осы тұрғыдан алғанда, яғни белгілі бір тілдік таңба, тілдік жүйенің құрылымдық элементі бола тұра, екінші бір семантикалық жүйеге қызмет етуін қарастыру сөз мәдениетінің ерекше бір аспектісі.

Жоғарыда айтылған мақсаттарды мынадай міндеттерді орындау арқылы жүзеге асыруға болады:

– сөз мәдениеті пәнінің зерттеу объектісін, қарастыратын мәселелерін дәлдеу, анықтау, нақтылау; сөз мәдениеті деген ұғымға кіретін негізгі аспектілерді көрсету; сөз мәдениетінің дербес пән ретінде, қазақ тіл білімінің теориялық саласы ретінде қалыптасуының алғышарттары мен даму деңгейін көрсету;

– әдеби тіл және оның нормалары жөнінде теориялық мәселелерге тоқталу; нормалардың түр-түрін көрсетіп, сипаттама жасау; тілдік норманы кодификациялаудың негіздерін айқындау;

– тілдік норманы тілдік жүйе және дағды (узус) құбылыстарымен байланысты қарау; олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;

– сөздің функционалдық типтеріне және оларға тән нормаларға тоқталып, әрқайсысының айырым белгілерін және функционалдық стильдердің жанрларына тән тұрақты тілдік-стильдік амал-тәсілдерді көрсету;

– сөздің коммуникативтік сапасын анықтауда тілдік емес құрылымдарға арнайы тоқтала отырып, тілдік және тілдік емес мәнділіктерді өзара байланыста қарау, оларды коммуникативтік біртұтас құрылым ретінде тексеру; сөздің коммуникативтік сапалары жөнінде ұғымдарға тоқталып, оларға анықтама беру;

– сөздің ауызша формаларына тән ерекшеліктеріне, тілдік және оны жазба сөзден өзгешелендіріп тұратын тілдік емес мәнділіктеріне тоқталу; шешендік сөз (шаршысөз) түрлеріне тоқталып, сөз бедерлеу құралдарына, әсер ету тәсілдеріне талдау жасау; пікірталастың тілдік, тілдік емес құралдарына талдау жасау;

– коммуникацияның аса маңызды құрылымдық компонентерінің бірі ретінде этикеттік таңбалардың қызметі мен өзіне тән нормаларын, қарым- қатынас мәдениетіне тигізетін әсерін көрсету.

Сөз мәдениетінің қазақ тіл білімінің бір саласы ретінде қалыптасып, дербес пән ретінде қарастырыла бастағанына тым ұзақ уақыт бола қойған жоқ. Оның пән ретінде зерттеу объектісі, іргелі ұғымдық аппараттары, қарастыратын өзекті мәселелері, зерттеу әдіс-тәсілдері бірте-бірте айқындалады.

Сөз мәдениеті лингвистикалық пән ретінде әдеби тіл нормасы, оны заңдастыру тілдік норманың түрлері мен типтері; нормадан ауытқудың түрлері; әдеби тілдің функционалдық тармақтары және оларға тән норма, сөз этикетінің сөз мәдениетіне қатысты тұстары; шаршы сөз мәдениеті немесе шешендік сөз мәдениеті; пікірталастағы сөз мәдениеті; іскери сөз мәдениеті т.б. мәселелерді қарастырады және оларға норма тұрғысынан (дұрыс – дұрыс емес), эстетикалық тұрғыдан (бедерлі – бедерсіз) т.б. коммуникативтік сапасына ғылыми негізде объективті баға беруді көздейді. Бұлар сөз мәдениеті пәнінің объектісі мен қарастыратын негізгі мәселелері.

Сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде атқаратын қызметі мен міндеттері бар. Ол ұлттық әдеби тілдің дәстүрлі нормаларының бұзылмауын, ұлттық әдеби тілдің функционалдық стильдік қызметінің жоғары деңгейге жетуін қоғамның, жеке адамның сөз мәдениетінің жоғары деңгейде болуын көздейді. Тілдегі алуантүрлі жаңалықтарды тіркеп, олардың тілдік жүйеге сай түрлерін айқындауды, тілдің даму үрдісіндегі негізгі бағыттарды анықтау сөз мәдениеті пәнінің мақсаты мен міндеттеріне жатады.

Әрине, бұл айтылғандар белгілі бір ғылыми-теориялық негізде және зерттеудің сенімді деген әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асады.

Сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде табан тірейтін тұсы тілдік норма болғандықтан, тіл ғылымының әдеби тіл, функционалдық стилистика салаларымен тығыз байланысты. Осымен байланысты қазақ әдеби тілінің сипатына және оның функционалдық тармақтарына әсіресе сөз мәдениетіне қатысты деген тұстарына тоқталдық. Өйткені әдеби тілдің табиғатын, нормасының негіздерін бағдарлап алмай, нормадан ауытқуды, оны бағалауды сөз ету мүмкін емес екені түсінікті жайт. Қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары жазба тіл негізінде қалыптасты ма, әлде негізгі нормаларына ауызша тіл тірек болды ма? Яғни, оның құрылым жүйесіне байырғы түркілік кітаби тіл негіз болды ма? Егер әдеби тіл нормалары жазба негізді болса, жалпыхалықтық тілдің сөйлеу тілі нормасынан алшақтап та кетеді. Мұндайда сөйлеу тілі әдеби тілді байытудың көзі ретінде қарастырылады. Ал әдеби тілдің негізгі

төсеніші ауызекі тіл болса, байырғы қазақ қоғамында қолданылған ескі кітаби тіл элементтері әдеби тілді байытудың көзі ретінде қарастырылуға тиіс.

Сөз мәдениетінің пән ретіндегі өзіндік ерекшеліктері. Сөз мәдениетінің бағалауыштық сипаты болады. Осы бағалауыштық сипат мынадай оппозициялық жүйе құрайды:

– тілдің барлық деңгейіндегі ортологиялық құрылымдық қабаттардағы оппозиция: *дұрыс – бұрыс; дәстүрде бар – дәстүрде жоқ*;

– сөз этикетіне қатысты құрылымдық қабаттардағы оппозиция: *әдепті – бейәдеп;*

– этикалық нормаға қатысты құрылымдық қабаттардағы оппозиция: *орынды – орынсыз*; (мысалы, біреуді көзінше мақтамау (орынды), біреуді көзінше мақтау (орынсыз);

– лексикалық базаға қатысты құрылымдық қабаттардағы оппозиция: *сөз байлығы – сөз жұтаңдығы*;

– тіл тазалығына қатысты құрылымды қабаттардағы оппозиция: *сөз тазалығы – сөз шұбарлығы*;

– экспрессивтілікке байланысты қабаттардағы оппозиция: *бедерлі – бедерсіз;*

– логикалық құрылымға қатысты оппозиция: *қисынды – қисынсыз;*

– танымдық құрылымға қатысты оппозиция: *тілі ауыр – тілі жеңіл*;

– сөздің функционалдық құрылымына қатысты оппозиция: *лайықты – лайықсыз* т.б.

Тіл мәдениеті мен ***сөз мәдениеті*** деген ұғымдардың мазмұнында ұқсастық болғанмен, бұл екі атаудың мағынасындағы айырмасына назар аудару аса қажет, өйткені тіл ғылымының ұзақ жылғы даму деңгейі «тіл» («язык») мен «сөз» («речь») деп аталатын екі ұғымның аражігін ашып қолданудың жөн екенін айқын көрсетіп отыр. Олай болса, ***сөз мәдениеті*** (культура речи) деп аталатын тіл ғылымының саласында да ажырата қарау тиімді болмақ.

Ф.Соссюрдің ілімі бойынша, тіл – морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем тәрізді әртүрлі деңгейдегі таңбалардың бірізді жүйесі. Осылайша белгілі бір жүйені құрайтын таңбалар, яғни тіл жеке тұлғаның ырқындағы нәрсе емес. Бұлай болу себебі семиотикалық таңбалардың әлеуметтік мәнділігімен, яғни таңбалардың конвенционалдық қасиетімен байланысты. Сондықтан тіл сөйлеушінің еркіне тәуелді емес. ***Жұмысқа барамын*** дегенді сөйлеуші барыс септігімен ғана айта алады. Оны басқаша айтуға тілдік таңбаның конвенционалдық қасиеті, яғни «әлеуметтік келісім» жібермейді.

Ал сөз (речь) тілдік тұлғаның сөз әрекеті, тілдік таңбалардың әртүрлі, әр қилы, сан алуан тәсіл-амалдары (комбинациялары) арқылы нені айтатыны, қалай айтатыны тілдік тұлғаның ықтиярында.

Тілдік таңбалар, құралдар арқылы ой-сезімін қаншалықты дұрыс, дәл жеткізу автордың тілдік дағдысына, білімі мен біліктілігіне, тәлім-тәжірибесіне байланысты. Олай болса, сөз мәдениеті ұғымы жеке тұлғаның тіл қолданудағы дағды, білім, біліктілік тәрізді сапалардың жиынтығы дегенді білдіреді.

Сөйтіп, «тіл» (язык) мен «сөз»-дің парқын ажырату қажеттілігімен байланысты пәннің ғылыми-терминологиялық атауы сөз мәдениеті деп алынды.

Сонымен, сөз мәдениеті дегеніміз – қазіргі әдеби тіл нормаларын, қоғамда, тілдік ұжымда қалыптасқан этикалық нормаларды сақтай отырып, тілдік амал-тәсілдерді қарым-қатынастың жағдаятына лайық және коммуникативтік қатынастың міндеті

мен мақсатына, діттеміне сай, етіп қолдану; «әдеби тілдің жазбаша, ауызша түрлеріне тән нормаларды (дыбыстау, сөз жұмсау, грамматикалық т.б.) игеру, сондай-ақ тілдік амал-тәсілдерді айтылмақ ойдың, сөздің мақсаты мен мазмұнына лайық дәл, бедерлі жұмсай білу» деген ұғымға саяды

Бұл тұжырымдардан сөз мәдениетінің нормативтік (тілдік-құрылымдық), этикалық, коммуникативтік-функционалдық аспектілерін байқаймыз.

Сөз мәдениеті атауының пән ретінде білдіретін ұғымы – сөздің нормативті сипатын, оның коммуникативтік сапасын тексеретін, тіл білімінің өзге де салаларымен байланысты, өзінің теориялық ұстанымы, ережелері, зерттеу объектісі мен әдіс-тәсілдері бар тіл ғылымының дербес бір саласы.

Сөз соңында айтарымыз. Сөз мәдениеті пәнінің қазіргі жай-күйі алдымен қазақ тіл білімінің өткендегісімен және бүгінгі даму деңгейімен, жалпы тілтанымдағы дәстүрлі парадигмалардың жаңа парадигмаларға ығысып орын беру үрдісімен де байланысты. Қазақ сөз мәдениеті пән ретінде нормативті аспектіде көбірек қарастырылды. Атап айтқанда, М.Балақаев, Р.Сыздық, М.Серғалиев сынды көрнекті ғалымдарымыздың зерттеулері тілдік норманың ортологиялық базасын кеңейте түсіп, теориялық жаңа парадигмалардың қалыптасуының алғышарттарына айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілі мәдениеті (1995, 2004);
2. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. 1981;
3. Серғалиев М. Синтаксис және стилистика, 1997;
4. Серғалиев М. Ғ.Мүсірепов және тіл мәдениеті, 2003;
5. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп баспасы, 1984 ж.

СӨЗ МӘДЕНИЕТІНЕ СЕРГЕКТІК КЕРЕК[4]

Дәл бүгінгі ұлттық тілімізге қатысты келелі істің екі арнасы бар десек, оның біріншісі – мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейтіп, мәртебесін биіктету, ал екіншісі – сөз мәдениетін жоғары деңгейге көтеру. Соңғы жылдары сөз мәдениетін әңгімелеу қоғамдық назардан тысқары қалып бара жатыр.

Қоғамда өзгерістер көп, қоғамдық санада жаңарулар мен жаңғырулар көп. Тілде де жаңалықтар жетіп жатыр. Олардың қайсыбірі кіндігі кесілмей-ақ дағдыға айналып кетті. Тіл мамандарының норма ретінде тіркеп үлгере алмай жатқаны қаншама?

Тілдегі кейбір өзгерістерді біраз жұртшылық тосын көріп, күмәнмен қарайды. Олардың дұрыс-бұрысына жұртшылықтың көзі жетіп, көңілі сенбей жатқан да жайт бар. Қайсыбіреулер «еміле ескіріп», «жазу бетімен кетті» деп мәселені «асқындырып», «шиеленістіріп», жұртшылықты түңілдіруге дейін барады. Ешбір тілдің емлесі мінсіз емес шығар, бірақ біздегідей жұртты түңілдіріп, жазуынан жерітіп жатқан жоқ. «Газет бетінде неге *зауыт, тауар, почта* т.б деп жазып жатыр? Емле бұзылып, сөздік ескірді ме?» деген сұрауды да аз естіп жүрген жоқпыз.

Кейде емле ережеге көңіл аудармай, әркімнің өзінше тон пішетіні бар. Әрине, бұл тәрізді сөздердің қазақыланып жазылуын желеу етіп, емлені аяқ асты етуге болмас. Керісінше, емле ережесін өзіміз орынды қолдана алмай жүрген сияқтымыз. Ереженің 18-інші бабында: «...орыс тілінен келген бірқатар кірме сөздер, әсіресе тұрмыс-салтқа қатысты зат, бұйым атаулары ерте кездерден дыбысталуы қазақша қалыптасқан түрінде жазылады. Мысалы: *жәшік, бәтеңке, сіріңке, божы, бөкебай, бөшке, қалаш, шөген, кір* (гиря), *келі* (кило), *сот, болыс, облыс, зауыт, тауар* (бұл – түркі тілдерінің өз сөзі)» деп анық жазылған.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне бойсұндырылған сөздердің қатары анықталып, орфографиялық сөздіктің кезекті басылымдарында беріліп отырады. Мұндай көптеген атау кезінде қазақ тілінің дыбыс елегінен өткен. Сол қатарға *Ресей, Мәскеу, Еуропа, шенунік, әртіс, пошта* сияқты сөздерді жатқызуға болады. Тіпті «жедел, жылдам, кедергісіз жіберілетін поштаның» түрін байырғы кезде *үкілі пошта* деп атаған.

Жұртшылық назарын аударатын тағы бір мәселе сөз қолдану, сөз жұмсау мәдениеті жайында. Соңғы жылдарда оқушы, студент жастар, жұмысқа орналаспақ болған жас мамандар өздерінің өмірбаяндық деректерін жазарда «пәленшесінші» жылы «*тудым*» деген дұрыс па, әлде *«туылдым»* деген дұрыс па деп дағдарып қалатыны бар. Бұндайда *тудым* деу қате, *туылдым* деп айтқан дұрыс деген әлдекімнің дүдәмал «түзетуіне» илана берудің жөні жоқ. Өмірбаяндық ресми мәтінде *тудым* деп жазу керек. Баяғыдан бері *тудым, туған* деп айтылып, осылай қолданылып келеді. Байырғы батырлар жырында мынандай жолдар бар: *Сен едің туған анамыз, Мен едім туған балаңыз. Тәуекел етіп сапарға, оңғарса Құдай барамыз* («Нұрадын»). Олай болса, тілдік дағдыны (тілдік норманы) логиканың тезіне салып түзету жөн емес: тілдің заңы басқа, логиканың заңы бір басқа. *Келе жатыр, бара жатыр* дегенді «келгені» не «жатқаны» не, «барғаны» не деп логикалық қисынына салып түзете алмаймыз. *Тудым* дегенді *туылдым* деу әсірелогикашылардың шығарғандары. Тіпті *туылдым* дегенді жөн-ақ делік, онда *туған әкем, туған қарындасым* дегендердің бәрін *туылған әкем, туылған қарындасым* деп «жөнге» салу керек пе? *Тудым*-ның

[4] *Мақала «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2008, №9 санында жарияланған.*

мағынасы мән-мәтінде ап-айқын аңғарылады. Сондықтан оны *туылдым* деп өзгертіп, мағынасын сан-саққа жүгіртіп әурелеудің реті жоқ.

Қайсыбіріміздің *мен пәлен жылы дүниеге келдім* деп жазатынымыз да бар. *Дүниеге келдім, дүние есігін аштым, жарық дүниеге келдім* дегендердің стильдік нышаны бар. Бұл сөздерде ресмилікке келе бермейтін көтеріңкі мән, кітаби бедер бар. Сондықтан бұл нұсқаны да абайлап қолданамыз. Абзалы іс қағаздар стилінде *пәлен жылы тудым* деп қолдану ғой.

Қазіргі кезде тіліміздe жаңа атаулар, жаңаша құрылымдар аз кездеспейді. Солардың бір алуаны *газ құбыры, ғарыш кемесі, ғарыш айлағы, әуе жолы, су жолы, жүк мәшинесі* т.б күрделі атау сөздерді газеттен оқып, радио-телехабарлардан естіп жатамыз. Шынында, жол атауларын *тас жол, темір жол*; көлік құралдарын *өгізарба, атшана, атарба* деп бір екпінмен айтушы еді ғой. *Тас жолы, темір жолы, өгіз арбасы, ат арбасы, ат шанасы* деген қазақты көрген жоқпыз. Олай болса, *әуежол* (әуе жолы емес), *теңізжол* (теңіз жолы емес), *сужол (*су жолы емес*), ғарышайлақ* (ғарыш айлағы емес) деп ықшамдап, біріктіріп жазуға да болар еді.

Сөз бен сөзді қиыстырып, сөйлем құруға қызмет жасайтын тілдік үлгілер сөзжасамдық қызметке телініп, қиыс жұмсалып жүр. Осындай бір алуан тіркесті сөздерді тұлға жағынан ықшамдап, жазуда босаралықсыз жазылса, (босаралықтың өзі графикалық таңба ғой) тұлға жағынан ықшамдалған күрделі атаулар мағына жағынан да жинақыланып лексикалық бір бүтінге айналады. Сөйтіп, ұлттық тіліміздің сөз жүйесі әлгіндей бірқатар сөзбен толыға түсер еді.

Реті келіп тұрғанда тағы да айтуға тура келеді: әлеуметтік мәнділігі ерекше болғандықтан *салауатты өмір, салауатты өмір салты* дегенді күн сайын айтып, күн сайын жазып жатамыз. Дұрысы – *саламатты өмір, саламатты өмір салты.* Әңгіме дененің саламатты, сау, таза, дертсіз болуында ғой. *«Саламатсыз ба?»* деп амандасамыз, *«Сау саламат болыңыз!»* деп қоштасамыз. *Саламат* сөзінің мазмұнында – саулық, амандық, дерттен тазалық, жақсы көңіл-күй, бәрі де бар. Ал *салауат* сөзі әуел бастан-ақ «кешірім», «дұға оқу» дегенді білдірген. *Өткенге салауат* дейтін сөздің мағынасы осыған жақын. Олай болса, «әдет-әдет емес, жөн әдет» деп, *саламатты өмір салты дегеніміз* дұрыс болар.

Бұрын *ауа райы* деуші еді, соңғы кездерде республикадағы телеарналардың бәрінде «погода» сөзін *күн райы* деп айтып жүргенін құлағымыз шалып қалды. Бұл жайтқа белгілі жазушы Мұзағаң (Мұзафар Әлімбай мырза) түрткі болған тәрізді. Сөз қадірін жете танитын қаламгер «Жас алашқа» телефон соғып, *күн райы* «погода» сөзінің, ал *ауа райы* «климат» дегеннің баламасы болатынын айтып жөн сілтеген еді. Расында солай, 1931 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Атаулар сөздігінің 46, 85-беттерінде терком *климат* сөзін *ауа райы*, ал *погоданы күн райы* деп көрсеткен. Әдетте «Күн райы жақсы екен», «Күн райы бұзылайын деп тұр» деп айта береміз. Осындағы *күн райы* «погода» деген ұғымды дәл береді. Әрине, бұл пікірмен келіспейтіндер *күн райы* тек күндізге ғана қатысты, түнге қатысы жоқ дегендей уәж айтады. Бірақ бұл сөзден ат-тонымызды ала қашу жөнсіз болар, өйткені *күн райы, күн суытты, күн жылынды* деген сөздерді тек күндізге қатысты айтылады десек, сол мағынасын бұра тартқандық болар еді. «Күн райының түнге қарай бұзылатын түрі бар» деп те айта береді. Бұл жерде *күн райының* мағынасы «погода» ұғымының тақиясына тар келіп тұрған жоқ. БАҚ тілінде, ғылыми әдебиет пен оқулықтарда *күн райын* «погода» мағынасында қолданып жатса, ондай үрдісті қолдау қажет деп ойлаймыз.

Белгілі бір затты, құбылысты, уақиғаны бір сөзбен, яғни универб түрінде атау бар да, бірнеше сөзбен, яғни поливерб түрінде атау құбылысы бар. Қазақ лексикасындағы байырғы деректерге көз жіберсек, бір кездері белгілі бір денотатты универбпен атау үрдісі басым болғанын байқауға болады: *сабаншы – қамыс мысығы; қарабай – қарар ләйлек; жәутік – түлкінің баласы (қарға аунағанға дейінгі); жәудір – түлкінің баласы (қарға аунағаннан кейінгі); бабыр – қар барысы; сарымық – жолбарыстың баласы; қодық – есектің баласы; соқыр – мысықтың баласы; қалтар – күміс қылшықты қызғылт қоңыр түлкі* т.б. Мұндай құбылыс әлеуметтік-қоғамдық атауларда да кездеседі: *бише – би баласы; мырза – әмірдің баласы; бағылан – бай баласы; құлшар – құл баласы; мағзұм – молданың баласы; ханшайым – хан қызы, ханзада – хан баласы; мырзақамақ – үй тұтқыны.*

Осыған ұқсас құбылысты тағам атауларынан да ұштастыруға болады: *саумал* – «биенің сүті» (жаңа сауылған), ал ашығаны – *қымыз;* қымызды бабында ұстау үшін үстіне *саумал* құйып, жиі-жиі пісіп отырады. *Саумал* – «сиырдың жаңа сауылған сүті» («парное молоко»); *құймақ* – «түйенің жаңа сауылған сүті», ашығаны – *шұбат*. Әдетте *шұбатты* жуасытып, ашуын бәсеңдету үшін шұбаттың үстіне *құймақ* құйып отырады.

Жоғарыда біз үш тақырыптық топтағы (а)жануарлардың төл атаулары, ә) қоғамдық-әлеуметтік қатынас атаулары, б)тағам атауларына қатысты сөздерді алдық. Аталмыш сөздердің қазіргі кезде лексикалық қабаттың сирек, көне деп аталатын салғырт қорына қарай жылжи бастағаны байқалады. Мысалы, *бише, мағзұм* т.б қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге байланысты бірден салғырт қорға көшті. *Құймақ, саумал, қорытқы* тәрізділер сирек сөздердің қатарына қарай ойысуы ұлттық дастарқан дүниелері арақ, колбаса, шарап, сыра тәрізді басқа мәдениет «өкілдерінің» ығыстыра түскеніне байланысты болса керек.

Жануарларға қатысты *бабыр, жәутік, жәудір, қалтар* т.б атаулардың ұмытыла бастаған сөздердің қатарына қарай «жылжу» үрдісі аңшылық кәсіптің ел тұрмысындағы әлеуметтік мәнділігінің бәсеңдеу факторларымен байланысты деуге болады. Қысқасы жоғарыдағы атаулар экстрафакторға байланысты тілдік ұжымның когнитивтік санасында бірте-бірте солғын тарта бастады да, аударма әдебиетте әлгідей халықтық атаулардың орнына лексикалық поливерб варианттары пайда болды: бабыр – *қар барысы*, қарабай – *қара ләйлек,* қодыға – *киіктің лағы* т.б. Мұндай жоғарыдағы варианттарды кодификациялауда алдымен сөздің универб нұсқасына артықшылық берілуге тиіс. Өйткені универб нұсқасы мағыналық құрамы жинақы, тұрпат межесі жағынан ықшам болып келеді. Поливербтену үрдісінің етек алып, ал лексика жүйесінде универбтену үрдісінің бәсеңдеп кетуі тілдегі ықшамдылық, үнемділік тәрізді аса қажетті тілдік ұстанымның жөнсіз бұзылмауын ескеру дегенге саяды.

Бір заттың екінші затқа қатысын білдіретін грамматикалық тәсілдің төрт түрлі жолмен жүзеге асатыны белгілі: *қазақтың баласы, қазақ баласы, қазақ бала, қазақы бала.* Бұлардың әрқайсысының өзді-өзіне тән мағынасы бар. Бір кездегі қазақ тілінде *алтайы түлкі, қазақы ер, арабы ат, қалмақы ер, асфаһани қылыш, асфаһани кілем, бұлғары садақ, үрімі мылтық* тәрізді тіркесті атаулар жасайтын модельдің әлеуетін жандандыруға болар еді. Мұндай үлгілерді термин түзуге пайдаланудан терминші ұтылмас еді. Мысалы, *биолог, ботаник, зоолог* тәрізді сала мамандары кейбір тіркесті атауларды осы модельге салып көруіне болар еді. Осындайда екі сөз мазмұн жағынан үйлесіп, тұрпат жағынан жымдасып жатады. *Алтай доланасы* дегенді

алтайы долана, *алтай ұлары* дегенді *алтайы ұлар*, *алтай көртышқаны* дегенді *алтайы көртышқан*. Бұл тілдік жүйеге қайшы келе қоймас еді. Мұндай модельдерге неге жұмыс жасатпасқа? Осы төңіректе ойланатын жайт әлі де бар сияқты. Әрине, иині келмеген жерде ешкімнің таласы жоқ. Ал икемге келіп тұрса, қазақ тілінің пайдаланылмай жатқан ішкі мүмкіндіктерінің бір ауылы осы тұс деуге болады.

Термин түзуде ұстанатын негізгі ұстанымдардың бірі – қазақ тілінің ішкі мүмкіндігін барынша пайдалану. Әрине, бұл дұрыс болғанмен, оны жүзеге асыруда ескерілмей, еленбей, жүрген жайттар бар. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары тілінде *контрабанда, контрабандист* дегендерді *қарақшы* дейтін болды. Мысалы: ***Қарақшылық*** *жолмен әкелінетін тауарлардың көп таралуымен бірге, жасырын цехтар ашылып, оларда лицензияланған өнімдер қолдан көп мөлшерде көбейтілуде. Бұл орайда да заңнамаларға елеулі өзгерістер енгізу қажет* («Егемен Қазақстан» 31.03.04.). Мұндай қолданыс лексикалық нормаға қайшы, яғни терминдік ұғымды лексикалық мағынаға зорлықпен қосақтау. Оған көз жеткізу үшін *контрабанда* мен *қарақшылық* дегеннің мағыналарын салыстырып қарауға болады. *Қарақшылық* «жол торып, жүргіншілерді тонаушылық»; «елді ойрандаушылық; жауыздық» дегенді, ал *контрабанда* «тыйым салынған немесе салық салуға жататын тауарларды, бағалы заттарды, болмаса басқа бұйымдарды мемлекеттік шекарадан құпия түрде алып, өту немесе өткізу» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі қазақ терминологиясында шеттілдік терминдерді мүмкін болғанша қазақшалау үрдісі басым сипатқа айналды, сондықтан *контрабанда* сөзіне, бір есептен, қазақша балама іздеу дұрыс та болар. Бірақ *контрабанданы* оп-оңай *қарақшы* сөзімен қазақшалай салу онша келісіп тұрған жоқ. Ана тіліміздің сөз байлығына зер салсақ, өзге елмен шекаралас аймақтағы қазақтардың сөз қолданысында *контрабанданы* әуелден бері *әткешшілік* деп атаған. Ал *әткешшілікпен* шұғылданушыны *әткешші* (контрабандист) деп атаған. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Бүркітші» әңгімесінде сол аймақтың тұрғындарының сөзіне де ерекше ден қоя отырып, *әткешші* сөзін қолданған ғой.

Тілдің лексикалық қойнауында сыры беймәлім талай сөз бар. Олардың сырын біліп, сыпысын түйіп қолдану – сөз мәдениетіне қойылар талаптың бірі. Ол үшін сөзге сергектік керек.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІНЕ КӨҢІЛ БӨЛЕЙІК[5]

Дәл бүгінгі ұлттық тілімізге қатысты келелі істің екі арнасы бар десек, оның біріншісі - мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейтіп, мәртебесін биіктету, ал екіншісі - сөз мәдениетін жоғары деңгейге көтеру. Соңғы жылдары сөз мәдениетін әңгімелеу қоғамдық назардан тысқары қалып бара жатыр.

Қоғамда өзгерістер көп, қоғамдық санада жаңарулар мен жаңғырулар көп. Тілде де жаңалықтар жетіп жатыр. Олардың қайсыбірі кіндігі кесілмей-ақ дағдыға айналып кетті. Тіл мамандарының норма ретінде тіркеп үлгере алмай жатқаны қаншама?

Тілдегі кейбір өзгерістерді біраз жұртшылық тосын көріп, күмәнмен қарайды. Олардың дұрыс-бұрысына жұртшылықтың көзі жетіп, көңілі сенбей жатқан да жайт бар. Қайсы біреулер «емле ескіріп», «жазу бетімен кетті» деп мәселені «асқындырып», «шиеленістіріп» жұртшылықты түңілдіруге дейін барады. Ешбір тілдің емлесі мінсіз емес шығар, бірақ біздегідей жұртты түңілдіріп, жазуынан жерітіп жатқан жоқ.

«Газет бетінде неге *зауыт, тауар, пошта т.б.* деп жатыр? Емле бұзылып, сөздік ескірді ме?» – деген сұрауды да аз естіп жүрген жоқпыз.

Кейде емле ережеге көңіл аудармай әркімнің өзінше тон пішетіні бар. Әрине, бұл тәрізді сөздердің қазақыланып жазылуын желеу етіп, емлені аяқ асты етуге болмас. Керісінше, емле ережесін өзіміз орынды қолдана алмай жүрген сияқтымыз. Өйткені, ереженің 18-бабында: «... орыс тілінен келген бірқатар кірме сөздер, әсіресе тұрмыс салтқа қатысты зат, бұйым атаулары ерте кездерден дыбысталуы қазақша қалыптасқан түрінде жазылады. Мысалы: *жәшік, бәтеңке, сіріңке, божы, бөкебай, бөшке, қалаш, шөген, кір (гиря), келі (кило), сот, болыс, облыс, зауыт, тауар* (бұл - түркі тілдерінің өз сөзі)» – деп анық жазылған.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне бойұсындырылған мұндай сөздердің қатары анықталып, орфографиялық сөздіктің басылымдарында беріліп отырады. Бұндай көптеген атау кезінде қазақ тілінің дыбыс елегінен өткен. Сол қатарға *Ресей, Мәскеу, Еуропа; шенеунік, әртіс, пошта сияқты сөздерді жатқызуға болады.* Тіпті «жедел, жылдам, кедергісіз жіберілетін поштаның» түрін байырғы кезде *үкілі пошта* деп атаған. Жұртшылық назарын аударатын тағы бір мәселе көз қолдану, сөз жұмсау мәдениеті жайында.

Қазіргі кезде тілімізде жаңа атаулар, жаңаша құрылымдар өз кездеспейді. Солардың бір алуаны *газ құбыры, ғарыш кемесі, ғарыш айлағы, әуе жолы, су жолы, жүк мәшинесі* т.б. күрделі атаулы сөздерді газеттен оқып, радио, телехабарлардан естіп жатамыз. Көрген кезде, естіген құлақта жазық жоқ, әрине. Бірақ сөз қолданысымыз қиыс жолға түсіп барады. Япырау, жол атауларын *тас жол, темір жол;* көлік құралдарын *өгізарба, атарба* деуші еді ғой. Олай болса, *әуежол (әуе жол емес), теңізжол (теңіз жолы емес), сужол (су жолы емес), газқұбыр (газ құбыры емес), жүкмәшине (жүк мәшинесі емес) ғарышайлық (ғарыш айлағы емес) деп ықшамдап,* біріктіріп жазуға да болар еді. «Егеменнің» оқырмандарымен осы жайттарды да ойластырғанымыз жөн болар.

[5] *Мақала «Егемен Қазақстан» газеті, 2004, 12 маусымда жарияланған.*

СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ФОРМАЛДЫ-КОММУНИКАТИВТІК СИПАТЫ[6]

Сөйлеу тілі дегеніміз әдеби тілге жататын бейресми жағдаятта қолданылатын, сөйлеушілердің тікелей қатысуымен жүзеге асатын машықты (спонтанды) сөз.

Қарым-қатынастың бейресмилігі, ситуацияға тәуелділігі, машықтылығы сөйлеушілердің әлеуметтік рөлі, психологиясы, эмоциялық күйі сөйлеу тілінің құралымдық сипатының күрделі екенін танытады.

Сөйлеу тілінің эмоционалды-экспресивті бояуы қанық болады және осымен байланысты интонациясы бай, ым, ишара тәрізді бейвербалды таңбалар тілдік таңбалармен жарыса жүреді.

Сөзде редукция, эллипсистердің болуы сөйлеу тілінің табиғатына тән. Осылар арқылы нақты тілдік ситуацияда сөз құрылымы басы артық сөздерден арылып отырады. Мысалы: – *Мынаны алсам ба? Жоқ, мынау тәуір сияқты.* Бұл жерде тілдік емес ситуация – кітап дүкені, әңгіме кітап жайында. Алайда нақты ситуациядан тыс сөздің не жайында болып жатқанын түсіну қиын. Сондықтан коммуникациялық құрылым тілдік емес ситуация және тілдік ситуация деген негізгі екі бөліктен тұрады. Тілдік құралдарды, амал-тәсілдерді пайдалану тілдік емес ситуацияға тәуелді. Тілдік емес ситуация сөйлеу тілінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Сөйлеу тілінің өзіне тән фразеологиялық бірліктері бар. Сондай-ақ сөйлеу тілінде кітаби тілге тән лексиканың элементтері, терминдер, шеттілдік сөздер, диалект, жаргон элементтері кездесіп отырады. Бұл сөйлеу тіліндегі тақырып алуандылығымен байланысты. Бейресми жағдайда коммуникатор күн райы, спорт, кәсіпке қатысты тақырыптарды тілге тиек етіп, бірінен екіншісіне оңай көшіп отырады.

Сөйлеу тілінің өзіне тән нышанын көрсететін лексика-фразеологиялық бірліктері бар. Сөйлеу тілі стилінің лексика-фразеологиялық құралы әртекті болса, ресми іскағаз тілінің, ғылыми стильдің лексика-фразеологиялық құралы біртекті.

Сөйлеу тілінде сөздің синтаксистік орны кейде қатаң сақтала бермейді. Қайталаудың, сұраулы, лепті сөйлем түрлерінің, эмоционалды-экспрессивті бірліктердің молынан кездесуі сөйлеу тілі үшін қалыпты нәрсе. Алайда көркем әдебиет тілінде де мұндайлар көп кездесуі ықтимал. Бірақ негізгі коммуникациялық мақсат басқа. Көркем әдебиет стилінде сөзді бедерлеу арқылы әсер ету көзделсе, сөйлеу тілінде сөзді бедерлеу мақсаты көзделмейді. Сөйлеуші бір нәрсеге, затқа, құбылысқа жеке адам ретінде өзінің ой-пікірін, сезімін қоса білдіріп отырады. Ал публицистикалық мәтінде журналист өзінің ғана емес, белгілі бір ұжымның, партияның, әлеуметтік, топтық, қоғамдық қозғалыстың пікірін білдіріп отырады.

Сөйлеу тілі – әдеби тілдің функционалдық ерекше бір түрі. Әдеби тілдің басқа функционалдық түрлері кодификацияланған негізде болса, сөйлеу тілінің кодификацияланбаған ерекшелігі оны өзге функционалдық стильдерден өзгешелейтін және оларға қарама-қарсы қойылатын айырым белгісі болып табылады [1; 21-б.].

Кодификация деген термин сөздіктерде, грамматикада тіркелетін, көрсетілетін жазбаша және ауызша мәтін түзу кезінде сақталуға міндетті нормалар дегенді білдіреді. Мысалы, бейресми жағдайда *мен ойлаймын (менің ойымша), кітап алуға барған ем (кітап алуға барған едім)*; *жел соғып, күн жауат (жел соғып, күн жауады)* бұлай сөйлеуге болады, бірақ жазуда, шаршысөзде *менің ойымша, кітап алуға барған*

[6] *Мақала «Мемлекеттік тіл – тәуелсіздік кепілі» атты кітап, – Алматы: Ғылым, 2011 ж. жарияланған.*

едім; жел соғып, күн жауады деп қолдану – кодификацияланған нұсқаның талабы. Ал сөйлеуші сөйлеу тілі нормасына тән осы ерекшеліктен бейхабар болса, бұларды кез келген жерде (жазуда, сөйлеуде) талғаусыз қолдана береді.

Сөйлеу тілінің тілдік және тілдік емес негізгі белгілері бар. Сөйлеу тілінің дайындықсыз жүзеге асатыны, спонтанды, үйреншікті қасиетке ие құрылым екені оның тілдік емес белгісіне жатады. Ал кез келген мәтіннің жазба нұсқасы ой жіберу, ой жүгірту арқылы жазылады, яғни аз да болса, дайындықты керек етеді.

Сөйлеу тілі коммуниканттар арасында бейресми тілдік қарым-қатынаста қолданылады. Үй іші, көше, таныс, жора-жолдас, көрші-көлем т.б. арасындағы сөз бейресми коммуникацияға жатады.

Сөйлеуші мен тыңдаушының бетпе-бет, жүзбе-жүз сөйлесуі – сөйлеу тілінің тілдік емес негізгі белгілерінің бірі. Бұл жерде сөйлеуші ғана белсенділік танытып қоймайды, тыңдаушы да белсенді болады. Тыңдаушы вербалды *(ия, солай, әрине, жақсы* т.б.) және бейвербалды кинемалық таңбалар (бас изеу, бас шайқау, таңырқау, қол сермеу т.б.) арқылы сөйлеушіні қоштап отырады. Сөзді қоштау, қош алу арқылы тыңдаушы сөз желісінің үзілмей, жалғаса беруін қамтамасыз етіп отырады.

Сөйлеу тілінің тағы бір аса маңызды белгісі пресуппозициялық, аялық біліммен байланысты. Сөйлеу тілі әдетте бірін-бірі білетін, ситуациямен таныс коммуниканттар арасында қолданылады. Сондықтан коммуниканттарда аялық білімге жататын едәуір білім қоры болады. Сөйлеуші мен тыңдаушыға ортақ ситуация пресуппозицияға негіз болады. Ал пресуппозиция сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы ойға қатысты едәуір сөздің редукцияланып, ықшам түрде айтылуына мүмкіндік береді.

– Алдың ба?

– Алдым, ертең ұшатын болдым.

Бұл айтылымда коммуниканттарға белгілі сөз арқауы (предметі) редукцияланған.

Сөз субъектісінің ұшаққа билет алғаны, Ақтауға ұшатыны коммуниканттарға белгілі жайт. Сондықтан белгілі жайттардың беймәнделіп (деактуализациясын) қолданылуы сөйлеу тіліне тән норма деуге болады. Сөйлеу тіліндегі беймәнделім құбылысы тілдесушілердің (коммуниканттардың) бірін-бірі түсінісуіне ешбір нұқсан келтірмейді. Ал белгілі жайттардың редукцияланбай айтылуы көбіне-көп тыңдаушыны мезі етіп жібереді.

Кодификацияланған мәтінде редукциялаудың мұндай мүмкіндіктері тым шектеулі.

Сөйлеу тілінің тілдік ерекшеліктері. Сөйлеу тілінде *боп, кеп, бересашы, күн жауат, бартын, барат, айтат, кеп қапты* т.б. дыбыстық құрамы жағынан ықшамдалған бірліктер жиі қолданылады. Кодификацияланған мәтінде бұл тәрізділер қатеге есептелгенмен, сөйлеу тілі үшін норма. Сондай-ақ сөйлеу мәтінінде әлгідей сөздердің толық нұсқасы да қолданылады. Алайда жалпы әдеби нормаға тән бірліктердің қолданылуы сөйлеу тілінің статусына нұқсан тигізбейді.

Сөйлеу тілінің тағы бір тілдік ерекшеліктерінің бірі – тұрпат меже тұрғысынан ықшамдалған бірліктердің мәтінде ұзына бойы қолданылуы шарт емес, сондықтан ықшам нұсқа мен толық нұсқа алма-кезек қолданыла береді. Бұл қасиет сөйлеу тіліне тән еркіндікті білдіреді: *кеп кетті/келіп кетті, жел соғат/жел соғады.*

Сөйлеу тіліне тән нышанды (маркерлі) бірліктермен қатар жалпы әдеби тілдік нормаға тән бірліктер де қолданыла береді. Сөйлеу тілінде кітабилық нышаны бар

элементтерді қолдану сөйлеу тілінің нормасына жат деп есептеледі. Мысалы, *-уда (оқушы жастар білім алуда), шылық-шілік, егіншаруашылық, малшаруашылық, бүрінен саналады, болып табылады* т.б. кітаби тілдік нышаны бар элементтер.

Сөйлеу тілінде *ұстаз, қаламгер* тәрізді көтеріңкі мазмұндағы бағалауыш сөздердің қолдану мүмкіндігі әлдеқайда төмен. Кітаби нышаны бар мұндай сөздер сөйлеу тілінің табиғатымен үйлеспейді, сөзді жасандылау көрсетеді.

Ақиқаттағы заттарды функциясына қарай жалпылама атау – сөйлеу тілі мәтінінде жиі кездеседі: *Кесетін қайда кеткен*? («қайшы» деген мағынада); *жазатын бірдеме бар ма*? («қалам» деген мағынада); *отыратын ештеңе таппадым* («орындық» деген мағынада).

Ақиқаттағы заттарды түр-түсіне қарай жалпылама атау сөйлеу тілі мәтінінде жиі қолданылады: *қызылыңды кигенің дұрыс* («көйлегіңді» деген мағынада). Денотатты белгілі бір бөлігімен атау сөйлеу тілі лексикасында жиі кездеседі. *Бір үйге бір доңғалақ керек екен* («автомашина» деген мағынада); *аспиринге барып келейін* («дәріханаға барып, аспирин алып келейін») т.б.

Болымсыз мағынаны білдіретін синтаксистік құрылымды болымды мәнде айту сөйлеу тілі мәтінінде жиі кездеседі: *Шай ащы екен* («ішпеймін» деген мағынада).

Сөйлеу тілінде сөйлемнің ықшам, қысқа беймәнделген, редукцияланған түрлерінің кездесуі контекст, сөз жағдаяты (ситуациясы), аялық білім тәрізді құрылымдармен тығыз байланысты. Мысалы:

А: – *Қашан келдің?*

Б: – *Кеше.*

Сен, мен деген мүшелердің беймәнделуі контекст арқылы айқындалып тұр. А. мен Б-ның кездесуі – сөз жағдаяты (ситуация). Б-ның Астанаға кеткенін А. біледі. Бұл – аялық білім.

– *Сағат бір болды, кете беріңдер!* Контекст – сөз субъектісі екінші жақ; Сөз жағдаяты – «компьютер басып отырған қыздар»; Аялық білім – түскі үзіліс (сағат 13), «асхана».

Көпқұрамды күрделі сөздер сөйлеу мәтінінде бір ғана сөзбен айтылуы жиі кездеседі: *Жиналыс болды ма*? *(«ата-аналар жиналысы болды ма?»). Сәбізді қойдың ба*? *(сәбіз шырынын ішіп жүрсің бе?)*. Сонымен бейресми жағдайда қарым-қатынастың ресми түріндегідей сөйлеу, солай сөйлеу, яғни «кітаптағыдай» сөйлеу қатеге саналады. Сондай-ақ қалай сөйлесе, солай жазу кодификацияланған мәтінде қате деп танылады.

Сөз субъектісі, яғни сөйлеуші өзін тұлға ретінде көрсетеді. Оның сөйлеген сөзінен белгілі бір этносқа, ұлтқа тән екені, мәдениет деңгейін, дүниетанымдық ерекшелігін, этикалық және құндылықтар жөніндегі түсінігін байқатып тұрады.

Сөйлеу тілі диалог формасында жүзеге асады. Диалогтің ойдағыдай болуы, ойдағыдай аяқталуы үшін қарым-қатынас жасауды қажетсіну – негізгі шарттардың бірі. Бұл қажетсіну коммуникативтік мүдделілік деп аталады.

Коммуникативтік мүдделілік деңгейіндегі қатынаста диалогке қатысушылар арасында олардың әлеуметтік мәртебесіне, әлеуметтік рөліне қарамастан паритеттілік орнайды.

Мұндай қарым-қатынас жасауға деген мүдделілік, тілдесуге деген құлшыныс таныстыққа, етене жақындыққа, әлеуметтік тәуелділікке, эмоцияналдық фонға (тілектестік, бейтараптық, ұнатпаушылық) қарамастан, диалогтің тепе-тең дәрежеге өтуіне әсер етпейді.

Құлшыныс танытушылардың сөйлесу, тілдесу және келісімге келуі тілдік қарым-қатынастың нәтижелігін көрсетеді.

Әңгімелесушінің жан дүниесіне байланысты түсіністік, сөйлесушілердің, тілдесушілердің дүниетанымындағы жақындық, өмір тәжірибесіндегі ұқсастық, мүдделестік, мәдени, туыстық т.б. апперцепциялық ая – диалогтің нәтижелі болуына әсерін тигізетін шарттардың бірі.

Ишара, ым арқылы, интонация, реплика, тон, дауыс тембрі арқылы өзара түсіністікке жол ашылып, тілдік қарым-қатынастың ойдағыдай болуы үшін тыңдаушы сөз мәніндегі интенцияны аңғаруы, сөйлеушінің не айтқаны емес, нені білдіргісі келетінін аңдауы керек. Сөйлеушінің коммуникативтік интенциясын тыңдаушының аңғара білуі диалогтің ойдағыдай өтуін қамтамасыз етеді. Коммуникативтік интонация вербалды деңгейге дейін, яғни сөз тыңдаушыға жеткенге дейін қалыптасады.

Әдетте тыңдаушы айтылып жатқан сөз ағымынан қалыспай, айтылған сөздің мәнін ой елегінен өткізіп үлгереді де, сөйлеушінің коммуникативтік тұспалын (интенциясын) «шешеді». Бұл жерде тілдік, психологиялық, биологиялық, физиологиялық процестер асқан шапшаңдықпен қатарлас жүреді. Сөйлеу (речевая деятельность) теориясы бойынша әдетте а) логикалық құрылым мен тілдік құрылым толық сәйкес келмейді; ойдың сөзбен айтылмайтын құрылымдары бар; ә) мән-мағынаны айқын аңғартатын тәсілдер бар да, мән-мағынаны айқын көрсетпейтін тәсілдер бар, тікелей аңғартатын тәсілдер бар да, тұспалмен аңғартатын тәсілдер бар.

Мән-мағына үзіктерін айқын көрсетпейтін тұстар да мән-мағынаны тұтас күйінде емес, ішінара білдіретін тұстар да сөйлеу тілі үшін қалыпты жағдай. Бұл тыңдаушы мен сөйлеушінің арасындағы күрделі қарым-қатынасты көрсетеді. Сөз тұспалын түсінуде ойға «қысым» түсетін кез осы тұста. Сөйлеу тілі осынысымен қызық, осынысымен ұтымды. Олай болмаған жағдайда сөйлеу тілі тым сұрқай, бірөңкей, тыңдаушыны мезі етіп, жалықтырар нәрсеге айналар еді. *Шөлдеп кеттім*, *пысынап кеттім* десе, күннің ыстықтығын білдіреді немесе *күн ыстық екен* дегені *шөлдеп кеттім* дегенді білдіреді. *Күн тымырсық екен* деген сөз *жел соқпады* дегенді, я болмаса саяжайға бару керектігін аңғартады.

Тілдік қарым-қатынастың мазмұны ондағы барлық тілдік элементтердің мағынасынан әлдеқайда кең. Сондықтан тек тілдік бірліктердің мағынасын біліп қою жеткіліксіз және олардың мағынасын білумен шектелу қарым-қатынастың ойдағыдай болуына кепіл бола алмайды. Өйткені сөздің мазмұндық құрылымында вербалды түрде берілетін мағынадан басқа бейвербалды мағыналық компоненттер болады.

Әрине, мағыналық блоктар белгілі бір тілдік бірліктер арқылы, олардың тіркесі арқылы санада қалыптасады. Тілдік бірліктердің комбинациясы сөйлеушінің аялық білімін, пікірін, танымын, ой өрісін, эмоциялық күйін, тілек-талабын т.б. білдіреді. Бұл – сөйлеушінің тілдік компетенциясына, құзыретіне байланысты.

Тілдік құзырет ұғымы – коммуникативтік өзара әсер етудің орталық ұғымы. Тілдік құзырет тілді білу дегенге саяды, ол тілді білу дегеніміз тиісті ойды әртүрлі тілдік амал-тәсілдермен еркін жеткізе білу; белгілі бір тілде айтылған сөздің мәнін біліп, сентенциясын, тұспалын аңғару; ұқсас тұлғалардың мән-мағынасын ажырата білу; сырт тұлғасы әртүрлі құрылымдардың, бірліктердің ортақ мазмұнын аңғара білу; құрылымы дұрыс сөйлемдерді тілдік тұрғыдан қате сөйлемдерден ажырата білу.

Коммуникативтік құзырет (компетенция) тілдік қарым-қатынастағы әлеуметтік мәдени нормаларды және стереотиптерді білу дегенге саяды. Коммуникативтік

құзыреті жоғары адам әртүрлі деңгейдегі бірліктердің мағынасы мен сол элементтердің өзара тіркесіндегі мағынасын білумен бірге мәтін деңгейіндегі әлеуметтік өлшемдерді, мысалы, тіл қатудың әртүрлі формаларын қолдана алады. Белгілі бір оқиға өзінің бағасын шынайы түрде бере отырып, оған тыңдаушы тарапынан жауап реакция туғыза алады. Қарым-қатынасты интимдендірудің тілдік әдіс-тәсілдерін қолданудың ретін біледі [2; 8-б.].

Бұл тұста сөйлеушінің әртүрлі коммуникативтік ситуацияда паронимдер, фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді, мәтіндік клишелерді, прецедентті мәтіндерді т.б. білуінің мәні айрықша. Бұлар – тілдің әлеуметтік нормаларын меңгерудің жоғарғы көрсеткіштері.

Сонымен, тілдік қарым-қатынас ойдағыдай болу үшін сөйлеуші тыңдаушыға тек жалаң фактілерді ғана айтып қоймау керек, тек ақиқатты айту жеткіліксіз, сонымен бірге жанама ақпараттар беру қажет. Сөз ішіндегі, сөз арасындағы ирония, юмор, символ, образ, парадокс т.б. тыңдаушыны бейжай қалдырмайды, тілдесушілердің өзара түсіністігіне жол ашатын жанама тәсілдерге жатады.

Бетпе-бет айтылған сөздің мәні, дауыс кідірісі, сөздің қарқыны, сөйлеушінің бет-әлпетіндегі құбылыстар, ым мен ишара бетпе-бет сөйлесуде сөз мазмұнын, құрылымын толықтырып отыратын маңызды элементтер болып табылады.

Қарым-қатынастың тілдік дүниеліктердің қалыптасуына көп жағдайда тілдік емес факторлар ұйтқы болады. Тілдік емес факторлар көзқарас, әрекет, жай-күй, эмоция, білім, сенім т.б. мәнділіктерден тұрады. Осымен байланысты тілдік қарым-қатынастың ойдағыдай болуы немесе сәтсіз аяқталуы сөйлеушінің тек тілдік формаларды талдауына тәуелді емес. Диалогтің ойдағыдай өтуі лингвистикалық және лингвистикалық емес факторларға байланысты.

Диалогтегі сәттілік пен сәтсіздік а) коммуниканттардың әлеуметтік-стереотиптік ерекшеліктеріне; ә) коммуниканттардың аялық біліміне, б) коммуниканттардың құзыретіндегі жақындыққа, я болмаса алшақтыққа; в) коммуниканттардың жыныс, жас, тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты жайттарды ескеру/ескермеуден болуы ықтимал.

Диалогтің өрбуіне немесе үзілуіне коммуниканттардың көңіл күйі де ерекше әсер етеді; бөгде адамның қатысуы да диалогтің өрбуіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Бөтен коммуникативтік орта сөйлеушілер үшін қолайсыздық туғызады. Тілдік қатынас өз деңгейінде болмайды да, сөйлеушілердің «шығармашылық» қабілеті шектеліп қалады.

Қарым-қатынастың тепе-теңдігі (паритеттілігі) сақталмаған жағдайда диалог ойдағыдай өрбімей қалады. Сөйлеушілердің біреуі басым болады да тақырып тізгінін қолдан шығармайды, әріптеске сөз бермейді. Айтып отырған сөзіне тыңдаушының қандай қабақ танытып отырғаны, дұрыс, не бұрыс түсініп отырғаны т.б. жағдаяттарға мән бермейді, сөйтіп, сөйлеуші коммуникацияға қатысушының көңіл күйін аңғаруға қабілетсіздігін көрсетеді.

Диалог сөздің өрбуіне, нәтижелі болуына кесірін тигізетін нәрсе – орынсыз ескерту жасау, сөзді орынсыз бұзу, орынсыз сұрау қою, орынсыз көп сөйлеу, айтылғанды орынсыз қайталау т.б. Мұндай «орынсыздықтар» тыңдаушымен есептесудің, қарым-қатынастағы ынтымақтастықты (кооперативность) бұзып, сөздің берекесін кетіреді.

Сөйлеушілердің мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерімен байланысты айтылмыш сөз орынсыз болып, коммуникативтік сәтсіздікке әкеліп соқтыруы мүмкін.

Сөйлеушінің тілді білу деңгейі тым төмен болған жағдайда тілдік қатынас сәтсіздікке ұшырауы мүмкін. Мұндайда сөйлеуші жергілікті сөздерді қолдануы мүмкін. Қайсыбір сөйлеушінің тыңдаушы біле бермейтін арнаулы терминдерді орынсыз қолдануы, сондай-ақ шетелдік сөздерді орынсыз жұмсауы диалогтің сәтті өтуіне кедергі жасайды.

Коммуникативтік мақсат. Сөз стратегиясы мен тактикасы. Сөз стратегиясы коммуниканттардың ортақ тіл табуын, диалогтегі ынтымақтастықты көздейді. Мұның өзі қарым-қатынастың тоналдылығын, ақиқатты дұрыс көрсету үшін тілдік амал-тәсілдерді қарым-қатынасқа лайықты, сәйкес болуын көздеп, талғап, диалогтегі ритуалдық, кезекші тақырыптық (ауа райы, спорт, заттың бағасы, саясат т.б.), реплика, кідіріс (пауза) т.б. тәрізділерден тұрады.

Стратегия ынтымақты және ынтымақсыз болып бөлінеді: ынтымақсыз стратегияның негізіне жанжал (конфликті), ұрыс-керіс, қорқыту-үркіту, алдау, өтірікке бару, тура жауаптан қашқақтау т.б. теріс құбылыстар, ал ынтымақты стратегияның негізіне сенім, ынталылық, шынайылық, қайырымдылық т.б. тәрізді жағымды құбылыстар.

Сөз тактикасы сөз стратегиясындағы амал-тәсілдердің орындалуын жүзеге асырады. Сөз тактикасы бағалау, ұнатпау, қуану, ренжу т.б. модальдық реңктерден тұрады. Мысалы, міндетіне алған нәрседен бас тарту стратегиясы қолынан келмейтіні, уақыт жоқтығы, тура жауаптан жалтару, кейінге сілтеу, міндеттен бас тартатынын тікелей айту т.б.

Ынтымақты (кооперативті) стратегияда фатикалық қатынас ерекше орын алады. Байланыс жасауға тілдік, қарым-қатынас жасауға деген коммуникативтік мүдделілік коммуниканттардың бір-біріне деген назарын күшейтеді. Сөз тақырыбына, арқауына қызығушылық туғызады. Коммуниканттың назарын өзіне қарату мен сөзге тарту алдымен фатикалық қатынас арқылы жүзеге асып, әңгімеге қолайлы атмосфера қалыптасады.

Кездейсоқ әңгімеде байланыс «орнату» көбіне бір ғана тактиканың, яғни ортақ мүдде төңірегінде жүзеге асуы ықтимал: ауа райы, спорт (көбіне ер адамдар арасында), саясат (ер адамдар арасында), қымбатшылық, арзаншылық; тағам рецептері, сәндік киім, бала тәрбиесі т.б. Мұндайда көбіне үйреншікті әдет бойынша дағдылы құндылықтарды терістеу жиі кездеседі: *Жастар бұрынғыдай емес, балалар не боп барады; ауа райы баяғыда жақсы еді; Жақсы киім таппайсың, бәрі қымбаттап кетті; бұрын қандай еді, қазір мынадай* т.б.

Қазақ мәдениетінде үлкенге құрмет көрсету, қонақты құрметтеу *(қырықтың бірі қыдыр деген),* көрші сыйлау (*көрші қақысы* деген құқтық ұғым), жасы үлкенге алдымен сәлем беру т.б. міндетті түрде орындауға тиіс императивке жатады. Жолдастықты, достықты сыйлау, дастарқанды құрметтеу, әсіресе нанды аяқасты етпеу, ағайын-туыстың қуаныш-қайғысына ортақтасу, жекжат-жұрағатты, құдаларды құрметтеу, ата-ананы ерекше құрметтеп, алдынан кесе өтпеу т.б. тәрізді этикалық нормалар сөз стратегиясында қатаң сақталады, сөз тактикасында ерекше ескеріліп отырады. Олардың коммуникацияда лидер болуына сөз барысын бейімдеп, ыңғайлап отырады. Мысалы, *үлкенді құрметте, үлкенге жол бер, әйтпесе ұят болады* тәрізді ата-ананың балаларға айтқан репликасында адамгершілік императивтері басшылыққа алынады.

Ақиқаттағы белгілі бір зат, құбылыс, оқиға әртүрлі айтылуы мүмкін. Ақиқаттағы белгілі бір мәнділікті тілдік амалдармен әртүрлі атауға болады. Мысалы, *жұмысқа*

кешікпей келсе керек еді; әркім өз міндетін орындаса керек еді деген сөзді *сен жұмысқа кешігіп келдің; сен өз міндетіңді орындаған жоқсың* деп те айтуға болады. Бұдан ақиқаттағы белгілі бір мәнділік өзгерген жоқ, бірақ қарым-қатынас стратегиясы өзгерді. Біріншісінде сөйлеушінің стратегиясы кооперативті болса, екіншісінде бейкооперативті. Егер адресаттың тілдік құзыреті, сөз мәдениеті жоғары болса, диалогті әрі қарай жалғастыруға болатынын байқайды. Ал тіл құзыреті, сөз мәдениеті төмен адресат сөйлеушінің стратегиясын аңғара бермейді, сөз аяғы ушығуы мүмкін. *Кешікпей келсе керек еді, міндетін орындаса керек еді* дегендерді бейкооператив мазмұнда деп ұғады.

Ынтымақты сөз стратегиясында сөйлеуші адресаттың реакциясына қарап, бақылап отырады, егер оған ауырлау, қиындау тиетін болса, сөз тактикасын дереу өзгерте қояды. Мысалы, *сен жұмысқа кешігіп келдің*. Сәл-пәл кідірістен (паузадан) соң, – *ыңғайсыз жағдайға қаласың ба дегенім ғой* деп реттеуіш репликамен жуып-шайып отырады. *Сен өз міндетіңді орындаған жоқсың, ертең аттестациялауда қиын болар ме екен*. Бұл айтылымның екінші бөлігі – адресатқа ауыр тиетін сөзді жеңілдетудің тактикасы. Мұндай тактика тілдегі әртүрлі реттеуіш құрылымдар арқылы жүзеге асып отырады.

Сөйлеу дискурсының ерекшелігі – экспрессивті эффект тудыру арқылы адресаттың назарын өзіне аударып, қызықтырып отыру. Тыңдаушының эмотивті реакциясы диалогтің дұрыс ахуалда өтіп жатқанын көрсетеді. Тыңдаушы әдетте тосын тәсілмен, бедерлі тілмен берілген ақпаратты ден қоя тыңдайды. Сондықтан сөйлеуші әртүрлі тілдік деңгейлердегі экспрессивті мағынадағы тілдік бірліктерді, троп, фигура тәрізді стильдік құралдарды қолдануға тырысады.

Белгілі бір фактіні сөйлеуші образ арқылы жаңғыртады, жай сөзді мәнерлі сөзбен береді, ал мұндай екінші реттегі тілдік бірліктер автордың көзқарасын, сезім күйін, сөз сомдау мәнерін көрсетеді. Сөз қатынасындағы бұл жайтқа адресат та реплика арқылы, бейвербалды таңбалар арқылы қатысады. Адресат тарапынан болатын реплика-реакцияны байқай отырып, сөйлеуші сөз мәнерін жалғастыру немесе өзгерту жөнінде болжам жасай алады да сөздің құлақ күйін адресаттың ыңғайына қарай өзгертіп отырады.

Сөйлеу тілінің экспрессиясы. Сөздің ұзына-бойына экспрессиялық өң беретін эмотивті элементтерге сөйлеу тілі аса бай. Ой-сезімнің объективтеніп, ақиқатқа айналуын сөз шығармашылығының бастамасы деуге болады. Сондықтан ой мен сезімді білдірудің эстетикалық мәні бар. Сөйлеу тілі – күллі тілдік идиоматиканың бастау көзі, окказионализм, фразеологизмдердің шыңдалып шығар дүкені. Сөйлеу тілі дүкенінде әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің екінші мәрте аталымдарға айналу үрдісі үздіксіз болып жатады. *Жазғыштар, осындағы мықтылар, жоғарыдағылар, атүстіндегілер, көккағаз (доллар), желтоқсан ызғары, қаракөздер* т.б. газет бағаналарындағы қолданыстар – алдымен сөйлеу тілінде пайда болған екінші реттегі аталымдар.

Сөйлеу тілінде екінші реттегі аталымға жататын перифраз, аллюзия, гипербола, литота, градация, параллелизм, риторикалық сұрақ, эллипсис, анафора, антитеза сияқты риторикалық фигуралар жиі кездеседі.

Сөйлеу мәтініндегі кейбір грамматикалық тұлғалардың мағынасы жалпы тілдік мағынасына сәйкес келе бермейді. Мысалы, Әке мен бала арасындағы мынадай диалогке назар аударыңыз: – *Әкең саған жаны ашығандықтан айтып отыр.* Мұндағы *Әкең* тұлғасы бірінші жақтың қызметін атқарып тұр. [Мен саған жаным

ашығандықтан айтып отырмын]. Сөз тұлғасын өзгерту прагматикалық мақсаттан туып отыр. Сөйлеушінің «мен» демей «әкең» деуі балаға деген жақындықты баса көрсетеді де әкенің әлеуметтік МЕНІН бейтараптандырады.

Анасы баласына: *Қарның ашып кетті ме? Апаң саған дәмдеп күріш басып береді* [салыстырыңыз: *мен саған дәмдеп күріш басып беремін*]. Бірінші жақты екінші жақпен ауыстыру сөйлеу тілі прагматикасында іштарту, жақын тартуды баса көрсету мақсатында қолданылады.

Әкесі баласына: – *Оқысаң, демде түсініп кетесің. Ал кәне оқып жіберейік. Бір-екі қайталасақ түсініп аламыз.* Балаға қиын көрінетін нәрсеге өзінің де ортақтасатынын баса аңғарту мақсатында жіктіктің жекешесінің орнына көпшесі қолданылып тұр. – *Қалай, жігіттер, бүгін кешке дейін жұмысты бітпейміз бе?* деген айтылым [бітіресіңдер ме?] сөзінің орнына қолданылып тұр. Бұл – сөйлеушінің тыңдаушылармен «бірге», оларға тілектес екенін білдірудің прагматикалық тәсілі. *Қанша айтсам да тыңдамайды* деудің орнына *Қанша айтсаң да тыңдамайды* деп қолдану сөйлеушінің «мен түгіл сені де тыңдамайды» деген прагматикалық мәнді аңғартады. *Жақсы дайындалсаң, оқуға (университетке) түсесің де кетесің* деген диалог сөзге «қиындығы жоқ» деген прагматикалық мән ұстап тұрса, ал, *Қараңғыда жүре берсең, адасып кетесің; түрін көрсең, шошып кетесің* тәрізді диалогтердегі грамматикалық тұлғалар сөз «иландыру», «сендіру» тәрізді мағыналық рең беріп тұрған прагматикалық факторлар.

Сөйлеу тілі – әдеби тілді тұтынушылардың дайындықсыз, машық бойынша бейресми жағдайда, тыңдаушымен бетпе-бет сөйлесетін сөзі, әдеби тілдің функционалдық тармақтарының бірі. Сөйлеу тілінің нормалары грамматикада, сөздіктерде тіркелмейді, сондықтан сөйлеу тілі нормалары әдеби тілдің кодификацияланбаған нормасына жатады. Әдеби тілдің нормалары кодификацияланған стильдік тармақтарына сөйлеу тілі осы ерекшеліктерімен қарама-қарсы қойылады. Бейресми қарым-қатынаста (сөйлеу тілінде) жазбаша, яғни кітаби тіл элементтерін қолдану сөз мәдениеті тұрғысынан дұрыс деп танылмайды. Сондықтан сөйлеу тіліне тән ерекшеліктерді жазба тілден айыра білу – сөздің коммуникативтік сапасына қойылар басты талаптың бірі.

Сөйлеуші өзінің сөзі арқылы өзіндік тұлға екенін таныта алуы, коммуникативтік мүдделілік, адресатқа икемделу, ал тыңдаушының сөйлеушіге бейімделіп, коммуникативтік діттемін түсінуі, сөз ситуациясына байланысты тілдік, тілдік емес қатаң талаптарды орындау – диалогтің ойдағыдай болуының шарты.

Тілдік қарым-қатынастың ойдағыдай болуы – сөйлеушінің тілдік құзыретіне және коммуникативтік құзыретіне тәуелді. Тіл құзыретіне грамматиканы білу, сөз мағынасын ажырату, белгілі бір мазмұнды әртүрлі тілдік тәсілдермен жеткізе білу, соның бірі перифраза т.б. жатады.

Коммуникативтік құзыретке осы аталғандардан басқа, мәдени-әлеуметтік нормаларды, сөз әдебіндегі ұлттық стереотиптерді білу, тілдік фактілерді коммуникативтік ситуацияға орнымен жұмсай білу т.б. жатады.

Сөйлеуші белгілі бір ақпарат беруге өзінің тіл дербестігін таныта білуі – тілдесудің ойдағыдай өтуіне әсерін тигізетін эстетикалық факторлардың бірі.

СӨЗ БАЙЛЫҒЫН САРАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ[7]
(«ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ» ТУРАЛЫ)

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұжымы жасаған онбестомдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жиырма жылдығына орай жарық көріп отыр. Бұл – мәдени-ұлттық, әлеуметтік мәні үлкен уақиғаның, шын мәнінде, Тәуелсіздік мерекесімен орайлас келуі кездейсоқ емес. Тәуелсіздік тілдің де тың жатқан құнарлы қатпарларын қозғалысқа түсіріп, сөз мағыналарына жаңа серпін берді, қызмет өрісін кеңейте бастады.

Елдің егемендікке қол жеткізуінің арқасында мемлекеттік тіл ерекше құндылық деп танылып, тәуелсіздік, сөз бостандығы, демократия тәрізді базалық құндылықтардың алдыңғы қатарынан орын алды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деп, ана тілімізді ең басты құндылығымыз – тәуелсіздікпен бір қатарға қойды.

Жеті ықылым жұртты жайлаған жаһандану үрдісі кезінде дені тетік, дерті жоқ қоғам құру қай елде болмасын күрмеуі көп күрделі мәселеге айналып отырған тұста рухани азықты халық алдымен ана тілінен іздейтіні сөзсіз. Осымен байланысты Сөздік еліміздің егемендігін, рухани қауіпсіздігін, тіл мен ұлт бірегейлігін нығайтуға бағытталған «Мәдени мұра», «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы» атты ұлттық-стратегиялық жобалардың аясында жарық көріп отыр.

Тіл өзінің лексика-фразеологиялық бірліктер жүйесі арқылы ұлттың өткендегісін сақтап қана қоймайды, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады, жеткізіп қана қоймайды, қайта түлетіп, жаңғыртып, жаңартып отырады. Сөз байлығынан халықтың бүгінгісін ғана емес, өткендегісін де білуге болады, өйткені тіл – халықтың өткен өмірінің куәсі, бүгінгінің – шындығы. Өткендегісін білген халық бүгінгісіне де мығым болып, болашағын дұрыс болжай алады. Қоғамдағы небір өзгерістер қоғамдық санадағы таным-білімдер түрінде тілде «тіркеліп» жатады. Міне, тілдегі үздіксіз болып жатқан бұл үрдісті оның лексикографиялық форматқа түскен сөз байлығы – яғни түсіндірме сөздігінен айқын байқауға болады. Семантикалық өзгерістер, мағыналық «жылжулар», көнеру мен жаңғыру тәрізді тілдегі әр алуан «жаңалықтар», түптеп келгенде, тілдік ұжымның қоғамдық санасында болып жатқан құбылыстардың тілдегі көрінісі болып саналады. Осыларды дәл танып, Сөздікте айқындап беру оңай шаруа емес.

Тіл өзінің ғасырлар бойы жинақтаған «дүниеліктерін» сақтап, саралай отырып, ұрпақтан-ұрпаққа ұластыра келіп, сөз қазынасын жаңалықтармен жасарта түседі. Бұрыннан барды жинақтау, жаңаны саралау, мағыналық өзгерістерді көрсету, оларды дұрыс танып, орынды қолдануға бағыт-бағдар беру Сөздіктің нысаналы мақсаттарының бірі болып табылады. Мұндай мақсаттың ойдағыдай орындалуы ең алдымен оның төрт тағанына, атап айтқанда:

1) сөзтізбенің базалық корпусына;

2) сөзтізбедегі сөздердің анықтамасына (грамматикалық, этимологиялық, стилистикалық белгілерге);

3) сөз мағынасының түсіндірілуіне;

4) сөздік мақалада берілетін дәйексөзге байланысты болады.

---

[7] *Мақала Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 том, – Алматы: «Ғылым»,2011 ж. жарияланған.*

1. Сөзтізбенің базалық корпусы. Сөздік жасау жұмысы, әдеттегідей, ең алдымен сөзтізбе түзуден басталады. Сөзтізбе құрамында тіл иегерлерінің бәріне таныс, үйреншікті, жалпылама қолданыстағы сөздер деп аталатын лексикалық бірліктер барынша қамтылса, сондай-ақ қайсыбіріміздің санамыз тосырқай бастаған көнеліктер, жатсына қарайтын жаңалықтар мен жат сөздер, әдеби тіл нормаларынан шеткері жатқан жергілікті сөздер талғап-таңдап алынды.

Сөзтізбе құрамына алынған сөздерді жалпылама қолданыстағы сөздер және қолданыс аясы шектеулі сөздер деп, шартты түрде үлкен екі топқа бөлуге болады. Жұртшылықтың бәріне ортақ жалпылама қолданыстағы зат, құбылыс, уақиға атаулары, адамның әр алуан сезім күйлерін бейнелейтін сөздер, субъективті мәнді бағалауыштар тәрізді әдеби тіл аясындағы лексика-фразеологиялық бірліктер сөзтізбеде барынша дерлік қамтылды.

Сөзтізбеге қолданыс аясы шектеулі, жалпақ жұртшылық жалпылама қолдана бермейтін термин сөздер, кәсіби сөздер, жергілікті сөздер тобы жаппай емес, сараланып, іріктеліп алынды.

Қазіргі таңда аса өзекті болып табылатын медицина, қаржы, нарық экономикасы, құқықтану т.б. салалық терминдерге сөзтізбеде едәуір орын берілді. Олардың БАҚ құралдарында жиі қолданылатын түрлері молырақ қамтылды, бірақ ғылым-білім саласындағы терминдерді, әсіресе салалық терминологиялық сөздіктерде қамтылуға тиістілерін түгелдеп беру мақсаты көзделген жоқ. Кәсіби сөздерді сөзтізбеге талғап, іріктеп алуда да сөздікшілер осындай ұстанымды негізге алды.

Сөздікшілер сөзтізбе құрамына жергілікті сөздердің (диалектизмдердің) едәуір бөлігін іріктеп алуда этномәдени мәнділіктерді аңғартатын, эмоциялық мағынаны білдіретін, белгілі бір аймақтың шаруашылық жүргізу, жер бедері, өсімдігі т.б. тәрізді ерекшелігі, көркем шығармада жиі кездесетіндігі т.б. белгілерін негізге алды. Болашақта мұндай типтегі сөздерге деген сұраныстың арта түсетіні ескерілді.

Сөздіктің сөзтізбесіне енгізілген жергілікті сөздер, байырғы қарапайым сөйлеу тілі лексикасы да осы ұстаным бойынша берілді. Олардан халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, қазіргі көркем әдебиетте жиі кездесетін түрлері таңдап алынды.

Сөздікшілер қолданыстағы «су жаңа» атаулардың бәрін тіркеп, талғаусыз ала бермей, әдеби тілдің дәстүріне, тілдік нормасына қайшы келмейтіндерін таңдап алды, ал оларды «өмір жасы» ұзаққа бармайтын «біркүндік» сөздерден ажырата қарады.

Фразеологизмдер (идиомалар, тұрақты тіркестер, лексикаланған тіркестер) лұғаттық мақаланың ішінде берілді, бірақ оларды тірек компоненттер бойынша бір ғана жерде көрсету тәртібі басшылыққа алынбады. Бұлай болу себебі, біріншіден, қатардағы оқырманның бәрі бірдей фразеологизмдердің тірек сыңарын ажырата бермейді, сондықтан Сөздікті пайдаланушыларға қолайлырақ жағы көзделді. Екіншіден, қайсыбір фразеологизмдерде тірек компонент болмай, сыңарларының «мәртебесі» бірдей болып келеді. Осымен байланысты белгілі бір лұғаттық мақалада кездесетін фразеологизм басқа бір тұста да ұшырасуы мүмкін. Алайда фразеологизмнің бірнеше жерде берілуі сырт көзге кемшілік сияқты көрінгенмен, бұндай «қайталаманың» лұғаттық мақаланың ақпараттық мазмұнын байыта түсетін тиімді жағы да бар. Осыған сәйкес Сөздіктегі фразеологизмдердің саны жеке тұрған күйінде емес, қолданысына қарай көрсетілді.

Осындай лексикографиялық саралаудың нәтижесінде 92200-ден астам атау сөзден, 57800-ге жуық тұрақты тіркестен тұратын сөзтізбенің базалық корпусы жасалды.

2. Лұғаттық мақалаларда түсіндірілетін сөздердің анықтамасы. Лұғаттық мақалада түсіндірілетін сөздерге 140 түрлі анықтамалық белгі берілді. Ақпараттық мазмұны мен қызметіне қарай оларды грамматикалық, стилистикалық, этимологиялық және танымдық деп төрт салаға топтастыруға болады.

Грамматикалық анықтамалар сөздің онтологиялық болмысының белгілі бір грамматикалық категорияға (сөз таптарына) жататынын байқатса, стилистикалық анықтамалар сөздің коммуникативтік қолдану аясын аңғартады; танымдық анықтамалар сөздің дәстүрлі шаруашылыққа, мәдениетке, дүниетанымға (діни, этнографизм, мифологиялық т.б.) қатысты екенін танытса, ал этимологиялық анықтама сөздің «төркін жұртын» көрсетіп тұрады.

Жергілікті, қарапайым сөйлеу тілі деген стильдік белгілер аталмыш сөздердің жергілікті екенін, бейәдеби қарапайым тілге жататынын білдіріп, белгілі бір коммуникативтік мақсатқа сай қолдану жөнінде сөздікті пайдаланушыға бағыт-бағдар береді, «норма» мен «норма еместің» жігін айқын ажыратуға көмектеседі.

Бейәдеби элементтерді сөзтізбеге енгізіп, анықтама беруде сөздікшілердің бұл ұстанымын ұзақ жылдар бойы қалыптасқан әдеби тіл нормасын елеп-ескермеу деп түсінбеу керек.

Сөздік мақалада көрсетілген ж е р г. (жергілікті, диалектизм) деген нормативтік белгі – «тыйым салу» емес, қолдануға тура келсе, диалектизм екенін, әдеби тіл нормасынан тысқары тұрғанын біліп жұмсау керек деген «кеңес беру» мағынасындағы стильдік анықтама.

Диалектизмдерді уәжді қолдану, оның аймақтық жағынан шектеулі екенін тыңдаушыға аңғартатындай қолдану әдеби тіл нормасын бұзбайды.

э т н. (этнографиялық) деген танымдық анықтаманы сөздікшілер белгілі бір лексика-фразеологиялық бірліктің дәстүрлі мәдениетпен байланысты екенін аңғарту үшін, сөз мағынасын байырғы мәдениетке қатысты түсіну керектігін байқату мақсатында беріп отырды.

е с к і к і т. (ескі кітаби тіл) деген стильдік анықтама бұл сөздікте бірінші рет қолданылып отыр. Сөздікшілер бұл анықтамалық стильдік белгіні Сөздікте мағынасы түсіндірілетін сөздің байырғы мұралар тіліндегі сөздер екенін оқырманға аңғарту үшін қолданған. Қазіргі кезде ескі жәдігерлер, байырғы хатқа түскен ескі кітаби тіл үлгілері көркем әдеби құндылық ретінде жарық көріп, оқырмандардың рухани дүниесін кеңейтіп жатыр. Мұндай сөздер өзінің мағынасы, тұрпаты жағынан қазіргіден өзгешелеу тілдік бірліктер болып табылады.

к е к е с і н, м ы с қ ы л; к е л е м е ж, е р к е л е т у т.б. стильдік анықтамалар сөздің денотаттық (заттық) мағынасымен қосамжарласа жүретін субъективті көзқарасты, коннотациялық мағынаны оқырманның айқын аңғарып, орынды қолдануына жәрдемдесу мақсатында берілді.

а р. (араб), и р. (иран), г р е к. (грек), л а т. (латын) деген этимологиялық анықтамаларды сөздікшілер белгілі бір тілдік бірліктердің шеттілдік екенін оқырманға аңғарту үшін, олардың «төркін жұртынан» қол үзбеген ерекшелігін байқату мақсатында беріп отырды.

д і н и, м и ф. (мифологиялық) деген танымдық анықтамалар сөз мағынасының тілдік ұжым санасындағы діни, мифтік түсінікпен, ұғыммен, пайымдаумен байланысты екені жөнінде ақпарат береді. Мұндай танымдық ақпарат лексика-фразеологиялық бірлікті дұрыс түсінуге, орамды қолдануға септігін тигізеді.

Сөз саралау барысында сөздікте 20 мыңға жуық әртүрлі типтегі анықтама (белгі) берілді.

3. Сөз мағынасының түсіндірмесі сөздік мақаланың ең түйінді, әрі аса күрделі бөлігі болып табылады. Сөздікшілер сөз мағыналарын негізінен сипаттама жолмен, сондай-ақ синонимдер арқылы ашу тәсілін қолданды. Лексика-фразеологиялық бірліктердің мағынасын *нақтылауыш, даралауыш, жинақтауыш* деп аталатын құрылымдық компоненттері арқылы ашу негізгі ұстаным болды. *Негізгі* мағына мен *ауыспалы* мағыналарды айқындауда екі түрлі мағыналық типке ортақ семалық компоненттердің (мағыналық элементтердің) болуы ескерілді. Ондай «ортақ элемент» болмаған жағдайда мұндай лексикалық бірліктер омоним ретінде танылып, жеке сөзтізбелік бірлік ретінде берілді. Сөздікшілер, әдеттегідей, сөздік мақалада алдымен сөздің негізгі мағынасын, екінші, үшінші кезекте ауыспалы мағыналарын беріп отырды.

Лексикалық мағынаның терминделу үрдісімен байланысты қайсыбір тұста сөздікшілер өсімдік, жан-жануар мен қоғамдық-саяси атаулардың жалпыхалықтық қолданыстағы лексикалық мағынасымен қатар ғылым-білімнің белгілі бір саласында жұмсалатын терминдік мағынасын қоса көрсетіп отырды.

Қазақ тілінің, жасыратыны жоқ, ғылым тілі болуы екіталай деп қарайтын теріс түсінік те жоқ емес. Бұл жерде халық тіліндегі қаншама атаулардың терминдік мәртебе алып, ғылыми дискурста қатаң терминологиялық ұғымда жұмсалып жатқанын, белгілі бір лексеманың лексикалық мағынасымен қатар терминдік вариациялары бар екенін оқырманға аңғартуды да жөн деп білдік.

Кейбір сөздердің бұрынғы сөздіктердегі мағынасы тілдің қазіргі күйімен сәйкес келе бермейді. Қоғамда, қоғамдық санада құндылықтар жүйесі өзгерді, бейнелеп айтқанда, *ақ* деген «қара», *қара* деген «ақ» болып шықты. Сөздікте лексиканың қоғамдық-әлеуметтік тобына жататын *бәсеке, бай, мырза, сұлтан, хазірет, имам* т.б. сөздердің мағынасы қайта анықталып берілді.

Сөз мағынасының сәтті ашылуы – бір ғана басылымның немесе бір ғана сөздікшінің жеке үлесі емес, бұрын-соңды жарық көрген сөздіктерге қатысқан лексикографтардың да тәжірибесі мен кәсіби біліктілігінің, сондай-ақ тіл зеректігінің де нәтижесі. Сөз мағынасын тану әр басылым сайын тереңдей түсіп, дәлірек, нақтырақ бола бермек.

Аталмыш Сөздікте жеке сөздер мен сөз тіркестері мағыналарын лексикографиялық саралаудың барысында 166 мыңнан астам мағына айқындалып, тіркелді.

4. Сөздіктің дәйектемелік корпусы. Әрине, үлкен көлемдегі мұндай еңбектің нәтижелі аяқталуы үшін оның лексикографиялық негізі, практикалық базалары болуға тиіс. Сөздікшілер сүйенген мұндай база жоқ емес, атап айтқанда:

– ұлттық тілдің сөз байлығын жинап, жүйелеп, тіркеп отыратын А. Байтұрсынұлы атындағы Институттың картотека қорындағы материалдар онбестомдықтың негізгі дәйектемелік базасы болды. Картотекалық қорда, әсіресе, совет дәуіріндегі әдебиеттен тілдік деректер молынан жиналып, жүйеленген;

– советтік дәуірден кейінгі әдеби шығармалардан тілдік деректерді жинау, жүйелеу белгілі тіл мамандарының қатысуымен атқарылды. Жинақталып жүйеленген материалдарды сөздікшілер онбестомдықтың дәйектемелік базасы ретінде пайдаланды;

– он бес томдық, әрине, тіл мамандарының «бауашар» тұңғышы емес. Бұған дейін де, басқаларын айтпағанның өзінде, «Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің» он

томдығы жарық көрді. Сөз жоқ, онтомдықтағы сәтті түсіндірмелер, ойдағыдай алынған дәйектемелік материалдар, сөздіктің теориялық әрі практикалық жетістіктері онбестомдықтың лексикографиялық базасы болды.

Сонымен, сөздіктің дәйектемесі ретінде сөздікшілер Институттың қолда бар картотека қоры мен бұрын-соңды шыққан сөздіктердің материалдарын барынша пайдаланды.

Азаттық пен азаматтықты, елдік пен ерлікті ту еткен, имандылық пен ізгілікті үндеген байырғы ақын-жыраулардың тәуелсіздік тұсында жарық көрген шығармаларынан, қазақ әдебиетінің бұрын темір тор, тар қапаста жатқан, тәуелсіздік кезінде өз халқымен қайта қауышқан классикалық үлгілерінен алынған дәйексөздер лұғаттық мақаланың нәрі болды.

Қазақтың ұлттық әдеби тілінің жинақтауыш (куммуляциялық) қызметін өрістете түсетін «Бабалар сөзі», «Әдеби жәдігерлер», «Қазақстан. Ұлттық Энциклопедиясы», «Қазақтың дәстүрлі киім-кешектері» тәрізді тәуелсіздік таңымен бірге туған рухани дүниелерден дәйексөздер берілді. Әдеби тілдің жинақтауыш қызметін нығайта беретін мұндай мұралардың мақсат-міндеттері әр басқа болғанмен, ұлттық арнаға құяр ырысы ортақ деп танылды.

Сөзтізбелік бірліктерді саралау, талдау барысында Сөздікте 250 мыңға жуық дәйексөзден (цитатадан) тұратын дәйектемелік корпус жасалды.

Қорыта айтқанда, сөздікшілер сөз байлығын тіркеп қана қоймай, олардың мән-мағыналарын жүйелеу арқылы, әдеби тілдің нормалық сипатын, мәдениетін жаңа бір деңгейге жеткізді. Қазақ тіл білімінде жаңа типтегі сөздік индустриясын қалыптастыруда қолға алынуға тиіс көне, сирек сөздердің, шет тілдік сөздердің, этномәдени сөздердің сөздігін жасауға, этимологиялық, стилистикалық сөздіктерді құрастыруға, түркі тілдерінің кең ауқымды тарихи-салыстырмалы сөздігін жасауға және тарихи-лексикологиялық, теориялық зерттеулерге негіз болатындай мол материал Сөздікте жинақталып жүйеге түсірілді. Осы айтылғандармен байланысты Сөздікті бүгінгі таңдағы ғылыми-теориялық сұранысқа сәйкес жасалған лексикографиялық еңбек деп тануға, бағалауға болады.

Бұл айтылғандар Сөздіктің ғылыми-лингвистикалық қырларына қатысты болса, мәдени-әлеуметтік сұранысқа толық жауап беретіндей қырлары аз емес.

Сөздіктегі сөз әлемінен халқымыздың экономикалық-шаруашылық, саяси-әлеуметтік өмірін, мәдени-рухани дүниесін, таным-білімін, дәстүрлі мәдениетін, мінез-құлқын, көршілес елдермен, жеті ықылым жұртпен қарым-қатынасын аңғаруға болады. Сондай-ақ Сөздік белгілі бір әлеуметтік топқа, жікке ғана емес, барша жұртшылыққа бағышталған. Атап айтқанда, мектеп мұғалімдері мен оқушылар, жоғары мектеп оқытушылары мен студенттері, БАҚ қызметкері мен саясаткерлер, аудармашылар, бағдарламашылар (программистер), бизнес өкілдері, қысқасы, қоғамдық өмірдегі әр алуан мамандық иелері Сөздіктің әлеуетті қолданушылары болып табылады. Көтеріп тұрған жүгіне қарай бұндай лексикографиялық еңбектің қатаң терминологиялық мағынадағы атауы жоқ, ал бейресми түрде «Үлкен сөздік» деп аталады. Үлкен сөздік жыл сайын жасалмайды, ұлттың мәдениеті үлкен деңгейге көтерілген тарихи кезеңде жасалады. Мемлекетіміздің тәуелсіздігімен, еліміздің егемендігімен байланысты бұндай еңбектің жарық көруіне ҚР Мәдениет министрлігі (Мұхтар Құлмұхамет), осы ведомостволың Тіл комитеті ерекше қолдау көрсетті.

Сөздік – ұжымдық еңбек. Ұлттық Ғылым академиясының академигі *Р.Сыздық,* профессор *Е.Жанпейісов* сөздік құрастыру барысында сөздікшілерге ақыл-кеңес беріп,

көне, сирек сөздердің мән-мағынасын түсінуге жәрдемдесетін тілдік материал берді. Ұлттық Ғылым академиясының академиктері *Ө.Айтбаев*, *Ә.Қайдар, Ш.Сарыбаев, Р.Сыздық* атқарылып жатқан іргелі еңбекке сеніммен қарап, Ғалымдар кеңесінде қолдау көрсетіп отырды. Сөздіктің құрастырушылық-авторлық жұмыстарына ұзын саны отыздан астам қызметкер қатысты, бірақ олардың бәрі бірдей Сөздік түзу жұмысына әртүрлі себептермен бастан-аяқ қатыса алмады.

Сөздік түзушілердің қатарында екітомдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» (1959-1961), онтомдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» (1974-1986), біртомдық «Қазақ тілінің сөздігін» (1999) жасауға қатысқан, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері проф. *Т. Жанұзақов,* онтомдық, біртомдыққа қатысқан филология ғылымдарының докторы *С.Бизақов,* онтомдыққа қатысқан филология ғылымдарының докторы, профессор *С. Мырзабеков,* лексикограф-диалектолог ғалымдар, филология ғылымдарының докторлары, профессорлар *Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков*, *С. Омарбеков* сынды тәжірибелі сөздікшілер болды. Сөздік түзу жұмысына Институт қызметкерлері филология ғылымдарының докторлары *Қ.Айдарбек, Б.Әбілқасымов, Ғ.Әнес, А.Жаңабекова, О.Жұбаева, Ә.Жүнісбек, С.Иманбердиева, Қ.Күдеринова, М.Малбақов, Ж.Манкеева, Қ.Рысберген, Б.Сүйеркүл, Р.Шойбеков,* филология ғылымдарының кандидаттары *Н.Әшімбаева, Б.Қапалбеков, Н.Оңғарбаева, А.Үдербаев, А.Фазылжанова,* аға ғылыми қызметкер *Г.Халықованың* қатысқанын атап айтуға болады. Сөздіктің белгілі бір бөлігін құрастыруға жоғарғы оқу орындарының оқытушы-профессорлар құрамынан филология ғылымдарының докторлары *С.Ақаев, Қ.Есенова, М.Жолшаева, Б.Момынова, Г.Смағұлова* және филология ғылымдарының кандидаттары *С.Жапақов*, *А.Иманғазина, Ж.Қоңыратбаева, Ә.Ыбырайым,* сондай-ақ, тарих ғылымдарының кандидаты *Б.Хинаят* қатысты.

Сөздік түзушілердің жоғарыда аталған құрамынан сөзтізбені толықтыру, құрастыру жұмысынан өткен материалдарды тексеріп, бір жүйеге салып, бірізділікке түсіру үшін **арнайы ғылыми редакциялық топ** құрылды. Атап айтқанда, Институт қызметкерлері *А.Жаңабекова, О.Жұбаева, Қ.Күдеринова, А.Үдербаев, А.Фазылжанова, Р.Шойбеков* сөзтізбені толықтыру, лұғаттық мақаланы редакциялау, олардың кейбір бөлігін қайта жазып, тиісті жерлеріне дәйексөздер беру тәрізді жұмыстарды жүзеге асыра отырып, лұғаттық мақала мазмұнын байытып, нәрлендіріп шығаруға күш салды. Осы аталған ғалымдар Сөздік жасаудың күрделілігі мен қиындығына қарамастан ерекше ынта көрсетіп, ауыр жұмыстың бейнетін бөліскенін ризашылықпен атап айтамыз. Сөздіктің көптаралымды нұсқасын баспаға әзірлеу жұмысы осы аталған шығармашылық топтың еншісіне бұйырды. Сонымен қатар *А.Үдербаев* тиісті материалдарды әзірлеу, оларды сөздікшілерге, әр томның редакторына тарату, баспамен байланыс жасау, бас редактордың тапсырмаларын орындау тәрізді үйлестіру жұмыстарын атқарды. Сөйтіп, бұл аталған шығармашылық топ Сөздіктің жұмысына бастан-аяқ қатысып, оның сапасын көтеруде ерекше еңбек сіңірді.

Институттың ғылыми қызметкері *Ш.Жамықаева* Сөздіктің терілімге түскен соңғы нұсқаларын бастан-аяқ тексеріп, Сөздік материалында кеткен кемшіліктерді көрсетіп, оларды том редакторының түзетуіне беріп отырды; дәйексөз алынған әдебиеттің тізімін толықтырып, бір жүйеге салды. Он бес томнан тұратын Сөздіктің корректурасы *Ш. Жамықаеваның* қолынан өткенін ерекше атап айтамыз.

Филология ғылымдарының докторы *Б.Жұбатова,* филология ғылымдарының кандидаты *Г.Мамырбекова* Сөзтізбеге алынған сөздердің араб, иран тілдерінен

енгендерін анықтау, оларды сол тілдердегі жазылу үлгісімен беру жұмыстарына қатысты.

Грек, латын, ағылшын, француз, неміс т.б. Еуропа тілдерінен енген сөздерді анықтап, жазба нұсқасын көрсету жұмыстарына филология ғылымдарының докторы *К.Хұсайын,* филология ғылымдарының кандидаттары *Ж.Жұмабаева, Н.Оспанғазиева*, *Э.Өтебаева, А.Фазылжанова* жәрдемдесті.

Сөздік материалдарын әзірлеу, қолжазбаларды компьютерден өткізу, баспаға дайындау жұмыстарына Институттың ғылыми қызметкерлері *Н.Бармешова, Ж.Тұрғынбаева* бастан-аяқ қатысып, ерекше еңбек етті. Филология ғылымдарының кандидаты *А.Қаршығаева* олармен бірлесе отырып, қолжазбалардың терімін әзірлеуге ат салысты. Сондай-ақ Сөздік материалдарын техникалық жақтан дайындау жұмыстары *М.Карбозоваға* тапсырылды.

Сөздіктің терімдік, дизайндық, полиграфиялық жұмыстарының ойдағыдай болуы **«Арыс», «Қазақ энциклопедиясы»** баспаларының жұмысына байланысты болғанын атап айтамыз.

Сөздік түзу жұмысына қатысқан құрастырушылардың дайындық деңгейі, ғылыми-теориялық біліктілігі, тіл зеректігі әртүрлі болатыны белгілі. Олардың біразы іс-тәжірибесін жаңадан жинақтаған құрастырушылар болды. Осымен байланысты оқырман бұл Сөздіктен сөз мағынасын ашуда, сөзтізбе құрастыру ісінде, дәйексөз беруде ішінара кеткен кемшіліктерді, «кедір-бұдырларды» да кездестіруі мүмкін. Мұндай кемшіліктерге түсініспікпен қарап, оны түзету жөнінде ақыл-кеңес беріп, сындарлы сын айтқан оқырмандарға шығармашылық ұжым атынан алдын-ала алғысымызды айтамыз. Сөздік түзу ісі – ұдайы жүргізіліп отыратын үрдіс. Ол жаңарып, жаңғырып шыққан сайын кемшіліктерден арылып, сапасы жақсара бермек.

Әдетте, Сөздік тілдің белгілі бір кезеңіндегі лексика-фразеологиялық байлығын толық көрсете алған қасиетімен жақсы деп бағаланады. Ондай сөздік тек лексикографтардың еңбегі немесе тіл иегерлерінің тұтынатын анықтамалық құралы ғана емес, елдің мәдени өміріндегі елеулі құбылыс, ұлттық мәдениеттің маңызды компоненті ретінде танылады. Қоғам мүшелері ондай іргелі сөздікке құрметпен, сеніммен қарайды.

Ұлт мәдениетіне олжа салған тіл мамандарының бұндай қарымды еңбегінің төрешісі – оқырман, әділ сыншысы – уақыт. Олай болса, ендігі сөзді, құрметті оқырман, Өздеріңізден күтеміз.

СӨЗ ЖАСАУ ҚИСЫНЫ ХАҚЫНДА[8]

Уақыт үдесіне орай тіл мәдениетіне қойылар талап пен талғам биіктей беретіні белгілі. Соңғы жылдары қазақ тіл мәдениеті мәселелері мерзімді баспасөз беттерінде жиірек сөз болып, орынды пікірлер, орнықты ойлар айтылуы да сондықтан. Әлі де болса сөз кезегі үзілмей жалғаса беретіні айқын.

Қоғам өмірінде болып жатқан толассыз өзгерістер тіліміздің дер кезінде лайықты орнын тауып отырады. Бұл тілдің ішкі мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Тіл орамдары санаулы, бірақ оның орнын тауып, ойната білсе, мүмкіндігі шексіз. Дегенмен, «піл көтермегенді тіл көтередінің» керімен тіл орамдарын нысаппен емес, ысыраппен қолдану әдеби тілдің құзырына жанаспайтын құбылыс. Әу бастан белгілі ақиқатты қайталай отырып, осы бір орайда бұл қалай деген кейбір жайттарды ортаға салсақ дейміз.

Бір жылдары *диқаншы* демей *дикан*, *аспазшыны аспаз, куәгер, куәші* сөздерін *куә* деп ықшамдап қолданайық, сапырылыстыра бермей, бір сабаға түсірейік деген құлаққағыс болды. Онсыз да жаңа сөз бедерлеуде «жүгі ауыр» мұндай жүрдек қосымшаларды *дикан, аспаз, куә* сөздеріне телімей-ақ, үнемді қолдану, бәлкім, жақсы нышанға бағаланар жай шығар. Бірақ қазіргі тіл қолданысымызда әлгі сөздер *диқан, диқаншы, аспаз, аспазшы, куә, куәгер, куәші* болып аралас-құралас қолданыла береді. Жақсы, бұлардың саралануын уақыт билігіне қалдырайық дейік.

Енді *майдангер* мен *майданшы* маңайласа жүреді. *Түйеші, түйекеш, бапкер, бапшы* тағы басқа мұндай жарыспалы сөздердің қатары қаулап барады. Бірде *мақташы* деп, бірде *мақтагер* деп қолданылатын болып жүр. *«Мақтагердің қызымын. Тыңда сөздің қызығын»* («Лениншіл жас»). Мұндай ауытқуларды әдеби тіл тұрғысынан тіл байлығына демесін деуге бола қояр ма екен? Ана тіліміздегі алуан түрлі сөз жүлгелері, олардың мағыналық қыр-сырларының дені қосымшалар арқылы жасалады десек артық айтқандық емес. Осындай тұста мұқиятсыздық кетіп жатқан мүдірістер мақұлдарлық жай ма? Кейінгі жылдары қосымшасы көптеген сөздерге қосақталатын болып жүр: сыни, адами, заманауи, тағы басқалар. Бірер мысал: *«Газети шағын творчестволық портретте оның сан-қырлы творчестволық лабораториясына барлау жасау мүмкіндігі аз»* («Қазақ әдебиеті»). *«Аңсап кілең аспани биіктерді, арманды аңсап, арманды жиып тердің»* (Ә.Абайділданов*). «Шешуші адамның өмірінің мазмұн-мәнісі алғашқы яғни ғұмыри бөлігі екеніне ешкім таласпас деп ойлаймыз»* (А. Кебесов, «Сөнбес жұлдыздар»). *«Адами тұлға»* («Жалын»). Мұндайлар бастапқыда мен мұндалап тұрмайды, мысқалдап еніп көбейеді. Бір сөз бір сөздің қазығы демекші, бір сөздің үлгісімен екінші бір жаңа сөз жасалады. **И** телінетін ендігі кезекте тағы қандай сөз тұр екен деп секем аласыз.

Тілімізде ғылыми, мәдени, тарихи және тағы басқа бірер сөздердің жетегімен келген **и** қосымшасының жалғану өрісі санаулы сөздермен шектеледі. Басқа сөздер, әсіресе, тіліміздің төл сөздері оны тосырқап тұрады. Сондықтан, **и**-ді кез келген сөзге іркіліссіз қосақтай салу, қосымшаның жалғану өрісін бұзады.

Жаңа сөз әдеби тілімізде кірігіп, жарасымын тауып жатса құба-құп, ал кәдеге асуы екі талай осындай басы артық қолданыстар тежеусіз кете берсе тіптен қолайсыз-ақ. Жаңалыққа ешкім қарсы емес. Жаңа сөз жасамадық деп біреуді-біреу жазғырмаса керек. Ал Ғабеңнің «сылақ асығындай» жарасты қолданыс еніп жатса, ана тіліміздің

[8] *Мақала «Социалистік Қазақстан» газеті, 1976, 11 ақпанда жарияланған.*

бояу-нақышы арта түспей ме. Тілдегі әр қосымшаның өз орны бар, өз өрісі бар. Ғасырлап өлшенетін уақыт барысында олардың мағынасы айқындалып, қызметі сараланған. Сондықтанда, әдеби тіл кейде нормаланған тіл деген ұғыммен бара-бар. Олай болса мынадай жайлар әдеби тіл дағдысынан саяқ кеткендік емес пе ?

«О да жазылажақ шежіренің жаңа, мазмұнды, кең тыныстыкөркем тараулары болар деген ойдамыз» («Қазақ әдебиеті»), *«Кеше жұрттың көз алдында бітусіреп қалған мұнараның тағы да жұмысы өнбей қалды»* («Жұлдыз»). Кейіпкер сөзі емес, автордың өз қолданысы. Әрине, жергілікті ерекшеліктерді орнымен қолданса бір сәрі. Ол әдеби тілдің орамдылығын арттырып жатады. Ал оларды иіні келмеген жерде де әдеби нормаға тайталастыра қолдану, барды місе тұтпай, дәнді қауызға қайта қосқандай дер едік. Қаламгер оқушысын әдеби баулитынын естен шығармаса екен.

Баспасөз беттерінде соңғы бірер жылда *нама* қосақталған мынадай сөз легін кездестіретін болып жүрміз: *ғұмырнама, кітапнама, сапарнама, тахликнама, өсиетнама, ғибратнама, жұлдызнама, Сәкеннама, Мұхтарнама,* тағы басқа. Бұлардың қайсыбірін қазақ тілінен орысшаға аударып барып түсінеміз. «*Атақты жұлдызнамашылардың тахлиқнамасы бойынша бұл іске сәйкес келетін бақытты жұлдыз таңдалып алынады»* (А.Көбесов, «Сөнбес жұлдыздар», 14-бет). *«Қазақ әдебиетінде Мұхтарнама әлі жазыла қойған жоқ»* («Жалын» № 5 , 1973).

Дұрыс-бұрысы сараланбай, осындай сөздер көбейіп барады. Бұлардан кезінде *нама* арқылы жасалған орнықты, тиянақты сөз қатарларын ажырату қиын. Мұхтар Әуезов тәрізді көркем сөз шебері бастап берген Абайтану, Жамбылтану курстарын Мұхтарнама, Сәкеннама деген үлгі мен Абайнама, Жамбылнама дейміз бе? Әдеби тілге жат ала-құлалық осындайдан басталмай ма? Баспасөз беттерінде мұндай тосын сөздерді тоғыта берудің қажеті шамалы тәрізді. Қазіргі әдеби тіл балаң дәуірді басынан өткізген. Әдеби тіл тарихын зерттеуші ғалымдар да осы тұжырымға келген тәрізді. Қазіргі әдеби тіл қарасақ айна, салмақтасақ таразы боларлықтай (З. Шашкин) көркем сөздің зерделі зергерлері бар марқайған әдеби тіл. Оны неше түрлі «жаңалықтармен» қалыптасып кетеді деп «кенжелете» берудің жөні жоқ тәрізді.

Әдетте, әдеби тілді әрлендіретін, қорландыратын халық тілі делініп жүр. Әйтсе де, одан ауытқыңқырап, қиыстырып «сөз жасау» әдетке айналып бара ма дегендей көңілге күдік ұялайды. Сондықтан да, тіл амалдарына құнтпен қарап, орынды қолданайық дегіміз келеді.

ЖАҢА СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖАЙЫНДА[9]

Тіліміздің сөздік құрамы сан-алуан. Оларды танып-білуде, дұрыс қолдануда көркем шығарманың мәні зор. Халқымыздың әдеби мұрасы, классикалық көркем туындылар оқушының тіл ұстарту мектебі. Оларға ден қойған оқушының тіл мәдениеті артады, ойы биіктеп, өрісі кеңейеді. Сөз талдап, сөйлеу шеберлігі шыңдалады. Сондықтан да мұғалім оқушыға көркем шығармаларды сабақтан тыс көбірек оқуға кеңес береді. Кейбір оқушыларға өз бетімен ізденіп оқуға ынтық болады. Шынында, сөз мәнін ұғынып, олардың орнын аңғара алған оқушы көркем шығарманың кілтін табады. Идеясын түсініп, эстетикалық тағылым алады. Көркемдікті сезінер кеңи ауласына көне түседі. Мұндай процессте оқушы өзін түсінікті сөздер мен сөз тіркестері, грамматикалық қолданыстармен бірге бұрын мүлде естімеген, мағынасына жете біле бермейтін соны сөздердің әртүрлі мағынада қолданылуын байқайды. Мұндайда сөздіктердегі де пайдалану тиімсіз ықтимал. Себебі, тілдегі жаңа құбылыстар әртүрлі себептермен сөздіктерге енгізілмей қалуы мүмкін.

Өйткені қандай тілдің болмасын сөз байлығы ең жақсы, ең толық деген сөздіктердің өзі де түп-түгел жіпке тізгендей саралай алмайтындығы белгілі. Лингвистика тарихынан да ондай сөздік әлі жоқ. Тіпті бір ғана жазушының сөз байлығын, тіл қолданысының қыр-сырын тайға таңба басқандай түгендеп беру де тым қиын. Мәселен, мектепте С.Сейфуллиннің шығармалары оқытылады. Шығарманың тақырыбы, сюжет-желісі, композициясы, идеясы талданып, жазушының сөзді қолдану тәсіліне арнайы көңіл бөлінеді. Қаламгердің өзіне тән көркемдеу әдістерінің сыры ашылады. Себебі, оның өлеңдеріндегі көркемдік – екпін, ырғақ, өлең құрылысымен ғана емес, ондағы «ерекше» морфемалармен де астасып жатады. *«Советстан, біздің стан, экспресс талма екпінді шабыстан»* деп келетін өлең жолдарының өзіндік жарасымы *советстан, стан* тәрізді тосын қолданыспен де байланысты. Ақынның мұндай қолданысты мақсатқа сай алғанын оқушы аңғармай, ол ерекшеліктерді, бәлкім, тілде бұрыннан бар деп ұғуы мүмкін. Ал «Көкшетау» поэмасында, прозалық туындыларында мұндай әдісті ұшырата бермейсіз. Оның есесіне *«Итше қыңсып, сұқса тұмсық», «Омырауын шаңданып, қар ояды сіресіп»* немесе *«Қатарды нықтас, ешбір жау жықпас»* деген жолдардағы *нықтас, шаңданып, қыңсып* тәрізді етіс тұлғаларымен келетін сөздерді кездестіресіз.

Оқушы тілдік дағдыға айнала қоймаған тосын қолданыстан туған сөздердің мән-мағынасын жете аңғару мақсатымен оны әр түрлі сөздіктерден іздеуі мүмкін. Мұндайда, жалпы тілдік нормаға айналғанша авторлық тосын қолданыстар сөздікке ене бермейтінін ескерген жөн.

Сонда бұлар қандай сөздер? Қазақ тіл білімі ғылымында бұл мәселе түбегейлі зерттелмегендіктен мұғалімдер де шәкірттерінің сұрақтарына дұрыс жауап бере бермейді. Себебі лингвистикаға тосын қолданыстан пайда болған мұндай сөздер окказионал және потенциал сөздер болып екіге бөлінеді.

Окказионал сөздер-көркем шығармаларда әсіресе фельетон, скетчтерде жиі ұшырайды. Бұлардың мағынасы жеке дара тұрғанда түсініксіздеу, өйткені олар тілдік нормадан ауытқыңқырап жасалады. Сондықтан контекске байланысты ұғынылады. Окказионал сөздер қай уақытта пайда болмасын «соны сөз» күйінде ұғынылады.

---

[9] *Мақала «Қазақстан мұғалімі» журналы, 1976, 6 тамыз, №33 санында З.Бейсенбаевамен бірлескен авторлықта жарияланған.*

Ал жалпы халықтық қолданысқа түскенде барып жаңа сөз екендігі ұмыт болады. Окказионал сөздердің ара-тұра болса да әдеби тіл үшін тигізетін игі әсері бар екен. Мәселен, *тәңір* сөзінен жасалған *тәңірия* (құдайшылдық) тәрізді тосын сөздер де әдеби тілдің мүддесіне қайшы емес.

Кейінгі жылдары баспасөз беттерінде *желарай (сквозняк), қабылхана (приемная), қызанақ (помидор), жағажай (пляж), ажырамас (прибытие), сусымыр (гиппопотам), қазанама (некролог), көкөніс (овощ)* тәрізді тосын сөздерді жиі ұшыратып жүрміз. Әрине, бұлар неологизм де, жалпы халықтық қолданысқа түскен сөздер де емес. Бұлар потенциал сөздер ғана. Бір кезде осылардың қатарындағы *оқырман, көрермен, аялдама, балмұздақ, балабақша, теледидар* (телевидение) сөздері қазіргі әдеби тілімізде орнығып, күнделікті терминге айналды.

Потенциал сөздердің ерекшелігі – оларда ауыс мағына болмайды, метафоралық мәнде жұмсалмайды, бұл жағынан термин сөздерге ұқсастау. Олардың қолданыла келе әдеби тілдің игілігіне айналып жататындары да, өрістей алмай қалып қоятын «өткіншілері» де жиі кездеседі. Мәселен, *мойынсерік, қосшы* (қосшылар одағы) тәрізділер қажет кезінде кәдеге жараған потенциал сөз болып одан неологизмге айналды да сол күйінде қолданудан шығып қалды. Қазіргі *қызылізшілер* (красные следопыты) сөзінде де осындай «өткіншілік» сипат бар тәрізді. Сонымен қаламгерде кездесетін кейбір потенциал, окказионал сөздер тіл байлығын шама-шарқынша қорландырып жатады.

Тілімізде *-ғар,-гер, -қар-кер* қосымшалары арқылы жасалған көптеген сәтті сөздер бар. Мысалы, *қаламгер, еңбеккер, майдагер, майдангер*. *-Шы, ші* тәрізді *-ғар, -гер* де қазіргі әдеби тіліміздегі ең «жүрдек» қосымшалардың бірі. Соған қарамастан бұл қосымшаны орынсыз қолданып, «соны сөз» жасаған тәрізденеміз. Баспасөзімізден бірер дәлел: *«Қазақ киногерлерінің тәжірибесі әлі аз-кем, шеберлік те жетіспей жатыр ма, қалай, әйтеуір шығармада олқылық мол екен. Мені сөзгерлік салтыңа басып, күнілгері дайындап алған жаттанды сұрақтарыңмен қақпайлап, өз соқпағыңа түсіріп алып, бұйдалы тайлақтай жетелемесең деймін».* Дағдыда жоқ мұндай қолданыстар қосымшаның талғап, таңдап жалғанатын табиғатын, жалғану өрісін бұзып тұр. Қорыта айтқанда, қосымшаларды оңды-солды орынсыз қолдану арқылы «соны сөз» жасауға әуестену – тіліміздің мүддесінен мүлде аулақ тәжірибе екендігін ескерткіміз келеді.

ТІЛДІК ЖҮЙЕ – НОРМА – ҮЗҮС ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОРТАҚ ТҰСТАРЫ МЕН АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІ[10]

Тілде болып жатқан жаңалықтар мен көз алдымызда өтіп жатқан өзгерістерге, әр түрлі көріністер мен құбылыстарға объективті түрде, ғылыми негізде оң, терісін ажырататындай баға беру аса өзекті мәселе болып отыр. Әсіресе «норма» мен «норма емес»-тің межесін айқындау әлеуметтік сұранысқа ие болып отырған бүгінгі таңда тіл дүниелігіндегі әртүрлі жаңалықтар мен өзгерістерді тіркеп, реттеумен шектелуге болмайды. Бұл ретте профессор Р.Сыздық айтқандай, «Тілдік нормалардың өзін ғана көрсетіп қою, яғни бүгінгі лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларды атап, әр алуан ережелер жинағы мен сөздіктер түзу жеткіліксіз. Бұлардың әрі қарайғы қолданылу, қырналу, өзгеріс-жаңалықтарға ие болу бағыты (тенденциясы) қандай деген пікірлер мен ұсыныстар болуы керек» [1].

Алайда көпке дейін «норма» мен «норма еместі» ажыратуда субъективизм басым болды. Бұлай болуы, әрине, түсінікті жайт. Белгілі бір құбылысты тиісті қырынан танып, біліп, бағалау үшін ғылыми-теориялық негіздер болуға тиіс. Қазақ тілінің нормативті дүниелерін танып білуде, әдеби тіл әлеміндегі көріністердің, құбылыстардың оң-терісін анықтауға негізінен тілдік жүйе мен құрылым, «тілдік жүйе мен тілдік норманы бірдей құбылыс» деген таным негіз болды. Сондай-ақ «норма» мен «норма емес»-тің ара жігін айқындауда «беделге» арқа сүйеу, «эстетизм» тұрғысынан бағалау, тілдік фактінің қолданылу «жиілігін» еске алу тәрізді тілдік емес факторлар негізгі өлшемдер ретінде алынды.

Мұндай жайтты қазақ тілі мәдениеті деп аталатын ғылыми пәннің алғашқы кезеңдеріне тән деуге болады. Бұл кезеңде, 60-70 жылдары, проф. М.Балақаевтың зерттеулерінде тіл мәдениеті пәнінің алғашқы сұлбасы жасалып, ұғымдық, терминдік аппараттары қалыптаса бастады. Сол кезеңдегі зерттеулерде, әсіресе М.Балақаев [2], Р.Сыздықова сынды ғалымдардың, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде әдеби тілдің белгілеріне, оның тілдік нормамен байланыстылығына, варианттарды саралау, оларды топтастыруға, әдеби тілдің жалпы халықтық тілдің өзге формаларынан айырмашылықтарына баса назар аударылды. Зерттеушілердің ұстанған негізгі ғылыми принцип классификациялық болды, кейбір зерттеулерде структурализм принципінің де бой көрсеткен тұстары болды.

Қазіргі кезде ұлттық тілдің бұрынғы-соңғы нормаларындағы ерекшеліктер, әсіресе бүгін тіл қолданыстағы әр түрлі құбылыстар мен жаңалықтарды жүйелі түрде, белгілі бір ғылыми-теориялық негіздегі талаудың елегінен өткізіп, бағалау қазақ тілі мен мәдениеті саласындағы жаңа бір кезеңнің басы деуге болады. Бұл кезеңде біз ең алдымен Р.Сыздықтың «Тілдік норма және оның қалыптануы» деген монографиялық зерттеуімен байланыстырамыз.

Ұлттық әдеби тілдегі нормалардың түрлерін, олардың негізгі ерекшеліктерін көрсетуде, соңғы жылдардағы өзгерістер мен жаңалықтарға баға беруде ғалымның функционализм бағытындағы принциптерді ұстанғаны айқын аңғарылады. Норманы негізгі объекті ретінде ала отырып, оны тілдігі өзге де ұқсас, бір-бірімен астасып жатқан құбылыстармен қарама-қарсы қою арқылы ортақ тұстары мен айырым белгілерін, яғни әр түрлі оппозиттерін көрсетеді.

---

[10] *Мақала «Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы, – Алматы: Арыс 2004 ж. жарияланған.*

Алдымен зерттеуші тілдік жүйе мен тілдік норманың көп жағдайда сәйкес түсіп жататынына, бірақ жүйе мен норманың үнемі сәйкес келе бермейтін тұстарына айрықша назар аударады. Атап айтқанда тілдік жүйенің әлеуеттік мүмкіндіктері болады. Бірақ қолданыста болмағандықтан, ондайлар норма деп танылмайды. Мысалы, *егін**ші**, қой**шы**, бұзау**шы*** деген жүйенің ізімен айта берсек, *бидайшы, құлыншы* деу қазақ тілінің құрылымына жат емес. Жүйеде бар, бірақ қолданыста болмағандықтан, *бидайшы, құлыншы* дегендер норма деп есептелмейді. Бір жағынан норма дегенді «қолданыстағы жүйе» деуге болады. Бұған қарағанда тілдік ұғымының шеңбері нормаға қарағанда әлдеқайда кең. Жүйедегі тілдік элементтердің бәрі бірдей норма бола бермейді. Яғни норманың талғампаздық сипаты болады. Нормаға тән мұндай сипат-белгілер ескерілсе, *бөкебайсыздық* тәрізді әлеуеттік құрылымдық элементтер сөздіктерде кодификацияланбаған болар еді.

Тілдік жүйе тілдік нормаға қарағанда анағұрлым тұрақты болады. Тілдік норма да тұрақты болады, яғни тілдік норма ай санап, жыл санап өзгеріп жатпайды. Алайда тілдік норманың тұрақтылығы салыстырмалы тұрақтылық деп аталады. Мұның өзі жүйе өзгерсе ғана норма өзгереді деген тұжырымға сүйене берудің жаңсақтығын көрсетеді және жүйе, құрылымдық элементтер өзгергенмен, норманың әсіресе тұрақты тіркестерде [3], өзгермейтін жайттарын ескеріп отыруды міндеттейді. Олай дейтініміз, қазіргі кезде кейбір тұрақты сөз орамдарының «жаңғырған» нұсқасын, мысалы *жаңбыр бір жауса, терек екі жауады* деген мәтелді *жаңбыр бір жауса, ағаш екі жауады* деп «редакциялап» жіберетінін, кездестіріп қаламыз. Біздің байқауымызша, бір кездері *терек* сөзі гиперонимдік мағынаны (жалпы ағаш атаулыны) білдірген, ал *ағаш* сөзі, керісінше, гипонимдік мағынада, яғни «*терек, қайың, қарағай* тәрізді өсімдіктердің қураған, кесілген, отындық, немесе әр түрлі заттар жасайтын кәделік түрі» дегенді білдірген.

Кейін келе бұл аталған лексика-семантикалық жүйе өзгерді. Ағаш, керісінше, гиперонимдік, ал терек гипонимдік мағынаға өзгерді. Құрылым, жүйе өзгергенмен тұрақты тіркестің нормасы өзгерген жоқ. Осыған ұқсас тағы бір мысал: *Өз етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда* деген мәтелдің *дүниенің кеңдігінен не пайда, аяққиімің тар болса* деген су жаңа нұсқасын да кездестірдік.

Тілдің бір кездердегі лексика-семантикалық жүйесінде *етік* гиперонимдік мағынада жұмсалған, яғни жалпы аяққиім атаулыны білдірген. Кейіннен бұл құрылым өзгеріп, *етік* сөзі гипонимдік мағынада немесе аяққиім атаулының бір ғана түрін білдіретін болған. Бұдан шығатын қортынды: тілдік жүйе өзгергенмен, кейбір тұста, әсіресе тұрақты сөз орамдарында, байырғы норманың іздері сақталып қалуы мүмкін. Олай болса жоғарыдағы аталған мәтелдердің «редакцияланған» түрлерін, нұсқаларын норма ретінде тану, кодификациялау дұрыстыққа жатпайды.

Міне, тілдік норма мен тілдік жүйе арасындағы қарама-қарсылықтың бірлігі мен қайшылығын тани білу сөз қолданысымыздағы кейбір көріністердің оң-терісін саралай түсуге мүмкіндік береді.

Тілдік норманың негізгі сипатын ашуда тілдік жүйе – тілдік норма параллеліне сүйену, әрине, жеткіліксіз, сондықтан профессор Р.Сыздық тілдік жүйе – тілдік норма – узус үшендерін бірлікте ала отырып, өзара ұқсас, астас танымдық бұл категориялардың айырым белгілерін көрсете келіп, сол белгілерге сүйене отырып, әдеби тіл нормасындағы кейбір құбылыстарға талдау жасап, мән-жайын ашады.

Ғалым әуелде узус деген ұғымдық категорияны «узус деген ұғым тілдік жүйе мен жүйеден ауытқып кеткен, бірақ дағдыға айналған құбылыс» деп тани отырып, қазіргі

тілдік нормада жүйеге сәйкес келмейтін, бірақ дағдыға айналған тілдік норманың фонетикалық, лексика-грамматикалық түрлерін айқындайды.

Атап айтқанда фонетикалық узусқа көмектес септігінің *-мен, -пен (атпен)* меншікті мағынаны білдіретін және (-нікі, -дікі (Абайдікі)), *-паз, -қор, -қой, -хана, -кер* қосымшаларының бір ғана вокальдық нұсқада келуін узустық құбылыс деп таниды. Бұлардың қатарына *-дар (білімдар), -дан (есендан), -кеш (арбакеш)* тәрізді бір ғана вокалды нұсқада келетін элементтерді де жатқызуға болады. Егер бұл аталған құбылыстар *«система – узус»* болса, онда бұлардың қазақ тілінің дыбыстық құрылым-жүйесіндегідей немесе төлтума қосымшаларындағыдай жуан-жіңішке сыңарлары болар еді.

Осы үшендік жүйені бірлікте және қарама-қарсылықта ала отырып, төмендегідей құбылыстарды **морфологиялық узусқа** жатқызамыз: *тұса – тұсаула* емес, *ертте – ерле* емес, *тізерле – тізеле* емес, *қозда – қозыла* (емес), *сөйле* – (сөзде емес) тілдік жүйе мен норма сәйкес болса, *ерле, тізеле, қозыла* болар еді [4]. Бұл жерде жүйеге сәйкес болмаса да, тілдік узус норма деп танылады.

Тілдік жүйемен сәйкеспейтін морфологиялық узусқа *лездеме* сөзін жатқызуға болады. *Лезде* – жатыс септігінің жалғауы арқылы жасалған үстеу. Мұндай типтегі сөздерге етістіктен есім тудыратын *-ма, -ме, (бөлме, үйме, тартпа, қойма* т.б.) тәрізді қосымша жалғанбайтындығы белгілі. Мысалы, *демде, әп-сәтте, әуел баста,* тәрізді жатыс жалғаулы үстеулерді *демде-ме, әп-сәтте-ме, әуелде-ме, әуел баста-ма* деп, *-ма, -ме* қосымшасын жалғап айтуға болмайтындығы өз-өзінен түсінікті. Сондықтан *лездеме* деу қазақ тілінде сөз жасаудың объективті құрылымына сәйкес келмейді, бірақ әлеуметтік қолдау тапқан соң, норма деп танылады.

Тілдік жүйе бойынша есептік сан есімдерге қосымша *-ыншы, -інші* түрінде жалғанады: *бесінші, алтыншы, жетінші* т.б., осы сияқты *жиырманшы* болуға тиісті реттік сан есім дағды бойынша *жиырмасыншы* түрінде қолданып, норма ретінде танылды.

Енді бірер сөз лексика-семантикалық узустар жайында.

Кейбір «жаңа» сөздер уақыт сынынан өтіп, тіл қолданысымызда орынға түскенімен, «сүрленгенше» сөздіктерге енбей, тиісті лингвистикалық әдебиетте көрсетілмей де жатады. Бұлай болуы кейбірімізге ондай жаңа сөздердің құрылымы тілдік жүйеге сай болмай, даулы көрінуінен. Кезінде тек тіл мамандары ғана емес, өзге жұртшылық назарын аударып, пікір таласын тудырған *оқырман, көрермен* тәрізді сөздер тілдік дағдыға енсе де, көпке дейін кодификацияланбағандығын (орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерде, грамматика оқулықтары мен оқу құралдарында, анықтағышта әдеби тіл фактысы ретінде тіркелмегендігін) байқаймыз.

Мұның өзі белгілі бір қолданыс тілдік жүйеге сәйкес болса ғана норма болады деген түсінікті аңғартады. Ал, шындығында, жүйеге сәйкес келмей, дағдыға (узусқа) айналған қолданыстың да норма болатыны Р.Сыздықтың зерттеулерінде теориялық әрі практикалық тұлғадан да дәлденіп отыр.

Белгілі бір экстралингвистикалық мотивтің нәтижесінде пайда болған *оқырман* тәрізді қолданысты, сырт қарағанда, бөтенсінудің де реті бар сияқты. *Жылырман, өлермен, күлермен, білермен* т.б. тәрізді сөздердегі *-ман, -мен* тұлғасы іс-қимыл, процестің өзі емес, соған шектес, жақын әрекетті білдіреді. Көркем сөз зергерлерінің де бұл тұлғалас сөздерді осындай мағынада қолданғандығын көреміз. «Жөн айтыса ма олар, адамша? Бірін бірі боқтап, *төбелесермен* болып жатыр» (М.Әуезов). Мұндағы *төбелесермен* «төбелесудің» өзі емес, «төбелесетін шаққа жету» деген

мағынаны аңғартады. Бұл тұлғалас сөздердің (*жыларман, сабарман, білермен* т.б.) білдіретін мағынасына қарағанда, *оқырман* деу қисынсыз қолданыс тәрізді көрінеді. Бірақ бұл жерде екінші бір құбылысты да ескеру қажет. Ол – *ман* тұлғалы сөздің тілімізде субстанцияланып, заттың аты ретінде жұмсалу фактісінің де бар екендігі, мысалы, *атарман* (стражник), *шабарман*. «Жаһангер сонда да жай жата алмады, бар еді атақты көп *атарманы*». Олардың екі жүзін ертіп алып, Ой қылды залдан барып бата алғалы (Т.Ізтілеуов).

«Бірен-саран *шабарман* старшынды өз қолымен де ұрып жіберіп, болыс, би, қарияларды бойын жазғызбай ақыра ықтырып бет қаратпай жасқандырып тұрды» (М.Әуезов).

-ман, -мен тұлғалы сөз кейде септік жалғауы не өзге де қосымшалар арқылы субстанцияланған күйде де жұмсалады: *Берерменге* бесеу көп, *алармаңға* алтау аз (мақал). *-ман, -мен* тұлғалы сөзді субстанциялап жұмсау жазушының өзіндік тіл қолданысында да кездеседі. «Әуелі жылда екі рет егін салып, содан *ішермендік, тұқымдық* алған соң, жер емшегін емуден дәндей берді» (М.Әуезов).

Соңғы бірер жылдарда *-ман* тұлғасы арқылы жасалған сөздердің қатарына *оралман* атауын қосуға болады. Бұл атауды негізінен *репатриант* терминінің қазақша баламасы деп түсінеміз. Аталмыш сөздің мағынасын бұлай ұғыну, бір жағынан дұрыс та болар, бірақ *оралман* атауының мазмұнында ұлтымыздың тарихына қатысты саяси мән бар. Әдетте *репатриант* деп «кезінде саяси, діни т.б. әр түрлі себептермен бөтен елге кетуге мәжбүр болған, кейіннен өз Отанына қайта оралған эмигранттарды, сондай-ақ соғыс тұтқындарын, босқындарды» атайды. Ал қазақ тілінде *оралман* деп қазақ халқының тарихында «жаппай қуғын-сүргінге (репрессияға) ұшыраған, этникалық тазалаудан (геноцидтен) бас сауғалап, саяси сауға сұрап, жат елге жаппай қоныс аударған азаматтардың өз Отанына қайта оралғандарын атайды». Бұл атауда қазақ ұлтының бір кездердегі тарихи тағдырымен байланысты саяси мән бар: 1920-30 жылдары аралығында әдейі, қолдан ұйымдастырылған ашаршылықтан халықтың 40 пайызы қаза болды. 65 мың адам репрессияға ұшырап, 25 мың адам атылды. Халықтың біраз бөлігі саяси сауға сұрап, жат елге еріксіз қоныс аударды. Ендігі жерде Отанына оралғандарды төлтума сөзімізбен, терминдік мағына беріп ерекше атау қажет болды. *Оралман* атауы осындай номинациялық қажеттіктен туса керек. Қайсы бір ұлттардың тарихында басқыншылық, саяси, діни қудалау т.б. уәждермен байланысты бөтен елді, өзге жерді паналап, жаппай қоныс аудару уақиғасын елдің тарихи тағдыры деп танып, өз тіліндегі атаумен арнайы атайды.

Бір кездерде қасиетті Меккеден Мединеге қоныс аударушыларды арабтар діни, саяси әрі тарихи мән беріп, өз тілінде *мұҳажырлар* деп атаған.

Оралман атауы да осындай тарихи-саяси номинациялық қажеттіліктің көрінісі деуге болар. Осыған мән бергендіктен болар, орыстілді БАҚ бұл сөзді *репатриант* демей, орыс тілінде *оралман* деп қолданып жүр.

Оралман сөзі, сырт қарағанда, қазіргі сөзжасам жүйесіне қайшы келетін сияқты. Әдетте, *оқырман, көрермен, шабарман* дегендерде *-ман* қосымшасы *оқыр+, көрер+, шабар+* тұлғаларынан соң жалғанып тұр. Ал *оралман* сөзі бұл жүйеден ауытқып кеткен. Мұндай узустық элементтер сирек те болса, дағдыда кездесіп отырады.

Оралман сөзі «оралмаймын» дегенмен мәндес, «үзілді-кесілді қарсылықты» білдіреді, ол «оралу» мағынасы кереғар деп қарайтындар да бар. Біздіңше, бұл пікірге толық қосылуға болмайды, себебі зат есім *оралман* мен «үзілді-кесілді қарсылық» мәндегі етістік *оралманның* дыбысталуында парық бар. Біріншісінде екпін соңғы

буынға түсіп тұр: *оралм[а]н, оқырм[а]н, көрерм[е]н,* т.б.; *қызыл алма[а], үлкен көрме[е], кең бөлме[е]* дегендегі тәрізді; ал екіншісінде екпін алғашқы буынға түседі: *ор[а]лман, к[ө]рермен, [а]йтпан* т.б.; *қағазды [а]лма, жамандық к[ө]рме, сөзді б[ө]лме* дегендегі тәрізді.

Сондықтан зат есім мағынасындағы *оралман* мен етістік мағынасындағы *оралман* жазылуы ұқсас (омографтар), ал айтылуы басқаша (омофон) сөздерге жатады.

Кейінде Р.Сыздық *төрайым* сөзінің нормаға жат екенін дәлелдеп, дабыл қақ-қанмен, БАҚ құлақ аспай, әлі де жұртшылықтың санасына сіңіріп жатыр. Мәселенің мәнін байқау үшін, алдымен бұл сөзді жыныстық мағынаға қатысты бірер атаумен салыстыруға болады.

Қазақ тіліндегі жыныстық айырма негізінен лексикалық тәсілмен беріледі: *іні – сіңлі, аға – апа, ұл – қыз, құда – құдағи, қайын ата – қайын ене, қайны – қайын сіңлі* т.б.

Әлеуметтік жіктелістің мұндай түрлерінде тек биологиялық қаны емес, гендерлік негіз бар. Мәдени-ұлттық дәстүрде әрбір әлеуметтік жіктің өзді-өзіне тән қалыптасқан ұлттық стереотипі, эталоны, этикеттік формулалары бар. Яғни этномәдени семантикаға ие және әрқайсысының «жекешелендіріп» алған этномәдени функциясы бар. Грамматикалық род категориясы болмағандықтан, *ұстаз, оқытушы жұмысшы, дәрігер*, дегендер әйел жынысты, еркек жыныстыға бірдей қолданыла береді. Сондықтан қазақ тілінде аға сөзімен келетін *төраға, аға инженер, аға оқытушы, аға ғылыми қызметкер* тәрізді едәуір атаулар ер адамдарға да, әйел адамдарға да қатысты айтылады. Мұндай атаулар әдеби тіл нормасында «ер» жынысты, «әйел» жынысты болып бөлінбейді. Әйел болса да, ер адам болса да ресми жағдайда *басқарма төрағасы, жиналыс төрағасы, комиссия төрағасы* деп жұмсалады. Сондықтан ресми стильде немесе іскағаздарында төраға деп қолданған дұрыс. Осы жүйе бойынша *мұғалім, азамат, актер, әртіс, төраға* дегендерді *мұғалима, азаматша, актриса, әртіскә, төрайым* деп қолдану тілдік жүйемен үйлеспейді және олардың «жекешелендіріп» алған әлеуметтік функциясы жоқ. Сондықтан бұлар, қолданыста кездескенімен, әлеуметтік қолдау таппағандықтан, норма деп танылмайды. Р.Сыздық бұл ретте *төрайым* сөзін ресми тілде емес, бейресми жағдайда, «*төраға*»-ның экспрессивті сыңары ретінде ғана қолданылуы мүмкін деген «демократияшылдау» прицнип ұстанып, стильдік мағынасын шектеуді қажет деп біледі.

Сонымен, проф. Р.Сыздық тілдік норманың міндеттілігі, жұртшылыққа ортақтығы, салыстырма тұрақтылығы, салыстырма өзгермелілігі, талғамалылығы, стихиялығы (тосыннан, өздігінен пайда болуы) тәрізді тұрақты сипаттарын **тілдік жүйе – тілдік норма – узус** категорияларымен байланыстыра келіп, функционализм принципі тұрғысынан бұл үшендік жүйенің ортақ әрі айырым белгілерін негізге ала отырып, қазақ тілі нормаларындағы кейбір құбылыстарға ғылыми, объективті баға берудің жөн-жобасын айқындап берді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Алматы, 2001.
2. Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965.
3. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: «Мектеп», 1984.
4. Сыздықова Р. Қазақ тілі жайындағы анықтағыш, – Алматы, 1960.

ТІЛДІК ОРТА ҮШІН КҮРЕС[11]

Тіл мәдениеті мен сөз мәдениеті саласындағы зерттеулердің бағыты, я болмаса аспектісі ретінде қалыптасып келе жатқан лингвоэкология негізінен тілдік орта мәселесін, оның өзгеру, даму динамикасын, тілдің дамуына, тілді қолдануға теріс әсер ететін себептерді, түрткі жайттарды зерттейді. Лингвоэкология сондай-ақ тілдің баюын, қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік тәжірибелерін жетілдіру жайттарын да қарастырады.

Тілдік орта лингвоэкологиялық зерттеудің түпқазығы болып саналады. Ал тілдік орта дегеніміз – қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жай-күйі мен сол тілді қолданудың қоғамдық-тілдік тәжірибесі, тілдің қоғамдағы болмысына, оның дамуы мен қызмет етуіне әсер ететін экономикалық, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық факторлардың жиынтығы.

Экономикалық саясат қаншама тиімді болса да қоршаған ортаны күйзеліске ұшыратындай іс-әрекетке, мейлі ол үлкенді-кішілі кәсіпорын, жеке адамның шаруашылығы болсын, өркениетті елде заңмен шектеу қойылатыны, қоршаған ортаға зияны мен зардабын тигізетін әрекетке тыйым салынатыны белгілі.

Бұл айтылғандардың тек өндіріс саласына ғана емес, тілдік ортаға да қатысы бар. Өйткені тіл – адамның тіршілік ортасы, белгілі бір қоғамдастықтың, ұлттық ұжымның рухани тіршілік ортасы. Қай-қайсымыз болсақ та белгілі бір тілдік ортада өмір сүреміз. Сол ортаны жұтатпай, аздырып-тоздырмай көркейту, көріктендіру, мәдениленділру сол тілдік ортадағы адамдардың рухани өсіп-жетілуіне, дамуына игі ықпалын тигізеді.

Жан-жануарлардың, өсімдіктердің өсіп-өніп, көбеюі қоршаған табиғи ортаның саламаттығына байланысты болса, адамдардың да рухани дамуы ана тілі деп аталатын тілдік ортаның сау-саламаттылығына тікелей тәуелді. Сондықтан лингвоэкология ана тіліне ұлттық мәдениеттің қазынасы деп аса зор сүйіспеншілікпен қарауды негізге алады.

Тілдің толып жатқан мәселесін экологиялық тұрғыдан қарастырудың мәні айрықша тілді тұтынушының, яғни тілдік тұлғаның, тілдік субъектінің ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін, тілдің өткендегісі, бүгінгісі, болашағына деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу де лингвоэкологияның міндетіне жатады.

Қазақ тілі – қазақ халқының мәдени жадын, тарихи жадын жинақтаушы, сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, оларды қайта жаңғыртушы, ұрпақ пен ұрпақтың рухани дүниесін сабақтастырушы ретінде қазақ тілділердің экологиялық рухани ортасы.

Тіл, бір жағынан биологиялық, бір жағынан әлеуметтік ағзаның аса маңызды бөлігі. Кез келген организмнің қоршаған ортамен қарым-қатынасы болады.

Осы қарым-қатынаста жинақталған әртүрлі факторлардың органикалық, органикалық емес организмдерге игі немесе кері әсер ететінін қарастыратын, адамзат қоғамының өзі тіршілік етіп отырған ортамен өзара қарым-қатынасын зерттейтін ғылыми бағыттардың жиынтығы – экология деп аталады.

Жергілікті (диалектілік), аймақтық тіл (диаспора тілі) ерекшеліктеріне, ескі жазба тіл элементтеріне ыждағаттылықпен қарап, оларды әдеби тілді байытудың

[11] *Мақала «Туған тіл» альманахы, 2007, №1(05) санында жарияланған.*

көзі деп бағалау аса қажет. Өйткені *егемен, сынып, пайыз, құжат, мәтін, шәкіл* т.б. тәрізді қайта жаңғырған жаңалықтарға жатсына қарайтын көзқарас та бар.

Лингвоэкология тұрғысынан қарағанда байырғы, қазірі көркем әдебиет классикалық үлгілері – шығармашылықтың қайнар көзі, қоғамдағы реттеуіш, бағыттауыш рухани күш, гуманитарлық білім, жеке тұлғаға тәрбие беретін мектеп. Сондай-ақ көркем әдебиеттен өркениеттің, мәдениеттің, сөз өнерінің ерекшеліктерін бойына жинақтаған ұлттық тілдің сипатын танытатын, даму тарихын көрсететін лингвистика ғылымы да қоғамның тіл тіршілігінен шығармашылық нәр алатын қайнар көзі. Қоғамның тіл тіршілігін реттеп жөнге салушы ретінде қызмет атқаруға тиіс.

Біздің өмір сүріп отырған ортамыз, соның ішінде тілдік ортамыздың дені саламатты, жемісті, өнімді, әртүрлі зиянды қоспалардан таза, жаңару мен жаңғыруға, рухани түлеуге жарамды болуға тиіс.

Тілдің саламаттылығы өзімізге байланысты. Болашақ буын үшін оны таза сақтап, ғасырлар бойы жиналған байлықтан шашау шығармай аманатын жеткізу қасиетті борышымыз.

Сөз мәдениетінің экологиялық аспектісінде адамгершілік, ізгілік элементтері қоса жүреді. Тілдік қарым-қатынас, коммуникацияда тілдесушілердің адамгершілік сезімі тапталмауға, қоғамдық, моральдық-этикалық принциптер бұзылмауға тиіс.

Лингвоэкология тілдің дамуының объективті бет-бейнесін көрсете білуге тиіс. Оған төніп отырған қауіп жөнінде қоғамға дабыл қағып, әдеби тілдің тағдырына алаңдау қажет. Қоғам тіршілік етіп отырған тілдік орта қамқорлыққа алынып, қорғалуға тиіс.

Лингвоэкологияның міндеті мен қарастыратын мәселелерінің құрамына қоршаған тілдік ортаны әртүрлі ластанудан сақтау, тазалау, сондай-ақ лингвистикалық нигилизммен күрес те енеді.

Гуманитарлық білімді бағаламау, қоғамның әсіресе, прагматикашыл көңіл-күйдегі жіктерімен, технократтардың гуманитарлық білімді жоққа шығарушылық көзқарастарымен де күресу, қазіргі қоғамның барша салаларын гуманизациялауға негіз болатын, ағарту істеріне ұйытқы болатын филологиялық білім беру аса қажет.

Рухани, мәдени құндылықтардың дені тілде, тілдің лексика–фразеологиялық, паремиологиялық жүйесінде сақталған. Ендігі жерде, жаһандану кезеңінде, халықтың, ұлттың тағдыры сол құндылықтарды сақтауда. Сақтап қана қоймай, оларды заманға сай игеріп, игілікке айналдырып алуына байланысты.

Қазақ халқында қайырымдылық, инабаттылық, ізгілік, жанашырлық, обал, сауап, қанағат, рақымшылық, ілтипаттылық, төзімділік т.б. моральдық-этикалық категорияларға қатысты іргелі ұғымдар өзінің қоғамдағы салмағын жоғалтып алмауға тиіс. Бұлар қай кезде болмасын, рухани жақтан қайта түлеуге, моральдық қағидаларымызды дамытуға аса қажетті құндылықтар.

Лингвоэкологияда қарастырылатын мәселелердің бірі – тілдік ортаның сөз тазалығы. Дөрекі, былапыт, боқтық сөздер – қоғамның, жеке адамның рухани саламаттылығына зиянын тигізетін дерттің бірі. Қазіргі қоғамда бұлардың жарыққа шығып, ашық түрде айтылу (легизациялану) қаупі жоқ емес. Телеэкранда көрсетілетін шетелдік мазмұны төмен фильмдер, видеофильмдердің әсерінен жастар арасында дөрекі, былапыт сөздер етек ала бастады.

Қоршаған тілдік ортаның сөз тазалығына нұқсан келтіретін сөздің тағы да бір түрі – жаргон сөздерге орынсыз әуестенушілік. Әсіресе өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазақ жастарының тілі жаргон сөздерге үйірсектене бастады.

Сөйтіп, сөз экологиясы тілдік ортаны бейпіл сөздерден, шеттілдік сөздерді уәжсіз қолданудан, жаргон сөздерден, құнтсыздықтан кететін қателерден таза ұстау үшін күреседі.

Лингвоэкологияда тіл басқыншылығы деген ұғым бар. Бөгде тіл басқыншылығы ана тіліміздің тілдік ортасын тарылта бастайды. Тіл өз «үйінде», өз «мекенінде» зардап шегеді. Бөгде тіл алдымен басқару, ақпарат, ғылым, білім саласында үстемдік етіп салтанат құрады. Мұның өзі ұлттық тіліміздің интеллектуалдық, танымдық ақпараттық әлеуметін әлсірете бастайды. Ондай тілдің әлемдік қоғамдастықты былай қойғанда, өз ортасында өз «үйінде» абыройы да, беделі де төмен болады да, өзге емес, өз ұлы ана тілін аяқасты етеді. Сөйтіп, бөгде тіл басқыншылығы тілдік ортаны бұзып ірітіп-шіріте бастайды. Сондықтан тілдік ортаға зардабын тигізетін тіл басқыншылығына қарсы күрес негіздерін айқындау шараларын белгілеу лингоэкологияның аса маңызды мәселелеріне жатады.

Мәдени-тілдік орта 20-30-жылдардан бастап шеттілдік сөздерге бауыр басты. Сөйтіп, тілдік ортадағы созылмалы сырқатқа айналды. Сол кезеңдегі тілдік ортаның шұбарлануын Б. Майлин «Мұсадан хат келді» әңгімесінде көркем тілмен шынайы зерделеген:

Мұса – орысша оқыған жігіт. Өзгерістен бері қызметке кірмей елде жүрсе де, губернелік қазақ кеңсесіне шақыртып алып жұмысқа қосқан. Мұса губернеде қызметте.

Мұсаның үйі. Елі екі-үш айдан бері көрмей, Мұсаны сағынып жүрген. Бір күні Мұсадан хат келді.

– Мұсадан хат келді! – деп балалар жүгіріп жүріп, бүкіл ауылды хабарландырып болды. «Қадірлі баланың» хатын оқып, хабарын білгелі кемпір-шалдар бүкшеңдеп, қатын-балаға шейін қалмай жиылды.

Хат қазақша жазылған. Мұсаның әкесі Байғабыл азырақ хат танитындығы бар, хатты оқи бастады. Хаттың сөзі мынау: «Ассалаумағалейкум, әке! Әжеме сәлем! Ауыл, көршіге де дұғай-дұғай сәлем дерсіз! Ең басында айтар сөзіміз үшбудур: қызметке кірдім. Айлық жалақым 90 сом. Күніне 8 сағат занимайтса етем. Қаланың бір удобны жерінен – тсентрден куәртир алдым».

Байғабыл отағасы соңғы сөздерге түсіне алмай азырақ мүдірді. Жанындағы қатыны төніңкіреп:

– Бапасы-ау, немене қылдым деп айтады дейсің?– деп қарай қалды. Байғабыл тағы оқуға кірісті: «Риуәлиутсиеден бері күләткісі елементтер жабысуымен келеді уылысқа. На дынах басталады переуибұр. Сондықтан бұл переуибұрда қулатскі елементтер местіні уылыстан керек қуылуы». Байғабыл хаттың осы жеріне шейін сүрініп-қабынып зорға жетті. Не дегеніне оқушы Байғабыл да, тыңдаушы жұрт та түсіне алмады.

– Мұсажан «денім сау» деп пе?– деп бір кемпірлеу әйел Мұсаның шешесіне қарады. Байғабыл басын қасыды.

– Күнде өзгеріп жатқан заман ғой, балалар заманның ағымына түсіп тіл тауып алғанын көрмейсің бе? Біз шалдар жастардың жаңа тіліне қайдан түсіне қалайық, – деп Байғабыл отағасы күрсінді.

– Жаңа тілімен бізге жазбай-ақ қойса қайтеді екен, бізге осы қазақтың ескі тілі-ақ түсінікті, – деді бір отағасы.

Мұсаның хаты сағатында бүкіл ауылды ойпаң-тойпаң қылды.

– Мұсадан хат келді.

– Аман ба екен?

– Аман көрінеді. Хатына түсінген жан жоқ, жаңа тіл тауып алыпты.

– Жаңа тіл? Қазақ тілін қайтеміз? (Малай. «Ауыл», 1924 ж. 18.10).

Шетелдік сөзге орынсыз әуестенушіліктің салдарынан байырғы төл сөздеріміз сөз қолданыс алаңынан ығысып, шетқақпай болып қалды. *Санат* (категория), *құжат* (документ), *мәтін* (текст), *сыныпп* тәрізді ондаған байырғы сөзді тілдік орта өгейсіп қалды.

Лингвоэкология және сананы манипуляциялауға қарсы күрес. Ақпарат таратуға ерікті болу, ақпаратты таратуға тыйым салмау либералды тәртіпке негізделген қоғамның я болмаса азаматтық қоғамның негізгі ұстанымы болып саналады.

Ал дәстүрлі қоғамда үкіметті, ең жоғары биліктегілерді, тіпті жергілікті биліктегілерді сынауға тыйым салынып, шек қойылады. Мұны мемлекеттік цензура жүзеге асырады. Мұны біздің қоғамымыз бастан кешірді.

Ал либералды тәртіпке негізделген демократиялық қоғамда мұндай тыйымдарды алып тастау, я болмаса шектеу, жариялылыққа жол беру демократиялық қоғамның негізгі мұраты болып табылады.

Алайда сөз бостандығы, жариялылық дегенді желеу етіп сын көтермейтін деңгейдегі ақпараттар таратуға, бүлдірушілікке саятын ақпараттар таратуға қоғамдық цензура арқылы тыйым салынады.

Қоғамдық цензура сын көтермейтін деңгейден төмен ақпараттың бүлдіргіш, қиратқыш күшінен қоғамды сақтайды. Сондықтан қоғамдық цензураның рөлі аса жоғары болуға тиіс.

Күнделікті өмірдің өзінен толық жариялылық, сөз бостандығы дегеннің болмайтынын білеміз: егер адамдар ойына келген сөзін, ірікпей оның арты неге соғарын бажайламай, жариялай беретін болса, адамдардың қоғамдасып өмір сүруі де мүмкін болмас еді. Сондықтан адамда жария етілмей қалатын, айтылмай қалатын да сөз болады. Адамның ойындағысын қайсысын жария ету, қайсысын іркіп қалуды өзінің ішкі цензурасы реттейді.

Либералды тәртіпке негізделген қоғамда демократизм принципіне сай келмейтіндіктен кейбір елдерде мемлекеттік цензура жоқ. Мемлекеттік цензураның орнын қоғамдық цензура басты. Мұның өзін БАҚ ешбір бақылаусыз, қадағалаусыз, журналист нені жазам, қалай жазам десе де толық еркіндігі бар деуге болмайды. Ақпарат әзірлеуші дайын пікірді әдемі орауышқа салып жұртшылыққа ұсынады. Дайын пікір, әрине, қожайындікі. Өйткені кім ақша төлесе, сол қожайын, үкімет пе, билік басындағы шенеунік пе, әлде алпауыт (олигарх) па, бәрібір. Журналист, әрине, «қожайынның» қолайына жағатын пікір дайындайды. Міне, қай елде, қай мемлекетте болсын сөз бостандығы деген салыстырмалы ұғым және сөз бостандығы деген тіпті азаматтық, демократиялық қоғамда шектеулі нәрсе.

Біздіңше, сөз бостандығы дегенді пікір алуандығы дегенмен байланысты ұсыну қажет.

Алайда мәселенің басқа жағы бар. Мысалы, дәстүрлі қоғамда пікір алуандығы деген болмайды. Бәрі бір орталыққа бағынады. Орталықтың «а» дегенін алғыс, «қ» дегенін қарғыс деп біледі.

Қоғамдық пікір алуандығын бақылауға болады. Мысалы, бізде парламент, президент сайлауы тәрізді саяси акция жөнінде бір ғана пікір болған жоқ. Үкіметтік БАҚ әлгіндей саяси акцияның әділ, тамаша өткенін тамсана жазса, оппозициялық бағыттағы БАҚ әділетсіз өткенін өршелене жазды, айтты.

Бұл жерде оппозициялық ақпарат құралдарын да, оппозициялық еместерді де кінәлай алмайсыз. Өйткені либералды бағыт ұстанған қоғамда сөз бостандығы, яғни пікір алуандығы, ақпарат тарату еркіндігі негізгі ұстанымның бірі. Ақпарат таратушылар қайсыбір идеяны құндылыққа айналдырса, қайсыбірін түкке тұрғысыз етіп құндылықтар қатарынан шығарып тастайды, сөйтіп, ой елегінен өткізеді. Осылайша БАҚ тілдік тұлғаның, бұқараның санасында белгілі бір қасаңдықты (стереотипті) қалыптастырады. Ал бұқара (ақпарат қабылдаушы топ) ақпараттарды әлгі қалыптасқан стереотиптер бойынша қабылдайды. Сөйтіп, БАҚ бұқараның санасын билеп (манипуляциялап) алады. Мысалы, оппозицияшыл БАҚ қалыптастырған санадағы стереотип бойынша «қара» семантикасы басым болады да, үкіметшіл БАҚ қалыптастырған санадағы стереотип бойынша «ақ» семантикасы басым болады. Сөйтіп, тұтынушы субъекті бір тобы «ақ» дегенге, ал екінші бір тобы «қара» дегенге құлай сенетін реципиентке айналды. Мысалы, оппозициялық бағыттағы басылымдар, әртүрлі каналдардың тұрақты адресаттарының түсінігіне елдегі жағдайдың «жақсысы» жоқ болса, үкіметшіл БАҚ-тың ақпарат қабылдаушы реципиенттің санасын билеп-төстеуде бірыңғай жағымды семантикадағы немесе бірыңғай жағымсыз семантикалық тілдік, стильдік құралдарды, сондай-ақ риторикалық тәсілдерді қолданатыны белгілі. Әрине, БАҚ-тың бұқараның санасын билеп-төстеуі, оның шектен шығуы қоғамды дамытатын, қоғамдық сананы өсіретін жайт емес. Қайсыбір елдерде, мысалы, Германияда, Кеңестік дәуірде «Табиғатпен күрес», «табиғатты бағындырамыз», «табиғаттың бермесін тартып аламыз» деген идеялар бұқаралық сананы билеп алған болатын.

Ал лингвоэкология – тілді, қоғамдық сананы «улаудың», «тазалаудың», «манипуляциялаудың» құралы ретінде пайдалануға қарсы күресетін сөз мәдениетінің бір аспектісі. Тілдік тұлғаның ақпарат беруші әзірлеген дүниесіне сын көзбен қарап, талдау жасай алатындай, деректерді өз санасының елегінен өткізе білетіндей, яғни құлай сүйгіштікке қарсы иммунитеті болуға тиіс. Ондай иммунитет қоғамдағы пікір алуандығын салыстырудың, ақпарат берушінің ұсынған деректері мен аргументтерін саралай білудің барысында пайда болатыны белгілі.

Сөйтіп, айтысушы, сөз жарыстырушы жақ өз сынаушыларын (оппоненттерін) дабырайта даттап, ал оппоненттер өз «кейіпкерін» дабырайта мадақтап, «мақтауизм» де, «даттауизм» де этикалық дозадан асып төгіліп жатады.

Лингвоэкология және ономастикалық кеңістік.

Соңғы жылдардағы лингвистикалық зерттеулерде ғалымдар антропоцентристік бағытқа ерекше ден қойып отыр. Мұның өзі ономастикалық атауларды тілдік тұлғамен байланысты, когнитивтік бағыттағы жаңа жүйе деңгейінде зерттеуге мүмкіндік береді.

Дәстүрлі жүйеде (парадигмада) негізінен ономастикалық бірліктердің қызметі, жасалу жолдары (қосымшалар жалғануы, сөздердің бірігуі, қосарлануы, мағыналық дамуы, т.б.) ат қою принциптері, атаулардың мағыналық топтары, шығу тегі, ауыстүйістіктер, көне және жаңа қабаттар т.б. қарастырылады.

Ал дәстүрлі емес жүйеде, яғни когнитивтік бағыт ономастикалық бірліктер жүйесін когнитивтік сананың құрылымы ретінде қарайды. Тілдік сана жер-су атауларын қалыптастыруды, сақтауды, қайта жаңғыртуды, түрлендіруді, дамытуды жүзеге асыратын ерекше құрылым болып табылады.

Ономастикалық атаулардың табиғатын когнитивтік құрылым тұрғысынан зерттеудің қажеттілігі, мүмкіндігі еш күмән туғызбаса керек, біріншіден, топоним,

антропоним, гидроним, космонимдік т.б. атаулар ақиқат дүниенің үзігін бейнелейтін тілдік картиналарға жатады; екіншіден, ономастикалық атаулар тілдік ұжымның, тілдік тұлғаның когнитивтік санасында белгілі бір білімдер жүйесі, аялық білім түрінде өмір сүреді. Ономастикалық атаулар, оның ішінде жер-су атаулары – кездейсоқ түзілім емес, ол тілдік санадағы ақиқат дүниені, мәдени-тілдік қоғамдастықтың тарихи иесін бейнелейтін жүйе.

Тілдік субьектілер – жеке адам, халық, ұлт – тілдік сананың иесі. Тілдік сана, жеке адамның болсын, тілдік ұжымның болсын, аса күрделі құрылым. Оның бір бөлігі ономастикалық сана болып табылады. Ономастикалық санада ономастикалық атаулармен байланысты мәдени тілдік ұжымның тарихи есінің үзіктері ретінде білім қоры сақталады. Атты да, атауды да ешкім кездейсоқ қоя салмайды. Қайсыбір нысана атына, атауына адам санасындағы түсінік, белгілі бір жағдаят негіз болады. Сөйтіп, ат қоюмен бірге әлгі атау, яғни тілдік таңба арқылы белгілі бір мәдени – ұлттық ақпараттар да кодқа салынады. Ал тілді тұтынушы сол таңба арқылы әлгі объектіні басқа бір объектіден ажыратып қана қоймай, сонымен қатар кодқа салынған ақпараттарды да ашады, яғни таңбаның этно-мәдени танымдық мазмұны ашылады (интерпретацияланады). Сондықтан, шартты түрде, жалқы атауларды ең қысқа «мәтін» деуге болады.

Мысалы, *Сатыпалды, Сатым, Сатылған* деген таңба (жалқы есім) белгілі бір адамды басқа бір адамнан ажыратып тұр. Сонымен бірге бұл таңбада мифологиялық танымммен байланысты ақпарат кодқа салынған: баласы тұрмай, нәресте кезінен шетіней берсе, ата-анасы ырым етіп, жаңа туған нәрестені басқа біреудің баласы атайды да, әлгі адамнан оны «сатып» алады. Сөйтіп, нәрестені шетінететін зиянды күшті адастырды.

Әрине, тілдік ұжымның дүниетанымымен, дәстүрі, шаруашылығымен, географиялық ортасымен, мәдени-әлеуметтік ерекшелігімен, тарихы, салт-санасымен байланысты тілдік таңбада (жалқы есімде) кодқа салынған ақпарат алуан түрлі болып келеді. Қайсыбір тілдік таңбаға салынған мәдени-танымдық ақпараттар айқын болса, қайсыбірі көмескі тартып, уәжі білінбей тұрады.

Кең байтақ Қазақстан жерінде *Аққөл* деген гидронимді жиі кездестіруге болады. Осы жалпы есімнің трансформациялануынан пайда болған елді мекен атауы да ұшырасып отырады. *Аққөл* гидрониміндегі кодқа салынған дүниетанымдық ақпаратты қазіргі кезде екінің бірі аңғара бермейді. Мұндағы *ақ* түр-түсті білдірмейді, бұл сөздің мазмұны «қозғалыс», «ағын», «ағыс» семантикасымен байланысты. Әдетте бір шетінен құйған өзен екінші шетінен әрі қарай ағып жататын болса, ондай көлді *Аққөл* деп атайды.

Осы кездері *Қотырбұлақ, Қотыркөл* тәрізді гидронимдердің мазмұнында кодқа салынған танымдық ақпарат көмескілене бастаған деуге болады. Бұл жерде *қотыр* деп суды айтып отырмағаны аян. Өзен, көлдің тастары байыптап қараған адамға, құрт жегендей, құрттағандай, майда-майда шұрық-тесік болып жатады. Тас құрамындағы минералдардың еруінен пайда болған осы көрініс атауға негіз болған.

Шыңғыстай деген жердің Шыңғысқа қатысы жоқ, бұл атаудың негізі *Шәңгіш* деп аталатын жиде ағашымен байланысты, әуел баста *Шәңгіштай* сөзі *Шыңғыстай* болып өзгерген деген пайымдау көкейге қонымды көрінеді. Мұндағы моңғолдық *-тай* қосымшасы «бір нәрсенің бар екенін, шыққан жерін көрсетіп тұрады». Мағынасы қазақтың *-лы, -лі, -ты, -ті, -ді, -ды, -лық, -лік* жұрнақтарына сәйкес келеді. *Шәңгіштай* («шәңгішті, шәңгіш көп өскен жер»), *Наймантай* («найман елінен»), *Қалматай<Қалмақтай* («қалмақ елінен») т.б.

Міне, бұл айтылған когнитивизммен байланысты ономастика теориясында қаралатын іргелі ұғым, негізгі мәселелердің бірі.

Әрине, теорияның аты – теория, ал тәжірибеде, яғни күнделікті өмірде қалай болып жатыр?

Лингвоэкономикалық бағыттың қарастыратын негізгі мәселесі тілдік ортада қалыптасқан топонимикалық, антропонимикалық дәстүрлерді сақтау, ономастикалық атаулардың белгілі бір себептермен бұзылғандарын қалпына келтіру. Оларға саясаттың, өткінші идеологияның араласуына жол бермеу.

Ұлттық ономастикалық атаулар жүйесі мәдени-ұлттық, тарихи, географиялық, дүниетанымдық факторлардың негізінде түзілгені белгілі.

Алайда антропонимдік, топонимдік қатар түзуде мәдени-ұлттық дәстүр отаршылдықпен байланысты болып, *Антоновка, Герасимовка, Николаевка* тәрізді отаршылдық онимдер пайда болды. Тоталитарлық жүйенің кесірінен тоталитарлық онимдер пайда болып, ономастикалық кеңістікте бөтен, дәстүрге жат атаулар көбейді де, тілдік ортаның үйлесімін бұзды. Бір кезде қазақ ауылдары, концлагерьдегідей нөмірленіп, *алтыншы ауыл, он екінші ауыл* т.б. делінсе, кейініректе, *«Екпінді», «Жаңа жол», «Алғабас», «Үшінші бесжылдық»* т.б. жасанды ат қою, елді мекендерді революция көсемдерінің атымен атау тоталитарлық онимдерді (номенклатураларды) қалыптастырудың негізгі принципіне айналды.

Кісі есімдеріне *-ов, -ев, -ова, -ева*-ларды жаппай қосып қолданудың салдарынан антропонимдік жүйе ғана емес, этикеттік мәдени дәстүр бұзылды.

Пәленше Пәленшеевич; Пәленше Пәленшеевна деу немесе *Түгенше Түгеншеевич, айтыңызшы!; Түгенше Түгеншеевна, сізді құттықтаймын* дейтін этикеттік қаратпалар ұлтымыздың дәстүрлі этикалық нормамен үйлеспейді. Мұндай үйлесімсіздік жібекті кендір жіппен тіккендей көрінеді.

Халықтың дәстүрлі антропонимдік жүйесінде «нәзіктік», «әдемілік», «әсемдік», «тазалық», «пәктік» т.б. эстетикалық талғамы этикалық ұғымдары ең алдымен қыздардың есімдерінен айқын аңғарылады. Олардың ырғағы *Жібек, Баян, Әйгерім, Әлия, Мәншүк* тәрізділер когнитивтік салада прецедентті феноменге айналған.

Ал *Жанна, Гуля, Роза* т.б. есімдер мәдени-ұлттық дәстүрмен байланысы жоқ, одан қол үзген. Ономастикадағы дәстүр жалғастығы мен сабақтастығының үзілмеуін мәдени-ұлттық дәстүрдің әрі қарай дамуы, өрістеуі, ұлтжандылыққа қызмет етуі, тіл экологиясының шұғылданатын негізгі мәселелерінің бірі болмақ.

Әр халықтың ат қоюда ұлттық танымен байланысты мәдени дәстүрі болады дедік. Түрікпендер, мысалы, арғымақтарының атын көбіне қыздардың, гүлдің, жұлдыздың атымен атайды. Бұдан «сұлулық», «әдемілік», «ұшқырлық» тәрізді ұғымның мазмұны аңғарылып тұрады. Ал қазақтың уәжі өзгешелеу. *Ашынбас, Бошайдың қарасы, Қанатты қара, Түйе жорға, Ақауыз, Ақтабан, Ақтанау, Жебегенторы* тәрізділер «күштілік», «төзімділік», «мықтылық» тәрізді ұғыммен астасып жататыны байқалып тұрады. Мұндай уәжділік қазақтың ұлан-байтақ даласы, оның ылдиы мен өрі, шөлі мен тауы, ыстығы мен суығы т.б. тәрізді географиялық факторлармен тығыз байланысты.

Ал қазіргі кезде жел жетпес жүйріктерді *Талисман, Каро, Гамита, Дума, Абсент* т.б. атауда қандай уәжділік бар? Осы тәрізді қыран құс, жүйрік тазылардың аттары да ұлттық дәстүрге жат атаулармен әлеміштеніп кеткені өзалдына.

Қазіргі кезде, ономастикалық кеңістік батыстық онимдермен алабажақтана түсті, бұларды **космополиттік онимдер** деп атауға болады.

Космополиттік онимдер осы кезде, қала ономастикасындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Өйткені Республиканың Алматы, Астана сияқты мәдени, саясиэкономикалық орталығы болып отырған қалалардағы көше тілінің креолдануы етек алып барады. Қала ономастикасындағы дүкен, мейрамхана, фирма, тұрмыстық қызмет орындары т.б. прагмонимдердің шеттілдік атаулармен әлеміштенуі ұлттықмәдени дәстүрмен, қазақстандық патриотизммен үйлесе қоймайды.

Көше атауларынан тілдік ортаның мәдени-ұлттық дәстүрін қастерлеу, қадірлеу сезімі байқалып тұр деп айта қою екіталай. Қала ономастикасы дұрыс бағытқа бет алып бара жатқан жоқ, қойыртпақ, қоспаларды көбейтіп алу қаупі бар.

Ұлттық-мәдени дәстүрмен байланысты атауларды жер-жерлерде *Rive Lepsi (демалыс үйі), Теміртау Миттал Стил, Promenade, Сити центр, Кредит банк, бутик, маркет, Siti Bar, Kinder Land, Karseher, Grand Victoria, Silk Way City, супермаркет* т.б. космополиттік онимдер ығыстырып бара жатқаны дабыл қағарлық жайт. Әрине мұндай прагмонимдер келушілерді, тұтынушыларды өзіне тартып, өнімдерінің, тауарларының, қызмет түрлерінің, шетелдегідей жоғары сапаға кепілдік беріп тұрғандай сезіледі, сондықтан бұндай таңбалар меншік иесіне экономикалық жақтан тиімді көрінеді. Алайда Республиканың экологиялық заңы, экономикалық, саяси жағынан тиімді болғанына қарамастан, қоршаған ортаны ластайтын, бұзатын, күйзелтетін қандай да болмасын адамның іс-әрекетіне шектеу қояды. Әлгіндей қаптаған ала шұбар атаулар қоршаған тілдік ортаға зиянын, зардабын тигізбейді деп кім айта алады? Мұндай космополиттік онимдер тілдік ортамыздың рухани түлеуіне, жаңғыруына, Қазақстандық патриотизмге үлес қосатын дүниеліктер деп хош алуға бола ма?

Лингвоэкология және тілдік нигилизммен күрес.

Тіл экологиясының тағы да бір мықтап айналысатын шаруасы – тілдік нигилизммен күрес. Тілдік нигилизмнің көрінісі әр елде басқа болуы мүмкін.

«Қазақ тілі құрып біткен тіл», «мұражайға тапсыратын тіл», «жан тапсырайын деп жатқан тілді мазалап қажеті жоқ» дейтін мазмұндағы сөздер БАҚ-да аз айтылып жүрген жоқ. Мұндайлардың тәуелсіз мемлекеттің тіл саясатымен, оның Ата заңымен де, тіпті жалпы азаматтық ізгілікпен де үйлеспейтінін, арғы астарында бөтен ой, жат пиғыл жатқанын аңғару қиын емес. Ана тілінде сөйлейтін тұлғаларды басқа жаққа итермелеу, тілдік тұлғаның санасына қалай да ана тіліне деген сенімсіздік ұялату, ана тілінің болашағына деген үмітін өшіру мемлекеттік тілмен күресудің бір тәсілі болып барады. Мемлекеттік тілдің тағы бір оппоненттерінің айтуынша, қазақ тілінің құрылым жүйесі қазіргі заманғы ақпарат заманына лайықсыз көрінеді. Бұның да ғылыми жағынан ешбір негізі жоқ. Мысалы, ерекше таңбалар жүйесі ретінде кез келген тілдің әлеуеті, мүмкіндігі шексіз, оны сарқа, тауыса пайдалану мүмкін емес. Тілді әуелде Құдай солай жаратқан. Қазақ тілінің де әлеуеті аса зор. Әңгіме тек соған мүмкіндік беруде ғой. Түрлі қаулы-қарар, бұйрық, жарлықпен т.б. жолмен тілдің мүмкіндігіне тосқауыл жасап, кедергі келтіріп жатса, әрине, ағылшын тілі де, қытай тілі де, орыс тілі де зардап шеккен болар еді.

И. Канттың философиялық сөздігін екінші тілге аудару қиынның қиыны. Тіпті ондай қиынның қисынын эскимос тілінде де жүзеге асыруға болар еді. Бірақ оған эскимос тілінің емес, эскимостың шамасы жетпейтін көрінеді. Эскимос тілінің дамымай қалғаны эскимос тілінің кемшілігі емес, эскимостың кінәсі.

Міне, қазақтар да Құдай жаратқан өз тілінің алдында кінәлі болып қалмау үшін күресті, басын қауіпке байлады, қатерге тікті. Әлі де солай болмақ.

Тілдік ортаға іріткі салуға пайдаланылатын нигилизмнің тағы бір түрі – әлемде 6 мың тіл болса, олардың бәрі өшіп-өледі, тек әлем тілдері деген мәртебесі бар санаулы тілдер ғана өміршең болып қала бермек. Сөйтіп, болашағы жоқ тілдердің алдыңғы қатарына қазақ тілін қосып қояды. Тілдік ортадағы тұлғалардың бәрі бірдей емес. Олардың ішінде ана тілінің болашағына деген үміті жөнінде екі ойлы болып жүргендер де бар болуы ықтимал. Әлгіндей зиянды вирустар алдымен жиырма-жиырма бес жылда қазақ тілі құрып бітеді деген қауесет ақпаратқа құлай сенетіндерге тез жұғады. Сондай қауесеттен кейін ана тілінде оқып жүрген баласын орыс мектебіне беруге даяр тұратын ата-аналар да жоқ емес.

Әрине, 6 мың тілдің ішінде таяу жылдары құрып кету қаупі бар сырқат тілдер аз емес. Бірақ олардың диагнозын қазақ тіліне таңуға болмайды. Құрып кетуге бейім сырқат тілдердің әлеуметтік портреті қандай екенінен де хабардар болуымыз керек. Болашағына қауіп төнген сырқат тілдер 1) тек ауызша түрде ғана қолданылады, 2) жазба түрі жоқ; қоғамдық өмірдің білім, ғылым, ағарту салаларында қолданылатындай әдеби тіл деңгейіне жетпеген, стильдік тармақтары жоқ, 3) әртүрлі жанрға бай көркем әдебиеті, эпикалық шығармалары жоқ, тек салт ғұрып айналасында қолданатын фольклорлық туындылармен шектеліп қалған.

Ауру бастың сақинасын сау басқа таңғандай, сырқат тілдердің диагнозын қазақ тіліне әкеп таңуға болмайды. Әрине, қауіп қай жерде болса, қатер сонда. Ана тілдің өмір сүру ортасы, сол ортада оның қызмет етуіне бөгет болатын нигилистік көзқараспен күресу тіл экологиясының негізгі міндеттерінің бірі болмақ.

Қазақтардың жартысы немесе 4 млн. қазақ ана тілін білмейді деу де пәлендей дерегі жоқ нигилизмге жол ашудың бір түрі. Қазақ тілінің демографиялық тірегі ауыл екені рас. Қалада тұрақты тұратын қазақтардың 20 пайыз екенін шамалауға болады. Тіпті сол қала қазақтары түгелге жуық ана тілін білмейді дегеннің өзінде олардың жалпы саны 1,5 млн. шамасында. Бұл күллі қазақтың жартысы (4 млн.) қазақша білмейді деген сөздің ақиқат еместігін білдіреді. Менің ойымша, бұл тілдік нигилизм тудыратын әңгіме.

Ұлттық сана және тіл. Сөз мәдениеті – ұлттық сананы дамытуға қызмет ететін пән. Ұлттық сана – рухани мәдениет, ғылым мен білім, материалдық мәдениет және дене тәрбиесі мәдениетімен байланысты аса күрделі құрылым. Ұлтты, Отанды, Тілді мақтаныш тұтатын сезім де ұлттық сананың құрылымына кіреді. Ұлттық сананың осы аталған құрылымдық компоненттері қазақ тілінде сана-сезім деген қос сөзбен жинақталып айтылады.

Тілді, елді, елдің ғасырлар бойы жасаған рухани, материалдық дүниесін жақсы көру сезімі қай кезде болсын қазақ халқында жеткілікті болған. «Қазақ» дегенде, «Тіл» дегенде басқасынан бұрын сезімнің буырқанып кететіні де сондықтан. Әрине, ұлтты, елді, тілді т.б. қасиетті, киелі құндылықтарымызды сүю, мақтаныш көру позитивті оң құбылыс. Алайда ұлттық сананы қалғытып алмай, сергек ұстау, оны жетілдіріп, дамытып отыратын ұлы күш – ұлттық қозғалыс. Мысалы, XX ғасырдың басында А. Байтұрсынұлы намыстың отын үрлеп, қалғып кеткен ұлттық сананы оятты. Тез арада, жалпақ жұртшылықтың қолына жаңа тұрпатты әліпби ұстатты, ұлттық сананы оятқан «Қазақ» газеті сияқты бүкілхалықтық газет шығарды, ағарту ісін жолға қойды, бұл шын мәнінде ұлттық көзқарас болды. Мұның өзі отаршылдық жүйенің шырмауынан босану жолында күреспен жүзеге асты.

Алайда, көп ұзамай, тоталитарлық режим үстемдік құрды. Саяси идеология ұлттық сананы интернационалдыруға күш салды. Сананы ұлтсыздандырудың салдары-

нан тілге, ұлттың рухани, мәдени дүниелеріне тілдік қоғамдастықта самарқаулық таныту етек ала бастады. Алайда ұлттық сана біржола сөнбеді. Сексеуілдің шоғындай шоқ болды, көміп тастағанмен, сексеуілдің шоғы сөне салмайды.

Әсіресе 1960 жылдары қазақ мектептері жабылып, қазақ тілінің халі мүшкіл тартып бара жатқан шақта қазақ ақындарының ана тілі, қазақ тілі жайында жазған өлеңдері Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев т.б. өлеңдері жұртшылықтың сана сезіміне қозғау салды. Бұл – ресми идеологияға қарсы көрсеткен ұлттық қозғалыс еді. Сөйтіп, жазушылар ұлттық сананы көтеруге күш салып әрекет етті.

1972 жылы Қазақ ССР Ғылыми Академиясы ұйымдастыруымен және радио-телевизия қызметкерлерінің аудармашы, журналистердің қатысуымен «Тіл мәдениеті және баспасөз» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізді. Конференция ана тілінің тазалығы, ана тілін дамыту, ана тілін қастерлеу, дәріптеу рухында өтті. Көрнекті тіл мамандары І. Кеңесбаев, әсіресе, М. Балақаев, А. Ысқақов, Р. Сыздықова т.б. ат салысуымен болған бұл жиынның ұйытқысы Тіл білімі институты болды. Бұл тек ғылыми шара ғана емес, ұлттық сананы, әсіресе, тілмен байланысты сана-сезімді дамытудың, сол кездегі идеологиялық қысымға қарамастан жасалған әрекеті еді. Ұлттық санада әдеби тіл, ұлттық әдеби тіл, тілдік норма, тілдің тазалығы, байлығы, терминологиясы т.б. ұғымдар қоғамдық санадан білімдер жүйесі түрінде орын алды. Бұлар тілге деген сезімді оятатын, ұлттық тіл туралы түсінікті қалыптастыратын категориялық іргелі ұғымдар еді.

Қазақ совет энциклопедиясының 12 томдық болып шығуы ұлттық сананы білімдер жүйесімен байытуға әсер еткені сөзсіз. Онда қазақ ұлтының рухани, материалдық мәдениетіне, салт-дәстүріне, тарихы мен мәдени мұраларына қатысты құндылықтар жинақталған мұндай еңбектер тілдік тұлғаның қоғамдық санасын, тілдік санасын, әр алуан білімдер жүйесімен байытқанын жоққа шығаруға болмайды. ҚСЭ-нің жарық көруін ұлттық қозғалыстың бір көрінісі деп бағалаймыз.

Осы кезеңдерде академик Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінің», профессор А. Ысқақовтың басқаруымен құрастырған 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» жарық көруі әдеби тілдің нормаларын танытудағы лексика-фразеологиялық байлығын жүйелеп, тәртіпке келтірген лингвистикалық мәні ерекше еңбек екені өз алдына, мұндай рухани дүние ұлттық сананы байытып, әртүрлі ұғымдардың тілдік тұлғаның, тілдік ұжымның санасында вербалдануына, сөйтіп, когнитивтік санадағы білімдер жүйесін орнықтыруға, байытуға ықпал ететін тілдік құралдар болғаны даусыз. Олай болса мұнда еңбектерді де ұлттық сананы дамытудағы әрекеттің көрінісі деп пайымдауға тиіспіз.

1985 жылы Қазақстан жазушылар одағы мен Қазақ ССР Ғылым академиясы өткізген тіл мәдениеті жөніндегі республикалық конференция ұлттық тілдің нормалары мен байлығы, сөз шеберлігі, тіл тазалығы келелі түрде сөз болып, тілді ұлы құндылық деп тану рухында өтті. Конференция қарсаңында жүздеген мақала, мерзімді баспасөз бетінде жарық көрді. Академик-жазушы Ғ. Мүсірепов өзінің төрт сағаттық баяндамасында ана тілін ардақтауды, ұлттық рухани мұраларын, мәдени құндылықтарын, ұлттың бетке ұстар тұлғаларын қадірлеуді, қастерлеуді өсиет етті. Бұл жиын кезекті өткізілген жай ғана шара емес, ресми идеологияға имплицитті қарсылық көрсеткен ұлттық маңызы зор уақиға болды.

Сөз мәдениетінің теориялық-тәжірибелік мәселелерімен шұғылданумен қатар кезінде Р.Сыздықова республикалық Қазақ театрларының шығармашылық ұжымдарында, өнер институтында, республикалық радио-телевизия шығармашылық

ұжымдарында қазақ сөз мәдениеті, әсіресе қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормалары, ұлттық тілдің нақышы мен интонациялық өрнегі, үндесімі мен үйлесімі жайында оқыған дәрістер топтамасы мен баспа қызметкерлері үшін өткізген семинар сабақтар мәдени жұртшылықтың лингвистикалық біліктігін, ұлттық сананы көтеру, дамыту үшін күресетін лингвистикалық пән ретінде де қалыптасты.

Қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін беруге, Тіл туралы заңның қабылдануына, республикадағы тілдердің дамуы мен қызмет етуінің бағдарламасының қабылданып жүзеге асуына мемлекеттік емес ұйым ретінде құрылған «Қазақ тілі» қоғамының, оның бір кездегі мүшесі ретінде дүниеге келген «Ана тілі» газетінің ұлттық мүдде туралы көтерген мәселелері т.б. ұлттық сананы дамытудың әрекеті екенін мойындамасқа болмайды.

Тілдік тұлға мәселесі – лингвоэкологиялық бағыттағы іргелі ұғымдардың бірі. Ана тілін тұтынушылардың әлеуметтік сипаты, олардың саны мен сапасы, әдеби тілдің ауызша, жазбаша түрлерін меңгеру деңгейінің жоғары болуы тілдік ортаның бекем болуына, дамуына қолайлы факторлардың бірі ретінде әсер етеді.

Идеал ретінде қарайтын біртуар тілдік тұлға бар да, орта статистикалық деңгейдегі тілдік тұлға бар. Ал белгілі бір кезеңдегі тілдік ортаның идеал тұтатын тілдік тұлғасы, мысалы Ғ. Мүсірепов сынды біртуар жеке тұлғалар қоғамда көп болмайды, бірлі-жарым ғана, ілуде біреу ғана болады. Әдеби тілдің ауызша, жазбаша түрлеріне тән нормаларды жақсы меңгерген, сөз қолданымда, елеусіздеу болмаса, қате жібермейтін. Әдеби тілдің стильдік тармақтарына тән, сондай-ақ тілдік емес, бірақ сөз қолданысты, сөздік коммуникативтік санасына қатысты ортологиялық, этологиялық т.б. нормаларды сақтай білетін, тани білетін орта статистикалық деңгейдегі тілдік тұлға мәдени-тілдік ортаның негізгі қозғаушы күші, үлгі тұтар межесі болуға тиіс. Мұндай тілдік тұлға мәдени-тілдік ортаны нығайтуға, дамытуға ерекше ықпал ететін факторлардың бірі болмақ. Тілдік ортаның ұйытқысы да осы орта топ.

Қазіргі кезде, қоғамдық, адамзаттық құндылықтар қайта бағаланып жатқан қоғамда идеал тұтатын мәселе ерекше мән алып отыр. Олай дейтініміз қазіргі қоғамда идеал тұтатын біртума тілдік тұлға мынау деп бірауыздан айта қою қиын. Екіншіден, сөз саптауы тілдік ортаға үлгі болатын, сөз өнеріне машықтанған жазушы, мәдениет, өнер қайраткерлері, ғалымдар, жоғары мектеп оқытушылары мен мектеп мұғалімдері, журналист т.б. қалам ұстап, шаршы топта сөйлейтін сөз шеберлерінен жұртшылық парасатты, мәдениетті, мазмұнды сөз естігісі келеді. Алайда шаршы топтағы, баспасөз беттеріндегі пікірталас мәдениеті, сөз мәдениеті ойдағыдай деңгейде болмай, төмендеп барады. Сөз таластырып отырған, пікір жарастырып отырған жақ оппоненттерін, оқырмандары мен тыңдаушыларын уәжді сөзбен, қисынды логикамен, нақты деректермен көзін жеткізіп сендірудің орнына оларды естен тандыра иландырып тастау тәсілін қолданады. Әсіресе тыңдаушылардың, оқырманның эмоциялық сезімін қоздыра отырып, оппонентін түкке тұрғысыз бейшара, топас етіп көрсету тілдік ортаның сөз мәдениетіне, этикалық нормаларына, тілдік қарым-қатынас ережелеріне (максималарына) мүлде қайшы келеді. Оппонентін *жол бойы үрген бұралқы, мұңкірген, борсыған бердеңкелер, жертезек болып жеңілді, айтаққа ерген, пысықай біреу, жағымпаздық* т.б. сөздермен, «сыбағасын» беру тілдік тұлғаның мәдениетін көрсетпейді.

Жікшілдік, рушылдық, сатқындық, қызылкөз, белсенді, беті бұлк етпей, қызыл белсенді, жағымпаздар, қатын өсек т.б. сөздерді қарсы жаққа қарата айту тілдік қарым-қатынас ережесіне, этикалық нормаларға қайшы, тілдік ортаның мәдениетін көтеретін тәсілдер емес.

Тілдік таңбаларды, стильдік құралдарды, риторикалық тәсілдерді дұрыс, орынды қолдану арқылы ой, сезімін дәл, өткір етіп жеткізу тілдік тұлғаның сөз қолдану дағдысына, дәстүрлі біліміне, оқып-үйренген біліктілігіне, өмірден алған тағылымы мен тәжірибесіне байланысты. Бұлар жеке тұлғаның тілдік санасын қалыптастыратын факторлар болып саналады.

Сөз мәдениеті – тілдік тұлғаның ұлттық әдеби тілді, оның функционалдық тармақтарын, әр тармақтың салаларын, әр саланың жанрларын өз қарекетінде, өз тәжірибесінде қолдана білу дағдысы, білімі, біліктілігі тәрізді сапалардың жиынтығы туралы ғылыми пән.

Тілдік тұлға бейнеленген ақиқатты қолданып қоймайды, тіл арқылы ақиқаттың өзін рационалды мақсатта қайта бейнелейді. Сондықтан тілдік тұлға санасы ақиқатты бейнелеуші (модельдеуші) ғана емес, оны санада қайтара жасаушы қасиетке ие белсенді қарекет иесі.

Осымен байланысты тілдік тұлға тілдегі барды қолданумен бірге жаңа сөздерді, абстракті синтаксистік модельдерді де жасайды.

Тілдік ортада мәдени-ұлттық дәстүрдің, оның нормаларының қалыптасуына тілдік тұлға әсер етеді. Этнотілдік мәдени нормаларды ойлау қарекетінде, сөз қарекетінде қолданады, этнотілдік ұжымның әлеуметтік, психологиялық ерекшеліктерін игеріп, сөз қолданыста пайдаланады. Мысалы, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов сынды біртуар жазушы-ғалымдар жұртшылық идеал тұтатын әдеби элитарлық топтың өкілдеріне жатады.

Тілдік тұлғалардың әдеби тілді игеру, пайдалану деңгейі бірдей емесі белгілі. Осымен байланысты тілдік тұлғаларды төрт топқа бөлеміз:

1) Әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын топ. Бұлар элитарлық тілдік тұлғалар;

2) Әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын сақтай білетін, ара-тұра кодификацияланған нормадан қате жіберетін, сөйлеу тілі мен кітаби тіл элементтерін кей тұста айқын аңғара алмайтын мәдени-тілдік орташа топ. Сан жағынан басымы да осы орташа әдеби топ;

3) Негізінен әдеби сөйлеу тілін қолданатын, арасында қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтерді қосып сөйлейтін тілдік-мәдени топ. Сан жағынан, шамамен, орташа топтан кейінгі орында.

4) Қарапайым сөйлеу тілімен сөйлейтін, бейәдеби элементтер мен диалектизмдерді қолдана беретін коммуниканттар.

Бұл айтылғандар тілдік тұлғаның мәдени-тілдік «портреті». Осы тәрізді, тілдік тұлғалардың әлеуметтік-психологиялық «портреті» де бар.

Әдетте тілдік тұлғаның санасында «Ана тілім – қазақ тілі», «Қазақ тілі – ата-бабамның тілі», «Мен қазақпын» деген мақтаныш сезім де болады. Туған халқын, туған елін, туған тілін «Үш бақытым» деп санайтын, ұлттық сана-сезімі жоғары тілдік тұлғалар бар да, туған тіліне, ана тіліне бейтарап қарайтын топтар бар. Ана тілін мақтаныш тұтатын табиғи сезімнің болмауы – тілдік тұлғаның ұлттық санасындағы кемшілік. Қазақ тілінің лингвоэкологиясы тілдік тұлғаның санасында ана тіліне деген табиғи сүйіспеншілік сезімін ояту үшін де күреседі.

Әрине, сүйіспеншілік сезімнің санадан орын алуы – позитивті құбылыс. Алайда жалындаған сезім жеткіліксіз. Қазақ тілі *анамның тілі* деген эмоционалды сезіммен бірге тілдік тұлғаның санасында, «Қазақ тілі қандай тіл?» деген сұраудың жауабы боларлық танымдық сезім болуға тиіс.

ТІЛ ЭКОЛОГИЯСЫ[12]

Қазіргі қоғамдық санада тіл доминанталық орынға шықты. Тілдің табиғатын, болмысын, қызметін, мәнін түсінуде көзқарас тереңдей түсті. Тілдің социум, жеке адам, ұлттық мәдениетте алатын орны айрықша екені тілтанымда ерекше серпін туғызып, логика-семантикалық әдістің, феноменологиялық, герменевтикалық, лингвокогнитивтік концепцияларды қалыптастыруда, структурализмде тілді ерекше таңбалар жүйесі ретінде қарастыруда және постструктурализмнің лингвистикалық бағдарламасын жасауда мәні зор болды.

Сөйтіп, тілді:

– онтологиялық (болмыстық),

– антропологиялық (адами тұлғалық),

– аксиологиялық (құндылықтар жүйесі),

– концептологиялық (танымдық) тұрғыда зерттеу жаһандану үрдісінің қарқын алуымен байланысты лингвистикадағы ең өзекті мәселеге айналып, ғылыми, қоғамдық сұраныс тудырып отыр. Бір кездері елес тәрізді болған жаһаният ендігі жерде ақиқатқа айналды.

Жаһандану үрдісінің позитивті және негативті жақтары бар.

Позитивті жағы: экономикалық, финанстық қатынастарда, өндіру, өткізу салаларында интеграция күшейеді. Коммуникациядағы мәдениет аралық диалог арқылы әртүрлі, әртекті мәдениеттің бірін-бірі тануына, артықшылықтарын білуге, сөйтіп, өзінің ішкі әлеуеттерін көтеруге септігін тигізеді.

Негативті жағы: Жаһандану үрдістері етек алып, қарқыны күшейе түскен қазіргі дәуірде мәдени ықпалдастық, ауыс-түйістік, аралас-құраластың көбеюі мәдени диалогты қиындатып, жаһандық мәдениеттің монологтік сипатын күшейте түсті, сөйтіп ұлттық мәдениеттің өрісін тарылтатын қауіпке айналды. Мұндайда әлемде бір ғана мәдениеттің үстемдігі күшейе береді. Әсіресе жас буындарда өзге мәдениетке деген әсіреқызығушылық, шектен тыс құмарлық этнотілдік ұжымның мәдени-тілдік болмысынан айырылу қаупін туғызады. Бұндай дағдарысты жағдайда ұлттың сыртқы дүмпуге төтеп бере алатындай рухани әлеуеті күшті болуға тиіс.

Күллі әлемге бір үлгідегі мәдениетті тарату, мәдени әсер етушілікке шекараны айқара ашып тастау тілді, плотинаны, – бұзу болып табылады. Ондай бөгеттің сыртқы күшке қарсы тұра алмай бұзылуы ұлттық мәдениетті дағдарысқа, күйзеліске ұшыратады.

Жаһандану үрдісінің негативті жағымен, оның алдын алуға байланысты тілді адам өмірінің, оның мәдени-рухани болмысымен бірте қайнасқан феномен ретінде ғылымның тілге назары мен қызығушылығы күшейе түсіп, мәселеге жаңаша қырдан қарау қажеттілігін күн тәртібіне қойып отыр.

Белгілі бір ұлттық мәдениеттің жинақтаған рухани тәжірибесінің тарихи мазмұны, сөздегі, грамматикадағы космологиялық, этикалық, діни түсініктердің, ақиқат дүниені категориязациялаудың принциптері қайталамасы жоқ ерекшеліктер ретінде тілді жалпы мәдениеттанудың ажырамас бөлігі тұрғысынан жаңаша қарастыруға себеп болып отыр. Тілді осы аталған қырдан қарастыру экологиялық зерттеу болып табылады.

[12] *Мақала «Ана тілі» газеті, 2009, 26 ақпан, №8 санында жарияланған.*

Лингвоэкологиялық ілім ақпараттық-рационалистік ілімге қарама-қарсы қойылады. Ақпараттық-рационалистік ілім тілді коммуникацияны қамтамасыз ететін, ақпарат алу мен берудің техникалық құралы ретінде қарастырады. Прагматикалық сипатта болады.

Тілдің рационалистік теориясы тілдің болмысын бір ғана қырдан таниды. Ал сөздің болмысына рухани-метафизикалық тұрғыдан келу сөз жөніндегі рационалистік біржақтылықты екінші қырдан толықтырады.

Тіл экологиясы сөзді адамның заттық әрекетінің рухани жемісі, дүниені адамиландыратын мәдени құрылыстың ерекше түрі, сөзді ақиқат дүниемен әр алуан байланыста және әртүрлі қырдан қарастырады.

«Тіл экологиясы» термині 1970 жылдары ағылшын ғалымдарының зерттеулерінде, кеңестік кезеңде 1980 жылдары Л.И.Скворцов, С.И.Виноградова, В.В.Колесов, Ю.М.Лотман, Г.С.Батищев, В.Ю.Троицкий, Н.А.Илина т.б. ғалымдардың зерттеулерінде «лингвоэкология», «семиосфера», «онтокоммуникация» терминдері қолданыла бастады.

Қазақ тіл білімінде *экология, лингвоэкология, тіл экологиясы, тілтанымдық экология, тіл саламаттығы* терминдері Н.Уәлидің зерттеулерінде, лингвоцид Ә.Жүнісбектің мақаларында қолданылған. Қазақ тілтанымында тіл экологиясының қарастыратын мәселелері негізінен тілдік орта, тілдік тұлға, тіл басқыншылығы, сөз манипуляциясы, сөздің девальвацияға, эрозияға ұшырауы т.б. ұғымдармен байланысты қолданған. Тіл ғылымында тіл экологиясы ұғымына нақты лингвистикалық анықтама берілмеген, тек жұмыс анықтамасы ретін ұсынылған дефинициялар бар. Қазақ тіл білімінде сөз экологиясы көбіне сөз мәдениеті аясында қарастырылған.

Лингвоэкология (тілтанымдық экология) білімінің бір саласы ретінде қалыптасу кезеңінде. Оның қарастыратын салалары қазіргі кезде кеңейе түсті:

– тілдік орта;
– тілдің саламаттылығы;
– тілдің мәдениетпен, семиосферамен байланысы;
– сөз энергетикасы, сөз энергетикасының жасампаздық күші;
– тілдің биосферамен, тірі табиғатпен байланысы;
– сөздің рухани мәнділігі;
– сөздің жеке тұлғамен, халықтың тағдыры, мінезімен байланысы т.б.

Сөз жөнінде осыған дейінгі қол жеткен білімдерді саралау, актуальдандыру қазіргі қоғамның сөз мәдениеті ахуалы, руханилыққа келер қауіптің түрлері мен зардаптарына үңілу қазіргі таңдағы ғылыми сұранысқа ие, өзекті тақырып болып отыр.

Тілтаным экологиясы сөз мәдениетіндегі мәдени дәстүрдің бұзылмауын, «қиратылмауын»; инвективалардың (тұрпайы, дөрекі мазмұндағы тыйым сөздердің) легализацияланбауын басты назарда ұстайды.

Жаңа коммуникациялық этапқа (кезеңге) аяқ басқан қазіргі мәдениетте сөздің құдіреті, сөзді «кие» тұту тәрізді қасиетті ұғымдар санада көмескі тартып, классикалық әдебиеттегі сөз нақыштары, сөз мәнері сөз шеберлігімен байланысты лигатуралық сөз үлгілері қоғамдық санадағы, эстетикалық санадағы орталық аймақтан шеткері аймаққа ығыса түсті.

Сөз мағынасын үстірт түсіну, оның тереңдегі рухани мәдениеттерін ұғына алмау руханилыққа төніп келе жатқан қауіптің бірі деуге болады.

Өйткені мұның бәрі халықтың өткендегісі, оның рухани әлемі мен өмір тәжірибесі, ұлттық санасы туралы индивидуумда теріс түсініктің қалыптасуына,

мәдени құбылыстарды теріс бағалауға ықпал етеді. Бұл жайт қазіргі қоғамдастықтағы, гуманитарлық ғылымдағы аса өткір мәселе болып табылады.

Орта және жоғары мектеп бітірушілердің стилистикалық білігі ойдағыдай болмай шықты. Ауызша, жазбаша сөзге этикалық, эстетикалық тұрғыда баға берудің көрсеткіші (планкісі) төмендеп кетті.

Тілдік бедел бұрын көркем әдебиет ауылында болса, ендігі тұста тілдік бедел БАҚ-ның жұртына қарай көшті. Алайда редакторсыз, корректорсыз шығып жатқан баспа өнімдері, арнайы дайындығы жоғары дикторсыз беріліп жатқан эфир хабарлары көбейіп, осының салдарынан БАҚ тілінің деңгейі ортақол дүниеге айналды. *Қалай айту маңызды емес, нені айту маңызды* дейтін қағиданы ұстанған пікір қалыптасып үлгерді. Қоғамдық экономикалық қатынастың өзгеруімен байланысты тілдік тұлғалардың жарнамашы, жарнамалаушы түрлері пайда болып, жарнамалық мәтіндер көбейді. Жарнама прецеденттер қоғамдық санаға өзінің құндылықтар жүйесін сіңіре бастады. Жарнамалаушылар қоғамдық санадағы «күштілік», «сұлулық», «рақат», «ләззат», «сәттілік», «байлық» тәрізді концептілерді өзінің монополиясына айналдырып, аталмыш концептілердің ұғымын бұрмалап алды. Мысалы: арақ-шарап, сыра өнімдері *«күштілік»*; автомобиль *«байлық, салтанат»;* парфюмерия өнімдері, зергерлік бұйымдар «*сұлулық», «сәнділік»*; ұтыс ойындары «*сәттілік*» т.б. тәрізді. Ал *«адамгершілік», «ар-ұят», «қайырымдылық», «еңбексүйгіштік», «әділет»* тәрізді құндылықтарды білдіретін концептілер қоғамдық-әлеуметтік мән алмай (актуалданбай), тілдік тұлғаның когнитивтік санасындағы орталық аймақтан шеткері аймаққа ығыстырыла бастады. Қоғамдық-әлеуметтік өмірде басымдылық берілетін құндылықтардың арасалмағы бұзылды.

Лингвоэкологтардың байқауынша БАҚ, аудиожазба, бейнежазба бұқаралық сананы қалыптастыруда ерекше мән алып отыр. БАҚ, аудио, бейнежазба өнімдері әсіресе жеке тұлғаның адамгершілік, интеллектуалдық саламаттылығына негативті әсері уақыт өткен сайын етек жайып келеді. Әсіресе мықтап жарнама тілдерінде жиі *іш!, шайна!, же!, ләззәттан!, рахаттан!*; тәрізді мазмұндағы сөздердің қолданысы тіпті дабыл қағатындай күйге жеткен.

Сөз ахуалы мен ой-сана ахуалы адамның әртүрлі әрекеттерінің алғышарты, көрінісі болып табылады. Мұндай жағымсыз әрекет жеке тұлғаның, одан әлеуметтік жіктің, одан бұқаралық сипат алып, ұлттың тағдырына әсер етеді.

Қазіргі қоғамда рухани қауіпсіздікке, тілдің саламаттылығына теріс әсер ететін негативті сөз қолданысқа байланысты төмендегідей тілдік құбылыстарды атап айтуға болады:

Жаргонизация
Вулгаризация
Бюрократизация
Экспансия (кеңсе тілінің экспансиясы).
Манипуляция (саналы манипуляция).
Агрессия (тілдік агрессия).

ТЕРМИНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТІЛДІК НОРМА[13]

Қоғамдық өмірдің басқару, ақпарат жүйесіндегі, экономика, қаржы кәсіпкерлік саласындағы жаңарулары; ғылым мен техника, медицинадағы жаңалықтар; құқықтық, саяси қатынастардағы өзгерістер қарқыны азғана жылдың аясында-ақ тіліміздің сөздік құрамына мықтап әсер етті.

Ұлттық тіліміздің лексика-фразеологиялық кеңістігінде кейбір сөздер «орталық» аймақтан шеткері аймаққа ығысты; бұрын шеткері аймақ, шет пұшпақта жүретін термин сөздер лек-легімен «орталық» аймаққа шоғырлана бастады. Сыртқы күштің әсерінен болып жатқан сөздік құрамдағы «жылжулар», «ығысулар», «жаңғыру» мен «жаңарулар» тәрізді құбылыстардың қарқын алуы тілдік ұжымның ой-санасындағы өзгерістердің объективтенуі (көрінісі) деуге болады. Тап қазіргі кезде мұндай құбылыс неге ерекше қарқын алып отыр?

Мұның негізгі себебі, байқап отырсақ, бұқаралық қарым-қатынастың жалпылық сипат алуына байланысты. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдары «сырттай» қарап отырмай, қазіргі кезде ғылым, білімге де, шаруашылық пен кәсіпкерлікке де, денсаулық ісі саласына да, қаржы мәселесіне, құқық пен саяси қатынас жүйелеріне де «ішке» ене бастады. Әр саладағы мамандар телекамера, микрофон алдында сөйлеп жатады. Газет, журнал бағаналарында да сала мамандары тұрақты субъектіге айналды. Бұрын, кеңестік дәуірде, олар бұқаралық ақпарат құралдарында сөз субъектісі болудан гөрі, сөз объектісі ретінде көбірек көрінетін.

Тұрақты сөз субъектісіне айналған түрлі саланың мамандары, білгірлері бұқаралық коммуникацияда өзімен қоса өз «жұртындағы» атаулар мен терминдері жұртшылыққа ала келетіні де белгілі. Мұның өзі былайғы қалың жұртшылықтың когнитивтік санасында әр алуан терминдер, кәсіби сөздер мен атауларға байланысты ұғымдар жүйесінің қалыптасуына едәуір әсер етеді. Термин сөздердің бұқаралық сипат алуы күшейе түсті. Қазіргі кезде астрономия, микробиологиядағы технология, бизнес, банк ісі, ғылым салалары, тіл мен тарих, мәдениет жөнінде ақпарат алуға деген сұраныс көбейе бастады. Осымен байланысты әсіресе аталған салалардағы терминдерді сала маманы емес, былайғы жұртшылықтың қолдануы жиілей түсті. Сөйтіп, терминдер, терминдік атаулардың жұртшылықтың игілігіне айналу үрдісі барған сайын күшейе түспек. Олай болса, термин мәселесі тек ғылымның ғана «ішкі шаруасы» емес, оған кеңірек ден қоюға тура келеді.

Өткенді азды-көпті еске алсақ, қазақ тілінің ғылым мен білім саласындағы қызметі тым шектеулі болды. Термин түзу, ұлттық терминологияны қалыптастырып, дамытуда тәжірибе жағы жеткіліксіз болды. Ана тілінің мүддесін діттеген термин түзу үрдісі кей тұста үзіліп қалды. Терминді маман емес, адам өз сөзінде қолданып жатса, таңғаларлық нәрсе емес.

Бүгінгі таңда құқықтық қатынас, денсаулық саласына, саясатқа қатысты жинақталған біраз терминдер енді тәжірибеде тексеріліп, Терминкомның сарабынан өтті. Терминдік норманы қалыптастыруда БАҚ-тың рөлі ерекше болды. Бұл ретте, осы күнгідей, Терминкомның бұқаралық ақпарат құралдарына билігі жүретін құзыретті органдардың жанында болғаны әлдеқайда тиімді деп ойлаймыз.

---

[13] *Мақала «Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференция жинағы, – Астана: Ғылым, 2004 ж. жарияланған.*

Қазіргі кезде екінің бірі терминтанушы бола алмайды. Терминтанушы болу үшін, біздің ойымызша, үш түрлі құзыреттілік болуға тиіс:

– біліктілік құзыреті (жоғары білікті маман ретінде құзырет);

– тілдік құзырет (ана тілін тиісті деңгейде білуі);

– лингвистикалық құзырет (әдеби тіл нормалары, тілдің негізгі даму үрдістері жөнінде тиісті деңгейде лингвистикалық біліктілігінің болуы).

Біздің ғылым саласында біліктілік құзыреті жоғары деңгейде ғалым мамандар бар-ақ. Бірақ сол мамандардың ішінде тілдік құзыреті жоғары ғалымдар саусақпен санарлық қана. Әрине, терминдер – лексика жүйесінің ерекше қабаты. Сондықтан термин мәселесі тек тіл мамандары, тіл білімпаздары илейтін терінің пұшпағындай көрінеді.

Бірақ терминологияның күллі мәселесін тек тіл мамандары ғана шеше алмайды. Халықаралық рубрикатор бойынша, ғылымның тоқсаннан астам саласы, оның жүздеген тармағы бар. Химия, физика, биология т.б. пән терминдерін түзу тіл мамандарының құзыретіндегі нәрсе емес. Сондай-ақ термин мәселесіне аудармашы, журналист, жазушы тәрізді қалам иелері де араласады. Олардың тіл құзыреті жоғары болғанымен, ғылым саласындағы біліктілік құзырет деңгейін айтпағанның өзінде, лингвистикалық құзыреті сайма-сай келе бермейді. Сондықтан Терминком мүшелігіне, терминология мәселесіне а) ғылым саласы бойынша мамандар, ә) журналист, жазушы, аудармашы тәрізді қаламгерлер т.б. лингвист мамандар тартылуы, қазіргі кезде дұрыс нәтиже бермек деп ойлаймыз.

Ғылым, білім, мәдениет, шаруашылық, басқару, заң-жосық салаларында жаңа терминдер мен жаңа атаулар легі қауырт көбейді. Бұл тұста өзге тілдің сөзін орынсыз малдану тәрізділерден «сөз жалқаулығынан» арылу, ***төлтума*** сөздерді қайта түлету *(егемен, құжат, сынып, пайыз* т.б.) немесе ***қолтума*** атаулар *(жанұя, тікұшақ)* жасау үрдісі күшейе түсті. Сөйтіп, көптеген термин «азаматтық» алды. Мұндай үрдісті мақұлдайтынымыз – шеттілдік сөздерге орынсыз әуестенушіліктің салдарынан ана тіліміздің талай сөздері шетқақпай болып қалды. Сөйтіп, ұлттық термин жүйесінде интратерминдер (ұлтішілік терминдер) мен интертерминдердің (ұлтаралық терминдердің) арасалмағы бұзылды. Көптеген сала маманы интертерминдерге бауыр басып қалды. Олардың санасында ұлттық мүддеден гөрі мамандық мүдде жоғары тұрады.

Қазіргі заман – ақпарат заманы. Ал ақпарат алуда ешбір арна (канал) тілмен теңесе алмақ емес. Ақпараттар ағыны сөз «тасқынына» жол ашады. Сөз «тасқыны» – әсіресе экономикалық, қоғамдық-саяси өмірдегі бетбұрыс, елдік, еркіндік, тілдің тыныс алуымен, түбегейлі өзгеріспен байланысты реформация кезінде болып отыратын қоғамдық құбылыс. Сөз «тасқыны» кезінде әдеби стандарттар мен кейбір стереотиптер мен тілдік норманың осал тұстары оп-оңай бұзылып, жарыспалық көбейіп кетеді. Мұндай құбылыс «түсініксіз, жасанды сөздер көбейіп кетті»; «тіліміз не болып барады?»; «тілде тәртіп болмай кетті» деген қайсыбіреулердің наразылығын туғызады. Тіпті олардың біразы тілдегі (жаңалық) атаулыға қарсы, соғыс жариялауға дайын тұрады. Әдетте жарыспалы қолданыстар дегеніміз – «ескі» мен «жаңаның» үзеңгі қағыса қатар қолданылуы. Мысалы, *финанс – қаржы, рынок – нарық* тәрізді жарыспа сөздер тілдік қарым-қатынас машығында сабақтастық принципі бойынша, біразға дейін жарыса жүріп, келе-келе біреуі орныгады, екіншісі өзінен-өзі қалып қояды. Сөйтіп, «табиғи» түрде тіл өзін-өзі реттеп отырады. Сонымен бірге Терминкомның белсенді араласуымен бір алуан жарыспа сөздер тез арада нормаға

түсіп, ғылым тілінің кәдесіне жарап жатады. Олардың тілдік норма үрдесіне сай келетін немесе ауытқитын тұстарына талдау жасап отыру тілші құзыретіне жатады.

Уақыт үдесіне орай ұлттық терминология мәдениетіне қойылар талап пен талғам биіктей беретіні белгілі. Соңғы жылдары терминология мен тіл мәдениеті мәселелері мерзімді баспасөз беттерінде жиірек сөз болып, орынды пікірлер, орнықты ойлармен қатар, сын көтермес қайшы пікірлер де айтылып жатыр. Әлі де болса сөз кезегі үзілмей жалғаса беретіні айқын.

Қоғам өмірінде болып жатқан толассыз өзгерістер тіліміздің дер кезінде лайықты орын тауып отыру шарт. Бұл тілдің ішкі мүмкіндерін кеңейте түседі. Тіл орамдары санаулы, бірақ оның орнын тауып қолдана білсек, мүмкіндігі шексіз. Дегенмен тіл байлығын нысаппен емес, ысыраппен қолдану әдеби тілдің құзырына жанаспайтын құбылыс. Әу бастан белгілі ақиқатты қайталай отырып, осы бір орайда (бұл қалай?) деген кейбір жайттарды ортаға салсақ дейміз. Алдымен өткеннен тағылым алар лық бірер жайды еске түсіре кетуді қажет көріп отырмыз.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін *бағбан-бағбаншы, диқаншы-диқан, аспазшы-аспаз, куәгер-куәші-куә* деп жарыса жұмсалатын. Бертін келе сөздің ықшам нұсқасына артықшылық беріліп, жарыспа сөздер бір сыбаға түсті. Онсыз да жаңа сөз бедерлеуде жүгі ауыр *-шы, -ші* тәрізді жүрдек қосымшаларды *диқан, аспаз, куә* сөздеріне телімей-ақ, үнемді қолдану жақсы нышанға бағаланар жайт. Ендігі жерде әлгідей сөздерді *диқаншы, аспазшы, куәгер, куәші* деп талғаусыз қолдана беру қалыптасқан терминдік норманы бұзу деп танылады. Алайда өткеннен тағылым алсақ, бүгінгімізді байыптай алар едік. Бірақ, амал не, баяғы бір ізді қайта шиырлай беретін тәріздіміз. Сондағы айтайық деп отырғанымыз *инвесторшы, бітімгерші* сияқты сөздер.

Сөз танитын қазақ *куәгер, зергер* тәрізділерге *-шы, -ші* жұрнағын қосақтап, *куәгерші, зергерші* демес еді. Осы тәрізді *бітімгер* сөзін *бітімгерші* деу жаңсақтық еді. Алайда қалам билігі қолына тиген журналист ағайындар *бітімгер* деудің орнына *бітімгерші* деп, құрыққа сырық жалғап жібереді: *«Испанияның 1,3 мың **бітімгершісі** Ираклі тастап шыққаны оқырманға мәлім»* (ЖА.06.05.04.).

Қазіргі кезде *инвесторшы* деген қиыс қолданыстың «бағы» жанып барады. Дұрысы *инвестор* екеніне ешкім дауласа қоймас, онда *инвесторшы* деуімізге не жорық? Баяғыда *механизаторшы, комбайнерші* дегенді әрең қойдырып, кезінде Мемтерминкомның араласуымен *комбайыншы, механизатор* деп жөнге салып жіберген еді. Беделді газеттеріміздің бірі ендігі жерде *құсбегі* деген сөзді місе тұтпай, *құсбегіші* деуіне жол болсын? Оқып көріңіз: *«Мысал үшін айта кетейік, бұған дейін **құсбегішілер** жарысының жеңімпазына 4 мың теңге беріліп келіпті»* («Жас Алаш», 27.01.04.).

Мұндай жарыспалықты терминтүзімге демесін деуге бола қояр ма екен? Ана тіліміздегі алуан түрлі сөз жүлгелері, олардың мағыналық қыр-сырларының дені қосымшалар арқылы жасалады десек, артық айтқандық емес. Осындай тұста мұқиятсыздықтан келіп жатқан шалағайлықтар мақұлдарлық жай ма?

Ертеректе, жетпісінші жылдарға дейін, едәуір орыс сөзіне қазақ қосымшасының әрі-сәрі жалғануын Терминкомдағы тіл мамандары мен қалам ұстаған қайраткерлері бір ізге салып, жөн-жобасын көрсеткен болатын: *электрлендіру (электрофикациялау* емес), *механикаландыру (механизациялау* емес), *алгоритмдеу (алгоритмизациялау* емес), *автоматтандыру (автоматизациялау* емес), *компьютерлендіру (компьютеризациялау* емес), *аттестаттау (аттестациялау* емес), а*ттестаттау*

комиссиясы (аттестациялау комиссиясы емес). Алайда құнтсыздықтан болар, қалыпқа түскен норманы бұзып-жарып, *аттестациялау комиссиясы, кадрларды аттестациялау* дейтінді шығардық.

Дәл осы сияқты бүгінгі газет бағаналарында *сертификациялау* деген қате қолданыс етек алып барады: «*Институтта астық және астық өнімдері сапасын зерттеу лабораториясы жұмыс істейді*» («Егемен Қазақстан», 31.03.04); «*Егер 2001-2003 жылдары барлығы 116 қазақстандық кәсіпорын басқару сапасын* ***сертификацияласа****, биылғы жылы бұл цифр екі еселене түспек»*. («Алматы ақшамы», 24.02.04.)

Кез келген термин – сөзжасамдық әрекеттің нәтижесі. Сөзжасамдық құрылымдарға жатпайтын тұлғаларды қолданып, жоқты жонғандай болып, оңай жерден термин жасай қоюды әдетке айналдырып жатқан сияқтымыз. Осы күндері жиі қолданылатын *жылжымайтын мүлік* дегендегі *-ма, -й, -тын* дегендер сөздің грамматикалық көрсеткіштері ғой. Бұл жерде бөгде тілдің *недвижимое имущество* деген сөзбе-сөз «көшірмесін» қоя тұрып, өзіміздің ана тіліміздің сөзжасам заңдылығы бойынша ықшам түрде *орнықты мүлік* деп алуға, ал «*движимое имушество*»-ны *жылжыма мүлік* деуге әбден-ақ болар еді.

Мұндай құбылыс мағынаға «зиян» тигізбей ықшамдау деп аталады. Алғашқы кезде *егеменді ел, егеменді Қазақстан* деген сөздер – *егемен ел, егемен Қазақстан* болып ықшамдалды. Бұл тәрізді үрдіске термин түзуде кеңірек жол ашу сәтті қадам болар еді. Сондықтан да тіл амалдарына құнтпен қарап, орынды қолданайық дегіміз келеді.

Тілде жаңа сөздің пайда болуы – үлкен оқиға. Ол сана-сезімдегі сонылықтың, ой-өрістегі өзгерістердің хабаршысы. Бірақ, амал не, қазіргі «жаңалық» дегендеріміздің біразы діттеген жерден шыға бермейді.

Солардың бір алуаны – *газ құбыры, ғарыш кемесі, ғарыш айлағы, әуе жолы, су жолы, жүк мәшинесі* т.б. күрделі атаулар. Мұндай сөздерді газеттен оқып, радио-телехабарлардан естіп жатамыз. Көрген көзде, естіген құлақта жазық жоқ, әрине. Бірақ сөз қолданысымыз қиыс жолға түсіп барады. Япыр-ау, жол атауларын *тасжол, теміржол*; көлік құралдарын *өгізарба, атшана, атарба* деп бір екпінмен айтушы еді ғой. *Тас жолы, темір жолы; өгіз арбасы, ат арбасы, ат шанасы* деген қазақты көрген жоқпыз. Олай болса, *әуежол (әуе жолы* емес*),теңізжол (теңіз жолы* емес*), сужол (су жолы* емес*), газқұбыр (газқұбыры* емес*), жүкмәшине (жүк мәшинесі* емес*), ғарышайлақ (ғарышайлағы* емес*)* деп ықшамдап, біріктіріп жазуға да, радио-телехабарларда; бір екпінмен біріктіріп айтуға да болар еді. Бір кездегі қазақ тілінде *алтайы түлкі, қазақы ер, арабы ат, қалмақы ер, асфаһани қылыш, асфаһани кілем, бұлғары садақ, үрімі мылтық* тәрізді тіркесті атаулар едәуір кездесетін. Ал қазір осындай тіркесті атаулар жасайтын модельді терминтүзімде неге жандандырмасқа? Мұндай үлгілерді термин түзуде сала мамандары пайдаланса, ұтылмас едік. Мысалы, биолог, ботаник, зоолог тәрізді сала мамандары қолданатын *алтай доланасы, алтай ұлары, алтай көртышқаны* дейтін кейбір тіркесті атауларды осы модельге салып көрелік: *Алтайы долана, алтайы ұлар, алтайы көртышқан* десек, тілдік нормаға қайшы келе қоймас. Мұндай модельдерді неге «жұмыс» жасатқызбасқа? Осы төңіректе сіздер мен біз ойланатын жайт әлі де бар сияқты. Әрине, алдын ала айтамыз, иіні келмеген жерде ешкімнің таласы жоқ. Ал икемге келіп тұрса, қазақ тілінің пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктерінің бір ауылы осы тұста болар деп ойлаймын.

Сөз бен сөзді қиыстырып, сөйлем құруға қызмет жасайтын тілдік үлгілерге сөзжасамдық қызмет теліп, қиыс жұмсап жүрміз. Осындай бір алуан тіркесті сөздерді тұлға жағынан ықшамдап, жазуда босаралықсыз жазсақ, – босаралықтың өзі

графикалық таңба ғой, – тұлға жағынан ықшамдалған күрделі атаулар мағына жағынан да жинақыланып, лексикалық бір бүтінге айналады. Сөйтіп, ұлттық тіліміздің сөз жүйесі әлгідей бірқатар сөзбен толыға түсер еді.

Ғылым мен білімнің әр саласынан төл оқулықтар жазылып, тілдің байырғы қатпарларында жатқан байлығын жан-жақты пайдалану аса қажет. Тіліміз бай дей тұра, сөз қазынасына жете көңіл бөлмей жүрген сияқтымыз. Сол байлықтың ішінде терминологиялық мазмұн беріп, жаңа сапада жұмсауға сұранып тұрған сөз шоғырлары аз кездеспейді. Алайда екі тілді аударма, терминологиялық сөздіктерде *контрабандист, контрабандашы* дегендер мұрнынан тізіліп тұр.

Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары тілінде *контрабанда, контрабандист* дегендерді *қарақшы* дейтін болды. Мысалы: *Қарақшылық жолмен әкелінетін тауарлардың көп таралуымен бірге, жасырын цехтар ашылып, оларда лицензияланған өнімдер қолдан көп мөлшерде көбейтілуде. Бұл орайда да заңнамаларға елеулі өзгерістер енгізу қажет* («Егемен Қазақстан», 31.03.04.).

Бұл – лексикалық норманы бұзу, яғни терминдік ұғымды лексикалық мағынаға зорлықпен қосақтау. Оған көз жеткізу үшін *контрабанда* мен *қарақшылық* дегеннің мағыналарын салыстырыңыз:

Қарақшылықтың мағынасы «жол торып, жүргіншілерді тонаушылық; ойрандаушылық; жауыздық». Ал *контрабанданың* мағынасы «тыйым салынған немесе салық салуға жататын тауарларды, бағалы заттарды, болмаса басқа бұйымдарды мемлекеттік шекарадан құпия түрде алып өту немесе өткізу». Терминологиядағы қазіргі үрдіс шеттілдік терминдерді мүмкін болғанша қазақшалау. *Контрабанда* сөзіне, бір есептен, қазақша балама іздеу дұрыс та болар. Бірақ оны оп-оңай *қарақшы* сөзімен қазақшалай салуға болмайды. Ана тіліміздің сөз байлығына зер салсақ, осы сөздердің толық баламасы болуға жарарлық *әткешшілік* деген байырғы сөздің бағы жанбай, ұмыт болған. Бұл сөз де әдеби тіл айналымынан қағаберіс қалып, қазіргі кезде құлағымыз тосырқауға айналды. Ал тіл шындығын қалт жібермеген жазушы қаламы шетқақпай болып қалған осы бір сөздің мағынасын ап-айқын, тап-тұйнақтай етіп, қағаз бетіне былай деп түсірген екен: «***Әткешшілік*** *ісін осы кезде қиын атайды. Соңғы мүйіз бен апиын өткізіп жатқандар қырғыздың әткешшілеріне ілесіп зорға өттік дейді*» (М.Әуезов).

Терминтүзімде ұстанатын негізгі принциптердің бірі – қазақ тілінің мүмкіндігін барынша пайдалану. Бұл принцип дұрыс болғанмен, ана тіліміздің сөз байлығын мүмкіндігінше дұрыстап пайдалануды жүзеге асыра алмай жүрген жайттарымыз бар.

Белгілі бір затты, құбылысты, уақиғаны бір сөзбен, яғни универб түрінде атау бар да, бірнеше сөзбен, яғни поливерб түрінде атау бар. Қазақ лексикасындағы деректерге көз жіберсек, бір кездері белгілі бір денотатты универбпен атау үрдісі басым болғанын байқауға болады: *жәутік* – «қарға аунағанға дейінгі түлкінің баласы», *жәудір* – «қарға аунағаннан кейінгі түлкінің баласы», *сарымық* – «жолбарыстың баласы», *қонжық* – «аюдың баласы»; *қодыға* – «киіктің баласы»; *қодық* – «есектің баласы», *соқыр* – «мысықтың баласы» т.б.

Мұндай құбылыс әлеуметтік-қоғамдық атауларда да кездеседі: *бише* – «би баласы», *мырза* – «әмірдің баласы»; *бағылан* – «бай баласы»; *құлшар* – «құл баласы»; *мағзұм* – «молданың баласы», *ханшайым* – «хан қызы», *ханзада* – «хан баласы».

Осыған ұқсас универб құбылысын тағам атауларынан да ұшыратуға болады: *саумал* – «биенің сүті» (жаңа сауылған), ал ашығаны – *қымыз*; қымызды бабында ұстау үшін үстіне саумал құйып, жиі-жиі пісіп отырады.

Саума – «сиырдың жаңа сауылған сүті» («парное молоко»); *құймақ* – «түйенің жаңа сауылған сүті», ашығаны – *шұбат*. Шұбатты жуасытып, ашуын басу үшін үстіне *құймақ* құйып отырады.

Жоғарыда біз үш тақырыптық топтағы – жануарлардың төлатаулары, қоғамдық-әлеуметтік қатынасты білдіретін атаулар, тағам атауларына қатысты сөздерді мысалға алдық. Бұл жүйедегі едәуір сөздік бірлік сирек, көне деп аталатын салғырт қабатқа қарай жылжыған». Лексикалық қабаттардағы «жылжу» құбылысы негізінен экстрафакторға тәуелді екені белгілі. Мысалы, *бише, мағзұм* т.б. қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге байланысты бірден салғырт қорға көшті; *құймақ, саума* тәрізді ұлттық дастарқан дүниелері *арақ, колбаса, шарап, сыра* тәрізді басқа мәдениет «өкілдерін» ығыстыра түсті.

Жануарларға қатысты *жәутік, жәудір, қодыға* атаулардың сирек, салғырт сөздердің қатарына қарай «жылжу» құбылысы қазіргі аңшылық кәсіптің ел тұрмысындағы әлеуметтік мәнділігінің бәсеңдеу факторымен байланысты болуы ықтимал. Қысқасы, жоғарыдағыдай атаулардың экстрафакторға байланысты тілдік ұжымның когнитивтік санасында бірте-бірте солғын тарта бастауы поливербтену үрдісінің етек алуына әсер етіп, лексикалық варианттардың пайда болуына ықпалын тигізді: *құймақ* деудің орнын *түйенің сүті, саума* деудің орнына *сиырдың жаңа сауылған сүті*, *қонжық* деудің орнына аюдың баласы, *қодыға* – киіктің лағы т.б.

Тіркесті атау (поливербтену) үрдісінің етек ала бастауы терминдік жүйеде байқалады: *қар барысы, қамыс мысығы, қара ләйлек, күміс қылшықты түлкі (писец), үй тұтқыны, сақалды тырна, өсіңкі жыл (високосный год)* т.б. Терминтүзім жүйесінде, терминдерді кодификациялауда тіркесті атаулардан (поливербтерден) гөрі дара атауларға (универбтерге) басымдық беру негізгі принцип. Олай болса, терминологияда, әсіресе салалық терминдер жүйесіндегі поливербтерді қайта қарап, олардың универб түріндегі атауларын заңдастыру қажет: *сабаншы (қамыс мысығы* емес*); бабыр (қар барысы* емес*); қарабай (қара ләйлек* емес*); қалтар (күміс қылшықты түлкі* емес*); мырза қамақ (үй тұтқыны* емес*), самалдық, самалық (сақалды тырна* емес*); кібісе жыл (өсіңкі жыл* емес).

Терминтүзімде, жоғарыда көрсеткендей, тіркесті атау (поливербтену) үрдісінің етек алып, олардың дара атау түріндегі баламаларын ұмытыла бастауы сөздік қорды, ондағы сөз байлығын мүмкіндігінше пайдалану принципін қатаңырақ ұстанбауымыздан, ұлттық сөздік қордағы сөз мүліктерімізді ескере бермей, «оңай» тұстан сөз ала салуды әдетке айналдырудан деп ойлаймыз.

Іздестіре білсек, іздей білсек, байырғы ақын-жыраулар, осы заманғы сөз зергерлерінің шығармаларынан *қалтар, самалдық, самалық, қарабай* т.б. дара атауларды молынан ұшыратуға болады. Ертерек кезде Бөлтірік ақын:

Қадіріңді білмес қатын бар
Қараңғы кештің түніндей,
Қылығы қымбат жақсы бар
Қалтардың асыл түгіндей, –

деген екен. Мұндағы *қалтар* «күміс қылшықты түлкі» дегенді білдіреді.

Қазақтың бұлбұл ақыны Мағжан Жұмабаевта:

Самалық! Самалық!
Көккүс көзін ашты ма?

Аяғын жерге басты ма?
Самарқанның көк тасы
Жібіді ме көрдің бе?
Қап тауының көккұсы
Жүгірді ме, көрдің бе? –
«Самалық! Самалық!»

деген өлең жолдарындағы *самалық* – жыл құстарының бірі, *сақалды тырна* деп жүргеніміз – осы құс.

Қара ләйлек деп айдар тағып жүрген құстың халықтық атауы *қарабай* екенін «Қобыланды» жырынан кездестіреміз:

Көл жағалай отырған
Көккұтан мен қарабай
Көтеріліп ұшқанда,
Белінен басып асады.

Ұлттық тіліміздің осы тәрізді сөз байлығы ескерілмей жатса, сөз мәдениетіміздің деңгейі жоғары деп айта қою қиын. БАҚ, ғылыми-жұртшылық, өзге де зиялы қауым халық тілінің сөз байлығын орнымен пайдалана білуге тиіс, олай болмаған жағдайда сөз жұтаңдығына шалдығу оңай. Жұртшылық назарын аударатын тағы бір мәселе сөз қолдану, сөз жұмсау мәдениеті жайында.

Соңғы жылдарда оқушы, студент жастар, жұмысқа орналаспақ болған жас мамандар өздерінің өмірбаяндық деректерін жазарда «пәленшесінші» жылы «тудым» деген дұрыс па, әлде «туылдым» деген дұрыс па деп, дағдарып қалатыны бар. Бұндайда «тудым деу қате», «туылдым деп айтқан дұрыс» деген әлдекімнің дүдәмал түзетуіне илана берудің жөні жоқ.

Өмірбаяндық ресми мәтінде дұрысы *тудым* деп жазу керек. Баяғыдан бері *тудым, туған* деп айтылып, осылай қолданылып келеді. Байырғы батырлар жырында мынандай жолдар бар: *Сен едің* ***туған*** *анамыз, Мен едім* ***туған*** *балаңыз. Тәуекел етіп сапарға, оңғарса, Құдай барамыз* («Нұрадын»). Олай болса, тілдік дағдыны (тілдік норманы) логиканың тезіне салып түзету жөн емес: тілдің заңы бір басқа, логиканың заңы бір басқа. *Келе жатыр, бара жатыр* дегенді «келгені», «жатқаны» не, «барғаны», «жатқаны» деп, логиканың қисынына салып түзете алмаймыз. *Тудым* дегенді *туылдым* деу әсіре логикашылардың шығарғандары. Тіпті, *туылдым* дегенді жөн-ақ делік, онда *туған әкем, туған қарындасым* дегендердің бәрін *туылған әкем, туылған қарындасым* деп, «жөнге» салу керек пе?

Тудым-ның мағынасы контексте ап-айқын аңғарылады. Сондықтан оны *туылдым* деп өзгертіп, мағынасын сан-саққа жүгіртіп, әурелеудің реті жоқ.

Қайсыбіріміздің *Мен пәлен жылы дүниеге келдім* деп жазатыны да бар. *Дүниеге келдім, дүние есігін аштым, жарық дүниеге келдім* дегендердің стильдік нышаны бар. Бұл сөздерде ресмилікке келе бермейтін көтеріңкі мән, кітаби бедер бар. Сондықтан бұл нұсқаны да абайлап қолданамыз. Абзалы, іс қағаздар стилінде *пәлен жылы тудым* деп қолдану ғой.

Ел құлағына жете берсін, реті келіп тұрғанда тағы да айтуға тура келеді: әлеуметтік үні ерекше болғандықтан, *салауатты өмір, салауатты өмір салты* дегенді күн сайын айтып, күн сайын жазып жатамыз. Дұрысы *–саламатты өмір,*

саламатты өмір салты. Әңгімеде ненің саламатты, сау, таза, дертсіз болуында ғой. *«Саламатсыз ба?»* деп амандасамыз, *«Сау саламат болыңыз!»* деп қоштасамыз. *Саламат* сөзінің мазмұнында – саулық, амандық, дерттен тазалық, жақсы көңіл-күй, бәрі де бар. Ал *салауат* сөзі әуел бастан-ақ «кешірім», «дұға оқу» дегенді білдірген. Өткенге салауат дейтін сөздің мағынасы осыған жақын. Олай болса, «әдет – әдет емес, жөн – әдет» деп, *«саламатты өмір салты»* дегеніміз дұрыс болар.

Тілімізде әрқайсысы өз алдына терминдік мағынаға ие болуға бейім *күн райы, ауа райы* тәрізді мағыналас сөздер аз емес.

Бұрын *ауа райы* деуші еді, соңғы кездерде республикалық телеарналардың бірінде «погода» сөзін *күн райы* деп айтып жүргенін құлағымыз шалып қалды. Бұл жайтқа белгілі жазушы Мұзафаң, Мұзафар Әлімбай мырза, түрткі болған тәрізді. Сөз қадірін жете танитын қаламгер «Жас алашқа» телефон соғып, *күн райы* «погода» сөзінің, ал *ауа райы* «климат» деген терминнің баламасы болатынын айтып, жөн сілтеген еді. Расында солай. 1931 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Атаулар сөздігінің» 46, 85-беттерінде Терминком «климат» сөзін *ауа райы*, ал «погоданы» *күн райы* деп көрсеткен.

Әдетте «күн райы жақсы екен», «күн райы бұзылайын деп тұр» деп айта береміз. Осындағы *күн райы* «погода» деген ұғымды дәл береді.

Әрине, бұл пікірмен келіспейтіндер *күн райы* тек күндізге ғана қатысты, ал түнге қатысы жоқ дегендей уәж айтады. Бірақ бұл сөзден ат-тонымызды ала қашу жөнсіз болар; өйткені *күн райы, күн суытты, күн жылыды* деген сөздерді тек күндізге қатысты айтылады десек, шаруа адамы «Күн райының түнге қарай бұзылатын түрі бар» деп айта береді. Бұл жерде *күн райының* мағынасы «погода» ұғымының тақиясына тар келіп тұрған жоқ.

БАҚ тілінде, ғылыми әдебиет пен оқулықтарда *ауа райын* «климат» деген терминдік ұғымда, ал *күн райын* «погода» мағынасында қолданып жатса, ондай үрдісті қолдау қажет деп ойлаймыз.

Қысқасы, естір құлақ болса, сөз қолдану мәдениеті жайында жұртшылықпен ой бөлісер жайттар да, талдайтын, таразылайтын фактілер де аз емес. Сонымен, сабақталған сөздің ұшын түйе келгенде айтар негізгі ұсынысымыз, терминжасамды, терминтүзімді, ономастикалық атауларды реттеуде, сөз мәдениетін көтеруге мынадай нақты шараларды қолға алып, жүзеге асыру жағын қарастыру керек деп білеміз:

1. А. Байтұрсынұлы атындағы Институттың картотека қорының негізінде Ұлттық сөздік қор құру. Ұлттық сөздік қорда ұлттық тіліміздің а) лексика-фразеологиялық байлығы, ә) терминдер, б) ономастикалық атаулар, в) ауызша-жазбаша түрдегі эмпирикалық материалдар т.б. жазба және электронды нұсқада жинақталып, жүйеленуге тиіс.

2. Баспасөз тілі мәдениетін көтеруге жәрдемін тигізетін «Орфографиялық сөздік» пен «Анықтағыш» тәрізді көмекші құралдарды дүркін-дүркін шығарып отыру қажет.

3. Сахна тілінің мәдениеті, теле-радиохабарлар тілінің мәдениетін көтеруге жәрдемін тигізетін «Орфоэпиялық сөздік» шығаруды дереу қолға алу керек.

4. Қазіргі кезде Орфографиямызда қордаланып қалған едәуір мәселе бар. Соларды шешу үшін Мәдениет, Ақпарат, Білім және Ғылым министрліктері тарапынан беделді Орфографиялық комиссия құру аса қажет.

М.ӘУЕЗОВТІҢ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖАЙЫНДА[14]

Тілге ажар беретін, жан бітіретін сөз кестесі мақал-мәтел, шешендік сөз орамдары, тұрақты сөз тіркестерінің суреткер шығармасында алатын орны ерекше. Жазушы қаламы із өкшесі халық тілінде жатқан мұндай сөз орамдарының ұмыт қалғанын үйірге қосып қорабасын молайтып отырған. Әйгілі «Абай жолы», «Қорғансыздың күні», «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Қараш-Қараш» т.б. классикалық туындылар жазушының тіл шеберлігін ғана еме, ана тіліміздің байлығын да, икем-оралымдылығын да көрсете алатын туындылар, тіл қазынасын тыңнан игерудің өнегелі үлгісін де жете танытқан шығармалар. Бұлардан көптігіне дөптігі сай алуан түрлі тұрақты сөз орамдарын кездестіреміз. Мәселен, фразеологизм табиғатында болатын эллипсис, дисфемизм тәрізді қаттаулардың бір ғана «Абай жолы» эпопеясынан алуан түрін ұшыратуға болады. Ал мұндай құбылыстардың, қолдана білсе, тіл көркемділігіне қосар өзіндік өрнегі де ерекше.

Әр уақытта тіл ұшына оралып тұратын тұрақты сөз орамы білгеніңше, қажетіңше қолдануға болатын пішімі дайын категория сияқты көрінеді, құбылтып, қаймағын бұзып қолдануға да ырық бермейтін жерлері бар. Табиғаты күрделі осындай тұрақты сөз орамдарының дағдыдан тыс, үйреншікті мағынасына үстеп өң беру, жаңадан экспрессия, эмоциялы рең дарыту Мұхаң тәрізді хас шебердің, шынайы сөз зергерлерінің қалам желісіне тән ерекшелік. Олай дейтініміз, бір алуан тұрақты сөз тізбегін жазушы сол даяр тілдік материал күйінде ала салмай, өзіндік өрнек қосады. Кез-келген жазушының ит тұмсығы батпайтын орман, қалың тоғай тәрізді даяр оралымды білетініне де, қолданатынына да шүбәміз жоқ. Ал М.Әуезов дағдылы, даяр әуеннен орнымен ауытқып, фразаны жартылай контаминация құбылысына ұшыратады, кейбір компоненттерін «уақытша» қалдыра тұрып, оның орнына екінші бір фразеологизмді үлестіре қоятын орайлары бар. «Қилы заман» шығармасының қолымызға іліге кеткен мына бір мысалды оқып көрейік: «Ит тұмсығы батпайтын, самсаған сары қол, түйілген жалпақ қара бұлттай болып, көк даланы қаптай басып, жәрмеңкеге қарап бет қойды». Мұндағы қол жай әскер емес самсаған сары қол, оған ит тұмсығы батпайды деп әсерлі, айшықты сөз қолданыс арқылы гипербола жасауы бүкіл сөйлем тұрқын экспрессивтендіріп тұр.

Тіліміздегі тұрақты сөз орамдарын көптеген қаламгер хал-қадірінше, білгеніншe қолданатыны белгілі. Мәселен, орта қол жазушыларымыздың бірі аңшылық өнер, саятшылық серуен жайында әңгімені өз шығармасына арқау етті делік. Осы ситуацияға орай мылтықтың *қанды басың бері тарт* деген сөз орамын қолдана білді делік. Сөз жоқ, орынды талап. Ал Мұхаңның қолданысындағы бір алуан фразалар өзіндік ситуация шеңберінен шығып, басқа бір жайттармен шебер шендесіп кетеді. Мысалы: *«Таңертеңнен бері әрбір арбаның түбінде ажал оғы аңдып, сығалап, қанды басың бері тарт деп отыр».* Мұндағы фраза көтерілісшілер мен патша әскерінің арасындағы қақтығысқа орай тұрақты сөз орамының өрісін кеңейте, осылайша еркін қолданады. Мұндай қолданыстың тіл көркемділігіне тигізер әсері де ерекше.

Жекелеген сөздер тәрізді фразеологизмдердің де қат-қабат лексика-семантикалық, дыбыстық вариациялары бар. Мәселен, академик І.Кеңесбаев, «Қазақ тілінің

---

[14] *Мақала Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы, – Алматы: Ғылым, 1978, №1 санында жарияланған.*

фразеологиялық сөздігінде» *ай дер ажа, қой дер қожа жоқ* деген тұрақты сөз орамының екі түрлі вариантын көрсеткен. Сәкен Сейфуллинде *әй дер әже, қой дер қожа жоқ* түрінде қолданылған. Бұл оралым М.Әуезов шығармалырында «Ай дер ажа, қой дер қожа жоқ» деген түрде ұшырайды: «Тобықты, шаялығыңды қылдың ба? Білегі жуандығыңды қылдың ба? Айрандай аптап, күбідей пісіп жүргенде ай дер ажа, қой дер қожа болған жоқ. Найманда алынбай жүрген кегің, тимей жүрген есең болса, оныңды айт!» («Еңлік-Кебек»). Біз бұл жерде мына вариант дұрыс, анаусы бұрыс дерліктей жөн-жосық айтқалы отырған жоқпыз. Кейбір тұрақты сөз орамдарының сыңарлары фонетикалық өзгеріске түсіп, мағына жаңғыртуы тілде бар заңды құбылыс. Ондайлар қайсыбір қаламгерлеріміздің тіл жұмсау дағдысында көмескі ізі қайта жаңғыртылып қолданыла береді. Мысалы: *иттің ұлы итақай* тіркесін Ғ.Мұстафин *иттің құлы итақай* деп қолданған. Алайда академик І.Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін» түзу барысында алдымен Мұхаң қолданған вариантқа жүгінудің себебі де жоқ емес. Өйткені жазушы мұндай сөздердің көне тұрқын танып, білімдарлықпен, лексика-семантикалық үйлесіміне орай қолданған. «Ажа» сөзі көне түркі жазба ескерткішіндегі *ачы, азы* «әке», шағатай тілінде *ажы* «аға», қырғыз тілінде *ажа* «үлкен кісі» мағынасын білдіреді. Ал тұрақты тізбектің бас шеніндегі «әй»-дің кейде «ай» болуы эвфонимиялық үйлесімге байланысты. «Абай жолы» эпопеясынан тағы бір мысал: *«Құнанбай сәлемін есіткен жерде, Бердіқожа томырылып қалып: – Е, мен баламды кәрі Құнанбайға кішілікке беруші ме ем?! – деді»* («Абай жолы»). Мұндағы *кішілікке беру* – «әйелдікке беру» деген мағынады. Көне түркі жазба ескерткіші – М.Қашқари сөздігінде *кіч, кічі* «әйел» мағынасындағы сөз. Жазушы тек тұрақты сөз орамындағы ғана емес, жекелеген кейбір сөздерді де өзге мағынасында орынды қолданады: *«Шырағым Абай, қарындасқа қайырымы бар бала деп естушек. Сондықтан кеп отырмын. Болмаса, ана Тәкежандай десем, келмес ем...»* («Абай жолы»). Мұндағы «қарындастың» ертеректегі мағынасы «бауыр, туыс». Қазіргі қазақ тілінде мағынасы тарылған, еркек кіндікке айтыла бермейді.

М.Әуезов шығармаларында тұрақты сөз тіркестерінің сан алуан түрлері бар дедік. Әсіресе тұрақты сөз орамдары варианттарының молдығы, вариант қатарының көптігі бірден назар аударады. Әрине, фразеологияда вариант мәселесі әлі түбегейлі өз шешемін таба қойған жоқ. Сондықтан да зерттеушілердің бұл мәселеде пікір арнасы әр түрлі. Дегенмен бір алуан варианттардың тіл жұмсау дағдысында стильдік, семантикалық рең алып, синонимдес қолданыстың қорабасын молайтып отырары сөзсіз. Сондықтан тұрақты тіркестің өзгермелі сыңарын молынан қолдануының жаңсақтығы жоқ. Бір айта кететін нәрсе, фразеологизмдегі лексикалық варианттар тұрақты сөз орамынан тыс тұрғанда олардың бірсыпырасы синонимдес бір қатар түзсе, бір алуанының мағынасы мүлде алшақ сөздерге жатады. Жазушы шығармасында мұндай вариациялардың түр-түрі табылады. мысалы: *Мұртын сындырған жоқ* деген фразаның *тұмсығын сындырған жоқ* деген варианттық қатары бар: «Бұларда мал дейтін мал да шағын. Азын-аулағы болса осы қыстау маңын қысы-жазы жесе де, бөктер шөбінің тұмсығын сындыра алмайды» («Абай жолы»). *Қара құрттай қаптаған, құжынаған...* тәрізді фразаның варианттық қатары *қара құрттай қайнаған* секілді қолданыспен молыға түседі. «Жазықтың орта кезінде қара құрттай қайнаған жәрмеңке сол өзеннің жағасында» («Қилы заман»). Немесе, *ұпайы түгел* деудің орнына *асығы түгел* деп те қолданылады. «Жарық айлы бүгінгі түн қаралы, қанды түн болды. Өз намысы оянбаған екі бейбақ, асығы түгел әлдекімнің намысына итаршылық жасады да – жайрап түсті қос арыс» («Барымта»). *Жер мойны алыс* деген тіркестің

ауыспалы сыңарының бірнеше синонимдері бар: *жер мойыны қашық, жер мойыны шалғай* т.б. Мысалы: «Қыс түсіп, мал арзандады. Сезімін елден алдыруға жер мойыны қашық» («Абай жолы»). Осы тіркестің тұрақты компонентінің өзін жазушы әр ыңғайда құбылта қолданады: «Мына боран айықпағалы міне үш күн болды, «Жыл мойыны жақын ба» деп дәме қылысып еді» («Абай жолы»). Үйреншікті қолданыстағыдай емес, тұрақты компоненттері де, ауыспалы компоненттері де өзгеріске түскен. Бұл жерде жазушы қаламының тыңға түсуі – дағдыдан ауытқу тәрізді болғанмен, лингвистикалық дұрыс шешімі бар. «Жердің» орынан «жылды» алуы, «алыстың» орнына «жақынды» қолдануы тілдегі ассоциация мен антономия құбылысында негізделген. Әдетте мезі болған жолаушыға жол ұзақ, мойындай жердің өзі ұзап кетеді, мал баққан жанға да солай, жұттың жылы үзілер жерде ұзарып, шығынға көп ұшыратады.

Жазушы осы тәрізді *мал ашуы – жан ашуы* дегенді ру арасындағы қыстау – қоныс, құдық-қорық таласына орай *жер ашуы – жан ашуы* деп орнын тауып өзгерте қолданады: *«Бұл қорлыққа шыдағанша өлген артық! – дегенше Бөкенші, Борсақтың тағы бірнеше жас жігіттері аттарын тебініп, ілгері шыға берісті. – Жер ашуы – жан ашуы!...»* («Абай жолы»).

Сөз қолдану, сөйлем құрауда жазушы дағдылы сүрлеумен тарта бермей, иінді жерінде инверсия тәсілін шебер қолданады. Зат есімге аяқталатын ерекше құрылымды сөйлем жүйелері ауызекі тілдегідей құбылтып, контекске жан бітіріп отырады. Көбіне еркін тіркестерде кездесетін мұндай тәсілді жазушы тұрақты сөз орамы ыңғайында да қолданады: *«...Ақжелкеден жаңалық хабарын естіп, жанасқан жерде тұмсығымен сүйкесіп, жай күйді танысатын бір илеудің құмырсқасындай іштен ұғысып, бір-біріне ым қағып тарасқан болатын»*. Дағдылы қолданыста *илеудің құмырсқасындай* емес, керісінше *құмырсқаның илеуіндей* деп айтылатыны белгілі. Инверсия жасау арқылы жазушы «өріп, құжынап жүрге» деген ұғымға қосымша жақындық, сыбайластық мағынасын үстемелеп тұр. Немесе *түйенің үлкені өткелде (көпірде) таяқ жейді* деп құбылтудың да нәзік сыры бар. Мысалы: *«Енді сен мен менің заманымда Албан баласы мынаған кез болды, батыр!... Өткелде түйенің үлкені таяқ жейді... айтсаң да, айтпасаң да тұйыққа келіп қамалдың»* («Қилы заман»). Бұл жерде «Түйенің үлкеніне, баса мән беріліп отыр: «Өткел» – қиын-қыстау кез де, «түйенің үлкені» – Ұзақ сияқты ел азаматы, батырлары.

Фразеологизмдердің сөйлемдегідей, еркін сөз тіркестеріндей орын тәртібін құбылта беруге көнбейтін ерекшілігі бар. Ал бірді-екілі тұрақты сөз орамдарын, мысалы «ай десе аузы жоқ, күн десе көзі жоқ» дегенді керісінше, «күн десе көзі жоқ» дегенді керісінше, «күн десе көзі жоқ, ай десе аузы жоқ» деп, орын тәртібін өзгертуге де болады. Бірақ бұдан алабөтен ерекшелік туа қоймайды.

Ал жазушы жасаған инверсия тәсілінен үстеме мағына, өзгеше рең пайда болатынын байқадық. «Абай жолы» романынан мысал келтірейік: *«Қой, Ділдә, Тіленшідей атадан сені керең құлақ қып туғызған мен емес. Шүленнен шөл туғызған мен деп пе едің? – деп кейіспен кекетті»*. Мысалдағы «шүленнен шөл туғызған» деген тұрақты тіркес орамы «атақты кісіден қуыс, тар кеуде туды» деген мағынаны білдірсе, *шөлден шүлен туған* деп өзгертуден мүлде қарам-қарсы ұғым тудырады. Әдетте жазба тіл дағдысында дендеп ене қоймаған, ауызекі тіл аясында жүрген кейбір «ойнақы орамдардың» сөз саптауымызда кездесе де беретіні белгілі. Мұндай қолданыстарда жақсының «жаман», жаманның «жақсы», ақтың «қара», қараның «ақ» т.б. болып құбыла кетуі де ғажап емес. Осындай ауызекі тіл орамдары да жазушы қаламынан қағаға беріс қалмаған.

КӨСЕМ ҚОЛДАНҒАН БЕЙНЕЛІ СӨЗДЕР[15]

Ленин мұрасы – миллиондардың университеті. Ғасырлар бойы мәңгі жасайтын өрісті ой, өшпес идея халық жүрегінде қалай жол тапты? Көрікті ойдың көмескі тартпай оқушы зердесіне ұялап, тыңдаушысын тебірентуі тіл шеберлігімен астасып жатады. Мұндайда бейнелі сөз орамының алатын орны айырықша. Өйткені, В.И.Ленин айтқандай, «мейлінше қиын құбылыстардың мәнін ғажап, дәл беретін бейнелі сөз болады».

В.И.Ленин қолданған бейнелі сөз орамдарының сипаты әр алуан. Солардың бірі – өмір құбылысын топшылаудан шыққан мақалдар мен мәтелдер.

Мақал-мәтелдің адам сана-сезіміне, ой-түйсігіне тигізер әсері айрықша. Бірақ осындай қуатты құралды атақты шешендер әр қилы мақсатта қолданып отырады. Олардың кейбір сөз маржаны – мақал-мәтелді әдемі сөйлеу үшін «әшекей» ретінде пайдаланса, енді бір шешендер «уағыз» бен «өсиет» ретінде пайдалануды салтқа айналдырған.

Ал В.И. Ленин мақал-мәтелдер мен бейнелі сөздерді ойын халыққа дәл де айқын түсінікті жеткізу үшін қолданған. Шын мәнінде де сөз маржанын «әшекей» етем деген адам терең ойдың тұнығын бұзып алуы мүмкін. Мұны В.И.Ленин жақсы аңғарған.

В.И.Ленинмен серіктес болған қоғам қайраткерлері оның қарапайым тілмен, тайға таңба басқандай айқын, әсерлі сөйлеуіне тәнті болған. Ұлы қаламгер М. Горький көсемнің шешендік шеберлігін былай сипаттайды: «Саясаттың ең қиын да күрделі мәселелері жөнінде жай ғана қарапайым тілмен сөйлеуге болатынын мен осы жерде тұңғыш естідім. Ол сұлу сөз құрастыруға тырысқан жоқ. Әрбір сөздің ішкі дұрыс мағынасын оп-оңай ашып, ап-айқын етіп алақанына салып беріп отырды. Бұл сөзден туған айрықша әсерді айтып жеткізу қиын».

В.И.Ленин қолданған бейнелі сөз түрлерінің бірі – ежелгі дүние мифтері мен аңыздарында айтыла келе нақылға айналған сөз орамдары, латын афоризмдері. Олардың бір алуаны: *Ахилестің өкшесі* – «әлсіз, осал жер» деген мағынада, *Геркулес* (грек аңызында – Геракл) мағынасы – одан әрі ешқайда баруға болмайды, шырқау шегі деген мағынада қолданылса, *Сизоф жұмысы* – ешбір нәтиже шықпайтын әрекет, *Понтиден Пилатқа дейін* деген ұғым бюрократизмді білдіреді.

Шешімі қиын шытырман нәрсе ертедегі грек аңызында кездесетін Гордий патшаның атымен *гордий түйіні* деп аталаған. Мұндай бейнелі сөз орамдарын В.И.Ленин революцияның қарсыластарымен сан қилы саяси пікір сайысында, революциялық үгіт, саяси насихат істерінде өте шебер пайдаланған. Мәселен, Ленин Меньшевиктер қол қойған «жойымпаздардың» көзқарасын уағыздайтын «Ашық хатты» геростратша әйгілі документ деп атаған.

Ал Герострат жайында аңызды білетін адамға мұндай орамның эмоциялық-экспрессиялық реңкі айрықша. Онда қаншалықты уытты мысқыл, өткір әжуа жатқанын аңғару оңай. Герострат біздің заманымыздан бұрын 356-шы жылы өзінің атағын әлемге жаю үшін көне заман өнерінің теңдесі жоқ туындысы – Эфесстің Артемида храмын өртеген. Басқаша айтқанда «жер өртеп атын шығарған». Оның атын атауға бүкіл кіші Азия қалаларында қатаң тыйым салынған. *Герострат даңқы* деген сөз «қаскүнем, жауыздықпен әйгілі, аты шулы болған» деген ұғымға саяды.

---

[15] *Мақала «Мәдениет және тұрмыс» журналы, 1980, №4 санында жарияланған.*

Көсемнің классикалық көркем әдебиетті өте көп оқығандығы белгілі. Сервантес, Толстой, Салтыков-Щедрин, Гоголь, Чехов, Тургенев т.б. ұлы қаламгерлердің туындыларында кездесетін кейіпкерлер Ленин еңбектерінде жиі ұшырайды. Ол саяси қарсыластарын әлгі шығармалардағы типтік бейнелерге теңеп, саяси астар береді. Мысалы, меньшевиктердің тұрақсыздығын, екіжүзділігін сынай келіп, оларды *Иудушка*, халықшылардың бос қиялшыл әрекетін *маниловшылдық* деп атайды. Қаражүзділерді *Собакеевич*, тоғышарларды *құндақтағы адам* деп тапқырлықпен әжуалайды. Ленин қолданған бейнелі сөз орамдарының бұдан да басқа түрлері бар.

Тіл ажарын аша түсетін айшықты сөз орамдарының көркем әдебиетте қолданылуы – көріктеуіш тәсілдің бірі. Ал философиялық еңбектерде, партия документтерінде, саяси пікір сайыстарында бейнелі сөз орамдарының жұмсалуы ғылыми-публицистикалық стильдің ерекше үлгісі. Мұндай еңбектерде бейнелі сөз орамдары алдымен ойды әсерлі, өтімді, өткір жеткізудің құралы. Бір сөзге бір сөз сәулесін түсіреді дегендей, көсем шығармаларындағы саяси, ғылыми терминдер бейнелі сөз орамдарымен астасып, терең ойдың мазмұнын айқындап, ашып тұрады. «Лениннің, әсіресе оның философиялық еңбектері тілінің бізге ұнау себебі неліктен? Себебі ол өз ойын ғылыми-философиялық стильден өзге де сөздермен жандандырып отырады» (акад. Л.В.Щерба). «Жұрт зердесіне жеткізе, қарапайым тілмен түсінікті жазып, түсінікті сөйлеуді Ленин Писемский, Чернышевскийден, әсіресе жұмысшылардың өзінен үйренді», – дейді Н.К.Крупская. Ленин халық тілін барынша құрметтеген. Сондықтан жұмысшы табы «Ленин – біздің көсеміміз, әрі жолдасымыз» – деп, оны ерекше мақтан етті.

СӨЗ ТАЛҒАМЫ – КӨРКЕМ ТІЛ КЕПІЛІ НЕМЕСЕ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ СТИЛІНДЕГІ КОНТРАСТ ТУРАЛЫ[16]

Қоғамдық қызметінің өрістей түсуіне байланысты әдеби тіліміз көркем әдебиет стилі, публицистикалық стиль, ресми стиль делініп, стильдік арналары саралана түсті. Осы процесс жаңа бір көркем тәсілдің пайда болып, көркем үлгі ретінде сөз шеберлерінің қаламында өңделе түсуіне бірден-бір себепші болды. Көркем әдебиет тіліне тән тіл ресурстарын (экспрессиялы-эмоциялы сөздер, эстетикалық мәндегі образды қолданыстар, фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер т.б) көріктеуіш тәсілдің дәстүрлі үлгілерін асқан шеберлікпен қолдана отырып, белгілі қаламгерлеріміз өзге де функционалдық стильдерде тіл бояуының соны түрін, сөз өрнектерінің жаңа нақышын тапты.

Жазушы өзге стильдік элементтерді дайын күйде «көшіре» салмай, қауызынан айырып қолданады. Сондықтан бөгде стильдік элементтер негізгі қызметінде жұмсалмай, эстетикалық мәнге ие болғанда, көркем тіл кестесіне лайық түрге енеді. Көркем әдебиет стилінің ерекшелігіне бағынып, жазушы идеясына тәуелді болады. Ал оларды «шикізат» күйінде жұмсау шығарма тілінің көркемдік өрімін бұзады.

Сөзді бірыңғай бір сарынмен, бір өңмен ала бермей, әр түрлі стильдерлен бояу ала біліп контраст жасау, өмір шындығын дәл бейнелеу – реалистік шығармаға тән тәсілдердің бірі.

Стильдік контраст – кейіпкер тілін бағалаудың бір тәсілі. Оның айқын көрінетін жері – көркем диалог. Ғабит Мүсіреповтың «Атақты әнші Майра» («Қазақ әдебиеті», 27,2,1981ж.) әңгімесіндегі мынандай диалогты мысалға алып көрейік:

– Шешей! – деп бастады Ержан (...)

– Шешей, біз арнаулы мемлекеттік жұмыстармен Орынбордан Керекуге келе жатқан студенттер едік. Ең алдымен ...

Әйел оның сөзін бөліп жіберді.

– Бұл қонақ түсетін үй емес , – деді үзілді-кесілді.

Ержан да бөгелген жоқ.

– Ең алдымен сіздің үйге кездескенімізге қуанып тұрмыз. Өйткені ...

Оның қуанғанына әйелдің іші жібімеген екен.

– Қуанып тұрғандай бұл үйде не нағашың, не жиеніңді көріп тұрған жоқ шығарсыңдар! Көз барда сол нағашыларыңды тауып алғандарың дұрыс болар! – деп, өзі шыққан есікті қаттырақ жауып жіберді.

Ержанның батылдығы әлі мойырылған жоқ екен. Тағы сөйлеп кетті.

– Өйткені, шешей, Қазақстан қызыл тулы ел болып, өзінің экономикалық байлығын, ұлттық рухани байлықтарын жаңа жинап жатқан дәуірінде, – дей берді де тілі байланғандай, оқыс тоқталып қалды.

Сырт қарағанда осы келтірілген микромәтінде мен мұндалап тұрған «әшекей», (автор қаламына тән метафора, теңеу, эпитет т.б) жоқ, бірақ әсері айырықша. Ержан үй иесі әйелдің алдында митинг мінбесінде тұрғандай афоризммен сөз бастайды. Асқақ сөзбен әсер етем деуі еріксіз езу тартқызады. Егер Ержан жиында, топ алдында дәл осылай сөйлесе, әсері өзгеше болып, басқаша эффект тудырар еді. Өйткені сөздің «дағдылы» ортада қолданылуы бар да, тосын ортада тап болуы бар. *Мемлекеттік жұмыстар..., Қазақстан қызыл тулы ел болып, өзінің экономикалық*

[16] *Мақала «Қазақ әдебиеті» газеті, 1981, 11 желтоқсанда жарияланған.*

рухани байлықтарын жаңа жинап жатқан дәуірде тәрізділер публицистика стилінде қолданылса, ол – мұндай сөздердің дағдылы, үйреншікті ортасы. Ал бұл тәрізді патетикалық тізбектердің сөйлеу тілі ыңғайында құрылған көркем диалогта қолданылуы – сөздің тосын ортаға тап болуы. Сөздердің, сөз тізбектерінің стиль сферасын ауыстырып, стильдік бүтін ретінде осылайша «бөтен» ортада «жерсіндіре» отырып, нәзік юмор жасауы-суреткер қаламына тән ерекшеліктің бірі. Осылайша «сөз жезін алтындай етіп келістіру» шебер жазушы болмаса, екінің бірінің қолынан келе бермейтін құпия. Сонымен сөздің бөтен ортада тосын жұмсалуы айырықша эмоция тудырады. Сөздің экспрессиялық қуаты артады. Жазушы қаламы сөздің жайшылықта көрінбейтін отын тұтандырады. Көріктеудің мұндай тәсілі (стильдік контраст) аратұра кейіпкердің ішкі сезім-күйі, жан тебіренісі т.б. сәттерін дәл беретіндей метафора, теңеу, эпитет қайталау тәрізді бейнелі қолданысқа ұласып жатады: «Бұғанға дейін Майраның жүзінде қуаңдық бар еді. Қара көздері тұнық, қара судай тым тұнық еді, енді сол тұнықтың бетін самал лебі сипап өткендей қара көздері жарқырап жүзіне ыстық күн жүгіріп сала берді... Қызы келе Майра апай өзінің атақты әнін де айтып берді. Даусын тот баспаған. Желді күн тоты құстың зеңгір көк-ала құйрығын қалай құлпыртар еді, бұл әнге салғанда Майраның дауысы да сондай құлпырып кетті».

Осылайша сөз образдылығы бөгде стильдік бояумен (контрастпен) астасып, әңгіме тілі бүтіндей көркемдік сипатқа ие болады.

Әр стильдік арналардың бояуын дәл бере түсіп, тіл реңін ашатындай контраст жасау өзге де әйгілі қаламгерліміздің туындыларында, қазіргі әдебиетіміздің жаңа бір бұтағы саналатын кейінгі буын жазушыларымыздың тіл көріктеуінде де кездесіп отырады. Бөгде стильдік бояуларды эмоциялық әсер тудыру, кейіпкер тілін даралау, тілдік «паспорт» беру т.б мақсатта, көркем тілі талабына лайық қолданып отыру – қаламгердің көркемдік арсеналын кеңейте түседі.

Енді өзге жазушылардың тілінде кездесетін, осындай үлгіге саятын қолданыстың біріне назар аударып көрейік.

«Қазіргі әйел – от басы, ошақ қасының адамы емес. Ол – адал жар, мейірімді ана, белсенді қоғам қайраткері. Сонымен бірге ол қала мен ауыл мәдениетінің арасындағы алшақтықты жоюшы бірден-бір қозғаушы күш. Пістекүл – менің ұғымымда сол деңгейден табылатын, бүгінгі заманға лайық әйел, – деді». (Дулат Исабеков. Есеп шот, түйетауық және домино. Әңгіме. «Қазақ әдебиеті», 26.6.1981ж). Бұл үзіндіні ауыл клубындағы концерттен қайтқан қатар құрбылардың өзара әңгімесі емес, газет-журналдағы мақалалардың сөзіне ұқсатар едік. Автор публицистика стиліне тән бояуды әдейі қолданып, кейіпкер сөзін әдеттегі сөйлеу стилінен мүлдем бөлек құрған. Әңгімеде бір көрінер жанама кейіпкер үй арасы, қатар-құрбы арасында «қағаздағыдай» сөйлейтін ерекшелігімен оқушы есінде қалады. Осылайша сөздің публицистикалық реңі жұмсақ юморға айналады. Сонымен өзге стильге тән тізбекті көркем тіл өрнегіне ендіру айрықша эмоция тудырады. Мұндай тәсіл тек кейіпкер тілінде ғана емес, авторлық баяндауда кездесетіндігін байқаймыз. «Біраздан соң Ботпай ұтыла бастады. Вообще резіңкенің аты резіңке, – деді ол өзімен-өзі айтысқандай басын шайқап. Енді бірнеше минуттан соң оған жеңіліс қаупі төне бастады (...).

...Күйеуінің тарапынан не материалдық, не рухани көмек болмаған соң, әйелі бөлме ортасында ұзақ тұрып, ешкімнің көмегінсіз өзі есін жиды да, сыбысын білдірмей сыртқа шығып кетті (...)».

Осы контекстегі *жеңіліс қаупі төнді; күйеуінің тарапынан не материалдық, не рухани көмек* тәрізділер өзге стильдік стандарттар. Бөгде стильдік қолданыстардың

«бөтен» ортада жұмсалып, айрықша эффект тудыратыны рас. Бірақ осындай тәсіл негізгі кейіпкерлер болмысымен «біте қайнасып» жатыр ма? Егер Пістекүл, Ботпайлар «кітаптағыдай» сөйлейтін немесе «қаға жандылау» болса, бір сәрі, бұл тәсіл сатиралық астарды аңғартады. Онда, бәлкім, мұндай тәсілді ара-тұра қайталап қолдана беру кейіпкерлер бейнесін аша түсуге септігін тигізер де еді. Бірақ әңгімедегі Пістекүл, Ботпайлар сатиралық мақсаттағы кейіпкерлер емес. Сондықтан автор басы артық әсірелеуге барған. Осындай әсірелеу жиілей берсе, жеңіл юмор сатиралық әжуаға айналып кетер еді. Диалогта немесе авторлық баяндауда қолданылатын стильдік контрастар түптеп келгенде кейіпкер болмысынан бөлектенбейтіндей біртұтас болуы шарт. Сонда ғана жазушының көріктеу тәсілінде шашырандылық болмай, көздеген нысанасына оқушысын адастырмай апарар еді.

Бөгде стильдік элементтерді жазушы белгілі бір мақсатқа орай әдейі жұмсап, стильдік бояуларды «дәл» бере білсе, көркем шығарма тілінің жарасымы арта түседі. Жазушы сөздердің стильдік бояуында болатын небір нәзік айырымдарды сезе білуге тиіс. Сонда ғана бұл тәсіл көркемдік сипатқа ие болып, шығарма тіліне тартылған жаңа желідей көрінеді. Ал әр түрлі стильдердің парқын ажыратпай, әйтеуір осылай екен деген желеумен көркем әдебиет тілінде қолдана беру тіл түйсігінің төмендігін көрсетеді. Әдеби тілдің жүйеге түскен стильдік нормасымен санаспай, әр басқа стильдік элементтерді көркем шығарма тілінде мақсатсыз араластырып жіберу – эклектизм. Төл бояуы бұзылған ондай шығарма өмірдің, шындықтың көркем суретін дұрыс бере алмайды.

Әдетте сөз мағынасына жете мән бермей қолдану, тігісі теріс тіркес құру немесе жалған метафора, жасанды теңеуге бой ұру тәрізділердің көркем тіл өрнегіне мүлдем жат екендігі белгілі. Сондықтан да кейбір жазушылардың тілінде ұшырайтын мұндай олқылықтар ара-тұра орынды сыналып, кемшіліктер дәл көрсетіліп те жүр. Ал әр түрлі стильдік элементтерді көркемдік мақсатқа сай жұмсамай, араластырып жіберу де, сөздің стильдік өрісін білмей жұмсау да, сайып келгенде, тіл көркемдігін мүлдем төмендететін «дерттер». Бірақ мұндай кемшіліктер шығарма тілін талдаған сын мақала, рецензияларда көбіне сын қаламына ілінбей жабулы күйде қалып жүр. Ал баспа беттерінде жарық көріп жатқан әңгіме, повесть, романдардың қайсы бірін оқып отырсақ, кейбір авторлардың сөздің стильдік бояуына мән бермей орынсыз жұмсайтындығы байқалады. Әртүрлі стильдік элементтер жөнсіз араласқан ондай шығарманың тіл ала-құла көрінеді.

«Естідің бе, естімедің бе, өзің көрген Шырын жеңгең мен жалғыз ұлым он жетінші жылғы дүрбелеңде тап жауларының қолынан қаза тапқан» (С.Досанов. Өткен күнде белгі бар. Роман «Жұлдыз», 1981, №3). Сөйлем құрылымы жалпы дұрыс сияқты көрінгенмен, стильдік талапқа сай емес. Олай дейтініміз *тап жауларының қолынан қаза тапқан* тәрізді стандарт сөйлеу тіл реңін бұзып тұр. Белгілі бір стильдік элементті ешбір көркемдік мақсатсыз, бояуын сезбестен екінші бір стильге тели беру аққа қара баттастырғандай тым сұрықсыз көрінер еді. Әр стильдік бояуларды өң түсіне қарамай осылайша араластырып қолдану, шұбыртпа сөзділік: *«Ат арба, өгіз арбаға мініп келе жатқан кісілер арасында жаяу келіп жатқандар да, салт аттылар да, түйеге мінген кісілер де бар»* (сонда). Тағы басқа ақаулардан сөз өрімі жиі бұзылып, роман тілі жатық, бір тегіс көрінбей кедір-бұдырлы болып, оқушысын әр жерде бір сүріндіріп отырады.

«Жұлдыздың» жаңа авторларының бірі Сапар Мамырайымовтың «Жан ашырың көр сенің» («Жұлдыз» 1981 №1) деп аталатын әңгімесі оқушысын бұдан да зор

әсерге «бөлейді». *«Директордың қабылдауынан оралған соң, түс қайта соққамын. Бәрін де айттым. Ақылды ғой Күнсұлу. Жүрегімді түсінді. Қуаттады шешімімді».* Автор сөйлеу тіліне тән реңкті дәл бере алмаған. Ресми қолданысқа лайық стандарттардың (директордың қабылдауында, қуаттады шешімімді) бұл контекске кіріспей тұрғандығын оқушы айқын сезеді. Бөгде стильдік элементтер ешбір көркемдік мақсатсыз қолданылғандықтан сөйлеу стиліне тән бояуды бұзып тұр. Сөздің реңкін сезінбей қолдану диалогта ғана емес, авторлық баяндауда да кездеседі. *«Сағат тілі сегізді көрсеткен шамасында қызыл барқыттан тігілген клуб сахнасының шымылдық пердесі ысырылып, концерт номерін жариялаушы конферансье Қарлығаш апай қалың көпшілікті Ұлы Октябрь мерекесімен құттықтап, ұстаздар мен шәкірттер атынан ізгілік білдірді. Содан соң жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы кластың жастарынан шертіп жүріп іріктелген топ құрап, төрт қатар етіп тізген сахна төріндегі оқушылардың орындауында «Бейбітшілік берік қолда» әні залды жарып жіберердей шырқалды»* (сонда).

Осы үзіндіде орашолақ құрылған тіркестер *(...қызыл барқыттан тігілген клуб сахнасы.., төрт қатар етіп тізген сахна...);* басы артық сөз қолданыс тавтология *(шымылдық перде, концерт номерін жариялаушы конференсье);* сөз мағынасының байыбына бармай қолдану *(жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы кластың жастарынан..»* (Сонда бұл кластың қарттары да болғаны ма?); ресми қолданысқа тән тізбектер мен сөйлеу тіліне тән элементтердің араласып кетуі *(Ұлы Октябрь мерекесімен құттықтап, ұзтаздар мен шәкірттер атынан ізгілік білдірді, жастарынан шертіп жүріп, залды жарып жіберердей шырқалды)* көркем тіл кестесіне мүлдем жанаспайтын «қырық құрау» шикі қолданыстар. Ешбір оқушы мұндай дүмбілез дүниелердің «Жұлдыз» тәрізді көркем әдеби журналымыздың беттерінде жүруін еш қаламас еді.

Жазушының әр түрлі стильдік бояуларды дұрыс қолданып, нәзік айырымдарын дәл бере білуі – төл әдебиетімізде дәстүрге айналған көркемдік тәсіл. Мұндай тәсіл жалпы әдеби тілдің функционалдық стильдерінің одан әрі саралана, айқындала беруіне көп әсерін тигізеді. Сөйтіп көркем шығармада көрінген стильдік бояулар, реңктер, стильді оқушы санасында да қалыптастыруға белгілі дәрежеде ықпал етіп отырады. Көркем әдебиет оқушының эстетикалық талғамын жетілдіріп қана қоймай, сөзді стильдік өрісіне сай, талғап жұмсауға үйретеді. Функционалдық стильдердің реңкін, нақышын дәл сезінуге оқушы сезімін тәрбиелейді. Ал әр текті стильдердің небір нәзік айырымы дәл берілмей бояуы бұзылып жатса, бұл бір жағынан жазушы тілінің көркемдігіне айтарлықтай нұқсан келтіреді, екінші жағынан, әдеби тілдің қалыптасқан немесе қалыптасып келе жатқан стильдік структурасын зақымдайды.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІНДЕГІ СТИЛЬДІК КОНТРАСТ[17]

Көркем әдебиет тілінде жұмсалатын метафора, эпитет, теңеу, сөз мағыналарын ауыс мәнде құбылта қолдану т.б. ертеден келе жатқан көріктеуіш тәсілдер. Сөз кестелеудің бұл тәрізді дәстүрлі түрлерінің ауыз әдебиеті мен байырғы әдеби тіл [1, 57] мұраларында және жаңа әдеби тілімізде жасалған небір айшықты, классикалық үлгілері бар. Көріктеу қуаты мол, қолданылу мүмкіндігі шексіз мұндай өміршең, дәстүрлі тәсілмен қатар, кейінгі кездердегі әдеби процестерде пайда болған, көркем қолданысқа айнала бастаған тәсілдер де жоқ емес. Олар әдеби тілдің стильдік салаларының қалыптаса түсуіне орай пайда болды.

Қоғамдық қызметтің өрістей түсуіне байланысты әдеби тіліміз көркем әдебиет стилі, публицистикалық стиль, ғылыми стиль, ресми стиль [2, 14-37] делініп, стильдік арналары саралана түсті. Осы процесс жаңа бір көркем тәсілдің пайда болып, көркем үлгі ретінде сөз шеберлерінің қаламында өңделе түсуіне бірден-бір себепші болды. Көркем әдебиет тіліне тән тіл ресурстарын (экспрессиялы-эмоциялы сөздер, эстетикалық мәндегі образды қолданыстар, фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер т.б.) көріктеуіш тәсілдің дәстүрлі үлгілерін асқан шеберлікпен қолдана отырып, әйгілі қаламгерлеріміз өзге де функционалдық стильдерден тіл бояуының соны түрін, сөз өрнектерінің жаңа нақышын тапты.

Жазушы кейіпкер тілін даралау арқылы оның түсінік-түйсігін аша түсіп, бітім-болмысын айқын көрсетуді мақсат тұтады. Әр кейіпкердің іс-әрекетіне орай сөйлеген сөзі де оларды бір-бірінен өзгешелеп тұрады. Ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің «Дос – Бедел досында» (М.О.Әуезов, Шығармалар. 1969, 10-т., 429-484-б.) кейіпкерлердің тілдік мінездемесі әр түрлі. Жазушы әр кейіпкердің өз мінезіне, әр әрекетіне лайық нанымды сөйлетеді. Бедел – терең пайыммен, толғамды оймен сөз айтса, Жаппас – байбаламшыл, жала жауып күйе жағып сөйлейтін, дөрекі тілді, домбытпа сөзді. Жазушы кейіпкерлер тілін бұлайша даралаумен шектелмей, шығарманың композициялық иініне орай, өзге стильдік арналардан да бояу тартып, шындықты өз өңімен, шын сырымен шебер өрнектейді.

Социалистік мәдениет, тарихи диалектизм, тарихтық документ, коммунистік тәрбие, марксшік-лениндік ілім т.б. кейіпкер тілінің ғылыми сипатына тән бояуды аша түссе, *...революцияның нұр күні тоңдарды жібітіп, мұздарды еріте отырып, адамзат көктемін әкелгені кәні...* тәрізді афоризм публицистикалық қолданысқа тән реңк үстейді. Ал *құттықтау телеграмдар, жолдас ғылыми кеңестің бастығы, күн тәртібіндегі мәселе,* т.б. ресми сипатты танытатын бояулар.

Дүниаyи, жаһил, мағлум, мәжбуғат, мәсжид, мужтаһид, тауарих, уәзифа, шәһәр, һәмәнда т.б. сөздері жазушы кейіпкерлер аузына кездейсоқ салып отырған жоқ, мұндайлар кейіпкер сөзіне ескіше өң беретін тілдік маскалар. Орфографиялық қағидадан әдейі ауытқи отырып, жазушы көнелік реңкті графикалық тәсілмен де беріп отырады*: ғауым – қауым, хазір – қазір, хиянат – қиянат, фиғыл – пиғыл, шарафат – шарапат, әлбәттә – әлбетте,* т.б. Саналы түрде, көркемдік мақсатқа орай алынған мұндай бөгде стильдік элементтерді таза коммуникациялық мақсатта жұмсамай, эстетикалық қызметке жеккен. Жазушының стиль тезіне түскен (стилизацияланған) мұндай қолданыстары өзге сөздермен «тіл табысып» барып, шығарма тілінің көркемдік кестесін құрайды.

---

[17] *Мақала «Жазушы және сөз мәдениеті» жинағы, – Алматы: Жазушы, 1983 ж. жарияланған.*

Ғабит Мүсіреповтің қалам өрнегіне тән көріктеуіш тәсілдердің небір құнарлы түрлері бар. Суреткердің әдеби тілдің әр стильдерінен бояу салып, өрнектеуі де, біздің байқауымызша, шебер жасалған сан тарау көркем үлгілердің бірі. Осындай үлгі жазушының «Болашаққа аманат» деп аталатын тарихи драмасынан да («Жұлдыз», 1981, № 1) айқын байқалады. Драмадағы негізгі тұлға – Сырым. Оқиғаның өріс-тер шеніндегі Сырымның ханменен сөз қақтығысы халық ұғымындағы тарихи Сырымның шешендігін еске түсіреді:

Хан:

– Тегі, бала жасынан би атанған Сырым қырыққа жете бере қартаяйын деген-ау, сірә! Ханмен жауласпаймын, хандығымен жауласамын деген сөз бола ма екен? Ханы бар, хандығы жоқ ел болғанын қайдан естіп жүрсің?

Сырым:

– Тегінде, екінің бірі дұрыс болар: не мен қырыққа жетпей қартайған болармын, не кейбіреулер қырыққа жеткенше қырқынан шыға алмай қойған болар...

Сырым бейнесі бұдан әрі қарай да осылайша «шешендік тілмен» даралана түсуге тиіс көрінеді. Бірақ оқушы күтпеген жерден тіл контрастына тап болады. Ұтқыр уәжбен ұтымды сөйлейтін шешен Сырымның сөз желісі өзге мәнерге ауысып отырады.

Жер-су мәселесі әділетпен шешілмеген болса, халық кеңесі өз міндетін атқара алмаған болар еді... Халық кеңесінің кезекті жиналысын ашық деп жариялаймын... Мал шаруашылығының ыңғайына т.б. Сөз желісінің бұлайша өзгертіп отыруының өзіндік көркем шешімі бар. Бұдан түйсінеріміз – жазушы Сырымды бастан-аяқ ескі бидің мақамымен сөйлете бермейді. Сырым батыр, шешен ғана емес, ел билеудің ескі тәсілі – халыққа қарсы шыққан күрескер. Халық кеңесінің төрағасы. Әсіресе ресми сипаттағы бөгде стильдік қолданыстар кейіпкер тіліне ел басқарудың демократия-лық түріне лайық мазмұн үстеп тұр. Жазушының тіл акварелі осындай басты идеяға бағынған.

Сөйлеу тілі [3, 39] фонында **шешендік тілге тән сөз орамдары** *(...қара қанжар қайраулы...; ер жүректің шайылғаны, ер Сырымның тайынғаны...; еркелеттің уандым, жан серігім дедің, бұрын естімей жүргендей қуандым... т.б.);* **дипломатиялық мәнердегі сөз өрнектері** (Губернатор: *– ... Ең алдымен халық кеңесі деген ел басқарудың жаңа түрін тапқан, Сырым би, сізді..., ...сіздің осындай пікірді аянбай жақтаған сіздің халқыңызды құттықтаймын... бұдан былай Россия халықтарының арасында достық күшейте беруіне халық өкіметі тізе қосар деп үміт етеміз.* Сырым: *– Рақмет, барон мырза, мен барлық халқымыздың атынан рақмет айтып, Сізді құттықтағым келеді... сізге деген біздің алғысымызды да ауызбен айтып жеткізу маған да оңай болып тұрған жоқ);* кейіпкер тіліне **ескілік сипат үстейтін «гримдер»** *(улуғ мәртебелі; мархаматыңызға мауафих; кіші жүз халықтарының бахытына аһаж хурмет уағиззатын бағыштанғыш),* т.б. әр стильдік бояулар контраст тудырып, шығарма тілінің көркемдік сипатын аша түсуге септігін тигізіп тұр. Жазушы тілінің бір сарынды болмай, сөз бояуының бір өңкей көрінбейтіні де сондықтан. Бояуы бөтен бөгде стильдік элементті жазушының сезімтал қаламы сөйлеу тіліне жанастырып «тірілтіп» отырады *(шала піскен мәселе, күйіп тұрған мәселе т.б.)*.

Жазушы өзге стильдік элементтерді дайын күйінде «көшіре» салмай, қауызы-нан айырып қолданады. Сондықтан бөгде стильдік элементтер негізгі қызметінде (коммуникациялық функцияда) жұмсалмай, эстетикалық мәнге ие болғанда, көркем

тіл кестесіне лайық түрде енеді. Көркем әдебиет стилінің ерекшелігіне бағынып, жазушы идеясына тәуелді болады. Ал оларды «шикізат» күйінде жұмсау шығарма тілінің көркемдік өрімін бұзады.

Сөзді бірыңғай, бір сарынмен, бір өңмен құра бермей, әртүрлі стильдерден бояу ала біліп, өмір шындығын дәл бейнелеу – реалистік шығармаға тән тәсілдердің бірі.

Стильдік контраст – кейіпкер тілін даралаудың бір тәсілі. Оның айқын көрінетін жері – көркем диалог. Көркем диалог – драманың негізгі компоненті болса, ал прозалық шығарманың құрамдас бөлігі. Сондықтан стильдік контраст тек драмалық туындыларда ғана емес, көркем проза жанрында кездесуі заңды. Көркем әңгімеде стильдік контраст жасай білудің әсері айрықша. Енді жазушының «Атақты әнші Майра» (Қазақ әдебиеті», 27.2.1981) әңгімесіндегі мынадай диалогты еске түсіріп көрейік:

– Шешей! – деп бастады Ержан (.....).

– Шешей, біз арнаулы мемлекеттік жұмыстармен Орынбордан Керекуге келе жатқан студенттер едік. Ең алдымен...

Әйел оның сөзін бөліп жібереді:

– Бұл қонақ түсетін үй емес, – деді үзілді-кесілді.

Ержан да бөгелген жоқ:

– Ең алдымен сіздің үйге кездескенімізге қуанып тұрмыз. Өйткені...

Оның қуанғанына әйелдің іші жібімеген екен.

– Қуанып тұрғандай бұл үйде не нағашың, не жиеніңді көріп тұрған жоқ шығарсыңдар! Көз барда сол нағашыларыңды тауып алғандарың дұрыс болар! – деп, өзі шыққан есікті қаттырақ жауып жіберді.

Ержанның батылдығы әлі мойырылған жоқ екен. Тағы сөйлеп кетті:

– Өйткені, шешей, Қазақстан қызыл тулы ел болып, өзінің экономикалық байлығын, ұлттық рухани байлықтарын жаңа жинап жатқан дәуірінде...– дей берді де тілі байланғандай, оқыс тоқталып қалды.

Сырт қарағанда осы келтірілген микротекстe мен мұндалап тұрған «әшекей» (автор қаламына тән метафора, теңеу, эпитет т.б.) жоқ, бірақ әсері айрықша. Ержан үй иесі әйелдің алдында митинг мінбесінде тұрғандай афоризммен сөз бастайды. Асқақ сөзбен әсер етем деуі – еріксіз езу тартқызады. Егер Ержан жиында, топ алдында дәл осылай сөйлесе, әсері өзгеше болып, басқаша эффект тудырар еді. Өйткені сөздің «дағдылы» ортада қолданылуы бар да, тосын ортаға тап болуы бар. *Мемлекеттік жұмыстар..., Қазақстан қызыл тулы ел болып, өзінің экономикалық рухани байлықтарын жаңа жинап жатқан дәуірде* тәрізділер публицистика стилінде қолданылса, ол – мұндай сөздердің дағдылы үйреншікті ортасы. Ал бұл тәрізді патетикалық тізбектердің сөйлеу тілі ыңғайында құрылған көркем диалогта қолданылуы сөздің тосын ортаға тап болуы. Сөздердің, сөз тізбектерінің стиль сферасын ауыстырып, стильдік бүтін ретінде осылайша «бөтен» ортада «жерсіндіре» отырып, нәзік юмор жасауы – суреткер қаламына тән ерекшеліктің бірі. Осылайша «сөз жезін алтындай қылып келістіру» шебер жазушы болмаса, екінің бірінің қолынан келе бермейтін құпия.

Сонымен сөздің бөтен ортада тосын жұмсалуы айрықша эмоция тудырады. Сөздің экспрессиялық қуатын арттырады. Жазушы қаламы сөздің жайшылықта көрінбейтін отын тұтандырады. Көріктеудің мұндай тәсілі «стильдік контраст» аратұра кейіпкердің ішкі сезім күйі, жан тебіренісі т.б. сәттерін дәл беретіндей метафора, теңеу, эпитет, қайталау т.т. тәрізді бейнелі қолданысқа ұласып жатады: *Бұғанға дейін*

Майраның жүзінде қуаңдық бар еді. Қара көздері тұнық қара судай тым тұнық еді, енді сол тұнықтың бетін самал лебі сипап өткендей қара көздер жарқырап жүзіне ыстық қан жүгіріп сала берді: ... Қыза келе Майра апай өзінің атақты әнін де айтып берді. Даусын тот баспаған. Желді күн тотықұстың зеңгір көк-ала құйрығын қалай құлпыртар еді, бұл әнге салғанда Майраның дауысы да сондай құлпырып кетті.

Осылайша сөз образдылығы бөгде стильдік бояумен (контрастпен) астасып, әңгіме тілі бүтіндей көркемдік сипатқа ие болады.

Әр стильдік арналардың бояуын дәл бере түсіп, тіл реңін ашатындай контраст жасау өзге де әйгілі қаламгерлеріміздің туындыларында, қазіргі әдебиетіміздің жаңа бір бұтағы саналатын кейінгі буын жазушыларымыздың тіл көріктеуінде де кездесіп отырады. Бөгде стильдік бояуларды эмоциялық әсер тудыру, кейіпкер тілін даралау, тілдік «паспорт» беру т.б. мақсатта, көркем тіл талабына лайық қолданып отыру қаламгердің көркемдік арсеналын кеңейте түседі.

Енді өзге де жазушылардың тілінде кездесетін, осындай үлгіге саятын қолданыстың біріне назар аударып көрейік: *Қазіргі әйел – отбасы, ошақ қасының адамы емес. Ол – адал жар, мейірімді ана, белсенді қоғам қайраткері. Сонымен бірге ол қала мен ауыл мәдениеттің арасындағы алшақтықты жоюшы бірден-бір қозғаушы күш. Пістекүл – менің ұғымымда сол деңгейден табылатын, бүгінгі заманға лайық әйел, – деді* (Дулат Исабеков. Есеп шот, түйетауық және домино. Әңгіме. «Қазақ әдебиеті», 26.06.1981.). Бұл үзіндіні ауыл клубындағы концерттен қайтқан қатар құрбылардың өзара әңгімесі емес, газет-журналдағы мақалалардың сөзіне көбірек ұқсатар едік. Автор публицистика стиліне тән бояуды әдейі қолданған. Кейіпкер сөзін әдеттегі сөйлеу стилінен мүлдем бөлек құрған әңгімеде бір көрінер жанама кейіпкер үй арасы, қатар-құрбы ортасында «қағаздағыдай сөйлейтін» ерекшелігімен оқушы есінде қалады. Осылайша сөздің публицистикалық реңкі жұмсақ юморға айналады. Сонымен өзге стильге тән тізбекті көркем тіл өрнегіне ендіру айрықша эмоция тудырады. Мұндай тәсіл тек кейіпкер тілінде ғана емес, авторлық баяндауда да ұшырайды:

... Біраздан соң Ботбай ұтыла бастады.

– Вообще резіңкенің аты резеңке, – деді ол өзімен-өзі айтысқандай басын шайқап.

Енді бірнеше минуттан соң оған жеңіліс қаупі төне бастады...

... Күйеуінің тарапынан не материалдық, не рухани көмек болмаған соң, әйелі бөлме ортасында ұзақ тұрып, ешкімнің көмегінсіз өзі есін жиды да, сыбысын білдірмей сыртқа шығып кетті (...).

Осы контекстегі *жеңіліс қаупі төнді; күйеуі тарапынан материалдық, рухани көмек* тәрізді өзге стильдік стандарттар. Бөгде стильдік қолданыстардың «бөтен» ортада жұмсалып, айрықша эффект тудыратындығы рас. Бірақ осындай тәсіл негізгі кейіпкерлер болмысымен «біте қайнасып» жатыр ма? Егер Пістегүл, Ботбайлар «кітаптағыдай» сөйлейтін немесе «қағаз жандылау» болса, бір сәрі, бұл тәсіл сатиралық астарды аңғартады. Онда, бәлкім, мұндай тәсілді ара-тұра қайталап қолдана беру кейіпкерлер бейнесін аша түсуге септігін тигізер де еді. Бірақ әңгімедегі Пістегүл, Ботбайлар сатиралық мақсаттағы кейіпкерлер емес. Сондықтан автор басы артық әсірелеуге барған. Осындай әсірелеу жиілей берсе, жеңіл юмор сатиралық әжуаға айналып кетер еді. Диалогта немесе авторлық баяндауда қолданылатын стильдік контрастар түптеп келгенде, кейіпкер болмысынан бөлектенбейтіндей біртұтас болуы шарт. Сонда ғана жазушының көріктеу тәсілінде шашыраңқылық болмай, көздеген нысанасына оқушысын адастырмай апарар еді.

Бөгде стильдік элементтерді жазушы белгілі бір мақсатқа орай әдейі жұмсап, стильдік бояуларды «дәл» бере білсе, көркем шығарма тілінің жарасымы арта түседі.

Жазушы сөздердің стильдік бояуында болатын небір нәзік айырымдарды сезе білуге тиіс. Сонда ғана бұл тәсіл көркемдік сипатқа ие болып, шығарма тіліне тартылған жаңа желідей көрінеді. Ал әртүрлі стильдердің парқын ажыратпай, әйтеуір осылай екен деген желеумен көркем әдебиет тілінде қолдана беру автордың тіл түйсігінің төмендігін көрсетеді. Әдеби тілдің жүйеге түскен стильдік нормасымен санаспай, әр басқа стильдік элементтерді көркем шығарма тілінде мақсатсыз араластырып жіберу – эклектизм. Тіл бояуы бұзылған ондай шығарма өмірдің, шындықтың көркем суретін дұрыс бере алмайды.

Әдетте сөз мағынасына жете мән бермей қолдану, тігісі теріс тіркес құру немесе жалған метафора, жасанды теңеуге бой ұру тәрізділердің көркем тіл өрнегіне мүлдем жат екендігі белгілі. Сондықтан да кейбір жазушылардың тілінде ұшырайтын мұндай олқылықтар ара-тұра орынды сыналып, кемшіліктер дәл көрсетіліп те жүр. Ал әртүрлі стильдік элементті көркемдік мақсатқа сай жұмсамай, араластырып жіберу де, сөздің стильдік өрісін білмей жұмсау да сайып келгенде, тіл көркемдігін мүлдем төмендететін «дерттер». Бірақ мұндай кемшіліктер шығарма тілін талдаған сын, мақала, рецензияда көбіне сын қаламына ілінбей, жабулы күйде қалып жүр. Ал баспа беттерінде жарық көріп жатқан әңгіме, повесть, романдардың қайсыбірін оқып отырсақ, кейбір авторлардың сөздің стильдік бояуына мән бермей жұмсайтындығы байқалады. Әртүрлі стильдік элементтер жөнсіз араласқан ондай шығарманың тілі ала-құла көрінеді.

Естідің бе, естімедің бе өзің көрген Шырын жеңгең мен жалғыз ұлым он жетінші жылғы дүрбелеңде тап жауларының қолынан қаза тапқан (Сәбит Досанов. Өткен күнде белгі бар (роман). «Жұлдыз», 1981, №3).

Сөйлем құрылымы жалпы дұрыс сияқты көрінгенмен, стильдік талапқа сай емес. Олай дейтініміз *тап жауларының қолынан қаза тапқан* тәрізді стандарт сөйлеу тілі реңін бұзып тұр. Белгілі бір стильдік элементті ешбір көркемдік мақсатсыз, бояуын сезбестен екінші бір стильге тели беру – аққа қара баттастырғандай тым сұрықсыз көрінер еді. Әр стильдік бояуларды өң-түсіне қарамай, осылайша араластырып қолдану, шұбыртпа сөзділік (*Ат арба, өгіз арба мініп келе жатқан кісілер арасында жаяу келіп жатқандар да, салт аттылар да, түйеге мінген кісілер де бар* (сонда) т.б. ақаулардан сөз өрімі жиі бұзылып, роман тілі жатық, бір тегіс көрінбей, кедір-бұдырлы болып, оқушысын әр жерде бір «сүріндіріп» отырады.

«Жұлдыздың» жаңа авторларының бірі – Сапар Мамырайымовтың «Жан ашырың көп сенің» («Жұлдыз», 1981, №1) деп аталатын әңгімесі оқушысын бұдан да зор «әсерге бөлейді».

– Директордың қабылдауынан оралған соң, түс қайта соққамын. Бәрін де айттым. Ақылды ғой Күнсұлу. Жүрегімді түсінді. Қуаттады шешімімді. Автор сөйлеу тіліне тән реңкті дәл бере алмаған. Ресми қолданысқа лайық стандарттардың *(директордың қабылдауында, қуаттады шешімді т.б.)* бұл контексте кірікпей тұрғандығын оқушы айқын сезеді. Бөгде стильдік элементтер ешбір көркемдік мақсатсыз қолданылғандықтан, сөйлеу стиліне тән бояуды бұзып тұр.

Сөздің реңкін сезінбей қолдану диалогта ғана емес, авторлық баяндауда да кездеседі. *«Сағат тілі сегізді көрсеткен шамасында қызыл барқыттан тігілген клуб сахнасының шымылдық пердесі ысырылып, концерт номерін жариялаушы конферансье Қарлығаш апай қалың көпшілікті Ұлы Октябрь мерекесімен құт-*

тықтап, ұстаздар мен шәкірттер атынан ізгілік білдірді. Содан соң жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы кластың жастарынан шертіп жүріп іріктелген топ құрап, төрт қатар етіп тізген сахна төріндегі оқушылардың орындауында «Бейбітшілік берік қолда» әні залды жарып жіберердей шырқалды» (Сонда).

Осы үзіндіде орашолақ құрылған тіркестер (*...қызыл барқыттан тігілген клуб сахнасы..., төрт қатар етіп тізілген сахна);* басы артық сөз қолданыс – тавтология *(шымылдық перде, концерт номерін жариялаушы конферансье);* сөз мағынасының байыбына бармай қолдану *(сегізінші, тоғызыншы, оныншы кластың жастарынан...* Сонда, бұл кластың «қарттары» да болғаны ма?); ресми қолданысқа тән тізбектер мен сөйлеу тіліне тән элементтердің араласып кетуі *(Ұлы Октябрь мерекесімен құттықтап, ұстаздар мен шәкірттер атынан ізгілік білдірді..., шеттерінен шертіп жүріп; залды жарып жібере жаздады)* т.б. көркем тіл кестесіне мүлдем жанаспайтын «қырық құрау» шикі қолданыстар.

Жазушының әртүрлі стильдік бояуларды дұрыс қолданып, нәзік айырымдарын дәл бере білуі – төл әдебиетімізде дәстүрге айналған көркемдік тәсіл. Мұндай тәсіл жалпы әдеби тілдің функционалдық стильдердің одан әрі саралана, айқындала беруіне көп әсерін тигізеді.

Сөйтіп, көркем шығармада көрінген стильдік бояулар, реңктер стильді оқушы санасында да қалыптастыруға белгілі дәрежеде ықпал етіп отырады. Көркем әдебиет оқушының эстетикалық талғамын жетілдіріп қана қоймай, сөзді стильдік өрісіне сай, талғап жұмсауға үйретеді. Функционалды стильдердің реңкін, нақышын дәл сезінуге оқушы сезімін тәрбиелейді. Ал әр текті стильдердің небір нәзік айырымы дәл берілмей, бояуы бұзылып жатса, бұл – бір жағынан, жазушы тілінің көркемдігіне айтарлықтай нұсқан келтіреді, екінші жағынан, әдеби тілдің қалыптасқан немесе қалыптасып келе жатқан стильдік структурасын зақымдайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Жазба алдындағы әдеби тіл. Әдеби тілдің статусы. ҚазССР ҒА Хабаршысы, 1979, № 6, 57-б.

2. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1974, 14-37-б.

3. Сиротинин О. Б. Современная разговорная речь и ее особенности. М., 1974, с. 39.

ЭПОС ӨРНЕКТЕРІ[18]

Заман толқыны тарих теңізінің жағалауында көркем өнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырады...

Бақыт іздеп, ғасырлар бойына сахараны шарлап, шарқ ұрған мұндар жолаушы – қазақ халқы бізге архитектура мен скульптураның, сурет өнерінің ескерткіштерін қалдыра алмады. Бірақ ол бізге ең асыл мұра – жыр мұрасын мирас етті (М.Әуезов).

Мұхаң айтып отырған меруерт-маржан жыр мұрасының бірі – эпос. Ендеше бұрынғы өткен бабаларымыз кей жоқтың өтеуін эпоспен өтеп, қаншама ұрпақты өзіне «борыштар» етіп кетті. Әлденеше ұрпақ осы парызды өтеумен келеді. Сондықтан, эпос – драма, эпос – кино, эпос – опера, эпос – сан-салалы зерттеуге ұласты. Солай десек те, ол туралы айтылар сөз аз емес. Өйткені эпос – халық энциклопедиясы. Оның әр саласы зерттеудің дербес объектісі десек, соның бірі – тіл. Тіл тарихын сөз етсек те, байырғы әдеби тілді тексерсек те, қазіргі әдеби тілді зерттесек те ауыз әдебиеті (эпос) тілінің берер дерегіне соқпай өте алмаймыз.

Фольклор тілін зерттеу – зор тәуекелді керек ететін тың тақырып. Мұндайда оқушыны алаңдататын нәрсе – зерттеу объектісіне автор қай тұрғыда келді деген сауал. Өйткені әр халықтың фольклор мұрасының өзіндік табиғаты мен қайталанбас ерекшеліктері бар. Лингвистикада фольклор тілін зерттеудің жалпыға ортақ үлгісін, ортақ әдісін әзірге ешкім ұсына қойған жоқ. Сондықтан болар кейбір зерттеулерде эпос тілін нормативті грамматика үлгісіне салып, есім, етістік т.б. сөз таптары тұрғысынан сөз етсе, өзге бір зерттеулер фольклор тіліндегі көріктеуші элементтерге құрылған.

Міне, біз сөз еткелі отырған «Эпос тілінің өрнектері» деп аталатын еңбекте де (авторы Е.Жұбанов) өзіндік ізденіс ізі байқалады.

Зерттеуші алдымен ауыз әдебиеті нұсқаларының жалпы сипаты, тууы, қалыптасу кезеңдері жайындағы ғалымдардың пікірлерін марксизм-ленинизм классиктері еңбектерін негізге ала отырып саралап береді. Бұл – құптарлық жай. Мұның өзі, біріншіден, оқушының таным өрісін кеңейте түссе, екіншіден, эпос табиғатын жанжақты, терең түсінуге мүмкіндік береді.

Сондықтан да оқушы о бастағы поэзияның пайда болуы өнердің пайда болуымен, оның жалпы заңдылықтарымен өзектес екендігін аңғарып отырады.

Фольклористикалық зерттеуде эпостың пайда болу негіздері, ауыз әдебиеті жанрларының эпостық шығармалардағы орны жайында әр қилы пікір бар. «Белгілі бір сюжетке салт жырлар, дайын үлгілер дәстүр бойынша сол күйінде еніп отырады», немесе «жоқтау көлемсіз, от басындық жанр және ол эпостан кенже туған» деген тәрізді пікірлерді де жаңсақ санап, зерттеуші өзіндік дәлел айтады. Біріншіден, жоқтау халық тұрмысымен біте қайнасып: ертеден келе жатқан салт, екіншіден, мәселен, Махамбет Исатайға шығарған жоқтауында оның қара басын жоқтамайды, жоқтауға ел тағдыры мен ер тағдырының сабақтастығы арқау болады. Автор осындай даулы пікірлерді қаузай отырып, «халық поэзиясының шағын түрлерінің күрделенуі – эпостық шығарманың үлкен бір арнасы» деп оқушыны басқа ізге салады. Эстетикалық қажетін өтеу, таным өрісін кеңейту мақсатымен эпос, ертегі т.б. көркем мұраны жұртшылықтың қызыға оқитыны белгілі. Автор осы тұста оқушы назарын мынадай таныс құбылысқа аударады. Мәселен, эпостарда прозалық материал аралас жүрсе, ертегілерде шағын-шағын поэзиялық материалдар кездеседі. Кейбір зерт-

[18] *Мақала «Шалқар» газеті, 1981ж., Ө.Айтбаевпен бірлескен авторлықта жарияланған.*

теулерде эпостағы бұл тәрізді прозалық материалдар «антракт» тәсілі ретінде түсіндіріліп жүр. Ал, Е.Жұбановтың ойынша, мұны сәл басқаша түсіну керек сияқты: ертеректе кездесетін өлеңдер эпостық поэзияның басы болса, эпостағы прозалық қосымша ертегіден қалған рудимент (қалдық) деуі батылдық. Эпостың тілі жайындағы тараулар кітаптың негізгі жүгін көтеріп тұр. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын зерттей келіп, Мұқаң оның тілі жайында мынадай пікір түйеді: «Жырдың тілі ескілеу, бірақ нағыз халықтық тіл... Жырда көркем сөздер мол, теңеулі ұқсатулар белгілі бір көркемдікпен жұмсалады». Жыр тілінің ескілігін Ш.Уәлиханов та ескерте кетеді. Мұқаңның жырдың тілі нағыз халықтық деп отырғаны, араб, парсы, элементтерінің өзге жырға қарағанда аз ұшырасатындығына байланысты. Міне, осындай тезиске орай зерттеуші алдымен жырдағы ерекше қолданыстың, қазіргі тілдік дағдыда жоқ тосаң құбылыстар көненің көзі, *тарихаят* сөздер (автор *историзм* деген терминді *тарихаят* түрінде алған) сырын лингво-стилистикалық, этимологиялық талдау арқылы ашуға тырысады.

Автор жырдағы грамматикалық, фонетикалық ерекше құбылыстарды сөз етумен бірге жыр тілінің әртүрлі сөз жүлгелерін де талдайды.

Кез қылды, жапан түзде мені саған,
Түскен жоқ, жасым жетіп көзге таған, –

деген жолдардағы *таған* сөзінің семантикасы қазіргі оқушыға түсініксіз. Жыр тіліндегі мұндай көмескілікті автор былайша ыдыратады: «Ауыс мағынада бұл сөз малдың аяғы дегенді білдіреді. Мысалы, *мал жүрмейді, аяғын баспады* деудің орнына *«төрт тағандап тұрып алды»* болып та айтылады. Бұндағы *«Төрт таған»* – төрт аяқ. Ал енді осы *таған* сөзі... «малдың басқан ізі, соның орны» басқаша айтқанда, аяқтың өзі емес, соның салып кеткен таңбасы, дағы ретінде қолданылады. Олай болса *«Көзге түсу»* деген тіркес те *«көзге дақ түсуді»* немесе *көздің қарашығын ақ шел қаптауды* білдіреді» (143-бет).

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында тұрақты сөз орамының алатын орны айырықша. Оған зерттеуші арнайы тоқталған. Автор тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы көне сөздердің сырын аша отырып, жырдағы фразеологизмдердің контаминация, эллипсис, инверсия тәрізді әртүрлі құбылыстармен түрленіп, жыр тілінің көркемдігіне ұласып жататындығын жіті талдайды. Ал жекелеген архаизм, тарихаят сөздердің төркініне барлау жасауы, кейбір жалқы есімдерге этимологиялық талдау беруі эпос тілінің ерекшелігін аша түсіп, сонау кезеңдегі тілден, жыр тіл жасаған дәуірден дерек береді.

Әрине, кітаптың мән-мазмұнын бастан-аяқ ашып беру біздің міндетімізге жатпайды. Бірақ оқушы әр кітаптан өз «жоғын» іздейді. Біз де сол «жоқты» таптық. Өзімізге таңсық көрінген бірер жайттан сөз қозғадық. Алайда ауыз әдебиеті тілін зерттеу бірер эпоспен шектеліп қалмаса керек. Болашақта да бұл саладағы мұра тілі мұқият зерттелуге тиісті. Өйткені фольклор тілін зерттеу оның көркемдігі, байлығы, тазалығына тамсану, таңдану үшін емес немесе әдеби тілді көнелендіру мақсаты үшін де емес. Фольклор тілі тек қатынас құралы болу қызметімен шектелмейді. Ол эстетикалық қажетін өтеудің, қоғамдық ой-арманын, дүниетаным түсінігінің бір кездегі үлкен құралы болды. Мұндай қызметті ауызекі сөйлеу тілі емес, тілдік материалдарды елеп-екшеп, кесіп-пішіп қолдану дәстүріне ие болған, тілдік нормаларды саралап, сақтап жалпы халықтық қолданыс деңгейіне көтерген, диалект аясынан тыс жатқан тіл ғана атқара алады.

КӨРКЕМДІК КІЛТІ[19]

Көркемдіктің бір кілті – көрікті тіл екендігі даусыз. Онсыз оқушы жүрегіне жол ашу мүмкін емес. Жазу-сызуды жаңа бастаған жаңа талапкерге де, қаламы төселген, жауға ысылған тәжірибелі жазушыға да көңілдегі көрікті ойды көркем тілмен жеткізу оңай болмаса керек. Алайда, көркем тілді әркім әрқилы түсінеді. Олай болуы заңды да. Өйткені көркем тілдің қыры көп. Небір жақсы пікірлер айтылған сын мақала, рецензияларда шығарма тілін талдауға келгенде, автордың тілі жатық, тілі тартымды, тілі орамды, тілі бейнелі екендігі жиі айтылады. Бірақ жатық, орамды, бейнелі... тілдердің бүкпелі сыры ашылмай, бүркеулі күйде қалып қояды. Өзгесін айтпағанның өзінде қазақ тілде көркемдіктің кей заңдылықтары да жатады. Олай дейтініміз тілі жатық автор алуан сөз мағыналарын танып, тіл амалдарын орынды жұмсай алуды дағдысына айналдыра білуге тиіс. Көркем шығарма жазуға тәуекел етіп, қолына қалам ұстаған жас талаптың біразы осындай тұста әжептәуір тасырқап жатады. «Сауын табынын сүті мол сиырмен, ет табынының ірілеген, тез оңалатын малмен толықтыру жайын талап еттім. Бұл колхозда мен келген кезде қой басын өркендетуге мән берілмей келеді екен» (Н. Оразов. Айыпкер. «Жалын», 1980, № 5, 124-бет).

Әдетте «қой басын, қой санын көбейту, арттыру» т.б. деп айтылмай ма? «Қой басын өркендету» деген қолданыс сөз үйлесімінің шырқын бұзып тұрғаны өзінен аңғарылады. Әр сөздің өз тән мағына, қызметіне жұмсалу аясы бар. Бұл тұста «қой шаруашылығын өркендету» деп дұрыс қолданғанның өзінде көркем тіл емес, газет сөзі болып шығар еді.

Сөздің мән-мағынасына лайық таңдамай қолдана салған бір мысалы мынадай: Тергеушінің «Сен оны басқамен шатыстырып тұрған жоқсың ба?» – деген сұрауына: «оны басқамен ауыстыру мүмкін емес…» деп жауап беріпті (Н. Оразов. Айыпкер. «Жалын», № 5, 1980 100-бет). Сөзге мән бермеген жағдайда, мағынасы әр басқа дыбысталуы ұқсастау сөздерді бірінің орнына бірін қолдану әсіресе «Жалынның» кейбір жас авторларында жиі ұшырасады. «Енесі сүйектерін сырқыратып (?) орнынан қозғалды» (М.Асылғазин. Ауылдастар. «Жалын» баспасы, 91-бет). Автордың айтайын деп отырғаны «сүйектерін сыртылдатып....» шығар: «Ақсақал Құмарға күрек әкеп, күшікті сол жерге қазып, көміп тастайды. Жануарлардың да қадірін білу керек. Енді сенің сүйкімді Құтжолыңды қарға-құзғын шұқыламайды» (146-б.). «Қарға-құзғын шұқымайды» деудің орнына «шұқыламайды» деуі де осы тәрізді ағат қолданыс. Автордың сөйлем құрауында да олқылық бар. Жазушы сөзді, сөз тізбектерін ой елегінен өткізіп қолданбай, қажетсіз жерде де ауызекі тіл тігісімен сөйлем құрап жазса, жарасымды емес. Өйткені, автор сөзі ауызекі тіл ыңғайында болса дәлдіктен көз жазып, айтар ойы екі ұшты болады. Сондықтан да «күшікті сол жерге терең қазып…» деп қолдану көркем әдебиет тіліне мін саналады.

Егер жоғарыда келтірілген мысалдар бірлі-жарым болып, «керекті» сөзді оқушы өзі-ақ болжаммен аңғарар деп, елеусіз күйде қалдыруға да болар еді. Алайда кейбір авторларды оқыған сайын бал ашып отыруға оқушы төзімі жетер ме екен? Мұндай мысалдарды келтіре берсек, шылбырдай шұбатыла береді. «Кенет Саққұлақ жүрегін атша тулатып, көзі қарауытып кеткендей болды. Жігіт жас жусан иісіне еліктеп, мас болғанын сезбеді. Ол дереу қызды құшақтай көтеріп алды да, құшақтап сүйе берді, сүйе берді» (Ұ. Қолдауов. Айғаным. «Жалын», № 5, 1980, 20-б.). Дұрысы: «жусан

[19] *Мақала «Қазақ әдебиеті» газеті, 1981, 10 сәуірде М.Балақаевпен бірлескен авторлықта жарияланған.*

иісіне елтіп» болар? «Сейсен кино басталысымен билет жыртушы кемпірдің көзін ала бере тұқжиып, темекісін тұтатып алатын. Сонан кейін ышқына соғып түтінді кезек-кезек аузы-мұрнынан будақтатар еді». (С. Сапарбеков. Демалыста. «Жалын», № 6, 1980, 18-б).

Темекі құмарлар құшырлана құмарта тартатын еді, ал жел, боран ішін тарта ышқына соғушы еді деп, оқушы мұндайға сенімсіз қарамай ма? Бас-аяғы үш-төрт бетте төрт-бес рет темекі тартылады. Оқып болғаныңызда, темекі түтінінен басқа есіңізде ештеме қалмайтыны да содан шығар.

Тіл сапасына қойылар талаптың бірі - сөз дәлдігі. Одан көз жазып қалу көркем шығарма жазуға тәуекел етіп, қолына қалам ұстаған талапкер үшін жеңіл-желпі кемшілік емес. Мұндай кемшілік тіл көркемдігіне көлеңке түсірмей қоймайды.

Сөз шындықты бейнелейді. Ал сөзді дәл қолданбау шындықты дұрыс қабылдауға кеселін тигізеді. Қарапайым сөзбен ғана дәл айтудың әсері бейнелі сөздің күшімен бірдей емес. Сондықтан аса ірі суреткерлер шығармаларында сөзді дәл айту, сөзді тауып қолдану өнер дәрежесінде көрінеді. Олардың шебер қолданған сөзін тамсана оқисың.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіретін, бейнелі ойды бедерлеп жеткізетін өрнекті сөз орамдарына халық тілі өте бай. Олар айтыла-айтыла әбден сыралғы болғанымен, суреткер қаламына іліккен кезде, сонылықтың лебі сезіліп тұрғандай болды. Әйткенімен кейбір авторлар осындай өмір тезінен өткен сөз тізбектерін байыбына бармай қолданады. Әдетте жан исіндіретін жақсы сөз естілгенде, адамның айызы қанады. Әсем ән мен тәтті күй де құлақтың құрышын қандырады дейміз. Алайда, осындай тұрақты сөз тізбектерінің мағынасына жете мән берілмей, дағдыдан өзгеше қолданылуын құп ала қоюға болар ма еді!? Н. Оразов «Талдыра ұрғаныма қолымның құрышы қанғандай болады» («Жалын», № 5, 1980, 129-б.) десе, М.Асылғазин: «Ауыздың айызы қанды» (147-б.) деп қолданады. Авторлардың бұлайша тым еркінсіп, дағдыдан ауытқуы алогизмге саяды. Бір ғана мысал: халық тілінде «құрыш» сөзі қарынның түп қыртыс еті дегенді аңғартады. Сондай-ақ «құрыш ет» құлақта да болды, «қарынның құрышы», «құлақтың құрыш етін жеді» деген тіркестер осының айғағы. Ал «қолдың құрышы қанды» деп қолдансақ, мағына үйлесімінен жұрдай бірдеме болып шығар еді. Тұрақты сөз орамдарының қолдануға тіл дағдысына бекем болуды талап ететініміз де сондықтан. Сөз орамдары қолданыстың «Ауылдастар» кітабында тағы да мынандай мысалдар кездеседі. Мысалды мысалдар негізінде: «Тастай батып, судай сіңіп» деген фразаны «тастай сіңіп» (Егіз қайың, «Жалын», 1980, №5, 29-б) діңкесін құртты дегенді «діңкесін тауысты» деп, дағдыдан қиыс қолданудың Қ.Ахметбеков үшін еш сөкеттігі жоқтай көрінеді. Шындығында бұл тәрізді қолданыстан халық тілінде қалыптасқан тұрақты сөз орамдары қисық айнаға түскендей тұлға-тұтастығы бұзылып жатады.

Өрнекті сөз орамдары тілге орала кететіндей дап-дайын күйде кездескенімен, қисынын біліп қолдануға қаламның біраз ебі керек. Олай дейтініміз, киіз үйдің жығуын білгенмен, тігуін білмейдінің кебімен кейбір авторлар тұрақты сөз орамдарын мағынасына орай қолдана алмай жатады. Мұндайда мағына үйлесімі оңай бұзылады.

«Сапар біраз жер жүріп барып, артына қарап еді, қыз ең алғаш көргендей, тұғырынан таймаған мүсіндей (?) әлі тұр екен». (Ұ.Қолдауова. Айғаным. «Жалын» 1980, №5, 17-б). Тіл түйсігі бар оқушы «мүсін тұғырынан таюшы ма еді» деп автордың мұндай сөз қолданысына риза бола қоймас еді. Жалын авторларының бірі Қ.Баққараев қолданған сөз орамын мағыналық жақтан жарасымды деп айта алмас

едік. «Шаңқай түсте ауылға қарай бір топ аттылы, жаяу қара құрымдай қаптап келеді» («Жалын», 1980, №3, 134-б). Бір топ адамның қара құрымдай қаптайтынына қандай оқушы сене қояр еді!? Жекелеген сөз болсын, тұрақты тіркес болсын мән-мағынасына лайық дұрыс қолдану көркем тілге қойылар басты талаптың бірі ғана. Осындай жерде сөзден сүрініп жату әсіресе жазушы үшін кешірімсіз. Олай дейтін себебіміз – жұрт сөз қолданыстың небір жақсы үлгілерін әдебиеттен, әсіресе көркем әдебиеттен үйренеді. Екінші жағынан олар жазушы тіліне сыншы да. Осындай «қыспақта» жазушының бар сенгені тілі болса, өзге ұпайым түгел деп, оған немқұрайлы қарау – өзінің қаламгерлік парызына жауапты қарамағандық.

Дегенмен, жоғарыда айтылғандай ағат қолданыстардан шығарма тілі жайында жалпы баға беретін қорытынды жасайық деп отырған жоқпыз. Бәлкім, автордікі жолы болып, редактордың өтімді қаламы әлгіндей қиыс қолданыстарды жөнге салып жіберді дейік. Сонымен шығарма тілі төрт аяғынан тайпалған жорғадай мінсіз болып кетті ме? Бұл сауалдың жауабы көркем тілге тән көріктеу тәсілін жазушы қалай пайдаланды дегенге саяр еді. Әйгілі сөз зергерлерінің жазғандарына қарағанда көркем тіл біріне-бірі кептелген сөздер емес. Ұласа ұштасқан қарапайым тіркестердің ара-арасында халық тілінің кең байлығы мақал-мәтел, идиом-фраза, теңеу, метафора, әсірелеудің алуан түрі, сол үлгіде кесіп-пішілген, жазушының өз табысы дерлік көріктеу тәсілдері де ұшырасып отырады. Соның қарапайым бір мысалы мынандай: «Тап осы сөз өткен өмірдің бүркеулі шымылдығын серпіп ашқандай» (Б.Майлин. Таңдамалы шығармалар, 683-б). Бұл тәрізді жайшылықта айтыла бермейтін көріктеу тәсілдері шығарманың көркемдік нәрі болып есептелетіндіктен, оқушыға да әсері күшті. Оқушы өзге де авторларды оқи отырып, көркем сөздің бүкпелі сыры солардағыдай ашылып жатса екен дейді. Енді өзіміз сөз етіп отырған авторлардың біріне қайта оралайық.

«Алагеуім бөлмеде Гүлбақыт екеуі сыр сапырып отырмады ма? Құпиясы мол қыз сыры, ғажабына қанбас ғашықтық сыры, жұмбағы шешіліп, шешімі жұмбақтанып жататын шежірелі шерулі өмір сыры сеңдей соғылысып, желдей есіп, ауыздың айызын құлақтың құрышын қандырмады ма? Соны сезіп-білгендей бозбала таң ұрын келіп, терезеден сығалар еді» (М.Асылғазин, 142-бет). Осы мысалдағы *сыр сапырды; шежірелі, шерулі өмір сыры; сеңдей соғылысқан, желдей ескен сыр*....дегендер сырт қарағанда сұлу сөздер-ақ. Бірақ қазақ ұғымында сыр – көңіл түпкірінде жататын сезім құпиясы. Сыр айтқан адам оны мысқылдап жеткізеді. Көркем сөздің көрнекі шебері Бейімбет қолданысында осындай абстракті ұғымның өзі көзбен көріп, қолмен ұстағандай нақтылана түседі: «Жүрегінің әлдеқайдағы түкпірінде жасырынып жатқан ескі сырлар біртіндеп бас көтеріп, «мен ше, мен ше» деп көз алдына елестеп келген секілді болды» (347-б.) – дейді жазушы. Бұл бейнелеудің дәлдігі. Көркем сөз – бір есептен, сиқырлы сөз. Бір затқа тән қасиетті, болмысты басқа затқа тән етіп, жансызды жандандырады, жандыны биік шыңға көтереді. Ал, әлгінде айтылғандай «шежірелі, шерулі өмір сыры» т.б. сырты әдемі болғанымен болмысты дәл бейнелейтіндей нақтылық бар ма? Сондықтан әсері де шамалы. Осыған ұқсастау тағы бір мысалға көз жіберіп көрелік: «Аспаннан қоңырау жауғандай төңірек сыңқылдаған сұлу үн мен сыңғырлаған сиқырлы күлкіге бөленді» – деген күдік те болмас еді.

Көркем тілде қолданылатын түрлі метафора, эпитет, теңеу т.б. көріктеуші күші керемет амалдар. Олардың басты қызметі сөзге бояу дарыту емес. Бұлар өмір құбылыстарын бейнелі түрде танытудың аса тиімді тәсілдері. Осылар арқылы оқушы қарапайым құбылысты қайта таниды. Жазушыдан көріктеудің мұндай тәсілдерін

талап етпей, тек сырты сұлу сөз қолданыстарды бейнелі сөзге балап, хош ала берсек, көркем тілге қойылар талаптың деңгейін мүлдем төмендетіп алар едік.

Әдетте Биағаң, Мұқаң тәрізді құдіретті қалам иелерінің қолдануындағы көрнекті сөз орамдары тіл ажарын ашып, эмоциялық зарядты күшейте түседі. Бұл қасиет, әрине, сөз зерін мөлшермен, дәл сезіне қолданатын суреткер зердесіне тәуелді. Алайда тұрақты сөз тізбектерін тактіден тыс бірінен кейін бірін бастырмалата қолданудың әсері басқаша болуға тиіс. Байқап отырсақ басы артық бейнелі қолданыс оқушы ойын алаңдатады екен. Өйткені үстін-үстін, іргелес қолданылған тұрақты тізбектердің болуы шымқай, жылтыры басым болған сайын өзара «бәсекелесіп», бірін-бірі көмескілейді, біріне-бірі бөгесін болады.

Басқаша айтқанда, тіл көркемдігіне кері әсерін тигізеді. Осы ойымызды Ө.Қанахиннің мынадай сөз қолданысына да айтар едік: «Жанымызды шүберекке түйіп, қанымызды торсыққа құйып, басты оққа байлап, қыз асылатын мойынымызды қылышқа тосып, тәуекел деп, жалаңдаған қылыш, жасанған жаумен жамыраған қойдай араластық та кеттік» (Қарт сарбаз хикаясы. «Жалын», № 6, 1980, 77-6). Оқушы түйсігі сынап бағанасындай сезгіш. Тұрақты сөз тізбектерін бұлайша күреп қолданудан безбеннің тілі жарасымдылыққа емес, жасандылыққа қарай ауатынын бірден байқар еді. Бәлкім, жазушы өзін бейнелі тілмен сөйлеп отырмын деп ойлауы да мүмкін. Бірақ «қанымызды торсыққа құйып» дегенде қандай образдылық бар? Немесе «жасаған жаумен жамыраған қойдай араластық та кеттік» тәрізді қолданыс қой қоралап, көгеннен қозы ағытып көрген қазаққа сүйсінер сурет бола қояр ма екен деп күдіктенеміз. Шындыққа жүгінсек, қой емес, қозы жамырайды ғой. Көгеннен ағытылған қозылар өрістен қайтқанда енелерімен емірене, жапатармағай табысып жатпаушы ма еді? «Жас теректің жапырағы жамырайды соқса жел» (Абай) дегендегі жапырақтың бірімен-бірі жанаса сыбдыр қағып, сыбырласа жөнелетін жанды суреті осы бір көріністі еске түсірмей ме? Олай болса, жалаңдаған қылыш, жасанған жаумен сарбаздардың қоян-қолтық айқасын автордың «жамыраған қой» арқылы бейнелеймін деуі құр сөз әурешілігі сияқты көрінеді. Реті келгенде айта кететін тағы бір сөз – кейбір әңгіме, повестерді оқып отырғанда, шығарма авторы халық тіліне қарыздар емес пе? – деген ойға қаласыз. Әрине оларды қолдану қажетақ. Бірақ ең бастысы осындай үлгіде кесіп-пішілген жазушының өз қаламына тән көріктеу жаңалығы шығарма тіліне арқау болып жатса дейміз. Сонда ғана жазушы тілі тартымды, әсерлі, бейнелі болмақ. Болмысты өзіндік көзбен көріп, оны өзіндік сөз өрнегімен бейнелі түрде жеткізе білу жазушының дүниетаным, ой-өрісі, стиль құрауы, эстетикалық талғамын көрсетіп қана қоймай, көркем сөз шебері аталуының мықты бір дәлелі де бола алады.

«Теңіз дәмі тамшысынан білінеді» – деген. Сәтсіз қолданысты көрсететін кей мысалдар бір жағынан автордың көркем тілге қалай қарайтынын, оны игеру деңгейінің қандай дәрежеде екендігін де аңғартады. Мұның бәрін, әрине, тырнақ астынан кір іздеу деп түсінбеу керек. Біздің айтайық деп отырғанымыз, сөз өнерін мұрат тұтқан соң, қаламды қисынға салса, жұртшылыққа тартымды шығарма ұсынар ма еді деген тілек қой. Бәлкім, илеуі қанбаған бірер әңгіме, бірер повестің саны тапшы болар. Бірақ оның есесін толымды еңбек толтырмай ма?

ТІЛ ЗАҢДЫЛЫҒЫ МЕН СӨЗ СЫРЫ[20]

Тіліміздегі сөздерді өзара салыстыра отырып, ондағы дыбыстардың өзгеру жүйесін қарастырсақ, мағынасы мүлдем алшақ әртүрлі сөздердің бастапқыда бір ұядан өрбіп, өз алдына дербес сөзге айналғанын аңғарамыз. Сөз төркінін барлау арқылы олардың бастапқы дыбысталу қалпы, байырғы мағыналары, өзгеру жолдары анықталады. Этимологиялық талдаудың мәні кейде мұнымен ғана шектелмейді. Егер тіліміздегі бір алуан сөздердің түп-төркінін барлай білсек, халқымыздың ерте кездегі әдет-ғұрпы, байырғы шаруашылығы, дүние танымынан әр қилы дерек, мол мәлімет беретіндігін де байқар едік.

Тілімізде әдет-ғұрыпқа байланысты айтылатын сөздің бірі – **күшік күйеу.** Бұлай деп неге айтылған? Күйеудің күшікке, күшіктің күйеуге қандай қатысы бар? Байқап отырсақ, бұл сөздің шығу төркіні о баста ел ішіндегі ескі салтқа байланысты екен. Әрине, ерте кезде күйеудің қалыңмал беріп үйленетіндігі бәрімізге белгілі. Бірақ, ол заманда кейбіреулердің қалыңмал беруге шама-шарқы келе бермеген ғой. Белгілі этнограф Х.Арғынбаев бұдан жүз жыл бұрынғы басылымдардан (Женщина в кочевом быту. Туркистанские ведомости. 1889, 15.8) мынадай дерек келтіреді: «... *Кедей балалары 20-30 жасқа дейін үйленбей жүрген. Тіпті, тақыр кедей балалары бірнеше жыл жалға жүріп қалыңмалға беретін мал жияды немесе қалыңдық үшін қыз әкесіне қызмет ету әдеті де болған».*

Қыз әкесінің үйінде жүріп, қалыңмалды қызмет етіп өтеген күйеуді ертеректе **күш күйеу** деп атаған. Бұл сөз кейбір түркі тілдерінде **«күшік күйеу»** емес, **күч күйеу** (қырғыз тілінде – *күч күйеу*. К.К.Юдахин. «Қырғызша-орысша сөздік».–М., 1965, –461-б.) деп аталады. **Күш күйеудің** *күшік* болып өзгеруі, бір жағынан дыбыстардың ұласа айтылуынан десек, екінші жағынан, «күйеу атымен күл тасы» дейтін әзіл-оспаққа да байланысты болса керек. Осылайша көптеген сөздің түп-төркіні танымастай өзгеріп те кетеді. Тілімізде мұндай құпиялар аз кездеспейді. Фольклорлық мұра, ескі нұсқа, көркем әдебиет тілі, аңғара білсек, көп «жұмбақтың» сырын ашып, жоғалғанды еске салады.

Кемпірқосақ. Өзге тіл деректерінде кемпірқосақты «көк жайы» (көк садағы), «Рүстем жайы» (Рүстем садағы) деп, ұқсатып атау кең тараған. Ал қазақ тілінде неге кемпірқосақ? Осындай сұрақтың бірде болмаса, бірде ойымызға түскен кездері де болады. Егер осы сауалдың жауабын іздесек, ізі сонау кездегі ертегі-аңызға апарады. «*Баяғыда бір мыстан кемпір болыпты-мыс. Оның қызыл, жасыл, сары, түрлі-түсті қойлары болған екен. Мыстан кемпір жаңбырдан соң қызыл, жасыл... қойларын қосақтап сауады екен»* (Б.А.Куфтин. Календарь и первобытная астрономия киргиз-казахского народа. «Этнографическое обозрение 1916». – М., 1918, с. 3-4.). Аңыз осылайша ақиқаттың (зат пен құбылыстың) атына айналған. Ертегі аңыздарда айтыла келіп, жалқы атау болып кеткен сөздер тілімізде аз емес (мысалы, *Жетіқарақшы* жайындағы ертегі, *Саттар* сегіз жұлдыздары жайындағы аңыз, ертегі).

Жүрек жарды – көркем әдебиет тілінде, әсіресе, публицистика стилінде, жиі жұмсалатын, мазмұны көтеріңкі сөз (*жүрек жарды сыр, жүрек жарды қуаныш, жүрек жарды мәслихат*). Бастапқыда бұл тіркестің тағы бір жарыспалы мағынасы болған. Ертеде шешімі қиын даумен би алдына жүгініске барған адам: «Пәленше көріп еді» деп, оқиғаның басы-қасында болған кісіні куәға тартады. «Ақиқатыңды

[20] *Мақала «Қазақ әдебиеті» газеті, 1982, 22 қазанда жарияланған.*

айт!» деп, куәға сый-сияпат та беретін болған. Міне, осындай сыйлықтың аты – **жүрек жарды.** Ұлы жазушы М.Әуезовтің құдіретті қаламы ұмытылуға айналған талай-талай салттық сөзді орынды қолданып, дер кезінде көркем тіл кестесіне түсіре білген ғой. «*Жылқыны Сәттің бай-жуан інісі – Сәлмен алғызыпты. Бұны Жараспайдың сол елдегі достары анықтап отыр. Көлденең алдына жарыққа шыға айтпақшы болып,* ***жүрек жардысын*** *да алыпты»* (М.Әуезов. «Қараш-Қараш оқиғасы»).

Тоқсан ауыз сөздің мәнін тобықтай түйінмен аңғартатын фразеологизмдер, образды оралымдар – ұлттық тілдің мақтанышы. Ана тіліміз фразеологизмге өте бай. Мысалы, **төрт көзі түгел.** Неге бұлай айтылады? Әрине, мұндағы «көздің» кісі деген ұғымды аңғартатыны бөлігі. Бірақ «көз» саны неге төртеу? Сан есімде қандай сыр бар? Бастапқыда бұл тіркес билік айтуға байланысты қолданылған болса керек. Қарама-қарсы жақ – екі адам («екі көз»), сол қарсы жақтардың кем дегенде, бір-бір «көзден» көлденең тартар куәлары болуға тиіс. Осылайша «төрт көз түгелденгенде» ғана дау қаралып, билік айтылатын болған. Бертін келе бұл тіркестің шығу тегі тасаланып, өзге орайда да қолданыла беретін болды.

Толып жатқан себептердің әсерінен тілде, әсіресе, сөйлеу тілінде, өзгерістер, жаңғыртулар болып жатады. Қолданыла келіп, олардың кейбірі мағыналық жүк, стильдік қызмет бөліседі. Немесе экспрессиялық рең алып, тілдің сөз байлығын молайтып, орамдылығын арттыра түседі. Алайда даму, өзгеру тәрізді заңды құбылыстың шылауында жүрген жөнсіз жаңарту, орынсыз өзгертуден тіл қолданысымыз құлан-таза дей аламыз ба? Ауызекі тіл – «полигон». Небір өзгеріс, жаңғыртудың кіндігі алдымен заңдыларының әдебиленуі де, заңсыздарының дағдыға айналып, тіл шұбарланып, ала-құла із тастауы да ықтимал. Бұл – жалпыға белгілі қағида. Кей тіл қолданысымызда «дұрыс» пен «бұрыстың», «жөнді» мен «жөнсіздің» арасы үнемі оқшауланып тұрмайды. Ондайдың жігі алақандағыдай айқын болса, әдеби тіл мәселенің біразы әлдеқашан шешілгенде болар еді. Шындығында, «осы қалай-ау» дегеннің төңірегінде ойласар, тілге тиек етер жайт аз емес. Мысалы, мысалы демекші, оқырмандарға ойдан шығарғандай көрінбес үшін кейбір кітаптардан мысал да алдық. Ондағы ойымыз олардың тіл көркемдігіне шүбә келтіріп, мін тағу емес. Біз алып отырған мысалдарға ұқсас қолданысты өзге де авторлардан кездестіруге болады.

Әдетте жас шамасы бірдей адамдарды сөйлеу тілінде *түйедей құрдас*, *түйдей құрдас* деп те айта беретінін байқаймыз. Тіпті, қайсыбіріміз осындай жарыспалы қолданыстың қайсысына жіп тағарымызды білмей, дағдаратынымыз да бар. Сондықтан болу керек бір кітапта – *түйдей құрдас*, екінші бір кітапта – *түйедей құрдас*. «*Қадырдың Мөңкемен* ***түйедей құрдас****, өзі де киіктің асығындай жұтынған Мәлике атты кішкентай қызы бар»* (С.Жүнісов. «Ақан сері»).

Төрт түліктің төресі – түйенің жасқа қандай жанасымы бар? Бұлай деп айту – ауызекі тілде мағынасы көмескі сөзді (түйдейді) дыбысталу ұқсаса теліп, қайта жаңғыртудың «жемісі». Көмескі сөзді «шеттеу», оны өзге сөзбен ұштастыру ауызекі тіл ыңғайында болатын құбылыс. Егер сөз төркініне үңілсек, *түйдей* бастапқыда *түз* сөзімен төркіндес болғанын бақаймыз. Бұл жерде **з-й** сәйкестігін еске алуға болады: *сөз – сөйле. Түй* (дей) сөзінің бастапқы түрі – *түз* (дей), *түз* (у) – «бірдей», «теңдей», «тегіс» деген мағынаны білдірген. Бұл сөз әйгілі ғалым Махмұд Қашқаридің XI ғасырдағы «Сөздігінде» де кездеседі. Осы «Сөздікте» «беш ернек түз емес» (қазіргіше айтсақ – «бес саусақ бірдей емес») деген мақал бар. Осындай салыстыруға қарағанда бір кезде *түйдей* дербес мағыналы сөз болған. *Түйдей құрдас* дегенді *түйедей құрдас*

деу ауызекі тілдегі жаңғыртулардың бірі. Алайда мағына үйлесіміне «ақау» түскен ауызекі ауытқулардан жазушы қаламы аулақ болса, өзгеге де өнеге болар еді.

Тірнектеп жиды, әй дер әже жоқ... дегендер ауызекі тіл аясында «тырнақтап жиды», «әй дер ажа жоқ» делініп «су жаңа» сөз болып құбыла беруі ықтимал. Кейде қаламгерлеріміз, әйтеуір, халық тілінде бар ғой дегендіктен бе, дәл осындай «өліараға» келгенде ауызекі ауытқудың жөнді-жөнсізіне қарамай, оларды қабаттастыра қолданғанды тәуір көреді. «Тірнектеп жиған мал, тырнақтап жиған дүние» бөліске түсті. «Әй дер әже, қой дер қожа қалмады» (Р.Тоқтаров. «Тұлпардың сыны»). *Тырнақтап жиды* дегенді жазушы Бердібек Соқпақбаевтан да («Қайдасың Гауһар?») кездестіреміз.

Шындығында, *тірнек, тырнақ* сөздерінің әуелде түп-төркіні бір болған. Дегенмен, олардың мағына айырмашылығына көз жеткізуге болады. Тұяқтың жаңадан бекіп келе жатқан кезі саятшылар тілінде *тірнек* деп аталса керек. Осы сөз ауыс мағынаға көшкен. Қыран құстың бір-екі түлегенін құсбегілердің *тірнек* деп атауы тегін емес. Сөздің көне қалпы осындай тұрақты сөз тізбектерінде шегенделіп қалады. Ондай сөз орамдарын жөнсіз жаңғыртпай, байырғы бояуын сақтап қолданудың өз жарасымдылығы бар. Ақын Ғали Орановтың:

Қыдырып біраз Сыр бойы,
Өлеңдер жидым ***тірнектеп****.*
Түгендеп бірақ қыр-ойын,
Жеткізу қиын суреттеп, –

деген өлең өміріндегі сөзді өзгертіп, «өлеңдер жидым тырнақтап» десек, жыр әсерінен айырылып, құлаққа түрпідей тиер еді. Кейбіреулерімізге *тірнектеп жиды* не, *тырнақтап жиды* не, бәрібір көрінгенімен, жасандысы қайсысы, жарамдысы қайсысы, осындайда бірден байқалмай ма? немесе «тірнектеп түйген ой» дегенді «тырнақтап түйген ой» деп көріңіз?

Қысқа-қайырым диалогтардан «дені-қарның сау ма?» тәрізді қолданысты жиі ұшыратамыз.

Ертеректе, мектептегі ұстаздарымыздың бірі «Сөз қарынның саулығы жөнінде ме екен? Лайықтысы – «дені-қарың сау ма?» деп қызыл сиямен түзетіп отыратын. Мұндағы «қары» сөзі «қол» деген ұғымды аңғартады. Бұл сөзді моңғол тілдерінде *ғар* «қол» (Моңғолша-орысша сөздік . –М., 1957, –112-б.) дегенмен салыстыруға болады. *Қары жілік* тіркесіндегі *қары* да осы сөзбен төркіндес. Ал қазіргі тілімізде *қары* сөзінің тағы бір мағынасы – «шынтақ пен иықтың аралығы». Мағынасы тарыла түскен. Сөздің осындай сырларына мән берсек, *дені-қарың сау ма?* деген қолданыстың «қол-аяғың аман ба?», «төрт мүшең сау ма?» тәріздес сөз орамымен мағыналас екендігін байқаймыз. *Қары жілік* тіркесі де «кәрі жілік» делініп, ауызекі тілде қайта «өңделген». «Малдағы жілік жүргенде – аяқ, сойғанда – қол». *Қары жіліктің* кейде *қол жілік* деп аталуы тегін емес.

Соңғы кездерде *ашсам – алақанымда, жұмсам – жұмырығымда* деген тұрақты тіркесті *ашсам – алақанымда, жұмсам – жұдырығымда* деп қолдану жиі ұшырайтын болып барады. *«Бұрын ешкім көзге ілмейтін, тері-терсек жинап күнелтетін Дүйсен еді. Енді бір тайпа елдің бастығы. Ашса –алақанымда, жұмса – жұдырығында»* (Ж.Кәрменов. «Соғыс жылғы талдар»). Б.Аманшин де кейіпкерлерін *жұмсам – жұдырығымда* деп сөйлетеді («Жұлдыз келген ауылда»).

Жеке алғанда «жұдырық», «жұмырық» өзара ұқсас сөздер екені белгілі. Бірақ бұл жерде *жұмырық* «уыс» сөзімен мағыналас. Жұмған нәрсе жұдырықта емес, жұмырықта, басқашалау айтқанда, «уыста» болмай ма? Кейбір тұрақты тіркестердің эвфониямен, дыбыс үйлесімімен айтылатындығын да ескеру қажет. Осы тізбектің *жұмсам – жұмырығымда* деп айтылуына дыбыс үйлесімі бар. Әдетте *кеңесіп пішкен тон келте болмас* дегенді *ақылдасып пішкен тон келте болмас* («Лениншіл жас», 18.9. 1981) деп те қолдана беруге болатын тәрізді. Мұндай өзгерту сөз мағынасына шарпуын тигізе алмайды. Десек те тұрақты сөз орамын беталды құбылту қазақ сөзінің құлақ «үйіретін» ішкі үйлесіміне қаяу түсіреді. Осындай еркінсуден сөз сазына сызат түсіп қана қоймайды, тілдегі мәнсіз тіркестердің саны көбейеді, көбейе береді.

Табиғат қорғаушыларда «Қызыл кітап» бар. Егер тілді құрметтеушілердің қолында да сондай кітап болса, оған жазылатын сөздің бірі – *бет моншақ*. Жаңа түскен келінге көрік беріп, ажарын ашып тұратын бұл әшекей бұрын сәукелеге тағылатын. «Торғайдан шыққан топжарған ақын» Нұрхан Ахметбековте:

Сәукеле алтын шашақ березелі,
Күмістен күмбез таққан керегелі,
Өзінің ауырлығы сегіз батпан.
Төбесі төрт қапсырма кебежелі, –

деген өлең жолдары бар. *Бет моншақтың* небір асыл тастардан тізілетіндігі белгілі. Осындағы *березе* парсы тілінен енген. Иран тілдерінде – фируза. Ақынның *алтын шашақ березелі* деп отыратыны *бет моншақ.*

Әдетте жаңа түскен келіннің бет моншағы байқаусызда үзіліп не түсіп қалса, ұят көрініп, жұрт бетіне қарай алмаған. *Бет моншағы үзілді*, *түсті* деген бейнелі сөз орамы осыған орай айтылған. Ал осындай дәстүрге сай қалыптасқан салттық сөзді (этнографизмді) кейбір талапкерлеріміздің өзінше өзгертіп, «әшекелейлеген» болады. *«Әлгі біздің үйдегіге әрі-бері айтып едім, араға біреу-міреуді салып, былай нетіп... қимылдасайшы деп, оған кейбір... өзің білесің ғой, оның* ***бет моншағы сылдырайды*** *да тұрады» (*С.Асылбеков. «Таныс-білістік»). Автор бұл жерде «ұялып, төменшіктеп тұрады» дегенді білдіргісі келген болуы керек. Бірақ, керісінше, «бет моншағы сылдырап тұрған» жанның жүзі жарқын болмай ма?

Байырғы сөзді байыбына бармай, «өнерпаздықпен» өзгертіп жұмсау, жете мән бермей қолдану әсіресе жас авторларда етек алып бара ма деп те қаламыз. *Ұрын келу* деген энтографизмді «ұрланып келу» сөзімен ұштастырғандықтан ба, М.Асылғазин «Бозбала таң ұрын келіп, терезеден сығалар еді» («Ауылдастар») деп қолданады. Тағы бір үйлесімсіз қолданысқа тап болады. Шындығында *ұрын келу* деген этнографизмнің «ұрланып», «жасырын» келу дегенде ешқандай қатысы жоқ. М.Әуезовтің «Абай жолындағы» бәрімізге белгілі эпизодты, Абайдың Алшынбай ауылына қайындап, ұрын баруын еске алсақ, ұрын келу – «жыртыс сала келу», «есік көре келу», «қол ұстау» дегенді аңғартатын салттық сөз екендігін байқаймыз. *Ұрын келудің* бұдан өзгеше орында жұмсалатындығын ескі нұсқалар тілінен де кездестіруге болады. «Жетісу ақындарының алтын діңгегі» – Сүйінбайдың Тезек төремен айтысында:

Қарасам басың менен аяғыңа,
Жерің жоқ түте-түте жұлынбаған.

Жаңадан киім-кешек кигізейін,
Жүргейсің ***келіп-кетіп ұрын*** *маған, –*

деген жолдар да бар. Бұл жерде де *ұрын келудің* «жасырын, ұрланып келуден» мүлдем бөлек екендігі белгілі.

«Сөзі (тілі) мірдің оғындай»-ды – «дауысы мірдің оғындай», «азуы алты қарыс»-ты – «аузы алты қарыс», «қынаптан суырған қылыштай» дегенді «қыннан суырған қылыштай» деп, салдыр-салақ қолдана берсек, сөздің тұспалмен білдіретін мағынасы бұзылып, экспрессиялық әсерінің солғындайтынын байқау қиын емес. Ондай – «мүлткетпелер», әсіресе, жеке адамдардың ауызекі қолданысында жиі байқалады. Содан әдетке айналады. Жазушы, әрине, «әйтеуір айналады ғой»-ға иек сүйеп, електен өткізбей естігендерінің жетегінде кете бермесе керек. Қайта ауызекі тілдегі ақтан тигізіп айтар дәлдікті, сонылықты, шебер қиыстырылған сөз үлгілерін өнеге тұта отырып, әлгідей жөнсіз жаңғыртудан сөз орамдарын ажырата қолданса, сөйлеу тіліне игі ықпалын тигізері сөзсіз. Халықтың өткендегі рухани асыл қазынасын бүгінге, бүгінгісін ертеңге ұластырып, жеткізіп отыратын – тіл. Жазушы қаламы оны терең меңгере түссе, ана тіліміздің қадір-қасиетін, байырғы өрнек-бояуы ертеңгі ұрпаққа мінсіз жеткізер еді.

СӨЗ ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ТІЛ[21]

Соңғы жылдардағы көркем шығармалар тілінің жай-күйі қандай деген сұрау жазушыны да, оқырманды да ойландырады. Оқырман ретінде бұл сұраудың төңірегіндегі айтар ойымыз жұртшылыққа түсінікті болу үшін сөзді алдымен әдеби тілдің қазіргі құрылымы дегеннен бастауға тура келеді. Әдетте әдеби тілдің құрылымы оның қоғамдық қызметіне тікелей байланыста қаралады. Қазақ әдеби тілінде іс қағаздары жазылады (кеңсе стилі), газет-журналдар шығарылып, радио-телевизия хабарлары тартылады (публицистика стилі), түрлі оқулықтар мен оқу құралдары, энциклопедия мен анықтамалықтар, зерттеу еңбектер жарық көріп (ғылыми стиль), көркем шығармалар жазылады (көркем әдебиет стилі). Қазақ тілі ой-сезімді білдіру мен пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқарады. Бұл – қазақ тілінің бүгінгі шындығы.

Әдеби тілді бұлай жікке бөлуге кейбіреуіміздің илана қоймауымыз да ықтимал. Өйткені ондап емес, жүздеп саналатын *кітап*, *жер, ағаш, құс* т.б. сөз әдеби тілдің тек бір ғана стилімен шектелмей, әр салада жұмсала бермей ме? Олар жазушының көркем шығармаларында, журналистің мақала, очеркінде, ғалымның монографиялық зерттеуінде, сондай-ақ іс қағаздарында да кездеседі. Олай болса әдеби тілді көркем әдебиет, ғылым, публицистика тілі, т.б. деп жікке бөліп, «бөлшектеуіміз» жай әурешілік емес пе?

Шындығында, жоғарыда айтылғандай, ондаған, жүздеген сөз, грамматикалық тұлғалар, синтаксистік құрылымдар әдеби тілдің барлық стиліне ортақ. Осы ортақтық әдеби тілдің тұтастығын көрсетеді. Әдеби тіл өзінің қарым-қатынас, қоғамдық қызметін өтеу барысында тұтастығын сақтауға да (интеграция), іштей жіктелуге (дифференциация) де ұмтылады. Бұл – қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі деп аталатын диалектикалық заңдылықты еске түсіреді. Әсіресе соңғы процестің нәтижесінде кейбір тілдің амал-тәсілдер қоғамдық өмірдің белгілі бір саласында жиі жұмсала бастайды. Сөйтіп, сол салаға тән сипат алады. Осылайша көркем әдебиет пен іс қағаздарының, сөйлеу тілінің өзді-өзіне тән белгілері қалыптасады. Бұл айтылғанға күделікті өмірден мысал келтіруге болады.

Әдетте амандасуымыздың «аман-есенсіз бе?», «сәлеметсіз бе?», «ассалаумағалейкум!», «армысыз?» тәрізді синонимдік қатары бар. Оларды тіл жұмсауымызда ретіне қарай қолдана береміз. Ал радио, теледидар дикторлары соңғы хабарды «армысыздар!», «ассалаумағалейкум!» деп бастамайтыны белгілі. *Сәлеметсіздер ме, құрметті жолдастар! Кеш жарық!* немесе *Қайырлы таң!* деу радио, телевизия тілінің дәстүріне айналды. Микрофон арқылы өзгеше амандасу құлаққа мүлде жат естілер еді.

Сондай-ақ *-уда* тұлғасы «Цех коллективі шикізатты тиімді *пайдалануда»,* «Механизаторлар жасыл орақты ұйымшылдықпен *өткізуде»,* тәрізді газет хабарларында, радио репортаждарында жиі жұмсала келіп, публицистика стилінде орныға түсті. Ал мұндайларды үйреншікті ортасынан көшіріп, өзге жерге (стильге) жерсіндіру, болмаса газет бағанасынан мүлде аластау көпе-көрінеу зорлық тәрізді көрінер еді.

Немесе баяндауыштың құрамында айтылатын *болып табылады, болып есептеледі, бірінен саналады* тәрізді етістіктер ресми жағдайда, ғылыми баяндауларда

[21] *Мақала «Қазақ әдебиеті» газеті, 1984, 31 тамызда жарияланған.*

орынды болғанымен, оларды көркем шығарма немесе сөйлеу тілінде жұмсаудың ешбір лайығы жоқ.

Бұл айтылғандардан байқарымыз – әдеби тіл стильдерінің өзді-өзіне тән қалыптасқан немесе қалыптасып келе жатқан тілдік амал-тәсілдері бар. Солар арқылы стильдік жіктеліс тереңдей түспек. Олай болса, стильдік жіктелісті қазіргі әдеби тіліміздің дамуындағы негізгі бағыттың бірі деуге болады. Бұл үрдістің көркем шығарма тіліне де тікелей қатысы бар. Өйткені, кейбір сөздердің, грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік құрылымдардың қалыптасқан стиль аясын сезінбей, я болмаса ескермей екінші бір стильде, мысалы көркем әдебиет тілінде жұмсай берсек, шығарманың тіл өрнегімен үндеспей селкеуленіп тұрады.Мысалы: *«Сақабай төрені мал сойып, конақасы беріп аттандыру қамында екен. Ысқақ «мені үйлендіру мәселесі не болды?» деп ешкімнен сұраған жоқ* (Қ.Исабаев. Серт. 1982, 79-б.). Әдетте *мәселе* сөзімен тіркесіп келетіндер (мысалы, *шешімін таппаған мәселе, күн тәртібіндегі мәселе, негізгі мәселелердің бірі* т.б.) іс қағаздарына тән сипат үстейді. Сөзге ресми реңк береді. Осы тәрізділер, байқаған оқырмандарға, жалғыз-жарым емес. *«Былтыр ол үйші Қырықбайдың үйінде жатты да, құбатөбел ауылдың бір шілдеханасында жиналғандарға ұсыныс жасады»* (95-б.). *«Бөкейге Жәңгір ұсынысы ұнамады»* (109-б.); *«Онда арифметика, алгебра, геометрия және артиллерия мен әскери жер жұмыстары жөнінде сабақ жүреді; ...Үшіншісі төмендегі дәрежеде санау, әріп тану және намаз сабақтары жүретін болады»* (14-б.).

Мұндағы *сабақ жүреді* деген қолданыс *газет, радио* тілінде жиі айтылатын *хабар жүргізді, әңгіме, сұхбат жүргізді* дегендерді еске түсіреді. Кітаби тіл реңкіндегі тіркестер, бәлкім, өз аулында, орынды да шығар. Ал ондайлардың Шоң би туралы тарихи романда кездесуі үйлесімсіздеу көрінеді. Әңгіме жиналыс өткізіп, қаулы қабылдап жатқандар жайында болса, бәлкім, жиналғандарға *ұсыныс жасады, Жәңгір ұсынысы* дегендерді арашалап алуға да болар еді. Бірақ бұл жерде де сөз орынды болмаған соң, қонымды да емес.

Кітапта сөз селкеулігінің өзге де түрлері кездеседі. *«Өзін жарының күйеуі екенін сезініп»...* (89-б.); *хабарына кіріп те шықпады* (43-б. *қаперіне* емес пе?); *қызғыштай қорғап* (57-б., дұрысы: қызғыштай *қорып*); *жер шала, бұлт ала болып* (44-б., дұрысы: *бұлт ала, жер шола*) тәрізділер де шығарма тілінің көлеңке жақтарын көрсетеді.

Қазақ әдеби тілінің публицистика, іс қағазы, ғылыми стиль тәрізді арналарының пайда болып, қалыптасуы жазушы творчествосында жаңа бір көркемдің тәсілдің бауырласа түсуіне себеп болды. М.Әуезов, Ғ. Мүсірепов т.б. көркем сөздің көрнекті зергерлері өз шығармаларында бөгде стильдік белгілерді, мысалы публицистика, іс қағазы, тіпті ғылыми стильге тән элементтерді, қалам тезіне сала отырып (стилизациялап), көркем тіл өрнегінде қолданудың үлгісін көрсетті. Бір ғана мысал, *бейбіт қатар өмір сүру* – «таптық күрестің бір формасы». Бұл терминнің қоғамдық саяси әдебиетте жиі жұмсалатындығы мәлім. Ал жазушы қаламы сөзді үйреншікті ортасынан тыс контексте жұмсай отырып, сөзге айрықша әсер дарытады: *«Көреген де батыл сынның көмегіне зәру шығарма бізде әлі де көп. Олай болса, көркемдік құны төмен, барып тұрған идеясыз шығармамен* ***бейбіт қатар өмір сүру тәсіліне енді мүлде көнуге болмас еді»*** (Ғ.Мүсірепов). Жазушының бөгде стильдік элементті бұлайша қалам ырқына бағындыра қолдануы – тіл шеберлігінің бір қыры.

Әдеби тілдің стиль жігі қатаң сақталып, нормасы айқындала түскен сайын мұндай көркемдік тәсілдің оқырманға тигізер әсері ерекше болмақ.

Қазіргі көркем шығарма тілінде газетизмдер көбейіп бара ма деген күдік те бар. Әрине, бұл жерде газет тілі (публицистикалық стиль) көркем шығарма тілінен төмен немесе іс қағаздары тілі ғылыми әдебиет тілінен нашар деуге болмайды. Ондай көзқарас аты-жөнімен теріс. Еш уақытта өлең тілімен өтініш жазып, қаулы қабылдай алмайсыз немесе газет қызметін романмен ауыстыра алмайсыз. «Жырау өз елінде, шеңгел өз жерінде дүркірейді» дегендей әрқайсысының қоғамдық өміріміздегі орны әр басқа. Әңгіме бұл жерде белгілі бір стильде орын тепкен тілдік амал-тәсілдерді екінші бір стильде араластырып жіберуде болып отыр. Оның бір мысалы мына тәрізді: *Мереке қарсаңында жасөспірім боксшылардың қалалық біріншілігі өтеді. Соған жатпай-тұрмай дайындалып жатырмын. Былтыр финалда ұтылып қалғамын. Биыл қайтсем де қайтару керек. Жасөспірімдер тобы бойынша бірінші разрядым бар...* (М.Қабанбаев. «Бауыр». Әңгіме).

Осыны бетпе-бет сөйлесіп отырған екі адамның арасында айтылар сөзге ұқсатар ма едіңіз? Бұл – екеуара сөйлесуден (сөйлеу тілінен) гөрі газет тілін еске түсіреді. Әңгімедегі тағы бір кейіпкер қасындағы адамға микрофон алдында тұрғандай сөйлейді: *«... Жоғары кластың оқушылары қала іргесіндегі жеміс совхозында қияр, помидор теріп жүр. Қали секілді спортшы балаларды алып қалғамыз. 7 ноябрь мерекесінің қарсаңында қала мектептері спорттың әр түрінен дәстүрлі жарысқа шығады. Күні-түні алас ұрып, соған ақ тер, қара тер дайындалып жатыр. Былтыр бірінші орынды алғамыз. Биыл да бәйгені бермейміз деген талабымыз таудай».* Автор бөгде стиль элементтерін талғаусыз жұмсағандықтан, сөйлеу тіліне тән реңді шынайы бере алмаған.

Қазіргі кезде *көгілдір отын (газ), қанатты металл (алюминий), көгілдір экран (телевизор), дала кемесі (комбайн), ақ алтын (мақта)* т.б. толып жатқан метафоралық тұрақты тіркестерді газет-журнал бағаналарынан, микрофон материалдарынан жиі кездестіреміз. Радиодан: «Бүгін көгілдір экраннан өнерпаздардың концертін тамашалай аласыздар» деп хабарлап жатады. Публицистика аулына тән мұндай сөздерді өсіп-өнген топырағынан айырып, екеуара сөзде (сөйлеу тілінде) қолданып көріңіз. *«Магазиннен кеше көгілдір экран сатып алып едім»* деу, біреуге түсініксіз болса, біреуге күлкілі бірдеме болып шығар еді. Бірақ, бір жақсысы, ешкім бұлай деп сөйлемейді. Ал осындай газет фразеологизмдерін (публицистика элементтерін) кейбір авторлар роман, повестерінде талғаусыз, стиль тезіне салмай жұмсай береді. «*Изобилие» совхозы ала-құла піскен егінін әлден бөлектеп оруға кірісіп кетіпті. Көгілдір көк жиекте қатар-қатар салған* ***комбайндар*** *тұманды теңіз өрінде жүзген* ***дала кемелеріне ұқсайды****, Алипатовтың айтысында, есілдіктер ырғалып-жырғалғанша* «Изобилие» *астығының жартысы* ***Отан қамбасына құйылып*** *та үлгереді* (Р.Тоқтаров. Ғасыр наны). Автордың *дала кемесі* дегені – комбайн да, *Отан қамбасы* деп отырғаны – элеватор. Сонда қалай, *тұманды теңіз өріндегі комбайн комбайнға* ұқсағаны ма? Әңгіме автордың теңеуді сәтті немесе сәтсіз қолдануында ғана емес, публицистикалық тілдің көркем әдебиет тілінен принципті айырмашылығында. Әдетте журналист болмысқа басқа қырдан қараса, жазушы оны өз танымы тұрғысынан бейнелей отырып, тілдік амал-тәсілдерді сол мақсатқа сай қолданады. Газет бағаналарында тұрақты орын тепкен бейнелеуіш амал-тәсілдердің көркем тіл кестесіне бөтен болып есептелетіні де сондықтан.

Қазіргі тілімізде толып жатқан жарыспалы сөздер бар: *байымда – пайымда, нысан – нышан, қария – кәрия,* т.б. Бұл – кемшілік емес, тілдің жаңғырып, қайта түлеп отыруының бір белгісі. Өлі тілде ғана ондай тіршілік нысаны болмайды. *Халал*

– адал, харам – арам, дұспан – дұшпан, мақсұт – мақсат тәрізді варианттар бір кезде жарыса қолданылған. Бұл сыңарлардың ескі кітаби тіл реңіндегі алдыңғылары тіл майданынан ығысып, соңғылары әдеби тіл нормасы ретінде қалыптасқандығы ешбір дау туғызбайды. Әдеби тіл межесінен тысқары қалған мұндай көне кітаби элементтерді кейде қаламгерлеріміз көркем тіл кәдесіне жаратып отырады: *«Жол ұзақ, ұйқы ашар болсын деп ойлап ем,* ***ғайыпқа бұйырмаңыз****, Жұмеке»* (М.Әуезов. Абай жолы).

Тек дұрыстықты көздесе, бәлкім, жазушы *айыпқа бұйырмаңыз* деп қолданған болар еді. Бірақ жазушы қаламы тек дұрыстықты қаламаған. Бұл – қаладан ауылға алып ұшып келе жатқан бала Абайдың ғана емес, медреседен дәріс алып қайтқан шәкірт Абайдың сөзі екенін еске алсақ, жазушының ескі реңдегі кітаби сөзге *(ғайып)* тегін жіп тақпағанын байқаймыз. Әдеби тіл межесінен тысқары жатқан мұндай варианттар, мысалы, *мақсұт, дүния, дұспан* т.б. қосымша жүк арқалап тұрмаса (мұны лингвистикада сөздің эстетикалық қызметте жұмсалуы дейді), *ғайыпқа бұйырмаңыз* деу орынды көрінбес те еді.

Қалауын тауып қолдана білсе, эстетикалық қызметте жұмсалатын сөздердің бір алуаны – *диалектизмдер*. Әдетте пәлен жазушының қаламы диалект сөздерге үйір деп сын айтылып жатады. Ал оларды автор неге, не мақсатпен қолданып отыр деген сұрауға жауап аз. Қазіргі көркем шығармалардың қамтитын тақырыбы сан алуан. Жазушы дикан, шопан, жұмысшы, мұғалім т.б. өмірін шынайы бейнелеуді көздейді. Сондықтан қаламгер өз шығармаларындағы кейіпкерлердің іс-әрекетін ғана емес, сөзін де әлеуметтік ортасына сай кәсіп, қызметіне, білім-танымына лайық етіп беруді мақсат етеді. Ондай шығармалардың тіл кестесінде әдеби тіл нормасынан тысқары жатқан диалект, қарапайым сөздер, архаизмдер де кездесіп отыруы заңды. Өйткені әдеби тілден тысқарылау тұрған жергілікті ерекшеліктер кейіпкерге мінездеме беру, олардың білім дәрежесін, ой өрісін, мәдени деңгейін көрсету үшін, кейіпкер сөзіне сөйлеу тіліне тән сипат беру мақсатымен жұмсалады. Кейбір жазушыларымыздың қаламы диалектизмдерге неге іш тартып тұрады деген сұраудың бір жауабы, міне, осыған саяды. Бірақ бейәдеби қолданыстарды тек құбылыс, зат атауы ретінде жұмсау (жалаң коммуникациялық қызметте қолдану) жеткіліксіз. Мысалы: *«Аттың жайылуынан тұруы көп.* ***Ауыт-ауыт*** *оттауын доғара қойып, күнмен бірге көтерілген даланың анау-мынау қозыдай дәубас көк соналарымен айқасып кетеді»* (С.Асылбеков, Құлтай. «Жұлдыз», 1981, №1). *Әкесі құдықтың жанындағы цемент науаға өлермендене* ***топылған*** *саулықтарды таяғымен* ***мошқап*** *қойып тәртіп орнатып жүр* (86-бет). Авторлық баяндаудағы мұндай қолданысты қазіргі талғамы биік оқырманның қанағат тұтпайтын себебі, әдеби тілде *ауыт-ауыт, топыл, мошқап* сөздерін ауыстыра алатын баламасы бар. Ал диалектизмдерді әдеби тіл нормасының фонында эстетикалық қызметке жеге отырып жұмсаудың, мысалы кейіпкер тілінің мінездемесі ретінде қолданудың, еш бөтендігі жоқ. Қайта, автор тілінен кейіпкер сөзін даралай түсудің бір тәсілі болар еді.

Диалектизмдердің көркем шығарма тілінде қолданылуының тағы бір себебі – қаламгер соны сөз іздейді. Тіл қойнауының тыңында жатқан, жалпы жұртқа беймәлім сөздер (мысалы: *балықтың мәлігі* «ұрпағы», *қан шілде* «нағыз шілде», *құс қанаты* «көктемде болатын соңғы қарлы жауын-шашын») өз сонылығымен оқырман назарын аудармай қоймайды. Өйткені әдеби тілде баламасы ұшырай бермейтін, жоқтың орнын толтыратын ондай сөздердің соны қолданыс ретінде әсері оқырман үшін айтарлықтай. Бірақ амал не, кейбір роман, повестерді оқып отырсаңыз, шығарма

авторы бейәдеби элементтерді стильдік зәруліктің немесе сөзге мұқтаждықтың өтеуі ретінде қолдануға көп көңіл бөле бермейді. *Нәйеті, ексемдеп, әлімәлі, кермалдасып, шеккі емес, бәткерде қылды, мәнейі, аңыстама* т.б. тәрізді «жергілікті маңызы бар» сөздердің арқалап тұрған жүгі болмаса, қазіргі оқырмандарды баурай қоюы екіталай. Әрине, жазушы (К.Ахметбеков. Егіз қайың. «Жалын», 1980. №5) *нәйеті* мен *мәнейілердің* бәрімізге түсінікті әдеби тілдегі баламаларын білмеген деуден аулақпыз. Алайда дағдыда бар сөзден (әдеби тілде баламасы бар атаулардан) қаламын аулақ салып, автордың экзотикалық лексика іздеуін сәтті дей аламыз ба? Мұндайлар көбіне ауылдастың сөзі жерде қалмасын деген ниетпен төркіндес тәрізді көрінеді.

Автор қаламы кейде қолдану жиілігі жоғары сөздерді де дағдыдағыдай жұмсамай, өзгертуге бейім тұратындығы байқалады. Кей тұста ондай түрлендіру жібі түзу сияқты көрінгенмен, *құйрығын тигізді, назар жықты, көз жықты, саңлақтанды, сауқаттасты* тәрізділерді оқырманның ілтипатпен қарсы ала қоюы қиын.

Аға буын жазушыларымыздың тіл кестесіне зер салсақ, сөз сонылығын тек қана әдеби тілден тысқары жатқан тұстардан іздемейді. Жазушы қаламы арқылы жай ғана танымал сөздің өзі жаңа бейнеге ие болып, тосын күйге түседі. Ондай сөз оқырманды сонылығымен баурап алады. Мәселен, *қалам* сөзінің пәлендей сиқыры жоқ, бар болғаны – *«жазу әбзелі»* ғана. Ал *қаламшы* деу ше? Бұлай деу – дағдыда жоқ. Бірақ сөздік құрамда жоқ қолданыстардың қаламгер тілінде кездесіп отыратынын да байқаймыз: *«Жаман-жұман шығармасын ағайыншылықпен шығарып алып, сол бытпылдығына Әуезовтың, Мүсіреповтың пікірін тосқан* ***қаламшыларды*** *да көргенбіз»* (Ғ.Мүсірепов. Алдымен азамат болайық. «Социалистік Қазақстан», 4.11.1983). Интерпретация: *-шы, -ші* жалғанатын сөз кәсіп иесін білдіретіндігі белгілі. Жазушы қаламы қосымшаның тап осы қызметіне заряд берген. Қалам ұстауды кәсіпке айналдырған жазушыны *қаламшы* деп, нысанаға сауыт бұзар жалғыз-ақ жебе жұмсайды. Бірқолданым сөзде (окказионал), осындай жаңа астар болса, соны қолданыстың әсері айырықша болады. Көріктеудің мұндай тәсілі көркем шығарма тіліне де жат емес. Дағдыдан жөнімен ауытқи отырып, сөзді контексте түрлендіру кейінгі буын қаламгерлеріміздің тіл кестесінде мол кездеседі дей алмас едік. Аз да болса, бірер мысал:

Қожайын Отанға өзі, заманға өзі,
Бағытының баянды боп жанар кезі.
Даңғайыр, дала маңдай қаламдозы,
Өрлеткен өнерімен қазақ даңқы,–

дейді ақын (Ж.Жақыпбаев. «Жұлдыз», 1980, № 4). Контекске көтеріңкі леп беріп тұрған *қаламдоз – шабандоз* сөздерінің буданы. Орыс тілінде американ әкімшілігінің ядролық қаруды кейбір Европа елдеріне орналастыру саясатын әшкерелейтін *Евросима* (Европа сөзінің алғашқы буыны мен Хиросима сөзінің соңғы буыны арқылы жасалған сөз) тәрізді будан (гибрид) сөздер бар. Бұндайлар өз кезінде зерттеушілердің пікір елегінен өтіп отырады («Русская речь», 1983, №6, –63-65 б.). Әрине, мұндай бірқолданымдарды да көре біліп, пікір айту ақын-жазушыларымыз үшін де пайдасыз болмас еді.

Қазіргі көркем шығарма тілінде кездесіп отыратын сөздердің бір алуаны – ел ішіндегі байырғы кәсіпке, шаруашылыққа қатысты кәсіби лексика. Қазақ тілі лексикасының бұл тобына жататын сөздердің жалпыхалықтық сипат алғандары

бар да, тіліміздің шеткері қойнауларында қалып қойғандары да бар. *Үйші, ерші, зергер, саятшы* т.б. кәсіп, өнер иелерінің былайғы жұртқа мәлім емес, тек өзара қолданатын кәсіби сөздері қаншама. Қиюын тауып, орынды сөйлете білсе, ұмыт бола бастаған ондай байырғы атаулардың шығарма тіліне шынайылық үстеп тұратын қасиеті де болады. Сол сөздер арқылы оқырман өзіне бейтаныс құбылысты ашады.

Тозаңын ала ғой, – дейді ұста. Тозаңды ең әдемі аппақ ұн деп ойлаған шайтан ***итаяқты*** *ұрып қозғалтып тұратын* ***шақылдақ*** *жасап беріпті... Әйтеуір, диірменді таныстырып тауыспадым. Білмегенімді диірмен тісеп, жөндеп жатқан атамның қасына келіп сұраймын* (Ә. Бөриев. Алматы әңгімелері. 1979.). «Мейір гүлдеген жерде» деп аталатын бұл повесте жазушы *диірменнің пәресі, еркек тас, ұйық, шот балға* (диірмен тасын тісейтін құрал), т.б. кәсіби сөздерді қолдана отырып, олардың оқырмандарға түсінікті болу жағын да ескерген.

Байырғы кәсіп, қол өнері, шаруашылық салаларына қатысты қолданылатын арнаулы сөздердің техника тілінде қайта жаңғырып, терминдік мәнге ие болуы – әдеби тіл лексикасындағы жаңалықтардың бірі.

Мысалы: *шанақ* (диірменнің шанағы) – *комбайн шанағы* (бункері); *қалбағай* (омыртқаның түрі) – *комбайн қалбағайы* (мотовила); *білектеу* (киіз білектеу) – *білекте* «кулачить» (тех. термин); *диірмен пәресі* (су ағысының күшімен айналатын шығыршық) – *пәре* (турбина) т.б. Мұндай процесте көркем шығарма арнасы арқылы әдеби тілімізде орныған жататын сөздер аз кездеспейді. Дегенмен қазіргі оқырман осыны қанағат тұтып қоя ма?

Белгілі бір кәсіп аясында жүрген сөздердің тағы бір сыры бар. Кәсіп иелері мен хас шеберлер қолданатын сөздердің бірсыпырасы, байқап қарасақ, халық тілінде мүлде жаңа сапаға көшіп отырған. Кәсіптік аяда айтылатын бірер сөзді еске түсіріп көрейік: *мық* «ағаш шеге», *тегеуірін* «қыран құстың жембасарына қарама-қарсы біткен артқы саусағы», *маймөңке* «өрмек құралы» екендігі кәсіп, өнер иелеріне жақсы таныс болғанмен, былайғы жалпақ жұрттың бәрі біле бермейді. Бірақ, бір ғажабы, мұндай арнаулы сөздер кәсіптік аяда қалып қоймай, халық тілі талқысынан өте отырып, образды сипатқа ие болған. *Мық* дегеннің «шеге» екенін қазіргі кезде екінің бірі түсіне бермесе де, *мық шегедей* тіркесінің нендей мағынаны аңғартатынын жұрттың бәрі біледі. *Мәймөңкелеу* сөзін «жағымпаздану» деген мағынада түсінсе, *тегеуірінді* сөзінің «аса күшті, қуатты» дегенді аңғартатынын да бірден байқайды. Халық шығармашылығында сөз осылайша образды өң алып, кең өріске шықты. Кәсіби сөздер небір бейнелі сөз орамдарының жасалуына негіз болды: *Өрмектің жүзі ауғанда* «жарым-жартыдан, бел ортадан асқанда»; *тік сандалдай «мүсінді, тұлғасы келісті»; текеметтің суындай* «жарасымды, үйлесімді», *қарпуы қанық* «кондициясына жеткен» деген мағынада. Сөз игерудің, тіл көркемдеудің халық шығармашылығындағы осы дәстүрі қазіргі көркем шығарма тілінде жаңғыра түсті дей аламыз ба? Осы тұста іркіліс бар тәрізді.

Көркем шығармалардың көпшілігінде бөгде тіл элементтерін қолдану тәсілі де кездесіп отырады. Кейіпкерлер орысша, қазақша сөздерді араластыра сөйлейді. Т.Әлімқұлов кейіпкерлерінің аузына *отчет, оратор* деген сөздерді салып, Ә.Тарази *безобраз* деп сөйлетеді. М.Асылғазин *слушай, крупный мәселе* дегендерді диалогте арнайы қолданады. Мұндай тәсілден оқырман кейіпкердің кім екендігін аңғарып отырады. Тілді шұбарлау – кейбіріміздің дағдымызға сіңген, өмірде болатын сырқауға арналған құбылыс екендігі рас. Көркем шығармада ондай жағымсыз құбылыстың

сыналуы оқырмандарға аз өнеге берген жоқ. Тіл шұбарлаудың мүкістік екендігін аңғарып, әркім өз сөзіне де, өзгенің сөзіне де «қарауыл» қоя бастады.

Алайда кейіпкерлер тіліне мінездеме берудің осы тәсіліне бұл күнде оқырмандардың еті әбден үйренген тәрізді. Ендігі жерде кейіпкерлерді бұлай сөйлетудің оқырман үшін пәлендей әсері бола қояр ма екен деп ойлайсың. Көркем шығармада кейіпкердің тілі қашанғы *безобраз* деген ескі «паспортпен» жүреді. Осы күнде тіл шұбарлаудың «жаңа сорты» пайда болды. Ондайды кездестірген кезде: «Жазушы болашақ кейіпкерлерінің сөзіне құлақ түрер ме еді», – дейсің. Автобуста келе жатсаң, *Космонавтан шығасың ба?* – деп сұрайды. Арбадан, вагоннан, автобустан *түспеуші ме еді*? Естіген құлақта жазық не? Ботаны *түйенің баласы* дейтіндерді де кездестіресіз. Қысқасы, тілдік мінездеме үшін материал аз емес. Ондайлар көркем шығармада орынды қолданылып жатса, кейбіреулер өзінің тіл мүкістігін айнадан көргендей болар еді.

Біз көбіне көркем шығарма тілінде кездесетін өзге сөздік элементтер, әдеби тіл шығармаларынан тысқары жатқан жергілікті сөз, кәсіби лексика жазушының тіл кестесіндегі сонылық, кейіпкердің тілдік мінездемесі жайында кейбір мысалдарды негізге ала отырып, азды-көпті сөз қозғадық. Әрине, бұлардан басқа да арнайы сөз болатын мәселелер көп.

БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ СӨЗ МӘДЕНИЕТІ[22]

Қазіргі заманда телевизия, радионың аудиторияға тигізер ықпалы ерекше екені белгілі. Әсіресе теле-радиохабарлардың бұқаралық сипаты (массовость) мен жеделдігі (оперативность) қарқындай түсті. Мемлекеттің ішкі, сыртқы саясаты жөнінде, ел ішіндегі, әлемдегі маңызды уақиғалар мен жаңалықтар жөнінде қалың жұртшылыққа дер кезінде хабар-ошар таратып отыруы бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) әлеуметтік мәнділігін одан сайын күшейтіп отыр. Оның үстіне қазіргі кезде инженерлік технологияның даму қарқынымен байланысты БАҚ өнімдерінің оқуға, тыңдауға, көруге жағымдылығы, қолайлығы арта түсті.

Соңғы жылдары бұқаралық сипаттағы радио, телевизия хабарлары, бұқаралық сипаттағы газет, журнал басылымдары тілдік қарым-қатынастың айрықша типін қалыптастырды. Тілдік қарым-қатынастың бұл түрі **бұқаралық қатынас тілі** деген арнайы терминмен айтыла бастады. Қалың жұртшылықпен, бұқара халықпен қарым-қатынас жасаудың арнайы құралдары жетіліп, дамып БАҚ деп аталғанына жарты ғасыр шамасындай уақыт өтті. БАҚ-тың тілі өзге қарым-қатынас тіліне қарағанда өзіндік жүйесімен, құрылымдық ерекшеліктерімен қарым-қатынастың ерекше типіне айналды. Алайда БАҚ-та техникалық құралдары жетіле түскенмен, тіл құралы, сөз мәдениетінің деңгейі қандай жағдайда екені қоғамдық назарда болуға тиіс.

Сөз мәдениеті коммуникацияның ойдағыдай нәтижелі болуының, керісінше, нәтиженің ойдағыдай болмауының тілдік фактілерін қарастырады. Бұқаралық қарым-қатынастың сөз мәдениеті тілдік, стилистикалық, коммуникативтік норма тұрғысынан қарастырылып, айқындалады.

Зерттеушілердің көрсетуінше, БАҚ *визуалды, аудиалды, аудиовизуалды* болып үлкен үш топқа бөлінеді. Бұлардың бәріне ортақ негізгі қызмет:

– белгілі бір факт, уақиға, мәселе жөнінде жұртшылыққа ақпарат беру;

– факт, уақиға жөнінде түсінік, баға беру;

– танымдық, тәрбиелік, ағартушылық мазмұнда ақпарат бере отырып, жұртшылықтың (оқырмандардың, тыңдармандардың, көрермендердің) білім қорын молайтуға ықпал жасау;

– жұртшылықтың қоғамдық, әлеуметтік, саяси көзқарасына әсер ету. БАҚ-тың бұл функциясы әсіресе саяси-әлеуметтік акциялар кезінде тіпті күшейе түседі;

– геоденистік ақпарат беру, яғни жұртшылықтың көңіл күйін көтеретіндей ақпарат беру.

БАҚ-тың визуалды түріне бұқаралық сипаттағы мерзімді басылымдар жатады. Мерзімді басылымдарда екі түрлі таңбалар жүйесі болады. Бұлардың негізгісі – тілдік таңбалар жүйесі. Ал фото, сурет, карикатура, қаріптің түр-түрі қосалқы түрде қызмет ететін таңбалар жүйесі. Таңбалардың бұл жүйесі қазіргі кезде әралуандылығымен, тапқырлығымен сапасы арта түсті. Тиісті ақпарат оқырмандарға осы екі түрлі код арқылы беріледі.

Радиохабарларында үш түрлі таңбалар жүйесі болады. Негізгісі тілдік таңба, ал табиғи дауыс пен музыка қосалқы қызмет атқарады. Сонымен радиохабарларында ақпарат үш түрлі кодқа салынады.

Телевизия хабарларында төрт түрлі таңбалар жүйесі бар, ақпарат төрт түрлі кодқа

[22] *Мақала Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы, – Алматы: Мектеп, 2004 ж. жарияланған.*

салынады. Мұнда да негізгісі тілдік таңбалар жүйесі. Ал табиғи дауыс, музыкаға қоса «жанды» бейнелер таңбасы тілге қосалқы қызмет көрсетеді.

Радиодан естілер сөздің мазмұны музыкамен, табиғи «шумен» (бұлақтың сылдыры, жапырақтың сыбдыры, мотордың гүрілі, адамның дабыр-дұбыры т.б.), телехабардың ақпараттық мазмұны жанды-жансыз дүниенің бейнелерімен толыға түседі. Дегенмен бұл компоненттердің бәрінен маңыздысы – сөз. Сондықтан жұртшылыққа түсінікті сөздер жиі, көбірек қолданудың, жазба мәтінді дұрыс, сазына келтіріп дыбыстаудың, тиісті жерінде сөзге логикалық екпін түсірудің, жеке сөздердің орфоэпиялық нормаларын сақтаудың маңызы ерекше.

БАҚ-тың негізгі құралы тіл болып табылады, ал оның субъектісі, яғни адресаты оқырман, тыңдарман, көрермен деп аталады. Міне, осымен байланысты БАҚ-тың дискурсы бірнеше семиотикалық жүйенің синтезі деуге болады.

Сонымен БАҚ тілдік және тілдік емес таңбалар жүйесі арқылы әртүрлі ақпарат беруді көздейді. БАҚ-тың мақсаты – белгілі бір зат, құбылыс, уақиғаның интеллектуалды, объективті, концептуалды, фактуалды мазмұнын беріп қою емес, яғни ретрансляция жасау ғана емес, сонымен бірге реципиентке ықпал етумен қатар ақпарат беруші ретінде өзінің сол зат, құбылыс уақиғаға бағасын беріп, көзқарасын да көрсету. БАҚ жай ғана ақпарат тасымалдаушы, хабар жеткізуші ғана емес, ең алдымен, мемлекеттің ішкі, сыртқы саясаты, елде, әлемде болып жатқан уақиға, жаңалықтарды жеткізе отырып, олар жайында өзінің, редакциялық ұжымның, әлеуметтік жіктің көзқарасын, бағасын беруші, қоғамдық ойға қозғау салатын, пікір қалыптастыратын публицист.

БАҚ-тың беретін ақпараттарының мазмұны факт, комментарий, баға беру тәрізді үш түрлі құрылымдық бірліктерден тұрады. Соңғы кездердегі зерттеулерде БАҚ-та норманың ақпараттық норма және тілдік норма деген екі түрі болатыны, ақпараттық норма тек кәсіп, мамандық мәселесіне ғана емес, тілдік нормаға да әсер ететіні жиі айтыла бастады. Сондықтан тілдік емес норманың бұл түріне азды-көпті тоқталуға тура келеді.

Гуманистік идеяны қуғындау, соғыс өртін тұтату, ұлт араздығын қоздыру, ұлттың, жеке адамның намысы мен ар-ұжданына тию, беделіне нұқсан келтіру, елдің конституциялық нормаларына қарсы шығу; есірткі, маскүнемдікті т.б. бейморальдық және зиянды нәрселерді насихаттау ақпараттық норманы бұзу болып табылады. Ақпараттық норманы бұзуға заңмен тыйым салынады немесе қоғамдық цензура тыйым салады.

Идеологиялық қысыммен байланысты ақпараттық норманың бұзылуы тілдік құралдардың жұмсалуына ықпалын тигізеді: балама сөздер жасанды метафоралар, ақпараттық мәні ақиқатпен үйлеспейтіндіктен сөздің құнсыздануы сияқты жағымсыз құбылыстар пайда болады. Мысалы, тоталитарлық дәуірде *тап жаулары, халық жауы, ұлтшыл, шетелдің шпиондары, жапон агенттері, байшылдар, буржуазияның құйыршықтары* т.б. 30-50-жылдардағы бұқаралық басылымдар мен радиохабарларының тұрақты лексиконына айналды. 60-80-жылдары БАҚ тілінде *дала аруы, ақ алтын, болат жолдың батырлары* т.б. жасанды әшекейлер көбейді. БАҚ ең алдымен, эмоция тудыру арқылы ой-санаға әсер етеді. Сөйтіп, жұртшылықтың ой-санасына қозғау салып, қоғамдық пікір қалыптастырады. Әрине, жағымды, жағымсыз эмоция тудыру арқылы санаға әсер ету ең алдымен тілдік құралдарды, оның амал-тәсілдерін дұрыс пайдалану, орынды жұмсау, шебер қолданумен байланысты екені даусыз.

Идеологиялық қысымнан босаған соң, сөз бостандығын ендігі жерде бұқараға тек шынайылықты, ақиқатты жеткізіп жатыр деу шындықпен үйлеспес еді. Қазіргі БАҚ белгілі бір жіктің, қаржыландырып жатқан топтың, саяси партия, қоғамдық ұжымдардың сөзін сөйлейді. Солардың ой-пікірін, мақсат-мүддесін, саяси ойындарын жұртшылыққа ақиқат деп ұсынады. Осындай жайттар ақпараттық норманың бұзылуы, мысалы, ұнамаған, көңілден шықпаған біреуді жалпылама жағымсыз фактілермен бастан-аяқ қара бояумен беру ақпараттық норманың бұзылғандығын көрсетеді. Мұндайға мақала кейіпкерінің атына айтылатын балағат сөздер (инвективалар) көбейіп кететіні байқалады, яғни ақпараттық норманың бұзылуы сөзқолданысқа салқынын тигізіп жатады. Уақиға әбден насырға шапқанда белгілі бір ақпарат құралдары мен оның «жағымсыз» кейіпкері сотқа жүгініп жатады. Бұл – БАҚ-та тілді кекету мен мұқатудың құралы ретінде жұмсаудың көрінісі.

Ақпараттық нормадан ауытқудың бір түрі – журналистің тиісті ақпарат өрісінен шығып кетуі.

БАҚ-та жеке бастың намысына тию, белгілі бір қайраткердің беделін кетіру, адамның жеке өмірін қазбалау, белгілі бір саладағы кәсіби мамандардың ісі мен шығармашылығына кәсіби құзыреті жеткіліксіз бола тұра билік айту сияқты жайттар да ақпарат өрісінен шығып кетіп, жұртшылыққа жалған ақпарат беру ақпараттық норманы бұзу болып табылады. Іс қиындай бастағанда редакциялық ұжым кешірім сұрай салады. Ұлттың, тілдің, ғылымның, өнердің мүддесін қорғаған сияқты сыңай танытып, қасықтағы судан дауыл тұрғызу, түймедейді түйедей, түйедейді түймедей етіп көрсетудің тілдік тәсілдерін пайдаланады, қоғамға зиянды «элементтердің бетпердесі сыпырылып», «әшкереленіп» жұртшылықтың алдында телеарналар ұпай, газет тираж жинап жатады. Мұндайда оқырманның (тыңдарманның, көрерменнің) интеллектуалдық қабылдауынан гөрі эмоционалдық сезіміне әсер етудің тілдік тәсілдерін пайдаланады. Әсіресе әртүрлі эмоциалдық мағынадағы тілдік бірліктер барынша мол қолданылады. Сөйтіп, ақпараттық өрісте мәдени, саяси т.б. байланысты дау-дамай ақпараттың нанымдылығы мен нанымсыздығы «бас қатыратын» мәселелердің біріне айналады.

Ауызжаласушылық, адам құқығын бұзушылық, заңды бұзушылық, заңнан өзін жоғары қоюшылық, зиянкестік т.б. жағымсыз әрекеттерді әшкерелеу арқылы БАҚ қоғамдағы келеңсіз құбылыстарды сынап-мінеу, олар жайында қоғамдық пікір туғызуды көздейді, сөйтіп, қоғамды жақсартуға, демократияландыруға атсалысады.

Алайда қайсыбір басылымдар мен теле, радиохабар арналарының бағдарламаларында жалған фактілер келтіру, ақиқат фактіге ойдан шығарылған фактілерді қосып жіберу, жұртшылыққа мәлім белгілі бір факт, уақиға, құбылысқа сілтеме жасай отырып, ақиқатты бұрмалау тәрізді тәсілдер қолданылады. Мұндайда дереккөздер *жұртшылықтың айтуынша, көргендердің айтуынша; болуы мүмкін, жел соқпаса шөп басы қимылдамайды; тұрғындардың ішінде көргендер бар екен, білетіндер солай деп отыр* т.б. тәрізді «әмбебап», жалпылама мазмұндағы тілдік бірліктер болады. Мұндай сөздер оқырманға дереккөздері сияқты әсер етеді.

Саржағал газеттер жөнінде жазып жүрген Айгүл Рамазанның айтуынша, «Кез келген ақпаратты талғамсыз жұтатын көпшілікке арналған басылымдардың жаңалық берудегі негізгі критерийі: егер ит адамды қапса, ол жаңалық емес, керісінше адам итті қапса, жаңалық деп есептелінеді» (Асылхан Мамашұлы. Ана тілі. 05.04.07). БАҚ-тағы жалған ақпараттар белгілі бір субъектінің саяси көзқарасына ғана емес, ақпараттың басымдылыққа ие болу, сенсация туғызатын ақпарат іздеу, хабарларды

тезірек, баспалардан бұрын жұртшылыққа жеткізу, мәліметтерді, фактілерді қызығарлық етіп беру т.б. жайттар кейде сенімсіз, дәлелсіз жалған мәліметтердің жария болуына себеп болады.

Асығыс, тексерусіз айтылған ондай фактілерді, мәліметтерді екінші бір басылымда (арналарда, хабарларда) ізін ала терістейтін материалдар беріліп жатады. Аяғы дау-жанжалға айналып жататын мұндай материалдар басылымдардың (хабар, телеарналардың) сапасының пәлендей жоғары екенін көрсетпейді.

Қазіргі кезде БАҚ-та қоғамдық мәні бар өткір сын, пікірталастарға едәуір орын беріле бастады. Алайда қайсыбір мақала, пікірталас авторлары қоғамдағы орын алған кемшілік, ойсырап жатқан олқылық, тәртіпсіздік, маскүнемдік т.б. жайттарға жұрт назарын аударғандай болады. Келеңсіз жайдың себеп-салдарын айтқандай сыңай танытады. Бірақ осыған жол берушілердің нақты аты-жөні айтылмайды да, *атүстіндегілер, ел тізгінін ұстағандар, билік басындағылар, шенеуніктер* т.б. жалпылама, адрессіз сөзді қолдану тәсілін пайдаланады. «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегендей, нақты адрессіз айтылған мұндай «өткір» сын әлдекімді әшкерелеп жатқандай әсер қалдырады. Тек эмоцияға әсер ету сияқты мұндай тәсілді «көлеңкемен күресу» деп атауға болады. Ақпараттық нормаға сәйкес келмейтін «көлеңкемен күресу» тәсілі тілдік құралдардың тиімділігіне, дәлдігіне нұқсан келтіреді, яғни бұқаралық коммуникацияның мәдениетін төмендететін факторлардың бірі деп танимыз.

БАҚ тілінің коммуникативтік-прагматикалық қырлары. «Кітаби тіл//стиль» деген тек жазба дүниеге ғана емес, бұл термин жазба мәтінге де, ауызша мәтінге де қатысты. Кітаби тілдің жазбаша түріне мерзімді басылымдар тілі, ал ауызша түріне радио, телевизия хабарларының тілі жатады. Өйткені радио, телехабарларда берілетін ақпарат ресми сөзге жатады. Сондықтан ресми ақпарат кітаби тілмен беруді қажетсінеді. Ал бейресми ақпарат – халық тілінде «ұзын құлақ» – сөйлеу тілімен беруді қажетсінеді.

Теле, радиожурналист, әсіресе, публицистика стиліне ерекше ден қоюға тиіс. Өйткені газет бағаналары мен радио, телеарналар – публицистикалық стильдің «меншіктеп» алған орны. Публицистикалық шығарма қалың жұртшылыққа түсінікті тілмен елде, әлемде болып жатқан уақиғаларды таныстыру, оған талдау жасау арқылы қоғамдық пікір қалыптастырады. Ал прагматика, қысқаша айтқанда, адресанттың ақиқатқа, ақиқат мазмұнына, адресатқа өзінің қатысын білдіру, бағасын беру.

Мерзімді басылымдардағы теле, радиохабарлар бағдарламасында берілетін ақпараттың объективтілігі (фактуальдығы) мен субъективтілігінің арақатынасы қандай болу керек деген мәселе мамандар мен тіл мамандарының арасында пікірталас тудырып келеді. Объективизм – белгілі бір уақиға, факт, нәрсе жайында реципиентке тиісті ақпарат беру. Ал субъективизм – ақпарат берушінің белгілі бір нәрсе, факт, уақиға жөнінде ақпарат бере отырып, реципиентке сөзді бедерлі, яғни риторика тәсілімен әсер ету, оның сезіміне, ақыл-ойына әсер ете отырып, қоғамдық пікір қалыптастыру. Бұл – прагматикалық жағдаят.

Объективизм бағытын ұстанушылар, «mass media»-ның көздеген негізгі мақсаты – субъектіге тиісті ақпаратты жеткізу. Субъект – ақпаратты қабылдаушы. Субъектіге ықпал ету «mass media»-ның негізгі мақсаты емес деген пайымдауды ұстанады. Газет бағанасындағы сөз оқырманға ықпал ететіндей қаншама бедерлі болғанмен, мәселенің ең маңыздысы хабар беруде деп біледі. Яғни журналист хабарды дер кезінде субъектіге жеткізе білуге тиіс, басқада шаруасы жоқ, ол оқырманға әсер етем

деп әуреге түспеуі керек деген қағидатты ұстанады. Өзінің беріп отырған хабарына журналист сырттан кіріспей, одан сырт қалуға тиіс. Бұлай болмаған жағдайда журналист субъективизмге ұрынады. Мысалы, батыстың журналистері материалды үйіп-төгіп береді, ал кеңестік, посткеңестік журналистика мектебінің өкілдері оларға бұл жағынан шендесе алмайтындай көрінеді. Бір минутқа сыйғызатын хабарды біздің журналистер жарты сағаттық материалмен береді екен.

Баспасөзде, радио, телехабарларда берілетін ақпараттың мазмұндық құрылымы фактуалдық және ықпалдастық деген негізгі екі бөліктен тұрады. Республиканың «mass media»-сында хабардың ақпараттық-мазмұндық жағына да, ақпараттық ықпал ету жағына да ерекше көңіл бөлінеді. Біздің байқауымызша, көп жағдайда әсіресе, ақпараттың ықпалдастығына иландыру жағына аса мән беріледі. Уақыттың эфирдегі сөздің 40 пайыздайы «иландыруға» кетеді. Мақал, мәтел, теңеулер, фразеологизмдер, эмоционалды сөз легі т.б. «үйіп-төгіп» қолданылады.

Алайда қоғамдағы өзгеріс БАҚ дискурсы субъектісінің құрылымына да әсер етті. Бұқаралық коммуникация субъектісінің құрылымы өте күрделі. Хабар авторы – индивидуалды-ұжымдық субъекті, яғни автор белгілі бір хабарды жеке өзінің ғана емес, газет-журнал редакциясының, теле, радио хабарлары ұжымының да көзқарасын танытып, ұжымдық баға береді.

Тоталитарлық қоғамда бұқаралық коммуникация субъектісінің құрылымын «автор» – «редактор» – «цензура» (идеологиялық қысым) түрінде көрсетуге болады. Егемендік алғаннан кейінгі кезеңде коммуникация субъектісінің қалам еркіндігі күшейді, идеологиялық қысым босаңсыды, цензура жоғалды. Журналист қаламы тақырып бостандығы, стиль бостандығы, прагматикалық бостандыққа қол жеткізіп, ерікті болды.

Бұрын, ертеректе, радио, телехабарлар бағдарламасының жанрлары аса көп болмайтын. Қазір бір ғана бағдарламада ресми ақпарат, публицистикалық талдама, репортаж, комментарий, дөңгелек үстел, интервью, ток-шоу, очерк т.б. жанрларды кездестіруге болады. Осы жанрлардың сөз өрімі, бедері әр алуан. Мысалы, дөңгелек үстел, интервью сөйлеу тіліне, ресми ақпарат ресми іскағаз тіліне, очерк көркем мәтін тіліне жақын түсіп жатады. Осының өзі радио, телеэфирдегі сөздің өзіндік ерекшелігі мол, аса күрделі және дербес жүйе екенін көрсетеді. Олай болса бұл салада, бұқаралық коммуникация саласында, қазақ тілі қалай жұмыс істеп жатыр? Сала мамандарының кәсіби құралы тіл болғандықтан, «оны қалай пайдаланып жатыр?» «жақсы үлгілермен қатар, кемістіктің түрлері қандай?» деген мәселелер үнемі назарда болып, арнайы қарастыру сөз мәдениетінің міндетіне жатады. Жалпақ жұртпен сөйлесетін болғандықтан, радио, тележурналист тілдік норма, әдеби тілдің стильдік тармақтары БАҚ-тың тілдік ерекшелігі жөнінде білуге тиіс мәселелер аз емес. Ал мұның өзі, түптеп келгенде, жалпыхалықтық тіл, әдеби тіл, тілдік норма, сөз шеберлігі мәселелерімен ұштасып жатады.

Коммуникация субъектісі тілдік құралдар арқылы фактуальдық ақпараттарды бере отырып, жұртшылыққа әсер етудің, ықпал етудің және белгілі бір құбылысқа, уақиғаға, затқа деген қатынасын, бағасын айқын білдіре отырып, адресатты да соған қарай бейімдеуге тырысты. Бұрынғы БАҚ-тың прагматикасы біртіптес коммунистік сананы қалыптастыруға қызмет етсе, ендігі жерде БАҚ-тың тілдік прагматикасы автордың ақиқатқа берген бағасы мен қатынасын айқын көрсетуге қызмет етті.

Баспасөзде, уақиға, құбылыс, затқа партиялық тұрғыдан қарау басты принцип болды. Белгілі бір уақиға жөнінде жазбастан бұрын мәселенің партиялық тұрғыдан

«ақ» немесе «қараға» жататыны журналист үшін белгілі жайт болатын. Мәтіндегі тілдік бояудың түсі партияның жоғары органдарының көзқарасымен байланыстылығы, бұқаралық коммуникацияның адресат-субъектісіне де белгілі жайт болатын. Әйгілі қайта құру кезінде «ақтаңдықтар» ашыла бастады, коммуникацияның адресат-субъектісі күтпеген тұстан партияның жоғары эшалонындағылар әшкерелейтін қара бояулы материалдар оңды-солды жариялана бастады.

Қазіргі БАҚ идеологиялық қысымнан босағанмен, нарық қыспағын да көрді. Әрине, «Қазақстан баспасөзі қоғамдағы тұрақтылыққа, саяси орнықтылыққа қызмет етіп жатыр деуге болады. Ал енді кемшіліктер дегенде, көрерменнің, оқырманның ығында кетіп қалу, қалайда ұнауға тырысу, сонан кейін қай хабар, қай материал жарнама тартады, қай материалды ақылы етуге болады деген тұрғыда қарау басым, мұнда, әрине, нарықтың да өзінің ықпалы бар» (Сауытбек Абдырахманов. Ана тілі. 05.04.07.).

Белгілі бір құбылысқа, уақиғаға баға беру «өзіміз» – «өзге»; «жақсы» – «жаман»; «ақ» – «қара»; «дос» – «дұшпан» тәрізді концептілер бойынша берілді.

«Өзге», «жаман», «қара», «дұшпан» концептілері жағымсыз мағынадағы сөздер, метафора, теңеулер, прецедентті феномендер т.б. тілдік тәсілдер арқылы ашық берілгенін байқаймыз. Мысалы, «айғайлатып айдар тағу» әдісі – *іштен шыққан жау жаман, ұлтына өгей ұлдар* т.б. жағымсыз мазмұндағы концептілерді беруде тура номинацияға қарағанда екінші кезектегі номинацияның әсері, уыты күштірек болды. Сөз арасында адамның табиғи кемшілігін айту, тыйым салынған сөздерді қыстырып жіберу, мәдени қарым-қатынасқа жатпайтын, жеке бастың намысына тиетін қолданыстар жиілей бастады. Бұлар сөз этикеті ғана емес, жалпы адамгершілік нормасына жатпайтын тәсілдер болып есептеледі. Белгілі бір осы құбылысқа, уақиғаға объективті, субъективті баға беруде кекесін, мысқыл, кекетіп, мұқату, доң айбат көрсету тәрізді мазмұнды білдіретін тілдік амал-тәсілдерді қолдану жиілей бастады. Мұның өзі сөз еркіндігін, сөз бостандығының БАҚ сөз мәдениетсіздігіне айналып кету қаупін туғызды.

Ауызша сөз нормалары мен сөз бедері. Қазақ әдеби тілі ауызша және жазбаша түрде қызмет ететіні белгілі. Әдеби тілдің жазба түрімен байланысты оның жазу нормалары қалыптасты. Сырт қарағанда, ауызша тіл мен жазба тілдің еш айырмасы жоқ, айырма тек біреуінің естуге (аудиалды), екіншісі көруге (визуалды) негізделген, яғни бірінде дыбыс толқыны, екіншісі қағаз бетіндегі таңбалар жүйесі тәрізді материалдық негізінде ғана сияқты. Ал, расында, айырма тереңде, астыртын жатыр. Ол – тілдік құралдарды талғап, таңдау және оны қалай қолдану дегенге саяды. Мысалы, ауызша тілдің интонациялық құралдары беретін мән-мағына, интонациялық бедерді беруде қаламның мүмкіндігі шектеулі. Жазба тілдегідей ойды елеп екшеуде, сол екшеуден өткен ойды объективтендіруде ең керекті-ау деген тілдік құралдарды, бірліктерді талғап, таңдауға микрофон алдындағы сөйлеушінің мүмкіндігі қалам ұстағандағыдай емес. Қалам «иесінің» жазылған сөзге қайта оралып, ойын дәлдеп, сөзін ұштап жатуға мүмкіндігі бар, ал микрофон «иесінің» ондай мүмкіндігі жоқ. Аса күрделі ойды ауызша сөзде күрделенген сөйлемдермен емес, қысқа құрылымды ықшам құрамдармен жеткізу орынды көрінеді. Кейбір стандартты құрылымдар, тұрақты тіркестер, сөздер мен формалардың ауызша сөзде қолданылу мүмкіндігі тым төмен болады. Оларға мән берместен ауызша сөзде қолдану сөзді жасандылау етіп көрсетеді.

Әдеби тілдің ауызша жүйесі мен жазбаша жүйесінің аражігін біліп қолданудың сөз мәдениеті үшін принципті мәні бар. Өйткені бұл екі жүйе бір-бірімен тығыз

байланысты. Екеуінің де өзегі ортақ, яғни көптеген қосымша, сөйлем құрылымы екеуіне де ортақ. Алайда мұндай ортақтық ауызша тіл мен жазба тілдің сыртқы-ішкі айырмалары елеусіз екен деген ойға саймаса керек.

Жазба тілдің өзіне тән жүйесі бар. Жазудың негізгі мақсаты дыбысталған сөзді айна қатесіз қағазға түсіру емес немесе транскрипциялау емес, ой мен сезімді дәл, тиімді жеткізу. Жазудың жүйесі осы мақсатты жүзеге асыруға бағынады.

Жазылған сөзді, яғни жазба кодты ешбір қиындықсыз тануға, «кілтін» ашуға тиіс. Оқырманның көзшалымына оңтайлы болу жағы көзделеді. Сондықтан көп жағдайда сөздің жазылуы мен дыбысталуы сәйкес келе бермейді.

Жазуда сөз мағынасын ажырата алатын қабілеті бар дыбыстар белгіленеді, ал олардың дыбыстық қоршауға тәуелді түрлері еленіп-ескеріле бермейді: ба[с]шы (*ба[ш]шы* емес); кез келді (*кезгелді* емес); мұзжарғыш (*мұ[ж]арғыш* емес); қара ала *(қарала* емес*),* қалааралық *(қаларалық* емес*).* Бұл сөздерді айтылуынша таңбалау, яғни *башшы, кезгелді, мұжжарғыш, қарала, қаларалық* деп жазу көзшалымына азды-көпті қиындық туғызары сөзсіз. Жазылған сөзді танудағы автоматизмді баяулатады. Сондықтан қазіргі жазу сөздің негізгі дыбыстық (фонемалық) құрамын сақтап жазу қағидасын негізге алады.

Ал жазудың дәл осы қағидасын ауызша сөзде қолдану, яғни микрофон, экраннан естілер сөзде қатеге саяды. Сондықтан әлгіндей сөздер, керісінше, *ба[ш]шы (басшы* емес*); кез[г]елді (кез келді* емес*); мұ[ж]жарғыш (мұзжарғыш* емес), *қарала (қара ала* емес*), қаларалық (қала аралық* емес); түрінде дыбысталады. Бұл айта-айта жауыр болған әңгіме, бірақ құлақ асып жатқан ешкім жоқ.

Әдеби тілдің ауызша нормасынан уәжсіз, мақсатсыз ауытқулардың салдарынан айтылған сөздің мағынасы тыңдаушы үшін бұлыңғыр тартып, тілдік қарым-қатынасқа қаяу түсіреді, бұл – бір. Екіншіден, дыбысталған сөздің өзіндік үйлесімі, үндестігі, ырғағы, әуені, әуезі болуға тиіс. Бұлар, бір жағынан, айтылған ойға, мағынаға қатысты болса, екінші жағынан естір құлаққа жағымды естіледі, естіген құлақтың айызы қанатындай болады. Сондықтан сөз аралығындағы дыбыстарды ықпалдастырып, сындырып айтудың, «қатқылдау» дыбыстарды «жұмсартып» айтудың эстетикалық мәні бар.

Мысалы, қазақ тілінде қатқыл естілетін [қ] дыбысынан басталатын сөздің үлесі барлық дыбыстан жоғары, сөздікте тіркелген сөздердің шамамен оннан бірі деуге болады: *қазақ, қымыз, қыз* т.б. Осындай сөздердегі сөздің ұшар басындағы [қ] көп жағдайда сынық дыбысталады: *ер[ғазақ], сары[ғымыз], меңді [ғыз]* т.б. Егер тиісті жерінде қатаң [қ], [қ] сындырылып айтылмаса, сөйлеуші «қақалап», «кекелеп» тұрғандай жағымсыз әсер қалдырады. Бірақ мұндайға мән бермегендіктен, эфирден естілер сөздің нормасы өрескел бұзылып жатады: *шекара, көк[қ]ала, келе [қ]алды* деп, дикторлардың «кекелеп», «қақалап» тұруы реципиенттің жағымсыз реакциясын туғызады.

Жекелеген дыбыстар буын құрап, буын өзара бунақ құрап, бунақтар ырғақты топ құрап, өзара үйлесім, үндесіммен айтылады.

Орфоэпиялық норма дыбыс, буын, сөз, сөйлем ғана емес, мәтін деңгейін де қамтиды. Сөйлем әдетте, мектеп бағдарламасынан білетініміздей, біршама аяқталған ойды білдірсе, мәтін тиянақталған, аяқталған белгілі бір ойды білдіреді. Мәтіннің, яғни мәтіндегі ойдың басталуы, дамуы аяқталуы болады. Бұл мәтіндердің динамикасы деп аталады. Мәтіннің ойжелісін сол мәтінге тән интонацияның реңктері арқылы тыңдаушы аңғарып отырады.

Көркем мәтіннің жанрларына өзді-өзіне тән, ортақ интонациялық реңктері болады. Мысалы, ресми хабарлар, ақпараттық хабарлар жанры «байыпты», «байсалды» интонациялық бедермен оқылады. Ал интервью жанрының интонациялық реңкі мен бедері мүлде басқа, сөйлеу тіліне жақын. Тіпті сөйлеу тіліндегідей мағыналы кідіріс, фонетикалық фигуралардың жиі кездесуі мүмкін. *Солай солай-ау?! Ж[оо]қ, дұр[е]с,* т.б. Юмор, сатира жанрларының интонациялық бедері сөйлеу тілі интонациялық реңкіндей «ойнақы», «құбылмалы» болып келеді. Сөйтіп, мәтін интонациясы мәтін мазмұнына қатысты белгілі бір ақпарат береді. Бұл ақпараттық код адресаттың мәтін мазмұнын түсінуге, дыбыс қабылдауға бағыт-бағдар береді. Мәтіннің мазмұнымен интонациялық бедер, реңктер үйлесіп жатады. Сөйтіп, мәтіннің сөз мазмұны мен мәтін интонациясының мазмұны тұтасып, бүтін бірлікке айналады.

Микрофоннан айтылған сөздің бунақ, буын үндесімі мен дыбыс үйлесімдері бұзылып жатса, бунақ ырғақтары келіспей жатса, мәтіннің интонациялық бедері дәл түспей жатса, эфир мен экрандағы сөздің әсері азайып, тіпті тыңдаушысын мезі етеді.

Лексикалық нормадан ауытқу көбіне сөздің мағынасын үстірт түсінуден, оған жете мән бермеуден туындап жатады. Тіпті күндегісін-күнде қолданып жүрген сөздің мағынасын жете аңғармай, сөзден «сүрініп» жататын жайт – әсіресе микрофон, телекамера алдындағы мамандар үшін кешірімсіз нәрсе. Солардың бірер мысалы мына тәрізді: *шуақты жаз; дән сіңірді; сұр қой; жүз мың гектар жерге дән сіңірді; бозала таңнан боз қырауда қозы-лағын өріске өргізді* т.б. Сөз арасындағы осындай қате қолданыстардың кездесуі кездейсоқ тәрізді. Шын мәнінде бұл «кездейсоқтықтың» ар жағында тілге деген мән бермеушілік, немқұрайлылық жатыр. Сөздің мағынасы айналадағы болмыспен байланысты, бізді қоршаған ақиқат дүниені бейнелейді. Олай болса, шақырайған жаз айында шуақ болушы ма еді? Шуақ қысты күндері, ерте көктемнің алдында болады. Күнгей жерлерде ит орнындай жердің қары кетіп, қарая бастаған кезін *ит шуақ* дейді. Ал, ерте көктемде, күнгей тұста есіктің алдындай алаңқай жердің қарая бастаған кездегі күннің болар-болмас жылуын *кемпір шуақ*, беткейдің қары кетіп, күннің әжептеуір жылынып қалған кезін *жайма шуақ* дейді.

Сіңір – етістігі су сияқты немесе май, иіс-қоңыс тәрізді заттардың қасиетіне байланысты айтылады. Құм, топырақ, суды сіңіреді; май, иіс-қоңысты сіңіріп алатын шүберек, мақта тәрізді заттар болады. Ал *дән* дегенің жердің сіңіріп алатынындай сұйық нәрсе емес. Бұлай деу сөз мағынасына, оның қисынына жасалған зорлықтай көрінеді.

Объективті дүниедегі ақиқатқа жүгінсек, қой малын сөз танитын қазақ *сұр* деп айтпайды, қойда ондай түс жоқ, *боз қой, ор қой, ақ қой, қара қой* деп аталатыны белгілі. Сондай-ақ *боз қырауда қозы-лағын өргізді* деу ақиқатпен үйлеспейді. *Боз қырау* қара күзде, қараша айында болады. Ол кездегі тіпті кенже туған бірер қозы, лақтың өзі тоқты, шыбыш, текешік деп аталады. Бұндай теріс қолданыстар, түптеп келгенде, автордың сөз мағынасының объективті дүниемен байланысынан бейхабар екенін көрсетеді. Тұрақты тіркестердің (фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің), штамп, клише, стандарттардың өзіне тән нормасы бар. Бұлар бірнеше сөзден тұратын құрамы тұрақталған тілдік бірліктер, сондықтан мұндай дайын құрылымдардың құрамын беталды өзгерте беруге болмайды. Осындай тілдік бірліктердің құрамындағы сөздерді мақсатсыз өзгертудің қате болатынынан бейхабар сөйлеуші дайын үлгі, қалыптасқан құрамның «басын жарып», «көзін шығарғанға» дейін барады. Мысалы: *ат төбеліндей аз топ* дегенді *ат кекіліндей аз топ; жаңбыр бір жауса, терек екі*

жауады дегенді *ағаш екі жауады; дүниенің кеңдігінен не пайда, өз етігің тар болса,* дегенді *өз аяқкиімің тар болса; мен не деймін, қобызым не дейді* дегенді *домбырам не дейді* деп тіркестіріп, орынсыз өзгертіп жатады.

Қазақ тілінің лексика-фразеологиялық қорында штампқа, стандартқа айналған тұрақты тіркестер бар. Солардың біралуаны *домбыра тартты; домбырамен сүйемелдеді; ән айтты; қанат жайды; өріс алды; еңбек нәтижесінде; білімнің арқасында; өкінішке орай; бір жақсысы, бір жаманы; бағымызға қарай; сорымызға қарай; етек алды; өркен жайды* т.б. тәрізді стандарттар. Нормалаушы сөздіктерде (түсіндірме сөздік, фразеологиялық сөздік т.б.) тұрақты тіркестердің бұл түрлері осы нұсқада беріліп, мән-мағынасы көрсетілген. Ал тілдегі мән-мағынасы айқындалып, тұрпаты тұрақталған мұндай бірліктерді бұра тартып, бұзақолданушылық жиілеп бара жатқандығы байқалады. Мысалы, *ән орындады, ән орындайтын* (дұрысы *ән салады, ән айтатын*); *домбыра ойнайды, күйсандықта ойнайды* (дұрысы *домбыра тартады, күйсандық тартады*); *маскүнемдік қанат жаюда, маскүнемдік өріс алды, нашақорлықтың арқасында, нәтижесінде* дегендер қате қолданыстың сөлекет түрі. Өйткені *қанат жаю, өріс алу, нәтижесінде, арқасында* дегендер жағымды мазмұндағы сөздермен тіркеседі, оларды жағымсыз мазмұндағы *маскүнемдік, нашақорлық* тәрізділермен қосақтау сөзге жасалған қиянат. Ал *нашақорлық етек алды, маскүнемдік салдары* деп орнымен қолданғанның жөні бөлек. Өйткені *салдары, етек алды* дегендер жағымсыз мазмұндағы сөздермен тіркесуге бейім. «Бақылау болмаса, нашақорлыққа септігін тигізіп, өрістеді» деген тәрізділерді құлағымыз жиі естіп болды. Қазіргі кезде цифрдың дұрыс айтылмайтын «сырқаттың» түрі пайда болды: 4,5 % пайыз дегенді «төртте-бес» деп сөйлейтінді шығарды. Дұрысы – *төрт бүтін оннан бес* қой. Абзалы, микрофон ұстағанда да, қалам ұстағанда да сөздің жағымды // жағымсыз мағыналарына мән бергенді естен шығармау.

Сонымен, жоғарыда біз сөз мағынасын, тұлға-қосымшаларын, сөздердің байланысу, сөйлем құрау, ауызша және жазба сөздің мәдениетін «дұрыстық» тұрғысынан сөз еттік. «Сөз дұрыстығы» жай ғана айтыла салған сөз емес, ғылыми ұғым немесе термин. Сөйтіп, сөз дұрыстығы дегеніміз алдымен тіл бірліктерін жұртшылық мойындаған және жұртшылықтың бәріне міндетті деп танылған әдеби тілдің нормасына сай қолдану. «Сөз дұрыстығы» дегенде алдымен сүйенеріміз – әдеби тілдің нормасы.

Әдеби тілдің қойнауынан тысқары жатқан, яғни әдеби нормаға жатпайтын элементтердің, олардың түр-түрін қолданудың өз реті, өз тәртібі бар. Оларды уәжсіз қолдану БАҚ тілінің мәдениетін төмендетеді. Мұның өзі арнайы талдануға тиіс.

Біз бұл жерде әдеби тілдің өз қойнауындағы тілдік бірліктерге тоқталып, кейбір сөзқолданыстардың дұрыс-бұрысын әдеби тіл нормасына сүйене отырып, нақты мысалдармен және оларды фонетикалық, грамматикалық, лексика-фразеологиялық деңгейлер бойынша көрсеттік. Тілдік нормалардан ауытқудың кейбір түрлері ақпараттық нормалардың бұзылуымен байланысты болатынын сөз еттік.

БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ СӨЗ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ[23]

Бұқаралық коммуникация қазіргі кезде радио, телевизия, кино, компьютер (интернет жүйесі) және бұқаралық басылымдар (газет, журнал, кітап т.б.) арқылы жүзеге асуда. Коммуникацияның жазба түрі болсын, ауызша түрі болсын, мәтін коммуникациялық бірлік болып табылады, мәтінді, яғни коммуникацияның негізгі компоненттерінің бірі деуге болады. Мәтін арқылы коммуникатор реципиентке барынша әсер етуге тырысады, ықпал ету мақсатын көздейді. Бұл ретте мәтін таза тілдік категория ғана емес, әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қарастырылады.

Бұқаралық коммуникация қоғамдағы рухани құндылықтарды нығайтуға, идеологиялық, саяси, экономикалық және ұйымдастыру салаларында баға беруге, пікір тудыруға, адамдардың іс-әрекетіне, іс-қимылына ықпал етеді [8]. Бұл салада бұқаралық коммуникация фактуальдық ақпараттар алмасу, әртүрлі жаңалықтарды жұртшылыққа жеткізу қызметін атқарып қана қоймайды, сонымен бірге белгілі бір жайттарға жұртшылықтың реакциясын тудыру үшін әсер етудің түрлерін де пайдаланады. Бұдан бұқаралық қатынастың екі түрлі аспектісін бажайлауға болады. Біріншісі – заттық-логикалық, атап айтқанда интеллектуалдық, дескрипивті, объективті, концептуалды, фактуалды ақпарат. Бұлар қарым-қатынас жасаушылармен заттық-логикалық, атап айтқанда, интеллектуалдық, дескриптивті, объективті, концептуалды, фактуалды ақпарат. Бұлар қарым-қатынас жасаушылармен, ситуациямен байланысты емес. Екіншісі – прагматикалық, атап айтқанда бағалауыштық субъективті ақпарат. Бұл ақпараттың қызметі (функциясы) реципиентке әсер ету, ықпал жасау, сөз арқауы болып отырған зат, құбылыс, уақиғаға өзінің қатысын (көзқарасын) білдіру болып табылады. Бұл екі фактор дескриптивті және субьективті байыптауға болады. Әсер, ықпал етушілік жазылған / айтылған сөздің белгілі бір бөліктерінде (сегменттерінде) болуы да, сегментке бөлінбей, сөздің ұзына бойында болуы да, яғни мәтіндегі құрылымның тілін қуалап кетуі де мүмкін.

Сөз әсерін үнемді түрде беруді көздеген автор бір сөзде номинативті әрі прагматикалық функцияны үйлестіре қолданады.

Сөйлеген/жазған сөздің ықпал, әсер ету күші сөздің (мәтіннің) стилистикалық құрылымына байланысты. Ал мәтіннің стилистикалық құрылымы стильдік нышаны бар барлық тілдік деңгейдегі бірліктер мен бейтарап бірліктердің жүйелі ұйымдасуы болып табылады.

Жоғарыда, хабардың, хабарлаудың екі типі бар екені айтылады. Фактуальды ақпарат коммуникация процесінің шартына, жағдайына тәуелді болмайды. Ал коммуникативті тип жазылған, айтылған сөздің (хабар, хабар берудің, хабарлаудың) сөйлесушінің, жазушының коммуникативтік стратегиясын жүзеге асыру үшін хабардың стилистикалық жағынан жарақтануын қажет етеді.

Сөз ықпалдылығы, жалпы алғанда, мәтіннің белгілі бір компонентіне ғана емес, күллі мәтінге тән құбылыс. Бұл құбылысты айқынырақ түсіну үшін сөз ықпалының иландыру және сендіру деген екі типін анықтап алу қажет.

Белгілі бір ой-пікірді екінші жақтың санасына сіңдіру үшін ықпал етуші субъект ең алдымен оның (объектінің) эмоциясына, сезіміне барынша қозғау салуды көздейді. Объектіні белгілі бір психологиялық күйге жеткізу арқылы қажетті нәтижеге

[23] *Мақала Тілтанымдық зерттеулер (2000-2002 жж.) жинағы, – Алматы: Арыс, 2007 ж. жарияланған.*

қол жеткізуге тырысады. Сөйтіп, объектінің сенімін билеп алуға иландыру арқылы дайындық жасайды. Әсіресе ықпал етушінің мазмұндық білімі жеткілікті болмаған жағдайда бос орын эмоциямен толтырылады.

Алайда бір ғана эмоциямен сенімге қол жеткізуге болмайды. Сенім білім арқылы, көз жеткізу арқылы қалыптасады. Эмоция арқылы адамды бір нәрсеге иландыруға болады, бірақ сенімін қалыптастыруға болмайды. Екінші жақтың көңілкүйіне, эмоциясына әсер ету мазмұндық ақпараттармен негізделмесе, ондай сөз сендіру емес, көндіру ғана болып табылады. Сонымен, иландыру адам санасының эмоциясына сүйенсе, сендіру сананың ақыл, парасатын таяныш етеді.

Ықпал етуші тарапынан болған эмоциялық әсер, иландыру аудиторияның еркін мүлдем билеп алуы, оны қалаған бағытына қарай бұруы мүмкін. Эмоциялық мағынаның стильдік бояуы әртүрлі, мысалы, әсіре бояулы, орташа бояулы, қалыпты бояулы болуы мүмкін. Мысалы, *алаяқтар, жемқорлар*, *парақорлар* – әсіре бояулы стильдік бірліктер болса*, көлеңкелі экономика*, *қара базар, сарыжағал* басылым т.б. қалыпты бояулы стильдік бірліктерге жатады. Ал орташа бояулы стильдік бірліктерге *билік басындағылар, биліктің тізгінін ұстағандар, орынтақтан үміткерлер* т.б. жатады. Бұлар тілдің эмоциялық функциясын жүзеге асыруда қолданылатын таңбалар жүйесі.

Коммуникативтік стратегияны жүзеге асыру үшін бірнеше міндетті шешіп алуға тырысады: коммуникантпен арадағы байланыс; екінші жақтың назарын белгілі бір фактке, құбылысқа, оқиғаға аудару; ақпарат деңгейін көтеру, ақпарат деңгейін күшейту.

Мәтіннің стилистикалық жағынан жасақталуы мен жарақтануы басты коммуникативтік стратегияның жүзеге асуына мүмкіндік береді.

Стилистикалық бояуға ие парадигмалық межедегі және синтагмалық межедегі бірліктер ерекше мән алып, мәтіннің семантика-стилистикалық құрылымын түзеді. Стильдік нышаны бар компоненттер өзінің маңайындағы кеңістікке де өз бояуын дарытып тұрады.

Сөз ықпалы. Сөз ықпалын, әсерін қарастыруда көбіне мағынаны бағдарға алады. Ондағы көріктеуіш, айшықты элементтер (негізінен фигуралар мен троптар) сөз ықпалын арттыратын факторлар ретінде қарастырылды. Сөз ықпалдылығы – өте күрделі құбылыс. Ол мағынасымен, ондағы айшықты, көріктеуіш құралдармен анықталмайды. Соңғы кезде тілдік коммуникация психолингвистика теориясымен байланысты әсер ету, ықпал ету факторлары тек адресаттың эмоциялық-интеллектуалдық күйімен, ондағы өзгеріспен байланысты, ал әсер, ықпал ету динамикалық сипаттағы құбылыс екені айқындалып отыр.

Сөз ықпалдылығы, біріншіден, сөз субъектісін, мәтінді, сөз объектісін қамти қарауды негізге алады. Бұл сөз объектісінің әлеуметтік-психикалық ерекшеліктерін мәтінмен бірлікте қарау дегенге саяды. Коммуникациялық құрылым әлеуметтік қатынастан – субъектілердің білім, тәжірибесі, жас ерекшеліктері т.б. әлеуметтік сипаттан және тілдік қатынастан тұрады. Сонымен, сөз коммуникациясы тілдік және тілдік емес құрылымдардан тұрады. Сөйлеген (жазған) сөзде дербестік жоқ, өйткені сөз жайдан-жай айтылмайды (жазылмайды).

Сондықтан сөз хабарлау, сұрау, иландыру, сендіру т.б. тілдік емес мақсаттарға бағынып, коммуникантты қандай да бір әрекет жасауға мәжбүрлейді.

Сөйлеген (жазған) сөздің өзі субъектінің (сөйлесуші/жазушы) әрекеті, ал екінші біреуді (тыңдаушы/оқырманды) іс-әрекетке жұмылдыру, яғни сөз (тілдесу) коммуниканттардың біріккен іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады.

Сөз (мәтін) тілдесудің нәтижесі ретінде, тілдесу кезінде пайда болады. Осымен байланысты мәтінді, тілдесушілердің біріккен іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Яғни екі жақтың іс-әрекеті ретінде қарау оны адекватты сипаттауға, түсінуге, зерделеуге (интерпретациялауға) мүмкіндік береді. әсер, ықпал етуші субъектінің сырт қарағанда сөз мәтінін тудырушы, өндіруші ретінде әрекеті белсендірек көрінеді де, мәтін қабылдаушыда белсенділік жоқ сияқты сезіледі. Әрекеті белсендірек көрінеді де, мәтін қабылдаушыда белсенділік жоқ сияқты сезіледі. Алайда ішкі белсенділігі, мәтінді қабылдаушыда да белсенділік болады, бірақ бұл белсенділік-ішкі белсенділік.

Егер коммуникантардың әлеуметтік мәртебесі әртүрлі деңгейде болса, мәртебесі жоғары субъектінің сөзі әлеуметтік мәртебесі төмендеу субъектіге қарағанда үстемдеу сипатта болады. Бұл жайт этикалық нормадан ауытқуға жатпайды.

Сөз бен ықпал әсер етуде субьект алдымен тілдесуді ұйымдастырудың коммуникативтік міндеттерін шешуге тырысады. Кез келген сөз (мәтін) алдымен тыңдаушының (оқырманның) назарын сөйлеген (жазған) сөзге аударудан басталады. Мұндайда тыңдаушының (оқырманның) назарын сөйлеген (жазған) сөзге аударудан бастайды. Мұндайда екінші жақтың (тыңдаушы, оқырман) назарын, зейінін еріксіз аудару оңайға түспейді. Сондықтан газет-журналдарда қаріп түрлері (үлкейтілген, боялған, рамкаға алынған, сызба жолақтар, сурет-сызбалар т.б.), радио, телевизия хабарларында, әсіресе жарнамада музыка, сюжет, сурет т.б. түрлі тілдік емес сурет, қаріп, сызба т.б. мәтіндер де пайдаланылады. Иконикалық мәтіндердің өзге де тілдік емес құрылымдары тыңдаушы оқырмандардың назарын аударып, вербалды мазмұнды қабылдауға дайындайды, ақыл-ой, сезімін жұмылдыра бастайды.

Сөйлеген (жазған) сөз коммуникантардың өзара қатынасы мен тілдесуі ұйымдастырушы фактор болып табылатын тілдік емес контекстің құрылымында ғана мән алып, түсінікті болады.

Айтылған (жазған) сөзді адекватты түсіну үшін әсер етуші субъект әртүрлі тәсілдермен әлеуметтік қатынасты білдіреді. Тілдесу жағдайындағы әлеуметтік қатынастың айқындылығы, өзінің әлеуметтік рөлдерін түсінуі қандай коммуникантардың, тілдесу жағдайында алғышарты болып табылады. Бетпе-бет тілдескенде сөйлеуші реципиенттің әлеуметтік рөлін білуге, есте ұстауға тырысады. Яғни бұл жайында сөйлесушінің белгілі бір білімі мән алады. Мұның коммуниканттың ойша бейнесін, әлпетін бағдарлап саптауға, өзара қатынастың нобайын жасап алуға мұрындық болады.

Субъект өзін белгілі бір мәдениеттің өкілі екенін білдіретін мәртебені меншіктеп алады. Сөйлесушінің (жазарманның) мәртебелілігін көрсететін символ. Бұл адамның сөз ауданына әсер ететін жанама фактор болып табылады

Қарым-қатынас құрылымында әлеуметтік қатынастың айқын білініп тұруының мәні айрықша.

Сөз ықпалы, сөз әсері категориясында әлеуметтік контекст жасаудың бетпе-бет тілдесуге қарағанда БАҚ үшін мәні ерекше. Коммуниканттың өз әріптесін бағдарлап, тұспалдап алуына мүмкіндігі болады.

Сөзбен ықпал етуде сөз субъектісін таныстырудың маңызы ерекше. Сөз субъектісін таныстыру, сөйлесушінің образын қалыптастыру, оның әлеуметтік рөлін көрсету арқылы сөздің әлеуметтік контексі жасалады. Сонымен, айтылған/жазылған сөздің ықпалды болуының бір шарты – коммуникатордың әлеуметтік образын жасауымен байланысты. Сондай-ақ коммуникатордың әлеуметтік рәміздерін (үкімет

наградалары, өнер адамы екені, жазушы немесе ғалым, қоғам қайраткері, еңбек, соғыс ардагерлері т.б.) көрсету, ескеріп өстіру автордың оқырмандар, тыңдаушылар алдында әлеуметтік бейнесін қалыптастырады.

Сөз ықпалын арттырудың тағы бір тілдік емес тәсілдеріне ең маңызды деген хабарды, материалды орналастыра білу жатады. Зерттеулерде оқырманның, радио-тыңдармандардың немесе белгілі бір теле-радиоларға қызығушылық танытып, ықылас білдірмейтін тұста аса маңызды ақпаратқа алдымен орын беру керектігі айтылады. Сондай-ақ оқырман, көрермендер болмаса белгілі бір аудитория (шаршытоп) тиісті каналдарға, басылымдарға бейтарап қарайтындай жағдайда, пәлендей қызығушылық танытып, ықылас білдірмейтін тұста аса маңызды ақпаратқа алдымен орын беру керектігі айтылады.Бұл айтылғандар мәтінді қабылдаушының (қабылдаушылардың) психологиялық күйіне байланысты. Қысқасы, ақпараттарды сөзде дұрыс орналастыру автор мен реципиенттің өзара әрекеттестігін күшейтеді. Маңызды ақпаратқа рецензенттің қызығушылығы арта түседі.

Маңызды ақпарат автор тарапынан жіберілген «стимул», ол қабылдаушы санасында «тітіркендіргіш» қызметін атқарып, реакция тудырады. Сондай-ақ мәтіндегі жүйемен берілген әрбір күшті аргумент автор тарапынан жіберілген стимул ретінде мәтін қабылдаушының реакциясын тудыруға тиіс. Сөйтіп, қабылданған мәтін сананың эмоционалды, интеллектуалды бөліктеріне әсер етеді.

Қазір тілдесудің тұлғасызданған (бейперсондық) түрлері көбейген заман, Ендігі жерде бұқаралық басылымдар, телерадио хабарлар арқылы жүзеге асатын коммуникация түріне компьютер (интернет жүйесі) қосылды.

Микрофон, телекамера алдында отырып коммуникатордың көз алдында нақты бір тыңдаушы немесе аудитория болмайды. Тілдесудің мұндай тұлғасызданған түрлеріне байланысты коммуникатордың өзінің жазған, айтқан сөзінің қабылдануы жөнінде түсінігі болуға тиіс. Ол түсінік алдын ала қалыптасуы керек. Коммуникатордың сонда ғана аудиторияның реакциясын алдын ала болжауға мүмкіндігі болады. Мұның өзі коммуникатордың аудиториямен кері байланысты дұрыстап отыруына жәрдемін тигізеді.

Тілдің конвенционалды сипаты автор тарапынан айтылған / жазылған сөзді тыңдаушының, оқырманның автормен бірдей түсінуіне мүмкіндік береді. Алайда сөз мәтінін бірдей түсінуде тілдік контекске қоса тілдік емес контекст те керек. Тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған ақпараттың шеңберінен тыс, тілдік емес контекст арқылы ұғынылатын мағыналар да болады.

Белгілі бір мәтіннің мазмұнын автор мен қабылдаушының әр басқа ұғынуы мүмкін. Бұл тілдесудің тілдік емес жағымен байланысты.

Сөз арқылы берілген белгілі бір хабар қабылдаушыға түсінікті болған жағдайда ғана ықпалы күшті болатыны белгілі. Олай болса, ықпал ету әрекеті қабылдаушының санасымен жұмыс істеуге, қабылдаушының санасында сенім қалыптастыруға әкеліп саяды.

Адамдар ақиқат дүниенің санадағы психикалық образдары арқылы өзінің қабылдауын реттеп, жүйелеп отырады. Салыстыру арқылы жаңа мен ескіні, бір затты екінші заттан ажыратады. Сезім мүшелері арқылы қабылданған құбылыстар ой, бейне, схема, сценарий т.б. концептінің типтері арқылы жүйеленіп, реттеледі. Одан әрі қарай әлгіндей жүйеленген, реттелген санадағы ақпарат тілдік таңбалар арқылы вербалданады да, тілдік санаға айналады, ой елегінен өтіп, санада қорытындылай келе білімге айналады. Санадағы білімді адам өзінің іс-әрекетінде басшылыққа

алады. Сөзбен ықпал ету – айрықша іс-әрекет. Ол да жүзеге асқанға дейін алдымен коммуникатордың санасында нобайы жасалып, бажайланады. Сөзбен ықпал ету санадағы ақиқат дүниенің психикалық образына, яғни сананың құрылымына сүйенеді. Адам санасында сәулеленген ақиқат дүниенің психикалық бейнесі белгілі бір тілдік таңбалар арқылы белгіленіп, бекиді. Тілдік таңбалар санада сәулеленген ақиқат дүние образының аналогтары деуге болады. Сөйтіп, тіл ақиқат дүниені бейнелейді. Ақиқат дүниенің санадағы бейнесін белгіленген тілдік таңбалар ой-санада сол күйінде тұрып қалмайды. Ойлау жүйесінде олар әрі қарай «жұмыс» істейді, ақиқат дүниеде жаңадан табылып жатқан, жаңа пайда болып жатқан құбылыстарды таңбалау процесіне қатысады. Сөйтіп, санада бейнеленген ақиқат дүние тіл арқылы бейнеленген ақиқат дүниеге айналады. Ақиқат дүниені тіл арқылы қабылдайтынымыз да сондықтан. Міне, бұл айтылғандарды когнитивтік санадағы тіл арқылы таңбаланған дәстүрлі білімдер жүйесі деуге болады. Сөйлеген/жазған сөзді тыңдаушының, оқырманның түсінуіне оның когнитивтік санасындағы тілдік, дәстүрлі білім негіз болады. Алайда айтылған/жазылған сөзді қабылдаушы (реципиент) тек тілдік тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік-мәдени, эмотивті тұрғыдан да байыптайды, интерпретациялайды. Өйткені сөз актісіндегі, дискурстағы әлеуметтік-мәдени, эмотивті бейвербалды контекстік компоненттер сөйлеген/жазған сөздің тілдік құрылымына қалай да әсер етеді.

Дәстүрлі бағыттағы зерттеулерде негізінен мәтін назарда болса, антропоцентристік парадигмадағы зерттеулерде мәтін, коммуникацияның бір ғана актісі ретінде қаралып, «адресант+мәтін+адресат» бағдарға алынады. Осы теориялық концепцияны сөз мәдениетінде негізге ала отырып, мәтінмен шектелмей, «адресант+мәтін+адресат» бірлігін талдау арқылы мәнділік түзілімге дейін де автордың санасында белгісі бір тілдік емес құрылымдар күзетілсін, автордың діттемі, стратегиясы мен тактикасы, діттеген мақсаты жету үшін қолданатын тілдік, тілдік емес амалдар мен кәсіпшілер жүйесінің нобайын журналистік дискурстан байқау үшін БАҚ-тан алынғанның материалдары талдап көруге болады. Біз бұл жерде де мәтінді тұтас беретіндей мүмкіндік болмағандықтан, оның мазмұнын қысқа түрде еске аламыз. Әңгіме билік басындағы әкімнің қызметі туралы. Автордың мақсаты әкімнің қызметіне өзіңнің (редакциясы) бағасын беру. Стратегиясы-оқырманды//тыңдарманды осы берілген қоғамдық бағаға сендіру, иландыру; тактикасы – әсер ету. Бұл-мәтінді құрылымға сөз субъектілерінің санасында жүзеге асатын коммуникациялық актінің бір бөлігі.

Сөз субъектісі коммуникативтік діттемін жүзеге асыруым үшін (мәтін түзбес бұрын) алдымен адресатының а) тілдік біліміне, ә) дәстүрлі біліміне сүйенемін. Тілдік білімге автор қолданатын барлық деңгейдегі тілдік бірліктер: дыбыс, морфема, сөз, сөз тірегі, сөз жатады. Ал дәстүрлі білімі ақиқат дүниенің тілдік бейнесі, позитивті танымның нәтижесі алынған ақпараттардың жүйеленіп, тұжырымдамалық құрамға айналғаны. Бұлар автордың, оқырманның да санасында бар, екеуіне ортақ болып табылады. Сонымен, сөз болып отырған жайт қайта оралса әкімнің зауыт жұмысы мен газ құбырын жүргізу үшін жергілікті тұрғындарға уәде бергені айтылды. Зауытының белгісі бір өнім шығатыны, газ құбырын тарту арқылы отын жылуыңыздың жақсартатыны – авторы мен адресат санасындағы ортақ жалпы білім. Зауыт тауар шығарып, үй-үйге жарық пен жылу келетіні, халықтың тұрмысы абаттанатыны да екі жаққа ортақ пәндік білім. Ендігі жерде автор өзінің діттемін, коммуникативтік стратегияны жүзеге асыру үшін алдымен фактуалды ақпаратты таңбалап, талғау арқалы адресатының зияткерлік санасына әсер етеді. Зауыт салынбай қалды, өнім жоқ, газ құбыры іске қосылмады, жол жөнделмеді т.б. Автор сонымен бірге көркем

сандар, беделді тұлғалардан дерек сөздер келтіруді ойластырады. Осылайша автор болашақ мәтіннің қаңқасына фактуалды ақпарат орналастыра бастайды. Бірақ фактуалды деректер адресатқа әсер етудің бірден-бір тәсілі емес. Сондықтан автор өзінің коммуникативтілік діттемін жүзеге асыру үшін адресаттың сезімдік (эмоциялық) санасын әсер ету жағын көздейді. Ол үшін автор:

1) тілдік бірліктің парадигмалық межедегі бағалауыштық мәнге түрлер талғап, таңдай бастайды: *уәдеде тұрмады, жұмыс алға баспай жатыр, жұртты алдаусырату, былық, кадр саясатын қожыратты* т. б.

2) автор стильдік эффект тудыру үшін синтагмалық аралық тілдік (яғни тілдік парадигмада жоқ, автордың өздік сөз қолданысына тән) бірлік ұйымдастыра бастайды: *сергелдеңде жүргеннің жүрегіне ши жүгіртті; әкім екі жыл, тоғыз ай қызметінде бізді небір тәтті арманға батырды* т.б.

3) сөздің әсері ықпал жағын күшейту үшін, прецедентті феномендерді пайдалану жағын да қарастырады: *Әкім болғаннан гөрі тазша бала рөлін сомдаған үйлесетін тәрізді.* Мұндағы тазша бала адресатқа күллі оқырмандарға белгілі прецедентті феномен;

4) автор адресатпен байланысты күшейту үшін, күн тәртібіндегі өмірдегідей әсер қалдыру үшін сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі элементтерін де пайдалану жағын қарастырады: *әкемнен қалған мұрадай, мәз қылып қойды, бәлду-бәлду бәрі өтірік, әкімің пысқырмайтын болғаны-ау шамасы* т.б.

5) кітаби мәндегі сөздерді, кәсіпқой сөздер мен салалық терминдері талғап, таңдайды: *зауыттың қызығын көру бақыты бұйырмады.*

Коммуникативтік актінің перлокуциялық кезеңде сөз талдауы, саралауы нақтылана түседі. Иллокуциялық кезеңде оқырманның//тыңдарманның тиісті білімі мән алады. Мәтіндік құрылымдағы тілдік бірліктер (жоғарыда айтылғандар) коммуниканттың санасындағы білімнің Мән алуына түрткі болады. Сөйтіп, бағалауыш мәнді сөздер мен стиль нышаны бар бірліктер стимул қызметін атқарып, адресат санасында жауап реакция туғызады. Әртүрлі білімнің тілдік емес түрлері оқырманның санасына әсер етеді. Бұл-сөз актісінің иллокуциялық бөлігі болып табылады.

Міне, бұл талдаудан біз БАҚ-тың коммуникативтік стратегиясы, әсіресе оппозициялық басылымдар мен теле-радио арналарда, адресатты бастау адамды басты тұлға етіп алғанын байқаймыз. Ал бұрынғы кеңестік дәуірдегі БАҚ-тың стратегиясында коммуникативтік актінің басты тұлғасы адресанттың өзі болатын: сөйлеуші не айтса да жазса да адресат тыңдаушы//оқырман салғырт (пассив) болатын. Әсіресе партия, комсомол ұйымдарына қарасты басылымдарда автор басты тұлға болып, адресаттың өзіндік ой-пікірі, пайымдауы ескерілмейтін. Жоғары жақ, орталық не айтса, сол жөн саналатын. Осының салдарынан автор мен адресат арасында шынайы диалог болмайтын. Ал коммуникацияда шынайы диалогтің болмауы сөздің коммуникативтік сапасының төмен екенін көрсетеді. Диалогтегі сөз ықпалдастығы мен сендіру сияқты категориялардың сөз мәдениетімен байланысты жағы да осы тұста. «Автор + мәтін + оқырман» үштігін бірлікте қарап, талдау жасау сөздің коммуникативтік сапасын жаңа қырдан айқындауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген тілдік бірліктердің құрамында сөйлеу тіліне тән қарапайым сөздердің (бәлду-бәлду, өтірікті соқты-ай дейсің, пысқырмайтын болды т.б.) прагматикалық тұрғыдан мәні болғанмен, олардың талғамсыз жұмсалуы сөз мәдениеті (норма) тұрғысынан орынсыз. Мәтін мазмұнын төмендетіп, тұрмыстық

деңгейдегі, бейресми жағдайдағы сөзге ұқсатып жібереді. Бұндай элементтердің күнделікті тұрмыста, бейресми ортада қолдануы орынды саналады.

Тағы бір ескеретін жайт – автор прецедентті мәтіндерді, феномендерді өзінің аялық білімі тұрғысынан қолданып, оқырманның жалпы білімімен санаспауы адресаттың мәтінді ұғынуына, зерделеуіне (интерпретация жасауына) кедергі болады. Газет бағандарында ұшырайтын мына тәрізді прецедентті мәтіндерге назар аударайық:

Құдай ондай буыршын күннің бетін әрі қылсын! Дегеннен басқа не айтамыз. Ел тыныштығы бәрімізге қымбат! (ЖА, 4.12.2004); *Батыраштардан қалған нойыстар не деген итжанды* (ЖА, 18. 07.02); *Стақан сындырмаса да соған ұқсас бірдеңе жасайтын шоумендер де аз болмаса керек. Көздегені не? Кімге арқа сүйеп отыр? Атқарар міндеті қандай? Түпкі мақсат ше?* (ЖА, 10.09.05).

Қалың оқырман осындағы *буыршын күн; батыраштардан қалған нойыстар; стақан сындырмаса да* дегендерді түсіну неғайбіл. Өйткені көпшілік оқырман қауымның санасында аялық білімнің мұндай түрлерінің кездесе қоюы екіталай. Бұл жерде автор мен адресаттың жалпы білімінің сәйкеспеуі мүмкін. Егер екі жақтың білімі сәйкеспесе, оқырманның мәтінді ұғынуы қиындап, автордың коммуникативтік мақсатынан, діттемінен оқырманның бейхабар болып қалу қаупі туады. Енді осы аталған прецедентті феномендерде кодқа салынған ақпараттарды ашып көрейік:

Автордың *буыршын күн* деп қазақ-ноғай хандығындағы бүлікпен байланысты саяси дағдарысты меңзеп отыр. «*Орманбет би өлген күн, он сан ноғай бүлген күн, буыршын мұзға тайған күн*» деген прецедентті мәтін байырғы жырларда сақталған. Ал *Батыраш* прецедентті феномені әйгілі Ақан серінің Құлагерімен байланысты. Батыраш – бәйгеде озып келе жатқан Құлагерге тасада тұрып шоқпар сілтеткен. *Стақан сындыру* прецедентті мәтіні саяси қайраткерлердің бірі КТК телеарнасынан берілген бір сұқбатта үстелдегі стақанды қолымен қысып сындырып, қолын қанатып мінез көрсеткені. Осы жайт прецедент ретінде кейбір телекөрермендердің есінде қалған. Міне, прецедентті мәтіндерде, феномендерде кодқа салынған әртүрлі ақпараттар болады.

Қазіргі мерзімді баспасөз беттерінде мәдениетаралық прецедентті феномен, мәтіндерді қолдану үрдісі жиілей түскені байқалады. *«Орталық Азиядағы жалғыз «бейтарап» мемлекеттің мәңгілік президентін өзіне лайықты сый-құрметпен шығарып салысымен, «король өлді, жасасын король!» заңдылығы бойынша жаңа көсем Құрбанқұлы Бердімұхамед өз қызметінің легитимділігін бекіте түсу үшін Мәскеуге ұшып барып, Путиннің қолын алып, сәлем бере, әрі елге шақыра қайтқан еді»* («Ана тілі», 2007 ж.).

Болон шекпені «халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім деген ғой ғұлама М.Әуезов. Бірақ өркениеттің ұлы көшіне біз өз тегімізбен, рухани құндылық және ұлттық сипатымызбен «қазақ» деген атымызбен қосылайық. Еуропаның өзіне арнап пішіп-тігілген болон шекпенін» жалаң денемізге киіп шықпайық, тым болмаса, соның астына шетін ұлттық үлгімен тігілген киіміміз болсын («Президент және халық», 2006 ж.). Адресатқа басымдық берген автор әдетте прецедентті мәтінді, прецедентті феноменді қолданарда олардағы кодқа салынған ақпараттарды адресаттың аша алатынын // аша алмайтынын бажайлап алады. Егер кодқа салынған ақпарат оқырман үшін белгісіздеу болуы мүмкін десе, ондағы тасаланған ақпаратты ашу үшін автор қосымша деректер беру тәсілін қолданады.

Мысалы, Фитраттың қалың оқырман қауымға бейтаныстау екенін ескерген автор «Фитраттың көз жасы» мақаласында ол туралы дерек беру тәсілін қолданады:

Түркілердің күші неде? Бірлігінде! (Ата Түрік). Башқұрттың ұлы қайраткері Уәлиди кезінде: Біз түркілердің бірлігін кейінгі ұрпаққа Құрандай етіп мұраға қалдыруымыз керек. Түркі ұлты – еркіндік идеясының рәмізі. Келешек ұрпақ Жәнібек ханды (қазақтың атақты Жәнібегін айтып отыр – М.Ә.), Әмір-Темірді, Едігені, Көшімді, Қайыпты, Абылай ханды Сұлтан-Күшік пен оның балалары Сұлтан-Мұрат пен Сұлтан-Бұсайды, Сұлтангерейді (Қарасақал), Батыршаны, Салауат Юлайды, Кенесарыны ұмытпауы қажет», демеп пе еді?

Түркі халықтарының бірлігі идеясынан («Түркі тілдес, түгел бол!», «Тұтас Алматы үшін!») ажырап, айырылып қалсақ, біздің жеке-жеке әлем болып кетуіміз кәдік. Кімге? Жаһандасуға, жаһанды жұмыртқадай астына басып отырғысы келетін түрлі аждаһа күштерге. Сенбейсіз бе? Онда өзбектің ұлы жазушысы А.Фитратты тыңдаңыз. А.Фитрат 1922 жылы Әмір-Темірдің сағанасына барып, не деп жылап еді? Құлақ түрелікші:

«Уа, алдияр! Ағзамыз бұзылды. Намысымыз қорланды. Бүтін бірлігімізді қолдан беріп қойдық. Езілген, жаншылған, тоналған түркі халқының бір ұлы бүгін сенен медет сұрап келіп тұр. Сайран бағы ойрандалған, гүлі тапталған, бұлбұлының үні өшкен Тұран шырақшысы көмек сұрап келіп тұр сенен!

Тұранның қапқаздық өрендері жанып кетті, әзербайжаны жойылды, түркімені алданды, татары тоналды, өзбегі жаншылды, қазағы аштан өлді. Естимісің, алдияр!» (Ә.Меңдеке. Фитраттың көз жасы // ЖА, 15.11.2003).

Мақала авторы осылайша мақалаға прецедентті феноменді арқау ете отырып, ондағы тарихи-мәдени кодты ашу арқылы оқырманмен диалог құра білген. Сөйтіп, коммуникация сәтті аяқталған.

Автор белгілі бір ақпаратты мәтін арқылы жеткізе отырып, реципиенттің санасында өзінің санасындағыдай эмоция, ассоциация туғызуға тырысады. Автор белгілі бір тілдік таңбалар арқылы ақпарат беріп қана қоймайды, ол қалайда ақпарат қабылдаушының сезіміне әсер етіп, ақыл-ойына қозғау салуды көздейді. Бұл мақсатына жетпесе, автор мен реципиенттің арасындағы байланыстың ойдағыдай болмағанын көрсетеді. Автор өзінің мақсат-міндетіне жету үшін индивидиумның ақиқат дүниедегі зат, уақиға, нәрселер жөніндегі біліміне байланысты рецепторлардың біріне қозғау салуы керек, ал ондай рецептор тілдік тұлғаның тезаурусы болып табылады.

Коммуникативтік тұлғаның тезаурусы дегеніміз – субъектінің әртүрлі зат, құбылыс, уақиға, іс-әрекет т.б. туралы ұйымдасқан, жүйеленген білімі. Тілдік тұлғаның тезаурусы жалпылама немесе дербес сипатта болуы кәдік. Жалпылама тілдегі тезаурус тілдік тұлғаның мектепте, жоғары мектепте белгіленген міндетке сай алған білімінің, сондай-ақ БАҚ арқылы алған білімі дегенге саяды. Дербес сипаттағы тезаурус – жеке тұлғаның өз бетінше ізденіп, үйреніп алған білімі.

Тілдік тұлғаның тезаурусы. Реципиенттің басынан өткерген тәжірибесі оның есінде, санасында жалпыланған түрде болады. Белгілі бір ақиқат туралы ақпаратты реципиент әртүрлі көздерден алуы ықтимал. Ондай көздер есте қалмауы, ал білім сақталып қалуы ықтимал. Жекелеген білімді еске түсіру үшін бұл білімнің әрі қарай толығуына негіз болатын белгілі бір схемасы, қаңқасы болуға тиіс. Мұндай қаңқа фрейм болып табылады. Фрейм заттың, құбылыстың, фактінің, уақиғаның аса қажетті және барынша шағын көлемдегі белгілеріне ие концептінің бір типі болып табылады. Зат, құбылыс, факт, уақиға жөнінде идеяны білдіреді.

Газет, журнал, радио, телеэфир материалдарының авторлары реципиенттерді барынша көбірек қамтуды көздегендіктен жалпылама тезаурусқа сүйенеді, «автор – мәтін – реципиент» тізбегі жасалады. Сөйтіп, белгілі бір мәтіндегі ақпарат арқылы реципиенттің санасында өзінің санасындағыдай эмоция, ассоциация туғызуға тырысады.

Фразеологиялық бірлікті фреймнің ерекше бір эквиваленті деуге болады. Фразеологиялық бірліктер арқылы көбінесе ситуацияға сәйкес құбылыстар белгіленеді. Фразеологизм табиғатына схемалық тән болып келеді. Фрейм/фразеологиялық бірліктің ситуациямен сәйкестігі жанаспаған жағдайда басқа фрейм/фразеологизм құру қажет болады. Басқаша айтқанда, тілде бұрыннан бар фразеологиялық бірлік өзі атауға тиіс мәнділікті толық бейнелей алмаса, онда ол трансформацияланып, жаңа мазмұнға бейімделеді.

Ақпарат тасқыны үдей түскен осы заманда оқырманның өзіне керекті материалды таңдап алуы қиындай түсетіні – жиі кездесетін жайт. Мұндай жағдайда тақырып бағдар беруші қызмет атқарады.

Мақаланың атына қарай отырып, оқырман оны ой елегінен өткізе отырып, алынған нәтижені өзінің жеке тезаурусымен салыстырып байқайды, тақырыптың аты болып тұрған дағдылы фразеологиялық бірлік белгілі нәрсе, жайт ретінде қабылданады, өйткені әрбір фразеологизмнің сыртында стандартты ситуация, стандартты образ тұрады. Мұндай хабар реципиентке белгілі болып көрінеді. Бұл тәрізді материал реципиент үшін қызықты емес, қызығушылық туғызып түрткі болмайды, керісінше, реципиенттің ақпаратты қабылдауы жөніндегі ойларына тежеу болады.

Сонымен, таныс тақырыптық ақпарат оқырманның қызығуын жоғалтып, ойлау белсенділігін төмендетеді. Мұның нәтижесінде, газети материал реципиенттің назарын өзіне қарата алмайды. Сонымен қатар мүлде түсініксіз, өздігінен бір нәрсені білдірмейтін тақырып, яғни материал да мақаланың мазмұнын, сипатын аңғартатыны жөнінде ешқандай мәлімет бермейді. Әңгіме не туралы екенін түсіну үшін оқырман мақаланы оқып шығуға мәжбүр болады. Ал мұндай ақпарат оқырманға қажеті аз болып, уақыты мен күш-жігері зая кетуі мүмкін.

Коммуникатордың реципиентке берер ақпараты имплицитті байланыс негізінде жүзеге асады. Трансформацияланған фразеологиялық бірлік формасындағы тақырыпта мақаланың негізгі мазмұны кодқа салынады. Мұнда қолданылған имплицитті байланысты ашу, берілген трансформацияланған фразеологиялық бірлік басқа құрылымға қарағанда оқырманның қызығушылығына әсер етеді.

Нормадан аз да болса ауытқи отырып, мақаланың мазмұнын дәлдеп, нақтылай түсуі трансформацияланған фразеологиялық бірліктің ерекшелігі болып табылады. Өйткені фразеологиялық бірліктің узуалды мағынасы белгілі болғандықтан, фразеологиялық бірліктің дағдылы түрі мен өзгеріске түскен түрі оқырманның концептуалды жүйесінде «қақтығысқа» ұшырайды.

Коммуникатор фразеологиялық бірлікті трансформациялай отырып, сонымен бірге мәтінді қабылдау кезіндегі реципиенттің есіндегі білім қорына да қозғау салады. Адамдар бірін-бірі түсінгенде сезім арқылы қабылданған бір кездегі түсінікке, қалыптасқан ұғымға өзара қозғау салады, соның барысында әрқайсысының санасында белгілі бір мән-мағына пайда болады.

Тіл арқылы сөйлеуші/жазушы өз санасындағы белгілі бір ұғымды негізге ала отырып тыңдаушының санасындағы сондай ұғымға түрткі салады. Тыңдаушыға қорыта айтылған дыбыс-таңбалар әдетте тыңдаушының санасында жаңа ұғымдық

бірлікті тудырмайды. Олар ондағы ұғымды, яғни сөйлеуші мен тыңдаушыға ортақ, бұрыннан бар ұғымды (білімді) «оятады». Алайда бұрыннан таныс ұғымды сөйлеуші жаңаша, өзінше түрлендіріп жеткізуі мүмкін, ал мұның өзі тыңдаушы үшін, сөз жоқ, жаңа бір деңгейдегі ақпарат болып шығуы ықтимал.

Тыңдаушы я болмаса оқырман фразеологиялық бірліктің узустық түрі мен трансформаға түскен түрін өзара салыстырады. Трансформаға түскен бірлік реципиенттің санасындағы дағдылы мағынамен салыстырылады. Әдетте фразеологизм тасасында стереотип ситуация, денотаттық ситуация тұрады. Визуалды фразеологизмге негіз болған стереотип ситуацияға біршама «бейімдеулер» енгізіледі. Ақпараттық бос орын (вакуум) қажетті мәліметтермен молығады.

Белгілі бір мәтінді түсіну, оны ой елегінен өткізу (интерпретациялау) когнитивтік санада бұрыннан бар, сөйлеушіге де, тыңдаушыға да ортақ ұғымның (білімнің), түсініктің жаңғыртылуы, мәнделуі барысында жүзеге асады. Екі жаққа да таныс ұғым, түсінік тиісті мөлшерде «толықтырылады». Ал мұның өзі тыңдаушы үшін жаңа, тың ақпарат болып табылады. Сөйтіп, дайын тілдік блоктар арқылы реципиенттің санасында жаңа бір ситуативті ұғымдық құрылым жасалады.

Троптар, фигуралар, метафора, трансформацияланған фразеологизмдер реципиенттің коммуникативтік әрекетінің белсенділігіне, яғни мәтінді 1) қабылдау, 2) түсіну, 3) ой елегінен өткізу (интерпретациялау) т.б. түрткі (стимул) болады.

Коммуникатор әдетте «кімге», «нені», «қалай» айту мақсатын көздейді, яғни ол нақты бір тыңдаушыға/оқырманға иек артады. Болашақ реципиенттің болжалды бейнесі, оның ішінде коммуникативтік портреті (Адресат кім? Әлеуметтік белгісі қандай? Білім деңгейі қандай т.б.) жасалады.

Сонымен, сөз ықпалдастығы – тілдік қарым-қатынастағы күрделі іс-әрекеттің негізгі бөлігі. Коммуникатордың тілдік емес міндетті шешуге қол жеткізетін бірден-бір тәсілі. Ал әрекеті дегеніміз өзі, біріншіден, психологиялық құбылыс. Екіншіден, сөз ықпалы екі жақты әрекет, өйткені қарым-қатынас жасаушылар бір-біріне ықпал етеді. Үшіншіден, ықпал етудің негізгі формасы сендіру, иландыру. Сөйлеуші/жазарман тыңдаушының/оқырманның санасына сенім ұялату арқылы ықпал жасайды. Сөзбен ықпал ету үшін коммуникатор аса қажетті тілдік, стильдік құралдардың ең тиімдісін талғап, таңдайды. Өйткені ықпалы дегеніміз реципиенттің қарым-қатынасқа қатысу белсенділігін арттыру арқылы иландыру, сендіру. Ал адамды бір нәрсеге иландыру, сендіру құбылысы – күрделі процеске жататын психологиялық категория. Ол жай ғана «кітапты бере салшы» деген сөз емес, кітапты бере салу үшін реципиентті соншалықты иландырып, я болмаса сендіріп қажеті жоқ Сөзбен ықпал ету реципиент санасының интеллектуалдық, эмоционалдық тұстарына әсер ететіндіктен, сөздің ерекше формада, мысалы, троптар, фигуралар, әдеттегі нормадан жөнсіз ауытқулар, ерекше интонациялық құрылымдар т.б. қолданылуын қажет етуі мүмкін. Бұдан бірер сөз ықпалының индивид санасымен байланысты когнитивтік сипатын байқаймыз. Индивидтік тілдік тұлғаның санасында әдетте ақиқат дүние туралы белгілі бір тілдік ұжымның тәжірибеде жинақтаған және тіл арқылы орныққан, тіл арқылы берілген білім жүйелері болады. Тілдік таңбалар бойынша берілген сол білім арқылы тілдік тұлға ақиқат дүниені танып біледі, ақиқат дүние үзіктерін айырмасына қарай ажыратып, ұқсастығына қарай топтастырады және ақиқат дүниені өзінің ана тілі арқылы байытып, ой елегінен өткізе алады. Қысқасы, Э.Сэпир-Уорфтың лингвистикалық салыстырмалылық теориясы бойынша, ана тілі индивидке ақиқат дүниені былай қабылдайсың десе, индивид солай қабылдайды [10]. Ақиқат дүние, оның үзіктері

туралы индивидтің когнитивтік санасындағы білім концептілік құрылымдар түрінде болады және тілдік таңбалар арқылы өмір сүреді, сондай-ақ олар белгілі бір мәдени қоғамдастықтағы тілдік ұжым мүшелерінің бәріне ортақ құндылықтар жүйесі болып табылады. Коммуникация, когнитивтік лингвистика теориясы бойынша, коммуникатор мен реципиентке ортақ білім өрісі болады. Ақиқат және бейақиқат дүние туралы белгілі бір ой-пікір, сезім сөзге айналмас (вербалданбас) бұрын тілдік тұлғаның санасында жеке сөз (мағына) және олардың қарапайым пропозициялық қатынас деңгейінде болады. Бұл ең төменгі иерархиялық деңгейі болып табылады. Одан кейінгі иерархиялық деңгейде ой-пікірге қатысты ақпараттар жүйеленіп, пропозициялық құрылымдар қажетті мүшелермен толығып, күрделенеді, көлбеулік тәртіпке, дискреттік жүйеге түседі. Сөз субъектісінің зат, құбылыс, уақиға жөнінде және оларға өзінің көзқарасы, сезімі туралы ақпараттар, сөз объектісі (реципиент) туралы ақпараттар тілдік құрылымға, яғни кодқа салынады. Сөйтіп, ой-пікір, сезім вербалданады. Сөз актісінің келесі процесі – вербалданғаннан кейінгі кезең. Бұл кезеңде реципиент адресат тарапынан тілдік құрылым арқылы кодқа салынған а) фактуалды, интеллектуалды, ә) эмоционалды, б) мәдени-әлеуметтік ақпараттарды қабылдайды, яғни кодты жоғарыда айтқан коммуникатор мен реципиентке ортақ білім өрісі негізінде ашады. Реципиент кодқа салынған ақпараттар жүйесін қабылдап, тіркеп қоятын пассив субъект емес. Мәтіндегі ақпараттарды қабылдай отырып, оны интерпретациялайды, ішкі белсенділігін күшейтеді. Сөйтіп, тілдік қарым-қатынасқа (коммуникацияға) белсенді қатысушы субъекті ретінде көрінеді. Реципиенттің санасында тіпті сөз субъектісінің моделі пайда болады: сөз субъектісінің білім өрісі (екі жаққа ортақ білім өрісінен басқа), әлеуметтік-мәдени бейнесі (әлеуметтік жасқа, топқа жататыны), психологиялық ерекшелігі т.б. Бұл айтылған сөз актісінің теориялық моделінің сөз мәдениетіне тікелей қатысты бірнеше жағы бар, соған сәйкес бірнеше қауіпті аймақ бар:

1. Сөз мәдениетіндегі қауіпті аймақтардың бірі – коммуникатордың когнитивтік санасында реципиенттің әлеуметтік-мәдени бейнесінің дұрыс модельденбеуі. Егер коммуникатордың когнитивтік санасында реципиенттің әлеуметтік бейнесі айқын болмаса, тілдік қарым-қатынастың этикалық нормаларымен байланысты жағында ақаулар болуы ықтимал, яғни коммуникатор тілдік қарым-қатынаста қолданылатын этикеттік формулаларды реципиенттің әлеуметтік моделіне сай қолдана алмайды. Мұның өзі этикеттік нормалардан уәжсіз ауытқуларға әкеп саяды.

2. Коммуникатор мен коммуниканттың ортақ білім өрісі болатыны белгілі, осымен байланысты коммуникатор коммуниканттың білім өрісін дұрыс бағдарлай білуге, яғни білім өрісінің моделін дұрыс жасай білуге тиіс. Өйткені коммуникатордың тілдік құрылымға салған ақпараттар жүйесі коммуниканттың білім өрісіне сай келмесе, онда коммуниканттың тиісті ақпараттарды қабылдап, қорыту мүмкіндігі шектеледі де сөздің ықпал ету әлеуеті төмендейді. Мысалы, профессордың әріптестерімен арадағы ғылыми дискурсы басқа да, студенттік аудиториядағы ғылыми дискурсы басқашалау болады. Профессор кафедрадағы әріптестеріне қарағанда, студенттердің арнаулы білім өрісінің басқа деңгейде екенін ескереді. Коммуникатор екінші жақтың білім өрісін дәл модельде немесе сөздің ақпарат «тасу» қызметінде ақау болып сөздің коммуникативтік сапасы төмендейді.

3. Коммуникатордың ой-пікірі, сезімі тілдік құрылым арқылы дәл берілуге тиіс, яғни ондаған мүмкіндіктің ішінен ең тиімдісін талғай білуге тиіс. Коммуникатордың тамаша ой-пікірінің тілдік жарақталуы ойдағыдай болмаса, сөздің ықпал ету әлеуеті де төмен болады.

БАҚ тілінің ерекшелігі, ең алдымен өзі қызмет ететін саланың тілдік емес жағдаяттарына, коммуникативтік ситуацияға тәуелді.

Бұқаралық коммуникация дискурсының адресант-субъектісі жеке адам мен шығармашылық ұжым болып табылады. БАҚ дискурсын жеке адам мен ұжымның шығармашылық бірлестігі ретінде тани алады.

БАҚ дискурсының субъект-адресаты авторға танымал емес, аудиторияның саны да, құрамы да пәлендей белгілі болмайды. Ал арадағы коммуникация дистактты байланыстың түріне жатады.

БАҚ дискурсының прагматикасы зат, құбылыс, уақиға жөнінде ақпарат беру және оған баға беру, түсінік беру жағын көздейді. Журналистік практикада баға берудің қалыптасқан типтік объектілеріне оппоненттер, олардың сөзі мен іс-әрекеті, тұрғындардың жекелеген жіктері, қоғамдық институттар т.б. жатады.

Ақпарат беруде риторика ерекше орын алады. Сөзді риторикалық жақтан күшейту, фигуралар мен троптар, жекелеген стильдік тәсілдер арқылы жүзеге асады. Бұларды қолдану стандартқа бой ұру мен экспрессияға бой ұру тәрізді БАҚ тіліне тән екі түрлі үрдіске байланысты.

БАҚ тілі әдеби тіл нормасына едәуір әсер етеді. Әдеби тіл нормасындағы өзгерістерге, әдеби тіл нормасына мәдени дәстүрлердің озық үлгісіне сай болуына аса жауапты қоғамдық институттардың бірі – БАҚ.

БАҚ тілінің ерекшелігі негізінен коммуникативтік жағдаятқа тәуелді екенін байқадық;

БАҚ тіліндегі фигуралар мен троптардың негізгі түрлерін айта отырып оларды стандарт іздеу мен стандарттан қашу үрдісімен байланысты түсіндірдік;

БАҚ тіліндегі штамп, клише т.б. түрлеріне тоқталдық, оларды қолданудағы сәтсіздіктерді көрсеттік; әдеби тілдің нормасына, мәдени дәстүрге қайшы келетін сөз қолданыстардың типтерін айқындадық; мәдени дәстүрге сай келетін сәтті, жағымды сөз қолданысын да түр-түрін көрсетіп, талдау жасадық;

БАҚ-тың дискурсы үш түрлі норманың – ақпараттық, тілдік, этикеттік нормалардың – бірлігінен тұратынын, норманың бұр түрінде болған ауытқу екіншісіне әсер ететіні талданып көрсетілді.

БАҚ стилінің басты қызметі мен негізгі мақсаты екі жақты: біріншіден, адресат-субъектіге, ақпараттық-мазмұндық қызмет көрсету, екіншіден, адресат-субъектіге ақпараттық-эмоционалдық қызмет көрсету, яғни иландыру, сендіру, ықпал ету. Осы басты екі қызметке байланысты БАҚ тілінде стандарттылық пен экспрессивтілікке ұмтылу үрдісі тілдік құралдарды, стильдік амал-тәсілдерді талғап қолдануға, ұйымдастыруға ықпал етеді. Журналист осы екі үрдістің үдесінен шығуға тырысады.

Журналист үшін жұртшылыққа дәл уақытында кешіктірмей ақпарат беру аса өзекті мәселе. Ол тек ақпарат беріп қоймайды, ақпаратта айтылған зат, құбылыс, уақиғаға талдау жасап, өз бағасын береді, өз көзқарасын білдіреді. Бірақ бұл көзқарас тек журналистің ғана емес, белгілі бір редакциялық ұжымның, саяси партияның, әлеуметтік жіктің, қоғамдық қозғалыстың, қоғамдық ұйымның да көзқарасы болып табылады.

БАҚ үшін тілдік стандарттардың мәні ерекше, өйткені журналист ақпаратты уақыт оздырмай адресатқа дер кезінде жеткізуге тиіс. Мұндайда субъект-автор *кең қанат жайды, шынайы достық жандайында, ресми іссапар, мәреге жетті, жылы жүзді кездесу, қарыш қадам, достық сапармен* т.б. тәрізді дайын үлгілерге бой ұрады. Мұндай дайын үлгілер мазмұнын әдеттегідей жаймалап айтатын болса, едәуір уақыт кетер еді. Сипаттап айту журналист қаламына едәуір күш түсірер еді. Мысалы,

соңғы жылдары журналистер сығымдап, барынша ықшамдап берілетін ақпараттық хабарларды *шығырып айтқанда* деген айдармен беріп жүр.

Бақ тілінде *әлеуметтік көмек, жеке адам құқығын қорғау, жекешелендіру, нарықтық экономика, бәсекелестік қабілет, бағаны ырықтандыру, бағаны еркіне жіберу, табиғи монополияға қарсы күрес* т.б. тәрізді саяси, экономика, әлеумет терминдер, сондай-ақ *жеке тұлға, заңды тұлға, әкімшілік шара, салық төлеуші, ашық акционерлік қоғам, мемлекеттік емес мекеме* т.б. тәрізді ресми іскағаз стилінің стандарттары, ғылыми стильге тән стандарттардың қолданылуы оның стандартқа ұмтылу үрдісімен байланысты.

Осы үрдіске қарама-қарсы экспрессиялық-эмоционалдық үрдіске бой ұру, мысалы *президент, конституция, Алматы, депутат* т.б. тәрізді өте жиі қолданылатын атаулар мен терминдерді *елбасы, ата заң, елорда, халық қалаулылары* деп атайтын сөздердің пайда болуына түрткі болды. Сөйтіп, БАҚ өзі мойынсұнған стандарттардан қашқақтағанмен, жаңағыдай бағалауыш сөздердің өзі азғана уақыттың ішінде стандартқа айналып үлгерді.

Сонымен, БАҚ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесі бейтарап лексикалардан клишелерден (*болып табылады, болып саналады, болып есептеледі, бірінен саналады* т.б) ғылыми стильге тән күрделі терминдерден, ресми іскағаз стиліне тән күрделі атаулардан, сөйлеу тіліне тән лексика-фразеологизмдерден (*телефон шалу, жолай соғу, ат басын тіреу* т.б.) және ең бастысы БАҚ-тың өзі жасаған қолтума күрделі атаулардан (*елбасы, ата заң, әділ қазылар алқасы, былғары қолғап шебері* т.б.) тұрады.

Қазіргі кезде, бұрынғыдай емес, бұқаралық коммуникация қатынасушыларының құрамы әлдеқайда кеңейді. Сөйлеу/жазу дағдысы мен тілдік білгірлігі әртүрлі саясаткерлер, актерлер, шоу-бизнес қайраткерлері, қарапайым шаруа адамы, отбасындағы әйел, базарқан, зейнеткер т.б. коммуниканттар шаршытоп алдына, бұқаралық аудитория алдына шығатын болды.

Диалектизмдер, қарапайым лексика т.б. кодификацияланбаған тілдік бірліктер сезім күйді, көңіл райын күшейту үшін, я болмаса эмоциясын айқын аңғарту үшін тыңдаушысын/оқырманын табан астында таңырқату үшін прагматикалық мақсатта қолдана бастады. Мұндайда эстетикалық, этикалық ұстаным кейінге ығыстырылып, коммуникацияның экспрессиялылығы алдыңғы орынға шығады. Қалайда коммуникацияның әсіресе эмоциялы болуын, «тездікті», «шапшаңдықты» бағдарға алудың барысында айтылымның қысқа формалары, сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымдарын жиі қолдану телешоу мәтінінің прагматикалық ерекшеліктері деуге болады.

Бұрын публицистикалық дискурста норма ретінде ресми тілдік қатынас бағдарға алынса, ендігі тұста журналист, коммуникатор бұл бағдардан ауытқи бастады. Олардың назары сөйлеу тіліне қарай ауа бастады. Мысалы: *Құны көк тиын, қай қызметін бұлдап жүр?* («Жас Алаш»). *Құдай бетін аулақ қылсын; өйдойт дерсің; ол сабазың өлтірсең де көнбейді* (естігенім де, көргенім де жоқпын); *қазақша қақпайды; қазақша шүлдірлеп сөйлейтіндер; тыраштанып келдік* («Ана тілі») *Телміріп отырған дәрігерлер мен мұғалімдер; не басында үйі жоқ, не жұмысы жоқ, сақырлап жүрген өңкей сүр бойдақ пен кәрі қыз* («Алматы») тәрізділер медиамәтінде жиі ұшырайтыны байқалады.

Кодификацияланбаған нормаларды БАҚ-тың экспанциялауы бейәдеби элементтердің алдыңғы шепке шығу қаупін туғызып, олардың «таралымға» (тиражға) түсуіне масс-медиа транслятор болып отыр. Бұларды сөз алуандығы деуден гөрі сөз шұбарлығы деуге болады.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДІК, КОММУНИКАТИВТІК НОРМАЛАРЫ[24]

Қазіргі заманда телевизия, радионың аудиторияға тигізер ықпалы ерекше екені белгілі. Әсіресе теле, радиохабарлардың бұқаралық сипаты (массовость) мен жеделдігі (оперативность) қарқындай түсті. Мемлекеттің ішкі, сыртқы саясаты жөнінде, ел ішіндегі, әлемдегі маңызды уақиғалар мен жаңалықтар жөнінде қалың жұртшылыққа дер кезінде хабар-ошар таратып отыруы бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) әлеуметтік мәнділігін одан сайын күшейтіп отыр. Оның үстіне қазіргі кезде инженерлік технологияның даму қарқынымен байланысты БАҚ өнімдерінің оқуға, тыңдауға, көруге жағымдылығы, қолайлылығы арта түсті.

Соңғы жылдары бұқаралық сипаттағы радио, телевизия хабарлары, бұқаралық сипаттағы газет, журнал басылымдары тілдік қарым-қатынастың айрықша типін қалыптастырды. Тілдік қарым-қатынастың бұл түрі бұқаралық қатынас тілі деген арнайы терминмен айтыла бастады. Қалың жұртшылықпен, бұқара халықпен қарым-қатынас жасаудың арнайы құралдары жетіліп, дамып БАҚ деп аталғанына жарты ғасыр шамасындай уақыт өтті. БАҚ-тың тілі өзге қарым-қатынас тіліне қарағанда өзіндік жүйесімен, құрылымдық ерекшеліктерімен қарым-қатынастың ерекше типіне айналды. Публицистикалық дискурстың ерекше типі пайда болды. Коммуникацияға қатысушылардың белгілі бір ситуацияда, белгілі бір мәдени әлеуметтік қоғамдастықта вербалды мәтіндер мен өзге де таңбалар кешені арқылы бір-бірімен өзара әсері дискурс деп аталады. Алайда публицистикалық дискурстың техникалық құралы жетіле түскенімен, тіл құралы, сөз мәдениетінің деңгейі қандай жағдайда екені зерттеліп отыруға тиіс.

Сөз мәдениеті коммуникацияның ойдағыдай нәтижелі болуының, керісінше, нәтиженің ойдағыдай болмауының тілдік фактілерін қарастырады. Бұқаралық қарым-қатынастың сөз мәдениеті тілдік, стилистикалық, коммуникативтік норма тұрғысынан қарастырылып, айқындалады.

– БАҚ визуалды, аудиалды, аудиовизуалды болып үлкен үш топқа бөлінеді. Бұлардың бәріне ортақ негізгі қызмет:

– белгілі бір факт, уақиға, мәселе жөнінде жұртшылыққа ақпарат беру;

– факт, уақиға жөнінде түсінік, баға беру;

– танымдық, тәрбиелік, ағартушылық мазмұнда ақпарат бере отырып, жұртшылықтың (оқырмандардың, тыңдармандардың, көрермендердің) білім қорын молайтуға ықпал жасау;

– жұртшылықтың қоғамдық, әлеуметтік, саяси көзқарасына әсер ету. БАҚ-тың бұл функциясы әсіресе саяси – әлеуметтік акциялар кезінде күшейе түседі;

– геоденистік ақпарат беру, яғни жұртшылықтың көңіл-күйін көтеретіндей ақпарат беру.

Әрине, жоғарыда аталған ақпарат түрлерінің бәрі бірдей жұртшылықтың көңілін көншітетіндей сезімін туғыза қоймайтыны белгілі. Ал геоденистік ақпарат жұртшылықты рақаттану, ризалық сезімге бөленуіне ықпал етеді. Әсіресе концерттік бағдарламалар жұртшылықты эстетикалық санасына ықпал ету арқылы жағымды сезімге бөлейді.

---

[24] *Мақала Тілтанымдық зерттеулер (2000-2002 жж.) жинағы, – Алматы: Арыс, 2007, жарияланған.*

БАҚ-тың визуалды түріне бұқаралық сипаттағы мерзімді басылымдар жатады. Мерзімді басылымдарда екі түрлі таңбалар жүйесі болады. Бұлардың негізгісі – тілдік таңбалар жүйесі. Ал фото, сурет, карикатура, қаріптің түр-түрі қосалқы түрде қызмет ететін иконистік таңбалар жүйесі. Тиісті ақпарат оқырмандарға осы екі түрлі код арқылы беріледі.

Радиохабарларында үш түрлі таңбалар жүйесі болады. Негізгісі тілдік таңба, ал табиғи дауыс пен музыка қосалқы қызмет атқарады. Сонымен радиохабарларында ақпарат үш түрлі кодқа салынады.

Телевизия хабарларында төрт түрлі таңбалар жүйесі бар, ақпарат төрт түрлі кодқа салынады. Мұнда да негізгісі тілдік таңбалар жүйесі. Ал табиғи дауыс, музыкаға қоса «жанды» бейнелер таңбасы тілге қосалқы қызмет көрсетеді.

Радиодан естілер сөздің мазмұны музыкамен, табиғи «шумен» (бұлақтың сылдыры, жапырақтың сыбдыры, мотордың гүрілі, адамның дабыр-дұбыры т.б.), телехабардың ақпараттық мазмұны жанды-жансыз дүниенің бейнелерімен толыға түседі. Дегенмен бұл компоненттердің бәрінен маңыздысы – сөз. Сондықтан жұртшылыққа түсінікті сөздер жиі, көбірек қолданудың, жазба мәтінді дұрыс, сазына келтіріп дыбыстаудың, тиісті жеріне сөзге логикалық екпін түсірудің, жеке сөздердің орфоэпиялық нормаларын сақтаудың маңызы ерекше.

БАҚ-тың негізгі құралы – тіл болып табылады, ал оның субъектісі, яғни адресаты оқырман, тыңдарман, көрермен деп аталады. Міне, осымен байланысты БАҚ-тың дискурсы бірнеше семиотикалық жүйенің синтезі деуге болады. БАҚ-тың бұл тәрізді тілдік емес ерекшеліктері оның тілдік нормаларына да әсер етеді. Әсіресе телевизия хабарларында паралингвистикалық ерекшеліктердің сөз субъектісіне тигізетін өзіндік ықпалы болады және олардың әсер ету әлеуеті де әртүрлі болады.

Сонымен БАҚ- тың тілдік және тілдік емес таңбалар жүйесі арқылы әртүрлі ақпарат беруді көздейді. БАҚ ақпарат беруде көздейтін мақсаты белгілі бір зат, құбылыс, уақиғаның интеллектуалды, объективті, концептуалды, фактуалды мазмұнын беріп қою емес, яғни ретрансляция жасау ғана емес, сонымен бірге реципиентке ықпал етумен қатар ақпарат беруші ретінде өзінің сол зат, құбылыс уақиғаға бағасын беріп, көзқарасын да көрсету. БАҚ – басты тұлға ретінде тұрмыста жай ғана ақпарат тасымалдаушы, хабар жеткізуші ғана емес, ең алдымен, мемлекеттің ішкі, сыртқы саясаты, елде, әлемде болып жатқан уақиға, жаңалықтарды жеткізе отырып, олар жайында өзінің, редакциялық ұжымның, әлеуметтік жіктің көзқарасын, бағасын беруші, қоғамдық ойға қозғау салатын, пікір қалыптастыратын публицист.

БАҚ-тың беретін ақпараттарының мазмұны факт, комментарий, баға беру тәрізді үш түрлі құрылымдық бірліктерден тұрады. БАҚ-та норманың ақпараттық норма және тілдік норма деген екі түрі болады. Ақпараттық норма тек кәсіп, мамандық мәселесіне ғана емес, тілдік нормаға да әсер етеді. Сондықтан тілдік емес норманың бұл түріне азды-көпті тоқталуға тура келеді. Ақпараттық норма идеологиялық қысымда болуы ықтимал. Мұндай норманы бақылайтын мемлекеттік цензура болады.

Гуманистік идеяны қуғындау, соғыс өртін тұтату, ұлт араздығын қоздыру, ұлтты, жеке адамның намысы мен ар-ұжданына тию, беделіне нұқсан келтіру, елдің конституциялық нормаларына қарсы шығу; есірткі, маскүнемдікті т.б. бейморалдық және зиянды нәрселерді насихаттау ақпаратты норманы бұзу болып табылады. Ақпараттық норманы бұзуға заңмен тиым салынады немесе қоғамдық цензураға тиым салынады.

Идеологиялық қысыммен байланысты ақпараттық норманың бұзылуы тілдік құралдардың жұмсалуына ықпалын тигізеді: балама сөздер жасанды метафоралар, ақпараттық мәні ақиқатпен үйлеспейтіндіктен сөздің құнсыздануы сияқты жағымсыз құбылыстар пайда болады. Мысалы советтік дәуірде *тап жаулары, халық жауы, ұлтшыл, шетелдің шпиондары, жапон агенттері, байшылдар, буржуазияның құйрықтары* т.б. 30-50-жылдардағы бұқаралық басылымдар мен радиохабарларының тұрақты лексиконына айналды. 60-80-жылдары БАҚ-тың тілінде *дала аруы, ақ алтын, болат жолдың батырлары* т.б. жасанды әшекейлер көбейді. БАҚ ең алдымен, эмоция тудыру арқылы ой-санаға әсер етеді. Сөйтіп, жұртшылықтың ой-санасына қозғау салып, қоғамдық пікір қалыптастырады. Әрине жағымды, жағымсыз эмоция тудыру арқылы санаға әсер ету ең алдымен тілдік құралдарды, оның амал тәсілдерін дұрыс пайдалану, орынды жұмсау, шебер қолданумен байланысты екені даусыз.

Идеологиялық қысымнан босаған соң, сөз бостандығын ендігі жерде бұқараға тек шынайылықты, ақиқатты жеткізіп жатыр деу шындықпен үйлеспес еді. Қазіргі БАҚ та белгілі бір жіктің, қаржыландырып жатқан топтың, саяси партия, қоғамдық ұжымдардың сөзін сөйлейді. Солардың ой-пікірін, мақсат мүддесін, саяси ойындарын жұртшылыққа ақиқат деп ұсынылады. Осындай жайттар ақпараттық норманың бұзылуы, мысалы, ұнамаған, көңілден шықпаған біреуді жалпылама жағымсыз фактілермен бастан-аяқ қара бояумен беру ақпараттық норманың бұзылғандығын көрсетеді. Мұндайға мақала кейіпкерінің атына айтылатын балағат сөздер (инвективалар) көбейіп кететіндігі байқалады, яғни ақпараттық норманың бұзылуы сөзқолданысқа салқынын тигізіп жатады. Уақиға әбден насырға шапқанда белгілі бір ақпарат құралдары мен оның «жағымсыз» кейіпкері сотқа жүгініп жатады. Бұл БАҚ-та тілді кекету мен мұқатудың құралы ретінде жұмсаудың көрінісі.

Ақпараттық нормадан ауытқудың бір түрі – жұртшылықтың тиісті ақпарат өрісінен шығып кетуі.

БАҚ-та жеке бастың намысына тию, белгілі бір қайраткердің беделін кетіру, адамның жеке өмірін қазбалау, белгілі бір саладағы кәсіби мамандардың ісі мен шығармашылығына кәсіби компетенциясы жеткіліксіз бола тұра билік айту сияқты жайттар да ақиқат өрісінен шығып кетіп, жұртшылыққа жалған ақпарат беру, ақпараттық норманы бұзу болып табылады. Іс қиындай бастағанда редакциялық ұжым кешірім сұрай салады. Ұлттық тілдің, ғылымның, өнердің мүддесін қорғаған сияқты сыңай танытып, қасықтағы судан дауыл тұрғызу, түймедейді түйедей, түйедейді түймедей етіп көрсетудің тілдік тәсілдерін пайдаланады, қоғамға зиянды «элементтердің бет – пердесі сыпырылып», «әшкереленіп» жұртшылықтың алдында ұпай жинап, тираж жинап жатады. Мұндайда оқырманның (тыңдарманның, көрерменнің) интеллектуалдық қабылдауынан гөрі эмоционалдық сезіміне әсер етудің тілдік тәсілдерін пайдаланады. Әсіресе әр түрлі эмоционалдық мағынадағы тілдік бірліктер барынша мол қолданылады. Сөйтіп ақпараттық өрісте мәдени, саяси т.б. байланысты конфликті ақпараттың нанымдылығы мен нанымсыздығы өзекті мәселелердің бірінен саналады.

Ауыз жаласушылық, адам құқығын бұзушылық, заңды бұзушылық, заңнан өзін жоғары қоюшылық, зиянкестік т.б. жағымсыз әрекеттерді әшкерлеу арқылы БАҚ қоғамдағы келеңсіз құбылыстарды сынап – мінеу, олар жайында қоғамдық пікір туғызуды көздейді, сөйтіп қоғамды жақсартуға және демократияландыруға атсалысады.

Алайда қайсыбір басылымдар мен телерадиохабар арналарының бағдарламаларында жалған фактілер келтіру, ақиқат фактіге ойдан шығарылған фактілерді

қосып жіберу, жұртшылыққа мәлім белгілі бір факт, уақиға құбылысқа сілтеме жасай отырып, ақиқатты бұрмалау тәрізді тәсілдер қолданылады. Мұндайда дереккөздер *жұртшылықтың айтуынша, көргендердің айтуынша; болуы мүмкін, жел соқпаса шөптің басы қимылдамайды; тұрғындардың ішінде көргендер бар екен; білетіндер солай деп отыр* т.б. тәрізді «әмбебап» жалпылама мазмұндағы тілдік бірліктер болады. Мұндай сөздер оқырманға дереккөздері сияқты әсер етеді.

БАҚ-тағы жалған ақпараттар белгілі бір субъектінің саяси көзқарасына ғана емес, ақпараттың басымдылыққа ие болу, сенсация туғызатын ақпарат іздеу, хабарларды тезірек баспалардан бұрын жұртшылыққа жеткізу, мәліметтерді, фактілерді қызығырақ етіп беру т.б. жайттар кейде сенімсіз, дәлелсіз жалған мәліметтердің жария болуына себеп болады.

Асығыс, тексерусіз айтылған ондай фактілерді, мәліметтерді екінші бір басылымда (арналарда, хабарларда) ізін ала терістейтін материалдар беріліп жатады. Аяғы дау-жанжалға айналып жататын мұндай материалдар басылымдардың (хабар, телеарналардың) сапасының пәлендей жоғары екенін көрсетпейді.

Қазіргі кезде БАҚ-та қоғамдық мәні бар өткір сын, пікірталастарға едәуір орын беріле бастады. Алайда қайсыбір мақала, пікірталас авторлары қоғамдағы орын алған кемшілік, ойсырап жатқан оқылық, тәртіпсіздік, маскүнемдік т.б. жайттарға жұрт назарын аударғандай болады. Келеңсіз жайдың себеп-салдарын айтқандай сыңай танытады. Бірақ осыған жол берушілердің нақты аты-жөні айтылмайды да, атүстіндегілер, ел тізгінін ұстағандар, билік басындағылар, шенеуніктер т.б. жалпылама адрессіз сөзді қолдану тәсілін пайдаланады. «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегендей нақты адрессіз айтылған мұндай «өткір» сын әлдекімді әшкерелеп жатқандай әсер қалдырады. Тек эмоцияға әсер ету сияқты мұндай тәсілді «көлеңкемен күресу» деп атауға болады. Ақпараттық нормаға сәйкес келмейтін «көлеңкемен күресу» тәсілі тілдік құралдардың тиімділігіне, дәлдігіне нұқсан келтіреді, яғни бұқаралық коммуникацияның мәдениетін төмендететін факторлардың бірі деп танимыз.

БАҚ тілінің коммуникативтік-прагматикалық қырлары. «Кітаби тіл // стиль» деген тек жазба дүниеге ғана емес, бұл термин жазба мәтінге де, ауызша мәтінге де қатысты. Кітаби тілдің жазбаша түрінде мерзімді басылымдар тілі, ал ауызша түріне радио, телевизия хабарларының тілі жатады. Сондықтан ресми ақпарат кітаби тілмен беруді қажетсінеді.

Теле, радиожурналист, әсіресе, публицистика стиліне ерекше ден қоюға тиіс. Өйткені газет бағаналары мен радио, телеарналар – публистицикалық стильдің «меншіктеп» алған орны. Публицистикалық шығарма қалың жұртшылыққа түсінікті тілмен елде, әлемде болып жатқан уақиғаларды таныстыру, оған талдау жасау арқылы қоғамдық пікір қалыптастыру. Ал прагматика қысқаша айтқанда, адресанттың ақиқатқа, ақиқат мазмұнына, адресатқа өз қатысын білдіру, бағасын беру.

Мерзімді басылымдардағы теле, радиохабарлар бағдарламасында берілетін ақпараттың объективтілігі (фатуальдығы) мен субъективтілігінің арақатынасы қандай болу керек деген мәселе мамандар мен тіл мамандарының арасында пікірталас тудырып келеді. Объективизм – белгілі бір уақиға, факт, нәрсе жайында реципиентке тиісті ақпарат беру. Ал субъективизм – ақпарат берушінің белгілі бір нәрсе, факт, уақиға жөнінде ақпарат бере отырып, реципиентке сөзді бедерлі, яғни риторика тәсілімен әсер ету, оның сезіміне, ақыл-ойына әсер ете отырып, қоғамдық пікір қалыптастыру. Бұл – прагматикалық жағдаят.

Объективизм бағытын ұстанушылар, «mass media»-ның көздеген негізгі мақсаты – субъектіге тиісті ақпаратты жеткізу. Субъект – ақпаратты қабылдаушы. Субъектіге ықпал ету «mass media»-ның негізгі мақсаты емес деген пайымдау ұстанады. Газет бағанасындағы сөз оқырманға ықпал ететіндей қаншама бедерлі болғанымен, мәселенің ең маңыздысы хабар беруде деп біледі. Яғни журналист хабарды дер кезінде субъектіге жеткізе білуге тиіс, басқада шаруасы жоқ, ол оқырманға әсер етем деп әуреге түспеуі керек деген қағидатты ұстанады. Өзінің беріп отырған хабарына журналист сырттан кіріспей, одан сырт қалуы тиіс. Бұлай болмаған жағдайда журналист субъективизмге ұрынады. Мысалы, батыстың журналистері материалдарды үйіп-төгіп береді, ал кеңестік, посткеңестік журналистика мектебінің өкілдері оларға бұл жағынан шендесе алмайтындай көрінеді. Бір минутқа сиғызатын хабарды біздің журналистер жарты сағаттық материалмен береді екен.

Баспасөзде, радио, телехабарларда берілетін ақпараттың мазмұндық құрылымы фактуалдық және ықпалдастық деген негізгі екі бөліктен тұрады. Республиканың «mass media»-сында хабардың ақпараттық-мазмұндық жағына да, ақпарттық ықпал ету жағына да ерекше көңіл бөлінеді. Көп жағдайда әсіресе, ақпараттың ықпалдастығына иландыру жағына тым аса мән беріледі. Қазіргі журналистикадағы осы бағыт әлі де сақталған деуге болады.

Республикадағы кейбір телеарналардың бағдарламасында («Қазақстан» телеарнасы, «Ақжүніс» телебағдарламасы, 27 ақпан 2004) тележүргізуші көбіне өзінің эмоциялық сезім күйін білдіруге, сол арқылы көрермендердің сезім күйіне әсер етуге тырысады. Телебағдарламаның тақырыбы әйелдер арасындағы құқық бұзушылықтың әлеуметтік, психологиялық, тұрмыстық т.б. факторларын талдауға, сондай-ақ тележүргізуші өзінің әсерін, сезім-күйін білдіруге көп уақытын жіберген. Адресаттың көңіл күйінің субъектінің көңіл күйімен адекватты болуына күш салады: *қиын тағдыр, тағдыр тауқыметі, ала болу, бақытын көре алмау, жас өмірін он жыл қапаста өткізбек* тәрізді сөздерді эмоционалды-экспрессивті ақпаратты күшейте түсудің тәсілі ретінде молырақ пайдаланылады.

Алайда қоғамдағы өзгеріс БАҚ дискурсы субъектісінің құрылымына да әсер етті. Бұқаралық коммуникация субъектісінің құрылымы өте күрделі. Хабар авторы – индивидуалды – ұжымдық субъекті, яғни автор белгілі бір хабарды жеке өзінің ғана емес, газет-журнал редакциясының, теле, радио хабарлары ұжымының да көзқарасын танытып, ұжымдық баға береді.

Тоталитарлық қоғамда бұқаралық коммуникация субъектісінің құрылымын «автор» – «редактор» – «цензура» (идеологиялық қысым) түрінде көрсетуге болады. Егемендік алғаннан кейінгі кезеңде коммуникация субъектісінің қалам еркіндігі күшейді, идеологиялық қысым босаңсыды, цензура жоғалды. Журналист қаламы тақырып бостандығы, стиль бостандығы, прагматикалық бостандыққа қол жеткізіп, ерікті болды.

Бұрын, ертеректе, радио, телехабарлар бағдарламасының жанрлары аса көп болмайтын. Қазір бір ғана бағдарламада ресми ақпарат, публицистикалық талдама, репортаж, комментарий, дөңгелек үстел, интервью, ток шоу, очерк т.б. жанрларды кездестіруге болады. Осы жанрлардың сөз өрімі, бедері әр алуан. Мысалы, дөңгелек үстел, интервью сөйлеу тіліне, ресми ақпарат, ресми іс-қағаз тіліне, очерк, көркем мәтін тіліне жақын түсіп жатады. Осының өзі радио, телеэфирдегі сөздің өзіндік ерекшелігі мол, аса күрделі және дербес жүйе екенін көрсетеді. Олай болса бұл салада, бұқаралық коммуникация саласында, қазақ тілі қалай жұмыс істеп жатыр?

Сала мамандарының кәсіби құралы тіл болғандықтан, «оны қалай пайдаланып жатыр?», «жақсы үлгілермен қатар анау, кемістіктің түрлері қандай?» деген мәселелер үнемі назарда болып, арнайы қарастыру сөз мәдениетінің міндетіне жатады. Жалпақ жұртпен сөйлесетін болғандықтан, радио, тележурналист тілдік норма, әдеби тілдің стильдік тармақтары БАҚ-тың тілдік ерекшелігі жөнінде білуі тиіс мәселелер аз емес. Ал мұның өзі, түптеп келгенде, жалпыхалықтық тіл, әдеби тіл, тілдік норма, сөз шеберлігі мәселелерімен ұштасып жатады.

Коммуникация субъектісі тілдік құралдар арқылы фактуалдық ақпараттарды бере отырып, жұртшылыққа әсер етудің, ықпал етудің және белгілі бір құбылысқа, уақиғаға, затқа деген қатынасын, бағасын айқын білдіре отырып, адресатты да соған қарай бейімдеуге тырысты. Бұрынғы БАҚ-тың прагматикасы бір типтес коммунистік сананы қалыптастыруға қызмет етсе, ендігі жерде БАҚ-тың тілдік прагматикасы автордың ақиқатқа берген бағасымен айқын көрсетуге қызмет етті.

Советтік баспасөзде уақиға, құбылыс, затқа партиялық тұрғыдан қарау басты принцип болды. Белгілі бір уақиға жөнінде жазбастан бұрын мәселенің партиялық тұрғыдан «ақ» немесе «қараға» жататыны журналист үшін белгілі жайт болатын. Мәтіндегі бағалауыш бояудың түсі партияның жоғарғы органдағы басшыларының көзқарасына сәйкес болуы тиіс. Мәселенің «ақ» не «қара» түсті болуы, партияның жоғары органдарының көзқарасымен байланыстылығы, бұқаралық коммуникацияның адресат – субъектісіне де белгілі жайт болатыны әйгілі қайта құру кезінде «ақтаңдықтар» ашыла бастады, коммуникацияның адресат – субъектісі күтпеген тұстан партияның жоғарғы эшалондағылар әшкерелейтін қара бояулы материалдар оңды солды жариялана бастады. Осының өзі радио, телеэфирдегі сөздің өзіндік ерекшелігі мол, аса күрделі және дербес жүйе екенін көрсетеді.

Коммуникация субъектісі тілдік құралдар арқылы фактуалдық ақпараттарды бере отырып, жұртшылыққа әсер етудің, ықпал етудің және белгілі бір құбылысқа, уақиғаға, затқа деген қатынасын, бағасын айқын білдіре отырып, адресатты да соған қарай бейімдеуге тырысты.

Белгілі бір құбылысқа, уақиғаға баға беру «өзіміз» – «өзге»; «жақсы» – «жаман»; «ақ» – «қара»; «дос» – «дұшпан» тәрізді концептілер бойынша берілді.

«Өзге», «жаман», «қара», «дұшпан» концептілері жағымсыз мағынадағы сөздер, метафора, теңеулер, прецедентті феномендер т.б. тілдік тәсілдер арқылы ашық берілгенін байқаймыз. Мысалы, «айғайлайтын ат тағу» әдісі – іштен шыққан жау жаман, ұлтына өгей ұлдар т.б. жағымсыз мазмұндағы концептілерді беруде тура номинацияға қарағанда екінші кезектегі номинацияның әсері, уыты күштірек болады. Сөз арасында адамның табиғи кемшілігін айту, тыйым салынған сөздерді қыстырып жіберу, мәдени қарым-қатынасқа жатпайтын, жеке бюбастың намысына тиетін қолданыстар жиілей бастады. Бұлар сөз этикеті ғана емес, жалпы адамгершілік нормасына жатпайтын тәсілдер болып есептеледі. Белгілі бір осы құбылысқа, уақиғаға объективті, субъективті баға беруде кекесін, мысқыл, кекету, мұқату, доң айбат көрсету тәрізді мазмұнды білдіретін тілдік амал-тәсілдерді қолдану жиілей бастады. Мұның өзі сөз еркіндігін, сөз бостандығының БАҚ сөз мәдениетсіздігіне айналып кету қаупін туғызды.

Ауызша сөз нормалары мен сөз бедері. Қазақ әдеби тілі ауызша және жазбаша түрде қызмет ететіні белгілі. Әдеби тілдің жазба түрімен байланысты оның жазу нормалары қалыптасты. Сырт қарағанда, ауызша тіл мен жазба тілінің еш айырмасы жоқ, айырма тек біреудің естуге (аудиалды), екіншісі көруге (визуалды) негізделген,

яғни бірінде дыбыс толқыны, екіншісі қағаз бетіндегі таңбалар жүйесі тәрізді материалдық негізінде ғана сияқты. Ал, расында, айырма тереңде, астыртын жатыр. Ол – тілдік құралдарды талғап таңдау және оны қалай қолдану дегенге саяды. Мысалы ауызша тілдің интонациялық құралдары беретін мән-мағына, интонациялық бедерді беруде қаламның мүмкіндігі шектеулі. Жазба тілдегідей ойды елеп, екшеуде, сол екшеуден өткен ойды объективтендіруде ең керекті-ау деген тілдік құралдарды, бірліктерді талғап, таңдауға микрофон алдындағы сөйлеушінің мүмкіндігі қалам ұстағандағыдай емес. Қалам «иесінің» жазылған сөзге қайта оралып, ойын дәлдеп, сөзін ұштап, жатуға мүмкіндігі бар, ал микрофон «иесінің» ондай мүмкіндігі жоқ. Аса күрделі ойды ауызша сөзде күрделенген сөйлемдермен емес, қысқа құрылымды ықшам құрамдармен жеткізу орынды көрінеді. Кейбір стандартты құрылымдар, тұрақты тіркестер, сөздер мен формалардың ауызша сөзде қолданылу мүмкіндігі тым төмен болады. Оларға мән берместен ауызша сөзде қолдану сөзді жасандылау етіп көрсетеді.

Әдеби тілдің ауызша жүйесі мен жазбаша жүйесінің аражігін біліп қолданудың сөз мәдениеті үшін принципті мәні бар. Өйткені бұл екі жүйе бір – бірімен тығыз байланысты. Екеуінің де өзегі ортақ, яғни көптеген қосымша, сөйлем құрылымы екеуіне де ортақ. Алайда мұндай ортақтық ауызша тіл мен жазбаша тілдің сыртқы-ішкі айырмалары елеусіз екен деген ойға саймаса керек.

Жазба тілдің өзіне тән жүйесі бар. Жазудың негізгі мақсаты дыбысталған сөзді айна қатесіз қағазға түсіру емес немесе транскрипциялау емес, ой мен сезімді дәл, тиімді жеткізу. Жазудың жүйесі осы мақсатта жүзеге асыруға бағынады.

Жазылған сөзді, яғни жазба кодты ешбір қиындықсыз тануға, «кілтін» ашуға тиіс. Оқырманның көзшалымына оңтайлы болу жағы көзделеді. Сондықтан көп жағдайда сөздің жазылуы мен дыбысталуы сәйкес келе бермейді.

Жазуда сөз мағынасын ажырата алатын қабілеті бар дыбыстар белгіленеді, ал олардың дыбыстық қоршауға тәуелді түрлері еленіп ескеріле бермейді: *ба(с)шы – ба(ш)шы* емес; *кез келді – кезгелді* емес; *мұзжарғыш – мұ(ж)жарғыш* емес; *қара ала – қарала* емес; *қалааралық – қаларалық* емес. Бұл сөздерді айтылуынша таңбалау, яғни *башшы, кезгелді, мұжжарғыш, қарала, қаларалық* деп жазу көзшалымына азды-көпті қиындық туғызары сөзсіз. Жазылған сөзді танудағы автоматизмді баяулатады. Сондықтан қазіргі жазу сөздің негізгі дыбыстық (фоемалық) құрамын сақтап жазу қағидасын негізге алады.

Ал жазудың дәл осы қағидасын ауызша сөзде қолдану, яғни микрофон, экраннан естілер сөзде қатеге саяды. Сондықтан әлгіндей сөздер, керісінше, *ба(ш)шы – басшы* емес; *кез(г)елді – кез келді* емес) *мұ(ж)жарғыш – мұз жарғыш* емес; *қарала – қара ала* емес; *қаларалық – қала аралық* емес түрінде дыбысталады.

Әдеби тілдің ауызша нормасына уәжсіз, мақсатсыз ауытқулардың салдарынан айтылған сөздің мағынасы тыңдаушы үшін бұлыңғыр тартып, тілдік қарым-қатынасқа қаяу түсіреді, бұл – бір. Екіншіден, дыбысталған сөздің өзіндік үйлесімі, үндестігі, ырғағы, әуені, әуезі болуға тиіс. Бұлар бір жағынан айтылған ойға, мағынаға қатысты болса, екінші жағынан естір құлаққа жағымды естіледі, естіген құлақтың айызы қанғандай болады. Сондықтан сөз аралығындағы дыбыстарды ықпалдастырып, сындырып айтудың, «қатқылдау» дыбыстарды «жұмсартып» айтудың эстетикалық мәні бар.

Мысалы, қазақ тілінде қатқыл естілетін (қ) дыбысынан басталатын сөздің үлесі барлық дыбыстан жоғары, сөздікте тіркеген сөздердің шамамен оннан бірі деуге

болады: *қазақ қымыз, қыз* т.б. Осындай сөздердегі сөздің ұшар басындағы (қ) көп жағдайда сынық дыбысталады: *ер(ғазақ), сары(ғымыз), меңді(ғыз)* т.б. Егер тиісті жерінде қатаң (қ), (к) сындырылып айтылмаса сөйлеуші қақалап, кекелеп тұрғандай жағымсыз әсер қалдырады. Бірақ мұндайға мән бермегендіктен эфирден естілер сөздің нормасы өрескел бұзылып жатады: *шекара, көкала, келе қалды* деп дикторлардың «кекелеп», «қақалап» тұруы реципенттің жағымсыз реакциясын туғызады.

Жекелеген дыбыстар буын құрап, бунақ өзара буын құрап, бунақтар ырғақты топ құрып, өзара үйлесім, үндесіммен айтылады.

Орфоэпиялық норма дыбыс, буын сөз, сөйлем ғана емес мәтін деңгейін де қамтиды. Сөйлем әдетте мектеп бағдарламасынан білетініміздей біршама аяқталған ойды білдірсе, мәтін тиянақталған, аяқталған белгілі бір ойды білдіреді. Мәтіннің яғни мәтіндегі ойдың басталуы, дамуы аяқталуы болады. Бұл мәтіндердің динамикасы деп аталады. Мәтіннің ой желісін сол мәтінге тән интонациялық реңктер арқылы тыңдаушы аңғарып отырады.

Көркем мәтіннің жанрларына өзді өзіне тән ортақ интонациялық реңктер болады. Мысалы ресми хабарлар, ақпараттық хабарлар жанры байыпты, байсалды интонациялық бедермен оқылады. Ал интервью жанрының интонациялық жанры мен бедері мүлде басқа, сөйлеу тіліне жақын. Тіпті сөйлеу тіліндегідей мағыналы кідіріс, фонетикалық фигуралардың жиі кездесуі мүмкін. Юмор, сатира жанрларының интонациялық бедері сөйлеу тілі интонациялық реңкіндей ойнақы құбылмалы болып келеді. Сөйтіп мәтін интонациясы мәтін мазмұнына қатысты белгілі бір ақпарат береді. Бұл ақпараттық код адресаттың мәтін мазмұнын түсінуге, дыбыс қабылдауға бағыт-бағдар береді. Мәтіннің мазмұны мен интонациялық бедер, реңктер үйлесіп жатады. Сөйтіп мәтіннің сөз мазмұны мен мәтін интонациясының мазмұны тұтасып бүтін бірлікке айналады.

Микрофоннан айтылған сөздің бунақ, буын үндесімі мен дыбыс үйлесімдері бұзылып жатса бунақ ырғақтары келіспей жатса, мәтіннің интонациялық бедері дәл түспей жатса эфир мен экрандағы сөздің әсері азайып тіпті тыңдаушысын мезі етеді.

Лексикалық нормадан ауытқу көбіне сөздің мағынасын үстірт түсінуден оған жете мән бермеуден туындап жатады. Тіпті күндегісін күнде қолданып жүрген сөздің мағынасын жете аңғармай сөзден сүрініп жататын жайт әсіресе микрофон, телекамера алдындағы мамандар үшін кешірімсіз нәрсе. Солардың бірі мысалы мына тәрізді : *шуақты жаз, дала сіңірді, сұр қой, жүз мың гектар жерге дән сіңірді; бозала таңнан боз қырауда қозы-лағын өріске өргізді* т.б. сөз арасындағы осындай қате қолданыстардың кездесуі кездейсоқ тәрізді. Шын мәнінде бұл кездейсоқтықтың ар жағында тілге деген мән бермеушілік, немқұрайлық жатыр. Сөздің мағынасы айналадағы болмыспен байланысты, бізді қоршаған ақиқат дүниені бейнелейді. Олай болса шақырайған жаз айында шуақ болушы ма еді? Шуақ қысты күндері ерте көктемнің алдында болады. Күнгей жерлерде ит орнындай жердің қары кетіп қарая бастаған кезін *итшуақ* дейді. Ал ерте көктемде күнгей тұта есіктің алдында алаңқай жердің қарая бастаған кезіндегі күннің болар болмас жылуын *кемпіршуақ*, беткейдің қары кетіп күннің әжептәуір жылынып қалған жерін *жаймашуақ* дейді.

Сіңір – етістігі су сияқты немесе май, иіс-қоңыс тәрізді заттардың қасиетіне байланысты айтылады. Құм, топырақ, суды сіңіреді; май, иіс-қоңысты сіңіріп алатын шүберек, мақта тәрізді заттар болады. Ал *дән* дегенің жердің сіңіріп алатынындай сұйық нәрсе емес. Бұлай деу сөз мағынасына, оның қисынына жасалған зорлықтай көрінеді.

Объективті дүниедегі ақиқатқа жүгінсек қой малын сөз танитын қазақ *сұр* деп айтпайды, қойда ондай түс жоқ: *боз қой, ақ қой, қара қой, ор қой* деп аталатыны белгілі. Сондай *ақ боз қырауда қозы лағын өргізді* деу ақиқатпен үйлспейді. Боз қырау қара күзде қараша айында болады. Ол кезде тіпті кенже туған бірер қозы, лақтың өзі *тоқты, шыбыш, текешік* деп аталады. Бұндай теріс қолданыстар түптеп келгенде автордың сөз мағынасының объективті дүниемен байланысынан бейхабар екенін көрсетеді. Тұрақты тіркестердің фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің штамп, клише стандарттардың өзіне тән нормасы бар. Бұлар бірнеше сөзден тұратын құрамы тұрақталған тілдік бірліктер, сондықтан мұндай дайын құрылымдардың құрамын беталды өзгерте беруге болмайды. Осындай тілдік бірліктердің құрамындағы сөздерді мақсатсыз өзгертудің қате болатындығынан бейхабар сөйлеуші дайын үлгі, қалыптасқан құрамның басын жарып, көзін шығарғанға дейін барады. Мысалы: *ат төбеліндей аз топ* дегенді *ат кекіліндей аз топ*, *жаңбыр бір жауса терек екі жауады* дегенді *ағаш екі жауады*, *дүниенің кеңдігінен не пайда өз етігің тар болса* дегенді *өз аяқкиімің тар болса*, *мен не дейін, қобызым не дейді* дегенді *домбырам не дейді* деп тіркестіріп, орынсыз өзгертіп жатады.

Қазақ тілінің лексика-фразеологиялық қорында штампқа, стандартқа айналған тұрақты тіркестер бар. Солардың біралуаны *домбыра тартты, домбырамен сүйемелдеді, ән айтты, қанат жайды, өріс алды, еңбек нәтижесінде, білімнің арқасында, өкінішке орай, бір жақсысы бір жаманы, бағымызға қарай, сорымызға қарай, етек алды, өркен жайды* т.б. тәрізді стандарттар нормалаушы сөздіктерде (түсіндірме сөздік, фразеологиялық сөздік) тұрақты тіркестердің бұл түрлері осы нұсқада беріліп мән-мағынасы көрсетілген. Ал тілдегі мән-мағынасы айқындалып, тұрпаты тұрақталған мұндай бірліктерді бұра тартып бұза қолданушылық жиілеп бара жатқандығы байқалады. Мысалы, *ән орындады, ән орындайтын* (дұрысы *ән салады, ән айтты*) *домбыра ойнайды, күйсандықта ойнайды* (дұрысы *домбыра ойнайды күйсандық тартады*) *маскүнемдік қанат жаюда, маскүнемдік өріс алды, нашақорлықтың арқасында.* Нәтижесінде, *арқасында* дегендер жағымды мазмұндағы сөздермен тіркесуге бейім. Абзалы, микрофон ұстағанда да, қалам ұстағанда да сөздің жағымды-жағымсыз мағыналарына мән бергенді естен шығармау.

Сонымен, жоғарыда бір сөз мағынасын, тұлға қосымшаларын сөздердің байланысу, сөйлем құрау, ауызша және жазбаша сөз мәдениетін дұрыстық тұрғысынан сөз еттік. Сөз дұрыстығы жай ғана айтыла қалған сөз емес, ғылыми ұғым немесе термин. Сөйтіп сөз дұрыстығы дегеніміз алдымен тіл бірліктерін жұртшылық мойындаған және жұртшылықтың бәріне міндетті деп танылған әдеби тілдің нормасына сай қолдану. Сөз дұрыстығы дегенде алдымен сүйенеріміз – әдеби тілдің нормасы.

Жоғарыда әдеби тілдің қойнауынан тысқары жатқан, яғни әдеби нормаға жатпайтын элементтерге олардың түр-түрін нақты мысалдармен айқындап көрсеттік. Сонымен қатар біз әдеби тілдің өз қойнауындағы тілдік бірліктерге тоқталып, кейбір сөзқолданыстардың дұрыс бұрысын әдеби тіл нормасына сүйене отырып нақты мысалдармен және оларды фонетикалық, грамматикалық, лексика-фразеологиялық деңгейлер бойынша көрсеттік.

Эфирдегі сөз бедері. Осы кезге дейінгі сөз желісі тек дұрыстық жөнінде болса ендігі жерде қысқаша сөз бедері туралы пікір түю аса қажет. Сөз мәдениеті деген терминдік ұғым тек сөз дұрыстығын шектеп қоймай яғни сөзді дұрыс айту, дұрыс жазу мәдениеттің биігіне көтеріліп, шыңына шығу емес. Өйткені сөз мәдениеті дұрыстық қана емес сөзді бедерлі жұмсау дегенді білдіреді. Публицист сөзді дұрыс

жұмсағанымен нақыш бедерін дәл тауып ақтан тигізіп айта алмаса, діттеген межеден көрінді деуге болмайды. Өйткені БАҚ әр түрлі хабарды құрғақ ақпарат түрінде беріп қоймайды. Радио, тележурналист тыңдарман мен көрермендерге ықпал ету арқылы олардың қоғамдық пікір туралы белсенділігін де көтеруге тырысады.

Микрофон ұстаған, я болмаса жұртшылық алдына шығып мінбеге көтерілген адам сөйлемес бұрын алдымен тілдік қарым қатынастың түрін, тілдік қарым-қатынастың мақсатын айқындап алуға тиіс.

– Тілдік қатынас ресми ме, бейресми ме?

– Сөздің адресаты кім? Жеке адам ба, көпшілік пе?

– Аудиторияның әлеуметтік құрамы, білім, мәдени деңгейі қандай? Бірыңғай ма әлде әр алуан ба?

– Тілдік қатынас біржақты ма әлде екі жақты ма?

– Тілдік қатынастың мақсаты не? Жай ғана хабарлау ма, ықпал ету ме?

Міне, осы айтылған тілдік емес жайттарға көңіл бөлінсе, мыңдаған сөздің, ондаған тілдік амал-тәсілдердің ішінен қарым-қатынастың мақсатына, жағдаятына, түріне сай келетін ең лайықтысын таңдап ала білу мүмкіндігі арта түседі. Коммуниканттың діттегені мақсаты айқын болуы тиіс. Атап айтқанда, адресаттың сезіміне әсер ету, ой пікіріне түрткі болу, белгілі бір әрекетке жұмылдыру, ой салу, ұмтылу, өтіну, иландыру тәрізді жайттар тілдік құралдардың мақсатқа сай болуын талап етеді. Осы мақсаттың үдесінен шыға білу **сөз бедері** деп аталады.

Публицистикалық мәтінде радио, телепублицист коммуникантқа ықпал ету үшін автор (субъект) тілдегі эмоционалдық бағалауыш мәнді сөздерге, бейнелі сөз орамдарына, тұрақты тіркестер мен теңеулерге, қарапайым сөздерге, фразеологизмдер мен паремиологизмдерге (мақал-мәтелдерге) т.б. стильдік нышаны бар (маркерлі) бірліктерге иек артады. Бұлар – перлокутивтік (ықпал ету) қызметі бар тілдік таңбалар. Тілдегі өзінен өзі дайын тұрған мұндай бірліктердің түр түрін әдетте ұзына бойы, екі сөздің бірінде талғаусыз жұмсау сөздің бедеріне нұқсан келтіреді. Ал тыңнан табылған теңеу, қиыннан қиыстырылған сөз орамдарының ықпалы, әсер ету қуаты әлдеқайда күшті.

Сөз бедеріне байланысты бұл айтылғандар негізінен БАҚ-қа, публицистика тіліне көбірек қатысты. Ғылыми мәтін, көркем мәтін, ресми іс-қағаз мәтінінің арнайы тілдік құралдармен, тілдік тәсілдермен берілген өзді-өзіне тән бедері болады. Мысалы:

Ғылыми мәтінде атаулар, терминдер, жекелеген сөздер: логикалық айқындылыққа, заттың, құбылыстың, уақиғаның мәнін ашуға, белгілі бір қисынды дәлелдеуге қызмет етеді; ғылыми дискурста сөз логикалық айқындылықты көрсетеді, құбылыстың, заттың, уақиғаның мәнін ашуға, дәлелдеуге қызмет етеді, сөз ғылыми мәтінде белгілі бір ұғымның уәкілі түрінде жұмсалады.

Көркем мәтінде сөз: ақиқаттығы, заттың, нәрсенің, оқиғаның образы түрінде қызмет етеді; метафора, теңеу, бейнелі сөз орамдар жасауға қатысады; ауыспалы мағынада көркем мәтіннің бедерін жасауда белсенді жұмсалады.

Ресми мәтіннің өзіндік бедерін жасайтын тілдік құралдар болады. Оларға мысалы стандарттар, штамптар жатады; сөз екіұшты мағынада қолданылмайды, логикалық айқындылыққа қызмет етеді.

Қазіргі БАҚ тілінің сөз бедері қандай? Сөзге бедер салатын тілдік құралдар дұрыс жұмсалып жүр ме? Дайын, үйреншікті бедерлеуіш амал-тәсілдермен бірге тыңнан табылған үлгілер бар ма?

БАҚ-тың сөз бедері, тіл нақышы ең алдымен ой сезімге әсер ететіндей эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш сөздерден өрнектеледі. Стильдік нышаны бар мұндай сөздер ең алдымен автордың, шығармашылық ұжымның, (редакцияның) әлеуметтік жіктің, саяси партияның нәрсеге, құбылысқа уақиғаға бағасын, көзқарасын (қоштау, терістеу, ұнату, ұнатпау) т.б. білдіре отырып олар жайында қоғамдық пікір қалыптастыру үшін аса қажет. Осындай стильдік нышаны бар тілдік құралдар арқылы коммуникант адресатқа әсер етіп, ықпал етіп, қоғамдық пікір туғызады.

Алайда әсіресе 60-80 жылдары адресатқа әсер етудің құралы ретінде БАҚ тілінде *дала аруы (жүгері), тәтті тамыр (қызылша), ақ халатты абзал жан (дәрігер), көгілдір отын (газ), қара алтын (көмір, мұнай), болат жол (темір жол), болат жолдың батырлары (теміржолшы), екінші тың (қой шаруашылығы), екінші нан (картоп), көгілдір экран (теледидар)* т.б. тәрізді жасанды сөз әшекейлері шектен тыс жиі қолданылды. Олардың көптігінен құлақ сарсылып, көз сүрінетін. Ол кезде өмірді боямалап көрсету дағдыға айналып, эфирдегі, газет бағаналарындағы сөзге жұртшылық құлай сенбейтін. Тіпті қазақтың *майталман* тәрізді мазмұнды, эмоционалды бағалауыш сөзінің бағасы кетіп, шошқа бағушы да майталман, аула сыпырушы да майталман болып кетті. Мұндай жағымсыз құбылысты бағалауыш сөздің құнсыздануы, яғни девальвацияға ұшырауы дейміз.

Майталман домбырашы, майталман күйші, майталман шешен тәрізді сөздермен таңдап, талғап тіркесетін бағалауыш сөз құнсызданып, жасанды әшекейлерге айналады. Қазіргі кезде БАҚ тілі мұндай жасанды әшекейлерден арыла бастады. Бұл әрине, ұнамды жайт.

Тағы бір атап айтарлықтай ұнамды жайт – БАҚ тілінен, әсіресе «ЕҚ» тәрізді мерзімді басылымдар тілінен жаңа мазмұндағы өрнекті сөз үлгілерін кездестіреміз; *таудың биігі бөлек болғанымен, етегі бір, дара тұлғалар қанша биік болғанымен, түп тамыры халықта* («ЕҚ»), *күштілер тіл табысса, басқалар бас жарыспайды* («ЕҚ»).

«Түркістан», «Ана тілі», «Жас Алаш» газеттерінен: *амандық Алладан, сақтық адамнан; қарттан қасиет кетсе, жастан ұят кетеді; ақша бәрін билейді, қамырдай етіп илейді; ыңқылдан қыңқыл жаман; көңілі мұздағанның жүрегі сыздамас; жер жүдемесе, ел жүдемейді* тәрізді мазмұнға бай өрнекті сөз орамдарын ұшыратамыз. Әрине, кез келген жерде асыл сөз екен деп мақал-мәтелді тықпалай бермей, найзағайдай жарқ еткізіп орынды қолданған өрнекті сөздің орны басқа. Орынсыз ділмарсу асылды бейасыл етеді. Бұл жерде әңгіме ұтымды қолданған сөз үлгілері жайында.

Қазіргі БАҚ тіліндегі сөз бедеріне байланысты жағымды-жағымсыз көріністерді айқын аңғару үшін сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі (бейәдеби сөйлеу тілі) әдеби сөйлеу тілі, кітаби тіл (оның ауызша және жазбаша түрі) деген құбылыстардың мән-мағынасын еске алуға тура келеді. Ауызша сөз болсын, жазбаша сөз болсын, сөзді саралап алу қажет, өйткені БАҚ тіліндегі жағымды көріністер де, жағымсыз жайттар да осы айтылған сөздің түрлеріне байланысты. Сөздердің аталмыш түрлерін ажыратып, саралап қолданғанда эфирден естілер сөз болсын, газет бағаналарындағы сөз болсын, бедер өрнегі келісті болып, сөздің мазмұны ашыла түседі. Ал оларға мән берілмеген жағдайда бедері, нақышы теріс түсіп жатады.

Тиісті жерінде қарапайым сөйлеу тілі жайында, оның әдеби тіл кеңістігінен тысқары жатқан, жалпыхалықтық тілдің бір түріне жататын ерекше феномен екені анықталып жүр.

Әдеби сөйлеу тілі мен қарапайым сөйлеу тілінің ортақ тұстары бар: екеуі де бейресми қатынас жағдайында (үй іші, туыс, дос жарандар т.б.) қолданылады; екеуі де алдын ала дайындалмаған, ой елегінен өткізілмеген сөз типіне, яғни машықты сөз (спонтанная речь) түріне жатады. Әдеби сөйлеу тілі мен қарапайым сөйлеу тілі әлеуметтік жағынан да өзгешеленіп тұрады. Қарапайым сөйлеу тілінің элементтері шаруа баққан, әсіресе жасы үлкен ауыл тұрғындарының тілінде жиі кездеседі.

Әдеби тіл нормаларынан тысқары жатқан қарапайым сөйлеу тілі элементтерін, әдеби сөйлеу тілін кітаби тіл элементтеріне қарама-қарсы қоюға болады. Әдетте тектес, ұқсас құбылыстарды қарама-қарсы қойсақ осы әдіс арқылы айырым белгі айқындала түседі.

Қарапайым сөйлеу тілі жүйесінде диалектизмдер, варваризмдер, фонетикалық ерекшеліктер, әсіресе мазмұны пәс бағалауыш, эмоционалды сөздер жиі кездеседі. Ал әдеби сөйлеу тілінде де бағалауыш, эмоционалды сөздер жиі кездеседі бірақ жоғарыдағыдай әсіреэмоционалды, бейәдеби сөздердің қолданылуы шектеулі болады. Салыстырыңыз: мысалы: *не боп қапты? Не бәле екен?*; *әкем, шелекті бере сашы* (*қарағым, шелекті бере салшы), көзі құрығыр көруден қалып барады (көз шіркін көруден қалып барады), темекісі құрып кеткір тыңқылдата береді* т.б. Бұл келтірілген жарыспалардың бірінші сыңары қарапайым сөйлеу тіліне жатады.

Мазмұны пәс, құрамында диалектизм, жаргон, варваризм тәрізді бейәдеби элементтер кездесетін сөздің түрін *қарапайым сөйлеу тілі* деп атаймыз.

Сөйлеу тілі мен бірліктерінің сөзбедерлегіш қызметі. Кітаби тіл ресми қатынас жағдаятына қолданылады. Ғылыми мәтін, іскағаз мәтіні, публицистикалық мәтін сондай-ақ шаршы топ алдындағы сөз, микрофон алдындағы сөз, лекция, діни уағыз т.б. *кітаби сөзге* жатады.

Қарым-қатынастың ресми түрінде қолданылатын алдын ала біршама болса да дайындалған монолог түрінде жүзеге асатын жазбаша немесе ауызша сөз – *кітаби тіл*.

Адресант ауызша сөйлегенде сөз арасында уәжді мақсатты түрде белгілі бір мөлшерде әдеби сөйлеу тілінің элементтерін қосып отыруы ықтимал. Егер сөйлеу тілінің элементтері басым болып кетсе, эфирдегі сөздің мәні тереңдеп, ресмилік мәнінен айырылып, отбасында, үй арасындағы сөздің мазмұнына ұқсап кетеді.

Қарым-қатынастың бейресми түрінде қолданылатын, алдын ала кесіп-пішіп дайындалмаған диалог түрінде жүзеге асатын ауызша сөзді *сөйлеу тілі* дейміз.

Кітаби сөзге (кітаби стильге) көбіне ресми мазмұндағы, ресми мәні бар тілдік бірліктер, сондай-ақ салтанатты көтеріңкі мазмұндағы сөздер жатады: *білім беру саласы, жол жүру тәртібі, бәсекелестікті дамыту, жастар тиянақты білім алуда, ғылыми табыс, ту тіккен жер, тарих сахнасына шықты, бостандық туын желбіретіп*, т.б. Әсіресе көтеріңкі үн, асқақ патетикамен айтылатын сөздерді газет, микрофон материалдарында тым жиі қолдану, мөлшерін білмей жұмсау сөзді жасандылау көрсетеді. Адресатқа ондай сөздің тигізер әсері, ықпалы шамалы болады.

Әсіресе, әлеуметтік мәні аса маңызды заң жобалары жөніндегі талқылауларда, референдум, Президент, Парламент сайлауы тәрізді саяси акциялармен байланысты саяси публицистикалық дискурста кітаби тілге, сөйлеу тіліне тән әсіреэмоционалды элементтердің қолдану жиілігі саяси ахуалдың температурасына қарай жоғарылай түседі. «Жастар» мен «ілектестер» бірін бірі дабырайта мақтап, «Қарсыластар» мен «Өштестер» бірін бірі дабырайта даттауға дейін барады.

Сөйтіп, кітаби тілдің сөйлеу тілінің элементтерінің белсенділігі артып, «жағымды» немесе жағымсыз контекстке қызмет істей бастайды. Осындай жағдаятпен байланысты сөзқолданыстарды, БАҚ-тың саяси дискурстағы тілдік бет-бедерін

байқау үшін «өзім» және «өзге» деген концептіні негізге ала отырып, өткен сайлау акциясымен байланысты бірер материалдардың эмоционалды элементтеріне назар аударуға болады. Мұндағы «Өзім» концептісі – оппозиция, «Өзге» – билік жақтастары деген ұғымды білдіреді.

2-кесте

« Өзім», «Өзге» концептісін талдау

«Өзім» концептісі	«Өзге» концептісі
Әділеттің ақ сауытын киіп	Өрекпіп
Демократияның туын желбіреткен	Жаппарқұл журналист
Жалғандыққа жаны қас	Саққұлақтық танытып
Ақиқаттың бетін ашты	Қызылкөзденіп
Батыр еді, батыл еді	Әкім қара
Биліктің бетін шиқандай қылды	Алаөкпе
Қолы таза азамат	Амантай қажыдан да асып түсті
Шоқтығы биік тұлға	Үлкен кісінің шапанының етегіне жасырынып
Шындықтың шымылдығын ашқан	Бұқпантай әрекет
Сәтсіз сценарий	Әңгімелер гулеп жүр
Тұлпар текті Тұяқбай	Қаржыгерсымақтар
Мемлекетшіл тұлға	Шолақ белсенділер
Мемлекетшіл азамат	Шоқпарын сүйреп
Елшіл азамат	«Мәдени мұраны» қатырып жатқаны шамалы
Әңгіртаяқ ойнатты (билікке)	Жағымпаздықтың жалауы
Дандайсынғанның көкесін (көрсетті)	Шырқау шыңның биігіне
Мемлекет үшін	Тіпті пысқырмады
Халық үшін	Жәмпең қақты
Шындықтың бетін ашты	Құрдай жорғалағандай
Саяси өмірге араласты	«Астауынан жем жеп жүрген» деп айтуға ауыз бармайды
Аузы қисайып бара жатқан шындықты орнына қойды	Басқаша сайрап тұр
Халыққа да, билікке де сүйкімді	Сиқы осы
Ел алдында, мемлекет алдында	Шыбын құрлы оған пысқырған да жоқ
Жоғары адам	Маймөңкесі
Көшін бастап	Ой шіркініңіз

Міне бұдан байқалатыны «Өзім» концептісінің мазмұны көбіне кітаби тілге тән эмоционалды бағалауыштармен, ал «Өзге» концептісі сөйлеу тіліне, қарапайым сөйлеу тіліне тән эмоционалды бағалауыштар арқылы объективтенген. Бұл бағалауыштар арқылы публицист оқырманның сезіміне, эмоциялық күйіне әсер етуді діттеген. Алайда әсіресөздер басым болған сайын мәселенің сындарлы жағы, интелектуалдық сипаты эмоцияның тасасында қалды.

Патетикалық мазмұндағы кітаби элементтер сөз мәнін салтанатты, мерекелік жиынға ұқсатып жіберсе, сөйлеу тілінің элементтері қатынасты ресми түрімен үйлеспей, сөзді үй ішіндегі, үй арасындағы сөзге ұқсатып жібереді. Сөз бедері, нақышы дәл түспегендіктен саяси-публицистикалық дискурстың адресатқа тигізер ықпалы пәлендей әсерлі болып шықпайды. Бұқарамен коммуникация біржақты күйде қалады, жауап реакцияның деңгейі төмен болады. Бұл айтылғандар БАҚтың визуалды (мерзімді басылымдар) түріне ғана емес, аудиалды, радиохабарлар, аудиовизуалды (телевизия хабарлары) түрлеріне қатысты.

Бұқаралық коммуникацияда сөздің сөйлеу тіліне, қарапайым сөйлеу тіліне тән бедерлеріне қарапайым сөйлеу тілінің мән-мағынасына жете көңіл бөлмегендіктен,

елеп-ескермегендіктен, сөз арасы бейәдеби сөздермен араласып, ала-құлалық көбейіп бара жатқаны байқалады. Тіпті сындарлы, салиқалы деген республикалық телеарналарда, газет бағаналарында бейәдеби элементтерді уәжсіз жұмсау етек алып бара жатқан тәрізді:

Ержан мырза қазақшаны мүлдем қақпайды екен. Қызарақтап жан-жағына қара («ЕҚ», 19.11.1999).

Қаржыгерлердің қазақ тіліне пысқырып та қарамайтыны осы жолы ашылып отыр («ЖА», 18.11.1999).

Империяның «дүниені тітіркендірсем» деген астам көңілін Ауғанстан бір басып жіберіп еді, «ТМД-ны тырқыратып қуаласам» деген екінші ойын Ичкерия өшірді («АТ 21.08.1997).

Қазақ жерінде бір қазақ өзін Жириновский құсатып көрсетсінші, әкесін танытып екі қолын кісендетіп, түрмеге тығып, шірітіп өлтірер еді қазекеңдердің өздері-ақ («Ад 2.08.1999). [Қолға кісен салмайды, бұғау салады ғой].

Бейресми жағдайда жұмсалатын сөйлесу тіліндегі әсіреэмоционалды бағалауыштарды газет бағаналарында, микрофон, камера алдында уәжсіз қолдану пәлендей тапқырлық емес.

Бұқаралық коммуникацияда *қақпайды* (жаргон), *пысқырып та қарамайды, тырқыратып, ...құсап әкесін танытып, қазекең* т.б. бағалауыштар жұртшылыққа ықпал ету құралының тәлімі боларлықтай үлгісі емес.

Сонымен, әдеби тілдің стильдік тармақтар жүйесінде кітаби элементтер мен сөйлеу тілі элементтері – полярлық қарама-қарсылықтағы бедері айқын тілдік бірліктер. Әрине, сөз атаулы, өзге де тілдік бірліктердің бәрі тек осындай «қарама-қарсылықтан» тұрмайды. Екі аралықта саны жағынан да, қолдану жиілігі жағынан да бұл екеуінен әлдеқайда басым бірліктер болады. Осындай бейтарап сөздердің аясында (фонында) қолданылған бедері айқын, бояуы қанық кітаби//сөйлеу тілі элементтерін мақсатты, уәжді немесе коммуникациялық ділгерлікке орай қолданудың стильдік тиімділігі әлдеқайда жоғары.

Бұл тәрізді нышанды (маркерлі) элементтерді тұрмыс жағдайындағыдай әдеттегідей жұмсау қоғамдық-саяси немесе ресми мәтіннің тілдік бедерімен үйлеспейді. Үйлеспегендіктен сөз бедері бұзылады. Өйткені саяси-қоғамдық дискурста өмірдің ақиқатын дәл өзіндей көркемдеп беру нысанаға алынбайды. Қоғамдық-саяси дискурста, бұқаралық коммуникациялық өзге де түрлерінде радио, телешешен қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәні бар нәрсе, құбылыс, уақиға жайында объективті ақпарат бере отырып, оларға өзінің субъективті көзқарасы тұрғысынан баға береді. Сөйтіп, қоғамдық ой-пікір қалыптастыруды нысанаға алады. Бұл мақсатқа жетудің тілдік құралдары және сол құралдар арқылы салынатын бедері әлгіндей элементтерден, жалпы көркем әдебиеттегіден өзгешелеу болады.

Сөз мәдениеті жөнінде пәннің өзіндік ғылыми принциптері бар, ғылыми принцип бойынша бейәдеби элементтерді әдеби тілде мүлде қолдануға болмайды деген ұстаным жоқ. Біріншіден, әңгіме бейәдеби элементтердің уәжді қолданылуы. Екіншіден, телекөрермен, радиотыңдарман, газетоқырмандар ондай уәжді қолданысты аңғаратындай, саналы я болмаса саналы емес болса да сезінетіндей болуы шарт. Сонда ғана нормадан уәжді ауытқудың әсері айтарлықтай болмақ. Бұл жерде уәжділік жөнінде аз айтылған жоқ. Енді сөз нақтырақ болу үшін бейәдеби эмоционалды элементтердің уәжді қолданылған тұстарын мысалдармен көрсете кетуге болады.

БАҚ тілінде сөйлеу тілінің элементтерін стиль тезіне салып, коммуникациялық ділгерлікпен қолдану, яғни сөзге қарым-қатынасқа лайық бедер салу мақсатында уәжді жұмсау арқылы адресатқа ықпал етудің бір тәсілі ретінде қолданылатынын байқауға болады.

Мысалы, журналист Мұқан Әбілқайырдың «Егемен Қазақстанда» «Қазақ қылып» деген бір мақаласында күллі Республика жұртшылығына мәлім Амангелді газ кенішінің аталу тарихы баяндалады. Әйгілі газ кеніші тарихи тұлғаның, байырғы халық батырларының, би-шешендерінің немесе сол өлкедегі қоғам, мәдениет қайраткерлерінің атымен аталды ма екен деген оқырмандардың редакцияға жолдаған сұраулары журналист қаламына түрткі болған сияқты. Ал бұл ономастикон шындығында, шаруа баққан қарапайым ауыл тұрғынының атымен аталған екен. Кеніштің аталуы жайы кейіпкердің «көзімен» баяндалады. Тып-тыныш, айдаладағы құмда бір шу шығады. «Шудың не екенін білмек болып, ертесіне атқа қонған Амангелді алдындағы отарын соларға қарай беттетсін. Келсе, бір қора жан айналдырғандары бір алып доңғалақ. Техника дегенің қырғын […], ішінде бір жастауы ғана қазақ кейіпте. Оның өзі де орысша шүлдірлейді. Өздері […] вагон орнатып, сонда тұрып жатқан түрі бар. Сонымен, Әбекең үйге келісімен жаңа көршілер туралы бар жаңалықты келіншегіне жеткізіп, бір қойды сойып тастап, бар етін қазанға салдырып, жертескендерді құдасындай ағыл-тегіл күтсін. Ішкілікке аса жоқ бұл оларға ілесіп бір кеседей ақаңнан да сімірді».

Мақалада бұдан әрі қарай ақпейілді азаматтың геолог-бұрғышылармен бауыр басқан қарым-қатынасы, жарастығы айтылады. Геологтердің неше жылғы еңбекпен ашқан құмдағы ырысына бірге қуанған Амангелдінің отбасы ақпейіл көрсетіп, ақ дастарқан жайып бірге қуанады. Сөйтіп, кеніш геолог-бұрғышылардың бауырындай болып кеткен қарапайым шаруа адамының атымен аталады. Осы ономастиконның прецедентті феноменге айналу жайы баяндаған. Журналистің жоғарыдағы мәтін үзіктерінде сөйлеу тіліне тән *беттетсін, бір қора жан, шүлдірлейді, тұрып жатқан, түрі бар, құдасындай ағыл-тегіл күтсін, сімірді* тәрізді элементтерді, *ертесіне (ертеңіне), қырғын («көп»), жертескендер (бұрғышылар), ішкілік (ішімдік), ал жуайық («арақ ішейік»), құр уәдемен қатырып жүр (уәдемен «шаршатып» жүр)* тәрізді қарапайым сөйлеу тілі элементтерін уәжді қолданғанын, «кейіпкердің» тілдік тұлғасын, әлеуметтік болмысын айқын бедерлеу тәрізді коммуникативтік ділгерлікке байланысты жұмсалғанын айқын байқаймыз. Қысқасы, сөйлеу тіліне тән элементтермен публицистикалық мәтінге бедер салуын сәтті бір тәсілі деп тануға болады.

Сөйлеу тілі элементтерін радио, телехабарлар тілінде қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Жазба сөзге қарағанда эфирдегі сөз сөйлеу тіліне бір табан жақын. Сөйлемдердің аса күрделі емес түрлері басым болады. Тиісті ақпаратты тыңдарманның мүмкіндігінше толық қабылдау үшін сөйлемдегі сөздердің орташа саны 6-8-ден аспағаны жөн көрінеді.

Алайда газет бағаналарында қолданылатын, стильдік мақсатта жұмсалып, мәтіннің публицистикалық бедерін салудағы стильдік құралдардың бірі ретінде жұмсалатын сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі элементтерін эфирдегі сөзде жұмсаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Әсіресе қарапайым сөйлеу тілі элементтерінің эмоционалдық жағымсыз жағымды мағыналары дыбысталған сөзде тым күшейіп кетеді. Мәтіннің мазмұнына қарай эмоционалдық лексиканың интонациялық бояуын реттеп отыру радио, телепублицист шеберлігіне байланысты.

Микрофон алдындағы сөз формасы жағынан екі түрлі болуы мүмкін: а) монологтік сөз; ә) диалогтік сөз.

Алайда сөздің формасы, мазмұны монолог болғанмен, микрофон ұстаған шешен диалогке тән, яғни сөйлеу тілінің болмысына тән элементтерді пайдалануы мүмкін. Ондағы мақсат – адресатты өзіне жақын тарту, екеуара пікірлесіп отырғандай әсер қалдыру. Мысалы, *өздеріңіз байқағандай, сіздіңше қалай?; осы айтылған пікірді ойланып көріңіз; тым ертелеу емес пе* т.б. Шын мәнінде сөздің монологтік сипаты өзгерген жоқ. Ал жаңағыдай «іш тарту» элементтері адресатқа сөйлеушіні көріп отырғандай, онымен бетпе-бет отырғандай әсер етеді. Монологтің әуезі де бір сарынды болмай, интонациялық реңк әлгі әсерді күшейте түседі. Сөйтіп, микрофон алдындағы, экрандағы сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы коммуникация екіжақты болады. Ал сөйлеу тілінің интонациялық элементтерін сөз бедерлеуге пайдаланудағы ұтымды стильдік амалдардың бірі деуге болады.

Сонымен, біз жоғарыда газет бағаналарында кездесетін, телекамера, микрофон алдында айтылатын сөз бедеріне байланысты ерекшеліктерге тоқталып, сөз бедерлеу мен нақыштаудың тілдік құралдары мен стильдік амалдарына тоқталдық. Оларға негізінен мыналар жатады: мақал-мәтелдерді орынды және мөлшерін біліп қолдану; фразеологизмді орынды және мөлшерін біліп қолдану; эмоционалды лексиканы орынды және мөлшерін біліп қолдану; кітаби тіл элементтерін уәжді қолдану; сөйлеу тілі элементтерін уәжді қолдану; кітаби және сөйлеу тілі элементтерін стиль тезіне салу.

БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ НОРМА МЕН ТІЛДІК НОРМАНЫҢ ҮЙЛЕСІМІ[25]

БАҚ-та норманың **ақпараттық норма** және **тілдік норма** деген екі түрлі болатыны, ақпараттық норма тек кәсіп, мамандық мәселесіне ғана емес, тілдік нормаға да әсер ететіні енді ғана айтыла бастады. Сондықтан тілдік емес норманың бұл түріне азды-көпті тоқталуға тура келеді. Ақпараттық норма идеологиялық қысымда болуы ықтимал. Мұндай норманы бақылайтын мемлекеттік цензура болады.

Гуманистік идеяны қуғындау, соғыс өртін тұтату, ұлт араздығын қоздыру, ұлттың, жеке адамның намысы мен ар-ұжданына тию, беделіне нұқсан келтіру, елдің конституциялық нормаларына қарсы шығу; есірткі, маскүнемдікті т.б. бейморальдық және зиянды нәрселерді насихаттау ақпараттық норманы бұзу болып табылады. Ақпараттық норманы бұзуға заңмен тыйым салынады немесе қоғамдық цензура тыйым салады.

Идеологиялық қысыммен байланысты ақпараттық нормадан ауытқуы бұзылуы тілдік құралдардың жұмсалуына ықпалын тигізеді: балама сөздер жасанды метафоралар, ақпараттық мәні ақиқатпен үйлеспейтіндіктен сөздің құнсыздануы сияқты жағымсыз құбылыстар пайда болады. Мысалы, советтік дәуірде *тап жаулары, халық жауы, ұлтшыл, шетелдің шпиондары, жапон агенттері, байшылдар, буржуазияның құйыршықтары* т.б. 30-50-жылдардағы бұқаралық басылымдар мен радиохабарларының тұрақты лексиконына айналды. 60-80-жылдары БАҚ тілінде *дала аруы, ақ алтын, болат жолдың батырлары* т.б. жасанды әшекейлер көбейді. БАҚ ең алдымен, эмоция тудыру арқылы ой-санаға әсер етеді. Сөйтіп, жұртшылықтың ой-санасына қозғау салып, қоғамдық пікір қалыптастырады. Әрине, жағымды, жағымсыз эмоция тудыру арқылы санаға әсер ету ең алдымен тілдік құралдарды, оның амал-тәсілдерін дұрыс пайдалану, орынды жұмсау, шебер қолданумен байланысты екені даусыз.

Идеологиялық қысымнан босаған соң, сөз бостандығын ендігі жерде бұқараға тек шынайылықты, ақиқатты жеткізіп жатыр деу шындықпен үйлеспес еді. Қазіргі БАҚ-та белгілі бір жіктің, қаржыландырып жатқан топтың, саяси партия, қоғамдық ұжымдардың сөзін сөйлейді. Солардың ой-пікірін, мақсат-мүддесін, саяси ойындарын жұртшылыққа ақиқат деп ұсынады. Осындай жайттар ақпараттық норманың бұзылуы, мысалы, ұнамаған, көңілден шықпаған біреуді жалпылама жағымсыз фактілермен бастан-аяқ қара бояумен беру ақпараттық норманың бұзылғандығын көрсетеді. Мұндайға мақала кейіпкерінің атына айтылатын балағат сөздер (инвективалар) көбейіп кететіні байқалады, яғни ақпараттық норманың бұзылуы сөзқолданысқа салқынын тигізіп жатады. Уақиға әбден насырға шапқанда белгілі бір ақпарат құралдары мен оның «жағымсыз» кейіпкері сотқа жүгініп жатады. Бұл – БАҚ-та тілді кекету мен мұқатудың құралы ретінде жұмсаудың көрінісі.

Ақпараттық нормадан ауытқу. Ақпараттық нормадан ауытқудың бір түрі – жұртшылықтың тиісті **ақпарат өрісінен шығып кетуі.**

БАҚ-та жеке бастың намысына тию, белгілі бір қайраткердің беделін кетіру, адамның жеке өмірін қазбалау, белгілі бір саладағы кәсіби мамандардың ісі мен шығармашылығына кәсіби компетенциясы жеткіліксіз бола тұра билік айту сияқты жайттар да ақиқат өрісінен шығып кетіп, жұртшылыққа жалған ақпарат беру ақпараттық

25 *Мақала «Тілтаным» журналы, 2010, №1(37) санында жарияланған.*

норманы бұзу болып табылады. Іс қиындай бастағанда редакциялық ұжым кешірім сұрай салады. Ұлттың, тілдің, ғылымның, өнердің мүддесін қорғаған сияқты сыңай танытып, қасықтағы судан дауыл тұрғызу, түймедейді түйедей, түйедейді түймедей етіп көрсетудің тілдік тәсілдерін пайдаланады, қоғамға зиянды «элементтердің бет-пердесі сыпырылып», «әшкереленіп» жұртшылықтың алдында ұпай жинап, тираж жинап жатады. Мұндайда оқырманның (тыңдарманның, көрерменнің) интеллектуалдық қабылдауынан гөрі эмоционалдық сезіміне әсер етудің тілдік тәсілдерін пайдаланады. Әсіресе әртүрлі эмоционалдық мағынадағы тілдік бірліктер барынша мол қолданылады. Сөйтіп, ақпараттық өрісте мәдени, саяси т.б. байланысты конфликті ақпараттың нанымдылығы мен нанымсыздығы өзекті мәселелердің бірінен саналады.

Ауызжаласушылық, адам құқығын бұзушылық, заңды бұзушылық, заңнан өзін жоғары қоюшылық, зиянкестік т.б. жағымсыз әрекеттерді әшкерелеу арқылы БАҚ қоғамдағы келеңсіз құбылыстарды сынап-мінеу, олар жайында қоғамдық пікір туғызуды көздейді, сөйтіп, қоғамды жақсартуға, демократияландыруға атсалысады.

Ақпараттық нормадан ауытқудың бір түрі – **жалған фактіге сүйену.** Алайда қайсыбір басылымдар мен теле-радиохабар арналарының бағдарламаларында жалған фактілер келтіру, ақиқат фактіге ойдан шығарылған фактілерді қосып жіберу, жұртшылыққа мәлім белгілі бір факт, уақиға, құбылысқа сілтеме жасай отырып, ақиқатты бұрмалау тәрізді тәсілдер қолданылады. Мұндайда *дереккөздер жұртшылықтың айтуынша, көргендердің айтуынша, болуы мүмкін, жел соқпаса шөп басы қимылдамайды; тұрғындардың ішінде көргендер бар екен, білетіндер солай деп отыр* т.б. тәрізді «әмбебап», жалпылама мазмұндағы тілдік бірліктер болады. Мұндай сөздер оқырманға дереккөздері сияқты әсер етеді.

Журналист Асылхан Мамашұлы Саржағал гезеттер жөнінде жазып жүрген Айгүл Рамазанның мына пікіріне орынды назар аударған. «Кез келген ақпартты талғамсыз жұтатын көпшілікке арналған басылымдардың жаңалық берудегі негізгі критерийі: егер ит адамды қапса, ол жаңалық емес, керісінше, адам итті қапса, жаңалық деп есептелінеді» [2].

БАҚ-тағы жалған ақпараттар белгілі бір субъектінің саяси көзқарасына ғана емес, ақпараттың басымдылыққа ие болу, сенсация туғызатын ақпарат іздеу, хабарларды тезірек, баспалардан бұрын жұртшылыққа жеткізу, мәліметтерді, фактілерді қызығарлық етіп беру т.б. жайттар кейде сенімсіз, дәлелсіз жалған мәліметтердің жария болуына себеп болады.

Асығыс, тексерусіз айтылған ондай фактілерді, мәліметтерді екінші бір басылымда (арналарда, хабарларда) ізін ала терістейтін материалдар беріліп жатады. Аяғы дау-жанжалға айналып жататын мұндай материалдар басылымдардың (хабар, телеарналардың) сапасының пәлендей жоғары екенін көрсетпейді.

Ақпараттық нормадан ауытқудың тағы бір түрі – **бейперсондалу**. Қазіргі кезде БАҚ-та қоғамдық мәні бар өткір сын, пікірталастарға едәуір орын беріле бастады. Алайда қайсыбір мақала, пікірталас авторлары қоғамдағы орын алған кемшілік, ойсырап жатқан олқылық, тәртіпсіздік, маскүнемдік т.б. жайттарға жұрт назарын аударғандай болады. Келеңсіз жайдың себеп-салдарын айтқандай сыңай танытады. Бірақ осыған жол берушілердің нақты аты-жөні айтылмайды да, *атүстіндегілер, ел тізгінін ұстағандар, билік басындағылар, шенеуніктер* т.б. жалпылама, адрессіз сөзді қолдану тәсілін пайдаланады. «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегендей, нақты адрессіз айтылған мұндай «өткір» сын әлдекімді әшкерелеп жатқандай әсер қалдырады. Тек эмоцияға әсер ету сияқты мұндай тәсілді «көлеңкемен күресу»

деп атауға болады. Ақпараттық нормаға сәйкес келмейтін «көлеңкемен күресу» тәсілі тілдік құралдардың тиімділігіне, дәлдігіне нұқсан келтіреді, яғни бұқаралық коммуникацияның мәдениетін төмендететін факторлардың бірі деп танимыз.

БАҚ тілінің коммуникативтік-прагматикалық қырлары. «Кітаби тіл// стиль» деген тек жазба дүниеге ғана емес, бұл термин жазба мәтінге де, ауызша мәтінге де қатысты. Кітаби тілдің жазбаша түріне мерзімді басылымдар тілі, ал ауызша түріне радио, телевизия хабарларының тілі жатады. Өйткені радио, телехабарларда берілетін ақпарат ресми сөзге жатады. Сондықтан ресми ақпарат кітаби тілмен беруді қажетсінеді. Ал бейресми ақпарат – халық тілінде «ұзын құлақ» – сөйлеу тілімен беруді керексінеді.

Теле, радиожурналист, әсіресе, публицистика стиліне ерекше ден қоюға тиіс. Өйткені газет бағаналары мен радио, телеарналар – публицистикалық стильдің «меншіктеп» алған орны. Публицистикалық шығарма қалың жұртшылыққа түсінікті тілмен елде, әлемде болып жатқан уақиғаларды таныстыру, оған талдау жасау арқылы қоғамдық пікір қалыптастырады. Ал прагматика, қысқаша айтқанда, адресанттың ақиқатқа, ақиқат мазмұнына, адресатқа өзінің қатысын білдіру, бағасын беру.

Мерзімді басылымдардағы теле, радиохабарлар бағдарламасында берілетін ақпараттың объективтілігі (фактуалдығы) мен субъективтілігінің арақатынасы қандай болу керек деген мәселе мамандар мен тіл мамандарының арасында пікірталас тудырып келеді. Объективизм – белгілі бір уақиға, факт, нәрсе жайында реципиентке тиісті ақпарат беру. Ал субъективизм – ақпарат берушінің белгілі бір нәрсе, факт, уақиға жөнінде ақпарат бере отырып, реципиентке сөзді бедерлі, яғни риторика тәсілімен әсер ету, оның сезіміне, ақыл-ойына әсер ете отырып, қоғамдық пікір қалыптастыру. Бұл – прагматикалық жағдаят.

Объективизм бағытын ұстанушылар, «mass media»-ның көздеген негізгі мақсаты – субъектіге тиісті ақпаратты жеткізу. Субъект – ақпаратты қабылдаушы. Субъектіге ықпал ету «mass media»-ның негізгі мақсаты емес деген пайымдауды ұстанады. Газет бағанасындағы сөз оқырманға ықпал ететіндей қаншама бедерлі болғанмен, мәселенің ең маңыздысы хабар беруде деп біледі. Яғни журналист хабарды дер кезінде субъектіге жеткізе білуге тиіс, басқада шаруасы жоқ, ол оқырманға әсер етем деп әуреге түспеуі керек деген қағидатты ұстанады.

Өзінің беріп отырған хабарына журналист сырттан кіріспей, одан сырт қалуға тиіс. Бұлай болмаған жағдайда журналист субъективизмге ұрынады. Мысалы, батыстың журналистері материалды үйіп-төгіп береді, ал кеңестік, посткеңестік журналистика мектебінің өкілдері оларға бұл жағынан шендесе алмайтындай көрінеді. Бір минутқа сыйғызатын хабарды біздің журналистер жарты сағаттық материалмен береді екен.

Баспасөзде, радио, телехабарларда берілетін ақпараттың мазмұндық құрылымы фактуалдық және ықпалдастық деген негізгі екі бөліктен тұрады. Республиканың «mass media»-сында хабардың ақпараттық-мазмұндық жағына да, ақпараттық ықпал ету жағына да ерекше көңіл бөлінеді. Көп жағдайда әсіресе, ақпараттың ықпалдастығына иландыру жағына тым аса мән беріледі. Радио, телеэфирдегі сөз уақыттың 40 пайыздайы «иландыруға» кетеді. Мақал, мәтел, теңеулер, фразеологизмдер, эмоционалды сөз легі т.б. «үйіп-төгіп» қолданылады.

Алайда қоғамдағы өзгеріс БАҚ дискурсы субъектісінің құрылымына да әсер етті. Бұқаралық коммуникация субъектісінің құрылымы өте күрделі. Хабар авторы – индивидуалды-ұжымдық субъекті, яғни автор белгілі бір хабарды жеке өзінің ғана

емес, газет-журнал редакциясының, теле, радио хабарлары ұжымының да көзқарасын танытып, ұжымдық баға береді.

Тоталитарлық қоғамда бұқаралық коммуникация субъектісінің құрылымын «автор» – «редактор» – «цензура» (идеологиялық қысым) түрінде көрсетуге болады. Егемендік алғаннан кейінгі кезеңде коммуникация субъектісінің қалам мен микрофон еркіндігі күшейді, идеологиялық қысым босаңсыды, цензура жоғалды. Журналист тақырып бостандығы, стиль бостандығы, прагматикалық бостандыққа қол жеткізіп, ерікті болды.

Бұрын, ертеректе, радио, телехабарлар бағдарламасының жанрлары аса көп болмайтын. Қазір бір ғана бағдарламада ресми ақпарат, публицистикалық талдама, репортаж, комментарий, дөңгелек үстел, интервью, ток-шоу, очерк т.б. жанрларды кездестіруге болады. Осы жанрлардың сөз өрімі, бедері әр алуан. Мысалы, дөңгелек үстел, интервью сөйлеу тіліне, ресми ақпарат, ресми іскағаз тіліне, очерк көркем мәтін тіліне жақын түсіп жатады. Осының өзі радио, телеэфирдегі сөздің өзіндік ерекшелігі мол, аса күрделі және дербес жүйе екенін көрсетеді. Олай болса, бұл салада, бұқаралық коммуникация саласында, қазақ тілі қалай жұмыс істеп жатыр? Сала мамандарының кәсіби құралы тіл болғандықтан, «оны қалай пайдаланып жатыр?» «жақсы үлгілермен қатар анау, кемістіктің түрлері қандай?» деген мәселелер үнемі назарда болып, арнайы қарастыру сөз мәдениетінің міндетіне жатады. Жалпақ жұртпен сөйлесетін болғандықтан, радио, тележурналист тілдік норма, әдеби тілдің стильдік тармақтары БАҚ-тың тілдік ерекшелігі жөнінде білуге тиіс мәселелер аз емес. Ал мұның өзі, түптеп келгенде, жалпыхалықтық тіл, әдеби тіл, тілдік норма, сөз шеберлігі мәселелерімен ұштасып жатады.

Коммуникация субъектісі тілдік құралдар арқылы фактуалдық ақпараттарды бере отырып, жұртшылыққа әсер етудің, ықпал етудің және белгілі бір құбылысқа, уақиғаға, затқа деген қатынасын, бағасын айқын білдіре отырып, адресатты да соған қарай бейімдеуге тырысты. Бұрынғы БАҚ-тың прагматикасы біртіптес коммунистік сананы қалыптастыруға қызмет етсе, ендігі жерде БАҚ-тың тілдік прагматикасы автордың ақиқатқа берген бағасы мен қатынасын айқын көрсетуге қызмет етті.

Баспасөзде, уақиға, құбылыс, затқа партиялық тұрғыдан қарау басты принцип болды [3, 8]. Белгілі бір уақиға жөнінде жазбастан бұрын мәселенің партиялық тұрғыдан «ақ» немесе «қараға» жататыны журналист үшін белгілі жайт болатын. Мәтіндегі бағалауыш бояудың түсі партияның жоғарғы органдағы басшыларының көзқарасына сәйкес болуға тиіс. Мәселенің «ақ» не «қара» түсті болуы, партияның жоғарғы органдарының көзқарасымен байланыстылығы, бұқаралық коммуникацияның адресат-субъектісіне де белгілі болатын.

Қазіргі БАҚ идеологиялық қысымнан босағанмен, нарық қыспағын да көрді. Белгілі журналист Сауытбек Абдрахманов «Қазақстан баспасөзі қоғамдағы тұрақтылыққа, саяси орнықтылыққа қызмет етіп жатыр деуге болады. Ал енді кемшіліктер дегенде, көрерменнің, оқырманның ығында кетіп қалу, қалайда ұнауға тырысу, сонан кейін қай хабар, қай материал жарнама таратады, қай материалды ақылы етуге болады деген тұрғыда қарау басым, мұнда, әрине, нарықтың да өзінің ықпалы бар» деп пікір түйеді [4].

Белгілі бір құбылысқа, уақиғаға баға беру «өзіміз» – «өзге»; «жақсы» – «жаман»; «ақ» – «қара»; «дос» – «дұшпан» тәрізді концептілер бойынша берілді.

«Өзге», «жаман», «қара», «дұшпан» концептілері жағымсыз мағынадағы сөздер, метафора, теңеулер, прецедентті феномендер т.б. бағалауыштық әлеуеті әуелден

бар тілдік тәсілдер арқылы ашық берілгенін байқаймыз. Мысалы, «айғайлатып ат тағу» әдісі – іштен шыққан жау жаман, ұлтына өгей ұлдар т.б. жағымсыз мазмұндағы концептілерді беруде тура номинацияға қарағанда екінші кезектегі номинацияның әсері, уыты күштірек болды. Сөз арасында адамның табиғи кемшілігін айту, тыйым салынған сөздерді қыстырып жіберу, мәдени қарым-қатынасқа жатпайтын, жеке бастың намысына тиетін қолданыстар жиілей бастады. Бұлар сөз этикеті ғана емес, ақпараттық жалпы **этикалық нормаға** жатпайтын тәсілдер болып есептеледі. Белгілі бір құбылысқа, уақиғаға объективті, субъективті баға беруде кекесін, мысқыл, кекетіп, мұқату, доң айбат көрсету тәрізді мазмұнды білдіретін тілдік амал-тәсілдерді қолдану жиілей берсе, сөз еркіндігі, сөз бостандығының БАҚ-тағы сөз мәдениетсіздігіне айналып кету қаупін туғызды.

Ауызша сөз нормалары мен сөз бедері. Қазақ әдеби тілі ауызша және жазбаша түрде қызмет ететіні белгілі. Әдеби тілдің жазба түрімен байланысты оның жазу нормалары қалыптасты. Сырт қарағанда, ауызша тіл мен жазба тілдің еш айырмасы жоқ, айырма тек біреуінің естуге (аудиалды), екіншісі көруге (визуалды) негізделген, яғни бірінде дыбыс толқыны, екіншісі қағаз бетіндегі таңбалар жүйесі тәрізді материалдық негізінде ғана сияқты. Ал, расында, айырма тереңде, астыртын жатыр. Ол тілдік құралдарды талғап, таңдау және оны қалай қолдану дегенге саяды. Мысалы, ауызша тілдің интонациялық құралдары беретін мән-мағына, интонациялық бедерді беруде қаламның мүмкіндігі шектеулі. Жазба тілдегідей ойды елеп, екшеуде, сол екшеуден өткен ойды объективтендіруде ең керекті-ау деген тілдік құралдарды, бірліктерді талғап, таңдауға микрофон алдындағы сөйлеушінің мүмкіндігі қалам ұстағандағыдай емес. Қалам «исінің» жазылған сөзге қайта оралып, ойын дәлдеп, сөзін ұштап жатуға мүмкіндігі бар, ал микрофон «иесінің» ондай мүмкіндігі жоқ. Аса күрделі ойды ауызша сөзде күрделенген сөйлемдермен емес, қысқа құрылымды ықшам құрамдармен жеткізу орынды көрінеді. Кейбір стандартты құрылымдар, тұрақты тіркестер, сөздер мен формалардың ауызша сөзде қолданылу мүмкіндігі тым төмен болады. Оларға мән берместен ауызша сөзде қолдану сөзді жасандылау етіп көрсетеді.

Әдеби тілдің ауызша жүйесі мен жазбаша жүйесінің аражігін біліп қолданудың сөз мәдениеті үшін принципті мәні бар. Өйткені бұл екі жүйе бір-бірімен тығыз байланысты. Екеуінің де өзегі ортақ, яғни көптеген қосымша, сөйлем құрылымы екеуіне де ортақ. Алайда мұндай ортақтық ауызша тіл мен жазба тілдің сыртқы ішкі айырмалары елеусіз екен деген ойға саймаса керек.

Жазба тілдің өзіне тән жүйесі бар. Жазудың негізгі мақсаты дыбысталған сөзді айна қатесіз қағазға түсіру емес немесе транскрипциялау емес, ой мен сезімді дәл, тиімді жеткізу. Жазудың жүйесі осы мақсатты жүзеге асыруға бағынады.

Жазылған сөзді, яғни жазба кодты ешбір қиындықсыз тануға, «кілтін» ашуға тиіс. Оқырманның көзшалымына оңтайлы болу жағы көзделеді. Сондықтан көп жағдайда сөздің жазылуы мен дыбысталуы сәйкес келе бермейді.

Жазуда сөз мағынасын ажырата алатын қабілеті бар дыбыстар белгіленеді, ал олардың дыбыстық қоршауға тәуелді түрлері еленіп-ескеріле бермейді: *ба [с] шы* (*ба[ш]шы* емес); *кез келді* (*кезгелді* емес); *мұзжарғыш* (*мұ[ж]арғыш* емес); *қара ала* (*қарала* емес), *қалааралық* (*қаларалық* емес). Бұл сөздерді айтылуынша таңбалау, яғни *башшы, кезгелді, мұжжарғыш, қарала, қаларалық* деп жазу көзшалымына азды-көпті қиындық туғызары сөзсіз. Жазылған сөзді танудағы автоматизмді баяулатады. Сондықтан қазіргі жазу сөздің негізгі дыбыстық (фонемалық) құрамын сақтап жазу қағидасын негізге алады.

Ал жазудың дәл осы қағидасын ауызша сөзде қолдану, яғни микрофон, экраннан естілер сөзде қатеге саяды. Сондықтан әлгіндей сөздер, керісінше, *ба[ш]шы (басшы* емес*); кез[г]елді (кез келді* емес*); мұ[ж]жарғыш (мұзжарғыш* емес*), қарала (қара ала* емес*), қаларалық (қала аралық* емес*)* түрінде дыбысталады.

Әдеби тілдің ауызша нормасынан уәжсіз, мақсатсыз ауытқулардың салдарынан айтылған сөздің мағынасы тыңдаушы үшін бұлыңғыр тартып, тілдік қарым-қатынасқа қаяу түсіреді, бұл – бір. Екіншіден, дыбысталған сөздің өзіндік үйлесімі, үндестігі, ырғағы, әуені, әуезі болуға тиіс. Бұлар, бір жағынан, айтылған ойға, мағынаға қатысты болса, екінші жағынан естір құлаққа жағымды естіледі, естіген құлақтың айызы қанатындай болады. Сондықтан сөз аралығындағы дыбыстарды ықпалдастырып, сындырып айтудың, «қатқылдау» дыбыстарды «жұмсартып» айтудың эстетикалық мәні бар. Мысалы, қазақ тілінде қатқыл естілетін [к] дыбысынан басталатын сөздің үлесі барлық дыбыстан жоғары, сөздікте тіркелген сөздердің шамамен оннан бірі деуге болады: *қазақ, қымыз, қыз* т.б. Осындай сөздердегі сөздің ұшар басындағы [к] көп жағдайда сынық дыбысталады: *ер[ғазақ], сары [ғымыз], меңді [ғыз)* т.б. Егер тиісті жерінде қатаң [к], [к] сындырылып айтылмаса, сөйлеуші «қақалап», «кекелеп» тұрғандай жағымсыз әсер қалдырады. Бірақ мұндайға мән бермегендіктен, эфирден естілер сөздің нормасы өрескел бұзылып жатады*: шекара, кө[к]ала, келе [қ]алды* деп, дикторлардың «кекелеп», «қақалап» тұруы реципиенттің жағымсыз реакциясын туғызады.

Жекелеген дыбыстар буын құрап, буын өзара бунақ құрап, бунақтар ырғақты топ құрап, өзара үйлесім, үндесіммен айтылады.

Орфоэпиялық норма дыбыс, буын, сөз, сөйлем ғана емес, мәтін деңгейін де қамтиды. Сөйлем әдетте, мектеп бағдарламасынан білетініміздей, біршама аяқталған ойды білдірсе, мәтін тиянақталған, аяқталған белгілі бір ойды білдіреді. Мәтіннің, яғни мәтіндегі ойдың басталуы, дамуы аяқталуы болады. Бұл мәтіндердің динамикасы деп аталады. Мәтіннің ой желісін сол мәтінге тән интонацияның реңктері арқылы тыңдаушы аңғарып отырады.

Көркем мәтіннің жанрларына өзді-өзіне тән, ортақ интонациялық реңктері болады. Мысалы, ресми хабарлар, ақпараттық хабарлар жанры «байыпты», «байсалды» интонациялық бедермен оқылады. Ал интервью жанрының интонациялық реңкі мен бедері мүлде басқа, сөйлеу тіліне жақын. Тіпті сөйлеу тіліндегідей мағыналы кідіріс, фонетикалық фигуралардың жиі кездесуі мүмкін. С*олайы солай-ау?! Ж[оо]қ, дұр[е] с*. т.б. Юмор, сатира жанрларының интонациялық бедері сөйлеу тілі интонациялық реңкіндей «ойнақы», «құбылмалы» болып келеді. Сөйтіп, мәтін интонациясы мәтін мазмұнына қатысты белгілі бір ақпарат береді. Бұл ақпараттық код адресаттың мәтін мазмұнын түсінуге, дыбыс қабылдауға бағыт-бағдар береді. Мәтіннің мазмұнымен интонациялық бедер, реңктер үйлесіп жатады. Сөйтіп, мәтіннің сөз мазмұны мен мәтін интонациясының мазмұны тұтасып, бүтін бірлікке айналады.

Микрофоннан айтылған сөздің бунақ, буын үндесімі мен дыбыс үйлесімдері бұзылып жатса, бунақ ырғақтары келіспей жатса, мәтіннің интонациялық бедері дәл түспей жатса, эфир мен экрандағы сөздің әсері азайып, тіпті тыңдаушысын мезі етеді.

Лексикалық нормадан ауытқу көбіне сөздің мағынасын үстірт түсінуден, оған жете мән бермеуден туындап жатады. Тіпті күндегісін-күнде қолданып жүрген сөздің мағынасын жете аңғармай, сөзден «сүрініп жататын жайт – әсіресе микрофон, телекамера алдындағы мамандар үшін кешірімсіз нәрсе. Солардың бірер мысалы мына тәрізді: *шуақты жаз, дән сіңірді; сұр қой*; *жүз мың гектар жерге дән сіңірді, бозала*

таңнан, боз қырауда қозы-лағын өріске өргізді т.б. Сөз арасындағы осындай қате қолданыстардың кездесуі кездейсоқ тәрізді. Шын мәнінде, бұл «кездейсоқтықтың» ар жағында тілге деген мән бермеушілік, немқұрайдылық жатыр. Сөздің мағынасы айналадағы болмыспен байланысты, бізді қоршаған ақиқат дүниені бейнелейді. Олай болса, шақырайған жаз айында шуақ болушы ма еді? Шуақ қысты күндері, ерте көктемнің алдында болады. Күнгей жерлерде ит орнындай жердің қары кетіп, қарая бастаған кезін *итшуақ* дейді. Ал ерте көктемде, күнгей тұста есіктің алдындай алаңқай жердің қарая бастаған кездегі күннің болар-болмас жылуын *кемпіршуақ*, беткейдің қары кетіп, күннің әжептеуір жылынып қалған кезін *жаймашуақ* дейді.

Сіңір етістігі су сияқты немесе май, иіс-қоңыс тәрізді заттардың қасиетіне байланысты айтылады. Құм, топырақ суды сіңіреді; май, иіс-қоңысты сіңіріп алатын шүберек, мақта тәрізді заттар болады. Ал *дән* дегенің жердің сіңіріп алатынындай сұйық нәрсе емес. Бұлай деу сөз мағынасына, оның қисынына жасалған зорлықтай көрінеді.

Қой малы қазақ тілінде *сұр* деп айтылмайды, қойда ондай түс жоқ, б*оз қой, ор қой, ақ қой, қара қой* деп аталатыны белгілі. Сондай-ақ *боз қырауда қозы-лағын өргізді* деу ақиқатпен үйлеспейді. *Боз қырау* қара күзде, қараша айында болады. Ол кездегі тіпті кенже туған бірер қозы, лақтың өзі тоқты, *шыбыш, текешік* деп аталады. Бұндай теріс қолданыстар, түптеп келгенде, автордың сөз мағынасының объективті дүниемен байланысынан бейхабар екенін көрсетеді. Тұрақты тіркестердің (фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің), штамп, клише, стандарттардың өзіне тән нормасы бар. Бұлар бірнеше сөзден тұратын құрамы тұрақталған тілдік бірліктер, сондықтан мұндай дайын құрылымдардың құрамын беталды өзгерте беруге болмайды. Осындай тілдік бірліктердің құрамындағы сөздерді мақсатсыз өзгертудің қате болатынынан бейхабар сөйлеуші дайын үлгі, қалыптасқан құрамның «басын жарып», «көзін шығарғанға» дейін барады. Мысалы: *ат төбеліндей аз топ* дегенді *ат кекіліндей аз топ; жаңбыр бір жауса, терек екі жауады* дегенді *ағаш екі жауады; дүниенің кеңдігінен не пайда, өз етігің тар болса,* дегенді *өз аяқкиімің тар болса; мен не деймін, қобызым не дейді* дегенді *домбырам не дейді* деп тіркестіріп, орынсыз өзгертіп жатады.

Қазақ тілінің лексика-фразеологиялық қорында штампқа, стандартқа айналған тұрақты тіркестер бар. Солардың бір алуаны *домбыра тартты; домбырамен сүйемелдеді; ән айтты; қанат жайды; өріс алды; еңбек нәтижесінде; білімнің арқасында; өкінішке орай; бір жақсысы, бір жаманы; бағымызға қарай; сорымызға қарай; етек алды; өркен жайды* т.б. тәрізді стандарттар. Нормалаушы сөздіктерде (түсіндірме сөздік, фразеологиялық сөздік т.б.) тұрақты тіркестердің бұл түрлері осы нұсқада беріліп, мән-мағынасы көрсетілген. Ал тілдегі мән-мағынасы айқындалып, тұрпаты тұрақталған мұндай бірліктерді бұра тартып, бұза қолданушылық жиілеп бара жатқандығы байқалады. Мысалы, *ән орындады, ән орындайтын (*дұрысы *ән салады, ән айтатын); домбыра ойнайды, күйсандықта ойнайды (*дұрысы *домбыра тартады, күйсандық тартады); маскүнемдік қанат жаюда, маскүнемдік өріс алды, нашақорлықтың арқасында, нәтижесінде* дегендер қате қолданыстың сөлекет түрі. Өйткені *қанат жаю, өріс алу, нәтижесінде, арқасында* дегендер жағымды мазмұндағы сөздермен тіркеседі, оларды жағымсыз мазмұндағы *маскүнемдік, нашақорлық* тәрізділермен қосақтау сөзге жасалған қиянат. Ал *нашақорлық етек алды, маскүнемдік салдары* деп орнымен қолданғанның жөні бөлек. Өйткені *салдары, етек алды* дегендер жағымсыз мазмұндағы сөздермен тіркесуге бейім. Абзалы, микрофон

ұстағанда да, қалам ұстағанда да сөздің жағымды//жағымсыз мағыналарына мән бергенді естен шығармау.

Сонымен, жоғарыда біз сөз мағынасының, тұлға-қосымшаларын, сөздердің байланысу, сөйлем құрау, ауызша және жазба сөздің мәдениетін «дұрыстық» тұрғысынан сез еттік. «Сөз дұрыстығы» жай ғана айтыла салған сөз емес, ғылыми ұғым немесе термин. Сөйтіп, сөз дұрыстығы дегеніміз алдымен тіл бірліктерін жұртшылық мойындаған және жұртшылықтың бәріне міндетті деп танылған әдеби тілдің нормасына сай қолдану. «Сөз дұрыстығы» дегенде алдымен сүйенеріміз – әдеби тілдің нормасы.

Әдеби тілдің қойнауынан тысқары жатқан, яғни әдеби нормаға жатпайтын элементтерге, олардың түр-түрін қолданудың өз реті, өз тәртібі бар. Оларды уәжсіз қолдану БАҚ тілінің мәдениетін төмендетеді. Мұның өзін арнайы талдануға тиіс нақты мысалдармен атап көрсеттік.

Біз бұл жерде әдеби тілдің өз қойнауындағы тілдік бірліктерге тоқталып, кейбір сөзқолданыстардың дұрыс-бұрысын әдеби тіл нормасына сүйене отырып, нақты мысалдармен және оларды фонетикалық, грамматикалық, лексика-фразеологиялық деңгейлер бойынша көрсеттік. Тілдік нормалардан ауытқудың кейбір түрлері ақпараттық нормалардың бұзылуымен байланысты болатынын сөз еттік.

РАДИО, ТЕЛЕХАБАР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: КОММУНИКАТИВТІК ТҰЛҒА ФАКТОРЛАРЫ[26]

Радио, телехабар субъект-коммуникаторының позициясы. Радио-хабарлар – БАҚ-тың айрықша саласы. Радиохабарлардың бұқаралық мерзімді басылымдармен, телеарналармен ортақ жақтары көп болғанмен, оның өзіне тән ерекшеліктері де жоқ емес. Мысалы радиохабарларда ақпарат беру мен ақпарат қабылдауда уақыт жағынан айырма болмайды. Ақпарат берілген сәттен-ақ қабылдаушысын табады. Ал бұқаралық мерзімді басылымдары мұндай синхронды сипат болмайды.

Радиохабарларда, мерзімді басылымдармен салыстырғанда, персонализмдік сипат басым болады. Радиосөзде *құрметті радиотыңдаушылар, сәлеметсіздер ме, соңғы хабарлар тыңдаңыздар, сіздерге арналған концертімізді бастаймыз, радиоқабылдағышқа жақын отырыңыздар, ауа райы жөнінде мәлімет тыңдаңыздар; қымбатты балалар, сіздерге арналған хабарымызды бастаймыз, өздеріңізді спорт хабарларымен таныстырады* т.б.

Осылар тәрізді радиосөзде тыңдаушыға қарата айтылатын қаратпалар, сөз тұлғалары күнделікті газет бағаналарында қолданылмайды деуге болады. Радиожурналист өзге әріптестерімен салыстырғанда, осындай «персонализмдер» арқылы тыңдаушыларын өзіне жақын тартып, баурап алатындай тілдік мүмкіндіктері мол.

Радиохабарларды қабылдау үй-ішілік (камерность) сипатта болатындықтан, реципиент (ақпарат қабылдаушы, тыңдарман) психологиялық жақтан өзін еркін, бейресми жағдайда сезінеді.

Радиосөздің осындай ерекшелігіне көңіл бөлгендіктен бе, зерттеушілер «радиосөз қандай болу керек?», «сөздің қай функционалдық типіне, жанрына жатады?» деген өзекті мәселені анықтауға назар аударып, әуелде оны сөйлеу тілі стиліне жатқызды. Әсіресе, 50-60-жылдардағы зерттеулерде айтылған бұл жайтты М.В.Зарваның талдауынан [4, 115-179] айқын аңғарамыз.

Радиосөздің өз алдына дербес функционалдық стильге жатпайтыны, сондай-ақ оны сөйлеу тілі стилінің жанры деп қарауға болмайтыны да айқындала түсті. Бұл күнде радиохабарларының монологтік сөзге жататыны, публицистикалық стильдің жанры екені, бұқаралық коммуникацияның ерекше түрі ретінде қызмет ететіні айқындалған мәселе болып табылады. Алайда бір кезде радиосөзді зерттеушілер сөздің диалогтік типіне жатқызып, оны сөйлеу тілі стилінің көрінісі ретінде қарауына себеп болған тілдік жайттар да болды. Ол – радиосөздің сөйлеу тілі элементтерін стильдік тәсіл ретінде пайдалануы. Радиосөздің коммуникативтік сапасын арттырып, жұртшылыққа ықпал ету қызметін күшейте түсетін стильдік тәсіл сөзге диалогтік оң беру болып табылады. Бұл – радиосөз ықпалын күшейтудің негізгі принциптерінің бірі.

Радиодан берілетін хабарлар әдетте монологтік сөз түрінде жүзеге асады. Бұл жерде дегенмен монологтік пен диалогтіктің аражігін айқындап алуға тура келеді. Дәстүрлі лингвистикалық көзқарас бойынша диалог дегеніміз «біршама ықшам айтылатын, синтаксистік құрылысы аса күрделі емес» сөздің формасы, сөйлеушілердің алма-кезек репликасы [5].

Психолингвистикалық тұрғыдан диалог сананың қатаң бақылауынан азат болған машықты (спонтанды) сөздің түрі [6, 168]. Ал монолог айтылған сөзді мазмұндық жағын кең көлемде қамтуды көздейтін күрделі синтаксистік құрылымдардан тұра-

[26] *Мақала Тілтанымдық зерттеулер (2000-2002 жж.) жинағы, – Алматы: Арыс, 2007 ж. жарияланған.*

тын сөздің формасы [5]. Психолингвистикалық тұрғыдан монологтік сөз машықты емес, сананың бақылауындағы сөз; алдын ала, азды-көпті ойластырылған, кесіп-пішілген сөз.

Ал тілдік коммуникация теориясы бойынша интеракция, интеркоммуникацияның барлық түріне диалогтік сипат тән деп есептеледі, өйткені қандай да болмасын айтылған/жазылған сөз (речь) екі жақтың автор мен тыңдаушының/оқырманның өзара бірлескен әрекеті болып табылады.

Мәселенің осы жағына көңіл бөле келіп, радиосөзді қарастырған зерттеуші Г.Ф. Бгажноков радиодан айтылған сөзді қоғамдық диалог деп атаудың тиімділігін көрсетеді [7, 66-80]. Радиохабардың тілі әлеуметтік бағдарды ұстанған сөз болғандықтан, екі қоғамдастық диалог болғандықтан, радиосөзді қоғамдық диалог деп атау әбден орынды көрінеді. Бұл жерде радиосөз өзінің монологтік табиғатынан, сипатынан айырылған жоқ, мәселе коммуникатор мен радиотыңдаушының өзара бірлескен әрекеті дегенді аңғартады. әдетте, диалог тыңдаушыға арналады, ал монолог оқырманға арналады. Радиохабарлар монологінде диалогке тән элементтерді орынды қолдану арқылы радиожурналист бұл стереотипті «бұзуға» тырысады. Сөйтіп монологтік сөзге диалогтік рең беру арқылы коммуникатор радиотыңдаушымен оның үй іші, жұмыс бөлмесі тәрізді үйреншікті орнында жеке тілдескен іспетті болады. Тыңдаушы радиосөзді өзіне арналған сөз деп қабылдағандай күй кешеді. Радиосөзде тілдік қатынастың бастамашысы – радиожурналист.

Тілдік қатынаста диалогті бағдарға алған бастамашының өзі де радиотыңдаушының «кейпіне» енеді де, тілдік амал-тәсілдерді сол ыңғайда, сол ауанға қарай таңдап, талғап қолданады. Бұл радиосөздің лингвистикалық жағы болса, радиодан миллиондарға арналған сөзді тыңдаушының жеке өзіне арналғандай қабылдауы мәселенің психологиялық жағы. Радиотыңдаушыны интеракция процесіне тарту коммуникатор мен реципиенттің арасындағы қатынастың сипатын көрсететін психологиялық ситуацияға тәуелді. Бұл тұста сөздің модальдылық мән-мазмұны аса маңызды орын алады. Радиосөздің диалогтік рең алуы, диалогтенуі сөздің модальдық мағынасымен байланысты.

Радиосөзді диалогтендіру әдетте екі ыңғайда жүзеге асады. Біріншісі – сөз объектісі ыңғайында, яғни радиотыңдаушыға бағытталған сөздің модальдық реңк алуы: *Өздеріңізге арналған хабарымызды бастаймыз, құрметті тыңдарман, Осымен хабарымыз аяқталды, сіздерге, шаңырақтарыңызға амандық-саулық тілейміз! Келесі кездескенше, хош-сау болыңыздар.* Екіншісі, әңгіме болып отырған нәрсеге, уақиғаға, құбылысқа сөйлеушінің көзқарасын, сезімін білдіруі, яғни сөз болып отырған жайтқа модальдық мазмұн үстеу: *Осы жолы келгеніміздe ауылдың жағдайы түзеліп, түтінінің түзу екеніне көзіміз жетті; мектептің ғимараты анадайдан көз тартып, мен мұндалап тұр* (Қазақ радиосы).

Радиосөзде коммуникатордың сөз объектісіне қатынасы тура және жанама түрде жүзеге асады. *Құрметті отандастар, қадірлі радиотыңдаушылар, радиоқабылдағышқа жақын отырыңыздар, бізбен бірге болыңыздар, сіздер үшін ауа райы жөнінде мәлімет береміз, кешке берілетін спорт хабары өздеріңізге арналады* т.б. Сөз орамдары радиожурналистің реципиентке модальдық мазмұндағы тура қатынасын көрсетеді. Ал жанама қатынас *бір сағатқа жуық біз сіздермен бірге болдық, уақиғаның мән-жайына қанықтық; мұндай келеңсіз көрініске бәріміз де жауаптымыз, біз талап қоя білуіміз керек* т.б. тәрізді болып, арнайы тілдік амалдар арқылы жүзеге асады. әсіресе БІЗ сөзінің мазмұны мен қызметі айрықша мән алады

Сөздің риторикалық сұрақ, лепті, қарқынды болып, айрықша интонациямен айтылуын коммуникатор мен реципиенттің арасындағы жанама қатынасты күшейте түседі. Осындай тілдік тәсілдер арқылы радиожурналист реципиентпен ынтымақтастығын көрсетеді. Қарым-қатынастың үзілмеуін, тыңдаушының айтылған сөзге бейжай қарамауын қамтамасыз етеді. Бұл – радиожурналисттің коммуникативтік құзыретіне жататын қажетті шарттардың бірі.

Радиожурналист затқа, құбылысқа, уақиғаға тек өзінің көзқарасын, ой-пікірін, сезімін білдіре отырып, оған реципиентті де ортақтастырып алу жағын көздейді. Психологиялық тұрғыдан реципиентте де сол тәрізді ой-пікірдің болу мүмкіндігін пайдаланады. Мұндайда екіойлы немесе белгілі бір ой-пікірге қосылмайтын реципиенттердің психологиялық күйі ескеріліп, *өздеріңіз ойланып көріңіздер, әркімнің өз пікірі өзіне қымбат, мен де басқаша ойлағанмен, сіздердің пікірлеріңізді сыйлаймын; бәлкім, менімен келісе қоймауыңыз да мүмкін, бұған қарсы дәлел айтуларыңызға да болады* т.б. тәрізді модальдық мазмұндағы сөз модельдері пайдаланылады. Радиосөз арқылы жүзеге асатын қарым-қатынастың құрылымы аса күрделі. Оның біз таза лингвистикалық, коммуникативтік, психологиялық құрылымдармен байланысты екенін байқадық.

Айтылған сөздегі нәрсеге, құбылысқа, уақиғаға баға беруі, жағымды/жағымсыз етіп көрсетуі сөзге модальдық сипат берудің тілдік тәсілдері арқылы жүзеге асады. Егер сөйлеу тілінде бұл тәсіл машықты (спонтанды) алдын ала ойластырылмаған түрде, коммуникативтік ситуацияға тәуелді және еріксіз түрде болады.

Ал радиосөзде белгілі бір затқа, құбылысқа баға беру алдын ала ойластырылған, ерікті түрде болады, бірақ тәжірибелі журналист баға беруді алдын ала ойластырылмағандай, еріксіз түрде болғандай етіп береді де, сөздің коммуникативтік тиімділігін күшейте түседі.

Модальдық мағынаны беруде, әсіресе, интонацияның орны ерекше болып, сөзді үнемді, ықшам қолдануға мүмкіндік береді. Бірнеше сөзбен, фразеологизмдермен берілетін жағымды/жағымсыз мағынаны интонация арқылы бірер сөздің аясына сыйғызып, дәл жеткізуге болатыны радиосөздің өзіне тән мүмкіндігі деуге болады. Интонациялық құралдар дұрыс пайдаланылмаса, радиосөз жанды болмай, тартымсыздау болып, естілім арқылы қабылдайтын сөзге емес, кітаби сөзге, болмаса көзкөрім арқылы қабылданатын жазба сөзге ұқсап кетеді.

Радиосөзді драмаланған монолог түрінде беру тілдің лексика-фразеологиялық бірліктерін таңдау, талғау арқылы, интонациялық реплика қолдану арқылы жүзеге асады. Мұндайда көркем стильдік элементтерді пайдаланудың мүмкіндігінің кеңірек екені байқалады.

Радиожурналист ой жүзінде хабардың мазмұнына талдау жасайды, мақсатын анықтайды, аудиторияның, мәтінді қалай интерпретациялайтынын байыптап алады. Сөйтіп, коммуникатор мәтіннің вербалданғанға дейін қарым-қатынастың міндетіне, шартына жауап беретіндей психологиялық ситуация жасайды. Хабардың коммуникативтік сапасын көтеру, сөздің ықпалды болуы радиожурналистің психологиялық ситуация жасай білуімен де байланысты. Авторда «миллион тыңдаушымен сөйлесіп тұрмын» деген ой болмауға тиіс. Ондай ой психологиялық ахуалды қиындата түседі. Сондай-ақ, психологиялық ахуалды жеңілдетемін деп, мен өзіміздің пәленшемен сөйлесіп отырмын дегендей де ой болмауға тиіс. Мұндай ой сөзді сөйлеу тілінің арнасына қарай бұрып жібереді де, сөз өзінің әлеуметтік сипатынан айырыла бастайды. Жеке адамдардың арасындағы сөзге айналып кету қаупі күшейе түседі.

Микрофон алдын көрген тәжірибелі адамның «мен тыңдаушылармен сөйлесіп отырмын» деген ойда болатыны да сондықтан. Бұл айтылғандар, сөз коммуникациясының теориясы бойынша, вербалдануға дейінгі бірінші кезеңі. Ендігі кезең радиомәтіннің вербалданып, тілдік-құрылымдық жақтан жарақталуы дегенге саяды. Радиомәтін – естілім арқылы қабылданатын мәтін. Олай болса, естілім мәтінінің өзіне тән тілдік, стильдік нормасы болады.

Ал естілім мәтіннің кейбір графикалық таңбаларды қабылдамайтын жайттары және фонетикалық, синтаксистік, эстетикалық шарттары бар. Радиомәтінде тырнақша, жақша, бас әріп, әріптерден қысқарған сөздердің жұртшылыққа кең таралмаған түрлері, кісі есімдерінің инициалдары т.б. функционалдық мәні жоқ. Бұлардың жазба мәтінде өзіндік қызметі болса да, айтылым мәтінде қолайсыздық туғызады. Айтылым мәтінде омофондарды *жыр тыңдайық – жыртыңдайық*, омографтарды (*оралман – оралм[а]н – ор[а]лман)* байқап қолданудың радиосөз нормасы үшін ерекше мәні бар. Сөз тұлғаларының, лексемалардың тавтологиясы тыңдаушының мәтін қабылдау әрекетіне азды-көпті кедергі жасайды. Мысалы: *Арамызда еңбеккер зейнеткер отыр* (арамызда еңбек етіп жүрген зейнеткер отыр). *Қонақтар қонақжай шаңыраққа риза болды* т.б.

Радиомәтіннің грамматикалық, интонациялық нормасы синтаксистік құрылысы тым күрделі сөйлемдерді жай сөйлемдердің түрлеріне, сөйлемнің синтагмалық, ырғақты, бунақты топтарын дұрыс мүшелеуге ерекше ден қоюды қажет етеді. Әсіресе дыбыстардың ұйқасын қуалап сөз құрастыру прозалық мәтінді жасандылау көрсетеді: *қарсыластың қақпасына қақырата доп соқты; шіліңгір шілдедегі шақырайған күннің* т.б. немесе сөзді басы артық әшекейлеу радиосөздің нормасына жат көрінеді: *теңбіл доп жібек торда ауға түскен балықша тулап жатты* т.б. тәрізді эмоционалды-субъективті ақпараттар радиомәтіннің нормасына жат болып есептеледі. Әрине, поэтикалық мәтінде аллитерация, ассонанс ұйқастар, образды қолданыстар айрықша әсер тудырады.

Радиожурналистің белгілі бір ой-пікірін тілдік құрылымға тиімді түрде түсіне білуі өз алдына, ал сол мәтінді реципиент тұрғысынан «тыңдай» білуі өз алдына. Өйткені радиожурналистің қолындағы әсер, ықпал етуші ресурстардың ең бастылары – радиохабардың дыбыстық жағы. Бұл жайт, әсіресе, интонацияның білдіретін мағыналық әлеуетін дұрыс пайдалануды қажет етеді. Интонациялық нормаларды (стандарттарды) ажырата білудің мән-маңызы ерекше. Өйткені соңғы хабардың, ресми хабардың өзіне тән интонациялық нормасы болса, радиоочерк, спорт хабарларының, радиорепортаждың, радиокомментарийлердің, балаларға арналған хабарлардың, мерекелік хабарлардың, азанамалық хабардың т.б. өзді-өзіне тән интонациясы бар. Бұлардың арнайы құралдармен тексеріліп зерттелуі, әрине, болашақтың үлесіне қалып отыр.

Бұл жерде басты назарға алынатын жайт – сөздің коммуникативті типтерін қалыптастыру қызметімен бірге интонация коммуникатордың коммуникантқа деген субъективті қатынасын білдіру қызметі; коммуникатордың сөз болып отырған уақиғаға, затқа, құбылысқа деген субъективті көзқарасын білдіру қызметі бар. Азаматтық үн, салтанатты, қуанышты сезім, көтеріңкі көңіл, сабырлы, салқынқанды күй т.б. тәрізді ақпараттар тыңдау – баршасына тек интонациялық тәсілдер арқылы дәл жеткізуге мүмкін болатыны да сондықтан.

Радиомәтінді тыңдаушы ретінде ой елегінен өткізбеген сөйлеуші сөздің интонациялық нормаларынан жиі ауытқиды. Кідіріс болатын жерді шатастырады,

интонацияның көтерілетін, бәсеңдейтін тұстарын ажырата алмай жатады, екі сөздің бірінде мүдіріп, кідіріс жасай береді. Қажетсіз тұста сөзді ерекше қарқынмен айтады. Сондай-ақ жай ғана бірқалыпты айтылатын мәтінді ерекше салтанатты үнмен айтып, мәтін мазмұнынан ауытқиды. Міне, бұл айтылғандардың бәрі эфирдегі сөздің коммуникативтік сапасын күрт төмендетіп, мәтін қабылдаушыға кері әсерін тигізетін, радиомәтіннің интонациялық нормасынан қажетсіз ауытқуға жатады.

Радиосөзде *бөлемай отыр, келемай қалды, барамай жүр, балдар, баллар* т.б. тәрізді сөйлеу тіліне тән элементтерді уәжсіз қолдану радиомәтіннің нормасына жат болып есептеледі. өйткені радиосөз әлеуметтік бағдарды негізге алған қарым-қатынастың түріне жатады. Ал *әлгіндей, жоғарыда айтылғандай* деген сияқты элементтер сөйлеу тілі нормасына қайшы келмейді. Себебі сөйлеу тілі жеке тұлғалар арасындағы бейресми қатынасты бағдар алған сөздің функционалдық типіне жатады.

Радиосөздің әлеуметтік бағдарды ұстану қағидаты (принципі) бұзылмауға тиіс, әдеби тілдің қойнауындағы лексико-фразеологиялық байлығын талғап, таңдай алуда, интонациялы құралдарды пайдалануда радиожурналист алдымен эфирдегі сөздің әлеуметтік сипатын сақтап қағидатын ұстануға тиіс. Бұлай болмаған жағдайда журналист тілдің басқа бір жүйесінен мысалы, сөйлеу тілінің ыңғайына қарай ауытқуы мүмкін.

Радио, телехабар субъект-коммуникантының позициясы. Көптеген адамға лекция оқу, жұртшылық алдында сөйлеу, пресс-конференцияға қатысу, радио, телехабарлардан интервью беру, ресми мәлімдеме жасау т.б. үшін телекамера немесе микрофон алдында сөйлеуге тура келеді. Мұндай құралдардың сөйлеушіге мүмкіндік беретін артықшылығы да біраз мүмкіндігін шектеп отыратын қиындығы да бар. Мұның өзі радио телехабардағы сөздің әдеттегі шаршысөздегі принципті айырмасын білуді қажет етеді.

Осы принципті айырманы бағдарға алу қажет. Радио, телевизия аудиториясының ерекшелігі – коммуникатор өзінің аудиториясын көрмейді. Тыңдаушының көрермендерге тікелей әсер етуді реттеп отыратын мүмкіндігі болмайды, олардың реакциясынан бейхабар болады.

Радио, телеаудиторияның адамдары кездейсоқ басы қосылғандар, белгілі бір себептермен, белгілі бір мүдделермен, белгілі бір мақсатпен бастары қосылған жандар емес. Егер шешеннің алдына жиналған шаршытопқа белгілі бір мақсат-мүдде, себеп, қызығушылық т.б. жайттар себеп болса, микрофон, камера алдындағы шешенге радио, телеаудитория назарын өзіне аудару, қызықтыру үшін күш салуға тура келеді.

Микрофон, камера алдында сөйлеуші тек тыңдарман мен көрерменнің назарын аударып қана қоймайды, ең алдымен, олардың өзін жібермей «ұстап» тұруға тиіс. Ал шешеннің көз алдындағы шаршытоптағы адамдар сөйлеушінің сөзі ұнаса да, ұнамаса да, пәлендей қатты қызықтыра қоймаса да, тыңдауға мәжбүр болып отырады.

Теле, радио аудиториясы, шаршытопқа қарағанда әр алуан, әрқилы, әртүрлі. Сондықтан сөйлеуші олардың әрқилы деңгейімен де санасуға тиіс.

Әдетте аудитория сөйлеушінің не айтып отырғанына, қалай айтып отырғанына, сөйлеушінің қандай екеніне баға беріп отырады. Сын көзімен қарайды. Коммуникатор айтып отырған ақпаратты коммуниканттың қалай қабылдайтыны осы бағалауға байланысты.

Коммуникатордың дұрыс сөйлеуі, жақсы сөйлеуі, мүмкін, сондай-ақ ақпараттарының да мәнді болуы ықтимал, бірақ тыңдаушылармен, көрермендермен жақсы

байланыс орната алмауы мүмкін. Бұл жерде көрермендерге ақпаратпен қоса кәдімгі өмірдегідей «тілдесетін», «пікірлесетін» «әріптестік» керек. Әріптестік аудиторияда коммуникатордың жағымды бейнесін қалыптастырады. Жағымды бейнесі қалыптасқан коммуникатордың ақпараты аудиторияда жақсы қабылданады.

Ол үшін, біріншіден, коммуникатор өзі айтып тұрған жайды жетік білуге, ағынан жарылып сөйлеуге және өзі айтып отырған нәрсесіне сенімді болуға тиіс.

Екіншіден, аудиториясын құрметтеу, аудиториясымен есептесу, оны қарым-қатынаста «әріптес» деп қарау. Коммуникатордың құзыреттілік, беделділік сапасы ақпараттың мәнділігі негізінде аудиторияның көз алдында қалыптасады. Адам «бер жағынан» сөйлеп отыр ма, әлде әйтеуір құлықсыз сөйлеп отыр ма, оны сол адамның дауысынан аудитория жазбай таниды.

Тілдік қатынастың әлеуметтік және индивидуалды сипаты, яғни қарым-қатынастың бір жағында жеке адам, екінші жағында әлеуметтік жұртшылықтың болуы тілдік тұлғаға тән элемент пен әлеуметтік элементтердің дұрыс үйлесім табуын қажет етеді. Әрине, коммуникатордың сөзі әуелден нобайы әзірленген, алдын ала азды-көпті ой елегінен өткен сөз. Бұл жерде коммуникатор сөзді осы дайындаған формада аудитория алдында сөйлесе, сөзі тым кітаби, жасанды болып шығар еді. Біздіңше, коммуникатор мұндай қиын тұста дайындалған, алдын ала кесіп-пішкен сөзін алдын ала дайындамаған, табан астынан айтылған, тіл ұшына келген сөз тәрізді етіп жеткізеді. Сөйтіп, екеуара айтылатын сөз бейресми сипатталады, яғни сөйлеу тілінің «формасы» тәрізді болады. Бірақ сөз мазмұны ресми қатысындағы байланыс күшейе түседі. Аудитория коммуникаторды қарым-қатынастағы әріптесі ретінде қарайды, онымен ой жарыстырып отырады, мақұлдаған не терістеген, келіскен не келіспеген сыңай танытып отырады. Айтылған ақпаратқа бейжай қарай алмайды.

Алайда сөйлеу тіліндегідей, табан астында мазмұнға қатысты сөзді редукциялау, сөз аяғын жұтып қою, сыбырлап сөйлеу, айғайлап айту т.б. элементтердің қолданылуы шектеулі болады. Әсіресе негізгі тонның мелодиясы бейтарап күйде болады. Ауызша әдеби тілдің нормасы мен сөйлеу тілінің элементтері өзара үйлесімді қолданылуға тиіс. Коммуникатор ойдың айқындылығынан, сөздің ақпараттық мазмұнынан, қарым-қатынастың түп мақсатынан кез жазып қалмауға тырыса отырып, сөйлеу тілі элементтерін пайдаланады. Атап айтқандай. сізге сөйлеу тілі сипатын беру, диалогтік сипат беру тәсілдерін қолданады.

Сөзге сөйлеу тілі сипатын беру тәсілі тілдік тәсілдерді үнемді пайдалану дегенге саяды. Құрылымы күрделі сөзден гөрі қысқа, дәл, нақты айтылған сөз, теңеу, астарлы сөз т.б. әлдеқайда дәл, орынды сезіледі. Көптеген мәселе, фактінің ішінен айрықша маңызды дегенін айту, онда да жан-жақты емес, бір ғана қырын айту, жаңа нәрсе туралы сөз ету, мәлім нәрсенің беймәлім тұстарына тоқталу, жаңаша пікір білдіру адресатпен арадағы диалогтің үзілмеуін қамтамасыз етеді.

Сөйлем, шамамен 20-25-тен аспауы керек. Сүйегі ауыр сөйлемдерді жеңіл, ықшам түрде беру қажет. Сөздің мәреге шығар тұсы қысқа екі-үш сөйлемнен және сылбыр болмай, жігерлі, шымыр аяқтаудың әсерінен өзгеше сезіледі.

Сөзге диалогтік сипат беру тәсілін қолдана отырып, өз пікірін ортаға салғанда екі жақ та, комментатор да, аудитория да ынталылық танытуға тиіс. Ынталылық болғанда ғана диалог болады. Комментаторлардың «әңгімелесушісі» белгілі бір орында емес, әртүрлі кеңістікте, әртүрлі жағдайда болуы мүмкін. Сондықтан тәжірибелі комментатор аудиторияның реакциясын алдын ала болжай біледі. Өйткені ол аудиторияны екі жақты байланыстың белсенді субъектілерінің бірі деп таниды.

Сөзге диалогтік сипат беру дегеніміз, түптеп келгенде, композициялық жақтан монологтік сөздің сөйлеу тілі құрылымына тән элементтерді пайдаға асыру, кәдеге жарату болып табылады. Бұл – тыңдаушы, көрермендердің жауап-реакциясына қозғау салу үшін пайдаланылатын тілдік-стильдік тәсіл.

Диалогке тән ықшамдылық, қысқалық сипат беретін сөздің «сұрақ-жауап» түрі ерекше стильдік тәсіл болып табылады. Сөйлеуші өзі сұрау қойып – өзі жауап береді.

Коммуникатордың аудиториямен диалогі екі түрлі сипатта болады: 1) аудиторияға тікелей тіл қату; 2) аудиторияға жанама түрде тіл қату. Тікелей тіл қатуға: *Сіздермен эфирде кездескеніме қуаныштымын, қымбатты тыңдармандар. Сіздердің пікірлеріңіз мен үшін өте қымбат* т.б. тәрізді «Сіз» дейксистер арқылы жүзеге асады. Жанама тіл қату бәрімізге ортақ; *Сіз бен бізді ойландыратын мәселе* тәрізді дейксистер арқылы жүзеге асады. Коммуникатордың аудиторияға, яғни коммуникантқа сөйлеп тұрғандай әсер қалдырады. Сөйлеуші мұндай стильдік тәсіл арқылы тыңдаушының да көзқарасын, пікірін білдіріп тұрғандай сезіледі: *Сіздер мен біз налог төлеушілерміз; Сіз бен бізге ең алдымен тәуелсіздігіміз қымбат* т.б.

Белгілі бір нәрсеге, оқиғаға, құбылысқа баға беруде сөйлеушінің субъективті бағасы тыңдаушылардың бағалауы тәрізді солардан баға беруде «өкілдік» алғандай әсер тудырады. Мұндай стильдік тәсілдер сөйлеуші мен тыңдаушыны жақындастырып, сөзге интимдік сипат береді. «Сіз» бен «Біз»-ді жақындастырудың тәсілі эмоционалдық әсерді күшейтеді.

Монологке диалогті ендірудің экспрессивтік, эмоционалдық әсері айрықша: *қымбатты балаларым, ардақты аналарым, асыл ағаларымыз, қадірлі қарындастарым, менің немерелерім, қаракөз бауырларым, қандастарым, отандастарым* т.б. сөзді интимдендірудің, сөзге интимдік сипат берудің тәсілдері сөйлеу тіліне тән формаларды монологке «жерсіндіру» арқылы жасалады.

Сөзді «сындырып» айту құлаққа жағымды сезіледі. Қазақ тілінде шамамен 7 мыңнан астам сөз «Қ»-дыбысынан басталады. Алайда тілдің мұндай «қатқыл» құбылысты өздігінен реттеп отыратын өз заңдылығы бар. Осы орфоэпиялық заңдылық сақталса ғана, дыбыстар үндесіп, үйлесіп, сөздің сазы бұзылмай, әуенді естіледі [*балағайың*], [*келеғалды*] т.б.

Эфирдегі сөз және оның ритуалдық қырлары. Ғұмыр жасы жүздеген жылмен өлшенетін, заман өзгеріп жатса да, байырғы қалпын бұзбайтын құрылымдар тіл жүйесінің дыбыс, лексика, морфема, синтаксис деңгейлерінде ерекше орын алады. Сондай-ақ тілде өзгерте беруді қаламайтын ежелден қалыптасқан стереотиптер, этикеттік формулалар, эталондар т.б. орнықты сөз орамдары болады.

Амандық-саулық сұрасу, қоштасу, құттықтау т.б. ұлттық стереотиптердің арнайы тілдік таңбалары (құралдары) және олардың «кім-кімге», «қашан», «қай жерде» деген принципке бағынатын қолдану жүйесі бар. Әсіресе тілдік дайын үлгілерді, яғни амандасу, қоштасу формулаларын әркім өз қалауынша өзгерте алмайды. Этикеттік сөздер осы қасиетімен құнды.

Алайда этикеттік таңбалардың осы қасиетінен бейхабар сөйлеушінің бүйректен сирақ шығарып алуы оңай, Мысалы, соңғы жылдары тыңдарман эфирден *құрметті достар, қадірді ағайын* тәрізді этикеттік қаратпаны жиі еститін болды. Тыңдарманды құрметтеу нышаны әрине, мақұлдарлық жайт, бірақ радиохабар аудиториясының әлеуметтік құрамы әр алуан болатынын ескеру аса қажет. Тыңдарман қатарында мектеп оқушысы да, зейнеткер де, қоғам ғылым, өнер қайраткерлері, мектеп мұғалімдері тәрізді зиялы қауым өкілдері мен шаруа баққан ауыл тұрғындары болуы

да ықтимал. Олардың жас шамасы әртүрлі болатыны да белгілі. Сондықтан «достар» деген этикеттік қаратпаны әркім әртүрлі қабылдауы ықтимал. Бұл жерде «ақ самайлы ана, ақ шашты ата «достар» деген қаратпаны қалай қабылдар екен?» деп ойлануға тура келеді.

80-жылдары жастарға арналған «Ұшқын» тәрізді арнайы радиохабарларда *құрметті достар, замандастар, құрбылар* тәрізді этикеттік қаратпалар орынды қолданылатын. Сондай-ақ балдырғандарға арналған теле-радиохабар бағдарламаларында *жас достар, менің қымбатты жас достарым* тәрізді этикеттік сөздер айрықша интонациямен айтылып, жас тыңдармандарды баурап тұратын. Мұндай жағымды жайттар қазір де үлгі болуға тиіс. Сондықтан достар қаратпасын радиобағдарламаның мазмұнына келсін-келмесін тықпалай беру орынды деп есептелмейді.

Радио, телехабарлар бағдарламалары көбіне-көп *көріскенше күн жақсы, эфирдегі келесі кездескенше, эфирдегі келесі ұшырасқанша, көгілдір экранда амандықпен жүздескенше, эфирдегі амандықпен көріскенше* т.б. тәрізді қоштасу ритуалын білдіретін формалармен аяқталып жатады. Алайда бірқатар тыңдаушы, көрермен *көріскенше* деген нұсқаны жылы қабылдамайды, өйткені олардың санасында *көрісу* сөзі өзгеше мазмұндағы ритуалмен ассоциацияланады. Сондықтан тәжірибелі журналист басқаша ассоцация тудыратын тілдік таңбалардан тартынғанды мақұл көреді. Байырғы кездегі радиохабарларда *көріскенше* деген сөзді қолдана бермейтіні байқалатын.

Телехабарлар бағдарламасының спорт хабарында қоштасудың *жеңісті күндері жүздескенше* деген нұсқасы тыңдармандар үшін жағымды әсер қалдыратын этикеттік формула деуге болады. Қоштасу ритуалын *бай болайық* тәрізді тілекпен аяқтап жүретін журналистің «тапқырлығы» естір құлаққа кезінде тосын, ерсі көрінгені белгілі. Өзге әріптестерінің бұл «жаңалықты» іліп әкетпей, іркіліп қалғаны мақұлдарлық болды.

Сөз этикетіндегі орнықтылық, тұрақтылық, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып отыратын сабақтастық – өркениетті қоғамға, мәдениеті гүлденген халыққа тән қасиет. Қазақ сөз этикеті де осындай қоғамдастықта қалыптасып, тұрақталған. Ал оның қалыптасқан тілдік-мәдени дүниесіне жоқ жерден эксперимент жасау жаңсақтыққа саяды.

ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАРДАҒЫ ВАРИАНТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ КОДИФИКАЦИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ[27]

Қоғамдық өмірдің басқару, ақпарат жүйесіндегі, экономика, қаржы, кәсіпкерлік саласындағы жаңарулар; ғылым мен техника, медицинадағы жаңалықтар; құқықтық, саяси қатынастардағы өзгерістер қарқыны азғана жылдың аясында-ақ тіліміздің сөздік құрамына мықтап әсер етті.

Ұлттық тіліміздің лексика-фразеологиялық кеңістігінде кейбір сөздер «орталық» аймақтан шеткері аймаққа ығысты; бұрын шеткері аймақ, шет пұшпақта жүретін термин сөздер ілек-ілегімен «орталық» аймаққа шоғырлана бастады. Сыртқы күштің әсерінен болып жатқан сөздік құрамдағы «жылжулар», «ығысулар», «жаңғыру» мен «жаңарулар» тәрізді құбылыстардың қарқын алуы тілдік ұжымның ой-санасындағы өзгерістердің объективтенуі (көрінісі) деуге болады. Тап қазіргі кезде мұндай құбылыс неге ерекше қарқын алып отыр?

Мұның негізгі себебі, байқап отырсақ, бұқаралық қарым-қатынастың жалпылық сипат алуына байланысты. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдары «сырттай» қарап отырмай, қазіргі кезде ғылым-білімге де, шаруашылық пен кәсіпкерлікке де, денсаулық ісі саласына да, қаржы мәселесіне, құқық пен саяси қатынас жүйелеріне де «ішке» ене бастады. Әр саладағы мамандар телекамера, микрофон алдында сөйлеп жатады. Газет, журнал бағаналарында да сала мамандары тұрақты субъектіге айналды. Бұрын, кеңестік дәуірде, олар бұқаралық ақпарат құралдарында сөз субъектісі болудан гөрі, сөз объектісі ретінде көбірек көрінетін.

Тұрақты сөз субъектісіне айналған түрлі саланың мамандары, білгірлері бұқаралық коммуникацияда өзімен қоса өз «жұртындағы» атаулар мен терминдерін жұртшылыққа ала келетіні де белгілі. Мұның өзі былайғы қалың жұртшылықтың когнитивтік санасында әр алуан терминдер, кәсіби сөздер мен атауларға байланысты ұғымдар жүйесінің қалыптасуына едәуір әсер етеді. Термин сөздердің бұқаралық сипат алуы күшейе түсті. Қазіргі кезде астрономия, микробиологиядағы терминді маман емес адам өз сөзінде қолданып жатса, таңғаларлық нәрсе емес.

Бүгінгі таңда құқықтық қатынас, денсаулық саласына, саясатқа, жаңа технология, бизнес, банк ісі, ғылым салалары, тіл мен тарих, мәдениет жөнінде ақпарат алуға деген сұраныс көбейе бастады. Осымен байланысты әсіресе аталған салалардағы терминдерді сала маманы емес, былайғы жұртшылықтың қолдануы жиілей түсті. Сөйтіп, терминдер, терминдік атаулардың жұртшылықтың игілігіне айналу үрдісі барған сайын күшейе түспек. Олай болса, термин мәселесі тек ғылымның ғана «ішкі шаруасы» емес, оған кеңірек ден қоюға тура келеді.

Өткенді азды-көпті еске алсақ, қазақ тілінің ғылым мен білім саласындағы қызметі тым шектеулі болды. Термин түзу, ұлттық терминологияны қалыптастырып, дамытуда тәжірибе жағы жеткіліксіз болды. Ана тілінің мүддесін діттеген термин түзу үрдісі кей тұста үзіліп қалды. Басы құралып, жинақталған біраз терминдер енді-енді тәжірибеде тексеріліп, Терминкомның сарабынан өтті. Терминдік норманы қалыптастыруда БАҚ-тың рөлі ерекше болды. Бұл ретте, осы күнгідей Терминкомның бұқаралық ақпарат құралдарына билігі жүретін құзыретті орындардың жанында болғаны әлдеқайда тиімді деп ойлаймыз.

---

[27] *Мақала Тілтанымдық зерттеулер (2003-2005 жж) жинағы, – Алматы: Ғылым, 2007 ж. жарияланған.*

Қазіргі кезде екінің бірі терминтанушы бола алмайды. Терминтанушы болу үшін, біздің ойымызша, үш түрлі құзыреттілік болуға тиіс:

– *біліктілік құзыреті* (жоғары білікті маман ретіндегі құзыреті);

– *тілдік құзыреті* (ана тілін тиісті деңгейде білу);

– *лингвистикалық құзыреті* (әдеби тіл нормалары, тілдің негізгі даму үрдістері жөнінде тиісті деңгейде лингвистикалық біліктілігінің болуы).

Біздің ғылым саласында біліктілік құзыреті жоғары деңгейде ғалым мамандар бар-ақ. Бірақ сол мамандардың ішінде тілдік құзыреті жоғары ғалымдар саусақпен санарлық қана. Әрине, терминдер – лексика жүйесінің ерекше қабаты. Сондықтан термин мәселесі тек тіл мамандары, тіл білімпаздары илейтін терінің пұшпағындай көрінеді. Бірақ терминологияның күллі мәселесін тек тіл мамандары ғана шеше алмайды. Халықаралық рубрикатор бойынша ғылымның тоқсаннан астам саласы, оның жүздеген тармағы бар. Химия, физика, биология т.б. пән терминдерін түзу тіл мамандарының құзыретіндегі нәрсе емес. Сондай-ақ термин мәселесіне аудармашы, журналист, жазушы тәрізді қалам иелері де араласады. Олардың тіл құзыреті жоғары болғанымен, ғылым саласындағы біліктілік құзырет деңгейін айтпағанның өзінде, лингвистикалық құзыреті сайма-сай келе бермейді. Сондықтан Терминком мүшелігіне, терминология мәселесіне (а) ғылым саласы бойынша мамандар, ә) журналист, жазушы, аудармашы тәрізді қаламгерлер, ерлер, т.б., б) лингвист мамандар тартылуы, қазіргі кезде дұрыс нәтиже бермек деп ойлаймыз.

Ғылым, білім, мәдениет, шаруашылық, басқару, заң-жосық салаларында жаңа терминдер мен жаңа атаулар легі қауырт көбейді. Бұл тұста өзге тілдің сөзін орынсыз малдану тәрізділерден «сөз жалқаулығынан» арылу, төлтума сөздерді қайта түлету (*егемен, құжат, сынып, пайыз* т.б.) немесе қолтума атаулар *(жанұя, тікұшақ)* жасау үрдісі күшейе түсті. Сөйтіп, көптеген термин «азаматтық» алды. Мұндай үрдісті мақұлдайтынымыз шеттілдік сөздерге орынсыз әуестенушіліктің салдарынан ана тіліміздің талай сөздері шетқақпай болып қалды. Сөйтіп, ұлттық термин жүйесінде интратерминдер (ұлтішілік терминдер) мен интертерминдердің (ұлтаралық терминдердің) арасалмағы бұзылды. Көптеген сала маманы интертерминдерге бауыр басып қалды. Олардың санасында ұлттық мүддеден гөрі маманды мүдде жоғары тұрады.

Қазіргі заман – ақпарат заманы. Ал ақпарат алуда ешбір арна (канал) тілмен теңесе алмақ емес. Ақпараттар ағыны сөз тасқынына» жол ашады. Сөз «тасқыны» – әсіресе экономикалық, қоғамдық-саяси өмірдегі бетбұрыс, елдік, еркіндік, тілдің тыныс алуымен, түбегейлі өзгеріспен байланысты реформация кезінде болып отыратын қоғамдық құбылыс. Сөз «тасқыны» кезінде әдеби стандарттар мен кейбір стереотиптер мен тілдік норманың осал тұстары оп-оңай бұзылып, жарыспалық көбейіп кетеді. Мұндай құбылыс «түсініксіз, жасанды сөздер көбейіп кетті»; «Тіліміз не болып барады?»«Тілде тәртіп болмай кетті» деген қайсыбіреулердің наразылығын туғызады. Тіпті олардың біразы тілдегі «жаңалық» атаулыға қарсы «соғыс» жариялауға дайын тұрады.

Әдетте **жарыспалы қолданыстар** дегеніміз – «ескі» мен «жаңаның» үзеңгі қағыса қатар қолданылуы. Мысалы, *финанс – қаржы, рынок – нарық* тәрізді жарыспасөздер тілдік қарым-қатынас машығында сабақтастық принципі бойынша, біразға дейін жарыса жүріп, келе-келе біреуі орныгады, екіншісі өзінен-өзі қалып қояды. Сөйтіп «табиғи» түрде тіл өзін-өзі реттеп отырады. Сонымен бірге терминкомның белсенді араласуымен біралуан жарыспа сөздер тез арада нормаға

түсіп, ғылым тілінің кәдесіне жарап жатады. Олардың тілдік норма үрдісіне сай келетіні немесе ауытқитын тұстарына талдау жасап отыру тілші құзыретіне жатады.

Уақыт үлесіне орай ұлттық терминология мәдениетіне қойылар талап пен талғам биіктей беретіні белгілі. Соңғы жылдары терминология мен тіл мәдениеті мәселелері мерзімді баспасөз беттерінде жиірек сөз болып, орынды пікірлер, орнықты ойлармен қатар, сыни көшірме қайшы пікірлер де айтылып жатыр. Әлі де болса сөз кезегі үзілмей жалғаса беретіні айқын.

Қоғам өмірінде болып жатқан толассыз өзгерістер тіліміздің дер кезінде лайықты орнын тауып отыруы шарт. Бұл тілдің ішкі мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Тіл орамдары санаулы, бірақ оның орнын тауып, қолдана білсек, мүмкіндігі шексіз. Дегенмен тіл байлығын нысаппен емес, ысыраппен қолдану әдеби тілдің құзырына жанаспайтын құбылыс. Әу бастан белгілі ақиқатты қайталай отырып, осы бір орайда «бұл қалай» деген кейбір жайттарды ортаға салсақ дейміз. Алдымен өткеннен тағылым аларлық бірер жайды еске түсіре кетуді қажет көріп отырмыз.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін *бағбан-бағбаншы, диқаншы-диқан, аспазшы-аспаз, куәгер-куәші-куә* деп жарыса жұмсалатын. Бертін келе сөздің ықшам нұсқасына артықшылық беріліп, жарыспа сөздер бір сабаға түсті. Онсыз да жаңа сөз бедерлеуде «жүгі ауыр» *-шы, -ші* тәрізді жүрдек қосымшаларды *дихан, аспаз, куә* сөздеріне телімей-ақ, үнемді қолдану жақсы нышанға бағаланар жайт. Ендігі жерде әлгідей сөздерді *диқаншы, аспазшы, куәгер, куәші* деп талғаусыз қолдана беру қалыптасқан терминдік норманы бұзу деп танылады. Алайда өткеннен тағылым алсақ, бүгінгімізді байыптай алар едік. Бірақ, амал не, баяғы бір ізді қайта шиырлай беретін тәріздіміз. Сондағы айтайық деп отырғанымыз *инвесторшы, бітімгерші* сияқты сөздер.

Сөз танитын қазақ *куәгер, зергер* тәрізділерге *-шы, -ші* жұрнағын қосақтап, *куәгерші, зергерші* демес еді. Осы тәрізді *бітімгер* сөзін *бітімгерші* деу жаңсақтық болар еді. Алайда қалам билігі қолына тиген журналист ағайындар *бітімгер* деудің орнына *бітімгерші* деп, құрыққа сырық жалғап жібереді: *«Испанияның 1,3 мың **бітімгершісі** Иракті тастап шыққаны оқырманға мәлім»* («Жас алаш», 06.05.04).

Қазіргі кезде *инвесторшы* деген қиыс қолданыстың «бағы» жанып барады. Дұрысы *инвестор* екеніне ешкім дауласа қоймас, онда *инвесторшы* деуімізге не жорық? Баяғыда *механизаторшы, комбайнерші* дегенді әрең қойдырып, кезінде Мемтерминкомның араласуымен *комбайншы, механизатор* деп жөнге салып жіберген еді. Беделді газеттеріміздің бірі ендігі жерде *құсбегі* деген сөзді місе тұтпай, *құсбегіші* деуіне жол болсын? Оқып көріңіз: *«Мысал үшін айта кетейік, бұған дейін **құсбегішілер** жарысының жеңімпазына 4 мың теңге беріліп келіпті»* («Жас алаш», 27.01.04).

Мұндай жарыспалылықты терминтүзімге демесін деуге бола қояр ма екен? Ана тіліміздегі алуан түрлі сөз жүлгелері, олардың мағыналық қыр-сырларының дені қосымшалар арқылы жасалады десек, артық айтқандық емес. Осындай тұста мұқиятсыздықтан келіп жатқан шалағайлықтар мақұлдарлық жай ма?

Ертеректе, жетпісінші жылдарға дейін, едәуір орыс сөзіне қазақ қосымшасының әрі-сәрі жалғануын Терминкомдағы тіл мамандары мен қалам ұстаған қайраткерлер бір ізге салып, жөн-жобасын көрсеткен болатын: *электрлендіру* (электрофикациялау емес), *механикаландыру* (механизациялау емес), *алгоритмдеу* (алгоритмизациялау емес), *компьютерлендіру* (комтьютеризациялау емес), *аттестаттау комиссиясы* (аттестациялау комиссиясы емес). Алайда құнтсыздықтан болар, қалыпқа түскен

норманы бұзып-жарып, *аттестациялау комиссиясы, кадрларды аттестациялау* дейтінді шығардық.

Дәл осы сияқты бүгінгі газет бағаналарында *сертификациялау* деген қате қолданыс етек алып барады: *«Институтта астық және астық өнімдері сапасын зерттеу лабораториясы мен* ***сертификациялау*** *орталығы жұмыс істейді»* («Егемен Қазақстан», 31.03.04); *«Егер 2001-2003 жылдары барлығы 16 қазақстандық кәсіпорын басқару сапасын* ***сертификацияласа,*** *биылғы жылы бұл цифр екі еселене түспек»* («Алматы ақшамы», 24.02.04).

Кез келген термин – сөзжасамдық әрекеттің нәтижесі. Сөзжасамдық құрылымдарға жатпайтын тұлғаларды қолдан әдетке айналдырып жатқан сияқтымыз. Осы күндері жиі қолданылатын жылжымайтын мүлік дегендегі *-ма, -й, -тын* дегендер сөздің грамматикалық көрсеткіштері ғой. Бұл жерде бөгде тілдің *недвижимое имущество* деген сөзбе-сөз «көшірмесін» қоя тұрып, өзіміздің ана тіліміздің сөзжасам заңдылылығы бойынша ықшам түрде *орнықты мүлік* деп алуға, ал «движимое имущество»-ны *жылжыма мүлік* деуге әбден-ақ болар еді.

Мұндай құбылыс мағынаға «зиян» тигізбей ықшамдау деп аталады. Алғашқы кезде *егеменді ел, егеменді Қазақстан* деген сөздер – *егемен ел, егемен Қазақстан* болып ықшамдалды. Бұл тәрізді үрдіске термин түзуде кеңірек жол ашу сәтті қадам болар еді. Сондықтан да тіл амалдарына құнтпен қарап, орынды қолданайық дегіміз келеді.

Тілде жаңа сөздің пайда болуы – үлкен оқиға. Ол – сана-сезімдегі сонылықтың, ой-өрістегі өзгерістердің хабаршысы. Бірақ, амал не, қазіргі «жаңалық» дегендеріміздің біразы діттеген жерінен шыға бермейді.

Солардың бір алуаны – *газ құбыры, ғарыш кемесі, ғарыш айлағы, әуе жолы, су жолы, жүк мәшинесі* т.б. күрделі атаулар. Мұндай сөздерді газеттен оқып, радиотелехабарлардан естіп жатамыз. Көрген көзде, естіген құлақта жазық жоқ, әрине. Бірақ сөз қолданысымыз қиыс жолға түсіп барады. Япыр-ау, жол атауларын *тасжол, теміржол;* көлік құралдарын *өгізарба, атшана, атарба* деп бір екпінмен айтушы еді ғой. *Тас жолы, темір жолы; өгіз арбасы, ат арбасы, ат шанасы* деген қазақты көрген жоқпыз. Олай болса *әуежол* (әуе жолы емес), *теңізжол* (теңіз жолы емес), *сужол* (су жолы емес), *газ құбыр* (газ құбыры емес), *жүкмәшине* (жүк мәшинесі емес), *ғарышайлақ* (ғарыш айлағы емес) деп ықшамдап, біріктіріп жазуға да, радиотелехабарларда бір екпінмен біріктіріп айтуға да болар еді. Жұртшылықпен осы жайттарды да ойластырғанымыз жөн болар.

Бір кездегі қазақ тілінде *алтайы түлкі, қазақы ер, арабы ат, қалмақы ер, асфаһани қылыш, асфаһани кілем, бұлғары садақ, үрімі мылтық* тәрізді тіркесті атаулар едәуір кездесетін. Ал қазір осындай тіркесті атаулар жасайтын модельді терминтүзімде неге жандандырмасқа? Мұндай үлгілерді термин түзуде сала мамандары пайдаланса, ұтылмас едік. Мысалы, биолог, ботаник, зоолог тәрізді сала мамандары қолданатын *алтай доланасы, алтай ұлары, алтай көртышқаны* дейтін кейбір тіркесті атауларды осы модельге салып көрелік: *Алтайы долана, алтайы ұлар, алтайы көртышқан* десек, тілдік нормаға қайшы келе қоймас. Мұндай модельдерді неге «жұмыс жасатқызбасқа»? Осы төңіректе сіздер мен біз ойланатын жайт әлі де бар сияқты. Әрине, алдын ала айтамыз, иіні келмеген жерде ешкімнің таласы жоқ. Ал икемге келіп тұрса, қазақ тілінің пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктерінің бір ауылы осы тұста болар деп ойлаймын.

Сөз бен сөзді қиыстырып, сөйлем құруға қызмет жасайтын тілдік үлгілерге сөзжасамдық қызмет теліп, қиыс жұмсап жүрміз. Осындай бір алуан тіркесті сөздерді

тұлға жағынан ықшамдап, жазуда босаралықсыз жазсақ, (босаралықтың өзі графикалық таңба ғой), тұлға жағынан ықшамдалған күрделі атаулар мағына жағынан да жинақыланып, лексикалық бір бүтінге айналады. Сөйтіп, ұлттық тіліміздің сөз жүйесі әлгідей бірқатар сөзбен толыға түсер еді.

Ғылым мен білімнің әр саласынан төл оқулықтар жазылу көзделсе, тілдің байырғы қатпарларында жатқан байлығын жан-жақты пайдалану аса қажет. Тіліміз бай дей тұра, сөз қазынасына жете көңіл бөлмей жүрген сияқтымыз. Сол байлықтың ішінде терминологиялық мазмұн беріп, жаңа сапада жұмсауға сұранып тұрған сөз шоғырлары аз кездеспейді. Алайда екі тілді аударма, терминологиялық сөздіктерде *контрабандист, контрабандшы* дегендер мұрнынан тізіліп тұр.

Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары тілінде *контрабанда, контрабандист* дегендерді *қарақшы* дейтін болды. Мысалы: *«**Қарақшылық** жолмен әкелінетін тауарлардың көп таралуымен бірге, жасырын цехтар ашылып, оларда лицензияланған өнімдер қолдан көп мөлшерде көбейтілуде. Бұл орайда да заңнамаларға елеулі өзгерістер енгізу қажет* («Егемен Қазақстан», 31.03.04)».

Бұл – лексикалық норманы бұзу, яғни терминдік ұғымды лексикалық мағынаға зорлықпен қосақтау. Оған көз жеткізу үшін *контрабанда* мен *қарақшылық* дегеннің мағыналарын салыстырыңыз:

Қарақшылықтың мағынасы «жол торып, жүргіншілерді тонаушылық; «елді ойрандаушылық; жауыздық». Ал *контрабанданың* мағынасы «тыйым салынған немесе салық салуға жататын тауарларды, бағалы заттарды, болмаса басқа бұйымдарды мемлекеттік шекарадан құпия түрде алып өту немесе өткізу». Терминологиядағы қазіргі үрдіс шет тілдік терминдерді мүмкін болғанша қазақшалау. *Контрабанда* сөзіне, бір есептен, қазақша балама іздеу дұрыс та болар. Бірақ оны оп-оңай *қарақшы* сөзімен қазақшалай салуға болмайды. Ана тіліміздің сөз байлығына зер салсақ, осы сөздердің толық баламасы болуға жарарлық *әткешшілік* деген байырғы сөздің бағы жанбай, ұмыт болған. Бұл сөз де әдеби тіл айналымынан қағаберіс қалып, қазіргі кезде құлағымыз тосырқауға айналды. Ал тіл шындығын қалт жібермеген жазушы қаламы шетқақпай болып қалған осы бір сөздің мағынасын ап-айқын тап-тұйнақтай етіп, қағаз бетіне былай деп түсірген екен: *«**Әткешшілік** ісін осы кезде қиын атайды, Соңғы мүйіз бен апиын өткізіп жатқандар қырғыздың **әткешшілеріне** ілесіп зорға өттік дейді»* (М. Әуезов).

Терминтүзімде ұстанатын негізгі принциптердің бірі – қазақ тілінің мүмкіндігін барынша пайдалану. Бұл принцип дұрыс болғанмен, ана тіліміздің сөз байлығын мүмкіндігінше жүзеге асыра алмай жүрген жайттарымыз бар. Белгілі бір затты, құбылысты, уақиғаны бір сөзбен, яғни универб түрінде атау бар да, бірнеше сөзбен, яғни поливерб түрінде атау бар.

Қазақ лексикасындағы деректерге көз жіберсек, бір кездері белгілі бір денотатты универбпен атау үрдісі басым болғанын байқауға болады: *жәутік* «қарға аунағанға дейінгі түлкінің баласы», *жәудір*– «қарға аунағаннан кейінгі түлкінің баласы», *сарымық* – «жолбарыстың баласы»; *қонжық* – «аюдың баласы», *қодыға* – «киіктің баласы»; *қодық* – «есектің баласы», *соқыр* – «мысықтың баласы».

Мұндай құбылыс әлеуметтік-қоғамдық атауларда да кездеседі: *бише* – «би баласы», *мырза* – «әмірдің баласы»; *бағылан* – «бай баласы»; *құлшар* – «құл баласы»; *мағзұм* – «молданың баласы», *ханшайым* – «хан қызы», *ханзада* – «хан баласы». Осыған ұқсас универб құбылысын тағам атауларынан да ұшыратуға болады: *саумал*– «биенің сүті» (жаңа сауылған), ал ашығаны – *қымыз*; қымызды бабында ұстау үшін

үстіне саумал құйып, жиі-жиі пісіп отырады. *Саума*– «сиырдың жаңа сауылған сүті» («парное молоко»); *құймақ* – «түйенің жаңа сауылған сүті», ашығаны – *шұбат*. Шұбатты жуасытып, ашуын басу үшін үстіне құймақ құйып отырады.

Жоғарыда біз үш тақырыптық топтағы – жануарлардың төл атаулары, қоғамдық-әлеуметтік қатынасты білдіретін атаулар, тағам атауларына қатысты сөздерді мысалға алдық. Бұл жүйедегі едәуір сөздік бірлік сирек, көне деп аталатын салғырт қабатқа қарай «жылжыған». Лексикалық қабаттардағы «жылжу» құбылысы негізінен экстрафакторға тәуелді екені белгілі. Мысалы, *бише, мағзұм* т.б. қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге байланысты бірден салғырт қорға көшті; *құймақ, саума,* тәрізді ұлттық дастарқан дүниелерін *арақ, колбаса, шарап, сыра* тәрізді басқа мәдениет «өкілдері» ығыстыра түсті.

Жануарларға қатысты *жәутік, жәудір, қодыға* атаулардың сирек, салғырт сөздердің қатарына қарай «жылжу» құбылысы қазіргі аңшылық кәсіптің ел тұрмысындағы әлеуметтік мәнділігінің бәсеңдеу факторымен байланысты болуы ықтимал. Қысқасы, жоғарыдағыдай атаулардың экстрафакторға байланысты тілдік ұжымның когнитивтік санасында бірте-бірте солғын тарта бастауы поливербтену үрдісінің етек алуына әсер етіп, лексикалық варианттардың пайда болуына ықпалын тигізді: *құймақ* деудің орнына *түйенің сүті*, *саума* деудің орнына *сиырдың жаңа сауылған сүті*, *қонжық* деудің орнына *аюдың баласы, қодыға – киіктің лағы* т.б.

Тіркесті атау (поливербтену) үрдісінің етек ала бастауы терминдік жүйеде байқалады: *қар барысы, қамыс мысығы, қара ләйлек, күміс қылшықты түлкі* (писец), *үй тұтқыны, сақалды тырна, өсіңкі жыл* (высокосный год) т.б. Терминтүзім жүйесінде, терминдерді кодификациялауда тіркесті атаулардан (поливербтерден) гөрі дара атауларға (универбтерге) басымдық беру негізгі принцип. Олай болса, терминологияда, әсіресе салалық терминдер жүйесіндегі поливербтерді қарап, олардың универб түріндегі атауларын заңдастыру қажет: *сабаншы* (*қамыс мысығы* емес): *бабыр* (*қар барысы* емес); *қарабай* (*қара ләйлек* емес), *қалтар* (*күміс қылшықты түлкі* емес), *мырзақамақ* (*үй тұтқыны* емес), *самалдық, самалық* (*сақалды тырна* емес), *кібісежыл* (*өсіңкі жыл* емес).

Терминтүзімде, жоғарыда көрсеткендей, тіркесті атау (поливербтену) үрдісінің етек алып, олардың дара атау түріндегі баламаларының ұмытыла бастауы сөздік қорды, ондағы сөз байлығын мүмкіндігінше пайдалану принципін қатаңырақ ұстанбауымыздан, ұлттық сөздік қордағы сөз мүліктерімізді ескере бермей, «оңай» тұстан сөз ала салуды әдетке айналдырудан деп ойлаймыз.

Іздестіре білсек, іздей білсек, байырғы ақын-жыраулар, осы заманғы сөз зергерлерінің шығармаларынан *қалтар, самалдық, самалық, қарабай* т.б. дара атауларды молынан ұшыратуға болады. Ертерек кезде Бөлтірік ақын:

Қадіріңді білмес қатын бар
Қараңғы кештің түніндей,
Қылығы қымбат жақсы бар
Қалтардың асыл түгіндей, –

деген екен.

Мұндағы *қалтар* «күміс қылшықты түлкі» дегенді білдіреді. Қазақтың бұлбұл ақыны Мағжан Жұмабаевта:

Самалық! Самалық!
Көкқұс көзін аштың ба?
Аяғын жерге бастың ба?
Самарқанның көк тасы
Жібіді ме көрдің бе?
Қап тауының көкқұсы
Жүгірді ме, көрдің бе?
Самалық! Самалық! –

деген өлең жолдарындағы *самалық* – жыл құстарының бірі, *сақалды тырна* деп жүргеніміз – осы құс.

Қара ләйлек деп айдар тағып жүрген құстың халықтық атауы *қарабай* екенін «Қобыланды» жырынан кездестіреміз:

Көл жағалай отырған
Көкқұтан мен қарабай
Көтеріліп ұшқанда,
Белінен басып асады.

Ұлттық тіліміздің осы тәрізді сөз байлығы ескерілмей жатса, сөз мәдениетіміздің деңгейі жоғары деп айта қою қиын. БАҚ, ғылыми-жұртшылық, өзге де зиялы қауым халық тілінің сөз байлығын орнымен пайдалана білуге тиіс, олай болмаған жағдайда сөз жұтаңдығына шалдығу оңай.

Жұртшылық назарын аударатын тағы бір мәселе сөз қолдану, сөз жұмсау мәдениеті жайында.

Соңғы жылдарда оқушы, студент жастар, жұмысқа орналаспақ болған жас мамандар өздерінің өмірбаяндық деректерін жазарда «пәленшесінші» жылы *«тудым»* деген дұрыс па, әлде *«туылдым»* деген дұрыс па деп, дағдарып қалатыны бар. Бұндайда *«тудым* деу қате», *«туылдым* деп айтқан дұрыс» деген әлдекімнің дүдәмал «түзетуіне» илана берудің жөні жоқ.

Өмірбаяндық ресми мәтінде дұрысы *тудым* деп жазу керек. Баяғыдан бері *тудым, туған* деп айтылып, осылай қолданылып келеді. Байырғы батырлар жырында мынандай жолдар бар: *Сен едің туған анамыз, Мен едім туған балаңыз. Тәуекел етіп сапарға, оңғарса, Құдай барамыз* («Нұрадын»). Олай болса, тілдік дағдыны (тілдік норманы) логиканың тезіне салып түзету жөн емес: тілдің заңы бір басқа, логиканың заңы бір басқа. *Келе жатыр, бара жатыр* дегенді *«келгені», «жатқаны»* не, *«барғаны», «жатқаны»* не деп, логиканың қисынына салып түзете алмаймыз. *Тудым* дегенді *туылдым* деу әсірелогикашылардың шығарғандары. Тіпті, *туылдым* дегенді жөн-ақ делік, онда *туған әкем, туған қарындасым* дегендердің бәрін *туылған әкем, туылған қарындасым* деп, «жөнге» салу керек пе?

Тудым-ның мағынасы контексте ап-айқын аңғарылады. Сондықтан оны *туылдым* деп өзгертіп, мағынасын сан-саққа жүгіртіп, әурелеудің реті жоқ.

Қайсыбіріміздің *мен пәлен жылы дүниеге келдім* деп жазатыны да бар. *Дүниеге келдім, дүние есігін аштым, жарық дүниеге келдім* дегендердің стильдік нышаны бар. Бұл сөздер де ресмилікке келе бермейтінін көтеріңкі мән, кітаби бедер бар. Сондықтан бұл нұсқаны да абайлап қолданамыз. Абзалы, іс қағаздар стилінде *пәлен жылы тудым* деп қолдану ғой.

Ел құлағына жете берсін, реті келіп тұрғанда тағы да айтуға тура келеді: әлеуметтік үні ерекше болғандықтан, *салауатты өмір, салауатты өмір салты* дегенді күн сайын айтып, күн сайын жазып жатамыз. Дұрысы – *саламатты өмір, саламатты өмір салты*. Әңгіме дененің саламатты, сау, таза, дертсіз болуында ғой. *«Саламатсыз ба?»* деп амандасамыз, *«Сау саламат болыңыз?»* деп қоштасамыз. *Саламат* сөзінің мазмұнында – саулық, амандық, дерттен тазалық, жақсы көңіл күй – бәрі де бар. Ал *салауат* сөзі әуел бастан-ақ «кешірім», «дұға оқу» дегенді білдірген. *Өткенге салауат* дейтін сөздің мағынасы осыған жақын. Олай болса, «әдет – әдет емес, жөн – әдет» деп, *саламатты өмір салты* дегеніміз дұрыс болар.

Тілімізде әрқайсысы өз алдына терминдік мағынаға ие болуға бейім *күн райы, ауа райы* тәрізді мағыналас сөздер аз емес.

Бұрын *ауа райы* деуші еді, соңғы кездерде республикалық телеарналардың бірінде «погода» сөзін *күн райы* деп айтып жүргенін құлағымыз шалып қалды. Бұл жайтқа белді жазушы Мұзағаң, Мұзафар Әлімбай мырза, түрткі болған тәрізді. Сөз қадірін жете танитын қаламгер «Жас алашқа» телефон соғып, *күн райы* «погода» сөзінің, ал *ауа райы* «климат» деген терминнің баламасы болатынын айтып, жөн сілтеген еді. Расында, солай, 1931 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Атаулар сөздігінің» 46, 85-беттерінде терком *климат* сөзін *«ауа райы»,* ал *погоданы «күн райы»* деп көрсеткен. Әдетте *«күн райы жақсы екен, күн райы бұзылайын деп тұр»* деп айта береміз. Осындағы *күн райы* «погода» деген ұғымды дәл береді. Әрине, бұл пікірмен келіспейтіндер *күн райы* тек күндізге ғана қатысты, ал түнге қатысы жоқ дегендей уәж айтады. Бірақ бұл сөзден ат-тонымызды ала қашу жөнсіз болар; өйткені *күн райы, күн суытты, күн жылыды* деген сөздерді тек күндізге қатысты айтылады десек, өз мағынасын бұра тартқандық болар еді. Шаруа адамы *«Күн райының түнге қарай бұзылатын түрі бар»* деп айта береді. Бұл жерде *күн райының* мағынасы «погода» ұғымының тақиясына тар кеп тұрған жоқ. БАҚ тілінде, ғылыми әдебиет пен оқулықтарда *ауа райын* «климат» деген терминдік ұғымда, ал *күн райын* «погода» мағынасында қолданып жатса, ондай үрдісті қолдау қажет деп ойлаймыз.

Терминжасамды, терминтүзімді, ономастикалық атауларды реттеуде, сөз мәдениетін көтеруге мынадай нақты шараларды қолға алып, жүзеге асыру жағын қарастыру керек деп білеміз: А.Байтұрсынұлы атындағы Институттың картотека қорының негізінде Ұлттық сөздік қор құру, онда ұлттық тіліміздің (а) лексика-фразеологиялық байлығы, ә) терминдер, б) ономастикалық атаулар, в) ауызша-жазбаша түрдегі эмперикалық материалдар т.б. жазба және электронды нұсқада жинақталып жүйеленуге тиіс.

Баспасөз тілі мәдениетін көтеруге жәрдемін тигізетін «Орфографиялық сөздік» пен «Анықтағыш» тәрізді көмекші құралдарды дүркін-дүркін шығарып отыру қажет.

Сахна тілінің мәдениеті, теле-радиохабарлар тілінің мәдениетін көтеруге жәрдемін тигізетін «Орфоэпиялық сөздік» шығаруды дереу қолға алу керек.

Қазіргі кезде Орфографиямызда қордаланып қалған едәуір мәселе бар. Соларды шешу үшін Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім, Білім және ғылым министрліктері тарапынан беделді Орфографиялық комиссия құру аса қажет.

Қоғамда болып жатқан оқиғалар, сыртқы факторлар тілге міндетті түрде әсерін тигізбей қоймайды. Осыған байланысты тілімізге көптен-көп қосылып жатқан жаңа атаулар осы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тез таралып, алдыңғы қолданыстар тіл майданынан ығысып, соңғылары әдеби тіл нормасы ретінде көпшілік қауымға түсінікті бола бастайды. Осы аралықта жарыспалы қолданыстар сабақтас-

тық принципіне негізделіп, халықтың құлағы әбден үйренгенше қолданылуы тиіс. Егер жапа-тармағай жаңа сөзді қолдануға көшсе, сабақтастық үзіліп, ақпарат тыңдарманға түсініксіздеу жеткізілер еді. Бұндай жарыспалы қолданыстардың бұқаралық ақпарат құралдарында кездесуін дұрыс бағалар едік.

Адам жаңа қолданыстың мән-мағынасын толық түсінсе, жан-дүниесімен қабылдаса, еркін әрі орынды қолдана алатындай дәрежеге жетсе және ол қолданған атау-ұғымды тыңдаушысы да (қабылдаушы) сол дәрежеде түсініп қабылдаса, белсенді қолданса ол сөздің активтенгені. Сөйлеуші көпшілік қауым үшін мүлдем жат, мағынасы түсініксіз (айқын емес, таныс емес), дыбысталуы қиындау «кірме» сөздерден (элементтерден) гөрі, үндестік заңына орайластырылған, айтуға да, түсінуге де, қабылдауға да жеңіл болатын, өзге сөздермен тіркесімдік қабілеті зор, семантикалық аясы кең, соның арқасында көптеген жаңа формалардың туындауына, жаңа (аналитикалық тәсіл арқылы) тіркестер түріндегі атаулардың туындауына негіз болатын сөздерімізді таңдаудың маңызы зор. Зерттеу жұмысының нысаны ретінде қазақ басылымдары алынып, сол арқылы баспасөз тіліндегі жаңа қолданыстар, терминдер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің қолданылу аясы, стильдік мақсаты анықталды. Біз қазақ баспасөз тіліндегі ерекшеліктерді қарастыра отырып, оларды мемлекеттік және аймақтық деп екіге бөліп қарадық. Мемлекеттік дәрежедегі баспасөз құралдарына «Егемен Қазақстан», «Жас алаш», «Ана тілі», «Алматы ақшамы», т.б. жатқызсақ, аймақтық газеттерге «Алтын орда», «Айғақ», «Дала мен қала» т.б. баспасөз құралдарын кіргіздік. Бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде қазақ тілінде шығатын республикалық мерзімді баспасөз беттерінен («Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Түркістан» т.б.) жаңа сөздер жиналып терминдік атаулар, узуалды, окказионалды, жартылай окказионалды деген топтарға бөлінді. Кейбір лексикалық варианттардың нормалану барысы көрсетілді. Жиналған жаңа сөздердің жасалу жолдары айқындалды, жаңа атау жасауда айқындалды. Жаңа атау біріктіру тәсілінің активтенгені, архаизмдердің қайта жаңғыру үрдісі мерзімді баспасөз тілінде ерекше орын алатындығы байқалды. Бұлар жаңа атау жасаудың бір тәсілі ретінде қаралды. Бекітілген терминдік атаулардың бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылу ерекшелігіне талдау жасалынды. Газет тіліндегі жаңа қолданыстар, оның стильдік ерекшеліктері қарастырылды. Аталған газеттерді қарастыра отырып қандай да болмасын баспасөз беттерінде ақпараттық, коммуникативтік қызметтің нақтылығы байқалғанмен, кейбір жекелеген баспасөз беттерінде тілдік құралдарды қолдануда нормадан ауытқу құбылысын жиі байқадық. Ендігі бір газеттерде елдің экономикалық дамуына сай пайда болған терминдер мен атауларды қоғамдық сананың қабылдауына ыңғайлап беру «дәстүрі» құптарлық нәрсе. Мысалы: «Дала мен қала» газетінде экономикалық, саяси, әлеуметтік мәндегі жаңа қолданыстарды адаптациялау, яғни қоғамдық санаға түсінікті етіп қосымша мазмұнын беру жақсы жолға қойылған.

Соңғы 10-15 жылдың барысында лексика-фразеологиялық жүйесіндегі жаңа қолданыстардың мынадай лингвистикалық және экстралингвистикалық уәждері байқалды.

1. Қоғам өмірінде осы кезеңде дүниеге келген жаңа әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени құбылыстарға қатысты жаңа сөздердің жаңа мағына үстеуі.

2. Шет тілдерден, интернационалдық қордан сөздер қабылдау.

3. Ұлттық мәдениет саласының жаңғыруы, қазақ тіліне орыс тілінің тигізген ықпалын тежеу.

4. Қазақ тілінің беделін арттыру.

5. Лексика-фразеологиялық жүйедегі жаңа ұғымдарды бейнелейтін атаулардың, сәтті сөз қолданыстардың пайда болуы сияқты кейбір позитивті өзгерістерді айқындау.

6. Сөздік жүйенің интернационализмдермен молыға түсуі.

7. Эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш мәндегі бірліктердің коммуникативті-прагматикалық мақсатта жұмсалуы сияқты қырлары айқындалды. «Лексика-фразеологиялық жаңа қолданыстар» атты бағдарламаға сәйкес баспасөз беттеріндегі, бұқаралық ақпарат құралдарындағы, көркем әдебиет пен ауызекі сөйлеу тіліндегі жаңа қолданыстар, перифраздар біршама жинақталды. Алынған нәтижелерді Институтта жасалып жатқан қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігі қорына тапсыру міндеті жоспарланып отыр. Осыған байланысты тіліміздегі әрбір жаңа қолданыстың лексикалық мағынасын ашу, талдау, жүйелеу жұмыстары жүргізілуде.

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарының қалыптасқан стильдік, тілдік деңгейі жоғары демекпіз. Елдің әлеуметтік, экономикалық дамуына сәйкес пайда болған жаңа атаулар мен терминдерді қоғамдық сананың сұранысына орай талдап, таразылап беруде ізденістің барлығы байқалады. Дегенмен тілдік норма мен ұлттық мүдденің талаптарына жауап беру үшін, әлі де болса жоғарыда айтылған кем-кетіктерді назарда ұстау қажет секілді. Баспасөз халықтың айнасы десек, онда тіліміздегі рухани құндылықтардың мәніне көлеңке түсірмейік.

ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ ТИПТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ КОДИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ[28]

Жаңа қолданыстардың пайда болу себептері мен түрлері. Тілдегі жаңалықтар жайдан-жай пайда бола салмайтыны белгілі. Тілдегі жаңалықты туғызатын әртүрлі себептер болады. Солардың бір алуан себептерін төмендегіше көрсетуге болады:

– қоғамдық, әлеуметтік өмірдегі жаңа зат, құбылыс, уақиғаны атау қажеттілігі: *баспасөз клубы, баспасөз орталығы, компьютер, веб-сайт, интернет, телефонхат, телефакс, демеуші, тұсаукесер (қоғамдық-әлеуметтік);*

– мазмұны өзара жақын, бірақ білдіретін ұғымдарында азды-көпті айырма бар мағыналарды бөлек-бөлек атау қажеттігі: *көріктендіру абаттандыру (благоустройство), залалсыздандыру (обезвреживание) – зарарсыздандыру (стерилизация);*

– бірнеше сөзбен аталатын белгілі бір құбылысты бір сөзбен атау немесе тұлғалық жіктен ықшамдау қажеттілігі: *үй тұтқыны > мырзақамақ, қара ләйлек > қарабай, әсіре мемлекетшіл болу > әсіреМемлекетшілдік, әсіре демократ болу > әсіредемократ т.б.)*;

– терминдерді өзге де атауларды бірізділікке салу қажеттігі: *жазылым, басылым, таралым, естілім, айтылым; оқырман, жазарман, сатарман (сатушы), аларман (сатып алушы)*;

– коммуникативтік белсенділігі аса жоғары шеттілік сөзді төлтума сөзбен қайыра атауды (реноминация) қажетсіну: суверен → егемен, егемендік → суверенитет, программа → бағдарлама, патриот → ұлтжанды, патриотизм → ұлтжандылық т.б.

Ұлттың азаматтық тарихындағы ерекше уақиғаларды, соларға қатысты жайттарды арнайы мамандандырылған сөзбен атаудың қажеттілігі: *оралман, желтоқсаншылар, ауғандықтар* (ауған соғысының ардагерлері).

Негізінен осындай себептер арқылы пайда болған жаңа қолданыстар қазақ әдеби тілінің кітаби сөз жанрларының лексика фразеологиялық жүйесін байытып, сөздің кітабилік нышанын айқындай түсті. Сөйтіп, әдеби тілдің кітаби және сөйлеу тілі деп аталатын және бір-біріне қарама қарсы қойылатын функционалдық типтерінің даралану, дифференциялау үрдісі күшейте түсті.

Постсоветтік кезеңде әдеби тілдің лексика-фразеологиялық жүйесінде ғылым, білім, қаржы, құқықтық қатынас, медицина т.б. салалармен байланысты жаңа атаулар, жаңғырған сөздер, терминдердің саны қауырт көбейе түсті. Біралуан сөздің тіркесу қабілеті артып, семантикалық өрісі кеңейді: *бағаның ырықсыздандырылуы, азаматтық қоғам, балама ұсыныс балама оқулық, төлтума оқулық, төл оқулық («оригинальный учебник»), т.б.*

Әдеби тілдің лексика-фразеологиялық жүйесінде стандарт, штамптар тәрізді бірліктердің қатары бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көбейе түсті: *ашық қоғам, азаматтық бірегейлену, бағалы қағаздар, кешенді тестілеу, зияткерлік меншік* т.б.

Сөзжасамдық жүйеде, әсіресе етіс қосымшалары, қимыл есімінің белсенділігі арта түсті. Бұлардың әсіресе ғылыми, публицистикалық, ресми дискурста жиі қолданылатыны айқын байқалады: *Жоба бойынша жарықтандырылатын бірнеше нысанның қадалары қағылып, инженерлік-зерттеу, жобалау-конструкторлық жұмыстар жүргізілді* (Егемен Қазақстан, 2004, 11 тамыз); *Жаһандануда ұлт жоқ.*

[28] *Мақала Тілтанымдық зерттеулер (2003-2005 жж.) жинағы, – Алматы: Арыс, 2007 ж. жарияланған.*

Ұлттық тіл, ұлттық мәдениет атымен жоқ. Діндерді сыйлау деген атымен жоқ (Қазақ әдебиеті, 2004, 26 наурыз). *Тарихшылардың жауапкершілігі деген мәселе талқыға салынды. Мәжіліске қатысушы маман ғалымдардың айтуынша тарихты аңыздандыру әлемдік құбылысқа айналып барады* (Жас Алаш, 2003, 1 сәуір) т.б.

Өткен ғасырдың 70-80 жылдарына дейін аталмыш аффикстердің қолданылу қарқыны дерексіз ұғымдарды беруде *-шы,-ші;* абстракті ұғымдарды беруде *-лық, -лік (шылық, шілік)* қосымшаларынан төмендеу болатын.

Қазақстанда қазақ тілі конституциялық мәртебе алып, титулды тіл атанғанымен, оның әлеуметтік-қоғамдық жағдайы минорлық күйде қалып отыр. Әдетте тіл әлеуметтік организмнің ең сезімшіл мүшесі. Ал минорлық, тіл өзінің табиғи болмысын сақтауға тырысады да, ауыс-түйіс элементтердің көбеюін «басқыншылық» тәрізді сезінеді. Мысалы, *футбол* сөзін *аяқдоп* деп алу жалғыз ғана қазақ тілінің басындағы жайт емес, словен тілінде де бұл атауды «аякдоп» деп алғандығын байқаймыз. Ал мажорлық күйдегі тілдер, керісінше, ауыс-түйіс сөздерден пәлендей қауіптенбейді, шеттілдік элементтерді семантикалық, дыбыстық, орфографиялық жақтан игеріп алады.

Соңғы ширек ғасырдың жүзінде орыс тілінен енген сөздерді қазақшалау, ауызша арнамен енген сөздердің орфографиясын қазақы нұсқада жазу үрдістердің күшейе түсуі, бір есептен, ұлттық тілдің минорлық күйімен байланыстыруға болады.

Қазіргі кезде «*класс* сөзін *сынып*, *текст* атауын *мәтін* деп алуда қандай қисын бар? *Класс* – грек; латын сөзі сынып, *мәтін* араб немесе парсы тілдерінің бірінен енген ауыс-түйістік емес пе?» деген заңды сұрау туады. Алайда тілдік тұлғаның когнитивтік санасындағы *сынып, мәтін* дегендер мазмұн, форма жағынан бұрыннан игерілген, тілдік ұжымның өз заманында белгілі бір мәдениетке, өркениетке қатыстылығын көрсететін тілдік ақиқат ретінде танылады. Ал *класс, текст* дегендер форма жағынан, игерілмеген, қазақтың төл сөзіндей орфографияланбаған бөтен элемент тәрізді көрінеді. Тілдік тұлғаның метатілдік рефлексиясында *класс, текст* дегендер орыс мәдениетімен жанасқанға дейін-ақ тілдік ұжымның өмір тәжірибесінде игерілген ақиқаттың санатына жатады.

Қазіргі қазақ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесінде бір-біріне қарама-қарсы екіұдай процестің қатарласа жүріп жатқаны байқалады: бірі ауыс-түйіс сөздерді қазақшалау, немесе оларды ескі жазба тіл элементтерімен *ауыстыру (футбол > аяқдоп, волейбол > қолдоп, штанга > зілтемір, музыка > саз*, ал екіншісі ауыстүйістікке өзінің лексика-фразеологиялық жүйесінен орын беруі *(айкидо, айкидошы, кик-бокс* т.б.). Бірінші үрдіс қазақ тілінің өз Отанында минорлық күйде болумен байланысты болса, екіншісі үрдіс қазақ қоғамының томаға-тұйық күй кешпей, өзін өркениеттің бір бөлігі ретінде сезінуі. Қазақ тіліндегі жаңа сөздерді бір алуаны шеттілдік сөздер болуы да сондықтан.

Шеттілдік сөздердің пайда болу көздері негізінен, бұрынғыша, орыс тілі болып отыр. Ресейде, Қазақстанда шығып жатқан орыс тіліндегі басылымдар, теле, радио эфир хабарлары орыс тілінде өтіп жататын Үкімет, Парламент мәжілістері, халықаралық ғылыми конференциялар, мәдени-спорт шаралары т.б. ауыс-түйіс элементтерінің пайда болу кезіне айналып отыр. Ал мұндай ауыс-түйістіктер екі елдің көршілестігінен гөрі көбіне қазақ реципиенттерінің орыс тілділермен тікелей байланысының барысында орысша-қазақи қостілділіктің нәтижесінде пайда болып отырғаны байқалады.

Ауыс-түйістіктердің дені:

– мемлекеттің саяси құрылымына: *президент, министрлер кабинеті, вице-министр, Парламент сенат,сенатор т.б.;*

– экономикалық құрылымдағы өзгерістерге: *коммерция, брокер, менеджмент, инвестор, маркетинг, лизинг, бартер* т.б.

– қоғамдық-саяси саладағы катынастарға: *консенсус, саммит, электорат, пресс-релиз, брифинг* т.б.;

– техника саласындағы жаңалықтарға: *компьютер, принтер, файл, байт, мегабайт, интерфейс, интернет, винчестер, дисплей* т.б.

– музыка, спорт салаларындағы жаңалықтарға: *рокер, плейер, брейкер, хиппи, рэпкер; айкидо, айкидошы, кикбоксинг* т.б.

Қазіргі кездегі, постсоветтік кезеңдегі жаңа атауларға байланысты өзіміз жиған материалдарды жинақтай, жүйелей отырып, қазақ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесіндегі жаңа қолданыстардың жалпы сипатын байқату үшін; 1) қазақ тілінің ішкі мүмкіндігі негізінде жасалған жаңа атаулар; 2) әлеуметтік-саяси лексикадағы жаңа атаулар; 3) қайта жаңғырылған сөздер; 4) орыс тілінен енген сөздер; 5) будан сөздер; 6) діни мазмұндағы лексика; 7) кітаби фразеологизмдер деген тақырыптарға шартты түрде топтастырдық.

Жаңа қолданыстардың түрлері. Жаңа атаулар: *аңдатпа («аннотация»); бірегейлену, азбанқұл, аларман («покупатель»), оттық («горелка»), алпар («орбита»), алпауыт («олигарх»), аударым, ақша аударым, аяқдоп («футбол»), әлеуметтанушы («социолог»), әлеуметтендіру, әнұран, әртараптандыру, әріптестік, бағам («курс»), валюта бағамы, бағдарлама, бағдарламалық, баламалы, билікшілік (қоғ.саяс), болжамша («гидрометеролог»), босалқы, босалқыға, бірыңғайландыру; бітімгерші, бітімгершілік, бітімдестіру («миротворение»), ғаламдастыру, ғаламшар («планета»), ғаламшараралық ғарыш айлағы/ғарышайлақ, даңғыл («проспект»), даңқтама («титул»), дәйексөз, даяшылық, дәмхана, дәурен дегдарлар («интеллегенция»), ел дегдарлары, демеуші, демеушілік, деректену, деректемелік, дернәсіл («личинка»), думанхана, дыбыстық бейне өнім, елорда («астана»), елордалық («астаналық»), елтаңба, ертегіленген, еншілес компания, елтаңба жазбагер, жайылма шабындық, жайылма алқап, жапсырма («этикетка»), жарнамалан, жаһандану, жаһандандыру, жаһандық; жеделхат, жекешілдік, желбезек торперде («жалюзи»), жеткізілім («доставка»), жинақтама, жинақтауыштар, жолайрық («развилка»), жолсапар, жорналшы, жөнелтілім («отправка»), жүгіртпе базар («шағын базар) теміржол, автобекет, жұлдызжорамал, жұлдызнама, жұлдызнамалық, жылыжай («теплица»), зайырлы, залалсыздандыру («обезвреживание»), залалсыздандыру («стерилизациялау»), заманауи, заңгер, заңгерлік, заңнама, заңнамалық, зәузат қоры, зертхана («лаборатория»), зиялы қауым («интеллигенция»), зияткер («интеллектуал»), зияткерлік меншік («интеллектуалдық меншік»), зымырантасығыш, зілтемірші, кәдесый, кәсібилендіру, кеніш, киногер, кондитерші, көзқаман, көзқамандық, көзқаманшылдық, көлік дәліздері («транспортные коридоры»), қабыспаушылық, қағидат, қалтаман («карманщик»), қалба («флюгер»), қалабасы, қарақұрдым («черная дыра»), қарақшылық («контробанда»), қаржыгер, қарлығаш дана («сигнальный экземпляр»), қисындама, қостұрақтылық, метатұрақтылық, құбыжықтандыру, құжаттау, құрылымдау, тұлып: құстардың тұлыбы, құсхана («птица питомник»), қызанақ, қылауыш («кисточка», «щетка»), қырыққабат («капуста»), лаңкес («террор»), лаңкестік, лаңкесшіл («террорист»), лаңкесшілдік,*

лаңкесіл, мархабаттану, мейірбике, мұрағат, мұрағатшы, мықи, мырзақамақ, назирашылдық, насқабақ, мұсылмандандыру, несиелеу, ойынхана, оққағар, оқтұмсық («боеголовка»), оқылым, омыраулық («лифчик»), омырауша («лифчик»), опамай («крем»), сықпамай, оралман, орталықсыздандыру, орынтақ («қызмет креслосы»), орыстілді отансүйгіштік, отансыздық, отаншыл, отаншылдық, отансыздандыру, отбасылық медицина, отарсыздандыру, өкпесаз, өнерсүйер, өндіруші, өңдеуші, өңірлік, өңірлік бірлестік, өркениет, өркениетті, өркениеттілік өтінім («заявка»), пайыз, парламенты пәтуасыздану, рәсімде, рәуаят, рәуіш, ризадар, рияқорлық, рубай, руханият, рухсыз, рухсыздық, руаралық, сазгер, сазгерлік, сайлауалды, сайлауком, санаткерлік, санаткерлік меншік, сараптама, сараптамалық, сараптамашы, сартқұлан, сарыжағал: сарыжағал газет, сарықайрақтан, сатарман («сатушы»), сауалдама сауалнама, саума, саясаттанушы серіктестік, содыр («саяси экстремист»), сойқаншылдық, сом болат (тех), сорап (насос), сортаңдық, сусабын («шампунь»), сырғақсыт, сыйақы, сыныптау, сыңайсы, сірілі менингит (мед.), тағрифат, таптағыш (тех), талапкер (абитуриент), талдампаз (аналитик»), таралым, тарбейімді, тарихнама, тарихнамалық, тасқаяқ («бильярд»), тасқаяқшы («бильярдшы), телім (участок), теңгермешілдік, тәркіле, тестілеу, таржібана, тәуменді («тауелді»), тікелей эфир, тіленшілік, тіркелім, төлқұжат («паспорт, удостоверение личности»), төлқұжаттандыру, төрағалық, төсекқұл, туыт («новорожденный»), тұғыл («гальтель, тех.), тұжыр, (бағбаншылық), тығын («пробка», «затор»), тұлға («личность»), саяси тұлға, тілдік тұлға, уәли («губернатор»), уәкілет («полномочие»), уәкілетті, («депутаттыққа кандидат»), үнпарақ («листовка»), үстемшілдік, басымшылдық, үйіргелік, үйлестіруші («корррдинатор»), үміткер, үнқатысу, үнтаспа, ұйтқымалық, ұлпа (тех.), ұлтжанды, ұлтжандылық, ұлтқанды, ұлтқандылық, ұлтсыз, ұлтсыздық, ұлтсыздандыру: ұлт шашырандылары, ұлықта, ұра (меди, мемфаденит), ұранкеш, ұстаным, ұялы байланыс, ұялы телефон, ханзу, хаткерлік, хаттама, хұзырхат («петиция»), хұснихат («каллиграфия»), шақалақ (медицина, «эмбрион»), шала өткізгіш, шарқы («қабілетсіз»), шашкептіргіш, шайлық («чаевые»), шәкіл («шкала»), шегерім (финанс, «вычет»), шипажай (санаторий «пансионат»), шипалы су (минерал су), шығармагер, шығарылым («выпуск»), шығарынды («отброс»), шірінше (медицина «паротит»), ығыстырғыштық (тех.), ығыстырғыш (тех.), ыңғайпаз («либерал), ынғайластық, ырықтандыру, ырықтандырылу, ізгілендіру, ілгерілемелі, ілеспе газ, ілеспе мұнай, іскерлік, кәсіпкерлік (предпринимательство).

Әлеуметтік-саяси лексика *ашық қоғам, азаматтық қоғам, ашық азаматтық қоғам, азаматтық бірегейлену, әкімгерлік, әкімқара, әкімият, әкімдік, әкімшілендіру әлеуметтендіру, әртараптандыру, әріптестік, бастамшылдық, басымшылдық, бәсеке, бәсекелік, бәсекелестік, бәсеңшілдік, білімшіл, білікші, білікшілік, бірдейшілік, бірыңғайландыру, ұлтсыздандыру, геосаяси түзілім, ғаламдастыру, дәйексөздік, әлеуметтік дәйексөздік, демократияландыру, демократиялану, демократиясыздану, емдеу-сауықтыру кешені, есірткі трафигі, еншілес компания, бағалы қағаздар, мемлекеттік емес бағалы қағаздар, еуроазияшыл, еуразияшылдық, жекешілдік, желтоқсаншылар, ауғаншылар, жеркүзеткіштік (тарих терм.), елқорғағыштық (тарихи терм), жетімсіздік (қоғ., саяси), жинақтама, жинақтауыштар, жорналшы, жылжымайтын мүлік, зайырлы, зайырлы қоғам, зайырлы мемлекет, зайырлылық, заңгер, заңгерлік, заңнама, заңнамалық, зәузат қоры, зейнеткер, зейнеткерлік, зейнетақы, зиялы қауым, зияткер («интеллектуал), зияткерлік*

меншік («интеллектуалдық меншік»), исламият, инсаният, кешенді тестілеу, конфессия, конфессияаралық, көлеңкелі экономика, көппалаталы, көппалаталылық, көпвекторлы, көпвекторлы саясат, көтерме базар, көтерме сауда, қазақтілді, қалабасы, қара базар, қара пиар, қаржыгер, қара тобыр, қорғаншылық (әлеум.), қамқоршылық (құқық.), қамқоршы (құқық), қоспалаталы, құдайтану, құрылтайшы, құрылтайшылық, құттықтаухат, лаңкестік, лаңкесші, лаңкесшіл, лаңкесшілдік, ластаушы: ластаушы заттар, мәңгүрт, мәңгүрттік, мәслихат, мемлекеттілік, мемлекетшіл, мемлекетшілік, орталықсыздандыру, орыстандыру, отансыздандыру, отарсыздандыру, өгейшілік, өндеуші, өндіруші, өркениет, өркениетті, өркениеттілік, өтінім («заявка»), руханият («духовность»), рухсыз, рухсыздық, сайлауалды, саулауком, сарыжағал газет, сұйытылған газ, сұйытылған отын, содыр («экстремист»), тақырбастар (скинхедтер), тапсырысты өлім (құқық.), тарбейімді мамандық, теңгермешілдік, тестілеу орталығы, бірыңғай тестілеу жүйесі, тауменді тұлға («үкіметке тәуелді адам»), тікелей эфир, тіленшілік, тұлға: саяси тұлға, тілдік тұлға, уағдаластық, уәли («губернатор»), уәкілет, үй тұтқыны, үйіргелік: үйіргелік жер, үміткер (депутаттыққа кандидат), үнқатысу (диалог), ұлан («гвардия»), ұлтжанды, ұлтжандылық, ұлтқанды, ұлтсыз, ұлтсыздық, ұлтсыздандыру, ұлт шашырандылары, ұранкеш, шағын және орта кәсіпкерлік, шақырылым, екінші шақырылым, ықпалдастық (саяси), ізгілендіру, отаншылдық, ыңғайпаз, ыңғайластық, ырықтандыру, ырықтандырмалы, ілгерілемелі, ілеспе газ, іскерлік байланыс, абаттандыру.

Қайта жаңғырған сөздер: *ақжапалақ (құс ауруы, «мойнына, басына ақ дақ түседі»), абаттану, алпауыт («олигарх»), ашалан, ауыр дәулет.* І.Жансүгіров, Ж.Аймауытов т.б. шығармаларының жарық көруі лексика фразеологиялық жүйені байыта түседі: *бедекші, жайма базар, көтерме базар, кетек базар, қара базар, (нарықтық қатынасқа байланысты жиілігі арта түсуі); байрақ, көк байрақ, бостан күн, буылдық (Ж.Аймауытов) бөденеші гүлтасу, дәріпті (Ж.Аймауытов), дәсер табақ (Ж.Аймауытов); дегдар, дегдарлық, десбересі (Ж.Аймауытов); діл (автивтенді), жабыр (Ж.Аймауытов), азбеніш (Ж.Аймауытов), жәркелеш (балақтың түрі), жойдалы: жүдемете (Ж.Аймауытов); жібекші, зайырлы «светский», дүниауи, заяла, зәнжәбіл (дәрілік шөп), кермар сөйлесу, күзер («мұз үстіне салынған көпір»), күләбі қауын, күпек («парафимоз» ауру), кілет, күсет: саудасы күсет болды, Қабірстан, қалба («флюгер»), қамшыгерлік, қарыншаш (энт.), қасқыржортақ, қасқырит, қина (Ж.Аймауытов), қосын (эскери), қызыл қасқыр, қылшала (І.Жансүгіров), қылбуыттау (Ж. Аймауытов), қылкүлек (мед. «фимоз»), марапаттау, марапатталу, мәнгүрт, мәнгүрт мүжелсіздендіру («Егемен Қаз»), мысықсоны, нешік (кәр түрлі» деген мағынада), ойран (Б.Майлин), орғыл: орғыл құм, отағасы (отағасы ер адам, отанасы әйел), өжеңдесу, өрі ұйқы («қатты ұйқы», «таң қараңғысы түспей тұрғандағы ұйқы»), пәйке («скамейка», М.Мағауин), сағырла (І.Жансүгіров); салдаман (Ж.Аймауытов), самыр (миф., «қанатты ит». Егемен Қаз.); сандақтан (Ж.Аймауытов), сандырама (Ж.Аймауытов), сүйек сындырған (І.Жансүгіров), сүттырнақ (этнографизм), таскілем (Кадыр Мырза-Әли), татырқай (І.Жансүгіров), теңгетас («Жұлдыз»), тетіл (Жас Алаш»), тетіл («асыл тастың түрі»), тұжыр (бағбаншылық. Ж.Аймауытов), уәли («губернатор», Жұлдыз), уытқұмарлық (мед.), уғарақ «ащы дәрінің түрі: Н.Қазыбеков), үргелекте, үшем («үш егіз»), ұлы базар (Жансүгіров), умамай (Ж.Аймауытов), ура (мемфазенит), шау жаста. (Ж.Аймауытов), шашын (қардың көшіп түсетін беткейі), шәңгек, шегендел,*

шолақ саудагер (Ғ.Мүсірепов), шортташ (Ж.Аймауытов), шой балға («кувалда»), шұңет («воронка»), шыбығынан мөлдіреді (І.Жансүгіров), шылта (Ж.Аймауытов), шыңдауылшы, ызырар (Е.Раушанов), диқанторғай (Е.Раушанов), ізкесуші, ілкімді.

Орыс тілінен енген сөздер: *аграрий, айкидошы, айкидошы, акватория, акция, андекласс, анклав, анонс, антидемократиялық, антимонополиялық, атом электр станция, атомшы, аудиокассета, аудиокассета, банкомат, билборд, валюта рыногы (экон.), гейша, глобалист, грант, дзюдошы, демпингтік, деспрессиялы, деструктивтік, дефольт, диаспора, диаспорология, дилер, дифирамба, драйвер, еуробонд, игреман, изотоп, импорт, инновация, интеграция, интернет, инфляция, ипотекалық, ифтар, каратэ-до, каратэші, квотасыз, кечуя, кинология, кластер, кластерлеу, кластерлік, клип-мейкер, кмэби, компьютерлендіру, конвент, кондитер, кондитерші, консенсус, консорциум, конфессия, космополиттік, ксенофобия, легитимділік, лепрозорий, депозитарий, либералдық элита, лигитимдендіру, лигитимдену, лидменеджер, лицензия, лицензияланған, лот, люстрация, менеджмент, менталитет, медиа-форум, меценат, мигрант, мимикрия, мифологема, монополиясыздандыру, мониторинг, ньюсмейкер, олигархияландыру, оппозиция, оппозицияшылдар, патернализм, перевентивтік, популизм, популист, посткоммунистік, прессинг, провайдер, психотроптық: психотроптық заттар, радикализм, радикалдану, радикалдандыру, рейтинг, релятивизм, русофил, садомазохистік, сайт, саммит, сакралды, саундтрек (муз.), секуляризм, сертификат, сертификациялау, синдикаттал, слайд, стипль-чез (ат спорты), субвенция (экон. финанс), субэлита (саяси әлеу.), суицид (құқықтық-әлеум.), супермаркет, циркумцизия (мед.), триатлон (спорт), триатлоншы (спорт), триумфатор, тропосфера, телекоммуникация, телемедицина, технопарк, толеранттық, транзиттік, трансферт, фискальды, химера, холдинг, циназм, штрих-код, экзит полл, экотехнология, электорат (саяси-әлеум.), эротика, шоу, штрих-код.*

Будансөздер (гибрид сөздер): *аудиомәлімдеме, аудиотаспа, автожорық, автошеру, автокеруен, автодүкен; бейнекассета, бейнеклип, антиғаламдастыру, антиғаламдастырушы, аудиокассета, аэроғарыш, бейнекамера, бейнематериал, бейнемәслихат, бейнеролик, биоәртүрлілік биоқауіпсіздік, биоқуат, бірпалаталы, бірпартиялы, бірпаратиялық, бірпалаталық, велосапар, велошабандоз, геосаяси, дендробақ, зообақ, кинотаспа, көппартиялы, көпвекторлы, көппалаталы, көппалаталық: қоспалаталы, метотұрақтылық, медиакеңістік, медиақұрылым, метатұрақтылық, микрожоба, мұнайгаз, посткеңістік, сейсмотұрақтылық, спортсүйер, телеарна, тележиілік, тележүргізуші, телекеңістік, телевөнім, телесайыс, телетілші, телефонхат, трансұлттық, трансшекара, трансшекаралық, этносаяси, этнотоп, факсхат, фармоколаңкестік, экоахуал, экотехника, этноәлеуметтік, этносаяси, этнотоп.*

Кітаби фразеологизмдер: *Ахилестің өкшесі, Америка ашқан жоқ, билік Олимпі, Гамлеттік сауал, Демокл қанжары, Кербаланың шөлі, Кербаланың шөліндей, Крест жорықшылары, Сиам егіздері, тантал азабы.*

Діни лексика: *Ашура күні, ахлақ, ауызашар, аятолла, барат түні, ғұсыл, ғұсыл ету, ғұсыл құйыну, жаһаннамдық, жиһад, жұлдызнама, жұлдызжорамал, инсан, инсаният, ифтар, Кербаланың шөлі, Кербаланың шөліндей, Қадір түні, құрбан айт, Қызыр Ілияс қайта оралғандай, мағзұм, мағрифат, мазһаб, мәуліт айы, миғраж түні, муфти, муфтиат, мубарак, мустаким, мұғайын, намазжай, напіл, рағайып түні, түптүрік («пратюрк»), халал, шәууә» (айдың аты).*

Тұрақты тіркестердің аффиксация арқылы универбтену үрдісі. Күрделі құрама сөздерді орфографиялауда ескерілетін үрдіс күрделі құрама атаулардың аффиксация арқылы универбтену құбылысы. Екі сөздің бірігіп, мағыналық жақтан жымдасуына аффикстердің де әсерінің барлығы байқалады. Мысалы, *көз аларту* деген белгілі бір әрекетті білдіретін фразеологиялық тіркес, осы типтес фразеологизмдердің соңғы сыңарына *-шылық, (-шілік)* қосымшасы жалғанғанда, аффикстік мағына тек өзі жалғанған сөзге ғана тиісті болмай, өз сыңарын да қамтып, семантикалық біртұтас бірлікке айналады. Бұл жерде сөзжасамға жеке сөз емес, фразеологиялық бірлік негіз болады. Яғни аталмыш бірлік дефразеологизацияланады. Етістік мәнді фразеологиялық бірлік заттық мағынаға көшеді. Мазмұн межедегі өзгеріс тұрпат межедегі өзгерістің болуын қажетсінеді. Мұндай сөздердегі мағыналық формалық өзгеріс оларды біріккен сөз түрінде *көзалартушылық* деп орфографиялауды қажет етеді.

Тұрақты тіркестердің универбтелу үрдісі төмендегідей аффикстер арқылы жүзеге асатыны байқалады:

-шылық (-шілік): *бас қатыру+ -шылық >басқатырушылық, жек көру+ -шілік>жеккөрушілік, жол бастау+-шылық>жолбастаушылық: заң бұзу+ -шылық>заңбұзушылық, тұқым қуалау+-шылық>тұқымқуалаушылық: тізе батыру+-шылық>тізебатырушылық, тізе көрсету+-шілік> тізекөрсетушілік; тізе+қосу>тізеқосушылық, іш тарту+-шылық> іштартушылық,*

-лық (-лік) *ала қол+-дық>алақолдылық; ала көз+-дік>алакөздік; ала шапқын+-дық>алашапқындық, аш көз+-дік>ашкөздік, бос сөзді+-лік> боссөзділік, бір+ауыздылық>бірауыздылық, бір+партиялылық> бірпартиялылық, бірпартиялылық жүйе, бір+томдық>біртомдық; дін бұзар+лық>дінбұзарлық: екі жақты+-лық>екіжақтылық, екіжақты келісім; жалғызбасты+-лық>жалғызбастылық, жат жұрт+-тық> жатжұрттық, жалпақ шешей+-лік>жалпақшешейлік, жан пида+ -лық>жанпидалық; жарты жыл+-дық>жартыжылдық, бірінші жартыжылдық, жат жер+-лік>жатжерлік; жүз+жыл («ғасыр»)+дық> жүзжылдық (з а т «ғасыр»); көң+торғай+-лық>көңторғайлық, көп+ балалық>көпбалалық; көп+томдық>көптомдық, көрсе+қызарлық> көрсеқызарлық, мал+тапқыштық>малтапқыштық, мың+жылдық> мыңжылдық; өзім+білемдік>өзімбілемдік; тоң+мойындық>тоңмойындық, шет+жер+лік>шетжерлік; шет ел+дік>шетелдік; шет+мемлекеттік> шетмемлекеттік, ұрда+ жық+-тық>ұрдажықтық,*

-ты (-ді) *ағылшын тілі+-ді>ағылшынтілді; бір+палаталы>бірпалаталы, бірпалаталы парламент; бір+партия+-лы>бірпартиялы: бір+тілді>біртілді, екі жақ+-ты>екіжақты, екіжақты келісім; ер бас+-ты>ербасты болу; кең бейім+-ді>кеңбейімді, кеңбейімді маман; көп+балалы>көпбалалы; көп+тілді>көптілді, көптілді қоғам; қазақ тіл+-ді>қазақтілді; орыс тіл+-ді>орыстілді; үшжақ+ты> үшжақты келісім; тар+бейім+-ді>тарбейімді;*

-лар (лер): *ескек аяқты жануарлар>ескекаяқтылар; қол байлау+ -лар>қолбайлаулар; мүйіз тұмсықты жануарлар>мүйізтұмсықтылар; сүт қоректі жануар>сүтқоректілер; тар қанатты (насекомдар) >торқанаттылар; түзу қанатты насекомдар>түзу қанаттылар;*

-ар (ер): *бет ашу+ар>беташар; дін бұзу+ар; ойын бұзу+ ар>ойынбұзар, отқа салу+ар>отқасалар; тұсау кесу+ер>тұсаукесер; шырық бұзу+ар>шырықбұзар; Ескерту: басбұзар, көрсеқозар, қазанбұзар, т.б. әуелден біріккен сөздердің қатарына жатады; бетке ұстау+ар>беткеұстар; бетке шығу+ар>бетке шығар.*

-дану (-дену): *ала көз+дену>алакөздену; аш көз+дену> ашкөздену; балық көз+дену балық көздену; ешкі көз+дену>ешкіköздену; тор көз+дену>торкөздену;*

-ты (-ті): *ат соғу+ты>атсоқты (болу); бала басу+ты>балабасты болу, етек басу+ты>етекбасты (болу); жалғызбас+ты>жалғызбасты; жол соғу+ты>жолсоқты болу; көкей кесу+ті>көкейкесті (болу); пышақ кесу +ті>пышақкесті тиылу; тер сіңу+ді>терсіңді (болу); тұяқ кесу+ ті>тұяқкесті (болу);*

-мас (-мес): *ауыз ашу+пас>ауызашпас; ауыз жабу+пас>ауызжаппас; су жуғу+пас>сужұқпас; тоқым кебу+пес>тоқымкеппес; шаң жұқ+пас> шаңжұқпас,*

-тат (-тет): *бұлаң құйрық+тат>бұлаңқұйрықтату; сиыр құйым-шақ+тат>сиырқұйымшақтату.*

-тан: *сарықайрақ+тан>сарықайрақтан*

-ғыш (-гіш): *адам сүй (у)+гіш>адамсүйгіш; астық жақсарту (у)+қыш> астықжақсартқыш; ел қорға (у)+ғыш+тық>елқорғағыштық; еңбексүй (у)+гіш >еңбексүйгіш; жер күзет (у)+кіш+тік>жеркүзеткіштік; қалдық сақта (у)+ғыш+тар>қалдықсақтағыштар; отан сүю+гіш+тік> отансүйгіштік; шаш кептіру+гіш>шашкептіргіш.*

-ім: *көз көр (у)+-ім>көзкөрім.*

-ші: *із кесу+ші>ізкесуші.*

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКА-ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НОРМАЛАНУЫ ТУРАЛЫ[29]

Қазақ тілі: советтік дәуір мен постсоветтік кезең. Тілдегі жаңалықтар деген ұғым ақиқат өмірде пайда болған зат, құбылыс, уақиғаның атауы дегенді де, атау (лексема) бұрыннан бар қайта жаңғырған сөздерді де, мағына мазмұны бұрынан бар, бірақ формасы жаңалаған (транспорт көлік тәрізді) таңбаларды қамтиды. Сондай-ақ «жаңалық» дегенге сөздік құрамының актив қорынан пассивке ауысқан, керісінше пассив қордан активке ауысқан жылжуларды да жатқызамыз. Жаңа атаулардың қазіргі әдеби тілде алатын орны мен әдеби тілдің лексика-фразеологиялық жүйесін дамытудағы маңызын айтпас бұрын, олардың пайда болу себептері мен шарттарын айқындап алу аса қажет. Өйткені белгілі бір себебі, уәжі, шарты болмаса, «жаңалық» атаулының бәрін хош ала беруге болмайтыны белгілі. Сонымен бірге «жаңалық» деген ұғымды уақыт жағынан белгілеп, кезең-кезеңімен көрсету тиімді болмақ. Осымен байланысты біз әдеби тілдің тарихындағы барша жаңалықты емес, постсоветтік кезеңдегі жаңарулар мен жаңғыруларды қарастыра отырып, олардың пайда болу себептері мен шарттарын, түрлері мен типтерін көрсету, негізгі үрдістері мен нормалануын айқындау қажет деп білеміз.

Қоғамдағы тілдік-әлеуметтік құбылыстардың «жаңа» немесе «жаңа емесін», олардың «кездейсоқ» немесе «тұрақты», «жағымды», «жағымсыз» екенін айқындауда тілдегі жаңалық атаулының болмысы мен мәнін түсініп, баға беруде оғанға дейінгі қоғамның тынысын, тұлғасын, үнін айқындап, жалпыланған бейнесін жасап сөз ету тиімді болмақ. Өйткені қандайда бір қоғам болмасын, ол әлеуметтік организм. Қоғам өмір сүрген дәуірдің, кезеңдердің алар тынысы, қозғаушы тұлғасы, естілер үні болады. Қоғам өмір сүрген дәуірдің тілдік тынысын *пафос*, тілдік тұлғасын *этос*, ал сөзін *логос* деп атауға болады.

Советтік дәуір. ПАФОС. Жұртшылыққа белгілі Ұлы Төңкеріс кезінде ұзақ жылдар бойы жинақталған сандық өзгеріс сапалық күйге өтті. Әлеуметтік организмде жаңару мен жаңғыру басталды. Соған сәйкес қоғамдық идеал түбегейлі әрі тез өзгерді. Ескіні қирату, жаңаны жасау, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет жасау, саяси бостандық, әлеуметтік теңдік пролетариат билігі төңкеріс кезеңінің ұраны болды.

Одан кейінгі кезеңнің тынысы жаңа мәдениетті әрі қарай қалыптастыру, социализм жауларын әшкерелеу, ұлы көсемге табыну болды.

Келесі кезеңнің тынысы жеке басқа табынуды әшкерелеу, әміршілдік жүйені нығайту, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің ұлттық бет-бейнесін жоюға бағытталды.

Бұдан кейінгі кезеңде әлеуметтік организм бір қалыпты сабаға түсе бастады, жаңару мен жаңғыру баяулады. Кемелденген социализм, гүлденген тұрмыс, партия мен халықтың мызғымас бірлігі паш етілді.

Соңғы кезеңде мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениеттің нормаларынан ауытқу басталды. Өткен кезеңдерге оңды-солды сын айтылып, қоғамның іргетасы шайқалды.

---

[29] *Мақала Тілтанымдық зерттеулер (2003-2005 жж.) жинағы, – Алматы: Арыс, 2007 ж. жарияланған.*

Міне, советтік дәуірдің бұл аталған кезеңдеріндегі пафос советтік кеңістіктегі қоғамдастықтардың бәріне түгел дерлік тән болды, ал этосы мен логосында ұқсастықтар мен айырмалары да болды.

ЭТОС. Қазақ қоғамдастығындағы аталмыш дәуір этосының сипаты қандай? Тілдік ұжымның құрамы сөз мәдениеті тұрғысынан біртекті болған жоқ. Тілдік қауымдастықтың басым көпшілік бөлігі сөйлеу тілін тұтынған ауыл еңбеккерлері, колхозшылар, совхоз жұмысшылары еді. Әдеби тілдің кодификацияланған нормасынан гөрі олардың тілінде дағды (узус) басым болды. Олар әдеби тілдің жазбаша түрінен гөрі ауызша түрін қолдана білді көрсетілген норманы бастан-аяқ ұстанды дей алмаймыз. Қазақ тілін тұтынатын тілдік тұлғалардың енді бір әлеуметтік бөлігі шығармашылықпен шұғылданатын жазушы, журналист. Өнер адамдары, ғылымның қоғамдық, гуманитарлық саласындағы ғалымдар және оқыту, тәрбие, ағарту жүйесіндегі мамандардан құралды. Бұл аталған әлеуметтік жік, кейбір ауытқуларды ескермегенде, әдеби тілдің ауызша, жазбаша кодификацияланған нормаларын ұстанған тілдік тұлғалар болды. Тілдік тұлғалардың бұл бөлігі әдеби тілдің кодификацияланған нормаларын сақтаушы, қолданушы ықпалды күш деп танылады. Бұлар «адам – адам», «адам – қоғам» модусындағы әлеуметтік жікке жатады. Қазақ, қауымдастығындағы келесі бір әлеуметтік жік ана тілінен қол үзіп бара жатқан, қол үзген, орыс тілін тұтынатын тұлғалар болды. Олар негізінен жаратылыстану, техника, өнеркәсіп салаларындағы, яғни «адам табиғат», «адам машина» модусындағы мамандар болды. Міне, қазақ, қауымдастығының советтік кезеңдегі этосы, шамамен алғанда, осы іспеттес деуге болады.

ЛОГОС. Қоғамдық өмірде болып жатқан әр алуан саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістер мен уақиғалар тілдің жүйелік құрылымы мен функционалдық типтеріне (жалпыхалықтық тіл, әдеби (стандарт) тіл, оның жазба, ауызша қызмет түрлері, функционалдық варианттары т.б.) коммуникативтік құрылымына өзінің «із-таңбасын» қалдырмай кетпейді. Сондай «із-таңбаларды» жинақтап, оларға құрылымдық-функционалдық коммуникативтік, социолингвистикалық аспектіде баға беру әдеби тіл нормасын айқындау және кодификациялау үшін аса қажет.

Құрылымдық-функционалдық, коммуникативтік аңдатпа. 1920-1990 жж. Қазақстан қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени өміріндегі ерекше дәуір болып табылады. Советтік деп аталатын бұл дәуір қазақ тілінің 1) жүйелік, 2) функционалдық, 3) коммуникативтік құрылымдарына өзінің оң және теріс із-таңбасын қалдырмай қойған жоқ.

Тілдік құрылымындағы позитивті белгілер: лексика жүйесі неологизмдер, терминдер, кірме сөздермен толыға түсті, фонетика жүйесінде бірқатар фонеманың жаңа позициялық жағдайлары пайда болды, дыбыстардың тіркесімі артты; сөзжасамдық жаңа модельдер пайда болды: морфемалардың мағыналары мен қызметі саралана түсті: синтаксис жүйесінде жазба тілге тон күрделі синтаксистік құрылымдар (конструкциялар) пайда болды, сөздердің тіркесу қабілеті арта түсті.

Функционалдық құрылымдағы позитивті белгілер: әдеби (стандарт) тілдің жазба түрі кеңінен қолданыла бастады;

– жазба тіл нормалары қалыптасты,

– кітаби және сөйлеу стилінің белгілері айқындала бастады,

– функционалдық стильдердің тармақтары даралана бастады:

– тілдің мағыналық бірліктерінің стильдік бедерлері саралана түсті;

– кодификацияланған норма жүйеленіп, айқындалды;

– алғашқы грамматикалар, орфографиялық ереже, орфографиялық сөздіктер мен анықтағыштарда әдеби тілдің кодификацияланған нормасы қалыптаса бастады. Бұлар мәдени-тілдік жұртшылықтың пайдалануына қажетті құралдар еді.

Коммуникативтік құрылымындағы позитивті белгілер: Ұлттық тілдің коммуникативтік құрылымына қатысты позитивті өзгерістердің негізгілері кодификацияланған норма бойынша сөйлейтін, жазатын тілдік тұлғалардың типтері пайда болды. Олар әдебиет, өнер, ғылым, білім, оқыту, тәрбие саласындағы мамандар еді.

Бұл айтылғандарды қазақ тілінің жүйе құрылымындағы және функционалдық, коммуникативтік құрылымындағы позитивті құбылыстар деп бағалауға болады.

Сондай-ақ, біздің байқауымызша, советтік дәуірдің қазақ тілінің 1) жүйе құрылымында, 2) функционалдық құрылымдарында қалдырған негативті «із-таңбаларға» төмендегідей жәйттарды жатқызуға болады.

Тілдік құрылымдағы негативті белгілер: Қазақ тілінің лексикалық жүйесінде объективті ақиқаттың, ойлаудың (мышление) үзіктерін (фрагменттерін) ұлттық таным, тәжірибе негізінде вербализациялау (номинациялау) мешеулеп қалды. Номинациялық бірліктер калька-аударма тәсілі арқылы жасалып, сөзжасам жүйесінде уәжділіктен (мотивациялықтан) гөрі шарттылық көбейді; терминдер мен атаулар номинативтік бірлік түрінде қалып қойып, коммуникациялық айналымда жұмсалмады; фонемалардың реңктер жүйесі іргелес дыбыстардың өзара айтылым үйлесімі мен үндесімі (сингармоническая и ассимилятивная коартикуляция) бұзыла бастады да, дәстүрлі орфоэпиялық нормалардан уәжсіз ауытқулар көбейді.

Функционалдық құрылымдағы негативті белгілер: Қазақ әдеби тілінің кейбір функционалдық стильдерінің номинативтік базасы болғанымен, коммуникациялық базасы дамымай қалды;

– қазақ тілінің ғылым, ақпарат, басқару т.б. саласындағы қоғамдық-мемлекеттік дамымай қалды: институттарда жұмсалу деңгейі төмен болды;

– публицистикалық стильде (бұқаралық ақпарат құралдары тілінде) жасанды сөз «әшекейлері» (қара алтын, ақ алтын, ақ халатты абзал жан, болат жолдың батырлары т.б.) көбейді;

– ғылыми-көпшілік, саяси мазмұндағы шаршы сөз (публичная речь) түрлерінде формада объективтендіруден гөрі эстетикалық-көркемдік формалармен вербализациялау басым метафора, теңеу, параллелизмдерді қолдану жөнсіз көбейді. Ақиқатты логикалық-позитивтік болды. Тілдің интеллектуализациялану үрдісі бәсеңдеп қалды.

Коммуникативтік құрылымдағы негативті белгілер: Тілдік тұлғаның, дәлірек айтқанда, коммуникативтік тұлғаның сөз талғамының төмендігін көрсететін негативті құбылыстар сөз қолдануда, узуста едәуір орын алды. Оларды, шамамен, төмендегідей топтарға бөліп көрсетуге болады.

1. Ұлттық тілде баламалары бола тұра шеттілдік сөзге әсіре әуестенушілік болды Мысалы, *төраға, төралқа* сөздері бола тұра *председатель, президиум*; *уәж* сөзі бола тұра *мотив, науқан* сөзі бола тұра *кампания* сөздері, сондай-ақ *заказ беру, сменаға шығу* тәрізді тіркестер баспа өнімдері, мерзімді басылым, бұқаралық коммуникация (коммуникация тілдерін шұбарлай түсіп, мәдени-әлеуметтік мәні ерекше сөздердің қатарына жататын қазақша ай аттары қолданылмады.

2. Көне сөздерді заман сұранысына қарай қайта жаңғыртып, әдеби тілдің кәдесіне жарату тым бәсендеп қалды. Мысалы, *мұртөт «отщипенец», салауат «амнистия»,*

әткешшілік «контрабанда», әткеші «контрабандист» т.б. атаулар пассив қорда қалып қойды.

3. Байырғы ортаазиялық жазба тіл негізінде қазақ мәдениеті топырағында жерсіндірілген ескі қазақ жазба тілінің лексика-фразеологиялық қоры ұлттық әдеби тілді байытудың көзі ретінде пайдаланылмады. Мысалы, *нәбәтат («флора»), мақлұқат («фауна»), хуснихат («каллиграфия»), хашиа («заметка»), мәтін («текст»)* т.б. мәдени атаулар кезінде қазақ қоғамындағы зиялылардың, дегдарлардың сөз қолданысында кездесіп отырады.

4. Халықаралық терминдерді айтпағанның өзінде, тұрмыстық саладағы едәуір сөз аударылмай, орысша нұсқада алынды. Шеттілдік сөзді аудару, ұлттық тілден балама іздеу, тілдің ішкі мүмкіндігін пайдалану тәрізді шығармашылық әрекет бәсеңдеп кетті. Мұндай іс-әрекетпен бірді-екілі аудармашылар ғана шұғылданды.

5. Шеттілдік сөзді, ұлттық тілде баламасы бола тұра, орыс тілінен калька жолымен аудару етек алды: *егіз тамшыдай (*дұрысы *егіз қозыдай), диірменіне жел берді, диірменіне су құйды (*дұрысы *отына май құйды), жарты арал (*дұрысы *түбек), бақытымызға орай (*дұрысы *бағымыз бар екен, бағымызға қарай), мерекеңізбен, туған күніңізбен (*дұрысы *мереке құтты болсын, туған күніңіз құтты болсын).*

6. Байырғы кезде ауызша жолмен игерілген *кәмпит, пәбірік, зауыт, ыстанса, пойыз, тауар, пошта, мәшине* т.б. сөздер *конфет, фабрика, завод, станция, поезд, товар, почта, машина, съезд* т.б. түрінде басқа тілдік жүйенің жазуына сәйкес орфографияланды.

7. Сөйлеу тілінде, яғни тұрмыстық қатынаста, бейресми жағдайда орыс сөздерін араластырып сөйлеу басында *«*сәнге*»,* кейін дағдыға айналды: *звондаңыз, звонить етемін, конечно, вообще, остановка, молодец, Абаядан түсемін, Әуезовадан отырамыз* т.б.

Міне, советтік дәуірдің қазақ қауымдастығындағы логосы, шамамен айтқанда, осындай сипатта болды.

Әлеуметтік-лингвистикалық аңдатпа. Бұл айтылған позитивті және негативті көріністерді советтік дәуірдегі тіл саясатымен, тіл құрылысымен, тілдік ситуациямен тығыз байланыста қарау қазақ тілінің лингвистикалық бейнесін (портретін) аша түседі. Тіл құрылысы бір тілдің үстемдігіне құрылды. Ұлт тілдеріне ассимиляциялық қысым көрсету қостілділік арқылы жүзеге асырылды. Қостілділіктің құрылымы біржақты қостілділік (дисбалансированные двуязычие) түрінде болды. Мұның өзі қазақ тілінің жүйелік құрылымына да, функционалдық құрылымына да әсерін тигізбей қалған жоқ.

Орысша сөз қосып сөйлеу сәнге айналды да оның ақыры келіп, орысша сөздер мен грамматикалық формалар күнделікті сөйленісте орныға бастады. Сөйтіп, дүбара қазақша-орысша сөз қалыптасып, ол күнделікті сөйлеу дағдысына айналды.

Жартыкеш қостілділіктің аяғы біртілділікке ұласты: ата-анасы қос тілді болды да, ал баласы ана тілінен қол үзіп, біртілді болды. Әсіресе Қазақстанға әртүрлі себептермен өзге ұлт өкілдерін жаппай қоныстандыру қазақ тілінің демографиялық базасын әлсіретті.

Ұлт мәселесіндегі және бір тілдің өктемділігіне құрылған тіл құрылысындағы унитарлық принцип қазақ тілінің коммуникативтік-қоғамдық позициясын әлсіретті, қазақ тілінің тілдік ортасы шектеулі болды.

Сол кезеңдегі идеологияның қысымымен, Орталықтан түскен нұсқауларға байланысты ССРО атауы СССР, СОКП атауы КПСС, БЛКЖО қысқарған сөзі ВЛКСМ,

СОТА сен ТАСС болып өзгертілді. *Совет, колхоз, совхоз, спутник* т.б. советизмдердің қатары көбейді.

Кісінің аты-жөнін жазу жаппай *-ов, -ев; -ова, -ева, -ина, -ин* түріне көшірілді. Күндегісі күнде сан мәрте қолданылатын бұл атаулардың рекуренттілігі аса жоғары болды. Тіпті байырғы кездегі көрнекті тұлғалардың аты-жөні *-ов, -ев*-пен жазу, айту дағдыға айналды: *Махамбет Өтемісов, Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев* т.б.

Ұлттық ономастика жүйесіндегі мәдени дәстүр бұзылды. Қазақтың елді мекен атаулары революция көсемдерінің атымен аталды. «Үстем тап өкілдеріне қатысты бай, би, болыс, хан, сұлтан, әкім т.б. атауларының мағынасын жағымсыз коннотацияда қолдану; партия-совет құрылысына қатысты атауларды жағымды коннотацияда жұмсау сөздіктерде берілетін дерексөздердің тек жағымды контентте қолданылуы бақылауда болды.

Діни салаға қатысты атаулардың көбі, сөздіктен аластатылды, *Құдай, Алла, Аллаһ* сөздері бас әріппен жазылмады.

«Халық жауларының» еңбектерінен дерексөз (цитата) алуға тыйым салынды Жазу-сызу саяси-идеологиялық мақсатқа байланысты үш мәрте реформаға ұшырап, жазу нормаларының қалыптасуы едәуір кенжелеп қалды. Қазақ орфографиясы қосарлы стандартқа құрылды, яғни қазақ сөздері ұлттық тілдің, орыс сөздері сол тілдің заңдылығына қарай орфографияланды.

Қазақ тілінің басқару, ақпарат, ғылым-білім саласындағы қызметі тым шектеулі болды. Бұл жайт ұлттық тілдің интеллектуалдық базасын едәуір әлсіретті, қоғамдағы әлеуметтік мәртебесін төмендетті.

Қазақстандағы қазақтардың шетелдегі қазақ диаспорасымен тілдік байланысы болмады. Қазақ ұлттық әдеби тілінің жазу формасы әр елде әр басқа болды: Қазақстанда, МХР-да орыс жазуы, ҚХР-да араб жазуы, Түркияда латын жазуы пайдаланылды. Мұның өзі ұлт тілінің ғасырлар бойына қалыптасқан тұтастығын бұзады деген үлкен қауіп туғызып отыр.

Қазақ тілінің лексикалық жүйесі шетелдік сөздердің «басқыншылығына» ұшырады. Шетелдік элементтердің шектен тыс көбейіп кетуі қазақ тілінің ұлттық бейнесінің бұзылып, креол деп аталатын гибрид тілге айналып кету қаупін төндірді.

Жоғары мектеп, мемлекеттік мекемелер, басқару аппараттары т.б. салалардан қазақ тілі бірте-бірте ығыстырылып, мәдениеті дамыған ұлттық тілі ретінде орыс тіліне артықшылық берілді. Басқару, ғылым, ақпарат тәрізді (үш кит) кез келген қоғамдастықтағы шешуші мәні бар салаларда негізінен орыс тілі қызмет етті. Сөйтіп, совет халықтарын, оның ішінде әсіресе Қазақстан халқын орыс тіліне көшіру жоспарлы түрде жүзеге асырыла бастады. Әуелде советтік кеңістіктегі тілдер үш топқа бөлінді: жазу-сызуы жоқ тілдер (бесписьменные языки), жазу-сызу дәстүрі жаңа қалыптасқан тілдер (младописьменные языки), жазу-сызу дәстүрі ертеде қалыптасқан тілдер (старописьменные языки), жазу-сызуы болмағандарды болашағы жоқ тілдер (неперспективные языки), жазу-сызуы жаңадан қалыптасқандарды болашағы мардымсыз тілдер (малоперспективные языки), жазу-сызу дәстүрі ертеден келе жатқандарды болашағы бар (перспективные языки) деп бөле-жара қараған тіл саясаты үстемдік құрды. Болашағы жоқ тіл өкілдерінің бастауыш білімді ана тілінде алумен шектелсе, болашағы мардымсыз тіл қазақ тілінің өкілдері орта білімді ана тілінде алды, жоғары білімді әрі қарай орыс тілінде алатын болды. Мұның өзі коммуникативтік тұлғаның ана тіліндегі тілінде білім алуына мүмкіндігі болды. Тіл құрылысындағы осындай саясаттың барысында қазақ қоғамдастығында қазақтар

қазақтілді қазақтар, орыстілді қазақтар дейтін әлеуметтік жікке бөлінді. Сөйтіп, тіл тұтастығына, тілдік бірегейлікке (идентичность) жарықшақ түсті. Бұл жағдаят тілдің ұлтты ұйыстыратын қызметінің әлсіреуіне әкеп соқты. Ұлттың, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі тіл болса, тіл құрылысы саясатында бұл факторға жеткілікті мән берілмеді.

Постсоветтік кезең. XX ғасырдың аяғы советтік кеңістіктегі республикалардың тәуелсіздікке, егемендікке қол жеткізген жаңа дәуірдің басы болды. Осы дәуірдің алғашқы кезеңін, шамамен бірінші онжылдықты, шартты түрде постсоветтік алғашқы кезең деп атауға болады. Бұл кезеңде қоғамдық-әлеуметтік қатынас түбегейлі өзгерді. Социалистік меншік қиратылды. Өндіріс құралдары мемлекетсіздендірілді, жекеменшік басымдылыққа ие болды. Әлеуметтік организм ретінде қоғамның тынысы (пафосы), қозғаушы тұлғасы (этосы), үні (логосы) өзгерді.

ПАФОС. Социализм құндылықтары сынға алынды. Демократия, егемендік, тәуелсіздік; азаматтық қоғам, демократиялық қоғам, азаматтық мемлекет, ұлттық мүдде, ұлттық мәдениет, ұлттық тіл т.б. газет, радио, телеэфирде күнделікті айтылатын рекуренттілігі аса жоғары сөздер осы кезеңнің тынысын аңғартады. Қоғамның әлеуметтік ұлт, халық, өндіріс, техника, ғылым, мәдениет, тіл, жеке тұлға бәсекелестік қабілетке не дамуындағы қозғаушы күш бәсекелестік деген идея қоғамдық санадан орын тепті. Мемлекет, болғанда ғана өміршең болмақ. Ал жаһандық кезеңдегі бәсекелестікте И.И.И. деп аталатын үштіктің «интеграция», «интеллектуализация», «информация»-ның орны айрықша деп танылды. Әлеуметтік, мәдени құндылықтар қайта қаралып, советтік дәуірді оңды-солды сынға алушылық өрби түсті. Өткен дәуірді сындарлы талдаумен бірге бірыңғай қаралайтын жайттар ерекше орын алды. Бұрынғы кезеңдерде сын беделді тұлғаларды айналып өтсе, ендігі жерде жоғары лауазым иелерінің атына айтылған қарсы пікір, сыни сөздерді жұртшылық құлағы шалатын болды. Оппозициясыз демократиялық қоғамның болмайтыны ақиқат деп танылды.

ЭТОС. Советтік дәуірдегі тілдік және тілдік емес негативті факторлар тілдік тұлғаның психологиялық ахуалына, интеллектуалдық, эмоциялық санасына әсер етпей қойған жоқ. Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер, жаңару, жаңғыру тілдік тұлғаның санасына ықпал етті. Советтік дәуірде тілдік тұлғаның санасында «тіл қарым-қатынас құралы» деген пайымдау басым болды. Яғни құралды өзге құралмен де ауыстыра салуға болады-мыс деген түсінік те қалыптасты. Ендігі жерде тілдік тұлға өзін белгілі бір тілдің субъектісі ғана емес, сол тілде бейнеленген, я болмаса жасалған мәдениеттің де субъектісі екенін сезіне бастады. «Тіл-ұлттың атрибуты ғана емес, ұлттық болмыстың, ұлттың өзі» деген түсінік қоғамдық санада орын тепті. Бұрын кеңестік дәуірде мансұқ етілген құндылықтар тілдік тұлғаның қызығушылығын туғызды. Қай халықтың болмасын шеттілдік сөзге өзге жұрттың мәдениеті деп жатсына, жатырқай қарайтыны белгілі. Қазақтар да солай. Советтік дәуірде жоғын тек шеттілдік сөзден іздеуге дағдыланған, өзіндегі барын елеусіз қалдырған тілдік тұлға ендігі тұста қажетті сөзді ана тілінің әлеуетінен іздейтін, сонымен бірге шеттілдік сөздерді елеп, екшеп алатын екі түрлі векторды ұстана бастады.

Алайда тілдік ұжымның құрамы сөз мәдениеті тұрғысынан біртекті болмады. Әдеби тіл нормасын меңгеруде басым көпшілік дағдыға сүйенді. Кодификацияланған норманы қатаң ұстанушылардың саны азайып кетті. Әдеби тіл кодификацияланған нормасын қатаң ұстануға тиіс мерзімді басылымдар, баспа өнімдерін шығаратын шығармашылық ұйымдар болса, олардың қайсыбірі ресми түрде бекітілген

орфографиялық ереженің тұрақталған тұстарын бұзып, я болмаса «аумалы-төкпелі» көңіл-күйдің жетегінде кетіп, жазу мәдениетін төмендетіп жіберді. Былайғы жұртшылықтың әдеби тіл, әдеби тіл нормасына деген күдігін туғызып, жазу-сызуды дағдарысқа ұшырата жаздады.

Орта және жоғары мектеп бітірушілердің стилистикалық білігі ойдағыдай болмай шықты. Ауызша, жазбаша сөзге этикалық, эстетикалық тұрғыда баға берудің көрсеткіші (планкісі) төмендеп кетті.

Тілдік бедел бұрын көркем әдебиет ауылында болса, ендігі тұста тілдік бедел БАҚ-тың жұртына, қарай көшті. Алайда редакторсыз, корректорсыз шығып жатқан баспа өнімдері, арнайы дайындығы жоғары дикторсыз беріліп жатқан эфир хабарлары көбейіп, осының салдарынан БАҚ тілінің деңгейі ортақол дүниеге айналды. Қалай айту маңызды емес, нені айту маңызды дейтін қағиданы ұстанған пікір, қалыптасып үлгерді. Қоғамдық экономикалық қатынастың өзгеруімен байланысты тілдік тұлғалардың жарнамашы, жарнамалаушы түрлері пайда болып, жарнамалық мәтіндер көбейді. Жарнама президенттер қоғамдық санаға өзінің құндылықтар жүйесін сіңіре бастады. Жарнамалаушылар қоғамдық санадағы ұрлық «рақат», «ләззат», «сәттілік», «байлық» тәрізді концептілерді өзінің монополиясына айналдырып, аталмыш концептілердің ұғымын бұрмалап алды. Мысалы «арақ-шарап, сыра өнімдері «күштілік»; автомобиль «байлық, салтанат»; парфюмерия, зергерлік бұйымдар *«сұлулық», «сәнділік»;* ал «адамгершілік», «ар-ұят», «қайырымдылық», «еңбексүйгіштік», «әділет» тәрізді құндылықтарды білдіретін концептілер қоғамдық-әлеуметтік мән алмай (актуалданбай), тілдік тұлғаның когнитивтік санасындағы орталық аймақтан шеткері аймаққа ығыстырыла бастады. «Қазақстан» телеарнасында берілетін, жұртшылықты адамгершілік, бауырмалдық, турашылдық принциптеріне бастайтын ұлттық санаға оң әсер ететін бағдарламалар жабылып қалды. Қоғамдық-әлеуметтік өмірде басымдылық берілетін құндылықтардың арасалмағы бұзылды.

ЛОГОС. Қазақ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесі неологизмдермен, терминдермен байи түсті. Мұндай процестің көзі бұрын негізінен шеттілдік сөздер болса, ендігі жерде тілдің ішкі мүмкіндігі, әлеуеті сөз байытудың негізгі көздерінің бірі ретінде белсенділігі артты: *егемен, егемендік, абаттану, абаттандыру, ғаламдану, ғаламдастыру, жаһандастыру, демеушілік, демеу, дернәсіл, ақпарат* т.б.

– Ескі қазақ әдеби тілінің лексика-фразеологиялық бірліктерін кәдеге жарату үрдісі байқала бастады: *сыныпқұжат, мәтін, пайыз, шәкіл* т.б.

– Советтік дәуірде қуғын-сүргінге ұшыраған авторлардың шығармалары, діни мазмұндағы көркем шығармалар, тарихи жырлар т.б. жарық көріп, ондағы лексика-фразеологиялық бірліктер сөз айналымына түсе бастады: *ашалақ, ауыр дәулет, буылдық дәріпті, әзбеніш, сандырама, шыбығынан мөлдіреді* т.б.

– Әсіресе абстракті ұғымға қатысты қосымшалардың сөзжасамдық, белсенділігі арта түсті: *жеркүзеткіштік, бірдейшілік, әкімгерлік, бәсеңшілдік, заңгерлік* т.б.

– Етіс жұрнақтарының сөзжасамдық белсенділігі бұрынғыдан әлдеқайда күшейе түсті: *ақпараттандыру, әртараптандыру, айқындамалану, ұлтжандылану, ғаламдастыру, демократиясыздану* т.б.

– Біралуан сөздердің тіркесу қабілеті артып, семантикалық өрісі кеңейді: *бағаның ырықсыздандырылуы, азаматтық қоғам, балама ұсыныс, төлтума оқулық, бағалы қағаз, кешенді тестілеу* т.б.

– Лексикаланған тіркестердің қатары бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көбейе түсті: *ашық қоғам, азаматтық бірегейлену, зияткерлік меншік* т.б.

– Бұдан (гибрид) сөздердің қатары көбейді: *аудиомәлімдеме, велошабандоз, автошеру, велосапар, метатұрақтылық, микрожоба, телеарна, көппалаталы, телетілші, телефонхат, трансұлттық* т.б.

– *әсіре, көп, аралық, ішілік, хат, қағаз, жай* т.б. лексемалардың бейлексикалану (делексикализациялану) үрдісі күшейе түсті: *әсіре патриот, әсіре сақтық, әсіре сауаттылық, әсіре саясаттану, әсіре ұлтсыз, әсіре ұлтшыл, әсіре мемлекетшіл* т.б.; *көпвекторлы, көппартиялы, көп палаталы, көптомдық, көп балалылық, көп тілділік, көпұлттық* т.б.; *конфессияаралық, дінаралық, мемлекетаралық, иелікжай, телефонхат* т.б.

– Кейбір тұрақты тіркестердің дефразеологизацияланып универбтелу құбылысы күшейе бастады. Мұндай үрдіс, жекелеген фактілерде болмаса, бұрын оншалықты байқала бермейтін. Тұрақты тіркестердің универбттелу үрдісі төмендегідей төм аффикстер арқылы жүзеге асатыны байқалады:

-шылық (-шілік): заң бұз(у)+ -шылық заңбұзушылық

-лық (-лік): бір партия лы+лық бірпартиялылық, бірпартиялылық жүйе; шет мемлекет +-тік > шетмемлекеттік.

-ғыш (-гіш): қалдық сақта(у) + гыш + тар> қалдықсақтағыштар; отан сүю + гіш +тік > отансүйгіштік.

Постсоветтік кезеңнің логосындағы мұндай жаңалықтар ең алдымен қоғамдағы өзгерістермен, позитивті факторлармен байланысты. Оны төмендегідей әлеуметтік контекстен байқауға болады.

Қазақстанның тәуелсіздік, егемендік алуының нәтижесінде қазақ тіліне мемлекеттік тіл деген конституциялық мәртебе берілді. Өйткені қазақ тілі мемлекет құрушы этностың, титулды халықтың ұлттық тілі өз Отанында минорлық күйде қалып қойуы тілдік тұлғаның ұлт намысына тиетін аса қауіпті аймақ деп танылады.

– Республикада мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің құқықтық базасы жасалды. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес КР-ның Тілдер туралы Заңы қабылданды;

– Республикада қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне шет тілі ретінде оқыту үшін оқулықтар, оқу құралдары, тілашар, әдістемеліктер және оқыту мен үйретудің жаңа технологиясын жасау қолға алынып, мемлекеттік тілдің оқу-әдістемелік базасы жасалды;

– Республика жоғары мектептерінде пән сабақтарын қазақша оқыту ісі қолға алынып, дамыту үшін мемлекеттік тілдің лингвистикалық базасы жасалды. Академиялық «Қазақ грамматикасы», «Қазақша-орысша сөздік», «Қазақ тілінің сөздігі» «Орфографиялық сөздік», «Орфоэпиялық сөздік», «Терминологиялық сөздіктер» жарық көрді;

– Республикада жоғары мектептерге арналған пән оқулықтары мен оқу құралдары білім қойылды. Осы салалар бойынша қазақ тілінде ғылыми диссертациялар жазылып, қорғау ісі ішінара болса да қолға алынды. Сөйтіп, қазақ тілі ғылым-білімді үйретудің және ғылыми ойды объективтендірудің құралына айналып келеді;

– Республика Парламенті, Үкіметі мәжілістерінің жұмыс тілі ретінде орыс және қазақ тілі, ара-тұра қазақ тілі қолданыла бастады;

– Республика заңдарының жобасы негізінен орыс тілінде әзірленіп, қазақшаға аударылатын болса, ендігі жерде ішінара заң жобалары қазақша жасалып, орысшаға аударылатын болды;

– Республика Президенті сайлауымен байланысты заң бойынша президенттікке

кандидаттардың қазақ тілі бойынша лингвистикалық комиссиясының сынағынан өтуінің міндеттелуі саяси-қоғамдық санада қазақ тілінің мәртебесін көтеретін шаралардың бірі болды;

– Республикада қазақ тілінің демографиялық базасы біршама жақсара түсті. Өзге ұлт өкілдерінің этникалық Отанына оралуы, ҚР-ның көші-қон саясаты, Республика Президентінің Жолдауларына байланысты Үкіметтің көші-қонға катысты әлеуметтік шараларды жүзеге асыруы демографиялық ахуалға оң әсерін тигізді;

– Қазақ тілінің диаспорасымен байланыс жасауына, ақпарат алысуына, мәдени алыс-беріс жасауына азды-көпті жағдайлар жасала бастады;

– Қазақ тілі БАҚ-та, бұрынғыға қарағанда, заң бойынша, біршама ақпараттық кеңістікке ие болды. Мерзімді басылымдардың таралымы аздау болғанмен, саны көбейді. Теле-, радиоэфирдегі бағдарламалардың түр-түрі көбейді, хабарлардың 50%-ға жуық уақыты қазақ тілінде берілетін болды.

ҚАЗІРГІ БАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ БЕДЕРЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ[30]

Әдетте троп, фигураларды сөз шеберлігін көрсететін көркемдік тәсіл деп таниды. Троп, фигуралар сонымен бірге мәтіннің эстетикалық деңгейін көтеретін ерекше құралдар болып есептеледі. Газет тілін арнайы зерттеген ғалым В.Г.Костомаровтың айтуынша, «бір жағынан стандартқа, екінші жағынан экспрессиялыққа ұмтылу газет тілінің негізгі белгісі болып табылады» [1, 167-168]. БАҚ тілі де әдеби тілдегі көркемдеуіш, бейнелеуіш тәсілдерді мүмкіндігінше пайдалануға тырысады.

Фигуралар. Сөз фигуралары дегеніміз – сөзге эмоционалды, эстетикалық рең беру үшін қолданылатын тәсілдер. Сөзге эстетикалық әсер, эмоционалды мағына үстеу мақсатын көздеген сөз субъектісі – адресант әртүрлі фигураларды қолдануды қажетсінеді. Сөйтіп, дайын өрнекті үлгілер пайда болады. Бұлар әрі қарай дайын күйде қолданыла келіп, стандартқа айналады. Алайда мұндай дайын үлгілер (стереотиптер мен стандарттар) көп ұзамай-ақ үйреншікті сөзге айналып, эмоционалдық мағынасын, эстетикалық бояуын жоғалта бастайды. Мұның өзі жаңадан сөз фигураларының соны түрін жасауға түрткі болады.

БАҚ тілінде сөз фигураларының бәрі дерлік кездеседі. Солардың ішінде әсіресе сұраудың түрлері, қайталаудың түр-түрі, аппликациялар жиі қолданылады.

Сөз өрнектерінің (фигуралардың) ішінде сұрау қою тәсілінің эстетикалық қызметі көріктеуіш мәні, айрықша сұрау қою тәсілі, ой жүзіндегі адресатпен бетпе-бет отырғандай одан жауап күткендей әсер қалдырады. Әдетте сұрау келелі бір мәселе жөнінде қойылады да әрі қарай сөздің пайымдау түрінде жүзеге асуына негіз болады. Әрине, сұрауды дұрыс, орынды жерде қою журналистің сөз шеберлігіне байланысты. Сұрау қою прагматикасы жай, қатардағы мәселеден келелі, өзекті деген мәселені бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Автордың әрі қарайғы баяндауының жоспары іспетті мұндай композициялық тәсіл *дубитация* деген арнайы терминмен аталады. Сұрау қою, әрине, оқырманнан (көрерменнен, тыңдарманнан) жауап күту үшін қойылмайды. Сұрау адресаттың айтылған мәселе жөнінде реакциясын туғызу үшін қойылады.

Сұраудың бұл айтылған келелі түрінен басқа *риторикалық* деп аталатын түрі болады. Риторикалық сұрау автор мен адресаттың арасындағы байланысты күшейте түседі. Автор адресатты айтысқа шақырғандай әсер қалдырады.

Сөз фигураларына жататын тәсілдің бірі – тілдесім. Айшықты сөздің бұл түрі қиын мәселені, өзекті мәселені адресаттың (оқырман, көрермен, тыңдарманның) ой талқысына салғандай әсер қалдырады. Адресатты ойландыруға, іштей қорытынды жасауға итермелейді, адресатпен ақылдасқандай сыңай танытады. Тілдесім тәсіліне негізінен *өзіңіз оймен көріңіз, өзіңіз байқап қараңыз, өздеріңіз ой жіберіңіздерші, жауабын өзіңіз айтыңыз, есептеп көріңіз, дұрыс-бұрысын өзіңіз-ақ айтсаңыз* т.б. тәрізді қолданыстар жатады. Автор адресатпен *өз, өзіңіз* есімдігі арқылы тікелей тілдесіп, пікірлесіп отырғандай сыңай танытады. Тілдесім тәсілі арқылы автор мен адресат арасындағы байланыс күшейе түседі.

Өрнекті сөз үлгілерінің бір түрі – лепті сөз тәсілі. Белгілі бір нәрсеге, мәселеге таңдану, таңырқау мағынасын білдіріп, сөздің эмоциялық реңкін күшейте түсу мақсатында қолданылады. Мысалы: *Неткен жанашырлық десеңізші!; Шіркін, бауыр деген осындай болса!; Қаржының көзін тауып, мынадай мектеп салу тамаша емес*

[30] *Мақала Тілтанымдық зерттеулер (2000-2002 жж.) жинағы, – Алматы: Арыс, 2007 ж. жарияланған.*

пе!; Алматының сол кездегі апорты ғажап еді-ау! (Қазақ радиосы). Лепті сөз тәсілі арқылы автор адресатпен байланысты күшейте түседі.

БАҚ тілінде қолданылатын өрнекті сөз түрлерінің бірі – мақсатты қайталау. Тілдік жүйеде қайталаудың түр-түрі көп. Сөз құрамында қайталанатын сегмент – айтылмақ ойды «шегелеудің» бір тәсілі. Әсіресе қайталаудың *эпанодос* деп аталатын түрінің адресатқа әсері айрықша [2]. Мұнда қайталанатын сегмент терістеудің мағынасын ерекше әсерлі етіп береді. Бұл тәсіл әсіресе мақал-мәтелдерде жиі кездеседі: *сұлу – сұлу емес, сүйген сұлу; әдет – әдет емес, жөн әдет*. Бұлар қайталаудың үшендік түріне жатады. *Бір бас жақсы, екі бас одан да жақсы* (мақал); *Таңдаған тазға жолығады, таңдамаған азға жолығады; Барғызбасың барғызбас деген* (мәтел). Осындай үлгімен жасалған мақсатты қайталаудың әсері айрықша. Сондықтан *айтпайын деп ем, айтпасыма қоймады; бармайды емес, барады; жетіспейді емес, жетеді* т.б. тәрізді БАҚ тілінде мақсатты қайталау ерекше стильтүзімдік элемент, әрі эстетикалық мәнділік болып табылады.

БАҚ тіліндегі өрнекті сөздің бір түрі – сөзтерім (аппликация) тәсілі. Автор сөз ішіндегі эстетикалық, мазмұндық мақсатта мақал-мәтел, қанатты сөз, нақыл сөздерді қолдануы мүмкін. Сөзтерім тәсіліне ғылыми күрделі терминдерді, газети штамптарды қолдану да жатады. Жалпы жұртшылыққа белгілі дайын үлгілерді қолданудың айрықша стильдік, эстетикалық мәні бар.

Автор сөзтерім тәсілін қолдана отырып, өзінің тапқырлығын көрсете отырып, мәтіннің қасаң тартып, үйреншікті болып қалған сөзге жаңа бедер салады, мақал-мәтел, аңыз әңгімелер жұртшылық санасын бейнелейді, ой-сананы қалыптастырады. Қазақ радиосында берілетін сатиралық хабарларда қолданылатын «Тазша баланың тақиясында жүрген әңгіме», «Қожанасырдың қоржынындағы сөз» жұртшылық санасындағы прецедентті бейнелермен үлгілерге жатады.

Айшықты сөз түрлеріне үзікті сөз тәсілін жатқызамыз. Автор белгілі бір сөйлемде айтылған мазмұнға қатысты аса маңызды компоненттерін келесі сөйлемде есімдік арқылы қайталап, атау сөйлем түрінде қолдануы үзікті сөз тәсілі деп аталады. Мысалы: *Айтар әңгіме көп қой, оны тыңдайтын кім?*

Алдыңғы сөйлемде айтылған ойды сөйлем немесе сөз тіркесі түрінде дәлдеу, нақтылау тәсілі эпифора тәсілі деп аталады. Мысалы: *Оқығысы-ақ келді, қаржы жоқ.*

Сегментация, парцелляция тәсілдері сөзге айрықша логикалық екпін түсіріп айтуға мүмкіндік береді. Атаулы сөйлемдер, эпифраз сөзге қосымша ақпарат үстейді. Бұлар сөздің интонациялық жақтан біркелкі, бірсарынды болмай, әр алуан болып құбылуына мүмкіндік береді. Айшықты сөздің мұндай түрлері ырғақ, әуез жағынан әр алуан болып құбылып тұрады.

Салыстыру, салғастыру тәсілі де айшықты сөздің бір түрі деп танылады. Бұл тәсілде тәрізді, сияқты, секілді, еске түсіреді тәрізді лексемалар жиі қолданылады. Салыстыру сөз мазмұнын терең, жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Ықшамдылық, мазмұн мен түр үйлесімділігі т.б. қасиеттеріне байланысты әсіресе газет бағаналарындағы мақала аттарын қоюда айшықты сөздердің түр-түрін орынды пайдалана білудің мәні ерекше.

Айшықты сөз түрлерін жасауда қазақ тілі дыбыстарының мүмкіндігі аса зор. Жуан дауыстыны жіңішке, жіңішке дауыстыны жуандату, ашықты қысаңдату, келтені созу арқылы әртүрлі фонетикалық фигуралар жасау стильдік мақсаттың үдесінен туындайды.

Әсіресе дыбыстардың сөзішілік ұйқасының сөз айшықтаудағы орны ерекше. Қазақ тілінің дыбыстық бірліктерінің фонетикалық фигуралар жасаудағы мүмкіндігі, әсіресе, радио, телехабарлардың геоденистік бағдарламаларында пайдаланудың мәні ерекше екені байқалады.

Троптар – мағына астында мағынасы бар тілдік бірліктер. Сөздің тура мағынасы болады да, сол тура мағынаның қосарында жанама мағына жүретін сөздердің ерекше түрі *троптар* деп аталады. Сөз мазмұнындағы екі түрлі мәнділіктің өзара байланысты болуы, бірін-бірі байытып тұруы сөздің бедерлі болуына әсер етеді.

Троптардың, яғни бейнелі сөздердің ішінде метафора ерекше орын алады. Ақиқаттағы бір заттың, құбылыстың, уақиғаның атауы ұқсас белгісі бар екінші бір затқа телінуі метафора деп аталады.

Метафора – когнитивтік санадағы ең іргелі қасиет. Адамның дүниетанымына тән бұл қасиет «жаңаны» ескімен, «белгісізді» белгілімен салыстыру барысында дүниедегі заттар мен құбылыстарды танып біледі, салыстыру арқылы олардағы ортақ белгіні табады. Оларды ортақ белгілеріне қарай ортақ атаумен атайды, яғни когнитивтік санада білім пайда болады. Сол білімді игеру, сақтау, қайта жаңғырту, бірден-бірге беру метафора операциясымен тікелей байланысты. Метафора белгілі бір білімді өңдеу барысында қайта жаңғыртудың нәтижесі деуге болады. Метафора ақиқат дүниенің санада қайта жаңғырып, өңделген бейнесі. Метафора туралы іргелі теориялық зерттеудің көрнекті авторлары американдық ғалымдар Дж.Лаккаф пен М.Джонсонның зерттеуінше, қоғамдағы зат, құбылыстар адамның күнделікті қарапайым әрекетінің образдарымен беріледі. Мысалы, *машина жүреді, қарағай биік болып өседі, бұлақтың көзі* (адам көзінен ағатын жастың образы) т.б., сондай-ақ күрделі іс-әрекетінің образдары: *жүректі жаулап алу (соғыстың образы); ақпараттар ағыны (өзеннің образы)* т.б. Зерттеушілердің айтуынша, мысалы, саясат адам ақыл-ойының, әлеуметтік әрекетінің өзара байланыстағы көрінісі. Осы саясаттың образы – спорт, театр, соғыс метафора арқылы беріледі. *Саяси ойын, саяси арена, саяси одақтастық, саяси қарсылас, саяси әріптес* т.б. арена, сахна (театр), дода, тартыс (спорт) базалық образдар.

Экономикалық қиын кезеңдегі қоғамның образы БАҚ тілінде ауру-сырқау адамның метафорасы арқылы беріледі: *қоғамның сау мүшесі жоқ, экономиканы сауықтыру шаралары қолға алмай болмайды* (телехабар), *экономиканың өзегіне құрт түсті* т.б. Мұндағы *сауықтыру, ем-дом, үшкіру* т.б. ауру-сырқауға қатысты базалық образдар.

Экономикалық дағдарыс жағдайындағы кәсіпорындардың образы кедейлік арқылы беріледі: *қалтасы шұрық-тесік, көк тиынсыз қалды, аздаған қаржы басына тартса, аяғын аяғына тартса басына жетпейді* дегендер кедейлікке қатысты базалық образдар.

Экономикалық дағдарыстан шыққан кәсіпорындардың, шаруашылықтардың образы ала бастаған малдың метафорасы арқылы беріледі: бүйірі шықты, қонданып келеді. Бұлар зооцентристік метафоралар. Ал қалтасы бүтінделе бастады – антропоцентристі метафоралар. Қоғамдағы жақсы нышандар фитоцентристік метафоралар арқылы бейнеленеді: *достықтың тамыры тереңде, гүлденген ауыл, өркені өскен ел* т.б.

Қоғамдағы, шаруашылықтағы жағымды әлеуметтік құбылыстарды шаруашылыққа қатысты зоонимдік, фитонимдік метафоралар арқылы беру тәсілі жиі кезде-

седі. *Мұрындық болды, тығырықтан шықты, өріс алды, тамырына балта шапты, түп тамырымен қопарды* тәрізді образдар қолданылады.

Биліктің образы жалпыға, жылқыға, жылқы шаруашылығына қатысты метафоралармен айшықталады: *атқа мінгендер, ат үстіндегілер, биліктің тізгінін ұстағандар* т.б. Биліктің образы ішінара мәшинеңің метафорасы арқылы берілетіндігі байқалады: *джип мінгендер, мерседес мінгендер* т.б. Сондай-ақ байлықтың образы мәшине, үй метафоралары арқылы беріледі: *джип мінгендер, мерседес мінгендер, котеджгедегілер*. Мұндағы *ат, мәшине, үй* базалық образдар.

Саяси партиялардың образын беруде соғыс метафорасымен қолданылады: *сойылын соққандар, шоқпарын ұстағандар, сойылын соғып, жыртысын жыртқандар* т.б. Мысалы: *Бір партия кедейлердің сойылын соқса, бір партиялар байлардың жыртысын жыртып жүр* («Хабар», «Жеті күн» бағдарламасы. 14.03.04).

Президент сайлауы, парламент сайлауы тәрізді саяси акциялар спорт метафораларымен берілуі жиі ұшырасады: *Президент сайлауы өз межесіне жетті (газеттен); додаға түсушілер аз болған жоқ; қарсыласын шаң қақтырып кетті, мәреге жете алмады* т.б.

Талас-тартысты жайт, бірін-бірі терістейтін ақпараттар БАҚ хабарларында едәуір орын алады. Қоғамның саяси, экономикалық жағдайларында кездесетін талас-тартыс жайттардың *қол, майдан, тосқауыл* тәрізді әскери метафора базалық образ болып табылады. Мысалы: *Қазақстанда 9 партия бар. Солардың ішінде «Отан» партиясы 300 мыңдай мүшесі бар қалың қолға айналды* («Хабар», Жеті күн. 14.03.04); *Күріш нарығындағы ақпараттық майдан қыза түсті* (14.04.04). *Алғашқы құрылған жылдары «Отандықтар» біраз қиындықтар көрді. От пен судан өтті* («Хабар», Жеті күн)

БАҚ тілінде көріктеуіш, бейнелеуіш құралдардың жағымды // жағымсыз мағыналарын ажыратпай қолдану жиілей түсті. Мысалы: *маскүнемдік өрістеді, нашақорлық қанат жайды, арақтың нәтижесінде* тәрізді нормадан ауытқуы жөнсіздік деп бағаланады. Өйткені *нәтиже, өрістеу, қанат жаю* дегендер тек жағымды контексте ғана қолданылады. Ал *етек алды, салдарынан, кесірінен* тәрізді норма бойынша тек жағымсыз контексте қолданылады. *Нашақорлық етек алды, маскүнемдік етек алды, арақтың кесірінен (салдарынан)* т.б.

Сөз бостандығы, қалам еркіндігі деген ұғым БАҚ тіліндегі фактілерге қарағанда, кейде үстірттеу түсінікпен ұштасып жатқандай көрінеді. БАҚ тілінде анайы, тұрпайы формалар арқылы сөздің эмоционалдық, экспрессивтік мағынасын күшейту, сөйтіп, адресат сезіміне әсер ету тәсілін қолданушылық жиілей бастады. Бұл мәдени, өркениетті қоғамға тән эпликалық. этикеттік нормаларды бұзу болып табылады. Бұдан байқайтынымыз, тілдік норманы, стильдік норманы, мазмұны тым төмен стильдік құралдарды, ресми жағдайда, кітаби контексте қолдану, өрескел бұзуға жатады. Бұл, әрине, сөз мәдениетін ғана емес, бұқаралық коммуникация мәдениетін төмендететін келеңсіз жайттар. Ұлттың, ұжымның, жеке бастың намысына, мәдени-ұлттық дәстүрлерге, кәсіби іскерлігіне, абыройына нұқсан тигізетін сөздерді тікелей де, астарлап та қолдану этикалық принциптерді өрескел бұзудың тілдік, тілдік емес фактілері деп бағаланады.

Троптың бір түрі – метонимия. Метонимияда бірнеше сөзбен берілетін сипаттама сөйлемдер бір сөзбен ғана беріледі. Сондықтан да троптың бұл түрі газет тіліне өте қолайлы болып келеді. Әдетте метонимия сөзге сөйлеу тілі түріне тән сипат береді, сөздің «дайындықсыз», машықты екенін танытады. Метонимия белгілі бір ойды,

құбылысты нақтылай түседі. Троптың бұл түрін шебер қолдана отырып, қаламгер күлкі туғызу үшін пайдаланады. Бүтіннің атауын бөлшекке, бөлшектің атауын бүтінге телу әдісі, әдетте, *синекдоха* деп аталады. Адамның когнитивтік санасында бейнеленген жеке бір заттың, сол тектес көп заттың белгілері жинақталады да абстракция, ойша конструкт түрінде болады. *Мен осы қазақты түсіне алмай қойдым; қазақ десе, бәрімізге тиеді; қазақтың жауы – қазақ* дегенде қазақ бүтіннің бөлшегін білдіріп тұр. Бүтіннің орнына қолданылатын атау бөлшектің орнына жүріп тұр.

Аллюзия белгілі бір жайды меңзеп тұрады, Мәтіндегі сөзбе-сез мағынаның қалтарысында оқырманның есіне түсетіндей немесе ассоциация тудыратындай, сезіміне әсер ететін прецедентті мәтін немесе прецедентті атаулар болады. Мысалы, «айта-айта Алтайды десе» прецедент автордың нені меңзеп тұрғаны оқырманға белгілі, қайта айтыла беріп, мезі болған нәрсе екенін адресат бірден түсінеді. Өйткені «Алтай» әні, ал әнді айтушы жөнінде адресаттың білімі бар. Автор мен адресатқа ортақ білім қоры болғанда ғана прецедентті мәтіннің әсері айрықша болады. *Бәрін айт та бірін айт, даудың басы* деген көркем әдеби прецеденттер газет, радио, телехабарлар тілінде оқта-текте кездесіп отырады.

Кейбір прецедентті мәтіндер көпмәнді болып келеді. Прецедентті мәтін мәдени-танымдық кеңістікті кеңейте түседі. Прецедентті мәтіндегі феномендер арқылы автор мәтін мазмұнын эмоциялық мағыналармен байыта түседі. Прецедентті феномендер журналистің жоғары мәдениет иесі ретіндегі имиджін қалыптастыруға әсер етеді.

Қазақтың мәдени-ұжымдық санасында Алдар көсе, Қожанасыр прецедентті стереотипке айналған. Сондықтан қазіргі кезде Қожанасырдың қоржыны, Алдар көсенің таяғы дегендер пәлендей күшті эмоция туғызбайды.

Сөздің экспрессиялық бедерін, мазмұндық мәнін арттырудың бір тәсілі – мақал-мәтелдерді қолдану. Мақал-мәтелдерді орынды, «сұранып» тұрған орнына қарай, аса қажеттілігіне қарай жұмсаудың адресатқа тигізер әсері ерекше. Ал мақал-мәтелдерді осылай екен деп кез келген жерде қолдану, бірінің үстіне бірін қолдану сөзді жасанды, тоқпақтап отырғандай көрсетіп, жағымсыз әсер қалдырады. Мұндай сөзге жұртшылық «таз бақалшыл, жаман мақалшыл» деп баға берген болатын. Мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді қолдану жайында байырғы билер ұстанған принциптердің бірі осы тәріздес болған.

Сондай-ақ мақал-мәтелдердің, фразеологизмдердің екінің бірі айта бермейтін, жұртшылықтың күнделікті сөзінде аузына іліне бермейтін түрлерін орынды жерінде қолдану, ситуация мен контекске сай жұмсау сөздің айшықты бедеріне айрықша үлес қосады. БАҚ тілінде *атқанына тигізіп, айтқанына жүргізді; жан бар жерде жанжал да бар* (Қазақ радиосы, 14.03.04) тәрізді мақал-мәтелдер өзінің сонылығымен мазмұнына айрықша ажар беріп, бет-бедерін айқындай түседі.

Көп жағдайда теле, радиохабарлар авторларының мақал-мәтел, нақыл сөздерді қолдануда:

мақал-мәтел, нақыл сөздерді мөлшермен қолдану;

мақал-мәтел, нақыл сөздерді тілдік емес ситуацияға сәйкес жұмсау;

мақал-мәтел, нақыл сөздерді контекске лайық жұмсау;

мақал-мәтел, нақыл сөздердің неғұрлым соны, сирек түрлерін таба білу тәрізді принциптерге ерекше мән бере бермейтіні байқалады.

Окказионализм. Сөз бедерлеуге тырысу сөзді символдық таңба ретінде ғана қолданбай, әсер етуші таңба түрінде жұмсау сөздікте жоқ, тілде жоқ бірліктердің пайда болуына түрткі болады. Қаламгер белгілі бір зат, құбылысты кәдімгі сөз

арқылы берумен, тілдегі дайын бейнелі бірліктерді пайдаланумен шектелмейді. Тілде кездеспейтін, тек қалам иесіне тән тосын универбтер жасап белгілі бір зат, құбылыстың мәнін ашады. Мұндай сөздер контексте ғана қолданылады да сол контексте ғана мағынасы түсінікті.

Қасаң тіркестердің (штамптар) көркем әдебиет, БАҚ тілінде қолданылуы пәлендей оң нәтиже бермейді. Әуел баста сөз бедерлеу мақсатында пайда болған, бірақ қолданыла келіп, бедер бейнесінен тез айырылып, қасаң тартқан бірліктер *штамптар* деп аталады. Штамптар *қасаң фразеологизмдер* деп те аталады. Штамптар белгілі бір құбылыс, зат т.б. тура атаудың орнына, оларды сипаттама сөз орамдарымен беру жолымен пайда болады. Мұндай тәсіл әуелде

бедерлі көрінгенмен, экспрессивті өңінен тез айырылады. Қасаң фразеологизмдер кезінде советтік мерзімді баспасөз тілінде, оның ішінде қазақ мерзімді баспасөзінде жиі қолданылады.

Әсіресе «кемелденген» социализм үшін колхозшыны *дала еңбеккерлері*, теміржолшыны *болат жолдың батырлары*, дәрігерлерді *ақ халатты абзал жан*, көмір, мұнайды *қара алтын*, мақтаны *ақ алтын*, газды *көгілдір отын*, қой шаруашылығын *екінші тың*, жүгеріні *дала аруы*, қойшыны *шопан* деп айтуға артықшылық берілді. Мұндай фразеологизмдердің бағалауыштық мағынасы айқын көрініп тұрады. Бұлар БАҚ тілінде идеологияландырылған бағалауыштар болды.

Сырттай штамптарға ұқсас құбылыс *клише* деп аталады. Бірақ клише сөз бедері мақсатынан туындамайды немесе сөздің экспрессиялық, эмоционалдық мағынасын күшейте көздемейді. Белгілі бір ойды ықшам түрде жеткізу, мәтін түзуді, оны қабылдауды бірнеше жеңілдету мақсатын көздейді. Клишелерде тірек сөздер болады: *Әлем – өсімдіктер әлемі, жануарлар әлемі, ғылым әлемі, ертегілер әлемі т.б. бейбіт қатар өмір сүру, баянды бейбітшілік, баянды бақыт, бағаны реттеу, ұлттық валюта, ұлттық валюта бағамын реттеу, кәсіпорынды жекешелендіру, тұрғын үйлерді жекешелендіру* т.б.

Полистилизм. **Стильдік контраст**. БАҚ тілінде әрі стандартқа бой ұру экспрессияға бой ұру үрдісіне тән сипаттың бірі полистилизм болып табылады. БАҚ тілі әртүрлі функционалдық стильдерге тән тілдік құралдарды қолдану мүмкіндігі полистилизм аталады. Кітаби тілге тән белгілер, сөйлеу тіліне тән ерекшеліктер көтеріңкі мазмұнда сөздер, мазмұны пәстеу элементтер, терминдер, көне сөздер, тіпті жаргондар қолданылуы мүмкін. Бірақ бейәдеби элементтерді қолдану, өзге стильдік тармақтардың тілдік дүниеліктер жұмсау белгілі бір мақсатқа байланысты орынды қолданылса, нормадан уәжді ауытқу жатады. Ал мұндай бөгде стильдік дүниеліктерді талғамсыз жұмсау сөз шұбарлауға жатады. Сөздің коммуникативтік сапасын төмендететін стиль араластыру тәрізді жағымсыз құбылыс автордың сөз мәдениетінің төмендігін көрсетеді. Стиль араластыру сияқты жағымсыз құбылыстың БАҚ тілінде орын алуы әдеби тілдің нормасы үшін аса қауіпті. БАҚ бұқарамен қалың жұртшылықпен тікелей байланысты болғандықтан, әлгідей құбылыстар әдеби тілдер қалыптасқан немесе қалыптасып келе жатқан стильдің нормасын бұзады. Әдеби тілдің нормасына сай келмейтін бұрыс қолданыстар БАҚ арқылы жұртшылықтың тілдік дағдысына айналуы мүмкін. Мысалы, *төрайым, жанұя* т.б.

Түбінде ондай теріс қолданыстан арылу, оның теріс екенін жұртшылыққа түсіндіру оңайға түспейді. Ертеректе *жұлдыз* сөзі «айдың» орнына қолданылатын: *сәуір жұлдызы, мега жұлдызы, ақырап жұлдызының он бесі, зауза жұлдызының бірі* т.б. Мұндағы *жұлдыз* сөзі «ай дегенді білдіреді: *сәуір айы, мизам айы, ақырап*

айының он бесі, зауза жұлдызының бірі т.б. Осылайша белгілі бір айдың күнін атап айтатын болса, *мизам жұлдызының бірі* дейтін болған. БАҚ тілінде өткен ғасырдың 80-90-жылдары байырғы, көне сөздерді синонимі ретінде мысалы, *жұлдыз* сөзін «айдың» жаңғырту тәрізді жақсы үрдістің нышаны байқала бастады. Байырғы кездегі жазба тілде кездесетін *сынып, құжат, мәтін, пайыз* т.б. тәрізді сөздер қолданыла бастады. *Жұлдыз* сөзі де осы тұста газет бағаналарынан көріне бастады. Бірақ айды білдіретін байырғы мағынасын білместіктен, «күннің» синонимі ретінде теріс қолдану дағдыға айналып кетті. Мысалы, қазір радио, телехабарлардан *шілде айының отызыншы жұлдызы* сияқты қате қолданысты жиі естуге болады. Дұрысы, сөздің көне мағынасын уәжді қолданып жатса, *шілде жұлдызының отызы* деу.

Сөз мағынасын қолданудағы осындай қисынсыздықты аңғарған болу керек «Алтын Орда» атты белгілі бұқаралық басылым ақырап, сәуір тәрізді 12 шоқжұлдыздың атауын жұлдызнамалық мағынада уәжді қолданған.

«ОРАЛМАН» СӨЗІН ОЛҚЫ КӨРМЕЙІК[31]

Үкімет тарапынан белгіленген квота бойынша еліміздің шекарасын аттаған этникалық отандастарымыз он бес жылдан бері *оралман* деп аталып келеді. Оралмандар арасында *«бізді басқа жақтан келді деп, оралман атандырып бөлектендіріп тастады»*, *«бізге оралман деп ат қойды»* деп жаңсақ ойлап, тұрмыстық деңгейдегі түсінікпен жүрген бауырларымыз да баршылық. *Оралман* сөзінің мән-мағынасын бұлайша теріс түсініп, қорытынды жасау дұрыс емес. Шынында, *оралман* атауын саяси-әлеуметтік мәні бар, құқықтық термин деп ұққанымыз жөн. *Оралман* сөзінің жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қандастарымыздың өз Отанына оралғанда материалдық, моральдық қамқорлық көрсетілуі тиіс айрықша әлеуметтік топ өкілдері дегенді аңғартады. Сондықтан жұрттың құлағы үйреніп, тілге сіңісті болған *оралман* атауын «маған ұнамайды» деген желеумен өзгерту керек деген ұсыныс-пікірлерді қолдаудың қисыны жоқ.

Оралман сөзін жұртшылық, негізінен, *репатриант* терминінің қазақша баламасы деп түсінеді. Аталмыш сөздің мағынасын бұлай ұғыну, бір жағынан, дұрыс та болар, бірақ *оралман* атауының мазмұнында ұлтымыздың тарихына қатысты саяси мән бар. Әдетте *репатриант* деп «соғыс» тұтқындарын; кезінде саяси, діни, т.б. әртүрлі себептермен бөтен елге кетуге мәжбүр болған, кейіннен, өз Отанына қайта оралған эмигранттарды, сондай-ақ босқындарды атайды. Ал қазақ тілінде *оралман* деп қазақ халқының тарихында «жаппай қуғын-сүргінге (репрессияға) ұшыраған *этникалық* тазалаудан (геноцидтен) қашып *саяси сауға сұрап,* жат елге жаппай қоныс аударған қандастарымыздың, олардың үрім-бұтағының тәуелсіздіктің таңы атқаннан кейін өз Отандарына оралғандарын айтады және азаматтық алғанға дейін ғана *оралман* деп аталады. Азаматтық алғаннан кейін олар заң жүзінде оралман делінбейді. Байыптай білсек, бұл атауда қазақ ұлтының бір кездердегі тарихи тағдырымен байланысты осындай саяси мән бар: 1920-30 жылдар аралығында Орталықтың нұсқауымен әдейі, қолдан ұйымдастырылған ашаршылықтан халықтың үштен бірі қаза болды. 65 мың адам репрессияға ұшырап, 25 мың адам атылды. Халықтың біраз бөлігі саяси сауға сұрап, жат елге еріксіз қоныс аударды, халқымыздың демографиялық ахуалы күйзеліске ұшырады. Ендігі жерде Отанына оралғандарды төлтума сөзімізбен терминдік мағына беріп, ерекше атау қажет болды. *Оралман* атауы осындай мәнділіктермен байланысты қажеттіліктерден туған. Қайсыбір ұлттардың тарихында басқыншылық, саяси, діни қудалау т.б. себептермен байланысты бөтен елді, өзге жерді паналап, жаппай қоныс аудару уақиғасы елдің тарихи тағдыры деп танылып, өз тіліндегі атаумен арнайы аталады. Мысалы, бір кездерде Меккеден Мединеге қоныс аударушыларды арабтар діни, саяси әрі тарихи мән беріп, өз тілінде *мұқажырлар* деп атаған.

Оралман атауы – қазақ ұлтының тарихындағы қайталамасы жоқ жайтты, тарихи-саяси уақиғамен байланысты мәнділікті арнайы тілдік таңбамен беруді қажетсінудің көрінісі. Осыған мән бергендіктен, кезінде Мемтерминком мүшелері бұл ұғымды *репатриант* деп алмай, *оралман* деп атауды ұйғарды. Орыстілді БАҚ-тың да осы сөзді *репатриант* демей, ұлттық сипатпен орыс тілінде де *оралман* деп қолданып жүргені орынды.

---

[31] *Мақала «Терминологиялық хабаршы» журналы, 2009, №1 (27) санында жарияланған.*

Оралман атауының кейбір қарсыластары аталмыш сөздің тілдік (грамматикалық) негізінің дұрыстығына шүбә келтіріп, мұндай сөзжасамдық үлгі жоқ; бұл сөз «оралмаймын» деген мағынаны білдіреді дегендей уәж айтады. Алайда ешкім заттық мағынадағы *оралман* мен қимылдық мағынадағы *оралман* (оралмайды) сөздерін шатыстырып жатқан жоқ, бұлардың кез келген жазба контекстегі мағыналары апайқын аңғарылып тұрады. Ал ауызша сөзде олардың айтылу сазының әр басқа екені байқалады: заттық мағынада қалыпты екпінмен *оралм[А]н* түрінде, ал қимылдық мағынада ерекше екпінмен *ор[А]лман* делініп дыбысталады. Сондай-ақ ономастика мамандары арасында *-ман* деген қосымша әуелде «кісі» деген мағынаны білдірген деген де пікір бар (*Қараман, Сарман* т.б.).

Ал оралман атауының кейбір «оппоненттері» тарапынан ұсынылған *этникалық отандас* деген термин тиісті ұғымды дәл бермейді. Мәселен, шетелдерден елімізге көшпей отырған қандастарымыз да *этникалық отандас* болып табылады, яғни ұлтымыздың кез келген өкілі *этникалық отандас* деп аталады. Сондай-ақ *этникалық отандас* деген тіркес грамматикалық қатынаста тұрған екі сөзден құралғандықтан жинақы, ықшам көрінбейді.

Этникалық отандастардың тарихи Отанына қайтуға бел байлап, шекара аттағандары ғана ерекше әлеуметтік мәртебе алып, *оралман* атауына ие болды. Олай болса, бір кезде жаппай қуғын-сүргінге ұшырап, этникалық тазалаудан (геноцидтен) бас сауғалап жат жерге қоныс аударуға мәжбүр болған, Отанына қайта оралған бауырластарымызды құқықтық мәртебеге ие, әлеуметтік топ ретінде тану үшін өзгелерден ерекшелеп атау қажет болды. Оларға мемлекет тарапынан арнайы қолдау мен қамқорлықтың көрсетілуін негіздеу мақсатымен және оларға берілетін жеңілдіктер мен құқықтарының толықтай жүзеге асырылуы үшін олар *оралман* деген арнайы терминмен аталады. Ал *этникалық отандас* атауы бұл ақиқат ұғымға сәйкес келмейді. Бір кезде жаппай қуғын-сүргінге ұшыраған қандастарымыздың тәуелсіздік алған, егемен елдікке қол жеткізген Отанына қайта оралғандарына өзіндік ат беріп, сол арқылы осы әлеуметтік топқа тән ерекше құқықтарды негіздеудің мәні зор. Сондықтан *оралман* деген атау қалың халық арасына бірден сіңісіп, қолданыс тауып кетті. Бұл атауға тек жекелеген адамдар қарсы екен деп, тілдік ұжымның санасында қалыптасқан концептінің тілдік жүйедегі аталымын күшпен өзгерту теріс әрекет деп бағаланады.

Оралман сөзінің дұрыстығына күмән келтірушілер көтерген дауды тоқтатып, жоғарыда айтылғандармен байланысты бұл атаудың саяси-қоғамдық, құқықтық-әлеуметтік, тарихи-ұлттық, тілдік-терминологиялық мәнділіктерге ие екенін ескеріп, аталмыш сөздің өз мәнінде қолданылуына жол беруді дұрыс деп санаймыз.

ЕСКІ ЖАРА НЕМЕСЕ ЖАҢҒЫРҒАН ОЙЛАР (сұхбат)[32]

Бір миллиардты «белден басқан», құрттай құжынаған халқы бар қытайыңыз соңғы жылдары тілінің өзге тілдерден «теперіш» көріп отырғанын айтып, «қалпына келтіруді» қолға ала бастады. Ежелгі салт-санасын жаңғыртудың қамына кірісіп, ұлттық мерекелерін ұлықтауды жыл санап күшейтуде. Халқының 97 пайызы бір-ақ ұлттан тұратын, қай жағынан алсақ та ұпайы түгел олардың мұнысына не дерсіз. Соңғы кездері ызбарын қаламның ұшымен ғана емес, қарудың күшімен де көрсете бастаған солтүстігіміздегі орыс-орманыңыздың да «басы қазандай» ғалымдары апта сайын алқа-қотан әңгіме-дүкен құратынды тапты. Не туралы дейсіз ғой? Орыс тілінің бүгінгі халі, оның бары мен жоғы туралы. Ендеше, біздікі не жүріс? Қай талтаң? Бүгінгі «Дөңгелек үстелде» отыз тістен шыққан сөздің отыз рулы елді «бүлдіретінін», қалай жазу, қалай сөйлеу керектігін ортаға салған ақсақалдарымыздың уәжін беріп отырмыз. Қонақта – белгілі этнограф, ақсақал Жағда Бабалық, ғалым Нұргелді Уәлиев және ақын Серік Қапшықбай.

– Біз әдетте, қазақ тілді орта ауылда тұрады деген пікірді жиі айтамыз. Бірақ соңғы кездері ауылдағы жастарды айтпай-ақ, үлкендердің өзі екі сөзінің біріне орыстың лас сөздерін араластырып сөйлейтін халге жетті. Тіпті, керек десеңіз, қазақшадан басқа білер тілі жоқ ортаның өзі де ана тілінде бір-біріне ойын жеткізе алмай, кібіртіктеп әзер сөйлеп жатады. Еттен өтіп, сүйекке жеткен бұл құбылыстың себебі не деп ойлайсыздар?

– Кеңес Одағы кезінде микрофон мен камераны кез келген адамға ұсына бермейтін. Бірінші басшыдан бастап төменгі қосшыларына дейін дерліктей қағазға қарап сөйлейтін. Ауызша айтылар ойдың беделі, қадірі аз заман еді. Ауызша сөздің өзінің парқы, ерекшелігі болады. Жазбаша баяндауда ауызша өрбитін ойдың талай қасиеттері жасырынып қалады. Сол себепті де біз бұрынғы шешендік пен сөйлеу шеберлігінен айырылып қалдық. Ауызша сөйлеудің қанат-құйрығы кесіліп, элиталық топтар мен ақын-жазушылардың бірен-сараны ғана қолданатын жағдайға жетті. Бұл жалғыз қазақ емес, көп ұлттардың басына түскен зұлмат еді. Қайта құру кезеңінен бастап ауызша сөйлеуге ден қоя бастады. Журналистер көпшілікпен байланысты күшейту мақсатында сұхбат жанрын жандандырып, ауызша сөйлеуді жолға қойды. Бірақ әлі де болса сөйлеушінің ойы жұтаң, сөйлеу мәнері әуелгі қалпына жете қойған жоқ. Рас, замананың салқын лебі сөздің қасаңдануына, шұбарлануына алып келіп отыр. Көпшіліктің алдында тұрмын-ау дейтін ой жоқ көп адамда. Аузына не келсе, соны айтып, жүйелі, жүйесіз сөйлеуді әдетке айналдырған. Сөздің киесін, обалсауабын ойлайтындар азайды.

– Ойын жеткізе алмайды дейсіз, ол түгілі көп адамдар сақау сөйлейді. Тілдері анық емес. Бұл да өзекті мәселе. Қазір анау екі сөздің басын құрап сөйлей алмайтындардың көбі әнші боп жүрген жоқ па? Соларды тыңдап отырып кейде қарның ашады. Бибігүл Төлегенованы тыңда да, басқа бір жас әншіні тыңдашы, айырмашылық жер мен көктей. Егде тартқан әншілердің сөзі айқын, үйлесімді, үндесімді. Қазіргілердің әнін тыңдасаң, не айтып жатқанын, сөздің қай жерінде

[32] *Сұхбат «Қазақ әдебиеті» газеті, 2008, 12 қыркүйекте жарияланған, сұхбаттан Н.Уәлидің сөздері ғана берілді.*

бәсеңдеп, қай жерінде екпін түсіріп жатқанын ажырата алмайсың. Сөзі бұлыңғыр. Айтушыны емес, тыңдаушыны аяйсың.

– Бұның себебін, арғы өзегін мектептегі сабақ беру тәсілінің ерекшелігіне, тым нәзік тұстарына бойламаудан. Қазіргі мектептердің білім беру сапасы балалардың тілін, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге жұмыс істеп отырған жоқ. Бала тілі бесіктен бастап, ана сүтімен бірге жетіледі. Соған назар аударар ата-ананы көрмейсіз қазір. Ал балабақшада, мектепте онымен арнайы айналысатын ешкім жоқ. Ана тілінен, әдебиеттен сабақ беретін мұғалімдер сабақ кестесі бойынша жұмыс істеуді ғана көздеп, ары қарай баланы жетелеуге тырыспайды да. Қалай сөйлеу керек екенін, ойын қалай дұрыс жеткізуге болатынын, адаммен қарым-қатынас жасаған кездегі сөздің алар мәнін, сөйлеушінің сөздік қорын жетілдірудің жолын міндетке алар ұстаз немесе ата-ана, белгілі бір қоғамдық жүйе қалыптаспай отыр. Жоғары оқу орындарында да сол үрдіс. Қасаң қағида. Мемлекеттік тілді оқыту мәселесі жолға дұрыс қойылмаған. Тілді филологтарға, журналистерге ғана оқытпау керек, оны барлық мамандық иелеріне бірдей дәрежеде өткен абзал. Қазір мына орыстар әртүрлі саланың қызметкерлеріне арнап «Орыс тілі», «Орыс тілінің мәдениеті» деген кітаптар шығарып жатыр. Ал бізде инженерлерге, техниктерге арналған қазақ тілінің байлығын, мәдениетін, құнарын көрсететін кітаптарды емге таба алмайсыз. Ол тұрмақ сөздіктердің өзі мардымсыз. Осы мәселені ойластырған жөн. Үкімет ақша бөлсе, оған тіл білгірлері қызмет етуге дайын.

– Намыссыздық демекші, көп халық көше аттарын әлі күнге дейін орысша атағанды жақсы көреді. Қоғамдық көліктердің терезелеріне Райымбек даңғылын «Ташкентский», ЫбырайАлтынсарин көшесін «Правда» деп жазып жүр әлі. Көшелердің атын орысша атағанды, Абай көшесін «Абая» деп айтуды әдетке айналдырғандар жеткілікті. Бұл заңның солқылдақтығы ма, әлде адамдардың ұлтына деген, өз тіліне деген сүйіспеншілігінің аздығы ма?

–Біздің халық аяқ алып жүргісіз заңсыздықтарға еті үйреніп кеткен. Бәріне немқұрайдылықпен қарайды. Әйтпесе, қазақта «Абая» деген сөз жоқ деп ескертер еді. Егер барлық қазақ өзінің құқығын, намысын жалау етіп көтерер болса, олар бұлайша тайраңдамас еді.

– Бірде теледидар көріп отырып, «жігіттер көкпарға шауып...», «атқа шапқан балалар...» деген сияқты сөздерді естіп, қайран қалдым. «Көкпар тартқан жігіттер», «сәйгүлікке мінген шабандоздар» дейтін ауылдағы қарапайым сөздің өзін бүгінгі ұрпақ ұмытып кеткен бе дерсіз. Тілді елге жеткізетін, насихаттайтын газет-журнал мен радио-теледидардың бүгінгі тірліктеріне көңілдеріңіз тола ма?

– Бұл секілді қателіктерді әр газетті оқыған сайын кезіктіресіз. Мысалы, *қыркүйектің бесінші жұлдызы* деп жазу әдетке айналды. Дұрыс емес. *Жұлдыз* деген сөз айдың орнына жүреді. Дұрысы, *қыркүйек жұлдызының бесі.* «Погоданы» «ауа-райы» деп аударып жүрміз. Мұзафар Әлімбаев ағамыз «күн райы» деп ескерту жасаған болатын. Әлі де болса кейбір телеарналар ескі әдеттен танбай келеді. Әдетте «салауатты өмір салты» дейміз. Бұл да қате. Кезінде Мүсірепов та айтқан бұны. *Салауат* деген – кешірім. *Саламатты өмір салты* десек, ескілердің қолданысын жаңғыртқан болар ек. Күнделікті әдетімізде «Сау-саламат болыңыз» деп қоштасамыз ғой. Осыны талай рет ескертіп жүріп әрең өзгерттік. Президенттің биылғы Жолдауынан бастап, «Егемен Қазақстан» «саламатты өмір салты» деп жаза бастады. Оны да біреу көріп, біреу көрмей жатыр. Тамыздың төрті күні радио тыңдап отырсам, хабардың жүргізушісі сөз соңында: «Ескі күн есіркесін, жаңа күн жарылқасын» дейді

жерден жеті қоян тапқандай дауысын әрлеп. «Ескі Ай есірке, жаңа Ай жарылқа» дегенді түрлендіргені ғой. Беделді бір әдеби журналдың бір мақаласында «Екі елі езуге бес елі қақпақ» деген тіркес жүр. Құдай-ау, езуге қақпақ қоюшы ма еді?! «Екі елі ауызға, төрт елі қақпақ» деген құлағымызға сіңісті тіркес баяғыдан бар емес пе? Сонымен бірге, *баратыр, келе атыр, отырық, жатырық, бірісі, екісі, содан кейін, ертесіне* сияқты диалект сөздерді (дұрысы: *бара жатыр, келе жатыр, отырмыз, жатырмыз, бірінші, екінші, сонан кейін, ертеңінде*) қолдануда абай болған жөн. Сөзді шұнтитып, құнтитып жазу мен сөйлеу абырой әпермейді.

– Қазіргі ұрпақтың тіл байлығын жетілдірудің, тіл ұстартудың қандай жолдары бар? Нұргелді мырза айтқандай, мектепте грамматикадан арыға қарай бара бермейді. Әдебиеттен сабақ беретіндер мектеп оқулығынан ұзап шыға алмайды. Ендеше, тілді шығарудың, дұрыс сөйлеудің, шұбарламай сөйлеудің бір жолын қарастыру керек қой.

– Менің ойымша, бізге бір үлкен конференция ұйымдастыру керек. Оны жай әшейін өтті-кетті, айттым, бітті қылмау парыз. Кем дегенде бес-алты ай бойы бүкіл республика көлемінде шаралар өткізіп, БАҚ-тардың мүмкіндігін барынша пайдаланып, біріміз грамматика мәселесін, біріміз ауызекі сөйлеудегі түйткілдерді, тағы біріміз сөздіктер мен оқулықтардағы кемшіліктерді, мерзімді баспасөздегі тіл қолдану ерекшеліктерін зерттеп, кемшіліктерді түзетудің жолдарын қарастырсақ, осы «Дөңгелек үстелде» көтерілген, бұдан бұрын да талай мәрте сөз болған, бұдан кейін де айтыла беретін жан сыздатар күрмеулі түйіндерді нақты ісімізбен шешуге ұмтылуға орай туар еді. Айтылмай, жазылмай жатқан жоқ, әрине. Бірақ, нақты нәтиже жоқ. Соны сол конференцияның аясында алқаға салсақ жөн болар еді. Әйтпесе, осы жерден шығып үйге жеткенше естіген былапыт, қоқыр-соқыр сөздерден құлағың шыңылдап, қате жазылған жарнамалар мен дүкендердің атына қарап, көзің шұбартады. Кейде «Біз осы қай елде жасап жатырмыз» дейтін ой туады...

– Ұлттың болашағын ғылымсыз елестету мүмкін емес. Өз тілінде ғылым жасай алатын халықтар қашанда үстем. Осы ғылым саласында жұмыс істейтіндердің қазақ тіліне деген көзқарасы қалай? Солардың атқарып жатқан жұмыстарына көңілдеріңіз тола ма? Мысалы, бізде не көп? Доктор, академиктер көп. Бірақ солардың басым бөлігі қазақ тілінде оқулық жазғысы келмейді. «Орыс тілін білмесең, бұл жерде отыруға ешқандай құқың жоқ» деп жекіген «оқымыстыларды» көрдік. Бұл қандай үрдіс?

– Ұлттық сананың төмендігінің көрінісі бұл. Ана тіліне, өз халқына, мемлекетіне жаны ашымағандар осындай қадамға барады. Олар, өзің айтпақшы, қазақ тілінде кітап шығаруды құп көрмейді. Сондықтан да студенттерге орысша кітап оқуды, орысша сөйлеуді міндеттейді. Бұл барлық ЖОО-ларда, барлық аймақтарда жүріп жатқан заңсыздық. Ұлттық мүддеге жасалып жатқан қастандық. Өзіміз де күнделікті естіп жүрміз. Ғылым саласындағылардың дені қазақ тілін әдеби ортаның ғана тілі деп кемсітеді. Орыс тілінсіз ғылым болмайды деп сәуегейлік танытады. «Сендер айтыстарыңды қазақша өткізе беріңдер, ғылымда не шатақтарың бар» деп өз ұлтының намысына тиетіндер көп қазір. Ондайларды жауапқа тарту керек. Ол қандай ғылым жасап жатыр? Жасаған ғылымы қазақ тіліне қандай оң ықпалын тигізді деген сауал төңірегінде ойланғанымыз абзал. Себебі ғылым қай тілде жасалса, сол тілде сөйлейтін ұлттың мерейі өспек. Дамуы, ішкі қуаты артпақ. Бүгінгі Қазақстанда жасалып жатқан ғылым, ендеше, орыс тілінің көркеюіне, оның одан арман үстем болуына көмектесіп жатыр. Қазақ тілі ғылымға, басқару жүйесіне, экономика

саласына толықтай араласпай, күшті тілге айнала алмайды. Мына Батыс Еуропаның ғалымдары «Чукча тілі айыпты емес, чукчалардың өзі айыпты» дейді. Сол сияқты қазақ тілі күллі қоғамдастықтың алдында айыпты емес, осы тіл үшін басын бәйгеге тіккен, тәуелсіздіктің жолында керт бастарын сертке ұстаған алашордалықтардың арман-мүддесін сыпырындыға тастаған, Алаш тілін аяқасты етіп отырған мына қоғам, сол қоғамды құрып отырған сіздер мен біздер айыптымыз. Сондықтан күллі адамзаттың алдында, келешек ұрпақтың алдында, тарих алдында масқара болмаймыз десек, ертең пәленшенің заманында осындай зор қасірет орын алып, соның кесірінен қазақ тілі құрдымға кеткен дейтін қарғыс таңбасын арқаламаймыз десек, бүгіннен бастап қазақ тілін шын мәніндегі мемлекеттік тіл қылып көркейтуіміз, қоғамдағы орнын қалыптастыруымыз керек.

- Сұхбатыңызға рақмет!

ДИАЛЕКТИЗМДЕР ҚҰБЫЖЫҚ ЕМЕС (сұхбат)[33]

«Қазақ тілі» деген сөз бәрімізге түсінікті сияқты болғанымен, шын негізінде, бұл – өте күрделі категория, терең ұғым. Осы ретте біз «Тілтаным» айдарын бұдан былай тұрақты түрде жүргізіп тұрғанды жөн көрдік. Аталмыш айдар аясында тіл мәдениеті мәселелерімен қатар, тіліміздегі тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, жер-су аттары, тыйым сөздер, этикет сөздер, орфография, орфоэпия мәселелеріне қатысты да жұрттың таным-түсінігін тереңдететін бірқатар жайттардан хабардар етсек деген ойдамыз...

Бүгінгі әңгіме арқауы – қазақ диалектологиясының мәселелері. Ең әуелі, осы диалектілер туралы әңгіме бізге не үшін қажет? Халықтық тілдің бір формасы санатындағы диалектілердің уақыт өте келе мүлде жойылып кетуі мүмкін бе? Біздегі әдеби тіл мен диалект сөздердің арасындағы айырмашылық қаншалықты? Осындай сұрақтарға жауап алу мақсатында біз А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары, тілші-ғалым Нұргелді Уәлиевпен сұхбаттасқан едік.

Жалпы, диалект сөздерді зерттеу бірнеше мақсатпен байланысты. Біріншіден, бұл өзі – тарихи категория. Сондықтан да жалпыхалықтық тілдің тарихы мен қалыптасуын, оларды лексико-фразеологиялық, грамматикалық жағынан тексеру мәселелерінде диалектілердің көп пайдасы бар. Екіншіден, мұны әдеби тілді байытудың бір көзі деп қарау керек. Кейбір жаңа ұғымдарды, заттарды немесе бұйымдарды қазақша атау керек болғанда және баламасы әдеби тілден табылмаған жағдайда оларды осы жергілікті ерекшеліктерден іздеген абзал. Мысалы, «егемен» деген кезінде жергілікті қолданыстағы ғана сөз болатын. Қазір жалпыхалықтық сипат алып, нормаға айналды, заңдастырылып та кетті. Әдеби тілдің байлығына үлес болып қосылған мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Сондай-ақ диалектизмдерден алынатын, кәдеге асырылатын сөздер әлі де бар.

– Демек, халықтық тілдің жергілікті ерекшеліктері мүлдем жойылып кетпеуі керек қой?

– Бұл өзі – қызық құбылыс. Әдеби тіл қазір бұларды ығыстырып бара жатыр. Қанша жерден «сақтау керек» дегенімізбен, бүгінгі жастар белгілі бір аймақтағы шектеулі тілмен сөйлемеуі мүмкін. Олар мектепте, одан кейін жоғары оқу орындарында әдеби шығармалар, газет-журналдар оқиды, сөйтіп, тілдің жалпыхалықтық нормасын меңгереді. Соған байланысты диалектілердің де ауқымы тарыла береді, яғни оның болашағы зор дей алмаймыз. Осы тұрғыдан алғанда, тек қазақ тілінде ғана емес, басқа тілдерде де әдеби тілдің әсері күшті.

– Сіз жоғарыда диалектілердің тілдің тарихын зерттеудегі маңызын айтып өттіңіз. Осы «тілдің тарихы» дегеннің өзін қалай түсінуге болады?

– Жергілікті ерекшеліктерде ескі тілдік формалар, байырғы қолданыстар сақталып қалады. Мысалы, қазір *«киіз»* деп жүрген сөзіміз бұрын *«кигіз», «ер»* дегеніміз *«егер»* түрінде қолданылған. Және кейбір аймақтарда әлі де сол түрінде айтылады. Сонымен қатар диалектілер әдеби тілде өзгеріп, жаңаша мазмұн алып кеткен кейбір сөздердің ертедегі мағынасын анықтауға да мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, жергілікті тіл, біріншіден, тілдің тарихын білу үшін, екіншіден, әдеби тілді байыту үшін, үшіншіден, көркемдік-эстетикалық мақсатта қолдану үшін қажет. Одан кейін

[33] *Сұхбат «Айқын» газеті, 2007, 26 қаңтарда жарияланған.*

мұнда мәдениетпен, белгілі бір кәсіптермен, әдет-ғұрып, салт-санамен байланысты көптеген компоненттер бар. Яғни диалектілер бізге сөздердің этномәдени мазмұнын қарастыруға да мүмкіндік береді. Мысалы, «саба» деген сөзді алатын болсақ, ол – бір заттың атауы ғана емес, мәдени мазмұны да бар сөз.

– Мысалы, ол – қандай мазмұн?

– Мысалы, *«сабаға»* жай сөз деп қарамау керек. Бұлай дегенде біз оның қалай жасалатынын және ұлттық тағамды сақтауға арналған, тек қазақта ғана бар нәрсе екендігін ескеруіміз керек. Сабаны жасау – бір жағынан, үлкен өнер де. Екінші жағынан, *саба* көптеген теңеулерге, образдарға негіз болып жүр. Мәселен, *«бес биенің сабасындай»* деген сөз бар. Мұны біреу түсінеді, біреу түсінбейді. Көбінесе әйелдерге қатысты айтылатын бұл сөздің жалпы мағынасы «кең», «мол», «үлкен» дегенді білдіретіні рас. Бірақ одан әрі де таратып айтуға болады. Мен өзім әуелде «саба тек бес биенің терісінен жасалады екен ғой» деп ойлаушы едім. Шындығында, бұл – айғырдың терісінен жасалады екен және бір сабаға тоғыз, он, тіпті он беске дейінгі тері пайдаланылатын, өзіндік технологиясы бар, үлкен еңбек болып шықты. Диалектілердің осындай этномәдени сипатын ашуға тырысу, оларды зерттеу – өте қызық та, қажет те нәрсе. Бірақ өкінішке қарай, бізде бұл жағы мықтап қолға алынбай отыр.

– Неге?

–Бір кезде «Әдеби тілдің нормасын сақтау керек, диалектизмдерді бей-берекет араластырмау керек» деген мақсатта тілдің осы екі түрін бір-біріне қарсы қойып алдық та диалектизмдерді құбыжық сияқты көретін ұғым пайда болды. Бұл, әрине, дұрыс емес. Егер оны мақсатты түрде, орнымен пайдалансақ, еш сөкеттігі жоқ. Қазақстанның жергілікті ерекшеліктерімен қоса, Моңғолия, Ауғанстан, Қытай сияқты басқа аймақтардағы қазақтардың да диалектілерін зерттеу өте қажет. Осы арада бір қызық нәрсе бар. Мысалы, олар да кітап шығарып жатыр. Сонда байқайтынымыз – қай-қайсысында да өздерінің сөз қолданыстарына байланысты ерекшеліктер көп. Сөз бірдей болғанымен, мағынасы өзгеше болады, кейде тіпті бізге мүлдем түсініксіз сөздер кездесіп қалады. Ал біз «диалектілер жазба түрде қызмет етпейді, тек ауызша түрде қолданылады» деп жүрміз. Демек, енді осындай қайшылықтарды айқындауымыз керек. Мүмкін, диалект, диалектизмдер дегеннен гөрі мұның мағынасын кеңейтіп, «аймақтық тіл» деген дұрыс шығар.

– «Біздегі жергілікті тіл мен әдеби тілдің арасындағы айырмашылық соншалықты үлкен» деп айта аламыз ба?

– Мен олай демес едім. Өйткені Алтай мен Алатаудың, Атырау мен Қаратаудың арасына сапар шексеңіз де, бәрі түсінікті.

– Ал соған не себеп болды? Біз тіліміздің тұтастығын қалай сақтап қалдық?

– Біздің халқымыздың аралас-құраластығы күшті болды. Мысалы, ерте заманда-рдың өзінде қызды ешкім өз ауылынан алмайтын. Өйткені жеті атаға толмайынша, қазақ қыз алып, қыз беріспейді. Одан кейін қазақтар жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп, тойын бірге тойлап, асында алты алашқа әйгілеп ат шаптыруды кәдімгідей мәртебе санаған. Одан қалса, ел көсемдері, би-шешендер түрлі дауларды, мемлекеттік мәселелерді бірігіп шешіп отырған. Бұл да ел ішіндегі тығыз қарым-қатынасқа негіз болған. Сосын диалектизмдердің соншалықты айқын болмауы – біздегі ақын-жыраулар поэзиясының күшті дамығандығынан да. Олардың өлең-жырлары белгілі бір аймақтарда ғана емес, еліміздің басқа түкпірлеріне де тоқтаусыз таралып жатты ғой. Яғни осының өзі де халықтық тілдің тұтастығына қызмет етті. Бірақ соған қарап

«біздегінің бәрі – әдеби тіл» деуге болмайды. Жергілікті ерекшеліктер ішінара бар. Оның мысалын біздің Институт бас болып, 2005 жылы шығарған «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінен-ақ» көруге болады.

– Қазір көп кітаптар шығып жатыр, әдеби шығармалар жарық көруде. Солардың тілдік қолданысында, әсіресе, осындай диалектілерді пайдалануы тұрғысынан өзіңіз байқаған өрескел нәрселер бар ма?

– Ондай нәрселер жоқ емес, бар. Қоғамдағы демократияландыру процесі қазір тілге де ықпал етіп отыр. Бұрын мысалы: «Тілдік нормаларды ұстануға, тіл заңдылығын сақтауға тиіссің» дегендей қатаң ұстаным болған. Қазір енді либералдық жағдай орын алып отыр. Яғни диалект сөздерді, бейәдеби элементтерді қолдана ма, жоқ па, ол – әркімнің өз еркіндегі нәрсе. Бірақ біздің, тілтанушы ғалымдардың міндеті – жұртқа ненің не екенін ажыратып беріп, бей-берекетсіз, жөнсіз қолданыстарды пайдаланудан сақтандырып отыру. Қалай дегенмен де, тілдік нормаларды ұстанып отыру керек. Ол – енді әркімнің өз білімі мен мәдениетіне, ой-өрісіне, ұлтқа жанашырлығына байланысты. Егер сіз ұлтыңыздың тілінің тұтастығына «қаяу түсірмеймін, ана тілімізде бірегейлік болсын» десеңіз, әрине, әдеби тілді жоғары қоясыз, соның заңдылығын ұстанасыз...

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан Роза Рақымқызы

ЖАЗУ[34]

Жазу – ой мен сезімді графикалық тәсіл арқылы берудің ерекше жүйесі. Жазу – жалпы адамзат қоғамының даму кезеңіндегі жаңалықтардың ең ұлысы, белгілі-бір этнос мәдениетінің даму деңгейін көрсететін өлшемдердің (параметрлердің) негізгілерінің бірі.

Жазу феноменінің *филогенездік* және *онтогенездік* деп аталатын екі түрлі эволюциясы бар. Филогенездік эволюция жалпы адамзаттық дамуға байланысты, ал онтогенездік эволюция – белгілі-бір этноска тән құбылыс. Жазу-сызу эволюциясында оның **пиктографиялық жазу** – «белгілі бір идеяны суретпен көрсету»; **идеографиялық жазу** – «белгілі бір сөзді шартты таңбамен бейнелеу»; **дыбыстық жазу** – «сөздегі дыбыстарды белгілі бір әріптермен беру» түрлері болды; Қазақстан территориясында әртүрлі архио-тарихи деректерге қарағанда жазудың осы аталмыш эволюциялық сатылары болғандығы байқалады. Алайда қоғамда жазу-сызу мәдениеті, жазба тіл бірден қалыптаса қоймайтыны белгілі. Жазу-сызуларды пайдаланған өзге де этностар тәрізді қазақтардың да жазуды мәдени-әлеуметтік өмірінде қолдану барысында аса күрделі ойларды объективтендіретін тілдік құрылымдар жасалып, этномәдени кеңістікте жазба тілдің негізін қалыптастырды. Жазудың игі әсерінің барысында мәдени-тілдік ұжымның когнитивтік санасында жазба тілге тән аса күрделі құрылымдардың синтаксистік моделдері пайда болды.

Пиктографиялық жазудан дыбыстық (фонологиялық) жазуға дейін жазу-сызудың әрқилы түрлері мен типтері жазылатын материалдарының әр алуан екені тарихтан мәлім. Әсіресе, ру-тайпалық дәуірдегі жазу-сызудың материалдары табиғи тас, ағаш, қыш құмыралар, саз балшықтар, мал сүйегі (жауырыны), металл бұйымдары т.б. болған.

Қазақстанның тау-тастарында пиктографиялық немесе петроглифтік, яғни сурет жазудан бастап, руна, идеографиялық, дыбыстық жазу (соғды, араб жазулары) (әріптаңбаларымен қашап жазған жазу) түрлері аз кездеспейді. Өз дәуірлерінде қазақтың ру-тайпалары сол кезеңдегі дәстүр бойынша жазуды теріге, киізге бастырып, ағашқа, сүйекке, кірпішке, тасқа қашап түсірген. Осылардың ішінде қозы жүнінен жұқа етіп, шеберлікпен талдырма тәсілімен басылған киізге, ала қойдың терісіне жазу түсіру дала мәдениетінің сол кездегі дәстүріне лайық болған. Халықтың тілдік санасында сақталып қалған *киіз кітап* атауы байырғы замандағы жазу ұғымымен байланысты болғанын аңғартады.

Кең-байтақ қазақ сахарасын мекендеген қазақтың қаңлы, үйсін, қыпшақ, керей, найман, алшын т.б. ру-тайпалары кешегі латын, бүгінгі кирилше жазуға дейін руна жазуларын (көне түркілік Орхон-Енисей жазуын), соғды негізді *ескі ұйғыр жазуын* және күні кешеге дейін араб әрпімен жазылған жазу-сызуларды өз тілінің дыбыс жүйесіне біршама икемдеп, әрі дәстүр ортақтығы мен сабақтастығын ұстана отырып қолданды. Жазу ісімен негізінен абыздар, есепшілер, ордадағы шежірешітарихшылар, мемлекет ісін жүргізуші лауазым иелері (мөр ұстаушылар) шұғылданды.

[34] *Мақала «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясы, 2 том, 2012 ж. жарияланған.*

Руна жазуы. Қазақстан жерінде оқылу кілті ашылмаған руна жазуларының түрлері өте көп кездеседі. Солардың бірі Есік обасынан табылған (1970 ж.) Сақ дәуіріне (б.з.д. V-IV ғғ.) жататын әйгілі Есік жазуы. Жазу күміс тостағанға 26 әріппен (таңбамен) екі жолға жазылған. Оқылу құпиясы ашылмаған руна жазулары Жетісу өлкесі, Шу, Іле, Ыстықкөл, Талас алқабында жиі кездеседі. Ұлы Түрік қағанатына дейін руна жазуын мәдениеттің құралына айналдырған елдер *ғұндар, үйсіндер, қаңлылар* болды (*Ә.Марғұлан*). Солтүстік патшалықтар тарихы, батыс өңір тарауы деп аталатын Қытай тарихи жазбаларында *«Қаңлылардың жазуы көлденеңінен жазылады, олардың өздері жазған кітаптары бар»* деген деректер кездеседі (*Н. Мыңжани*).

Идеографиялық жазу. Бұған байырғы түркілерде, оның ішінде қазақтарда қолданылған таңбалар жүйесін жатқызуға болады. Бұндай таңбалардың ұзын саны әртүрлі нұсқаларын қосканда жүзден асып кетеді. Бұларды, бір есептен, идеографиялық жазуға ұқсас таңбалар жүйесі деуге болады. Олай дейтініміз таңба болу үшін оның тұрпат межесі (формасы) мен мазмұн межесі (мағынасы) болуға тиіс. Идеографиялық жазуда мағына шартты түрде белгілі бір таңбамен белгіленеді. Конвенционалды түрде, яғни социум, этнос мүшелерінің келісімі бойынша алынған шартты белгі сол таңбаның формасы, ал зат (мағына) сол таңбаның мазмұны болып табылады. Мысалы, тік таяқша мен дөңгелекше **IO** ұлы жүз құрамына кіретін күллі ру-тайпалардың, ал қос таяқша (қос әліп) **II** күллі орта жүз құрамына енетін ру-тайпалардың, «оқпен» (жебемен) «қос әліп» **↑II** күллі кіші жүз құрамындағы ру-тайпаларды білдіреді (*Н. Мыңжани*). Сондай-ақ үш жүздің құрамындағы әрбір тайпаның дербес таңбасы болды. Олар Н.А. Аристовтың айтуынша, қазақ халқының этникалық негізін құраған іргелі ру-тайпалар еді. Белгілі бір таңбаның «сурет-бейнесін» танып, мағынасын білген адам оның қай руға тән екенін және әскери ұранын да біледі. Түркі ру-тайпаларының таңбалар жүйесінің гомогенді (біртектілік) сипатқа ие екені байқалады. Күллі таңбалардың негізгі элементі дөңгелекше мен тік сызық болып келеді. Дөңгелекше бейне Күн мен Айдың, тік сызықша ***Мықан ағашының* (*Бәйтеректің*)** символы іспеттес. Этномәдени ұжымның когнитивтік санасында Күн, Айға табынған, ал Мықан ағашы немесе бәйтерек Жер иесі мен Көк иесін, жаратушысын қосып тұрған бейненің символы іспеттес деп болжам жасауға болады.

Идеографиялық таңбаның мазмұнында бірнеше ақпарат болуы ықтимал. Мысалы, бір түмен қол жасақтай алатын ру – дербес таңба талап ету құқығына ие. Таңба алу құқығы әдетте ру басылардың бас қосқан жиынында келісіммен, құрбандыққа бозқасқа шалып баталасумен, пәтуаласумен шешіледі. Сондай-ақ руға берілетін жаңа таңбаға оның генетикалық байланысын аңғартатындай, яғни қай тайпаның құрамында болғанын көрсететіндей белгі болады. Мысалы, дөңгелекше **O** таңба белгілі бір тайпаға тән болса, оның құрамынан бөлініп шыққан ру әлгі дөңгелекше таңбаға кішірек таяқша тартады**.** Бұл жаңа таңба рудың қай тайпаның құрамында болған генетикалық байланысты білдіреді.

Кейбір ру-тайпаларының таңбалары бірнеше нұсқада (вариантта) болғаны байқалады. Бұлай болуы басқыншы жаумен шайқаста әр басқа рудың бір саптағы әскери бірлестікте, мысалы, оң қанатта, сол қанатта, Орда тұста, арқа тұста болуымен байланысты деп жорамалдауға болады. Сондай-ақ жылқы малына салынатын таңба *тіршілік қамына байланысты рулық меншіктің* (*Н. Әлімбай*) белгісі ретінде танылады. Таңбаны кез-келген адам жайдан-жай ойдан шығармайды. Қандай таңба

алынатынын не себептен бұлай болатынын, яғни уәжін (мотивін) ру-тайпа абызы айқындайды. Сонымен қатар ірге бөліп шығатын рудың негізгі тайпаға қатысын ескеретін белгілер көрсетеді.

«Қазақ ру-тайпа тайпаларының тарихы. Тама» атты кітаптың авторлары осы жайтты аңғара келіп былай дейді: «Н.Аристов, М.Тынышбаев, С. Аманжолов тәрізді зерттеушілер негізгі тайпалар одағынан немесе тайпадан бөлініп шыққан рулардың таңбалық белгілеріне басқа одаққа кіргенде, біртіндеп қосымша таяқша белгілер жалғанып отырады деген пікірді айтқан еді (Қазақ ру-тайпаларының тарихы / Құраст. Х.М. Ғабжалилов. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006. Тама. I том). Мұны дулат тайпасының таңбалық белгілеріндегі өзгерістерден аңғарамыз. Ертеректе дулат (дулу) тайпасының одағына белгілі-бір кезеңде енген табын, арғын, рамадан, теріс таңбалы табын, албан, суан, кердері, адай және т.б. дулаттың таңбасын қабылдағанын, ал кейін басқа тайпалар одағына қосылған кезде таңбаларын қосымша белгілермен өзгерткендерін, жіктеп жаңа таңбалар қабылдағанын байқаймыз» [1, 27-б.].

VI-XI ғасыр жазба ескерткіштерінде, М. Қашқаридың «Дивану луғат – ат түрік» кітабында (XI ғ.) «Ахуал-чыныз хан...» атты шежіреде (Казань, 1822), сондай-ақ көптеген ғылыми зерттеу еңбектерінде тамға, таңба туралы деректер келтірілген. С. Аманжоловтың зерттеуінде (1959), академик І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» (1977) Құлмат Өмірәлиевтің дайындауымен ен-таңба туралы №1 қосымша берілген (622-629 бб.). Аталмыш еңбектерде таңбалардың қай ру-тайпанікі екені, сонымен қатар *ұраны*, сондай-ақ, таңбалардың *жай (жақ) таңба* (садақ таңба), *ай таңба*, *көз таңба*, *бақан таңба*, *балта таңба*, *тарақ таңба*, *әліп таңба*, *тұмар таңба*, *ырғақты қаңлы*, *сірге таңба*, *күней таңба*, *сенек таңба*, *қазан құлақ таңба*, *тостаған таңба*, *шеккіш таңба*, *қылыш таңба*, *қос әліп таңба* т.б. аттары берілген.

Кейбір таңба атаулары ру-тайпалардың атымен тіркесе айтылады: *тарақ таңбалы Жалайыр*, *ырғақты Қаңлы*, *құйысқан таңба Қоңырат*, *тарақ таңбалы Тарақты*, *ашамай таңбалы Керей*, *бесік таңбалы Керей*, *қазан құлақ таңбалы Қаракесек*, *сірге таңба Сіргелі*, *сенек таңба Табын* т.б.

Сөйтіп, қорыта айтқанда, байырғы таңбалар халық мәдениеті, тілі, жазуы, тарихы үшін маңызы ерекше идеографиялық жүйе болды. Таңба ең алдымен әскери стратегиялық мақсатта қолданылған. Олай дейтініміз *таңба*, *ұран*, *ту* үнемі үштік бірліктің тұрақты компоненті ретінде қолданылды.

Қазақтардың ру-тайпалық таңбаларының 29 түрі Н.А. Аристовтың көрсетуінше 38 әріптен тұратын *Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі* әріп-таңбаларға сәйкес келеді**.**

Орхон жазуы. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері ерте орта ғасыр дәуірін (VII-VIII) қамтиды, бірақ Орхон жазуының шығу тегі, түркі ру-тайпаларында, түркі мемлекетінде қолданыла бастауы б.д.д. кезеңдерге қатысты екенін әртүрлі археологиялық деректер жоққа шығармайды.

Академик Ә.Марғұлан Қазақстанның көптеген жерінде әйгілі Орхон-Енисей жазуына өте ұқсас жазулар көп кездесетінін, мысалы, Жаңарқа жеріндегі Қалмаққырған тауының оңтүстік бүйіріндегі, Ертістің жоғары жағы, Шу, Іле, Талас өзендерінің бойындағы тас жазулары Орхон жазуымен типтес екенін еске ала келіп, Орхон жазуын жақсы меңгерген елдер оғыз бен қыпшақтар, ертедегі наймандар, керейлер болғанын атап айтады.

Тасқа қашалған Орхон жазбаларынан (V-IX ғғ.) қазіргі қазақ тілінде қолданылатын географиялық атаулар – *Ертіс, Қазылық, Қара жоталық; қыпшақ, оғыз, қырғыз* т.б.; діни, мифтік, космонологиялық атаулар – *Көк, Тәңір, Жер-су, Ай, Жұлдыз* т.б., жыл есебі атаулары (*қой, тауық, сиыр* т.б.); қоғамдық-саяси терминдер – *ел, қаған, бек* т.б. этномәдени нышанды атаулар кездесіп отырады.

Орхон жазбаларынан, әсіресе, «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк», «Кул-чоры», «Мойын-чор» т.б. ескерткіштерінде байырғы түркілердің елдігі (мемлекеттігі), билік жүйесі, қоғамдағы әлеуметтік жіктер, ел қағандары мен бектерінің, билеушілерінің, әскери қолбасшылардың, олардың ішкі-сыртқы саясаты, Орда кеңесшілері тәрізді тұлғалар жөнінде деректер көне түркілердің саяси-тарихи, этномәдени өмірін айқын танытады. Сонымен қатар көне түркілердің әлем жаратылысы, діни-мифологиялық танымын, салт-дәстүрін көрсететін үзіктер, қаған мен қара халықтың, билеуші топтағы мұрагерлік, елдік мүдде үшін ерлік көрсеткен көрнекті қаһарман тұлғалар жөнінде баяндаулар т.б. Ұлы Түрік қағандығы құрамындағы байырғы ру-тайпалардың тарихи, этномәдени шежіресі ретінде танылады. Сонымен бірге Орхон жазбалары көне түркі ру-тайпаларының тілдік-эстетикалық танымы мен шешендік сөз өнерінің жоғары тұрғанын аңғартады.

Әртүрлі тарихи, саяси себептерге байланысты Орхон жазуы Ұлы Түрік қағанатын құраған тайпалық одақтардың қолдануынан бірте-бірте қала бастап, тарих төрінен орын алды. Ал оның орнын этномәдени қоғамдастықта *ескі ұйғыр жазуы* қолданылды.

Ескі ұйғыр жазуы – б.з.б. I ғасыр – б.з. IX ғасыр аралығындағы әліпбиі негізінде жасалған, жоғарыдан төмен қарай тік әріптермен солдан оңға қарай таңбаланатын жазудың түрі. Ескі ұйғыр жазуын сары ұйғыр, керей, найман т.б. түркі ру-тайпалары қолданған. Ескі ұйғыр жазуы Найман мемлекетінің ресми жазуы болған, сондықтан бұл жазу *найман жазуы* деп те аталған (*С. Аманжолов*). Дәлірек айтқанда қазақ қоғамдастығындағы бұл жазуды керей-найман жазуы деп те атауға болар еді. Найман хандығында ескі ұйғыр жазуын жақсы білетін бітікшілер болған. Аталмыш хандық Шыңғыс ханның қол астына қарағаннан кейін керей, наймандар ұстаған бітікшілер ұлы қаған ордасында қызмет етіп, осы аталған жазуды мемлекет ісінде қолданған. Ескі ұйғыр жазуы Алтын Орда ұлысында да қолданылып, дипломатиялық жазбалар, хан жарлықтары осы ескі ұйғыр әліпбиімен жазылған. Шығыс Түркістан жерінен табылған Жүсіп Баласағұнидің әйгілі «Құтадғу білік» дастанының бір нұсқасы осы ескі ұйғыр жазуымен жазылған.

Екі жүз мың ауыр қолымен миләдише 1391 жылы, хижраша 793 жылы, қазақша қой жылы Тұранның сұлтаны атанған Ақсақ Темір Алтын Орданың ханы (Ақ Орданың ханы) Тоқтамысқа қарсы жорығында Ұлытауға келіп аялдайды. Осы жорығын есте қалдыру мақсатымен арнайы дайындалған еңселі тасқа 8 жол ескі ұйғыр жазуымен, 3 жол араб жазуымен жазылған дерек қалдырады. Тасқа қашалған бұл жазба 1930 жылы Сарысудың сол жағалауынан Қарсақпай жерінен табылған.

Түркі қоғамдастығының этномәдени өмірінде ерекше орын алған бұл жазу да тарих сахнасынан шығып, мұсылман дінінің Орта Азия, Қазақстан жеріне кең тарауымен байланысты, ендігі мәдени-тілдік кеңістіктегі орнын енді *араб жазуына* берді**.**

Араб жазуы – көне арамейлік топқа жататын набатей жазуы (б.з.д. IV ғ. – б.з. I ғ.) негізінде Арабия топырағында жасалған жазу дүние жүзінде латыннан кейін ең көп тараған араб жазуын мұсылман діні, ислам мәдениетімен байланысты көптеген ел, атап айтқанда, барша араб, иран мемлекеттері, Иран, Қытайдың Шыңжан өлкесіндегі

ұйғыр, қазақтар, Малайзия, Индонезия, Африканың біраз елдері қолданады. Бұрынғы КСРО-да 20-дан астам ұлт, олардың ішінде қазақ, татар, әзірбайжан, өзбек, башқұрт, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ, ноғай т.б. түркі халықтары осы жазу жүйесін тұтынды.

Араб әліпбиінде 28 әріп бар. Олардың жеке тұрғанда (*даль, заль, ра, за, уау*-дан басқаларының) сөз басында, сөз ортасы мен аяғында қолданылатын позициялық түрлері бар. Араб жазуында үш қысқа дауыстыны (а, у, и) белгілеу үшін фатха, дамма, кәсрә диакритикалық белгілер қолданылады.

XI-XX ғасырлар арасында Шығыс Түркістаннан Еділ бойына, Жетісудан Мысырға дейінгі аралықтардағы түркі халықтары араб жазуын қолданып, діни, дүнияуи мазмұнда көркем-философиялық шығармаларды дүниеге келтірді. Орта Азиядағы дін оқуымен қатар астрономия, математика, медицина т.б. дүниеауи пәндерді араб тілінде оқытатын медреселер болған. Әуелде осындай медреселерден білім алған әл-Фараби, әл-Бируни, Махмұт Қашғари, Әбу Әли Ибн-Сина (Авиценна) тәрізді ғұлама ғалымдар өз заманындағы ғылым, білімді аса жоғары деңгейде дамытты.

Шығармаларын түркіше жазған Жүсіп Баласағұни, Ахмет Яссауи, Ахмет Йугнеки, Сүлеймен Бақырғани, Әлішер Науаи және т.б. ғұламалар түркі тілін, түркі мәдениетін әлемге танытты.

Араб жазулы ескерткіштердің қай-қайсында болмасын түркі халықтарының әлеуметтік, саяси-қоғамдық тарихынан, дәстүрлі мәдениетінен аса мол мәліметтер береді және олардың жазба мәдениетінің биік деңгейінде болғанын көрсетеді. Қысқаша атап айтқанда:

Қарахан әулеті түріктері тілінде (XI-XII ғғ.) Жүсіп Хас Хаджиб Баласағұнидің «Құтадғу біліг», Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» (1074 ж.), Ахмед Йгунекидің (XII ғ.) «Кибатул-хакаик» («Ақиқат сыйы») т.б. шығармалары мен еңбектері жазылды.

Орта Азия түріктері тілінде Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» (II ғ.), Ә. Замахшаридің (1075-1144 жж.) «Мукаддимат әл-адаб», Н. Рабғузидің «Кисасул-анбия» (1310 ж.); Құтыбтың «Хосрау-Шырын» (1340 ж.); Әлидің «Қысса-и Юсуф» (1212 ж.), Сайфи Сарайидың «Гүлистан би-т-түрки» (1390 ж.); Хорезмидің «Мухаббат-нама» ғашықтық дастаны т.б. діни, тарихи-прозалық шығармалар Оғыз тайпалары мекендеген Әмудария, Қыпшақ тайпалары мекендеген Сырдарияның төменгі ағысындағы тайпалардың үстірт диалектісі (над диалект) формасында жазылды.

Шағатай тілі немесе **Орта азиялық түркі жазба тілі** (XIV-XVI ғғ.) Орта Азия, Жетісу, Шығыс Түркістан елдерінде кең тараған. «Шағатай»-моңғол антропонимі, Шыңғысхан ұлының атымен аталып кеткен ұлыстың және сол елде қолданылған жазба тілдің атауы. Шағатай тілі Әмір Темірдің қоластындағы Мәуреннахрдағы мемлекеттің ресми тілі болды. Осы кезеңнің әдеби шығармаларына «Тезкерей әулие», «Миражнама», «Бақтиярнама» т.б. жазба мұралар жатады. Ортаазиялық түркі жазба тілі, бір жағынан Шығыстүркістандық жазба тілмен (XI-XII ғғ.), екінші жағынан, Алтынорда-Хорезм (XIII-XIV ғғ.) жазба тілімен ортақ жақтары болды. XVIII-XIX ғасырлардағы ортаазиялық жазба тілде (шағатай тілінде) халықтың сөйлеу тілдерінің элементтері айқындалып (*А.С. Аманжолов*), ескі өзбек, ескі ұйғыр, **ескі қазақ жазба тілі**, ескі қырғыз, ескі қарақалпақ жазба тілдерінің сұлбасы жасалды.

Ескі қазақ жазба тілі / Ескі қазақ әдеби тілі. Жалпы алғанда ескі қазақ жазба тілі жазба әдеби тіл ретінде қай шамада қалыптасқанын дәл басып айту қиын. Дегенмен, академик Ә. Марғұланның, Р. Сыздықтың, М. Қойгелдиевтің, Б. Әбілқасымов-

тың пайымдаулары бойынша Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат тауарих» атты еңбегі, сондай-ақ Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресі» сынды жазбалар ескі қазақ жазба тілінің алғашқы нұсқаларының бірі болып танылады. Бұл тіл шынайы халықтық тіл болмағанымен, байырғы қазақ қоғамында әрбір хат танитын, сауатты қауымның коммуникативтік қажеттілігіне қызмет еткен тіл. Өйткені, ескі қазақ жазба тілінің құрылымында бөгде тілдік элементімен қатар негізгі төсегі қазақтың сөйлеу тілі болды. Оған бір кездегі ғылым мен әдебиет, мәдениет тілі болған араб, парсы тілдерінің жекелеген сөздері, орта азиялық түркі әдеби тілі мен көршілес түркі тілдерінің кейбір жалғау-жұрнақтары, араб жазуының емле дәстүрі қосылып, оны қазіргі әдеби тіліміздің біраз өзгешелеу етіп көрсетті.

Бұл тілдегі жазба нұсқаларға қазіргі бізге мәлім қазақ тілінде шыққан алғашқы екі газет («Түркістан уәлаяты», 1870-1882 жж. мен «Дала уәлаяты», 1888-1902 жж.), қазақ хан, сұлтандарының өзара және орыс әкімшілік орындарымен жазысқан хаттары, бұйрық-жарлықтары, түзілуіне Абай тікелей қатысқан 1885 жылғы «Қарамола съезінде жасалған ереже» XIX ғасырдың екінші жартысында Қазан қаласынан кітап болып басылып шыққан жүзден астам қисса, дастандар т.б. жатады. Әрине, бұлардың бәрінің тілі бірдей деуге болмайды: бірінде қазақтың сөйлеу тілі ерекшелігі басым болса, екіншісінде (әсіресе, іс қағаздары мен ресми құжаттарда) орта азиялық түркі әдеби тіл дәстүрі көбірек сақталған.

Ал ескі қазақ жазба тілінің құрамына халықтық тілдің элементтері дендеп ене бастаған бертіндегі үлгісінің бірі ретінде 1895 жылы Омбыдағы баспада жарияланған Жаубасардың мына бәйтінен үзінді келтіруге болады.

Жау басар йазайын деп қалам алды,
Бәйіт қып қара сөзді хатқа салды.
Өз хаббиін расулның хурметі үшін.
Хор қылма хақ тағала мұсылманды
Иазғалы қолыма алдым ақ қағазым,
Кисса қып шығаруға біраз назым.
Шешенлік өнерім жоқ адам едім,
Сөзімді сөге көрме, болса жазым.

Ғалым Ж. Шалғынбайдың зерттеуінде қазақ тілінде араб жазуымен 1817 жылдан 1918 жылға дейін 971 басылым, 506 аталыммен жарық көргені, жалпы таралымы (тиражы) 2 млн 347 035 болғаны жөнінде талдама деректер бар (*Ж. Шалғынбай*). Мұндай деректің өзі араб жазулы ескі қазақ жазба тілінің қазақ қоғамындағы атқарған мәдени қоғамдық-саяси маңызының ерекше орын алғанын байқатады. Сол заманның өлшемімен қарағанда мұндай рухани дүниелерді мол байлық, үлкен қазына деуге болады. Бұлардың ішінде **қадымше** де, **жәдитше** де жазылған үлгілер бар.

Алайда ескі қазақ жазба тілін орыс миссионерлері (Ильминский) «татаршаланған», «шағатайшаланған» молдалардың тілі, қойыртпақ шұбарланған тіл деп, құндылықтар қатарынан шығарып тастауға ықпал етті. Бір өкініштісі, кейбір зерттеушілер ескі қазақ тілінің жазба мұраларын қазіргі күнге дейін «татарша», «шағатайша» деп түсінеді.

Қадым жазуы (*көне жазу*) қадымше жазу, оқу иманшарт, әптиек, мұқтасар тәрізді және т.б. діни, дүниеяуи әдебиеттерді оқытуда, жазуда пайдаланатын көне жазудың түрі. *Қадым жазуы* қазақ жеріндегі діни мектептерде, мешіттерде, медреселерде

кеңінен қолданылған. Семейдегі Ахмет Риза, Тройцкідегі Зейнолла Ишан медресесі *қадым жазуы* / *оқуы* тәртібімен діни мамандар дайындаған. Мешіт, медреселерде, діни мектептерде араб жазуының *абжад* жүйесі бойынша есеп шығару, цифрларды әріппен жазу тәртібінде үйреткен. Сондай-ақ, *абжад* жүйесін арша жазу тәртібімен «құпия хат» жазуда қолданған.

Бұхара, Хиуа, Қазан, Уфа, Ташкент, Ыстамбұл шаһарларындағы медреселерден ескі түркіше, арабша, діни, дүнияуи білім алған Бекет ата, Әйтеке би, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, Бегалы (жазушы Сапарғали Бегалиннің әкесі), т.б. прецедентті тұлғалар бұрынғы қазақ қоғамында аз болмаған.

Құран кәрімнің әрбір әрпінде қасиет, сауап бар деген түсінікпен байланысты ел ішіндегі молда, емші, тәуіптер аят, сүрелерді араб жазуымен қағазға түсіріп, оны суға салып, дұға ретінде ауруға *ішірткі* деп ішкізген. Тіл-көзден, жаманшылықтан сақтайды деген сеніммен дұға жаздырып, *тұмар* тағып жүретін болған. Құранды қасиетті кітап дей отырып, халық шынайы айтылған ақиқатты қисынмен жеткізе айтқан сөзді *кітаптың сөзіндей* деп, хатқа түскен сөзді жоғары бағалаған. Жазудың халық санасында құндылық ретінде бағалануына *Қасиетті кітаптың* әсер-ықпалы аз болмаған**.**

Ескі жәдігерлер тілін зерттеуші ғалымдар Сәрсенбі Дәуітұлы, М. Шәпиғи, араб әріптерінің дыбыстық мәнділігінен басқа олардың жеке-жеке мағыналарының бар екенін ғұлама шайырлар Қожа Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани, Абайға дейінгі және Абайдан кейінгі бірсыпыра ақындардың Құран әріптерінің қасиеті туралы қалам тартқанын айта келіп әріп мағыналарын былай деп көрсетеді:

ا (Алиф) – *улфат* «ұлпат»
ب (Би) – *баракат* «берекет, береке»
ت (Та) – *тауба* «тәубе»
ث (Са) – *сауаб* «сауап»
ج (Жам) – *жамал* «жамал», «сұлулық»
خ (Ха) – *хайр* «қайыр», «рақым»
د (Дәл) – *далил* «дәлел»
ذ (Зал) – *закуан* «зеректік», «зейінділік»
ر (Ра) – *рахмат* «рақымшылық»
ز (За) – *закат* «зекет», «зекет берушілік»
س (Син) – *сағадат* «бақыттылық»
ش (Шин) – *шифаун* «шипалық»
ص (Сад) – *сыйдық* «шындық», «шынайылық»
ض (Дад) – *диаун* «жарық», «нұр»
ط (Та) – *тарауат* «мейірімділік», «нәзіктік», «балғындық»
ظ (За) – *зафар* «салтанат», «жеңіс»
ع (Ғайн) – *ғылым* «ғылым»
غ (Ғайн) – *ғинан* «байлық»
ف (Фа) – *фалак* «шаттық»
ق (Қаф) – *курбат, курбун* «туыс», «жақын адам»
ك (Каф) – *карамат* «керемет, ғажайып»
ل (Ләм) – *лутфун* «әдептілік, сыпайылық, ізгілік, ілтипаттық»
م (Мим) – *мауғизат* «уағыз», «ғибрат»
ن (Нун) – *нур* «нұр»
و (Уау) – *уелат* «байланыс, қатынас, дәнекер»

ھ (Һа) – *һидайат* «тура жолға бастаушы, салушы»

ي (Йа) – *йакин* «айқын», «анық», «шын»

Жәдит жазуы / оқуы XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей жеріндегі мұсылмандар қолданған жаңартылған *араб жазу* жүйесі. Бұл жазу жүйесінің ереже тәртібін, негізін салған қырым татарларының аяулы перзенті, түркі мәдениетіндегі көрнекті тұлға Исмағұл Гаспринский (1851-1914) қадым негізді араб әліпбиін түркі тілдерінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкестендіріліп, мұсылмандардың Бүкілресейлік III съезінде Ереже түрінде қабылдатты. Сөйтіп, *жәдитше жазу*/*оқу* түркі халықтарына ортақ жазу ретінде мектеп, медресе бағдарламаларына енгізіліп, міндетті түрде оқытылатын болды.

Алайда ұлы реформатор А. Байтұрсынов түркі жұртшылығына «ортақ жазу» идеясынан бас тартып, оның орнына жалпыхалықтық тілдің негізінде ұлттық жазу жүйесін жасады. Аталмыш жазу үлгісі халықтық лингвистикада **төте жазу** деп аталды.

Төте жазу. XX ғасыр басында халқымыздың ұлы перзенті, ғұлама ғалым А. Байтұрсынұлы ескі қазақ жазба тілін күллі қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын ұсынды. Басқаша айтқанда, жазу-сызуды демократияландыру арқылы күллі халықты сауаттандыру ісіне бар білімін, күш-жігерін салды. Халықты жаппай сауаттандыруды, білім беруді тезірек қолға алмаса, қазақ қоғамының заман ағымына ілесе алмай, қалып қоятынын терең түсіне білген ғалым жүйесі аса күрделі *ескі қазақ жазба тіліне* түбегейлі реформа жасады. Алдымен, ол араб әліпбиін пайдалана отырып, халық тілінің тоғыз дауысты (а-ә, ы-і, о-ө, ұ-ү, е) және он тоғыз дауыссыздан (б-п, д-т, г-к, ғ-қ, ж-ш, з-с, й, л, м, н, ң, р, у) тұратын дыбыс жүйесін негізге алып қазақ әліпбиін түзді. А. Байтұрсынұлы ұсынған жазба тіл нормасы бірыңғай халықтық тілдің сөз, грамматика, дыбыс жүйесіне сүйенді, соларды таяныш етті, ескі түркілік сөз үлгілері мен қалың жұртшылыққа түсініксіз араб, парсы элементтерінің қолданылуы шектеулі болды. А. Байтұрсынұлы жазуы халықтық тілдің сөз үлгілерін жазба тілде бірізді қолданудың жүйесін жасады. Сөйтіп, А. Байтұрсынұлы халық тіліне негізделген жазбаша тілдің тұңғыш рет оқулықта, оқу құралдарында заңдастырылған нормасын (кодификацияланған нұсқасын) жасады. Тіліміздің заңдастырылған жазу нормаларын А. Байтұрсынұлы негіздеп берді.

А.Байтұрсынұлы ұсынған жазу жүйесі жалпақ жұртшылықтың ықыласына бөленді. Ден қойған адам оны бір-екі айдың ішінде-ақ үйреніп алатындай 24 әріптен тұратын жүйесі ұғымға жеңіл, емлесі оңай болды. Сондықтан халықтық лингвистикада бұл жазуды бұрынғы жазудан бөлектеп *төте жазу, төте оқу* деп атады. А. Байтұрсынұлының төте жазуын тек қазақ зиялылары ғана емес, әлемдік тіл ғылымының (лингвистиканың) көрнекті өкілдерінің бірі Е.Д. Поливанов, математикалық әдіспен фонетика графиканы зерттеуші ғалым Яковлев арнайы тексере келіп, А. Байтұрсынұлы әліпбиін аса жоғары бағалады. Алайда төте жазудың Кеңестер Одағындағы ұмыры ұзаққа бармады. 1929 ж. қазақ жазуы латын графикасына негізделген, 29 әріптен тұратын ***латын жазуына*** көшті. Ал 1940 ж. қараша айынан бастап латын негізді қазақ жазуы 41 әріптен тұратын осы күнгі орыс графикасына бейімделген ***кирилше жазуға*** көшті. Ал ҚХР-дағы миллионнан астам қандастарымыз осы күнге дейін төте жазуды қолданып келеді. Онда төте жазумен оқулықтар, газет-журналдар, әртүрлі кітаптар шығады.

Абжад (қазақтың сөйлеу тілінде айтылуы *әбжәт*) көне араб әліпбиінің өзгеше тізілу ретін көрсететін ойдан шығарылған мағынасыз сегіз сөздің аты: *абжад, һауваз,*

хұтти, каламан, сағфас, қарашат, саххаз, зазағ. Бұл сөздердегі әріптердің жалпы саны араб әліпбиіндегідей 28 болып, әрбір әріп белгілі бір санды білдірген:

Абжад төрт амалмен есеп шығаруға (көбейту кестесіне), кез келген санды әріптермен беруге, сөзді цифрмен жазуға пайдаланылған. Абжад ертедегі мұсылманша мектептерде оқытылған. Кейбір маңызды оқиғалардың болған жылдарын абжадтағы әріптер арқылы белгіленген. Мұсылманша сауат ашуда *әптиек, иманшарт* игеру, *әбжәтті* білу оқыту мазмұнында міндетті болған. *Арша жазу* немесе *сәрбихат* жазу жүйесі Абжадқа негізделіп жасалған (ҚСЭ).

Қыз бен жігіт айтысында айтысушылар алдымен бір-бірінің сауатын барлап алады. Әліпбидегі 28 әріпті өлеңге қосу, жұмбақ жасыру айтыс өнерінде жиі кездеседі. Бұндайға, әсіресе, айтыскер қыздар жүйрік болады. Ал сауаты шамалы болса, айтыскер жігіт айтыс алдында 2-3 ай болса да молдадан сабақ алады.

Ел ішіндегі айтыстың бірінде зерек, зерделі қыз жігіттің қай айда туғанын өлеңмен сұрайды. Сонда жігіт өзінің туған айын абжад санымен жұмбақтап айтады:

Сарыкөлдің бар екен алпыс қазы,
Сол қаздардың екі жүз балапаны.
Тоғыз үйрек, дәл елу қасқалдағы,
Артық-кемсіз айтқаным абжад саны.

Сонда зерек ақын қыз абжад бойынша қай сан қай әліпті білдіретінін түсіне қойып, жұмбақты былай шешеді: абжад қатары бойынша алты *с,* екі жүз – *р,* 9 саны – *т,* елу – *н* әріптерін білдіреді. Бұдан *саратан* айының оқылуы шығады.

Жігіт абжад жұмбағын тез шешкен қызға риза болып, оның жасын сұрайды. Сонда қыз:

Бір қызға жеті жігіт зар болады.
Екі жаман қосылса сор болады.
Жасымды артық-кемсіз мен айтайын,
«Зальға» «дальды» қоссаңыз сол болады, –

дейді. Жігіт те зеректік танытып, *заль* әрпінің абжадтық санын (тоғызды) *даль* әрпінің абжадтық санына (сегізге) қосып, қыздың он жеті жаста екенін таба қояды.

Арша жазу /хат сарви – жазылуы және оқылуы *абжад* жүйесіне негізделген 28 араб әріптерінен тұратын арша ағашы бейнелес жазу. Ол абжад жүйесі бойынша 1) АБЖАД, 2) ҺАУУАЗ, 3) ХУТТИ, 4) КАЛАМАН, 5) САГАРАЗ, 6) КАРАШАТ, 7) САХХАЗ, 8) ЗАЗАҒ деп аталатын 8 топқа бөлінеді. Бұлар әріптердің тәртібі мен орналасуын көрсететін шартты атаулар. Әуелде бұлардың мағынасы болған, дұғалық қасиетке ие деген де пікір бар.

Арша жазуда тік таяқша сызық алынады, ал оның сол және оң жағындағы көлбей сызылған кішкене сызықшалар сөздің қалай оқу керектігін көрсетеді. Тік сызықтың оң жақта белгіленетін көлбеу кішкене сызық сегіз топтағы әріптің қайсына кіретінін, ал сол жақтағы кішкене көлбеу сызық аталмыш топ ішіндегі әріптердің реті бойынша оқылады. *Бала* деген сөзді аршамен жазу үшін бірінші ***б*** әрпінің қай топқа кіретінін білу керек, яғни бұл әріптің *абжад* тобына кіретінін байқаймыз.

Тік таяқшаның оң жағына бір көлбеу сызық белгіленеді, *абжадтағы* әріп қатары екінші болғандықтан, сол жаққа көлбеу екі сызық жазылады (*б*); ***а*** әріпі *абжадтағы*

бірінші топқа жататындықтан тік сызықтың оң жағында көлбеу бір сызықша және *абжадтағы* қатар реті бірінші тұрғандықтан сол жақта бір сызықша қойылады (*а*). Ал ***л*** әрпі төртінші топтағы рет қатары екінші болып тұрғандықтан, тік сызықтың оң жағына төрт көлбеу, сол жағы кішкене екі сызықпен белгіленеді (*л*); ал ***а*** әріпі, жоғарыда айтылғандай, мына түрде таңбаланады (*а*). Сонымен, *бала* сөзінің аршамен жазылуын былайша көрсетуге болады: (*б*)(*а*)(*л*)(*а*).

Белгілі түркітанушы, көрнекті этнограф Әбубәкір Диваев (1856-1933) 1917 жылы Ферғана алқабына барған сапарында Орта Азиядағы араб жазбалы түркі халықтары арасында тараған, бұрын өзіне беймәлім, әріптерінің таңбалану кейпі шырша, арша ағаштарының бұтағына аса ұқсас бір жазуға кезіккенін айтады. Араға біраз жыл салып барып, 1928 ж. Ташкент шаһарында басылып шыққан «Год работы казахского высшего педагогического института» деген жинаққа «Кипарисоподобные письмена» деген атпен мақала жариялайды.

Мақалада автор жазудың бұл түрінің Ферғанадағы жергілікті білгірі Бекболат Сәлиев деген азамат екенін, жазу туралы барлық мәліметті осы кісіден алғандығын айтады. Белгілі диалектолог ғалым Сапарғали Омарбеков Ә. Диваевтың жоғарыда аталған хабарлама-мақаласына сүйене отырып, «хат сарви» деген тақырыппен шағын мақала жариялайды, бірақ қазақша түсінігі *арша жазу* деп көрсетті. Кейіннен автор ҚСЭ-дегі бұл мақаласын кеңейтіп, «Ана тілі» газетіне бастырған. Ғалымның жорамалдауынша *арша жазу* жаппай ел арасынан гөрі мұсылманша сауаты тереңірек, қоғамдағы мәдениеті жоғарырақ деген топтардың ішіне көбірек тараған. Көбіне-көп ол қоғамның осы тобының бір-бірімен хат арқылы құпияласуы үшін қызмет еткен жазу тәрізді.

Жазу және оның түрлері этнотілдік ұжымның когнитивтік санасында күрделі ұғымдар жүйесін құрайды. Идеографиялық жазумен байланысты айтылатын *тайға таңба басқандай; таңбасыз тай, енсіз қой; ен-таңбасы бөлек* т.б. фразеологизмдер этностың әлеуметтік өмірдегі тіршілікқамына байланысты меншіктік қатынасты білдіреді. Жазуға қатысты халық тілінде жиі айтылатын: *Кітап – ғалым, тілсіз мұғалім; Кітап – көзі жұмыққа арзан. Көзі ашыққа маржан; Күш – білімде, білім – кітапта; Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы; Кітап – оқығандікі, білім – тоқығандікі; Кітап – алтын қазына; Кітап – алтын сандық, іші толған қазына, құт: оқы, біл, ойыңа тұт; Кітап – қаймақ, білім – оймақ; кітап сөзі, хат таныту, кітаптың сөзіндей* («анық-айқын»), *ақ қағазға жазған хаттай, оқығанның көзі ашық* т.б. тәрізді паремиологизмдер жазу-сызу ұғымының этнокогнитивтік санада ерекше құндылықтар жүйесіне жататынын аңғартады. Мұсылманша сауат ашуға дәстүрлі қазақ қоғамында ерекше мән берген. Бала кем дегенде үш жыл молданың алдын көріп, *әптиек, иманшарт, әбжатты* үйреніп шығады. Бұлардан хабары жоқ адамды сауатсыз, қараңғы дейді. Байырғы ақындар айтысында әліпбиді өлеңге қосу, сөйтіп, әріптесінің сауатын сынау айтыстағы шарттардың біріне айналған. Мысалы, Ұлбике (1825-1845) Күдері Қожамен айтысқанда:

Сен-ақ оқы ***әліп*** *пен* ***Әбіжатты****,*
Мұрным ***әліп*** *болғанда қасым мәт-ті*
Көкірегім-кітап сөзі, тілім-Құран
Мен сенен үйренбеймін шариғатты, –

дейді**.**

Ал, керісінше, *әліпті таяқ деп білмеді, нонды шұқыр аяқ деп білмеді, хат танымады, кітап бетін ашпаған* деген паремиялардан халықтың этномәдени дәстүрде сауатсыздықты «қараңғылық» деп танып, надандықтың қатарындағы бейқұндылықтарға жатқызатынын байқауға болады.

Пайдаланған әдебиет:

Самойлович А. Казакский алфавит // Литературное энциклопедия. Т.І. Л., 1923; *Диваев А.А.* Кипарисоподобные письмена // Год работы казахского высшего педагогического института. Ташкент: Изд. Казпедвуза, 1928. С.81-82; *Поппе А.Н.* Карсакпайская надпись Тимура // Труды отдела истории культуры и искусствы Востока. Т. 2. Л., 1940. С.185-187; *Әбілқасымов Б.* Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. А., 1971; *Благова Г.Ф.* О соотношениях прозаического вариантов среднеазиатско-тюркского литературно-письменного языка XV в. // Turcologica. Л., 1976; Хат Сарви // ҚСЭ. 11-т. Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакциясы, 1977. 618-б.; *Марғұлан Ә.* Күміс сандық құпиясы // ҚӘ., №1, 1981; *Әбілқасымов Б.* XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. А., 1982; *Сыздықова Р.* XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы. А., 1984; Қырық қазына. Қазақ халқының ауызша есептері (Жинақты құраст. Ә.Доспамбетов). А.: Мектеп, 1987; *Сыздыкова Р.Г.* Язык «Жамиғат-тауарих» Жалаири. Алматы: Наука, 1989; *Исаев С.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1989; *Сыздықова Р., Қойгелдиев М.* Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы: Қазақ университеті, 1991; Тіл тағлымы. Алматы: Ана тілі, 1992; *Омарбеков С.* Тұран топырағында туған арша жазу // АТ., 19.05.1994; *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч.І. Алматы: Санат, 1997; Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан даму институты, 1998; *Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х.* Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы: Ғылым, 1998; *Уәлиұлы Н.* А.Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы: Ғылым, 1999. 562-567-бб.; *Әбілқасымов Б.* Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» және оның тілі. Алматы: Арыс, 2001; *Аманжолов А.С.* История и теория древнетюркского письма. Алматы: Мектеп, 2003; *Самашев З., Жетібаев Ж.* Қазақ петроглифтері. Алматы: Иль-Тех-Кітап, 2005; *Бекасыл Әулие.* Жұлдызнама. Астана: Күлтегін, 2005; Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Тама. І т. Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006; Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. ІІІ-том. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 22-23-бб.; *Мыңжани Н.* Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, 2007; *Аристов Н.* Этногенез и этническая история казахского народа. В 50 томах. Астана: Алтын кітап, 2007; *Исаев С.* Қазақ тіл білімінің мәселелері / Вопросы казахского языкознания. Алматы: Арыс, 2008; *Уәлиұлы Н.* Ұлттық жазудың ұлы диқаншысы // Жалын. 2009, №6, 25-29-бб.;Казахское книжное дело в документах и материалах XIX – начало XX вв. Сборник архивных документов. Алматы: Баспалар үйі, 2009; *Шалғынбай Ж.Ж.* Казахстан в зарубежных источникахи материалах. Труды, исследования и путешествия российских и европейских ученых досоветского периода. Биобиблиография. Научный редактор Нурсан Алимбай. Алматы: Кие, 2009; *Беляков А.В.* Чингисиды в России XV-XVII веков. Просопорграфическое исследование. Рязань: Мир, 2011; *Уәли Н.* Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазбадан); ҚР МОМ – материалдарынан; ОМЭЭ – материалдарынан.

ӘЛІПБИ ОРТОЛОГИЯСЫ[35]

Әдетте әліпби ортологиясы ең алдымен «Әліпби ауыстыру дұрыс па?» деген сұрауға жауап іздеуден басталады. Бұның жауабын 1) тілдік фактордан, яғни тілішілік жайттан, атап айтқанда, жазу-сызудағы кемшіліктер мен кем-кетіктерден немесе осы игерудегі қиындықтардың себебінен іздеген жөн бе? Әлде тілден, тілішілік жайттан тысқары жатқан саяси-мәдени-тарихи факторлардан іздеген жөн бе?

Тілішілік, яғни «таза» тілдік факторлар тұрғысынан қарасақ, мысалы, әліпбидегі басы артық графикалық таңбалар мен әріптер, буын жігінің кейбір әріптерді таңбалауда ажыратпайтындығы, кейбір сөздердің әуезділігінің бұзылып айтылуы әрине, тіл мамандарының, өзге де тіл жанашырларының дабыл қағатындай күйдегі «қиын» жайт екені белгілі. Бірақ графикалық жүйедегі бұндай әлеуметтік қиындықты әліпби ауыстыру арқылы шешу жөн бе?

Тіл, әсіресе жазба тіл – өзінің болмысы жағынан консервативті жүйе, басқаша айтқанда, оның әлеуметтік сипатында, болмысында дәстүр сабақтастығы бірінші орында тұрады. Сондықтан әліпби ауыстыруда тілішілік факторды бағдарға алу шешуі емес. Ал жазу-сызудағы әлеуметтік қиындыққа қарамастан, жазу-сызуды, әліпбиді ауыстырмай-ақ та қолдана беруге болады деушілер бар. Өйткені әлеуметтік қиындығы болса да, оны ауыстырмаудың себебі әліпбиді ұрпақ пен ұрпақты жалғастырушы, яғни ұлттың тарихи-мәдени құндылықтары деп таниды.

Жазу-сызуды реформалауды тілші ғалымдар негізінен тілішілік аядағы жайттармен байланыстырады. Әліпби мәселесін қозғаған ғалымдарымыз көбіне тілішілік аядан шыға алмай жатады. Алайда, әсіресе, соңғы кезеңдерде әліпби ортологиясының мәселелері тек тілішілік кана емес, тілден тыс аядағы факторлармен де байланысты екені айқындала түсті.

Көрнекті түркітанушы ғалым Э.Р. Тенишев өмірінің соңғы жылдарында «Размышление об алфавитах тюркских языков» [1] деген баяндамасында әліпбиге техникалық жақтан: саны, таңбасы, олардың тіркесуі, диакритикасы тұрғысынан қарау бар да, функционалдық жақтан, яғни әліпбиге тарихи-мәдени тұрғыдан қарау бар дей келіп, техникалық жағынан қаншалықты маңызды екені күмәнсіз екенін, ал, дегенмен, оның мәдени құндылықтарға тәуелді екенін атап айтады. Оған жазу мәдениеті тарихынан мысалдар келтіреді. Ғалымның айтуынша, білім беру, халықты сауаттандыру ісінде қытай балалары ерекше күш жұмсайды. Иероглифті жазып үйренуге олар кем дегенде, белгіленген бағдарламаға сәйкес екі жыл жұмсайды. Ал дыбыстық жазуды оқып-үйрену екі есе жеңіл.

Иероглифтен, осындай орасан қиындыққа қарамастан, дыбыстық жазуға көшу қытайлықтар үшін мәдени мұрадан қолүзгендік болып табылады. Ал ондай мәдени мұраның қытай елінде үш мың жылдан астам тарихы бар. Қытай жұртының иероглификадан бас тартуы, түптеп келгенде, мәдени мұрадан бас тартуы болар еді. Үйренуге қиындық келтіруіне қарамастан, иероглификаның мәдени-әлеуметтік мәртебесі аса жоғары болды, сондықтан иероглиф әліпбиі Жапон, Корей, Вьетнам елдерінде кеңінен қолдау тауып, иероглиф жүйесін өз тілдеріне бейімдеп, игеріп алды. Еуропа халықтарында әсіресе, ағылшын, француздардың жазуы сөздің дыбысталуынан мүлде алшақтап кеткені белгілі. Солай бола тұрса да, ағылшын тілінің

[35] *Мақала «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау» атты ұжымдық монографияда, 2016 ж., А.Қобылановамен бірлескен авторлықта жарияланған.*

әліпбиі мен орфографиясы – олар үшін тарихи-мәдени құндылық. Расында, олардың санасында әліпбидің әлеуметтік қиындығынан гөрі мәдени әрі тарихи құндылық деп білетін концептуалды таным әлдеқайда басым. Сонымен бірге әліпбидің әлеуметтік қиындығын дұрыстауға ырық бермейтін тағы бір фактор бар. Біздің ойымызша, ол – коммуникативтік фактор.

Коммуникативтік фактор. Сонымен, жоғарыда аталғандай, жазу-сызу дәстүрі әріден келе жатқан елдер әліпбилерін өзгерте алмайды. Өйткені жазу-сызуларын реформалауға ырық бермейтін тағы бір күшті фактор – жазу-сызудың ақпарат алысудың аса мықты құралына айналуы. Қазіргі заманда жазу арқылы ақпарат алудың-берудің техникалық құралдары көбейді. Ақпараттық коммуникация – бизнес қоғамында алтынға бағаланатын байлық. Ал ақпарат дер кезінде алынбаса, дер кезінде берілмесе, құны түскен тауардай болып қалады. Сондықтан әліпбиді өзгертудің экономикалық зардабы күшті болғандықтан, оны, яғни әліпбидегі, жазу-сызудағы әлеуметтік қиындықты жөндеуді тиімсіз көреді. Жазба дәстүрі ежелден келе жатқан елдердің әліпби ауытыруға, жазуларын реформалауға құлықсыз болатындығының бір себебі, коммуникациядағы ақпараттық фактормен байланысты.

Қазіргі кезде қағаз қоғамы латынтекті әліпбиге көшуге құлшыныс танытып отыр. Оның бірінші кезектегі басты себебі – құлдық санадан арылу. Ал екінші кезектегі себебі – идеологияланған, ұлтсыздандырылған әліпбиге ұлттық сипат беру.

Қазақ жазуына ұлттық сипат берген ғұлама ғалым А. Байтұрсынұлы болды. Қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына, яғни палаталды сингармонизм заңдылығына, жалғамалы табиғатына сай болуы. Қазіргі қолданыстағы жазу қостілділікке қызмет ететін, идеологизацияланған жазу ретінде екі тілге (қазақ, орыс тілдеріне) қызмет ететін жазу болды. Әліпбиде 42 әріптің он үші (тоғызы) орыс тілі сөздерін жазу үшін қолданылса, 29 әріп төл сөздерімізді жазу үшін қолданылады. Мұндай басыбайлы әліпби лингвистикада үлгілі жазу деп бағаланбайды. Әрине, орыс тілі терминология саласында донор тіл болып отыр. Донор тілден алынған атаулар қазақ тілінің палаталды сингармония заңдылығы бойынша жазылу керек. Сонда ғана тіліміздің жуан/жіңішкелік тілдік, яғни функционалдық заңдылық. Жуан/жіңішкелік әуез эстетикалық категория. Бірыңғай жуан, бірыңғай жіңішке сөздер ішкі ұйқас құрайды: *кәсіп түбі – нәсіп; келелі іске – кең өріс* т.б.

Қазақ қоғамы, жалпы жұртшылыққа мәлім, қысқа ғана мерзім аралығында жазу-сызуын үш мәрте реформалады. Әліпби ауыстыру, жазу сызуды өзгерту аса сирек кездесетін құбылыс болса керек. Өйткені жазба тіл-тұрақты сипат алған сайын нормалық қасиеті күшейіп, ғасырлар мәдениетін бүгінгі заманға жеткізетін ерекше қызметке ие феномен. Солай бола тұра,қазақ жазуының тағдыры құбылмалы заманмен бірге құбылып, араб графикасы негізіндегі әліпбиден латынға, одан кирилше әліпбиге көшті. Енді, міне, кирилшеден латыншаға көшу көзделіп отыр. Ұлттық жазуды жетілдірудің бірден-бір жолы латын әліпбиіне көшу деген көзқарас, ғылыми тұжырым, дәйекті ұсыныстар осыған меңзеп отыр. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында атқарылған ғылыми-зерттеу жобалар осыны аңғартады. Алайда үш түрлі әліпбиге, соған сәйкес үш типті жазу жүйесіне көшу тіл иегерлері үшін психологиялық, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан оңай емес.

Өткен замандарда тұтынған әліпбилерді, қазіргі кирилшені түкке тұрғысыз деп қарала бояу жағып, біржақты бағалау ақиқатпен сәйкес бола қоймас. Өткен замандардағы халқымыздың бастан кешірген жазу-сызуларындағы жақсы тәжірибенің үлгі тұтар тиімді тұстарын айқындау қажет екені даусыз. Осы мәселені ой

елегінен өткізіп, реформалау барысында олардың жақсы жақтарын жатсынбай ала білу қазақ жазуын жетілдіре түсуге септігін тигізері сөзсіз.

Араб әліпбиі негізіндегі төте жазу, яғни А. Байтұрсынұлы әліпбиі қазақтың ұлттық жазу-сызуын фонологиялық арнаға түсірді. Фонологиялық ұстаным осы жазудың іргетасы болды. **Қоғамдық санадағы** фонологиялық ойлау жүйесін дамыта түсті десек, артық айтқандық емес. Төте жазудың бұл қасиеті латын графикасына негізделген әліпбиге көшкенде де негізге алынды. Олай болатыны А. Байтұрсынұлы әліпбиі қазіргі қазақ тіліндегі фонемалардың санын дәл анықта берді. А. Байтұрсынұлының жасаған фонемографикалық жүйесі қазақ жазуы кирилшеге көшкенде де қолданылды. Сонымен, әріп басқа, жазу-сызу әртекті (арабша, латынша, кирилше) болғанмен, фонемографикалық жүйе олардың бәріне ортақ болды. Сондай-ақ бүгінгі күні қолданылып отырған кирилше жазуда *бас әріп, нүкте, қысқарған сөз, тасымал, сызықша, сөздердің бөлек*, *бірге* орфографиялануы тәрізді графикалық таңбалар жүйесі осы аталған жазудың жетістіктері деп бағалануы тиіс. Ой мен сезімді жеткізуде қосалқы қызмет атқарған мұндай графикалық элементтердің кирилше жазуда бас-аяғы түгелденеді. Болашақта латыншаға келгенде емле, тыныс белгілерін қайта жасап, жаңадан арба жасаудың қажеті жоқ. Сондағы көңіл бөлейік деп отырған мәселе әліпбиді өзгерткенмен, графикалық жүйедегі сабақтастықты сақтау дедік. Мұндайда ешбір талассыз, дау-дамайсыз шешілетін жайттар бар да, сонымен бірге ғылыми ой сарабынан өткізетін талас мәселелер де жоқ емес.

Мысалы, кирилшедегі ***ё, ц, щ, ъ, э, ю, я*** тәрізді таңбалардың ұлттық жазуымыз үшін функционалдық жүктемесі жоқ. Бұл – басы ашық мәселе. Осы аталған әріптер, екіншіден, орыс тілінен және шет тілінен енген сөздерді бұлжытпай жазу керек деген идеологиялық қысыммен байланысты қазақ әліпбиіне енгізілгені белгілі. Сондықтан қазақы санада жат көрініп тұратын психологиялық жайт бар. Ал ***х, h(f)*** таңбасы бар, бірақ олардың қызметі, дыбыстық мағынасы әртүрлі.

Қазақ тілінің жазу жүйесі ***х, h(f)*** таңбасы байырғы қазақ қоғамы қолданған ескі кітаби тілдерде кездесетін сөздердегі дыбыстық мәңгіліктерді белгілеу үшін қажет болуы мүмкін. Мысалы, діни дискурста кездесетін **Аллаһ, Мұхаммед, Фатиха** т.б. сөздерді **х, h(f)** әріптері бойынша орфографиялау нормалық сипат алған.

Кейінгі жылдары и,у әріптерінің орфографиялануы баспа беттерінде сынала бастады. Сондағы оппоненттердің айтатын негізгі уәжі мынадай:

– **и, у** әріптері буын жігін тасалап тұрады;

– **ми** дегенді мій деп дыбыстайды,яғни сөздің жазылу нормасы дыбысталу нормасын бұзып тұр;

– **и, у** әріптері қазақ тілінің дыбыс жүйесін оқытуда мұғалімдерді де, оқушыларды да шатастырып бітті; оқулықтарда **[и], [у]** дауыстылары бар деген қате түсінік пайда болды.

Сонымен, **и, у** әріптерінің орфографиялануындағы бұл «кемшіліктер» ортологиялық тұрғыдан қалай бағалануға тиіс? Бұлар бұрынғыша графикалық жүйедегі құндылықтардың қатарына жата ма, әлде қисынсыз делініп, қатардан шығарып тастала ма?

Бұл тұста латын графикасы негізінде жаңа әліпби жобасын жасаушылардың көзқарастары қарама-қарсы екені байқалады.

И, у әріптерін терістейтін пікірдің жоғарыда айтылған аргументтерімен түгелдей келісу қиын. Оған мынадай қарсы уәж айтуға болады:

– **и, у** әріптері буын жігін тасалап тұрады деп кемшілік ретінде көрсету жет-

кілікті уәж емес. Өйткені жазудың мақсаты буын жігін көрсету, сөздің қалайша айтылатынын көрсету емес, ой мен сезімді жеткізу, мағына ажыратуға қызмет ететін дыбыстарды әріптер арқылы орфографиялау. Ал сөздің буын жігін, дыбысталуын көрсету – орфоэпияның мәселесі.

– **ми** деп жазғандықтан, оқушылар, студенттер, радио, теледикторлар бұл сөзді *мій* деп дыбыстайды, сөздің орфографикасы оның орфоэпиялық нормасын бұзып тұр деген уәж соншалықты сенімді көрінбейді. Тіпті солай бола қалғандықтан, оқушылар, студенттер, радио, теледикторлар бұл сөзді *міи* деп дыбыстайды. **и, у** әріптері дауысты **[у]-ды, [й]-ді** білдіреді деп шатастыратыны рас. Бірақ бұл шатастыру – графикалық жүйедегі қисынсыздық емес, оқыту әдістемесіндегі техникалық кемшіліктер. Әріп пен дыбысты дұрыс ажырата алатын, әріп, жазба сөздің бірлігі, ал дыбыс – ауызша сөздің бірлігі екенін тани білетін оқытушы бұларды шатастырмайды.

Мысалы, ***суреттеу*** деген сөздің жазбаша түрі оның ауызша түрімен бірдей емес. Бұл айырмашылық жазба кодты ауызшаға, сондай-ақ, керісінше, ауызша сөзді жазбаша кодқа түсіргенде айқын байқалады: ***суреттеу*** (жазбаша код) – [***сүреттеу***] (ауызша код); ***суғарту*** (жазбаша код) – ***[сұғартұу]*** (ауызша код); ***тау*** – (жазбаша код) **–** ***тау*** (ауызша код); **ту** (жазбаша код) **–** ***тұу***(ауызша код); ***сирақ*** (жазбаша код) – ***сыйрақ*** (ауызша код); ***сирек*** (жазбаша код) – ***сіирек*** (ауызша код).

Бұл салыстырудан *и, у* әріптерінің көпмәнді қызметте жұмсалатын графикалық таңба екенің байқауға болады:

И → **(ій)**, **(ый)**

У → **(ұу)**, **(үу)**

Қазіргі әліпби құрамындағы кейбір әріптер бірмәнді, яғни бір ғана дыбысты қызметте жұмсалса, ал ***и, у*** тәрізді әріптер екі дыбысты белгілейтін көпмәнді графикалық таңбаға жатады**(...)**

Сонымен, біз бұл жерде сөздің ауызша түрін жазбашада ықшамдап, таңбаларды көбейтпей берілуін қазіргі кирилше жазудың тиімді тұстарының бірі, қолданыстағы осы жазу жүйесінің өзіне тән артықшылығы деп бағалағанды жөн деп білеміз. Алайда бұл артықшылық осы кирилше жүйеде ғана орынды болуы мүмкін. Мұндай жазудағы ерекшелікті «құбыжық» емес, құндылық ретінде танудың еш әбестігі болмаса керек. Болашақ әліпби жобасында бұл жайт ескеріле ме, ескерілмей ме, ол өз алдына мәселе.

Пайдаланған әдебиет:

1. Тенишев Э. Размышления об алфавитах тюркских языков // Языки, духовная культура и история тюрков: традиций и современность // Труды международной конференций в 3-х томах Т1. – Казань,1992.

2. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар – Алматы: Ғылым, 1988.

ҰЛТТЫҚ САНА ЖӘНЕ «ӘЛІПБИ» КОНЦЕПТІСІ[36]

Мәселенің мән-жайы түсінікті болуы үшін *сана* деген іргелі ұғымды еске түсіруімізге тура келеді. Бұл аталған күрделі ұғымның арғы жақтағы қатпарларына бармай-ақ, қысқа қайырсақ, *сана* дегеніміз адамдардың ақиқат дүниедегі зат, құбылыс, уақиға т.б. түйсінуі, қабылдауы және оларды ой елегінен өткізу барысында пайда болған, қалыптасқан түсінігі мен көзқарасы дегенге саяды. Түсінік, көзқарас, әрине, алдымен адам санасында, тілдік ұжымның санасында жинақтала, қорытыла келе, білімге айналады. Ондай білімдердің бір алуаны ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан *дәстүрлі білімдер* болса, бір алуаны тілдік ұжым мүшелерінің әрқилы ақпараттарды салыстыру, ойлау нәтижесінде пайда болған *табиғи білім* жүйесі болып табылады. Білімнің тағы бір түрі арнайы бағдарлама бойынша оқыту барысында мектепте, жоғары оқу орындарында, арнаулы курстарда алынған *үйретінді білімдер* жүйесіне жатады.

Мысалы, «әліпби» деген концептіде (когнитивтік бірлікте) әртүрлі білімдер жүйесіне жататын ақпараттар тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған. «Әліпби» – ақиқат дүниенің үзігі. Ол жөнінде тілдік ұжымның, оның мүшелерінің санасында ақпараттар жинақтала, екшеле келіп, «концепт» деп айтылатын когнитивтік құрылым арқылы білімге айналады.

Кирилл, латын, араб, Орхон әліпбилері туралы тілдік ұжымның когнитивтік санасында кодқа салынған ақпараттар жинақтала келіп, білімге айналады. Ал білімнің өзі тұрмыстық деңгейдегі, энциклопедиялық деңгейдегі білім деп бөлінеді. Тілдік ұжымның санасында білім түрінде жинақталған ақпараттарды жүйелеп көрсету еліміздегі әліпби саясатына «жұртшылықтың қалай қарайтынын» байқауға, бағамдауға азды-көпті мүмкіндік береді. Өйткені мұндай білімдер жүйесі саяси, мәдени-әлеуметтік, тілдік, психологиялық, экономикалық түрткіжайттардың қалыптасуына әсерін тигізеді.

Әліпби әріптер арқылы белгілі бір тілдің мағыналық бірліктерінің дыбыстық тұрпатын белгілейді. Бұл тұрғыдан қарағанда, әліпби – таза лингвистикалық ұғым. Сонымен бірге әліпбиді белгілі біртілдік қоғамдастықтағы таза лингвистикалық мәнділік қана емес, мәдени-тарихи ақпараттар кодқа салынған концепт (кең ұғым) деуге болады. Егер әліпбиді тілдік ұжымның когнитивтік санасындағы мәдени-тарихи, лингвистикалық ақпараттар кодқа салынған концепт деп қарасақ, ондағы кодты шамамен былайша ашуға болады:

Мысалы, Орхон әліпбиі – V-VIII ғасырларда Түркі қағанаты қолданған әліпби жазуы; Түркі қағанатында жазба коммуникация болған және ол бұқаралық сипатта болғанға ұқсайды, өйткені тек бір ғана әлеуметтік жікті – қаған мен бектерді ғана емес, өзге де әлеуметтік төмен жікті қамтығанға ұқсайды; қазіргі түркі халықтары (чуваштардан басқалары), оның ішінде қазақ тілі де – Орхон-Енисей әдеби тілінің мұрагері. Тілдің барлық деңгейіндегі дыбыстар, грамматикалық бірліктер, лексика-фразеологиялық жүйесі де қазақ тілімен ортақтықтары бар, сондай-ақ қазақ тілінің жүйесінен (қыпшақтық жүйелері) өзгеше, басқа туыстас тілдерде кездесетін құрылымдар бар.

Орхон әліпбиінің вокализм жүйесі 8 дауыстыдан, консонантизм жүйесі 16

[36] *Мақала «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы» атты ұжымдық монографияда 2016 ж. жарияланған.*

дауыссыз дыбыстан тұратыны белгілі*: а, а; о, ө; и (ұ), ӣ (ү)* бұл жерде назар аударатын қиындық 10 дауыссыз дыбыс 20 әріппен таңбаланған. Өйткені жуан дауыстылармен келген сөздерде дауыссыз бір таңбамен, жіңішке дауыссыздармен келген сөзде басқа таңбамен белгіленген. Мысалы, Орхон әліпбиіне көшетін болсақ, *тон* дегендегі *т* дауыссызын бір таңбамен, *төн* дегендегі [*т'*]-ны басқа бір таңбамен белгілеуге тура келеді. Сөйтіп, Орхон әліпбиіне көшсек, 9 дауыстыны 4 әріппен, 10 дауыссызды 20 әріппен таңбалар едік.

Түркі қағанатында (V-VIII ғғ.), оның шығысы мен батысында, солтүстігі мен оңтүстік аймақтарында Орхоннан басқа сирия жазуы, санскрит жазуы, брахми, ескі ұйғыр жазулары қолданылды. Бұлардың бәрі діни фактормен (будда, христиан дінімен) байланысты болды. Тек Орхон жазуы ғана кезінде қағанатқа кеңінен тараған. Салыстырмалы түрде айтқанда, әскери демократиялық қоғамның азаматтық сипаттағы жазуы болып, «маңдайы» жарқырап тұрды. Алайда діни фактор болмағандықтан, діни сенімге негізделмегендіктен, бұл жазу қолданыс майданынан шығып қалды.

«Әліпби» концептісімен байланысты кодқа салынған мұндай ақпараттар тек филолог, тарихшы, шығыстанушы, қоғамтанушы және делитанттардың тілдік санасында білім алу жолымен жүйеленген. Ал өзге жұртшылықтың когнитивтік санасында білім түрінде орныққан ақпараттар жеткілікті болмағандықтан, Орхон әліпбиінің мұрагері ретінде қайта жаңғыртып, қазақ әліпбиі ретінде алу ұсынысы қалың жұртшылықта қолдау табатыны күмәнді болып қалды. Ұсынылған жобалар жоқтың қасы, ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан негіздеу, мықты дейтіндей түрткіжайттарды ашып көрсету жағы олқы түсіп жатты.

Мәдени-тілдік ұжымның санасындағы «араб әліпбиі» концептісінде әртүрлі мәдени-тарихи ақпарат кодқа салынған. Сол ақпарат жүйесін қысқаша таратып айтар болсақ, «араб тілі – пайғамбарлардың тілі»; қасиетті Құранның сүрелері көктен араб тілінде түскен; қазақтар исламды қабылдап, өзінің дәстүрлі діні деп таныды. Араб мәдениеті, жазуы арқылы қазақ даласына білімнің ұшқыны тарай бастады; қазақ қоғамдастығында жазба тілдің үлгілері жасалып, нормалары айқындалып, Қазақ мемлекетінің хан жарлықтары, ісқағаздары, дипломатиялық жазбалары, заң жобалары араб әрпімен қағазға түсті. Қазақтың оқып, сауат ашқан ақын-жыраулары көркем дүниелерін араб әліпбиімен қағазға түсірді. Қазан төңкерісіне дейін, шамамен мыңға тарта кітап жүздеген таралыммен ауыл-ауылға таралған екен. Ертеректегі қазақ қоғамында тек зиялы қауым игілігіне қызмет еткен ескі жазбаны А. Байтұрсынұлы реформалап, барша жұртшылықтың игілігіне айналдырды, «төте жазу» жүйесін жасап, жазу-сызуды демократияландырды.

Алайда советтік/кеңестік дәуірде қазақ әліпбиін латынға, одан кирилшеге көшірумен байланысты тілдік ұжым төте жазудан қол үзіп қалды да, дәстүр сабақтастығы бұзылды. Тек Қытайдағы қазақ ирредентасы осы төте жазуды қолданып отыр. Міне, араб әліпбиі туралы осы тәрізді ақпараттар тілдік тұлғаның (жеке адамның, тілдік ұжымның) санасында жинақтала келе мәдени құндылық түрінде орнықты. Осыған байланысты кейбір тілдік тұлғалардың әліпби ауыстырулар болып жатқан бұл заманда «төте жазуға неге оралмаймыз», «мәдени-ұлттық құндылығымызды неге қайта жаңғыртпаймыз» деген сұраудың күдікшілдер тарапынан қойылуын орынсыз деп айта алмаймыз. Оның үстіне А. Байтұрсынұлы әліпбиін кезінде әлем лингвистикасының көрнекті өкілдерінің бірі Д.Е. Поливанов аса жоғары бағалаған. Н.Ф. Яковлев математикалық тәсілмен бұл әліпбидің ең тиімді екенін көрсеткен.

Алайда А. Байтұрсынұлы әліпбиіне көшуді қолдаушылар төте жазумен шеттілдік сөздердің қалай жазылатыны, шеттілдік сөздердің «басқыншылығы» көктемгі қарғындай күшейіп келе жатқан қазіргі заманда бейүндес сөздердің орфографиялануы тәрізді қиын мәселелермен байланысты сындарлы ұсыныс жасай қойған жоқ.

Егер таза лингвистикалық түрткіжайтқа сүйенсек, ең дұрысы төте жазу болар еді. Бұл жерде мәдени-әлеуметтік фактор басым түсіп жатыр. Әрине, қоғам тек өткен кезеңді еске алып, оның сабақтарынан тағылым алумен бірге болашақты болжамдайды. Көптеген ел, әліпби ауыстырғаны да, ауыстырам деп, ауыстыра алмай қалғаны да басқаны емес, неге латын әліпбиін таңдайды? Өйткені әлем Батысты бағдарға алып, оның озық технологиясын, ғылым-білімдегі табыстарын игеріп, жаңартпалар жасауды көздеп отыр. Экономикадағы мемлекетаралық сан-салалы қатынастың ең болмағанда бір тегершігін өз қолында ұстағысы келеді, одан айырылып қалмауға тырысады. Бұл – ұлттық сананың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен байланысты қыры.

Егер ұлттық сана әліпбиді қолдаса, реформаны жүзеге асыру да ойдағыдай болмақ. Қалың жұртшылықтың ықыласы латын әліпбиіне қарай ауып тұрғанын жобалардың көптігінен де аңғаруға болады.

Тілдік ұжымның когнитивтік санасында латын әліпбиі жөнінде орныққан ақпараттар жүйесін «энциклопедиялық сипаттағы жинақталған білім және тұрмыстық мазмұндағы білімдер жүйесі» деуге болады. Қазіргі ғылым мен білімнің терминологиясы негізінен латын сөздері болып табылады; латын әліпбиін қолданып отырған тілдер саны жағынан өзге тілдерден басым; алыс шетелдердің университеттерінде қандай мамандық болмасын, латын тілі оқытылады; латын әліпбиі компьютерде қолдануға икемді. Бір кездерде қазақ тілі латын әліпбиін қолданды, оқулықтар мен көркем әдебиеттер латын әрпімен басылып шықты; латын әліпбиі ісқағаздарда қолданылды т.б. – тілдік ұжымның санасындағы энциклопедиялық білімдер жүйесін байқататын үзіктер.

Латын әліпбиінің батыс елдерде қолданылатыны, батыс елдері шығарған тауарлардың жапсырмаларындағы, тауар төлқұжатындағы латын әліпбиімен жазылған жазулар сатып алушыға тауар сапасына кепілдік беріп тұрғандай көрінеді. Өзінің тауарлары мен көрсететін қызметі батыстағыдай сенімді, сапалы дегенді аңғарту үшін орталық қалалардағы фирма, кәсіпорын, сауда орталықтары, банк бөлімшелерінің т.б. өз аттарын латын әрпімен жазып қоюы дағдылы жайтқа айналып бара жатқаны байқалады. Мұны латын әліпбиімен байланысты жұртшылықтың тұрмыстық санасында жинақталған ақпараттардың көрінісі деуге болады. Мұндай жайттар да латын әліпбиіне көшуге деген жұртшылықтың ыңғайын танытып, олардың «кет әрі емес»-тігін байқатады.

ЖАЗБА КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ АУЫЗША КОММУНИКАЦИЯДАН ӨЗГЕШЕЛІКТЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ[37]

Жазба коммуникация – тілдік таңбалардың ерекше жүйесі. Оның ауызша тілдік жүйеден айырмашылығы. Жазудың қызметі мен бүгінгі күн тұрғысынан маңызы. Жұртшылыққа белгілі, жазу-сызудың пайда болуы күллі адамзат тарихындағы теңдесі жоқ ұлы уақиғалардың бірі болды. Тастағы таңба суреттерден бастап бүгінгі компьютер заманына дейінгі аралықта жазу-сызу әртүрлі, қилы-қилы кезеңдерді басынан өткізді. Жазулы сурет, пиктографиялық, идеографиялық, буын, дыбыс (әріптік дыбыс) жазулары тәрізді түрлері мен типтері болды. Сөйтіп, тілдік, жазба сөзге негізделген коммуникацияның ерекше түрі қалыптасты. Қарым-қатынастың пайда болған «жаңа» арнасы арқылы тілдік қатынас қана емес, тілдің өзі де жаңа сапаға көтерілді. Осының нәтижесінде ақпараттық, технологиялық, әлеуметтік өзгерістер бұрын-соңды болмаған қарқынмен жеделдей түсті. Белгілі бір тілдің жазу-сызуға ие болған кезі оның тағдырындағы талайы жанған кезі деп бағаланады, өйткені жазу-сызу тілді байытып, дамытып, икемділігін арттыра түседі; тілдің әдебилігін, жүйелілігін, функционалдық тарау-тармақ түрлерінің сарапануына септігін тигізеді. Жазу тілдің әлеуметтік, мәдени мәртебесін көтереді.

Жазу белгілі бір кезеңде тек санаулы әлеуметтік игілік болса, жазу-сызуды демократиялық арнаға бұрудың барысында ол ұлттың, мәдени-ұлттық ұжымның баршасына ортақ қарым-қатынас құралына айналды. Жазу-сызу арқылы тіл өзінің көпсалалы (полифункционалды) қызметін атқара алады. Жазу-сызуы жоқ тілдер қоғамда көпсалалы қызмет атқара алмайды. Сондықтан жазу-сызу – тілдің коммуникациялық-әлеуметтік мәртебесінің бірден-бір көрсеткіші.

Бұл жерде айқындап, басын ашып алатын бір жайт – жазудың қоғамдық өмірдің аса мәнді деп саналатын мәртебелі саласына қызмет етуі шарт. Алайда әлемдік тарих көшінде, әлемдік өркениетте белгілі бір қоғамдастықтың әлеуметтік мәртебелі саласына жататын парадигмалар өзгеріп отырады. Мысалы, бабылдықтардың қоғамдастығында суармалы егіншілік саласы мықты болды. Бұл Бабыл мемлекетінің әлеуметтік мәртебелі саласы болып есептелді. Жазу-сызу егіншіліктен түскен өнімді хаттап-қағаздап отырды. Бабыл жазуының әлеуметтік мәртебесі осымен көтерілді. Қай елде, қай жерде болмасын жазу білген адамның беделі басқалардан аса жоғары болды. Жазуды меңгеру жоғары мансапқа жеткізді.

Көне Қытай елінде де жазу-сызу иероглиф таңбамен шаруашылық өнімдерін хаттап-қағаздап отыруға жәрдемдесті. Сонымен бірге, б.д. дейінгі заманда иероглифпен үлкенді-кішілі уақиғаларды тіркеп жазып отыруға, яғни ол тарихты, императорлар тарихын жазып отыратын мәртебелі іске қызмет етті. Сөйтіп көне Қытай елінде жазу жаза білу мәртебелі іс деп танылды.

Сондай-ақ бір замандарда жазу-сызу көптеген елде дін саласындағы қызметімен әлеуметтік мәртебесі биіктей берді. Дінге қызмет еткен жазулар қасиетті деп саналды. Қасиетті кітаптар – «Забур» («Інжіл», «Құран») жазуды да қасиетті етті. Мұндай жазулардың ғұмыры мыңдаған, жүздеген жылдармен өлшенеді. Адамзат тарихында әртүрлі дінмен байланысты қасиетті деп танылған жазулардың бірнеше түрі болған.

---

[37] *Мақала Тілтанымдық зерттеулер (2006-2008 жж.) жинағы, – Алматы: Ғылым, 2012 ж. жарияланған.*

Діни мазмұндағы бұл жазулар тілдің әлеуметтік мәртебесін көтерді. Тіл жазу-сызу арқылы ұштала түсті. Тілдің жүйесінде күнделікті сөйлеу тілінде кездесе бермейтін жазба сөзбен байланысты құрылымдар пайда болды. Тілдің дәстүрлі нормалары айқындала түсті.

Жазу-сызудың бірліктерін қарастыру, оның құрылымдық бірліктерін ауызша сөздің құрам-бірліктерімен салыстыру тіл ғылымының фонология саласының дамуына ықпал етті. Қасиетті Құранның оқылуымен байланысты, яғни жазба кодты ауызша кодқа, керісінше, ауызша кодты жазбашаға түсірудегі ерекшеліктерді айқындау барысында араб филологиясын да орфоэпиялық фонетика, ал орыс жазуымен байланысты МФМ (Мәскеу фонологиялық мектебі) фонология теориясын дамытты.

Жазу-сызудың филогенездік (жалпы адамзаттық) даму кезеңі, әлеуметтік мәртебелілігінің тағы бір көтерілген тұсы болды. Ол ағарту, білім, ғылымның дамуымен байланысты еді. Халықты жаппай сауаттандыру (ағарту), орта, жоғары білім беру ісі жазба тілдің мәртебесін көтерді. Өйткені ағарту, білім беру көптеген елде қоғамдастықтың әлеуметтік мәртебелі парадигмаларының қатарында жазба коммуникация бірінші орында тұрды.

Әсіресе, ғылым-білімге қажетті ақпараттарды жинақтау, жеткізу, қорыту барысында жазу-сызудың алатын орны айрықша болды. Жазу-сызудың (жазба тілдің) көркем дүние жасаудың құралы болуы оның (жазба сөздің) қоғам алдындағы беделін одан сайын жоғарылата түсті. Әлем әдебиетіндегі әйгілі классиктердің туындылары жазба тілдің өрісі мен тынысын күшейте түсті. Сөйтіп, ежелден жазу-сызу бар тілдер әлемдік қоғамдастықта ерекше беделге, құрметке ие болды.

Ежелгі Қытай елінде тарихи деректерді, уақиғаларды ұсақ-түйегіне дейін қалдырмай иероглифке түсіріп отыру әскери істен әлдеқайда мәртебелі болды. Осымен байланысты жазба сөздің беделі де ежелгі Қытай елінде жоғары тұрды. Әрине, әлеуметтік мәртебесі жоғары істердің мәнділігі заманына қарай өзгеріп, дін, оқыту-ағарту, білім, ғылым тәрізді парадигмалар алдыңғы қатарларға шыға бастады. Жазба сөздің беделі дәстүрлі дінге қызмет етуімен байланысты жазба сөз түрі қасиетті діни кітаптар арқылы қоғамдағы беделі жоғарылай түсті.

Араб тілінің беделі ислам дінімен биікке көтерілді. Араб тілі қасиетті, мұбарак дінге қызмет етті, сонымен бірге білім, ғылымға, көркем шығармаларға қызмет ету әлемдік қоғамдастықтың алдында оның беделін шырқай биікке шығарды. Көптеген түркі халықтарының исламды дәстүрлі діні тұтып, әліпбиін жазу-сызуына негіз етіп алды. Қарахандар дәуірінде, одан кейінгі кезеңдердегі әдеби, философиялық шығармалар түркі жазба тілінің әлеуметтік мәртебесін көтерді. Араб әліпбиі негізінде түркі тілінің жазба тілі, қазақ топырағында жерсіндірілді, оның үлгілері **ескі қазақ жазба тілі** (проф. Б. Әбілқасымовтың термині) деп аталды. Қазақ қоғамында қызмет еткен ескі қазақ жазба тілінің әлеуметтік беделі биік болды. Бұл тілде хан жарлықтары, сырт елдермен дипломатиялық қарым-қатынас, шежіресі, жазылуы, қисса-дастандар, батырлар жыры, мерзімді басылымдардың жарық көруі ескі қазақ жазба тілінің әлеуметтік мәртебесін көтерген негізгі факторлар болды.

Қазақ тіл білімінде ғылыми айналыста болуға тиіс терминдердің бірі – Ы.Алтынсарин әліпбиі. Алтынсарин әліпбиі – Алтынсариннің орыс әліпбиінің құрамын сақтай отырып және қазақ тілінің кейбір дыбыс ерекшеліктерін ескере отырып жасаған әліпбиі. Бұл әліпбиді Б. Алтынсарин қазақ балаларына орыс тілін оқыту мақсатында жасады. Ұлы ағартушы сол кездегі араб жазуын ескі қазақ тілімен қазақ балаларына орыс тілін үйретуден гөрі кириллшемен оқытуды жақсы көрді. Ол

өзінің «Киргизская хрестоматия» (Орынбор, 1879–1906), «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» (Орынбор, 1879) деген еңбектерінде осы өзі құрған әліпбиді пайдаланды. Алайда кирилше әріппен жазылған жазба сөз қазақ қоғамында кеңінен тарамады. Араб жазуына бауыр басып қалған қазақ қоғамының кирилше әріппен жазылған жазба тілді оқу-ағартудың басқа да әлеуметтік мәртебелі істерінде қолдана қоймады. Бұл тұста діни, психологиялық фактор шешуші орында болды.

Қазақ қоғамында жазба тіл беделінің көтерілуі төте жазумен (1910–1930) байланысты болды. А. Байтұрсынұлы жасаған әліпби және оның емле жүйесі лингвистикалық тұрғыдан ең үлгілі, ал әдістемелік тұрғыдан халықты жаппай сауаттандыруда тиімділігі өте жоғары болды. Қолына алғаш қалам ұстаған адам үш айдың шамасында жазуды қиындықсыз игеріп кететіні әліпбидің оңтайлы болуынан, ал лингвистикалық тұрғыдан ең озық болатыны – әліпбидегі әріптің саны негізгі дыбыстардың санынан артып кетпеген, керісінше, бірер әріп кем түсіп жататын тапқырлығы ғалымның фонологиялық ойлау қабілетінің аса күштілігімен байланысты болды.

Сөйтіп, А. Байтұрсынұлы қазақ лингвистикасын фонологиялық ойлаудың жүйесімен байытқан тұңғыш фонолог болды. Осылайша А. Байтұрсынұлы қазақ жазуын фонемографиялық деңгейге көтерді (проф. М. Жүсіпов). Төте жазу жүйесіне негізделген жазба тіл ағарту, білім беру, мерзімді басылымдар мен көркем әдебиет, педагогикалық әдебиет шығару тәрізді мәдени-әлеуметтік салаға енгендіктен, оның қоғамдық беделі жоғарылай түсті. Оқу-ағарту, баспа өнімдерін шығару саласындағы істер ол кезеңде әлеуметтік мәртебесі ең жоғары парадигмалар қатарында тұрды. Мәртебесі жоғары әлеуметтік іске қызмет еткен жазба тілдің де қоғам алдындағы беделі бекем болды.

Алайда ескі қазақ жазба тілінің графика-орфографиялық жүйесі үйренуге күрделі болды. Ескі жазба тіл жүйесімен сауат ашу ісі бірнеше жылға созылып, едәуір уақытты қажет етті, өйткені ескі қазақ жазба тілінің нормативті базасы, бір жағынан, халық тілі, екінші жағынан, оғыздық-түркі тілінің шарттылықтарына негізделген. Сондай-ақ едәуір араб-парсы сөздерін цитаталық принциппен жазу тәртібі болған.

Қазақ қоғамының ғылым-білімнен қалғанын байқаған А. Байтұрсынұлы мәселені әліпби құрастырудан бастады. Сөйтіп, бас-аяғы 4-5 айдың жүзінде оқып, жаза алатындай, сауат аша алатындай төте жазу жүйесін жасады.

Жазу-сызудың қолжазба, баспа түрлерінің әлеуметтік мәнділігі әртүрлі болатыны белгілі. Жазудың қолжазба түрі тек сауатты әлеуметтік топтың игілігіне қызмет етіп, солардың мәртебесін көтерсе, ал баспа өнімдері, олардың аса мол таралыммен шығуы, қоғам мүшелерінің мектеп арқылы жаппай сауат ашуы т.б. жайттар жазба тілге демократиялық сипат берді. Заңдар, ғылыми әдебиет, көркем әдебиет, оқулық т.б. жазба сөз жанрларының қалыптасуына негіз болды. Тілдің лексика-грамматикалық құрылымында кітаби элементтер пайда бола бастады.

Сөйтіп, қазақ әдеби тілі нормаларының қалыптасуында баспа өнімдерінің, оның мол таралыммен жарық көруі т.б. жайттардың әсері айрықша болды. Әсіресе мектеп, кеңсе, мерзімді басылымдар, кітап түріндегі баспа өнімдері жазу-сызудың өмір сүруінің негізгі шарты болды.

Мектеп жазу-сызуды үйретеді, жазылғанды оқып, ой-сезімді жазуға түсіруге дағдыландырады. Жазу арқылы қоғам мүшелері күрделі ақпараттар алмасады. Жазу-

сызуды оқып білудің, мәтін түзудің құралы ретінде үйрену ұзақ жылдық дағдының нәтижесінде жүзеге асады. Мұның өзі жазу-сызудың ерекше тілдік таңбалар жүйесі ретінде күрделі құрылым екенін көрсетеді. Алайда кейбір тілдердің иероглиф тәрізді жазу-сызу жүйесі аса күрделі болғандықтан, халықаралық қатынастар үшін жабық болып келеді. Құрылымы тым күрделі емес жазу жүйесі, мысалы, латын жазуы географиялық өрісін кеңейте түскен.

Жазба коммуникация қазақ тілінің әртүрлі амал-тәсілдерінің пайда болуына ықпал етті, өйткені бетпе-бет коммуникацияда ым, ишара, көз, дауыс (Body language) т.б. ауызша сөзде айтылған ой-сезімді нақтылай, толықтыра түсетін болса, жазба сөзде мұндай бейвербалды элементтерді пайдаланудың мүмкіндігі шектеулі, сондықтан жазу-сызу осындай олқылықтардың орнын толтыру үшін тілдік құралдардың кейбір түрінің пайда болуына ықпал етіп, оларды жоғалтпаудың амалын құрастырады.

Жазу-сызу тілдің негізгі арқауы болып табылатын дәстүрлі нормалардың сақталуына ықпалын тигізеді, өйткені ауызша сөзге қарағанда жазба сөз консервативті сипатта болады.

Ақпаратты сақтау, пайдалану қажеттілігі жылдан-жылға арта түскен сайын жазба сөздің мәні, жазу-сызудың маңыздылығы жоғарылап отыр. Ақпараттық, технологиялық прогресті жеделдету қазіргі қоғамда түйінді мәселелердің бірі деуге болады. Осымен байланысты жазудың әлеуметтік мәні күшейе түсті.

Міне, бұл аталған жайттар жазу-сызудың әлеуметтік мәртебесін жоғарылата түсті. XX ғасырдың аяғын ала жұрт назары теле-радиосөзге, яғни ауызша сөзге ауып кеткендей болды. Сөз жоқ, ауызша коммуникация құралдарының кеңінен қолданылуы ауызша сөздің әлеуметтік мәртебесін көтеріп тастады. Әсіресе телевизия хабарлары ауызша сөздің әлеуметтік беделін көтерген мықты фактор болды.

Сондай-ақ жазба сөздің әлеуметтік беделін, мәртебесін одан сайын көтерген компьютер, интернет деп аталатын инженерлік технологияның революциясы аса маңызды фактор болды. Ендігі тұста әлеумет назары компьютерлік жазуға ауды.

Қазіргі кезде тілдің әлеуметтік мәртебесінің көрсеткіші ретінде телевизия арналары арқылы берілетін хабарлар тілдің әлеуметтік мәртебесін арттыра түсті. Сондықтан қазақ тілінің ақпарат беру кеңістігін кеңейте беру оның әлеуметтік, қоғамдық беделін биіктете түседі.

Қазақ тілінің, әсіресе оның ауызша түрінің әлеуметтік мәртебесін биіктете түсетін факторлардың бірі – Президент, Президент аппаратының, Үкімет, Парламент тәрізді ең жоғарғы мемлекеттік институттардың мемлекеттік тілдің ауызша түрінде сөйлеуі және сол биік мінберден айтылған жауапты сөздердің республика жұртшылығына кеңінен тарап, құлақтарына жетіп жатуы. Ал ондай сөздердің мемлекеттік тілде аударма арқылы жеткізілуі қазақ тілінің әлеуметтік беделінің ойдағыдай болмай жатқанын көрсетеді.

Біз жоғарыда жазбаша және ауызша тілдің қандай жағдайда, қандай кезде әлеуметтік мәртебесінің жоғары болатынын айттық және ондай жоғары беделдің белгілі бір қоғамдастықтағы аса мәртебелі саналатын қоғамдық істің парадигмалар жүйесімен байланысты екенін, сондай-ақ мәртебелі парадигмалар жүйесіне енетін әлеуметтік мәртебелі істердің түр-түріне тоқталдық.

Ауызша өзіндік құрылым ерекшеліктері бар өзгеше коммуникациялық арна болса, жазба сөз де сол тәрізді құрылым ерекшелігі бар өзгеше семиотикалық жүйе. Жазба сөз әріптер тізбегінен, босаралықтардан, үтір, нүкте, сызық, сызықша, азат жол, сұрау белгісі, леп белгісі т.б. визуал тізбегінен құралса, ауызша дауысты,

дауыссыздар тәрізді сегменттерден, интонация, буын, екпін, кідіріс, ырғақ т.б. сегменттен тысқары құрылымдар тізбегінен тұрады.

Сырт қарағанда, жазба сөз ауызша сөздің қайталамасындай көрінеді. Шынында, жазба сөз ауызша сөзге ғана байланысты емес, мазмұнына да қатысты. Ауызша сөздің айнаға түскен қайталамасы емес. Айырма екі түрлі семиотикалық жүйенің материалына байланысты.

Жазба сөз – белгілі бір графикалық таңбалардың тәртіпке түсірілген бірізді жүйесі. Жазба сөздің негізгі қызметі ауызша сөзді бейнелеу емес, визуалды графикалық таңбалар арқылы адамның ойын, сезімін жеткізу. Ауызша сөзде аудио таңбалардың бірізді тізбегі арқылы ой мен сезімді жеткізеді. Бұған қарап екі түрлі семиотикалық жүйенің айырмасы тек олардың субстанциясында ғана екен деп түсінуге болмайды. Жазба сөз авторының тілдік таңбаларды парадигмалық қатардан синтагмалық тізбекке түсіруде ой елегінен өткізуі.

Ауызша сөзде спонтандық қасиет басым болса, жазба сөзде ойелектік сипат басым болады. Ауызша сөзде ойелектен өткізуге мүмкіндік болса, ауызша сөз адресантының ондай мүмкіндігі болмайды да парадигмалық қатардан тілдік таңбаларды спонтанды түрде синтагмалық тізбекке түсіреді. Егер ауызша сөз (мәтін) хатқа түсірілетін болса, яғни бір семиотикалық кодтан екінші бір семиотикалық кодқа ауыстырылса, міндетті түрде әлгі мәтінді азды-көпті «редакциялауға» тура келеді. Аудиотаңбалы сөз визуал таңбалы сөзге автоматты түрде көшіріле салмайды, өйткені жазба сөздің өз нормасы бар да, ауызша сөздің өз нормасы бар.

Ресми жағдайда айтылатын ауызша сөз бар да, бейресми жағдайда айтылатын ауызша сөз бар. Ресми жағдайда айтылатын ауызша сөзді жазба кодқа салғанда мәтін біршама азырақ «редакцияланы» мүмкін. Ал бейресми айтылған мәтін жазба кодқа ауыстырылғанда көбірек «редакцияланы» ықтимал. Мұндай ерекшелік парадигмалық қатардағы тілдік бірліктер мен құралдарды талғап, таңдау, бір жағынан, тілдік емес ситуациямен байланысты екенінде.

Тілдік емес ситуациямен байланысты ауызша сөздің парадигмалық қатардан тілдік бірліктерді талғауы, жазба сөз де солай, түптеп келгенде, мазмұнға әсер етеді.

Қазақ әліпбиі, орфографиясы өз бастау көзін ауызша сөзден емес, тілдің дыбыс парадигмасынан алғандықтан, фонемографиялық деңгейдегі жазу болды. Сөйтіп жазуда фонеманың дыбыстық қоршауға неғұрлым тәуелсіз түрін таңбалау орфографиядағы негізгі ұстанымға айналды.

АУЫЗША СӨЗ БЕН ЖАЗБА СӨЗДІҢ КОММУНИКАТИВТІК СТАТУСЫ ТУРАЛЫ[38]

Тілдің ауызша қарым-қатынас түрі жазба сөзден елу мың жылдай бұрын пайда болған екен, ал жазба сөз адамзат өркениетінде тым әрі дегенде бес мың жылдың аржақ-бержағында ғана қолданыла бастаған. Адамзат қоғамының әрқилы даму кезеңдерінде бірде ауызша сөздің, қайсы бір дәуірде, әсіресе дін, білім, ғылым т.б. байланысты, жазба сөздің беделі басым болды. Байырғы қазақ қоғамында ауызша сөздің беделі көмекейі көсілген шешендік билер институтымен, ауызша көркем сөз өнерімен, ал жазба сөздің беделі дәстүрлі дінмен (қасиетті кітаптармен), ағарту, білім, ғылыммен байланысты биіктей түсті. Алайда кешегі кеңестік дәуірдің соңғы кезеңдерінде ауызша сөздің қоғамдық беделі айтарлықтай болмады. Шаршытоп алдына шыққан сөйлеуші ой-пікірін, сезімін айтып берудің орнына қағазға түскен сөзді оқып бергенді артық көрді. Бет құбылысы, дене қимылы (дене тілі) оқып берген сөзде шектеулі болғандықтан, қағазға үңіліп дыбыстаған сөздің әсері айтарлықтай болмай, мазмұны ортайып қалатын тұстары көп болды. Жазба сөздің өз жүйесі мен тәртібі бар да, ауызша сөздің өз жүйесі мен тәртібі бар екені үнемі ескеріле бермеді.

Қазіргі заманда ауызша сөздің қоғамдағы орны айрықша мәртебеге ие болып, әлеуметтік мәнділігі күшейе түсті. Ауызша сөз жеке адамдар арасында, шаршы топта, сахна өнерінде, аудио-аудиовизуалды ақпарат құралдарында, электронды байланыс жүйелерінде тілдік қарым-қатынастың негізгі құралы болып отыр.

Тікелей тілдік қарым-қатынаста ауызша сөздің мүмкіндігі шексіз, өйткені тек тілдік қана емес, тілден тысқары құрылымдар – сөйлеушінің бет-әлпеті, дауыс құбылысы, қол, бас, көз қимылы, бет әлпеті т.б. дене тілі (bod langua) деп аталатын толып жатқан тілдік емес әрекеттер жүйесі сөйлеген сөздің мазмұнын толықтыра түседі. Сөйтіп, ауызша сөз әрекеті барысындағы белгілі бір ақпаратқа тілдік емес құрылымдар жүйесі қосарлана жүреді де, ой мен сезімді толымды етіп жеткізуге септігін тигізеді.

Бұдан ауызша сөздің тілдік және тілдік емес құрылымдардың өзара құрмаласымынан тұратын ерекше құбылыс екенін байқаймыз. Ал тілдің жазба түрінде (жазба сөзде) мұндай мүмкіндіктер шектеулі.

Алайда жазба сөздің өз артықшылығы, өз жүйесіне тән тілдік емес құралдары мен графикалық тәсілдері, емле тәртібі бар. Әдетте жазба сөз бен ауызша сөздің ортақ тұстары, ұқсас белгілері болғанымен, олардың өзді-өзіне тән нормасы, дыбыстық, лексика-грамматикалық айырмасы да болады. Сондықтан ауызша сөздің нормаларын жазба сөзге, керісінше, жазба сөздің нормаларын ауызша сөзге таңуға болмайды. Қандай болмасын орфографияның ережелері тілдің дыбыс жүйесінің бар қырын түгел қамти алмайды. Себебі әріптің саны тілдегі дыбыстың санынан кем түсіп жатады. Мұның өзі – кейде әртүрлі дыбыстарды бір таңбамен белгілеуге мәжбүр етеді. Аталған жайт жазуы дамыған тілдердің қай-қайсысына болса да тән. Бірізге түскен арнайы ережелер мен орфоэпиялық сөздіктер осындай жазылу мен айтылудың арасындағы айырмашылықты айқындап, сөздердің ауызша дыбысталу нормасын көрсетіп, оларды жөнге салып отырады. Бұл ретте сөзге ысылған, тіл түйсігі жоғары коммуникативтік тұлға ауызша норма мен жазбаша норманы шатастырмайды.

---

[38] *Мақала «Ауызша және жазба коммуникациядағы дәстүр мен белсенді үдерістер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында 2021 ж. жарияланған.*

Қазіргі қазақ әдеби тілінің өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі орфоэпиялық нормалары бар. Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, біріншіден, жергілікті ерекшелікке қарама-қарсы қойылады. Салыстырыңыз: жергілікті ерекшеліктерде: *жылқыдар, балдар, көңлі, маңлай, оңла-, чач, чыбық, құдағай, бопа* (сәби) т.б. әдеби тілде: *жылқылар, балалар, көңілі, маңдай, онда-, шаш, шыбық, құдағи, бөпе* т.б.

Екіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, бейәдеби қарапайым сөйлеу тіліне тән дыбыстық элементтерге қарама-қарсы қойылады. Салыстырыңыз: бейәдеби қарапайым сөйлеу тілінде *берсей, бересаш, келатыр, баратып, босашы, бошы, боп отыр, бері кеш, кеп жүр, айал, дұспан* т.б. Әдеби тілде *берсеңші*, *бере салшы, болшы, болып жатыр, келіп жүр, әйел, дұшпан* т.б.

Үшіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, ескі қазақ жазба тілінің дыбыстық элементтеріне қарама-қарсы қойылады: *нәсіп айласа, жәмиғат, ғиззатлу, хұрметлу, мақсұт, хас (хас дұшпан), ұшбу, зынжыр, зиярат, халал* т.б.

Төртіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы жазба тілдің емлесінде көрсетілген нормаға қарама-қарсы қойылады [жұмұшшұ] – *жұмысшы,* [шэгара] – *шекара*, [кәсі`бодақ] – *кәсіподақ;* [қашша] – *қазша,* т.б.

Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына байланысты қиындықтың бірі жазу тәртібімен байланысты, өйткені жазба сөздің өзіне тән жүйесі бар да, ауызша сөздің өзіне тән жүйесі бар, сондықтан жазба мәтінді оқығанда жазба сөзге тән кодты ауызша сөзге тән кодқа көшіре білу қажет. Жазғанды оқу дегеніміз – жазба кодты ауызша кодқа көшіру. Дыбысталған сөз бен қағазға түскен сөздің жүйесі дәлме-дәл сәйкес келмейді. Жазу-сызу тарихында ауызша таңбалар мен жазба таңбалардың өзара тепе-тең түскен жүйесі болған емес. Тіпті ондай жазба жүйенің қажеті жоқ, өйткені ауызша сөздің небір физикалық, материалдық элементтері «қағаз сыртында» қалып қояды да жазуда мағынаға қызмет ететіндері ғана ескеріледі. *Орман*, *орын*, *отын* тәрізді сөздердің ұшар басындағы <о> дауыстысының ілеспе дыбыспен бірігіп [у] мен айтылатын [^{у}отан]; *ет*, *ешкі* тәріздес сөздердегі <е>-нің ілеспе [^{и}е] түрінде дыбысталатын [^{j}ешкі, ^{j}ет] т.б. түрленімдері бар. Бұлар жазуда еленбей, «қағаз сыртында» қалып қоятын құбылыстар, бірақ жазба сөзді оқығанда «қағаз сыртында» қалып қойған материалдық элементтер қайтадан қалпына келтірілуге тиіс. Олай болмаған жағдайда ауыздан шыққан сөздің тұрпаты бұзылып, кедір-бұдыры көбейеді. Мысалы: *Меңдіғыз* деп айтылады *Меңдіқыз* деп жазылады.

Жазба кодты ауызшаға дұрыс ауыстыру (жазылғанды ауызша сөз нормасына сай дыбыстау) немесе керісінше, ауызша сөзді жазба кодқа көшірудің мән-жайын дыбыстардың көлбеу бойымен «шынжыр қатар» тізбекке (синтагмалық қатардағы қатынасқа) түскендегі күйіне: қатаңдардың ұяңдануы, ұяңдардың қатаңдануы, жиылыңқылардың жайылыңқы, жайылыңқылардың жиылыңқы болуы, жуысыңқылардың тоғысыңқы, тоғысыңқылардың жуысыңқы болуына, қайсыбір дыбыстардың сөз соңында, ал қайсыбірінің сөздің ұшар басында келмеуі (орын таңдауы) т.б. құбылыстармен байланысты түсіндіруге болады.

Орфография мен орфоэпияның арасында толықтай сәйкестік болмайтынының әртүрлі себебі бар. Орфографиялық ережелерді шартты түрде жалпылама екі топқа бөліп қарауға болады. Бірінші топқа жататын ережелер тіл дыбыстарының өзара әсерінен, қолданылу орны мен жағдаятына байланысты болған өзгерістерді, реңктерді жазуда таңбалауға қатысты. Бір ғана дыбыстың сөйлеу барысындағы түрленген варианттарын жеке-жеке әріптермен белгілей беру, мысалы, сөйлеу үстіндегі қатаң

дауыссыздың ұяңдануы, ұяңның қатаңдауы, тоғысыңқы дауыссыздың жуысыңқы дауыссызға айналуы тәрізді дыбыстық өзгерістерді естілуі күйінше таңбалап отыру мүмкін емес. Мысалы, *желінбау, басшы, қарақұлақ* тәрізді сөздерді естілуінше *желімбау, башшы, қарағұлақ* деп беру, әрине, тиімсіз. Тіптен іргелес дыбыстардың ыңғайына қарай бір дыбыстың бірнеше түрлі вариванттары болады. Мысалы, бір ғана **з** дыбысы бірде **с** (*бергізсе – бергі**сс**е, сызса – сы**сс**а* т.б.), екіншіде **ш** (*сызшы – сы**шш**ы, сөзшең – сөз**шш**ең* т.б.) болып дыбыстала беретіні заңды. Сондықтан да олардың дыбысталуын арнайы орфоэпиялық ережелер арқылы реттеп отырудың ауызша сөз мәдениетін сақтау үшін маңызы аса қажет.

А.Байтұрсынұлы еріндіктердің бас буында келетінін, басқа буынды сүймейтінін атап айтады [1]. Ғалымның ұстанымы бойынша, тұрпаты бөлек болғанмен, тұлғасы бір сөздер болады, мұндай сөздер тұлғасы бойынша жазылады. Еріндіктің бас буында келетінін таңбалап, басқа буындағысын бас буынның әсері деп, жазуда еленбейтіні, мысалы, *күлкі* (*күлкү* емес), ғалымның осы ұстанымын көрсетеді. Дәстүрлі көзқарас бойынша *күлкі*, *үлкен* деген сөздердің екінші буындағы <і>, <е> дыбыстары айтқанда өздерінің негізгі реңкі бойынша таңбаланған, ал олардың [ү], [ө] түрінде дыбысталуы бірінші буындағы еріндіктің әсері деп түсіндіріледі, сондықтан дыбыстардың әлсіз жағдайдағы түрлері мен түрленімдері жазуда белгіленбейді. Өйткені екінші, үшінші буындағы, одан әрі қарайғы буындардағы дауыстылар – әуелден түптұлғалық езуліктер мәртебесіндегі бірліктер. Мәселен, алдыңғы еріндік дыбыстың ықпалына түсіп, езуден ерін емеуріне қарай түрленген қысаң дауыстылардың езулік дауыстылармен келетін жалғаулар жалғанғанда еріндік белгісі солғындап, олар анық езулік түрінде айтылады. Егер екінші буында «нағыз» еріндік болса, әрі қарайғы буындарда еріндіктердің солғындап кетуіне әсер ететін фонетикалық жағдай жоқ, олай болса, дауыстылардың еріндік белгілерінің өзінен-өзі көмескіленіп кету мүмкіндігі жоққа тән. Алғашқы буындағы еріндіктің сөз мағынасын ажырататын қызметі де, естілімі де күшті, ал екінші буында естілімі күшті болғанмен, сөз мағынасын ажыратпайды, ал үшінші және әрі қарайғы буындарда мағына ажыратпайды әрі естілімі солғындай береді.

Орфографиялық ережелердің екінші тобы графикалық ерекшеліктерге байланысты. Графикалық тәсіл бойынша бірнеше дыбыстың тіркесі бір әріппен белгіленетін жайттар: *ою – о**йұ**, үю – үй**ү**, ая – а**йа**, ащы – а**шш**ы, қи – қ**ый**, ки – к**ій*** т.б.

У әрпі дыбыстар тіркесін де, жеке дыбысты да белгілейді: *бау – бау, бу – б**ұ**, куә – к**ұу**ә* т.б. Сол сияқты *мия* сөзіндегі **и** таңбасы (графикасы) [*ы*] дыбысын, **я** таңбасы (графикасы) [*йа*] дыбыстарының тіркесін білдіреді; *кию* сөзіндегі и графикасы [*і*]-ні, ал **ю** графикасы [*йұу*] дыбыстарының тіркесін білдіреді. Дәл осы тәрізді *қию* дегендегі **и** [*ы*] дауыстысын, **ю** графемасы [*йұу*] дыбыстарын білдіреді. Мұндай графикалық шарттылық сөзді оқып түсінуде екіұштылық туғызбайды. Өйткені сөзді **к** таңбасы жіңішке, ал **қ** таңбасы жуан дыбыстау керектігін көрсетіп тұрады. Сондай-ақ *ми*, *мия* сөздері [*мый*], [*мыйа*] деп бір мәнде оқылып, бір мәнде ұғынылады, себебі қазақ тілінде *мій, мійә* деген жоқ.

Қайсыбір позиция белгілі бір дыбыстар (фонемалар) үшін «қолайлы» болса, қайсыбір позиция онша «қолайлы» бола бермейді. Соңғы жағдайда дыбыстық бірліктер қолайсыз жағдайдағы (позициясын) фонетикалық «қоршауға» бейімделіп, түрленеді. Мысалы, <б>, <д> дыбыстары үшін сөз аяғы қолайсыз жағдай. Мысалы, *келеді*, *барады* сөздеріндегі соңғы дауысты – бұлар әдетте қысаң дауыстылар, машықты (спонтанды) сөйлеу тілінде *[келет], [барат]* делініп, [д] дауыссызы [т]

түрінде айтылады. Бұл – <д>-ның [т] түріндегі варианты, бірақ мағыналық жүктемесі жоқ болғандықтан жазуда ескерілмейді.

Сондай-ақ [й], [л], [ң], [р], [у] үнділері сөздің ұшар басында келе бермейді, сондықтан ілеспе қысаң дауыстылармен айтылады: [ʲйод] *йод*, [ʰлақ] *лақ*, [ʰрақʰмет] *рақмет* т.б. Бұл дауыстылардың аталмыш жағдайда мағыналық жүктемесі әлсіз болғандықтан, жазуда елене бермейді.

Тілдің дыбыс жүйесіндегі (парадигмасындағы) қайсыбір дауысты, дауыссыздар белгілі бір дыбыстар қоршауында өзгеше бір реңк алады, тіпті сол тілдің жүйесінде жоқ басқаша реңкте көрінеді [а**тц**ыз] *атсыз*, [ха**тч**ы] *хатшы*, [а**в**ай**в**ол] *абайбол* т.б. Бұлар – тілдік жүйедегі <с>, <ш>, <б> дыбыстарының фонетикалық әлсіз жағдайдағы түрленімі. Сөздікте негізгі дыбыстардың әлсіз жағдайдағы түрленімі жүйелі түрде көрсетілді. Әрине, негізгі дыбыстардың мұндай түрленімін *ц, ч, в* таңбаларымен көрсетуіміз шартты түрде, сондықтан бұларды дәлме дәл орыс тіліндегідей дыбысталады деп түсінбеу керек. Әдетте жуысыңқы түрдегі <ш> дауыссызы <т> – мен іргелес келгенде жабысыңқы реңкте [ч]-ға ұқсас дыбысталады, сондай-ақ сөз басында жабысыңқы түрде дыбысталатын <б> екі дауыстының аралығында *қос ерін* жуысыңқы түрде [в]-ға ұқсастау айтылады.

Дыбыстық бірліктердің бұлайша «қолайсыз» жағдайға икемделіп, қызмет атқару тәсілдері мен амалдары қазақ тілі жүйесінің ішкі әлеуетін көрсетеді.

Соңғы жылдары орфографиялық сөздікті сынаған сыңаймен *шай, жай* сөздері бірыңғай жіңішке жазылмаған, сондықтан емле сөздігі үндестік заңын сақтамаған деген пікір айтылып жүр. Бәлкім, аталмыш сөздерді емле тезіне салып, сынаушылар айтқандай, үндестікке бағындырған болып, сөздің қара басын *шәй, жәй, шәй* деп жазуға болар-ау, бірақ *шайға шақыр, шайлық пұл* дегенді *шәйге шақыр, шәйлік пұл, кірді шайқа* дегенді *кірді шәйке* демесі бәрімізге аян. *Бар байлығым*, *бір шайлығым* деген мәтелдегі *байлығым, шайлығым* – жуан түрде ұйқасып тұрған сөздер. [ж] мен [й]-дің, [ш] мен [й]-дің аралығындағы жуан дауыстылардың жіңішке реңк алып, түрленетіні – түркітану ғылымында өткен ғасырдың басында ашылған жаңалық.

Аталмыш сөздердегі дауысты «нағыз» [ә]-нің өзі болса, осы түбірден өрбіген сөздерге қосымша ешбір ауытқусыз бірыңғай бастан-аяқ жіңішке нұсқада, *шәйге, шәйке* түрінде жалғанар еді. Бірақ «шайқа»-ны *шәйке,* «шайқал»-ды *шәйкел,* «жайлауға»-ны *жәйләуге,* «шайға»-ны *шәйге шақыр,* «жайтқа»-ны *жәйтке* деп айту тілдік базада жоқ. Оған ешбір фонетикалық кедергі жоқ. Сөздің қара басы [жәй], [шәй] деп жіңішке тұрпатта айтылғанмен, олардың түптұлғасы *жай, шай* екенін қосымшалармен түрлендіру арқылы анықтауға болады.

Қазақ орфографиясы мен орфоэпиясы нормаларын заңдастырумен байланысты қиындық – «бейүндес буынды» сөздердің айтылу, жазылу мәселесі. Әсіресе соңғы жылдары тіліміздің жазу, нормаларына жұртшылық назары ауып, тиісті сөздіктерге көрсетілген нормалардың кейбірін сынға ала бастады. Нормалауыш сөздіктерде көрсетілген *қасиет, қаріп, қабір, қадір, қауіпті, қайтіп, қайткенде, қадім, мұғалім,* т.б. сөздерді *кәсиет, кәріп, қабыр, қадыр, қауыпты, кәйтіп, кәйткенде, мұғалым* т.б. түрінде жазып, әлгідей сөздердің нормасын тиянақтауда үндестік заңдылығына сүйену керектігін айтады. Әрине, «бейүндес буынды» сөздерді, егер олардың саны сынаушылар көрсеткен сөздермен шектелсе, солай етіп жазуға да, айтуға икемдеуге де болар еді. Бірақ мұндай типтегі сөздердің саны, түрлері осы аталған сөздермен шектелмейді, тілде бұдан басқа да бір алуан сөз бар: *тәкаппар, құдірет, ақырет, қауесет, қазірет, қасірет, рақмет, тауқымет, қорек, мехнат, тақсірет* т.б. Бірыңғай

жуан, я болмаса бірыңғай жіңішке түрде таңбалап жөнге салуға бұлардың ырық бермейтіні байқалады. *Құдірет* сөзін *күдірет*/*құдырат*, *тақсірет* сөзін *тәксірет*/*тақсырат*, *харакет* сөзін *кәрекет*/*харакат*, *бірақ* сөзін *бырақ, Ақымет* деген есімді *Ақымат* деу тілге зорлық болар еді. Мұндай сөздер де, жоғарыда аталған азын-аулақ икемдеуге келеді-ау деген сөздер де шеттілдік болғандықтан, ырыққа көне бермейтіндей көрінеді. Шынында, бірыңғай жуан, біріңғай жіңішке таңбалауға көне бермейтін тек шеттілдік қана емес, төлтума сөздер де бар: *мұнікі, онікі, ауылдікі, таудікі, көгорай, көкқарға, көкпар, қағылез* т.б.

Мұндай қиындықтардың икемге келеді-ау дегенін үндесіммен айтып, жазып, ал келмейтінін сол күйінде жылы жауып қойғанмен, мәселе шешілмейді. Сондықтан әңгіме «қиындықтың» төркіні неде екенін іздестіруге келіп тіреледі.

Жазылу нормасы мен айтылу нормасы даулы көрінетін «бейүндес буынды» сөздердің біралуаны [к], [к] дыбыстарының түрленімімен, қолайсыз жағдайға икемделуімен байланысты екені байқалады. Бұл жерде алдымен [к]-ның жіңішке тембрінің пайда болуына әсер ететін түрткіжайтқа назар аударуға тура келеді. Сөздің соңғы буындарындағы жіңішке дауыстылар бірінші буындағы дауыстының жіңішке түрленіміне, ал ол өз кезегінде [к]-ның жіңішке тембрлі реңк алуына әсер етеді. Сөйтіп, *құдірет, рақымет дегендегі* [к] дауыссызы жіңішке [к′] реңкпен айтылады.

Бұл – сөз ішіндегі тілдік дыбыстардың «қолайсыз жағдайға» түрленім түріндегі бейімделуі.

Сонымен [к]-нің әдеттегі жіңішке тембрінен басқа жуан тембрлі, [к]-ның әдеттегі жуан тембрінен басқа жіңішке тембрлі болып келуі түрленім деңгейінде үндесім деуге болады. Сондай-ақ *қауесет* дегендегі [ä] соңғы буындағы [е]-нің әсерінен жіңішке реңкпен айтылады. Бірақ бұл дауыстының естілімі кәдімгі [а]-мен әдеттегі [ə]-нің аралығы деуге болады.

Сондай-ақ сөздегі дыбыстардың құрылымына әсер ететін түрткіжайттар болды: мысалы, шеттілден сөз енеді *[құрмет*, *рақмет]*, сөз бен сөз бірігеді *(бірақ <бір+ғана-ақ)*, сөз бен сөз тіркесіп бір ырғақпен айтылып, бір екпінге бағынады ([ағешкі] *ақ ешкі*), сөз дыбыстық жақтан ықшамдалады ([кеботыр] *келіп отыр*) т.б. Сөйтіп, белгілі бір дыбыстар үшін жаңа позициялар пайда болады, алайда бұлардың қайсыбірі «қолайсыз» болып келді. Кейбір дыбыстар үшін қаншалықты «қолайсыз» жағдайда болса да, олардың тіл заңдылығына, нормасына бейімделетіндей әлеуеті (потенциялы) болады. Кей жағдайда тілдік бірліктердің ондай әлеуетін танып-білу оңай бола бермейді. Мысалы, араб тілінен енген *құрмет* деген сөздің «басы жуан, аяғы жіңішке» болып, қазақ тілінің әдеттегі үндесімімен үйлеспей тұрған сияқты көрінеді. Егер үйреншікті үйлесім тезіне түссе [күрмет] немесе [құрмат] болар еді. Бірақ бұлай деу – донор тілдегі түпнұсқадан мүлде алшақ. Тілдегі ауыс-түйіс тәртібі бойынша кірме сөз, бір жағынан, түпнұсқадан көп алшақтамауға, екіншіден, импорттап алған тілдің заңына бағынуға тиіс. Осы екі үрдіс бір-біріне қарама-қарсы болмай, керісінше, бір-бірімен үйлесімді болуы керек.

Ал шынында, *құрмет, тақсірет, хазірет бірақ*, *қайткенде* тәрізді сөздерді қазақ тілінің дыбыс тәртібіне мүлде бейімделмеген деуге болмайды. Бірақ бұл сөздер әдеттегі жуан (тембрлі) [к]-ның жіңішке реңкте түрленуі арқылы үндесім заңына бейімделген. Сондай-ақ *мұнікі, онікі, көкпар, көгаршын, көгал* дегендегі [к] – жуан тембрлі дауыссыз. Бұл дыбыс та үндесім заңына жуан реңк түрінде бейімделген.

Осы тәрізді ерекшелік [ғ] мен [г] дауыссыздарында да бар екені байқалады. Атап айтқанда, [ғ]-ның жіңішке тембрлі вариациясы [ағ′ешкі] *ақ ешкі,* [ғ′äз′ійз′] *ғазиз* мына

тәрізді әлсіз позицияда кездессе, ал [г]-нің жуан түрленімі [гауқар] *гауһар,* [когал] *көгал,* [когаршын] *көгаршын*, [когорай] *көгорай* т.б. әлсіз позицияда ұшырасады.

Осы кезге дейін орфоэпиялық сөздіктерде дыбыстардың әлсіз жағдайдағы түрлері (варианттары) тіркеліп, норма ретінде көрсетіліп келді, ал дыбыстардың әлсіз жағдайдағы түрлерінен басқа, түрленімдерінің де (вариацияларының да) болатыны енді ғана белгілі болып отыр. Бұл құбылысты да жай ғана дағды емес, норма ретінде тану қажет.

Қоғамдық өмірде радио-телехабарлар арқылы ауызша тілдің әлеуметтік мәртебесі мен қызметі өсті. БАҚ арқылы тілдің қарым-қатынастың бұқаралық коммуникация деп аталатын жаңа типі қалыптасты. Қарым-қатынас кеңістігінде электронды құралдары маңызды орын ала бастады. Мұның өзі орфографиялық, орфоэпиялық нормалардың бұзылмауын, жаңа нормаларды дер кезінде сөздіктерде заңдастырудың, өзекті мәселе екенін көрсетті.

Әсіресе шаршытоп алдындағы сөздің түрлері мен жанрларының көбейіп отырған кезде, ауызша сөз арналарының қоғамдық, әлеуметтік маңыз алып отырған тұста орфоэпиялық нормаларды көпшілікқолды сөздік арқылы тиянақтап отырудың маңызы айрықша.

Өйткені әдеби тілдің орфоэпиялық нормасын сақтаудың мәдени-әлеуметтік мәні айрықша. Себебі норма тілді тұтынушылардың басын біріктіреді тілдік ұжым мүшелерінің бәрі де «конвенцияға» қатысушылар деп есептеледі. Дыбыстаудағы ортақ заңдылықты сақтамай, әркім өз бетінше сөйлесе, сөзді ұғыну қиынға түсіп, коммуникацияның ойдағыдай өтуіне нұқсан келеді. Сөйлеушінің сөз мәдениетінің төмендігін, сауатсыздығын көрсетіп, тыңдаушыға жағымсыз әсер етеді.

Әдеби тілдің ауызша нормасы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін таяныш етеді. Алайда халық тілінің дыбыс жүйесіндегі әр алуан варианттардың едәуір бөлігі тіл жұмсау тәжірибесінде халық тілінің сөз үлгілерінен таңдалып, сұрыпталды. Нормалардың қалыптасуында байырғы кездегі ақын, жыраулар, билер тәрізді ауызша сөз майталмандарының шаршытоп алдындағы сөзі, кейінгі кезеңдерде сахна, радио, телевизия хабарларының рөлі айрықша болды. Солар арқылы қалыптасқан үлгілер әдеби тілдің ауызша нормасы деп танылды.

Әдеби тілдің ауызша нормасы әсіресе радио-телехабар арналарының кеңеюі, сахна өнерінің дамуы, шаршытоп алдындағы сөздің жаңа түрлері мен типтерінің пайда болуы, аудитория алдындағы сөздің әлеуметтік мәнінің жоғарылай түсуі ауызша сөздің орфоэпиялық нормаларының бекіп, сараланuына ықпал еткен маңызды фактор болды.

Жоғарыда көрсетілген жазу мен дыбыстаудың әртүрлі айырмашылықтарды тіл үйренушілерге, сондай-ақ мектеп оқушыларына бастауыш деңгейден бастап екі түрлі бағытта, бірі – дұрыс жазу, екіншісі – дұрыс сөйлеу бағытында және де бір-бірінен еш асырып не төмендетпей бірдей деңгейде жан-жақты түсіндіріп оқытуды қолға алынғаны жөн. Себебі жазу мәдениеті мен сөйлеу мәдениетінің тілдік коммуникациядағы рөлі бір-бірінен басым не бәсең деуге болмайды. Қазіргі ақпарат заманында тілдесудің бұл екі түрі де тұрмыстық немесе ресми қатынаста болсын ерекше қызмет атқарып отыр. Сондықтан да қағаз бетіне таңбаланған жазба ақпаратты ауызша жеткізу нормаларын сақтап, ауызша түрде өтетін тілдік қарым-қатынастың сапасын ауызша сөз мәдениетін арттыру, дұрыс сөйлеуге (дыбыстауға) үйрету мақсаттарын жүзеге асыру үшін қазақ тілінің мейлінше толық сөздік қорын қамтитын орфоэпиялық сөздіктің көмегі ерекше болмақ. Өйткені тіл мәдениеті

тұрғысынан қарағанда сөздің дыбыстық тұлғасына нұқсан келтіру де тілдің әдеби нормасын бұзғандық болып саналады. Сөз ішінде, сөздер аралығында көрші дыбыстардың бір-біріне әсерін дер кезінде еске салып отыруға, жазба сөз бен ауызша сөздің арақатынасын көрсетуге септігін тигізетін ең қажет құрал – орфоэпиялық сөздік.

Орфографиялық ережелермен қатар орфоэпиялық ережелерді ден қойып оқытпаудың салдарынан әдеби тілдің дыбыстау нормасынан уәжсіз ауытқуларды байқауға болады. Мұндай ауытқулардың дені тіліміздің ішкі заңдылығы ретіндегі ғана емес, сондай-ақ жалпы қазақ сөз әуезділігінің тұтастығын сақтаушы, тұтас мәтіндердің үйлесімді формалары арқылы берілетін эстетикалық ақпаратты қодтаушы ретінде де ерекше қызмет атқаратын үндестіктің (сингармонизмнің) бұзылуымен байланысты. Бұл қазақ тілінде мәтіндер құрудың эстетикалық канондарының, сонымен бірге қазақ сөзінің өзіне тән ерекше көркем тұлғасының, сақталмауына, соның салдарынан ауызша дыбысталған сөз арқылы алынатын эстетикалық әсердің қалмауына әкеп соқтыруы мүмкін. Осы сияқты ауызша сөз мәдениетінің төмендеуіне, дыбыстау нормаларының бұзылуына тосқауыл қою үшін мектеп практикасынан бастап қазақ орфографиясы мен орфоэпиясын байланыстыра оқытылуы дәстүрге айналу керек.

Жұртшылыққа белгілі, жазу-сызудың пайда болуы күллі адамзат тарихындағы теңдесі жоқ ұлы уақиғалардың бірі болды. Тастағы таңба суреттерден бастап бүгінгі компьютер заманына дейінгі аралықта жазу-сызу әртүрлі, қилы-қилы кезеңдерді басынан өткізді. Жазулы сурет, пиктографиялық, идеографиялық, буын, дыбыс (әріптік дыбыс) жазулары тәрізді түрлері мен типтері болды. Сөйтіп, тілдік, жазба сөзге негізделген коммуникацияның ерекше түрі қалыптасты. Қарым-қатынастың пайда болған «жаңа» каналы арқылы тілдік қатынас қана емес, тілдің өзі де жаңа сапаға көтерілді. Осының нәтижесінде ақпараттық, технологиялық, әлеуметтік өзгерістер бұрын-соңды болмаған қарқынмен жеделдей түсті. Белгілі бір тілдің жазу-сызуға ие болған кезі оның тағдырындағы талайы жанған кезі деп бағаланады. Өйткені жазу-сызу тілді байытып, дамытып икемділігін арттыра түседі; тілдің әдебилігін, жүйелілігін, функционалдық тарау-тармақ түрлерінің сарапдауына септігін тигізеді. Жазу тілдің әлеуметтік, мәдени мәртебесін көтереді.

Жазу белгілі бір кезеңде тек санаулы әлеуметтік ортаның игілігі болса, жазу-сызуды демократиялық арнаға бұрудың барысында ол ұлттың, мәдени-ұлттық ұжымның баршасына ортақ қарым-қатынас құралына айналды. Жазу-сызу арқылы тіл өзінің көпсалалы (полифункционалды) қызметін атқара алады. Жазу-сызуы жоқ тілдер қоғамда көпсалалы қызмет атқара алмайды. Сондықтан жазу-сызу тілдің коммуникациялық-әлеуметтік мәртебесінің бірден-бір көрсеткіші.

Бұл жерде айқындап басын ашып алатын бір жайт – жазудың қоғамдық өмірдің аса мәнді деп саналатын мәртебелі саласына қызмет етуі шарт. Алайда әлемдік тарих көшінде, әлемдік өркениетте белгілі бір қоғамдастықтың әлеуметтік мәртебелі саласына жататын парадигмалар өзгеріп отырады. Мысалы, Бабылдықтардың қоғамдастығында суармалы егіншілік саласы мықты болды. Бұл – Бабыл мемлекетінің әлеуметтік мәртебелі саласы болып есептелді. Жазу-сызу егіншіліктен түскен өнімді хаттап-қағаздап отырды. Бабыл жазуының әлеуметтік мәртебесі осымен көтерілді. Қай елде, қай жерде болмасын жазу білген адамның беделі басқалардан аса жоғары болды. Жазу білушілік жоғары мансапқа жеткізді.

Көне Қытай елінде де жазу-сызу иероглиф таңбамен шаруашылық өнімдерін хаттап-қағаздап отыруға жәрдемдесті. Сонымен бірге, б.д. дейінгі заманда иеро-

глифпен үлкенді-кішілі уақиғаларды тіркеп жазып отыруға, яғни ол тарихын императорлар тарихын жазып отыратын мәртебелі іске қызмет етті. Сөйтіп көне Қытай елінде жазу жаза білу мәртебелі іс деп танылды.

Сондай-ақ бір замандары жазу-сызу көптеген елде дін саласындағы қызметімен әлеуметтік мәртебесі биіктей берді. Дінге қызмет еткен жазулар қасиетті деп саналды. Қасиетті кітаптар «Забур» («Інжіл», «Құран») жазуды да қасиетті етті. Мұндай жазулардың ғұмыры мыңдаған, жүздеген жылдармен өлшенеді. Адамзат тарихында әртүрлі дінмен байланысты қасиетті деп танылған жазулардың бірнеше түрі болған.

Қазіргі кезде жазу тарихын зерттеуші ғалымдар оларды пайғамбарлар жазуы, апостолдар жазуы деп атайды. Пайғамбарлар мен апостолар тілінде діни мазмұндағы кітаптар жазылды:

– Веда жазуы (б.д.д. VIII–III ғғ.) үнді елінің діни гимндер мәтіні, құрбандық шалу т.б. тәрізді мәтіндер жазылды;

– көне еврей және арамей тілінде Тора (көне өсиет) кітабы жазылды;

– авеста тілі (б.д.д.) зороастризм тілі;

– санскрит (б.д.д. VII ғ.) «Махабхарата», «Рамаяна» атты шығарманың тілі;

– веньян (б.д.д. VI–II ғғ.) Кунфузы шығармаларының тілі;

– көне грек, латын тілі (б.д. I ғ.) христиандардың тілі, канондары жазылған;

– классикалық араб тілі (VII ғ.) қасиетті Құранның тілі болды.

Ескі славян (славян шіркеуі) тілі (IX ғ.) шығыс христиан славяндарының тілі. Бұлар қасиетті жазу болғандықтан, қасиетті тілдер деп саналды.

Бұл аталған классикалық тілдерде діни мазмұндағы шығармалардан басқа философиялық, ғылыми еңбектер, көркем дүниелер жазылды.

Діни мазмұндағы бұл жазулар тілдің әлеуметтік мәртебесін көтерді. Тіл жазу-сызу арқылы ұштала түсті. Тілдің жүйесінде күнделікті сөйлеу тілінде кездесе бермейтін жазба сөзбен байланысты құрылымдар пайда болды. Тілдің дәстүрлі нормалары айқындала түсті.

Жазу-сызудың бірліктерін қарастыру, оның құрылымдық бірліктерін ауызша сөздің құрам-бірліктерімен салыстыру тіл ғылымының фонология саласының дамуына ықпал етті. Қасиетті Құранның оқылуымен байланысты, яғни жазба кодты ауызша кодқа, керісінше, ауызша кодты жазбашаға түсірудегі ерекшеліктерді айқындау барысында араб филологиясында орфоэпиялық фонетика, ал орыс жазуымен байланысты МФМ (Москва фонологиялық мектебі) фонология теориясын дамытты.

Жазу-сызудың филогенездік (жалпы адамзаттық) даму кезеңі, әлеуметтік мәртебелілігінің тағы бір көтеріле түскен тұсы болды. Ол ағарту, білім, ғылымның дамуымен байланысты еді. Халықты жаппай сауаттандыру (ағарту), орта, жоғары білім беру ісі жазба тілдің мәртебесін көтерді. Өйткені ағарту, білім беру көптеген елде қоғамдастықтың әлеуметтік мәртебелі парадигмалардың қатарында жазба коммуникация бірінші орында тұрды.

Әсіресе, ғылым-білімге қажетті ақпараттарды жинақтау, жеткізу, қорыту барысында жазу-сызудың алатын орны айрықша болды. Жазу-сызудың (жазба тілдің) көркем дүние жасаудың құралы болуы оның (жазба сөздің) қоғам алдындағы беделін одан сайын жоғарылата түсті. Әлем әдебиетіндегі әйгілі классиктердің туындылары жазба тілдің өрісі мен тынысын күшейте түсті. Сөйтіп, ежелден жазу-сызуы бар тілдер әлемдік қоғамдастықта ерекше беделге, құрметке ие болды.

Ежелгі Қытай елінде тарихи деректерді, уақиғаларды ұсақ-түйегіне дейін қалдырмай иероглифке түсіріп отыру әскери істен әлдеқайда мәртебелі болды.

Осымен байланысты жазба сөздің беделі де ежелгі Қытай елінде жоғары тұрды. Әрине, әлеуметтік мәртебесі жоғары істердің мәнділігі заманына қарай өзгеріп, дін, оқыту-ағарту, білім, ғылым тәрізді парадигмалар алдыңғы қатарларға шыға бастады. Жазба сөздің беделі дәстүрлі дінге қызмет етуімен байланысты жазба сөз түрі қасиетті діни кітаптар арқылы қоғамдағы беделі жоғарылай түсті.

Араб тілінің беделі ислам дінімен биікке көтерілді. Араб тілі қасиетті, мүбәрәк дінге қызмет етті, сонымен бірге білім, ғылымға, көркем шығармаларға қызмет етуі әлемдік қоғамдастықтың алдында оның беделін шырқау биікке шығарды. Көптеген түркі халықтарының исламды дәстүрлі діні тұтып, әліпбиін жазу-сызуына негіз етіп алды. Қарахандар дәуірінде, одан кейінгі кезеңдердегі әдеби, философиялық шығармалар түркі жазба тілінің әлеуметтік мәртебесін көтерді. Араб әліпбиі негізінде түркі тілінің Қазақ топырағында жерсіндірілді, оның үлгілері **ескі қазақ жазба тілі** (проф. Б.Әбілқасымовтың терминологиясы) деп аталды. Қазақ қоғамында қызмет еткен ескі қазақ жазба тілінің әлеуметтік беделі биік болды. Бұл тілде хан жарлықтары, сырт елдермен дипломатиялық қарым-қатынас, шегарасы, жазылуы, қисса дастандар, батырлар жыры, мерзімді басылымдардың жарық көруі ескі қазақ жазба тілінің әлеуметтік мәртебесін көтерген негізгі факторлар болды.

Қазақ тіл білімінде ғылыми айналыста болуға тиіс терминдердің бірі – *Ы.Алтынсарин әліпбиі*. Ы.Алтынсарин әлипбиі – Ы.Алтынсариннің орыс әлипбиінің құрамын сақтай отырып және қазақ тілінің кейбір дыбыс ерекшеліктерін ескере отырып жасаған әліпбиі. Бұл әліпбиді Ы.Алтынсарин қазақ балаларына орыс тілін оқыту мақсатында жасады. Ұлы ағартушы сол кездегі араб жазуын ескі қазақ тілімен қазақ балаларына орыс тілін үйретуден гөрі кирилшемен оқытуды жақсы көрді. Ол өзінің «Киргизское хрестоматия» (Орынбор, 1879-1906), «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» (Орынбор, 1879) деген еңбектерінде осы өзі құраған әліпбиді пайдаланды [2]. Алайда кирилше әріппен жазылған жазба сөз қазақ қоғамында кеңінен тарамады. Араб жазуына бауыр басып қалған қазақ қоғамының кирилше әріппен жазылған жазба тілді оқу-ағартудың басқа да әлеуметтік мәртебелі істерде қолдана қоймады. Бұл тұста діни, психологиялық фактор шешуші орында болды.

Қазақ қоғамында жазба тіл беделінің көтерілуі төте жазумен (1910-1930) байланысты болды. Байтұрсынұлы жасаған әліпби және оның емле жүйесі лингвистикалық тұрғыдан ең үлгілі, ал әдістемелік тұрғыдан халықты жаппай сауаттандыруда тиімділігі өте жоғары болды. Қолына алғаш қалам ұстаған адам үш айдың шамасында жазуды қиындықсыз игеріп кететіні әліпбидің оңтайлы болуынан, ал лингвистикалық тұрғыдан ең озық болатыны – әліпбидегі әріптің саны негізгі дыбыстардың санынан артып кетпеген, керісінше, бірер әріп кем түсіп жататын тапқырлығы ғалымның фонологиялық ойлау қабілетінің аса күштілігімен байланысты болды. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы қазақ лингвистикасын фонологиялық ойлаудың жүйесімен байытқан тұңғыш фонолог болды. Осылайша А.Байтұрсынұлы қазақ жазуын фонемографиялық деңгейге көтерді (проф. М.Жүсіпов). Төте жазу жүйесіне негізделген жазба тіл ағарту, білім беру, мерзімді басылымдар мен көркем әдебиет, педагогикалық әдебиет шығару тәрізді мәдени-әлеуметтік салаға өткендіктен, оның қоғамдық беделі жоғарылай түсті. Оқу-ағарту, баспа өнімдерін шығару саласындағы істер ол кезеңде әлеуметтік мәртебесі ең жоғары парадигмалар қатарында тұрды. Мәртебесі жоғары әлеуметтік іске қызмет еткен жазба тілдің де қоғам алдындағы беделі бекем болды.

Алайда ескі қазақ жазба тілінің графика-орфографиялық жүйесі үйренуге күрделі болды. Ескі жазба тіл жүйесімен сауат ашу ісі бірнеше жылға созылып, едәуір уақытты қажет етті. Өйткені ескі қазақ жазба тілінің нормативті базасы, бір жағынан халық тілі, екінші жағынан ортаазиялық түркі тілінің шарттылықтарына негізделген. Сондай-ақ едәуір араб-парсы сөздерін цитаталық принциппен жазу тәртібі болған.

Қазақ қоғамының ғылым-білімнен қалғанын байқаған А.Байтұрсынұлы мәселені әліпби құрастырудан бастады. Сөйтіп, бас-аяғы 4-5 айдың жүзінде оқып, жаза алатындай, сауат аша алатындай төте жазу жүйесін жасады.

Жазу-сызудың қолжазба, баспа түрлерінің әлеуметтік мәнділігі әртүрлі болатыны белгілі.

Жазудың қолжазба түрі тек сауатты әлеуметтік топтың игілігіне қызмет етіп, солардың мәртебесін көтерсе, ал баспа өнімдері, олардың аса мол таралыммен шығуы, қоғам мүшелерінің мектеп арқылы жаппай сауат ашуы т.б. жайттар жазба тілге демократиялық сипат берді. Заңдар, ғылыми әдебиет, көркем әдебиет, оқулық т.б. жазба сөз жанрларының қалыптасуына негіз болды. Тілдің лексика-грамматикалық құрылымында кітаби элементтер пайда бола бастады.

Сөйтіп, қазақ әдеби тілі нормаларының қалыптасуында баспа өнімдерінің, оның мол таралыммен жарық көруі т.б. жайттардың әсері айрықша болды. Әсіресе мектеп, кеңсе, мерзімді басылымдар, кітап түріндегі баспа өнімдері жазу-сызудың өмір сүруінің негізгі шарты болды.

Мектеп жазу-сызуды үйретеді, жазылғанды оқып, ой-сезімді жазуға түсіруге дағдыландырады. Жазу арқылы қоғам мүшелері күрделі ақпараттар алмасады. Жазу-сызуды білім алудың, мәтін түзудің құралы ретінде үйрену ұзақ жылғы дағдының нәтижесінде жүзеге асады. Мұның өзі жазу-сызудың ерекше тілдік таңбалар жүйесі ретінде күрделі құрылым екенін көрсетеді. Алайда кейбір тілдердің иероглиф тәрізді жазу-сызу жүйесі аса күрделі болғандықтан, халықаралық қатынастар үшін жабық болып келеді. Құрылымы тым күрделі емес жазу жүйесі, мысалы, латын жазуы географиялық өрісін кеңейте түскен.

Жазба коммуникация қазақ тілінің әртүрлі амал-тәсілдерінің пайда болуына ықпал етті. Өйткені бетпе-бет коммуникацияда ым, ишара, көз, дауыс (Botlangue) т.б. ауызша сөзде айтылған ой-сезімді нақтылай, толықтыра түсетін болса, жазба сөзде мұндай бейвербалды элементтерді пайдаланудың мүмкіндігі шектеулі, сондықтан жазу-сызу осындай олқылықтардың орындарын толтыру үшін тілдік құралдардың кейбір түрінің пайда болуына ықпал етіп, оларды жоқтатпаудың амалын құрастырады.

Жазу-сызу тілдің негізгі арқауы болып табылатын дәстүрлі нормалардың сақталуына ықпалын тигізеді, өйткені ауызша сөзге қарағанда жазба сөз консервативті сипатта болады.

Ақпаратты сақтау, пайдалану қажеті жылдан-жылға арта түскен сайын жазба сөздің мәні, жазу-сызудың мән-мағынасы жоғарылап отыр. Ақпараттық, технологиялық прогресті жеделдету қазіргі қоғамда түйінді мәселелердің бірі деуге болады. Осымен байланысты жазудың әлеуметтік мәні күшейе түсті.

Міне, бұл аталған жайттар жазу-сызудың әлеуметтік мәртебесін жоғарылата түсті.

XX ғасырдың аяғын ала жұрт назары теле, радиосөзге, яғни ауызша сөзге ауып кеткендей болды. Сөз жоқ, ауызша коммуникация құралдарының кеңінен қолданылуы ауызша сөздің әлеуметтік мәртебесін көтеріп тастады. Әсіресе телевизия хабарлары ауызша сөздің әлеуметтік беделін көтерген мықты фактор болды.

Сондай-ақ жазба сөздің әлеуметтік беделін, мәртебесін одан сайын көтерген компьютер, интернет деп аталатын инженерлік технологияның революциясы аса маңызды фактор болды. Ендігі тұста әлеумет назары компьютерлік жазуға ауды.

Қазіргі кезде тілдің әлеуметтік мәртебесінің көрсеткіші ретінде телевизия арналары арқылы берілетін хабарлар тілдің әлеуметтік мәртебесін арта түсті. Сондықтан қазақ тілінің ақпарат беру кеңістігін кеңейте беру оның әлеуметтік, қоғамдық беделін биіктете түседі.

Қазақ тілінің, әсіресе оның ауызша түрінің әлеуметтік мәртебесін биіктете түсетін факторлардың бірі Президент, Президент аппаратының, үкімет, Парламент тәрізді ең жоғарғы мемлекеттік институттардың мемелекеттік тілдің ауызша түрінде сөйлеуі және сол биік мінберден айтылған жауапты сөздердің республика жұртшылығына кеңінен тарап, құлақтарына жетіп жатуы. Ал ондай сөздердің мемлекеттік тілде аударма арқылы жеткізілуі қазақ тілінің әлеуметтік беделінің ойдағыдай болмай жатқанын көрсетеді.

Біз жоғарыда жазбаша және ауызша тілдің қандай жағдайда, қандай кезде әлеуметтік мәртебесінің жоғары болатынын айттық және ондай жоғары беделдің белгілі бір қоғамдастықтағы аса мәртебелі саналатын қоғамдық істің парадигмалар жүйесімен байланысты екенін, сондай-ақ мәртебелі парадигмалар жүйесіне енетін әлеуметтік мәртебелі істердің түр-түріне тоқталдық.

Ауызша сөз өзіндік құрылым ерекшеліктері бар өзгеше коммуникациялық канал болса, жазба сөз де сол тәрізді құрылым ерекшелігі бар өзгеше семиотикалық жүйе. Жазба сөз әріптер тізбегінен босаралықтардан, үтір, нүкте, сызық, сызықша, азат жол, сұрау белгі, лепбелгі т.б. визуал таңбалар тізбегінен құралса, ауызша сөз дауысты, дауыссыздар тәрізді сегменттерден, интонация, буын, екпін, кідіріс, ырғақ т.б. сегменттен тысқары құрылымдар тізбегінен тұрады.

Сырт қарағанда жазба сөз ауызша сөздің қайталамасындай көрінеді. Шынында, жазба сөз ауыз сөздің айнаға түскен қайталамасы емес. Айырма екі түрлі семиотикалық жүйенің материалына ғана байланысты емес, мазмұнына да қатысты.

Жазба сөз – белгілі бір графикалық таңбалардың тәртіпке түсірілген бірізді жүйесі. Жазба сөздің негізгі қызметі ауыз сөзді бейнелеу емес, визуалды графикалық таңбалар арқылы адамның ойын, сезімін жеткізу. Ауызша сөзде аудио таңбалардың бірізді тізбегі арқылы ой мен сезімді жеткізеді. Бұған қарап екі түрлі семиотикалық жүйенің айырмасы тек олардың субститутында ғана екен деп түсінуге болмайды.

Ауызша сөзде спонтандық қасиет басым болса, жазба сөзде ойелектік сипат басым болады. Жазба сөз авторының тілдік таңбаларды парадигмалық қатардан синтагмалық тізбекке түсіруде оларды ойелектен өткізуге мүмкіндігі болса, ауызша сөз адресантының ондай мүмкіндігі болмайды да парадигмалық қатардан тілдік таңбаларды спонтанды түрде синтагмалық тізбекке түсіреді. Егер ауызша сөз (мәтін) хатқа түсірілетін болса, яғни бір семиотикалық кодтан екінші бір семиотикалық кодқа ауыстырылса, міндетті түрде әлгі мәтінді азды-көпті «редакциялауға» тура келеді. Аудиотаңбалы сөз визуал таңбалы сөзге автоматты түрде көшіріле салмайды. Өйткені жазба сөздің өз нормасы бар да, ауызша сөздің өз нормасы бар.

Ресми жағдайда айтылатын ауызша сөз бар да, бейресми жағдайда айтылатын ауызша сөз бар. Ресми жағдайда айтылатын ауызша сөзді жазба кодқа салғанда мәтін біршама азырақ «редакциялануы» мүмкін. Ал бейресми айтылған мәтін жазба кодқа ауыстырылғанда көбірек «редакциялануы» ықтимал. Мұндай ерекшелік па-

радигмалық қатардағы тілдік бірліктер мен құралдарды талғап, таңдау, бір жағынан, тілдік емес ситуациямен байланысты екенінде.

Тілдік емес ситуациямен байланысты ауызша сөздің парадигмалық қатардан тілдік бірліктерді талғауы, жазба сөз де солай, түптеп келгенде мазмұнға әсер етеді.

Жазба сөз ауызша сөздің қайталамасы емес және олардың айырмасы тек материалдық жағында деп түсінудің дұрыстыққа сая бермейді деуіміз де осымен байланысты.

Әрине, ауызша сөз де, жазба сөз де өз бастау көзін тілден алады. Әрі қарай тілдік материалдар тіл жұмсау тәжірибесінде белгілі бір тіл бірліктері қайсыбір ситуацияда тұрақты, жиі қолданыла бастайды. Сөйтіп, ауызша сөзге де, жазба сөзге де ортақ фонетикалық, лексика-грамматикалық фонның аясында соның нәтижесінде жазба сөздің, ауызша сөздің өзді-өзіне тән тілдік бірліктері, стилдік құралдары, риторикалық тәсілдері қалыптасады. Жазба сөзге тән, ауызша сөзге тән нышаны бар (маркерлі) элементтер пайда болады.

Қазақ әліпбиі, орфографиясы өз бастау көзін ауызша сөзден емес, тілдің дыбыс парадигмасынан алғандықтан, фонемографиялық деңгейдегі жазу болды. Сөйтіп жазуда фонеманың дыбыстық қоршауға неғұрлым тәуелсіз түрін таңбалау орфографиядағы негізгі ұстанымға айналды.

Әліпби түзу үшін алдымен тілдегі фонемалардың негізгі реңктері инвентарын дәл анықтау қажет. Мұндайда ауызша сөзге, яғни синтагмалық тізбекке сүйенсе, тілдік дыбыстардың саны көп болып кетуі мүмкін. Өйткені парадигмадағы фонемалар синтагмалық тізбекке түскенде, олардың позициямен (дыбыстық қоршаумен) байланысты әртүрлі реңктері пайда болады, олардың қайсыбірін фонеманың негізгі реңкі ме, әлде тәуелді реңкі ме, ажырату қиынға соғуы мүмкін. Мұндайда белгілі бір фонеманың негізгі реңкі бір әріппен, тәуелді реңкі басқа бір әріппен таңбалануы мүмкін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992.

2. Алтынсарин И. Начальное руководство к обучению киргизов к русскому языку. – Оренберг, 1979. –32 с.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҚ ЖАЗУДЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ[39]

Сан ғасырлық тарихы бар, өркениетті әлемге кеңінен тараған араб, латын, кирилл т.б. әліпбилері әр заманда ондаған тілдің жазба түрде қызмет етуіне негіз болып, жалпы адамзат мәдениетінің дамуына, қоғамның ілгерілеуіне ерекше ықпал етті. Олардың біреуі «жақсы», «керемет», екіншісі «түкке тұрғысыз», «нашар» деп үзілді-кесілді «үкім» шығаруға болмайды. Мұндай үкім әліпби туралы айтыс-таласта бұрын да көп айтылған, қазіргі кезде де аз айтылып жүрген жоқ. Әрине, белгілі бір тілдің дыбыстық құрылымына негізделген әліпби жүйесін екінші бір тілге механикалық тұрғыдан көшіре салу оң нәтиже бермейді: ондай графикалық жүйені игеру үшін мыңдаған адам, мейлі араб, мейлі латын, мейлі кирил әліпбилері болсын, артық уақыт, артық күш-жігер жұмсайды. Сондықтан мәселе белгілі бір әліпбиді нақты бір тілдің дыбыстық жүйесіне оңтайлы етіп беруде болып отыр.

XV-XVII ғғ. Қазақ мемлекеттігімен байланысты қазақ тілінде жазылған әртүрлі жазба мәтін, құжат нұсқалар болды. Демек, жазба тіл болғаны хақ. Қазақ хан-сұлтандарының бұйрық-жарлықтары, көрші елдермен жазысқан дипломатиялық қатынас қағаздары, өзара жазысқан хаттары т.б. ескі қазақ жазба тілінің үлгі-нұсқалары болып саналады. Академиктер О. Марғұлан, Р.Сыздық т.б. ғалымдар Қадырғали би Жалайырдың тарихи жазбалары, Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресін» ескі қазақ жазба тілінің бастау көздеріне жатқызады. Проф. Бабаш Әбілқасымов «Түркістан уәлаяты » (1870-1882), « Дала уәлаяты » газеттерін ескі қазақ жазба тілінің үлгілері деп таниды. Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіптің жазба мұраларында ескі қазақ жазба тілінің үлгілері молынан кездеседі.

Рас, ескі қазақ жазба тілінің жазу жүйесі күрделі. Өйткені оның құрылымы «әртекті (гетерогенді) болды: 1) қазақ тілінің элементтері, 2) ескі қыпшақ тілінің элементтері, 3) қарлұқ, оғыз-қыпшақ, сондай-ақ араб-парсы тілдерінен алынған ауыс-түйістер молынан кездесіп отырды. Осыған қарап кейбір зерттеушілер бұл тілді шағатай немесе ескі татар тілі деп қате тұжырым жасады. Қазақ топырағында жасалғандықтан, қазақ қоғамына, қазақ мемлекетіне қызмет еткендіктен, қазақтың халық тілі элементтері, әуелде аздау болғанымен, кейініректе молынан қолданылғандықтан, бұл тіл *ескі қазақ жазба тілі* деп арнайы терминмен аталып жүр.

Әрине, ескі қазақ жазба тілі бастан-аяқ қазақтың халық тілі болмағанмен, сауатты, хат танитын адамдардың қатынас құралы болып, қоғамның мәдени қажетін өтеді.

Әсіресе XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ағартушылар, белгілі түркітанушы ғалымдар жазу-сызуды реформалау қажеттілігіне айрықша назар аударып, демократиялық бағытқа қарай бетбұрыс жасауды көздеді. Жазу-сызуды демократияландырудың негізгі мәні жазуды барынша халық тіліне жақындату еді. Жазу жүйесіндегі таңбалар ауызша тілдің дыбыстық жүйесіндегі бірліктерді бейнелеуге тиісті болды. Ал бұрынғы араб әліпбиіне негізделген түркі жазуының графикалық жүйесінде ауызша қолданыста жоқ архаикалық элементтер мен орфографиялық шарттылықтар, екіұшты оқуға болатын таңбалар жиі кездесіп отырды. Міне, мұндай жайттар араб әліпбиінің түркі тілдерінің дыбыс жүйесіне жарамсыз деген пікірлердің жиірек айтылуына себеп болды. Бұл жерде араб әліпбиін

39 *Мақала «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы» атты ұжымдық монография. – Алматы: Арыс, 2007 ж. жарияланған.*

«жарамсыз» деуден бұрын, алдымен араб әліпбиіне негізделген түркі жазуы қайсы тілдің дыбыстық жүйесінің графикалық көрінісі деген мәселенің басы ашылмаған болатын. Шындығында, ол кездегі түркі жазба тілі белгілі бір халықтық тілдің («тірі» тілдің) лексикалық, грамматикалық, дыбыстық жүйесінің дәлме-дәл бейнелеген емес. Ол халықтық тілден едәуір айырмасы бар кітаби тілдің тұрпат межесін белгілейтін графикалық жүйе болатын. Сондықтан сол кездегі тілдік жағдаятты халық тілі өз алдына, ал жазба тіл өз алдына жүйе деп тануға болады. XIX-XX ғғ. мұндай гомогенді диглоссия жағдаяты ағарту ісін қалың бұқараға қарай бұру ісіне қиындық келтіре бастады. Жазу-сызуды азғана топтың емес, жалпы жұртшылықты игілігіне айналдыру мақсаты тұрды. Бұқара жұртшылықтың сөйлейтін тілінен оқыған сауатты адамдар қолданатын кітаби тіл жүйесінің едәуір айырмасы болды. Осымен байланысты барлық ағартушылар алдында екі түрлі бағыт тұрды. Бірі бұрынғы кітаби тілдің жазу жүйесін өзгертпей-ақ халықтық тілдің элементтеріне кеңінен жол ашу; екіншісі – жазу-сызуды ауызша тілдің жүйесіне лайықтап жасау, яғни жазу-сызу жүйесін түбегейлі реформалау еді.

Жазу-сызумен байланысты бұл екі бағыт қазақ қоғамының мәдени өмірінде жарыса жүрді. «Дала уалаяты», «Айқап», «Қазақ» т.б. мерзімді басылымдар мен кейбір баспа өнімдері тіліне халықтық тіл элементтері дендеп ене бастағанмен, ескі жазба тілге тән кейбір нормалар сақталып отырды. Оның бірнеше себептері болды. Солардың негізгілері, бір жағынан, дінге, екінші жағынан, жазудағы ортақ дәстүрлі норманы сақтау дегенге саяды «[...] үш жуз миллион мұсылман халықтың арасында біз, қазақ та, бармыз. Біз де сол жүз миллион мұсылмандарша араб хәрпін қабылдап отырмыз. Біздің тіліміздегі бар дыбыстардың араб хәрпінде жоқтары бар, араб хәрпінде бар дыбыстардың біздің тілімізде жоқтары бар. Соның үшін араб хәрпін тілімізге дөп келерлік етіп бейімдемек, жазуды еркін бет-бетімен жаза бермей, белгілі бір соқпаққа салмақ бізге де міндет. Бұрын бұл мәселе ескерілмесе де, енді ескерілетұғын көрінеді. Соқпақ саламыз дегенде ескерілетін жерлер:

Біз, қазақ халқы, мұсылман дініндеміз, мұсылман болғанымыз үшін біздер мұсылман дінін үйренуге, шариғат хүкімдерін білуге, ислам дінінше амал қылуға борыштымыз. Ислам дінінше амал қылу үшін біз «Құран» оқуға, үйренуге міндеттіміз. Соның үшін біз өзімізге арнап емле түзгенде, сол ислам дінін үйренуден алыстарлық емле қолданбауымыз керек. Балаларымыз діни рухта тәрбие алсын. Жұрттың бәрінің бірдей балаларын зор медреселерге жіберіп, ислам дінін түгел оқытуға парасатты бола қоймайды; бір қатарлары балаларын тезірек хүкімет мектебіне береді; бір қатарлары намаздығын танып, жазу-сызу білетұғын болған соң үй шаруашылығына айналдырады; соның үшін де балаларымыздың жасынан-ақ дін ғылымына түсініп, Құран оқуға үйренуі, араб хәріптеріне жаттығулары тиіс. Қазақша «Әліппе» жазушылар осы жағын өте ескеру керек. Осы күнгі қалыпта хүкімет мектептерінде оқып жүрген қазақ шәкірттерінің көбі-ақ бұл айтылған қалыпқа келіп жетпейді. Араларында Құран аятынан екі жол қосып оқи алмайтындары да толып жатыр, бұл – бір.

Екінші, хәріп жаңа «Әліппе» жұртты қосуға да, айыруға да себепкер болғандықтан, біздің тұтынған хәріпіміз басқа түркі балаларының хәріптерінен ұзақта бөлініп кетпеске тиіс; аталарымыз «саяқ жүрсең, таяқ жерсің» депті ғой. [...] біз неде болса бізден көрі мәдениет дүниясына бұрын аяқ басқан, бізден көрі ояуырақ діндес-қандасымыз ноғай жұртынан алыс жүрмелік. Соларменен ұрандасып, бірімізге біріміз шылбыр берісіп, бірге қимылдалық» [!].

Ал екінші бағыт ескі кітаби тілдің грамматикалық жүйесінен (араб әліпбиінен) мүлде бас тартып, кирил әліпбиіне көшу болатын. Бұл жөнінде кейбір қазақ оқығандарының арасында айтылып жүрген пікірлердің сыңайы мынадай: «Инспектором инородческих школ Оренбургского ученого округа г. Катаринским, при участии учителей-киргиз, составлен и частью издан целый ряд книжек для чтения и элементарных учебников для изучения киргизами русской грамоты и русского языка...

Важной особенностью всех этих книжек является то, что киргизский текст напечатан в них русскими буквами. Этим достигается та выгода, что для учащегося киргиза до невероятности облегчается возможностью научиться читать на родном языке, если киргизские слова изображены русскими буквами. Это потому, что русская азбука гораздо лучше и точнее передает звуки киргизского языка, чем арабская, при том одна и та же арабская буква имеет несколько начертаний, что представляет главное неудобство арабского алфавита. При том же, при новом способе начертания киргизского текста, по одной и той же книжке могут с одинаковым успехом учиться как киргиз русскому языку, так и русский киргизскому. Счастливая мысль – заменить для киргиз арабский алфавит русским, как известно, впервые пришла в 70-годах известному Алтынсарину, применившему ее на деле, и с тех пор составляет мечту всех образованных киргиз, желающих облегчить своему народу путь к просвещению. Тем более эти книги достойны внимания, что они являются первой после Алтынсарина, попыткой освободить киргизский язык от арабщины и татарщины, которыми сплошь и рядом наполнены обыкновенные киргизские книжки» (О.Альжанов. Полезные книги для киргизов).

Қазақ тілін «арабщина», «татарщина»-дан «құтқару» идеясы шын мәнінде Н.Ильминскийдің миссионерлік саясатының «жемісі» болатын. Н.Ильминский қазақтарды ашықтан-ашық ислам мәдениетіне қарсы қою әрекетінен нәтиже шықпасын жақсы білді. Қазақ қоғамындағы ислам мәдениетінің түп тірегі жазуда екенін, бұратана халықтарды дәстүрлі дінінен айыру үшін ең алдымен олардың әліпбиін, жазу-сызуын аластау екенін жақсы түсінді. Қазақ қоғамындағы араб жазулы рухани дүниенің бәрін «татарша», «тілі шұбарланған», «таза емес», арабпарсы сөздерімен шұбарлаған деп қазақтың ескі жазба тілі (кітаби тілі) деп аталатын рухани-мәдени құндылықты халық тіліне қарсы қойды. Бірін даттап, екіншісін мақтады.

«Алфавит служит обыкновенно признаком и памятником соотношений религиозных. Та почти историческая аксиома, что когда один народ принимал от другого народа веру, то вместе с верой принимал от него и алфавит.

...Если бы каким-нибудь чудом все подвластные России племена, исповедующие магометанство, вдруг приняли православную веру, то и русский алфавит вошел бы к ним без всякого затруднения. Но пока они остаются в магометанской вере, до тех пор русской азбуке будет крайне трудно бороться с алфавитом арабским. Если, в виду тех или других соображений необходимо ввести в языке магометанские племен русскую азбуку, то нужно найти или создать какую-нибудь опору для нее в симпатии магометан. За недостатком религиозного сочувствия, можно опереться, напр., на идею звукового преимущества. Арабский алфавит очень неудобен для языков татарских, поэтому особенно, что бы беден знаками для гласных звуков, которыми напротив языки татарской группы богаты» деп.

Н. Ильминский араб әліпби түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің дыбыс жүйесін, әсіресе дауыстыларын айта алмайды деп, қазақ оқығандарын иландыруға

тырысады. Қазақтың ескі кітаби тілінің құрылым жүйесінде кездесетін а) архаикалық белгілерді, ә) қарлұқ, б) оғыз-қыпшақ, в) қыпшақ элементтерін, г) орфографиялық шарттылықтардың бәрін «татардікі», «қазақтікі» емес деп уағыздайды. Сол уағызға ерген кейбір қазақ оқығандары қазақтың ескі жазба тілін «татарщина», «арабщина» деп жағымсыз реңмен атады.

Н. Ильминский алғаш рет қазақ тілі материалдарын кирил әліпбиіне түсіріп, орыс әліпбиімен берудің үлгісін жасады. Ондағы көздеген мақсаты орыс әліпбиін қазақ оқығандарының санасына сіңіру, сөйтіп, араб әліпбиін «жарамсыз» етіп, қазақ қоғамын ислам мәдениеті мен рухани дүниелерінен шеттету еді. Оны Н.Ильминскийдің мына сөзінен айқын аңғаруға болады: «Так и у нас в России единство алфавита, даже самое точное, не приведет к внутреннему единению инородцев с русскими, пока первые не объединятся с нами в вере православной. Я даже полагаю, что иноверные инородцы, имеющие свою религиозную письменность, как, например, татары-магометане, или ламайцы-буряты, не примут русского алфавита ни целиком, ни с какими угодно приспособлениями и прибавками. Все наши инородцы, как и русский сельский народ, находятся в периоде религиозного миросозерцания и руководствуются религиозными мотивами».

Н.И. Ильминскийдің қазақ тілі дыбыстарын орыс әліпбиіндегі әріптермен таңбалауы онша сәтті бола қойған жоқ. Араб әліпбиіндегі әріптер дауыстыларды таңбалауға кедей болса, орыс әліпбиі дауыссыздарды таңбалауға жеткіліксіз болып шықты. Н.И. Ильминскийден кейін де қазақ мәтіндерін орыс әліпбиімен берудің В.В. Радлов, Ы.Алтынсарин, В.Катаринский т.б. жасаған үлгілері болды. Бірақ сол үлгілердің бәріне ортақ кемшілік – қазақ тілі фонологиялық жүйесінің жыға танылмауымен байланысты еді.

Міне, осы қысқаша баяндаудан халық тілінің дыбыстық жүйесін белгілейтін жаңа типтегі әліпби түзуде, жазу үлгісін жасауда едәуір қайшылықтар мен қиындықтардың діни азаматтық, дәстүрлі мәдениет пен ағартушылықтағы жаңа бағыт т.б. тәрізді аса күшті әлеуметтік факторлармен байланысты екенін байқауға болады.

Сонымен, қазақ жазуына реформа жасаушылардың алдында негізінен мынадай басты міндеттерді шешу күн тәртібінде тұрды: қазақ жазу-сызуы қай әліпбиді қолдану керек?

Графикалық жүйенің мазмұн межесі байырғы түркі жазба тіліне тән архаикалық элементтерді, қарлұқ, оғыз-қыпшақ (қыпшақ-оғыз), таза қыпшақтық, қазақтық белгілерден тұратын құрылымдық жүйені белгілеуі керек пе әлде бірыңғай таза халықтық тілдің (сөйлеу тілін) жүйесін тірек етуге тиіс пе? Жазу жүйесі жалпы халықтық тілдің құрылымын арқау етсе, қай әліпбиге (араб әліпбиіне әлде орыс әліпбиіне) негізделуге тиіс? Тілдегі фонемалардың құрамы дұрыс анықтала ма?

А. Байтұрсынұлы жазу-сызудың арқауы халықтық тіл болуы керек деген тұжырымды ұстанып, жазуды азғана оқығандардың емес, көпшілікті білім, тәрбие құралына айналдыру, яғни жазу-сызуды демократияландыру қағидасын дәйекті түрде жүзеге асыруды, даналықтың дәнін себуді мақсат етті.

Солай еткенде ғана жазу-сызу ат төбеліндей аз ғана элитарлық топтың ғана емес, күллі халықтың игілігіне айналуға тиіс болды. Осымен байланысты ағартушылардың алдында екі таңдау тұрды. Біріншісі – оқу-ағарту, сауаттандыру ісінің бұқаралық сипат алуы үшін араб графикасына негізделген бұрынғы әліпбиді негізге алып, ескі жазба тілдің графика емле дәстүрін сақтай отырып, қолданыстағы жазу дәстүрінен қол үзбей, тек азды-көпті оңтайландыру болды. Бұл «Айқаптың» ұстанымы еді.

Екіншісі – ескі жазба тілдің графикалық жүйесінен мүлде бас тартып, қара халықтың ауызша тіліне негізделген әліпби жүйесін жасау. А.Байтұрсынұлы екінші жолды таңдады. Мұның бірнеше себептері болды: біріншіден, күнделікті өмірде қолданылып жүрген тілдің дыбыс жүйесін арқау еткен жазу-сызуды халық тез игеретінін, екіншіден, Р. Сыздықтың айтуынша, XV-XVII ғғ. Қазақ халқының мәдени өмірінде қазақ халқын құраған ру-тайпалардың әріден келе жатқан поэзия тілінің негізінде ауызша дамыған әдебиеті қызмет етті. Осы аталған ауызша тілдің үлгілері болып саналатын шешендік сөздер, эпикалық туындылар, ақын-жыраулардың аса мол көркем дүниелері, мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары т.б. түбінде жазба тілдің нормаларына тірек болатынына, сондай-ақ қазақ тілінің бірегей, біртұтас тіл екеніне Ақаң жете мән беріп, тереңнен түсінді. Бұл факторлар жазуды халық тіліне негіздеудің тиімділігін көрсетті. Ал өзбек, ұйғыр, татар тілдерінде диалектілік құбылыс басым болғандықтан, халық тілі біртұтас болмады.

Халық арасына аса кең тараған эстетикалық-тәрбиелік, танымдық мәні, көрік-теуіш құралдары, азаматтық-қоғамдық үні айрықша ауызша әдебиет үлгілері бар екенін, оның қалыптасқан тілдік, стильдік нормалары жаңа сападағы жазу-сызу түзуге мықты тірек болатын әлеуметтік-тілдік фактор екенін А. Байтұрсынұлы терең түсінді.

Жалпы тіл білімінде тұңғыш фонологтар деп әдетте әліпби түзушілерді айтады (олардың фонологиялық зерттеу жазуы шарт емес). А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыстары жөніндегі фонологиялық көзқарасы алдымен өзі түзген әліпбиден көрінеді «Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның тоғызы дауысты, он тоғызы дауыссыз. Дауысты дыбыстар : ... / а /, ../о,.../ұ/, /ы/, .../е / және ә, ө, ү, і. Дауыссыз дыбыстар мынау: .../б/, .../п/, .../т /, .../ж, .../ш/, ./д/,....р /, .../з/, .../с/, ...ғ/, .../қ/, .../к/, ...г/, .../ң/, /л /, / м / , / н / Жарты дауысты дыбыстар: шолақ .../у /, һәм шолақ .../й/». Бірақ А.Байтұрсынұлы тоғыз дауыстының бас-басына таңба алмай, «Бес дауысты» жүйемен әліпби түзе келіп, олардың әрқайсысын бір-бір әріппен белгілейді. Сөйте отырып, әлгі әріптер арқылы жазуда әр фонеманың екі түрлі әуезін (жуан, жіңішкелігін) сол фонеманың таңбасына сыйғызып береді. Сөйтіп, төрт дауыстының бас-басына әріп алмай-ақ, дәйекші арқылы жуан немесе жіңішке (дәйекші болмау – жуан оқуды, дәйекші болуы – жіңішке оқуды) әуезде оқылатындай жазу жүйесін жасайды. А. Байтұрсынұлы әліпби жүйесінің, түптеп келгенде, сол кездегі және қазіргі жазу жүйесінен өзгешелігі әріптерді әрі дыбыстық мәнді, әрі сөз әуезін (жуан-жіңішке әуезін) білдіріп, біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық ерекшелігінде. «Біте қайнасқан» бұл ерекшелік қазақ тілінің сингармонизм жүйесімен ерекше үйлесім табады: «Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды солай билейді; яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да жуан айтылады. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, басқа дыбыстар да жіңішке айтылады. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, басқа дыбыстардың да жуан-жіңішке айтылатындығы да айырылғаны» [2, 325]. А. Байтұрсынұлы түзген әліпби жүйесінде фонемалар мен әріптердің сандық қатынасы 28 /фонема/: 24 /әріп/ болып шығады. Мұндай қатынас, «әліпбидегі әріптің саны фонеманың санынан аз-кем төмен болуға тиіс» деген жазу теориясындағы ең жақсы әліпби шартымен үйлесіп жатады.

А. Байтұрсынұлы тек әліпби түзіп қойған жоқ, фонология теориясындағы айырым белгі әдісін қолдану арқылы қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен түзілімін 9 дауысты, 19 дауыссыз деп тұңғыш рет дәл анықтады. Дауыстылар мен дауыссыздарға берген сипаттамасына қарағанда, А.Байтұрсынұлы дауыстыларды функцио-

налдық басыңқы жүйе, ал дауыссыздарды функционалдық бағыныңқы жүйе деп таниды. Мұндай лингвистикалық танымның мәні айрықша. Әдетте басыңқы жүйенің (дауыстылардың) бағыныңқы жүйеге әсері, ықпалы күшті болады. Соның салдарынан бағыныңқы жүйенің (дауыссыздар) жүктемесі де көбейе түседі. Мәселен, дауыстыларға қарағанда, дауыссыздардың реңктері әлдеқайда көп болып, басыңқы жүйенің ыңғайына қарай жуан, жіңішке, еріндік, езулік болып түрленіп отырады. Сөйтіп, жуан немесе жіңішкелік белгі бүкіл сөз бойы тұтаса айтылып, әуен-әуез бірлігіне айналады. «Байтұрсынұлы әліпбиіндегі» (жалпы тіл біліміндегі атауы, Самойловичтің термині) дәйекші әуен-әуез бірлігін бейнелесе, жеке әріптер жекелеген дыбыстық бірліктерді көрсетеді. Байтұрсын жазуының графемалық жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан сегменттік әрі суперсегменттік бірліктерді (жуан, жіңішкелікті) белгіледі. Сондықтан да бұл жазу жүйесі қазақ тіліндегі сингармонизм табиғатымен барынша үйлесімді болды. Байтұрсынұлы жазу жүйесінің бұрынғы араб әліпбиі негізіндегі ескі қазақ жазу жүйесінен, орыс әліпбиіне негізделген жазу жүйесінен принципті айырмасы осында еді. А.Байтұрсынұлына дейін араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуының тұрпат межесі жуан немесе жіңішкелік белгілерді дауыссыздардың ырқына бағындырып бейнеледі, яғни дауыстылардың жуан, жіңішкелігі дауыссыздардың жуан немесе жіңішкелік таңбасына қарай оқылады. Ал орыс әліпбиіне негізделген жазу болса, біріншіден, сөздің жуан немесе жіңішкелігіне тән белгілерді жеке дыбыстармен «бөлшектеп» берді, екіншіден, дауыссыздар жүйесінің дауыстылар жүйесіне бағыныңқылық қатынасы ескерілмеді.

А. Байтұрсынұлы түзген әліпбиді сол кезеңдегі фонологиялық мектептің аға буын өкілдері, әлемдік лингвистиканың көшбасшылары болған Е.Д.Поливанов, сондай-ақ Н.Ф. Яковлев тәрізді көрнекті фонологтар аса жоғары бағалады. Түркітанушы К.К. Юдахин мен А.М.Сухотин латын жазуына көшкенше қырғыз халқының Байтұрсынұлы әліпбиін сол күйінде қолданғанын атап айтады. Мұның өзі Байтұрсынұлы әліпбиінің ұлтаралық мәртебесін көрсетеді. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы түзген әліпби жазу тәжірибесінде жұртшылықты сауаттандыру ісінде өте оңтайлы болғанын М.Дулатұлының мына пікірінен айқын аңғаруға болады: «Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмірі тарады, жаңа сөйлеммен 15-тей кітап шықты, бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет, иншалла, мұнан кейін артпаса кемімес деген үміт зор».

А. Байтұрсынұлы бұрын тек бір ғана формада, яғни ауызша түрде қызмет етіп келе жатқан ауызша әдеби тілдің графикалық, орфографиялық жүйесін жасап, оның жазбаша түрде қызмет етуін зерделеп берді. Таңба теориясы тұрғысынан алғанда А. Байтұрсынұлының жасаған араб әліпбиі негізіндегі жазу жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан жалпыхалықтық тілдің бір формасы болып табылатын ауызша әдеби тілдің дыбыс бірліктерін, ал мазмұн межесі тұрғысынан сол тілдің мағыналық бірліктерін белгіледі. А. Байтұрсынұлының лингвистикалық мұрасын жан-жақты зерттеп, арнайы монография жазған Өзбекстандағы қандасымыз, филология ғылымдарының докторы, проф. Махамбет Жүсіпов қазақ тіл білімі тарихында А. Байтұрсын-

ұлының қазақ тілінің дыбыстық бірліктер түзілімін дәлме-дәл анықтауы арқылы ұлттық жазудың тұңғыш фонемографиялық жүйесін жасағанын атап айтады.

Сөйтіп, XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы қазақ жазу-сызуын демократиялық батысқа (халық тіліне) бұрды; қазақ жазуы фонетикалық жазудан фонемографиялық жазуға қадам басты; ұлттық жазудың негізі қаланды. Қазақ жазуының онтогенездік дамуындағы бұл ерекше кезеңде Ахмет Байтұрсынұлы ақыл-парасаты, қажыр-қайраты лингвистикалық ой тереңдігі жағынан дәуірдің дара тұрған біртуар ұлы тұлғасы болды.

Алайда қазіргі қолданылып жүрген орыс графикасына негізделген жазуды, менің ойымша, ұлттық сипаттағы жазу деп тануға болмайды, өйткені, біріншіден, әліпби құрамында қазақтың дыбыс жүйесін бейнелемейтін әріптер бар. Екіншіден, қазақтың төл сөздері қазақ тілінің дыбыс ережесімен, ал толып жатқан кірме сөздер (экономика, медицина, цех, футбол т.б.) орыс орфографиясының ережесімен жазылып жүр. Бұл кезең де Орталықтың нұсқауымен жасалған, тоталитарлық режимнің «құндылықтары». Кіндігі орыс тіліне байланып қалған мұндай қос тілді жазу-сызуды ұлттық сипаттағы рухани дүниеміз деп тану екіталай. Сондықтан да даналықтың диханшысы болған Ақаңнан тағылым ала отырып, қазақ жазуын түбегейлі реформалау арқылы оған ұлттық сипат беру күттірмес өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ОНТОГЕНЕЗДІК ДАМУЫ[40]

Сан ғасырлық тарихы бар, өркениетті әлемге кеңінен тараған араб, латын, кирил т.б. әліпбилері әрқашанда ондаған тілдің жазба түрде қызмет етуіне негіз болып, жалпы адамзат мәдениетінің дамуына, қоғамның ілгерілеуіне ерекше ықпал етті. Олардың біреуі «жақсы», «керемет», екіншісі «түкке тұрғысыз», «нашар» деп үзілді-кесілді «үкім» шығаруға болмайды. Мұндай үкім әліпби туралы айтыс-таласта бұрын да көп айтылған, қазіргі кезде де аз айтылып жүрген жоқ. Әрине, белгілі бір тілдің дыбыстық құрылымына негізделген әліпби жүйесін екінші бір тілге механикалық тұрғыдан көшіре салу оң нәтиже бермейді: ондай графикалық жүйені игеру үшін мыңдаған адам, мейлі араб, мейлі латын, мейлі кирил әліпбилері болсын, артық уақыт, артық күш-жігер жұмсайды. Сондықтан мәселе белгілі бір әліпбиді нақты бір тілдің дыбыстық жүйесіне лайықтап беруде болып отыр.

Әсіресе, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ағартушылар, белгілі түркітанушы ғалымдар жазу-сызуды реформалау қажеттілігіне айрықша назар аударып демократиялық бағытқа қарай бетбұрыс жасауды көздеді. Жазу-сызуды демократияландырудың негізгі мәні жазуды барынша халық тіліне жақындату еді. Жазу жүйесіндегі таңбалар ауызша тілдің дыбыстық жүйесіндегі бірліктерді бейнелеуге тиіс болды. Ал бұрынғы араб әліпбиіне негізделген түркі жазуының графикалық жүйесінде ауызша қолданыста жоқ архаикалық элементтер мен орфографиялық шарттылықтар, екіұшты оқуға болатын графемалар жиі кездесіп отырады. Міне, мұндай «олқылықтар» араб әліпбиінің түркі тілдерінің дыбыс жүйесіне жарамсыз деген пікірлердің жиірек айтылуына себеп болды. Бұл жерде араб әліпбиін «жарамсыз» деуден бұрын, алдымен араб әліпбиіне негізделген түркі жазуы қайсы тілдің дыбыстық жүйесінің графикалық репрезентанты деген мәселенің басы ашылмаған болатын. Шындығында, ол кездегі түркі жазба тілі белгілі бір халықтық тілдің («тірі» тілдің) лексикалық, грамматикалық, дыбыстық жүйесінің дәлме-дәл графикалық манифестациясы емес, халықтық тілден едәуір айырмасы бар кітаби тілдің тұрпат межесін (план выражения) белгілейтін графикалық жүйе болатын. Сондықтан ол кездегі тілдік жағдаятты гомогенді диглоссия деп тануға болады. XIX-XX ғғ. гомогенді диглоссия жағдаяты ағарту ісін қалың бұқараға қарай бұру ісіне қиындық келтіре бастады. Жазу-сызуды азғана топтың емес, жалпы жұртшылықтың игілігіне айналдыру мақсаты тұрды. Жалпы жұртшылықтың сөйлейтін тілінен, оқыған сауатты адамдар қолданатын кітаби тіл жүйесінің едәуір айырмасы болды. Осымен байланысты барлық ағартушылар алдында екі түрлі бағыт тұрды. Бірі бұрынғы кітаби тілдің жазу жүйесін өзгертпей-ақ халықтық тілдің элементтеріне кеңінен жол ашу; екіншісі – жазу-сызуды ауызша тілдің жүйесіне лайықтап жасау, яғни жазу-сызу жүйесін түбегейлі реформалау еді.

Жазу-сызумен байланысты бұл екі бағыт қазақ қоғамының мәдени өмірінде жарыса жүрді. «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақстан» т.б. мерзімді басылымдар мен кейбір баспа өнімдері тіліне халықтық тіл элементтері дендеп ене бастағанмен, ескі жазба тілге тән кейбір нормалар сақталып отырады. Оның бірнеше себептері болды. Солардың негізгілері, бір жағынан дінге, екінші жағынан, жазудағы ортақ

[40] *Мақала «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы» атты ұжымдық монография, – Алматы: Арыс, 2007 ж. жарияланған.*

дәстүрлі норманы сақтау дегенге салды: «...үш жүз миллион мұсылман халықтың арасында біз, қазақ та, бармыз. Біз де сол жүз миллион мұсылмандарша араб хәрпін қабылдап отырмыз. Біздің тіліміздегі бар дыбыстардың араб хәрпінде жоқтары бар, араб хәрпінде бар дыбыстардың біздің тілімізде жоқтары бар. Соның үшін араб хәрпін тілімізге дөп келерлік етіп бейімдемек, жазуды еркін бет-бетімен жаза бермей, белгілі бір соқпаққа салмақ бізге де міндет. Бұрын бұл мәселе ескерілмесе де, енді ескерілетұғын көрінеді. Соқпақ саламыз дегенде ескерілетін жерлер:

Біз, қазақ халқы, мұсылман діниндеміз, мұсылман болғанымыз үшін біздер мұсылман діні үйренуге, шариғат хүкімдерін білуге, ислам дінінше амал қылуға борыштымыз. Ислам дінінше амал қылу үшін біз «Құран» оқуға, үйренуге міндеттіміз. Соның үшін біз өзімізге арнап емле түзгенде, сол ислам дінін үйренуден алыстарлық емле қолданбаумыз керек. Балаларымыз діни рухта тәрбие алсын. Жұрттың бәрінің бірдей балаларын зор медреселерге жіберіп, ислам ғылымын түгел оқытуға парасатты бола қоймайды; бір қатарлары балаларын тезірек хүкімет мектебіне береді; бір қатарлары намаздығын танып, жазу-сызу білетұғын болған соң үй шаруашылығына айналдырады; соның үшін де балаларымыздың жасынан-ақ дін ғылымына түсініп, құран оқуға үйренуі, араб хәріптеріне жаттығулары тиіс. Қазақша «Әліппе» жазушылар осы жағын өте ескеру керек. Осы күнгі қалыпта хүкімет мектептерінде оқып жүрген қазақ шәкірттерінің көбі-ақ бұл айтылған қалыпқа келіп жетпейді. Араларында құран аятынан екі жол қосып оқи алмайтындары да толып жатыр, бұл – бір.

Екінші, хәріп жаңа «Әліппе» жұртты қосуға да, айыруға да себепкер болғандықтан, біздің тұтынған хәрпіміз басқа түркі балаларының хәріптерінен ұзақтап бөлініп кетпеске тиіс; аталарымыз «саяқ жүрсең таяқ жерсің» депті ғой. [...] біз не де болса бізден көрі мәдениет дуниясына бұрын аяқ басқан, бізден көрі ояуырақ діндес-қандасымыз ноғай жұртынан алыс жүрмелік. Солармен ұрандасып, бірімізге біріміз шылбыр берісіп, бірге қимылдалық» (М.Сералин. Айқап. №4. 1914.).*

Ал екінші бағыт ескі кітаби тілдің грамматикалық жүйесінен (араб әліп-биінен) мүлде бас тартып, орыс жазуына көшу болатын. Бұл жөнінде кейбір қазақ оқығандарының арасында айтылып жүрген пікірлердің сыңайы мынадай: «Инспектором инородческих школ Оренбургского ученого округа г.Катаринским, при участии учителей-киргиз, составлен и частью издан целый ряд книжек для чтения и элементарных учебников для изучения киргизами русской грамоты и русского языка...

Важной особенностью всех этих книжек является то, что киргизский текст напечатан в них русскими буквами. Этим достигается та выгода, что для учащегося киргиза до невероятности облегчается возможность научиться читать на родном языке, если киргизские слова изображены русскими буквами. Это потому, что русская азбука гораздо лучше и точнее передает звуки киргизского языка, чем арабская, при том одна и та же арабская буква имеет несколько начертаний, что представляет главное неудобство арабского алфавита. При том же, при новом способе начертания киргизского текста, по одной и той же книжке могут с одинаковым успехом учиться как киргиз русскому языку, так и русский киргизскому. Счастливая мысль – заменить для киргиз арабский алфавит русским, как известно, впервые пришла в 70-годах известному Алтынсарину, применившему ее на деле, и с тех пор составляет мечту всех образованных киргиз, желающих облегчить своему народу путь к просвещению. Тем более эти книги достойны внимания, что они являются первой после Алтынсарина,

попыткой освободить киргизский язык от арабщины и татарщины, которыми сплошь и рядом наполнены обыкновенные киргизские книжки» (О.Альжанов. Полезные книги для киргизов).

Н.Ильминский алғаш рет қазақ тілі материалдарын орыс жазуына түсіріп, орыс әліпбиімен берудің үлгісін жасады. Ондағы көздеген мақсаты орыс әліпбиін қазақ оқығандарының санасына сіңіру, сөйтіп, араб әліпбиін «жарамсыз» етіп, қазақ қоғамын ислам мәдениеті мен рухани дуниелерін шеттету еді. Оны проф. Н.Ильминскийдің мына сөзінен айқын аңғаруға болады: «Так и у нас в России единство алфавита, даже самое точное, не приведет к внутреннему единению инородцев с русскими, пока первые не объединятся с нами в вере православной. Я даже полагаю, что иноверные инородцы, имеющие свою религиозную письменность, как, например, татары-магометане, или ламайцы-буряты, не примут русского алфавита ни целиком, ни с какими угодно приспособлениями и прибавками. Все наши инородцы, как и русский сельский народ, находятся в периоде религиозного миросозерцания и руководствуются религиозными мотивами».

Н.И.Ильминскийдің қазақ тілі дыбыстарын орыс әліпбиіндегі әріптермен таңбалауы онша сәтті бола қойған жоқ. Араб әліпбиіндегі әріптер дауыстыларды таңбалауға кедей болса, орыс әліпбиі дауыссыздарды таңбалауға жеткіліксіз болып шықты. В.В.Григорьев бұл жөнінде Н.И.Ильминскийге жазған хатында былай дейді:

«В «Материалах» для изучения киргизского языка, напечатанных вами в прошлом году в «Записках» Казанского Университета, и, еще прежде того, в статье «О распределении кусков мяса у Киргизов», помещенной в «Известиях» И.Археологического общества, употребили вы, для транскрипции звуков киргизского языка, буквы русской азбуки. Сделали вы это на том основании, что арабско-татарский алфавит, принятый и Киргизами, «не выражает точно киргизских звуков, особенно гласных». Вам известно, как горячо желал бы я, чтобы русская азбука заменила у Киргизов употребительную теперь между ними обще-мусульманскую, как много надежд соединяю я с этою заменою, как много пользы должна была бы замена эта принести, по мнению моему, и Киргизам и России. Но справедливость прежде всего, даже и в отношении к арабской азбуке: зачем обижать ее, а вы, я нахожу, обидели ее, унизив паче меры. Потом, чтобы русская азбука могла войти в употребление между Киргизами, надо одно из двух: чтобы она оставалась как есть, или приноровлена была к выражению звуков киргизского языка самым простым образом, с помощью самых незначительных прибавок, и которая бы притом не резала глаз новостью своею и необычайностью; вы же, извините, испестрили русскую азбуку, безо всякой в том нужды, латинскими буквами: и довели ее этим и другими тонкостями до современного неудобства в практике. Сочиняя свой русско-киргизский алфавит, вы действовали как кабинетный ученый, который заботится о том только, чтобы угодить на свою ученую братию, удовлетворить лишь ее требованиям. В этом отношении вы достигли цели: ваш алфавит отчетлив в высшей степени, ученая братья должна признать его безупречными. Но если вы полагаете, что он годен к употреблению в дело Киргизами, вы очень ошибаетесь: усвоить его себе будет для них столь же трудно, как трудно было бы для Якутов и Осетин воспользоваться прекрасными учеными азбуками, придуманными для них гг. Бетлинком и Шегреном» (В.В.Григорьев. О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки. Письмо к Н.И.Ильминскому. Оренбург, 1862). Н.И.Ильминскийден кейін де қазақ мәтіндерін орыс әліпбиімен берудің В.В.Радлов, Ы.Алтынсарин, В.Катаринский т.б. жасаған үлгілері болды.

Бірақ сол үлгілердің бәріне ортақ кемшілік қазақ тілі фонологиялық жүйесінің жыға танылмауымен байланысты еді.

Міне, осы қысқаша баяндаудан халық тілінің дыбыстық жүйесін белгілейтін жаңа типтегі әліпби түзуде, жазу үлгісін жасауда едәуір қайшылықтар мен қиындықтардың діни, азаматтық, дәстүрлі мәдениет пен ағартушылықтағы жаңа бағыт т.б. тәрізді аса күшті әлеуметтік факторлармен байланысты екенін байқауға болады.

Сонымен қазақ жазуына реформа жасаушылардың алдында негізінен мынадай басты міндеттерді шешу күн тәртібінде тұрды: қазақ жазу-сызуы қай тілдің графикалық формасы болуы керек?

Графикалық жүйенің мазмұн межесі байырғы түркі жазба тіліне тән архаикалық, қарлұқ ұйғыр, оғыз-қыпшақ (қыпшақ-оғыз), таза қыпшақтық, қазақтық белгілерден тұратын құрылымдық жүйені белгілеуі керек пе, әлде бірыңғай халықтық тілдің (сөйлеу тілін) репрезентанты болуға тиіс пе? Жазу жүйесі жалпы халықтық тілдің графикалық репрезентанты болса, қай әліпбиге (араб әліпбиіне, әлде орыс әліпбиіне) негізделуге тиіс? Тілдегі фонемалардың инвентары дұрыс анықтала ма?

А.Байтұрсынұлы қазақтың жазу-сызуы халықтық тілдің графикалық манифестациясы болуы керек деген тұжырымды басшылыққа алып, жазу-сызуды аз ғана оқығандардың емес, көпшіліктің білім, тәрбие құралына айналдыру, яғни жазу-сызуды демократияландыру қағидасын дәйекті ұстанды.

Халық арасына аса кең тараған эстетикалық-тәрбиелік, танымдық мәні, көріктеуіш құралдары, азаматтық-қоғамдық үні айрықша ауызша әдебиет үлгілері* бар екенін, оның қалыптасқан тілдік, стильдік нормалары жаңа сападағы жазу-сызу түзуге мықты тірек болатын әлеуметтік-тілдік фактор екенін А.Байтұрсынұлы терең түсінді.

Жалпы тіл білімінде тұңғыш фонологтер деп әдетте әліпби түзушілерді айтады (олардың фонологиялық зерттеу жазуы шарт емес). А.Байтұрсыновтың қазақ тілінің дыбыстары жөніндегі фонологиялық көзқарасы алдымен өзі түзген әліпбиден көрінеді «Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз. Дауысты дыбыстар: .... /а/, .../о/, .../ұ/, ...ы//, .../е/. Дауыссыз дыбыстар мынау: .../б/, .../п/, .../т/, .../ж/, .../щ/, .../д/, .../р/, .../з/, .../с/, .../ғ/, .../к/, .../к/, .../г/, .../ң/, .../л/, .../м/, .../н/. Жарты дауысты дыбыстар: шолақ .../у/, һәм шолақ .../й/».*

Бұл түзілімде қазақ дауыссыздарының инвентарына және оларды таңбалайтын әріптерге байланысты аса бір елеулі айырма жоқ, әйтсе де /х/, /h/ тәрізді дыбыстарды ғалымның дауыссыздар жүйесіне енгізбегені көрініп тұр. Ал ең басты ерекшелік дауыстыларға байланысты екені бірден байқалады. Біздің ойымызша, А.Байтұрсынов көрсетіп отырған қазақ дауыстыларының жүйесін фонологиядағы «инвариант-вариант» қисыны бойынша негізінен былайша түсінуге болады.

Қазақ тілінің дауыстылар жүйесінде бес инвариант-фонема бар. Осы инвариант-фонемалардың нақты қолданыста әрқайсысының, *е*-ден басқасының, жуан және жіңішке әуезбен /тембрмен/ түрленіп отыратын екі варианты бар:

вариант [а] ақ

I. Инвариант-фонема <а>

вариант [ә] әк

вариант [о] оқ

2. инвариант-фонема <о>

вариант [ө] өк

вариант [ұ] ұқ

3. инвариант-фонема <ұ>

вариант [ү] үк

вариант [ы] ық

4. инвариант-фонема <ы>

вариант [і] ік

5. инвариант-фонема <е> [е] ек

Әдетте [а] мен [ә] вариантарын бір инвариант-фонема деп тану үшін олардың өзара ортақ белгілері болуы шарт. Ол екі вариантты да ашық, езулік болуы; ал осы екеуін екі түрлі вариант деп тану үшін олардың ортақ белгісінен басқа айырмасы да болу керек. Ол – бірінің жуан [а], екіншісінің жіңішке [ә] әуезде айтылуы. <о>, <ұ>, <ы> инвариант фонемалары жайында да осыны айтуға болады. Бұл – бір. Екіншісі, вариантар парадигмалық қатынаста болады, яғни «екінің бірі» принципі бойынша сөзде не [а] варианты, не [ә] варианты қолданылуы шарт. Ал инварианттар синтагмалық қатынаста болады, ал бұл қатынас «және ... және» принципі бойынша жүзеге асады.

Бұл айтылған дауыстылар жүйесінің парадигма /варианттар/ мен синтагмалық / инварианттар/ қатынасын былайша көрсетуге болады:

парадигма синтагма

_а___о___ұ_____ы____

ә ө у і е

Синтагмалық қатынас бойынша бір сөздің шенінде [а], [о], [ұ], [ы] дауыстылары қолданыла береді: *ақын, отан, ұлы, қызы*; [ә], [ө], [у], [і], [е] дауыстылары да осы тәрізді: *әні, өнері, үні, елі* т.б. Бұдан байқайтынымыз: бір инварианттың варианттары синтагмалық қатынасқа түспейді немесе олар бір сөздің шенінде ұшырамауға тиіс. Қысқасы, А.Байтұрсыновтың «бес дауысты» жүйесін, біздіңше, осылай түсінуге болады. «Бес дауысты» жүйесімен әліпби түзе келіп, Байтұрсынов бес инвариант фонеманың әрқайсысын бір-бір әріппен белгілейді. Сөйте отырып, әлгі әріптер арқылы жазуда әр фонеманың екі түрлі әуезін (жуан, жіңішке) сол фонеманың таңбасына сыйғызып береді. Сөйтіп, инварианттардың варианттары үшін бас-басына әріп алмай-ақ, дәйекші арқылы жуан немесе жіңішке (дәйекші болмауы – жуан оқуды, дәйекші болуы – жіңішке оқуды) әуезде оқылатындай жазу жүйесін жасайды. Сонымен, А.Байтұрсынов әліпби жүйесінің, түптеп келгенде, қазіргіден өзгешелігі әріптердің фонемалық мәнді бере отырып, дыбыстық мәнді де (жуан-жіңішке әуезін) білдіріп, біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық ерекшелігінде. «Біте қайнасқан» бұл ерекшелік қазақ тілінің сингармонизм жүйесімен ерекше үйлесім табады: «Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды солай билейді; яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да жуан айтылады. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, басқа дыбыстар да жіңішке айтылады. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, басқа дыбыстардың да жуан-жіңішке айтылатындығы да айырылғаны» «А.Байтұрсынов, Тіл тағылымы, 325-б.).

А.Байтұрсынов түзген әліпбидегі жүйені қатаң ұстана отырып, тек бірер дауыссызды ықшамдап алатын болсақ (қ, к, ғ, г-лердің арнына к, г-ні ғана алып), бұл әліпбидегі фонемалар мен әріптердің сандық қатынасы 26 (фонема): 22 (әріп) болып

шығады. Мұндай қатынас, «әліпбидегі әріптің саны фонеманың санына аз-кем төмен болуға тиіс» деген жазудың жалпы шартымен үйлесіп жатады.

Байтұрсынұлы тек әліпби түзіп қойған жоқ, фонология теориясындағы айырым белгі әдісін қолдану арқылы қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен түзілімін 9 дауысты, 19 дауыссыз деп тұңғыш рет дәл анықтады. Дауыстылар мен дауыссыздарға берген сипаттамасына қарағанда А.Байтұрсынұлы дауыстыларды функционалдық басыңқы жүйе, ал дауыссыздарды функционалдық бағыныңқы жүйе деп таниды. Мұндай лингвистикалық танымның мәні айрықша. Әдетте басыңқы жүйенің (дауыстылардың) бағыныңқы жүйеге әсері, ықпалы күшті болады. Соның салдарынан бағыныңқы жүйенің (дауыссыздар) жүктемесі де көбейе түседі. Мәселен дауыстыларға қарағанда дауыссыздардың реңктері (аллофондары) әлдеқайда көп болып, басыңқы жүйенің ыңғайына қарай жуан, жіңішке, еріндік, езулік болып түрленіп отырады. Сөйтіп, жуан немесе жіңішкелік белгі бүкіл сөз бойы тұтаса айтылып, сегменттік бірліктерге бөлінбейді, яғни суперсегменттік бірлікке айналады. Байтұрсынұлы әліпбиіндегі дәйекші суперсегменттік бірлікті көрсетсе, жеке әріптер сегменттік бірліктерді көрсетеді. Байтұрсын жазуының графемалық жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан сегменттік әрі суперсегменттік бірліктерді (жуан, жіңішкелікті) белгіледі. Сондықтан да бұл жазу жүйесі қазақ тіліндегі сингармонизм табиғатымен барынша үйлесімді болды. Байтұрсын жазу жүйесінің бұрынғы араб әліпбиі негізіндегі ескі қазақ жазу жүйесінен, орыс әліпбиіне негізделген жазу жүйесінен принципті айырмасы осында еді. Байтұрсынұлына дейін араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуының тұрпат межесі жуан немесе жіңішкелік белгілерді сегменттік бірлік түрінде, дауыссыздардың ырқына бағындырып бейнеледі, яғни дауыстылардың жуан, жіңішкелігі дауыссыздардың жуан немесе жіңішкелік таңбасына қарай оқылады. Ал бұл аталмыш жазудың мазмұн межесі ортағасырлық жазба тілге тән архаикалық белгілерді, оғыз қыпшақтық, қазақтық элементтерді таңбалады. Ал орыс әліпбиіне негізделген жазу, біріншіден, сөздің жуан немесе жіңішкелігіне тән суперсегменттік белгілерді сегменттік бірлік түрінде «бөлшектеп» берді, екіншіден, дауыссыздар жүйесінің дауыстылар жүйесіне бағыныңқылық қатынасы ескерілмеді. Орыс әліпбиіне негізделген жазудың мазмұн межесі халық тілінің мағыналық бірліктерін, тұрпат межесі халықтық тілдің дыбыстық жүйесін белгілеуге бағытталды.

А.Байтұрсынұлы түзген әліпбиді сол кезеңдегі фонологиялық мектептің аға буын өкілдері, әлемдік лингвистиканың көшбасшылары болған Е.Д.Поливанов, Н.Ф.Яковлев тәрізді көрнекті фонологтар аса жоғары бағалады. Түркітанушы К.К. Юдахин мен А.М. Сухотин латын жазуына көшкенше қырғыз халқының А.Байтұрсынұлы әліпбиін сол күйінде қолданғанын атап айтады. Мұның өзі А.Байтұрсынұлы әліпбиінің ұлтаралық мәртебесін көрсетеді.

Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы түзген әліпби жазу тәжірибесінде жұртшылықты сауаттандыру ісінде өте оңтайлы болғанын М.Дулатовтың мына пікірінен айқын аңғаруға болады: «Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмірі тарады, жаңа сөйлеммен 15-тей кітап шықты, бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ»

нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет, иншала, мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор».

А.Байтұрсынұлы бұрын тек бір ғана формада, яғни ауызша түрде қызмет етіп келе жатқан әдеби тілдің графикалық, орфографиялық жүйесін жасап, оның жазбаша түрде қызмет етуінің негізін қалады. Таңба теориясы тұрғысынан алғанда А.Байтұрсынұлының жасаған араб әліпбиі негізіндегі жазу жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан (в плане выражения) жалпы халықтық тілдің бір формасы болып табылатын ауызша әдеби тілдің дыбыс бірліктерін, ал мазмұн межесі тұрғысынан (в плане содержания) аталмыш тілдің мағыналық бірліктерін белгіледі. Қазақ тіл білімі тарихында А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық сегменттік бірліктері түзілімін дәлме-дәл анықтауы арқылы ұлттық жазудың тұңғыш рет фонемографиялық жүйесін жасады.

XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында қазақ жазу-сызуы демократиялық бағытқа (халық тіліне) бет түзеді; фонетикалық жазудан фонемографиялық жазуға қадам басты; ұлттық жазудың негізгі қаланды. Қазақ жазуының онтогенездік дамуындағы бұл ерекше кезеңде Ахмет Байтұрсынұлы ақыл-парасаты, қажыр-қайраты лингвистикалық ой тереңдігі жағынан дара тұрған дәуірдің біртуар тұлғасы болды.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ДӘЙЕКШЕСІ НЕГІЗІНДЕГІ ИНТЕРНЕТ ӘЛІПБИ[41]

Көп болып күш қосып немесе жабылып дауыс беріп бітіретін іс-тірліктер бар: өзенді бұрып жіберуге болады, тауды жарып өтуге болады, көптің дауысымен билік мәселесін шешуге болады. Көп пен қара күштің қолынан емес, жеке бір адамның ғана қолынан келетін іс-тірлік тағы бар. Оған қара күштің де, көп бастың да қажеті жоқ. Осындай іс-тірліктің бірі – әліпби мәселесі. Жазу табу – араға ғасырлар салып ілуде бір келетін даналардың ғана қолынан келетін шара. Славян жазуын Кирилл-Мефодий тауып берсе, көп түрік жұртына үлгі болған қазақ жазуын жалғыз А. Байтұрсынұлы жеке шешті. Сөйтіп өзге көпшілік жұрттың ойына кіріп-шықпайтын, көп пенденің қолынан келмейтін жаңалық ашылды.

Соңғы кезде әліпби ауыстыру мәселесін, ауыстыра қалған күнде қай әліпбиді таңдау жайын халық талқысына салып, референдум арқылы шешу керек деген ұсыныстар айтылып қалып жатыр. Шындығында әліпби мәселесі бүкіл халық болып жабылып шешетін іс емес екендігін дұрыс түсінген жөн. Әліпби жобасын тіл мамандары дайындайды, сонан соң педагог-ұстаздар, сызба шеберлер, көз дәрігерлері, психологтар т.б. арнайы тобымен бас қосып оны талқыдан өткізеді. Жоба арнайы сараптаудан өткен соң барып, мемлекет тарапынан көпшілікке міндетті құжат ретінде ұсынылады. Әрі қарай ол талқыланбайды, тек орындалады.

Ендеше ғылыми ақиқат көпшілік дауыспен анықталмайды, ғылыми іс «асармен» бітпейді, ғылыми нәтиже аламан жұрттың қау-қаулауымен алынбайды. Ерсі көрінсе де айтайық, ғылым саласында «көп ақылы – қол болмайды». Ғылыми таным жолында азшылық көпшілікке бағынбайды, тіптен, бір адам дүйім жұртты ықтырып отырады. Ғылымда қоғами теңдік те (демократия) жоқ, адами теңдік те (ғұламалық) жоқ. Ғылым – адамзат болмысының бейтеңдес (антидемократиялық) тұсы.

Мұны айтып отырған себебіміз әліпби ауыстыру деген көптің ермегіне айналып кетті. Турасын айтатын болсақ, ерінбегеннің бәрі «әліпбиші» болып жатыр. Ал жазу реформасы деген соқыр (механикалық) көшірме емес, артығын алып тастап, жетпей жатқан жерін жалғап, екі ұшты тұстарын бір ыңғайға келтіріп жазуды жөнге салып алу болып табылады.

Әсіресе *и, у, я, ю* кірме әріптеріне байланысты адасушылықтар көп. Бұл әріптердің әрқайсысына жеке-жеке таңбалар беріліп жатыр. Тіпті қазақ тілінде еріндік, үнді, жуысыңқы дауыссыз дыбысы бар екенін білмейді. Соның нәтижесінде ол орыс тілінің *у* дыбысты дыбысының баламасы ретінде жүр. Өзге әріптердің жағдайы мен дыбыс құрамы жайлы түсінік те тура осы сықылды.

Қазіргі қазақ жазуындағы *и* мен *у* таңбалары барлық жобаларда жалаң дыбыс ретінде сақталған. Ал егер осы екі жапсырма таңбадан құтылатын болсақ, онда орфографиямыз бен орфоэпиямыздың арасындағы олардың әрқайсысына сегіз-сегізден қатысты 16 қайшылықтан арылады екенбіз.

Сауат ашу, жазып жаттығу, тасымал т.б. үстінде қиындық келтіретін, тіпті ешбір емле-ережемен жөнге салуға келмейтін осы сықылды жаңсақтықтар баршылық.

Енді не істеу керек? Жол біреу-ақ, ол – А. Байтұрсынұлы тағылымы. Ендеше қазіргі және болашақ латын әліпбиінде алып отырған жуан-жіңішкелік белгілер, әртүрлі нұсқасы мен пішініне қарамай – сол А. Байтұрсынұлы салған сара жол.

[41] *Мақала «Туған тіл» альманахы, 2007, №2 санында Ә.Жүнісбекпен бірлескен авторлықта жарияланған.*

Арабы таңбалар негізінде туындаған дәйекші дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке таңбасына таңылып кирилге көшті. Енді, міне, кирилден «апостроф, қос нүкте, сызықша, қос әріп» болып мың құбылып латынға ауысып жатыр. Қалай құбылса да бәрінің мазмұны (фонологиялық яғни тілдегі қызметі) – сол бір дәйекше.

Ахаңнан бір-ақ нәрсені алуды білмей жүрміз, ол – Ахаң тәрізді алдымен қазақтың төл дыбыстары мен қазақ тіліндегі кірме дыбыстардың басын ажыратып алу. Ахаң қалай қараған: «Дауысты дыбыс қазақ тілінде бесеу... Дауыссыз дыбыс қазақ тілінде он жеті» деп өз алдына бір түйіндеп қояды.

А(-Ә)	П	Б	М
Ы(-І)	Т	Д	Н
Е	Қ(-К)	Ғ(-Г)	Ң
Ұ(-Ү)	С	З	Р
О(-Ө)	Ш	Ж	Л
		Й	
		У(w)	

Сонымен Ахаңнан алатын бірінші үлгі – қазақтың төл дыбыстарының басын бір ашып алу, сонан соң барып кірме әріп (дыбыс) жайын ойластыру. Бұл екеуін әсте аралас қарауға болмайды.

«Қазақ тілінде қанша дыбыс бар және олар қайсы?» деп бас қатырудың керегі жоқ. Бәрін Ахаң өзі дайындап беріп кеткен: «Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты. Дауысты дыбыстар: *а, о, ұ, ы, е.* Дауыссыз дыбыстар*: б, п, г, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н.* Жарты дауысты дыбыстар: шолақ *у*, шолақ *й*». Бұл дыбыстардың ішінде «қ» һәм «ғ» ылғи жуан айтылады. «К», «г» һәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек.., онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ»-ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын «к», «г», «е»-лерді қосқанда, бәріне 43 белгі (харіп) керек» (4, 324 б.).

Сонымен қазақ тілінің төл дыбыстарының саны мен құрамын ашып алдық. Енді таңба мәселесіне келейік.

Осы жерде Ахаң дәйекшені ойлап табады: «Бұл жіңішкелік белгісі – дәйекше». Сөз алдында дәйекше тұрса, ол сөздің хәріптері жіңішке айтылады...». Ахаңның «дауысты дыбыстар демей «әріптер (харіптер)» деп отырғаны тегін емес, сөйтіп жоғары теориялық (фонологиялық) деңгейде қорытынды жасап отыр. Ахаң «харіптер» деп сөз құрамындағы дауысты/дауыссыз дыбыстарды түгел қамтып отыр. Ендеше дауысты дыбыстарды ғана жуан/жіңішке айтпайды екенбіз, дауыссыз дыбыстарды да дәл солай жуан/ жіңішке айтады екенбіз. Сонымен «Жіңішкелік үшін жалғыз ғана белгі алып 43 түрлі дыбысты 24 белгімен дұрыстап жазуға болады». Ендеше компьютердің түйме-тақтасындағы 26 әріптің орны қазақ дыбыстары үшін артығымен жетеді екен, тіптен 2 түймеше артылып та қалды. Ал біз болсақ екі есе көп 42 кирил-әріпті сиғыза алмай немесе қалай сиғызамыз деп неше түрлі айла-шарғы жасап жүрміз.

Ендеше дәйекше арқылы Х. Досмұхамедұлы айтқандай: «... жазудың жеңілденетін жолы байқалды. Қазақ-қырғыздың әліпбиінде арабтың қос дыбыстығы екі дыбыс

турасында ғана қолданылады. «Қ, ғ» қаріптері екі дыбыстың жуан түрлерін таңбалау үшін, «к, г» қаріптері сол екі дыбыстың жіңішке түрлерін таңбалау үшін алынды. Өзге алынған қаріптер дыбыстардың жуан түрін белгіледі. Дыбыстың жіңішке түрін белгілеу үшін жуан түрін белгілеген таңбаның алдына дәйекші (‘) қойылатын болды». Сонда біздің қазіргі кирил әліпбиіндегі *а, і, ұ, ө, е* әріптеріміздің шын дыбыстық мәні жіңішкелікті ғана білдіру, ол үшін сөзде қанша буын болса сонша дауысты жазуымызға тура келеді. Мұның өзі жуан-жіңішкелік белгі жеке дауыстының емес, бүкіл сөздің сипаты екенін дәлелдейді. Ал Ахаң әліпбиінде осының бәрінен құтылып, «жазуды жеңілдету үшін» бір ғана дәйекші қолданылады.

Сөйтіп үстеме белгі қойылған дауысты әріп болсын, қос әріп болсын сөзде қанша буын болса, кирилдегі дауысты әріптердей сонша рет қайталануға тиіс. Егер сөзде екі буын болса екі рет, он буын болса он рет қайталануға тиіс. Сонда кирил мен латын әліпбиінің арасында мазмұн айырма жоқ, айырма тек әріп тұрқында ғана.

Батыс тілдерінде дауысты дыбыстың үстіне диакритик белгі қойып таңба жасау үрдісі бар. Сол үрдісті біз де қабылдап жатырмыз. Алайда ол тілдердің қазақ тілінен табиғаты бөлек. Олардың сөз құрылымы басқа және де сөз, құрамындағы буындар бір-бірімен әуездес айтылмайды (тіптен үнді-еуропа тілтанымында «жуан дауысты, жіңішке дауысты» деген ұғым жоқ). Сондықтан сөз құрамындағы буындардың біреуін жуан таңбамен белгілесе, енді біреуін жіңішке таңбамен белгілеуге тура келеді. Көбінесе жуан не жіңішке дауысты бір сөзде бір-ақ рет кездеседі де бір-ақ рет жазылады. Ал қазақ тілінің сөз құрылымы жалғамалы және де сөз құрамында қанша буын болса да олардың бәрі бір ғана әуезбен айтылады. Ендеше бір дауысты сөзде қанша буын болса сонша рет қайталанады. Мысалы, *інісінің* деген сөздегі *і* төрт рет қайталанып тұр, сөйтіп әріптің үстіне төрт рет нүкте (ноқат) қоюға мәжбүрміз. Сонда сөздің жіңішкелік белгісін бірінші буындағы нүкте (ноқат) қана көрсетіп тұр, қалған нүктелердің бәрінің басы артық. Оны теориялық ғылым тілінде «басы артық мәлімет» дейді. Ал практикалық (әдістемелік) тұрғыдан төрт рет артық қимыл жасап, нүкте қоямыз, артық бояу жұмсаймыз, жыбырлаған нүктелер көз түйсінімге ауыр. *Кійім (кіуім), иі (іуіу), үйі (ұуі)* сөздеріндегі моншақтай тізілген нүктелерден не қайыр. Кез-келген әліпби көз дәрігерлерінің сараптауынан өтіп, қолдау табу керек. Олар баланың жанарын шағылыстырар жыбырлаған тізбекке қалай қарар екен.

Сөйтіп сөз ішінде қаздай тізіліп жүрген үстеме белгілермен қоса әріптердің барлығы сөз басында бір-ақ рет кездесетін дәйекшенің (фонологиялық) қызметін атқарады. Ал мұның бәрі қазақ тілінің үндесім әуезімен (сингармонизммен) тікелей байланысты амал.

Қазақ тілі үшін әзірге әліпби шешімінің екі ғана жолы бар. Бірі – еуропаның фонем тілінің қисынын аламыз, онда жуан-жіңішкелік белгі дауысты таңба арқылы буын сайын қайталанып отырады. Екінші – жуан-жіңішкелік белгіні дәйекшіге береміз де сөз басында бір-ақ көрсетіп отырамыз (кестені қараңыз).

№	қаз.	лат.	аты	№	қаз.	лат.	аты
1	А а	A a	*а*	15	Ң н	NH nh	*ың*
	Ә ә	...	*ә*	16	О о	O o	*о*
2	Б б	B b	*бы*		Ө ө	•••	*ө*
3	Д д	D d	*ды*	17	П п	P p	*пы*
4	Е е	E e	*е*	18	Р р	R r	*ыр*
5	Ғ ғ	GH gh	*зы*	19	С с	S s	*сы*
6	Г г	Gg	*гі*	20	Ш ш	SH sh	*шы*
7	Ы ы	YY	*ы*	21	Т т	T t	*ты*
8	І і	Ii	*і*	22	Ұ ұ	U u	*ұ*
9	Ж ж	ZH zh	*жы*		Ү ү	...	*ү*
10	Қ қ	Q q	*қы*	23	У у	W w	*ұу*
11	К к	K k	*кі*	24	Й й	J j	*ый*
12	Л л	L l	*ыл*	25	З з	Z z	*зы*
13	М м	M m	*мы*				
14	Н н	N n	*ны*		дәйекше	'	...

Кірме дыбыстар

И и – **I i**	Я я – **YA ya**	Ё ё – **YO yo**
У у – **U u**	Ю ю – **YU yu**	Э э – **YE ye**
Ф ф – **F f** *фы*	К к – **KY kh** *хы*	Ч ч – **CH ch**
В в – **V v** *вы*	Ц ц – **TC tc**	Щ щ – **SH sh**

Алдымен қазақ тілінің төл дыбыстарының әліпбиін құрастырып алу керек.

Бірінші кезекте қазақтың төл сөздерінің жазылымында жүрген кірме әріптер шығарылып тасталады. Олар: *и, у, я, ю, h, х*. Ендеше бірден алты әріптен құтыламыз. Соның арқасында емлемізді шытырман күйге түсіріп, қазақ сөзінің айтылым үлгісін бүлдіріп, қазақы тасымалды бұзып, морфемдер желісін үзіп жүрген отыздан аса ережеден арыламыз. Мұның өзі сауат ашу мәселесін әдістемелік тұрғыдан бір жеңілдетсе, әліпби құрамын көп ықшамдауға мүмкіндік беріп отыр. Ең бастысы қазақ сөзінің айтылым үлгісін сақтаудың бірден-бір тиімді амалы екенін ұмытпаған жөн. Сонда А. Байтұрсынұлының көкірек көзімен аңғарып, қалыптап беріп кеткен дыбыс пен әліпби құрамы шыға келеді. «Көкірек көзімен» дегенді босқа айтып отырған жоқпыз, оны «...интуитивно изобретенного одним из местных культурных работников-казахов, Байтурсыном» деп кезінде орыс ғалымдарының өздері мойындаған. Қазақ тілінің төл сөздерін жазу үшін осыдан басқа ешқандай таңбаның қажеті жоқ.

Сонымен А. Байтұрсынұлы ұсынған әліпбидің соншалықты ықшам және дәл екенін математикалық жолмен дәлелдеп шыққан орыс ғалымдары «Результаты вычисления по выведенной нами формуле для казахского языка являются еще более замечательными. Они дают возможность установить едва ли не самый «малобуквенный» алфавит в мире» деп бағалаған.

А. Байтұрсынұлы *қ-к, г-ғ* дауыссыздарына жеке-жеке таңба берген, оның басты себебі бұл дыбыстардың айтылым-естілім ерекшеліктерін ескертерлік еді. Ғалым өзінің ойын «Бұл дыбыстардың ішінде «қ» һәм «ғ» ылғи жуан айтылады. «К», «г» һәм

«е» ылғи жіңішке айтылады» деп түйіндеген. Аталған дауыссыздардың фонологиялық мәртебесінің тең екенін аңғарамыз, алайда артикуляциялық өзгешеліктерін ескеріп, жеке-жеке таңбалағанды жөн көрген.

Академиялық еңбектерде аталған екі жұп дауыссыздың сыңарлары үндесім вариантар ретінде қарастырылады. Сонда әр жұптың сыңарлары жасалым ерекшеліктеріне қарамай өзара бір дыбысқа бірігетіндігін көреміз.

Дегенмен қандай да екі дыбыстың фонологиялық мәртебесі екі түрлі болсын, бір түрлі болсын, мәселе әдістемелік тұрғыдан шешілу керек. Егер әдістемелік тұрғыдан қажет болып тұрса, онда екі таңба беру керек, егер әдістемеге қиындық түспейтін болса, онда бір таңбамен де шектелуге болады. Шындығында *қ* мен *к, ғ* мен *г* дауыссыздарының арасындағы айырмашылық өзге дауыссыздардың жуан-жіңішке түрлерінің арасындағы айырмашылықтан өзгеше. Олардың жасалу орны бір-бірінен өте алшақ жатыр, сонымен қатар естілім белгілері де бір-бірінен ерекше, құлаққа ұрып тұр.

Сондықтан да бұл жердегі фонетикалық басымдылықты ескеріп (екеуінің жасалу орны мен естілімі екі түрлі) *қ* мен *к* екі түрлі *q-k* болып таңбаланады.

Басты мақсат компьютер түйметақтасындағы латын әліпбиінің құрамынан шығып кетпеу болғандықтан, латын әліпбиінде баламасы жоқ дыбыстарға қосақ таңба беруге тура келді. Дауыссыздардың ішінен *ғ, ң* және *ш* дыбыстарын қосақтап белгілеуге тура келеді. Өзге дауыссыз дыбыстардың барлығы жазу дәстүріндегі өздеріне табын таңбалармен белгіленеді.

Енді А. Байтұрсынұлының дәйекшесін пайдаланып көрейік. Сөздің жазылуындағы дәйекшенің орны белгілі, дәйекше жіңішке сөздің тек басында тұрады. Сөйтіп ол бүтін сөздің жіңішке әуезін бір-ақ рет көрсетеді.

Мұндағы таңбалар – 21, 4 дауыссыз таңба қосақталып алынды және дәйекшенің өзі. Таңбаның бәрі әлеми жазу дәстүріне лайық өзіне тән дыбыстарға таңылды. Сонда әліпбидің дәйекші үлгісін алсақ, жоғарыда орыс ғалымдары атап өткендей, әлемдегі ең таңбасы аз жазу қазақ жазуы болып шығады.

Енді кірме дыбыстардың таңбасын реттеу керек. Бұл жерде де екі мәселенің басын ашып алу керек. Бірінші, кірме сөздерді қазақы айтылымға бағындырып аламыз ба, әлде өзінің төркін айтылу үлгісін сақтаймыз ба? Егер оларды икемдеп қазақыландырып айтатын болсақ, онда мәселе өзінен өзі шешіле кетеді (Түрік Республикасының тәжірибесі). Жоғарыдағы әліпбидің емле жүйесіне икемдеудің фонетикалық жолы көрсетіліп, қосымша ереже ендірілсе болады. Бұл шешімнің қазіргі таңда өте қоюы қиын.

Егер өзінің төркін айтылымы сақталатын болса, онда қосымша таңбалармен қатар соған лайық ереже керек болады. Орыс тілі мен жазуының қазіргі ықпалы мен қазақ жұртының (оның ішінде тіл мамандарының өздері де бар) оған бауыр басып қалған дағдысын ескеретін болсақ, онда орыс тілінің айтылым үлгісіне лайық таңба іздеуге тура келеді. Сонымен халықаралық және орыс атау-терминдерін орыс айтылым үлгісімен алатын болсақ, онда орыс дыбыстарын арнайы таңбалауға тура келеді. Ондай дыбыстардың саны 14. Оның әрқайсысына жеке таңба алатын болсақ, бұрынғы 42 әріпке қайтып барамыз. Ендеше басқа амалын қарастыру керек. Ол үшін мүмкіндігінше жоғарыдағы икемделген қазақ-латын әліпбиін пайдалануға тырысу керек. Латын әліпбиінің ішінде бірлі-жарым пайдаланылмай қалған таңбалар бар. Соларды қосақ (қоштама) белгі ретінде пайдануға болады. Мысалы, *h, c* таңбалары бос. Олай болса қазақ-латын әріптеріне *h, c* таңбаларын қосақтап бәрін белгілеп шығуға

болады. Кірме дауысты дыбыстарды да таңбалаудың реті осы жолмен жасалады. Тек мұнда қосалқы белгі ретіндеу таңбасы алынады да дауысты таңбасының алдынан қосылады.

Орыс атауларының айтылымын сол күйінде қалдырғанның өзінде, емле-ережелерімізде ең болмағанда олардың соңындағы *-а, -ия, -ция* т.б. қосымшаларын алып тастап айтып, алып тастап жазу жағын ойластырсақ қазақ жазуын көп жеңілдеткен болар едік.

Қазақы әліпби қабылдаудың тағы бір себебі бар. Біз қазақтың *ый, ій* деген дыбыс тіркесін орыстың *и* деген дауысты таңбасына, қазақтың *ұу, үу* деген дыбыс тіркесін орыстың *у* деген дауысты таңбасына байлап беріп, *ми* деп жазып, кейінгі ұрпақты *мый* деп айтқыза алмай әлек болып жатырмыз. Сөйтіп қазақтың қазақы ұрпағының өзі қазақ сөзін *ми* деп акцентпен сөйлейтін болды. Ендеше әліпби таңбалары бір жағынан барып тарихи-әлеуметтік мәселеге тіреледі. «Жасында ұлт мектебінде дұрыстап оқыған адам ана тілінің заңын ұмытпайды...» дегенді Х. Досмұхамедұлы бекер айтпаған болар. Мұндағы *ұлт мектебі* мен *ұлттық жазу* деген бір ұғым екенін естен шығармаған жөн. Ендеше қазақы әліпби қазақы сөздің қорғаны болу үшін керек.

Біздің қазіргі орыс емлесіне (әріп-таңбаларына) сүйенген жазуымыздың негізінде амал жоқ ендірілген 40 шақты емле-ереже бар. Егер төл дыбыстар мен төл таңбаларды үйлестіріп алатын болсақ, онда бізге бар болғаны 3-4 ереже ғана керек болып қалады екен. Ол ережелер негізінен сөздердің үндесім түрленімі (жуан сөзге – жуан жалғау, жіңішке сөзге – жіңішке жалғау) мен іргелес түрленіміне (қатаңнан кейін – қатаң, ұяңнан кейін – ұяң, үндіден кейін – үнді) байланысты болады. Ендеше әліпби құрамы дұрыс анықталып, оның таңбалары қазақы реттелсе, емле-ережені жөнге салудың төте жолы ашылады.

Сауат ашуды тек сауатты жазу деп түсінбеген жөн, сауат ашу сауатты қазақы дыбысталудың да амалы болып табылады. Жетілген әліпби – қол дағдыны жеңіл қалыптастырудың, көз танымды оңай жаттықтырудың, ана тілінің айтылым үлгісін ұрпақтан ұрпаққа бұзбай жеткізудің кепілі. Сонымен, ұзын сөздің қысқасы, ешқайсымыз А. Байтұрсынұлының әліпбиінің негіздемесінен алабөтен еш нәрсе тауып отырған жоқпыз. «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын» деп ақын айтқандай, тек Ахаңның «арабы» жазылған әліпбиін «еуропыша» жазып қана, оны да әркім өз білгенінше оңды-солды әспеттеп, қайта жаңғыртып жатырмыз.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӘЛІПБИІНІҢ ФОНОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ТУРАЛЫ[42]

Қоғамдық өмірде болып жатқан сан алуан өзгеріс күрделі мәселелерді шешуді күн тәртібіне қойып отыр. Осындай қоғамдық назарда болып, мемлекет көлемінде мән беріліп отырған мәселелердің бірі – қазақтың ұлттық жазба тілін дамыту. Қазақ тілі қазіргі жаһаният заманында мемлекеттік тіл ретінде де, ұлттық тіл ретінде де өзінің сан алуан қызметін өрістете отырып, өркендей түсуі қажет. Ол үшін жазу мәдениеті де жоғары талап деңгейінде болуға тиіс. Қандай жазуды ұстансақ та, қандай әліпбиді қолдасақ та, әліпбиді тиімді етудің жолдарын қарастыру, емле принциптерін дәлдей түсу, жазу жүйесін дұрыс қолданудың құралдарын (жазу ережесі, емле сөздігі, анықтағыш т.б.) жетілдіру қай кезде де қоғамдық назардан тыс қалмайтын мәселелер болады. А. Байтұрсынұлы кезінде де солай еді.

Ұлы ғалым А. Байтұрсынұлы өз заманында қазақ халқының іргелі ел болуын, әлемдік өркениеттен шет қалмай, өзгелермен үзеңгі қағыстыра жүруі үшін «алдымен неден бастаудың керектігін» анықтап, қолданыстағы жазу-сызуды реформалаудан бастау керек деп білді.

А. Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстары жөнінде фонологиялық көзқарасы алдымен өзі түзген әліпбиден көрінеді. Ғалым өз ойын былай деп тиянақтайды: «Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты.

Дауысты дыбыстар: *а, о, ұ, ы, е.*

Дауыссыз дыбыстар: *б, п, г, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н.*

Жарты дауысты дыбыстар: шолақ *у*, шолақ *й*. Бұл дыбыстардың ішінде *қ* әм *ғ* дәйім жуан айтылады, *г, к,* әм *е* дәйім жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың әр қайсысы екі түрлі айтылады: бірде жуан айтылады, бірде жіңішке. Егер де бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір қаріп, жіңішке айтылғанына бір қаріп десек, мысалы: ﺑ، ﺑِ ‹сықылды, онда 19 дыбысқа 38 қаріп керек болар еді, бұған дәйім жуан айтылатұғын ﯞ менен ۼларды, дәйім жіңішке айтылатұғын ز, گ, әм ﺑِ лерді қосқанда, әммасына 43 қаріп керек болар еді. Араб әліппесінде 43-ке жететұғын қаріп жоқ. Араб әліппесі қазақ арасына дінменен бірге таралған, сіңген, дінмен бірге байланысқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб қаріптерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Араб қаріптерінің түрін тым бұзып өзгертуге болмаса, қалай амалын таппақ керек?» деген сұрауды қоя отырып, оның жауабын дәл таба білген [1].

Ғалымның 24 дыбыс бар деуі – дыбыстардың ішінде лексикалық, морфемалық мағыналарды ажырататын дыбыстық бірліктер, яғни «фонема» деген ұғымға саяды. Ал 43 дыбыс деп көрсетуі сол 24 фонеманың дыбыстық көрінісі (репрезенттары) болып табылады.

Жоғарыда айтылғаннан аңғаратынымыз – А. Байтұрсынұлы фонологиялық ұғым мен фонетикалық ұғымды сол кездің өзінде ажырата білген.

Бұл түзілімде қазақ дауыссыздарының инвентарын нақтылап берген ғалым оларды таңбалайтын әріптерді көрсете келіп, [х], [h] тәрізді дыбыстарды дауыссыздар жүйесіне енгізбегені көрініп тұр. Бұл ерекшелік те әліпби түзуші ғалымның

42 *Мақала «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинағы, – Алматы: Ғылым, 2013 ж. жарияланған.*

фонологиялық ұстанымын көсетеді. Дегенмен, ең басты ерекшелік дауыстыларға байланысты екені бірден байқалады. Біздің ойымызша, А. Байтұрсынұлы көрсетіп отырған қазақ тілінің «бес дауысты» жүйесін фонологиядағы «инвариант-вариант» қисыны бойынша негізінен былайша түсінуге болады.

Қазақ тілінің дауыстылар жүйесінде бес инвариант-фонема бар. Осы инвариант-фонемалардың нақты қолданыста әрқайсысының, <е>-ден басқасының, жуан және жіңішке әуезді екі варианты бар:

инвариант – фонема <а>вариант [а] *ақ,* вариант [ә] *әк*
инвариант-фонема <о>вариант [о] *оқ,* вариант [ө] *өк*
инвариант-фонема <ұ>вариант [ұ] *ұқ,* вариант [ү] *үк*
инвариант-фонема <ы>вариант [ы] *ық,* вариант [і] *ік*
5. инвариант-фонема <е> – [е] *ек*

Әдетте [а] мен [ә] вариантарын бір инвариант-фонема деп тану үшін олардың өзара ортақ белгілері болуы шарт. Ол – екі варианттың да ашық, езулік болуы; ал осы екеуін екі түрлі вариант деп тану үшін олардың ортақ белгісінен басқа айырмасы да болу керек. Ол – бірінің жуан [а], екіншісінің жіңішке [ə′] әуезде айтылуы. <о>, <ұ>, <ы> инвариант-фонемалары жайында да осыны айтуға болады. Бұл – бір. Екінші, варианттар парадигмалық қатынаста болады, яғни «екінің бірі» принципі бойынша сөзде не [а] варианты, не [ə′] варианты қолданылуы шарт. Ал инварианттар синтагмалық қатынаста болады, ал бұл қатынас «және … және» принципі бойынша жүзеге асады.

Бұл айтылған дауыстылар жүйесі (варианттар) мен синтагмалық (инварианттар) қатынасын былайша көрсетуге болады:

парадигма				синтагма
а	о	ұ	ы	
ə	ө	ү	і	е

Синтагмалық қатынас бойынша бір сөздің шенінде [а], [о], [ұ], [ы] дауыстылары қолданыла береді: *ақын, отан, ұлы, қызы;* [ə], [ө], [ү], [і], [е] дауыстылары да осы тәрізді. Бұдан байқайтынымыз, бір инварианттың варианттары синтагмалық қатынасқа түспейді немесе олар бір сөздің шенінде ұшырамауға тиіс.

Қысқасы А. Байтұрсыновтың «бес дауысты» жүйесін, біздіңше, осылай түсінуге болады. «Бес дауысты» жүйесімен әліпби түзе келіп, А. Байтұрсынұлы бес инвариант фонеманың әрқайсысын бір-бір әріппен, вариант фонеманың әрқайсысын бір-бір әріппен белгілейді. Сөйте отырып, әлгі әріптер арқылы жазуда әр фонеманың екі түрлі әуезін (жуан, жіңішке) сол фонеманың таңбасына «сыйғызып» береді. Сөйтіп, инварианттардың варианттары үшін бас-басына әріп алмай-ақ, дәйекші арқылы жуан немесе жіңішке (дәйекші болмауы жуан оқуды, дәйекші болуы жіңішке оқуды) әуезде оқылатындай жазу жүйесін жасайды.

Сонымен, А. Байтұрсынұлы әліпби жүйесінің, түптеп келгенде, қазіргіден өзгешелігі әріптердің фонемалық мәнді бере отырып, дыбыстық мәнді де (жуан-жіңішке әуезін) білдіріп, өзара біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық ерекшелігінде. «Біте қайнасқан» бұл ерекшелік қазақ тілінің сингармонизм жүйесімен ерекше үйлесім табады: «Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды солай билейді: яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз, я жарты дауысты дыбыстар да жуан айтылады. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, басқа дыбыстар да жіңішке айтылады. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке ай-

тылмағын белгілеп отырсақ, басқа дыбыстардың да жуан-жіңішке айтылатындығы да айырылғаны».

А. Байтұрсынұлы түзген әліпбидегі жүйені қатаң ұстана отырып, тек бірер дауыссызды ықшамдап алатын болсақ [қ], [к], [ғ], [г]-лердің орнына *к*, *г*-ні ғана алып), бұл әліпбидегі фонемалар мен әріптердің сандық қатынасы 26 (фонема): 22 (әріп) болып шығады. Мұндай қатынас, «әліпбидегі әріптің саны фонеманың санынан аз-кем төмен болуға тиіс» деген жазудың жалпы типологиялық принципімен үйлесіп жатады.

Сөйтіп, күллі қазақ сөзін осы тәсілмен жазып шығуға болады. Бұл жазудың, түптеп келгенде, мәні мынада: А. Байтұрсынұлының «бес дауыстыға» құрылған жазуындағы әріп белгілі бір фонеманы таңбалай отырып, оның жуан-жіңішке екі әуезін қоса бейнелейді. Сондай-ақ «бес дауыстыны» арқау еткен жазудағы дәйекші сөздің қандай тембрде айтылуына «дирижер» болып тұрады. Төте жазудың ортақ қасиеті олардың ішкі құрылымында: әріптер сөзді, морфеманы құрап және ажыратып тұратын фонемаларды белгілей отырып, оларды өзінің дыбыстық құндағында қоса бейнелейді.

А. Байтұрсынұлы – бұрынғы қазақ жазуында қолданылып келген араб әліпбиін реформалап, қазақтың ұлттық жазуына ұйытқы болған фонологиялық негіздегі алғашқы әліпбиін жасады. Ислам мәдениеті аймағында болған түркі халықтары тәрізді қазақ халқы, оның құрамына кірген ру-тайпалық одақтар ерте орта ғасырлардың өзінде-ақ жазу-сызуында араб әліпбиін пайдаланған. Араб әліпбиіне негізделген қазақ жазу-сызуына 1912 жылы А. Байтұрсынұлы алғаш реформа жасап, қазақ тілінің дыбыс жүйесіне, атап айтқанда, үндестік заңдылығына негізделген ғылыми тұрғыдағы әліпбидің жаңа жүйесін жасады (кестеге қараңыз).

1923-31 жылдары А.В.Луначарскийдің жауапты редакторлығымен шыққан Әдебиет энциклопедиясының I томындағы "Байтұрсынұлы әліпбиінің» кестесінен көшірме .

Казахский алфавит

	Байтурсуновский алфавит до 1927 г.	После 1927 г.	ПТА	Примерное происхождение
1	ا (а),		A	а
2	ب		B	б
3	پ		P	п
4	ت		T	т
5	ج			ж
6	د		D	д
7	ر		R	р
8	ز		Z	з
9	س		S	с

10	ش			ш
11	ع			ғ
12	ق		Q	қ
13	ك		K	к
14	گ			г
15	ڭ			ң
16	ل		L	л
17	م		M	м
18	ن		N	
19	و			
20	ۋ			
21	ۇ			
22	ه			
23	ى			
24	ي			
25				
26				
27				
28				

А.Байтұрсынұлы әліпбиін қазақ жұртшылығы, әсіресе, мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдады. Қазақ жазуы тарихында «Жаңа емле» деп аталған бұл жазумен 1915 жылдың өзінде-ақ 15-тен астам атпен біраз кітап жарық көрді. 1913 жылдан бастап А. Байтұрсынұлы әліпбиі мұсылман медреселерінде, қазақ-орыс мектептерінде қолданыла бастады. 1924 жылы 12 маусымда Орынборда өткен «Қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде» ресми түрде талқыланды.

А.В. Луначарскийдің жауапты редакторлығымен 1929-1931 жылдары шыққан «Әдебиет энциклопедиясының» I томында «Казахский алфавит» деген кесте беріліп, оны «Байтурсыновский алфавит» – «Байтұрсынұлы әліпбиі» деп атаған [4,58-59 б.]. Бұл – «Байтұрсынұлы әліпбиі» деген лингвистикалық терминнің ғылыми айналымға алғаш түсе бастаған кезі. «Байтұрсынұлы әліпбиін» ең озық әліпбилердің қатарына жатқызуға болады. Өйткені жалпы жазу теориясы бойынша белгілі бір тілдегі фонемалардың санынан оны таңбалайтын әріптердің саны көп болмаса, тіпті аздау болса, ондай әліпбилердің жүйесі өте жақсы деп бағаланады. Себебі жазу жүйесі фонетикалық транскрипцияның немесе фонологиялық транскрипцияның қайталамасы болмауы тиіс. «Байтұрсынұлы әліпбиі» жазу теориясындағы осы

қағидатқа (принципке) сәйкес келеді. Мысалы, қазақ тілінде 9 дауысты, 17 (19) дауыссыз, барлығы 26 фонема десек, «Байтұрсынұлы әліпбиіндегі» әріптердің саны 26-дан аспайды. «Байтұрсынұлы әліпбиін» Шығыс Түркістандағы (ҚХР) Шынжаң автономиялы ауданындағы қазақтар бірер таңба қосып, осы кезге дейін қолданып келеді.

Пайдаланған әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш,2005. –352 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1992.
3. Уалиев Н. Фонологические основы казахской графики и орфографии. Автореферат канд. диссертации. – Алматы, 1993. –23 с.
4. Қазақ тілі энциклопедия.– Алматы. 1998.

ПРОФЕССОР Қ. ЖҰБАНОВТЫҢ БУЫН ТУРАЛЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ[43]

Қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, аса көрнекті лингвист, ғалым, профессор Құдайберген Жұбановтың қаламынан туындаған теориялық мәні жоғары іргелі зерттеулерінің бірі – «Буын жігін қалай табуға болады?» деген ғылыми-әдістемелік мақала. Аталмыш мақала 1937 жылы «Ауыл мұғалімі» журналының 2-нөмірінде жарық көрген. Бұл еңбек кейіннен жарық көрген грамматика оқулықтарындағы буын туралы жазылған тақырыптарға негіз болды. Қазақ тіл білімінде, тіпті түркітануда көлемінің шағындығына қарамастан буын туралы егжей-тегжейлі, жан-жақты сипаттаған алғашқы ғылыми-теориялық жұмыстардың бірі болды. Мақала әдістемелік журналда, мұғалімдерге арналып жазылғанмен, мазмұнына, салыстырма тілдік деректеріне (жапон, шумер, араб, еврей, қытай т.б.) қарағанда жалпы тіл білімі пәні тұрғысынан жазылған мақала болып табылады.

Қазақ жазу-сызуы демократиялық бағытқа (халық тіліне) бет түзеді; фонетикалық жазудан фонемографиялық жазуға қадам басты; ұлттық жазудың негізгі қаланды:

– буын мен емленің байланысы;
– буын мен сөз тудыру;
– буын мен сөз түрлендіру;
– буын мен сөз екпіні;
– буын мен сөз сазы (интонация);
– буын және сөз мәнері («ажарлап» сөйлеу, «әсерлеп» оқу);
– буын және өлең құрылысы.

Міне, ғалымның буынды орталық ұғым ретінде ала отырып, тілдің өзге жүйелерімен байланыстыруын Ф.Сосюрдің дихотомиялық іргелі теориясы тіл (язык) және сөз (речь) тұрғысынан екі топқа бөліп қарауға болады. Біріншісі – буын тілдік (языковой) құрылым (структура) буын мен сөз тудыру, сөз түрлендіру, сөз екпіні, сөз сазы (интонациясы). Екіншісі – буын сөз (речь) жүйесімен тығыз байланысты құбылыс: буын мен емле (жазба сөз элементі), буын және сөз мәнері (ауызша сөз элементі), буын және әсерлеп оқу яғни жазба мәтінді (тексті) (письменная речь) ауызша мәтінге (текске) салу.

Міне, бұл айтылғандардың бәрі буынның құрылымына, түріне, жігіне, қызметіне т.б. ерекшеліктеріне байланысты. Ғалымның өз сөзімен айтқанда «... буын жүйесін жақсы білмей тұрып, ана тілі сабағын жақсы басқаруға болмайды» [1, 330].

Буын жүйесінің құрылымдық ерекшеліктеріне назар аудара келіп, зерттеуші аса мәнді, сол кездің өзінде өресі тым биік концептуалдық пікір түйеді. Ғалымның пайымдауынша, «Буын жүйесі қай тілде де белгілі орын ұстамақ. Әсіресе қазақ тілінде оның маңызы өзгеше, айрықша. Үйткені қазақ тілінің дыбыстары көп орында өз бетілік кейіпке кіре алмаған; буын ішіндегі дыбыстар болып бірлесіп қана тұрғылықты түрге енеді». Егер осы тұжырымға сүйенсек, тілдік дыбыстар фонетикалық бірлік ретінде жеке-дара, жалаң күйде өмір сүрмейді. Тіпті белгілі бір сөздегі дыбыстың өзін «бөліп» алып айтуға болмайды, дыбысты әрі қарай бөлінбейтін тілдік бүтін ретінде тек буын түрінде айтуға болады. Сырт қарағанда, мысалы *бала* деген сөздегі

[43] *Мақала «Профессор Қ.Жұбанов және қазіргі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы, – Алматы: Ғылым, 2015 ж. жарияланған.*

[б] дыбысын бөліп алып дыбыстағанымызбен, аталмыш дауыссызды біз бәрібір [бы] деген буын түрінде дыбыстаймыз. Қандай сөзде кездеспесін біз [б] дыбысын вокал элементсіз айта алмаймыз. Сондай-ақ *ажар* деген сөздегі [а]-ны «бөліп» алып [а] деп айтқанымызбен, [а] [жар] дегендегі бірінші ашық буынды дыбыстап отырмыз. Бұл жерде [а] дыбысы [а] ашық буын түрінде дыбысталып тұр. Осылайша ғалымның жоғарыда айтылған пайымдауына сүйенсек, оның мазмұны терең ғылыми көзқарасы жаңаша бір пікір түюге жол ашады.

Фонема әрі қарай бөлшектеуге келмейтін тілдік бірлік ретінде «өмір сүреді». Басқаша айтқанда, дыбыс фонеманың «өмір сүру» формасы болып табылады. Ал дыбыстың «өмір сүру» тәсілі – буын болмақ. Буын фонетикалық сөзде «өмір сүреді». Өйткені ол фонетикалық сөзсіз жеке қолданылмайды. Профессор Қ. Жұбанов 20-30-жылдардың өзінде «дыбыстардан құралып барып буындар, буындардан жасалып келіп сөздер, сөздерден топталып келіп сөйлемдер құралады» [1, 126] деп көрсетеді.

Қ.Жұбановтың концепциясы бойынша иерархиялық сатының төменгі деңгейіндегі дыбыстар жүйесі алдымен өзара ұйымдасып барып, яғни буын болып түзіліп, сөздің (морфеманың) құрылымдық бірліктеріне айналады. Ал белгілі бір буындық құрылымдардан тұратын морфемалар сөзді құраушы элементтерге айналады. Сонымен, Қ. Жұбановтың концептуалдық ілімі бойынша тілдік деңгейлердің иерархиялық сатысы «дыбыс – буын – сөз (морфема) – сөз тіркесі – сөйлем» деп аталатын бірліктердің жүйесін құрайды.

Проф. Қ. Жұбановтың лингвистикалық ойлау деңгейінің тым тереңде жатқанын мынадай пайымдаудан да аңғарамыз: «Әр бөлшектің өзінің ішкі бөлшектері бар; әрқайсысы сол ішкі бөлшектерден қиындалып, құралып барып жасалады» [1,135].

Бұл жерде Қ. Жұбанов бөлшек сөзін сегмент немесе дискретті бірліктер мағынасында, терминологиялық ұғымда қолданып отырған тәрізді. «Сөз бөлшектерінің әрбір ірісі – өзіне тете ұсағынан жасалған бұйым, әрбір ұсағы – өзіне тете ірісін жасайтын материал» [1,136].

Бұл қағида бойынша сөздің (речь) **ішкі** бөлшегі – сөйлем, сөйлемнің ішкі бөлшегі, яғни (ұсағы) – сөз тіркесі, сөз тіркесінің **ішкі** бөлшегі немесе «ұсағы» – сөз, сөздің ішкі бөлшегі, яки «ұсағы» – буын, буынның ішкі бөлшегі я болмаса «ұсағы» – дыбыс болып табылады. Бұл жерде ғалым тілдік деңгейлердің қатаң иерархиялық тәртіптегі жүйесін дәлме-дәл көрсетіп отыр. Жалпы тіл білімінде тілдік деңгей теориясы 50-жылдары кеңінен тарала бастады.

Ал сонау 30-жылдардың басында тілдік жүйелерді бір-бірімен сатылық қатынаста қарауы Қ.Жұбановтың лингвистикалық озық идеялардың көш басында болғанын байқатады. Қ.Жұбановтың қазақ тілінің буын жүйесі туралы негізгі тұжырымдарын әліпбидегі әріптің аттарын түзуге негіз етіп алуға болады.

Қазіргі жазуымызды қайта қарай отырып, негіздей түсетін нәрсе – әліпбидегі әріптердің аты. Бұл топтағы әріптердің атауы негізінен ашық буындағы дауыстылардың дыбысталуына сәйкес келеді: *а-на, ө-сір, ә-ке, е-рік, ұ-сын, ү-кі, т.б.* Дауыстылардың дыбыстық ортаға неғұрлым тәуелсіз реңкі, алдымен, осындай ашық буында көрінеді. Осы реңктің әліпбидегі әріптің атауы болып жұмсалуы дау тудыра қоймайды. Шешімі қиынырақ көрінетін нәрсе – екінші топтағы әріптердің атауы. Қазіргі әліпбидегі *б* әрпі [бе], г [ге], ғ [ға], д [де], ж [же], з [зе], к [ка], қ [қа], л [эл], м [эм], н [эн], п [пе], р [эр], с [эс], т [те], х [ха], h [ha], ш [ша] түрінде аталады деп көрсетілген (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі Алматы, 1963). Аталған сөздіктің

кейінгі басылымдарында (1978, 1988) әріптердің осы атауы беріліп жүр. Кезінде «затын алған соң атын да бірге алайық», әріптердің орысша аталуы мен қазақшасы ұқсас болсын деген ыңғайда осылай болып кеткен тәрізді. Бұл аталған әріптердің атын орысша нұсқасымен салыстырсақ, сөздікте олардың аталуын [бе], [ве], [ге], [пе], [че]; ал қалғандарын [дэ], [ка], [эл), [эм], [эн], [пэ], [эр], [тэ], [эф], [ха], [цэ], [ша], [ща] түрінде берген [2, 14]

Ал соңғы жылдары, шыққан сөздіктерде *бе, ве, ге, пе* дегендер, *че*-ден басқасы, *бэ, вэ, гэ, пэ* түрінде беріліп, дауыссыздарды білдіретін барлық әріптердің атауы бір нұсқада көрсетілген [3, 12]. Бұдан байқайтынымыз, орыс әліпбиіндегі дауыссыздарды таңбалайтын әріптердің аты жуан фонемалардың дыбысталуына сәйкес алынған. Орыс әліпбиіндегі әріптердің аттарында бірізділік бар, сонымен қатар олардың неге бұлай аталатыны өзінен-өзі байқалып тұр.

Ал қазіргі әліпбиіміздегі әріптердің аты бір кездегі орысша нұсқамен берілген күйде жүр: [бе], [ве], [ге], [пе], т.б. Сондай-ақ *д, ж* әріптерінің аты үшін [де], [же] делініп, ал *л, р, к, г,* т.б. әріптер үшін [эл], [эр], [қа], [ға] делініп жуан түрі берілген. Әріптердің бұлай аталуында қандай негіз бар екенін түсіну қиын.

Мұның өзі әліпбидегі әріптердің аттарын, әйтеуір, келісе салу жолымен емес, қалай да бір негізге сүйене отырып, олардың айтылуын бір ізге түсіру кажет екенін көрсетеді. Жоғарыда айтылған Қ.Жұбановтың буын туралы тұжырымына, Ә.Жүнісбековтің сингармотеориясына сүйенсек, қазақ дауыссыздары әдетте жалаң түрде дыбысталмайды. Олар дауыстылардың не өзінен бұрын, не соң айтылуына иек сүйей отырып, тоғыз реңкте түрлене алады: [б] [аб], [әб], [ыб], [іб], [ұб], [үб], [еб], [об], [өб] немесе [ба], [бә], [бы], [бі], [бұ], [бү], [бе], [бо], [бө]. Өзге дауыссыздар да осы тәрізді, тек [у] ғана езулік [ы], [і] дыбыстарымен айтылмайды да, өзге дауыстылармен түрлене береді.

Бұл жерде әріптің аты үшін ашық буын түрін алудың мәні бар. Өйткені мұндай фонетикалық жағдайда дауыссыздар неғұрлым тәуелсіз реңкте жұмсалады. Сонымен бірге, жоғарыда айтылған тоғыз түрленімнің ішінен біреуін дауыссызды белгілейтін әріптің аты етіп алу қажет. Мысалы, біздің аңғаруымызша, сол тоғыз түрленімнің ішінен фонетикалық жағдайға неғұрлым тәуелсізі – [бы]. Мұны анықтаудың еш қиындығы жоқ: кез келген қазақ аудиториясына *бұл, бүл, бел, бөл, бор, бар, бүр* сөздеріндегі мына бірінші әріпті жеке-жеке дауыстаңыз десе, бәрі дерлік ол әріпті [бы] түрінде айтып береді. Мұндайды мектеп тәжірибесінен де жиі байқауға болады. «Мұғалім кез келген бір оқушыға алфавитті оқытып шығып, ол оқушының алфавиттегі әріптерді дұрыс айтты ма, әлде қате айтты ма, соны бақылап, сол бақылаудың негізінде жаңа сабақты бастап жіберу керек. Өйткені кейбір оқушылар *б/бе, г/ге, с/эс, т/те, ф/эф* деудің орнына *б/бы, г/гі, с/сы, т/ты, ф/фы* деп қате айтады» [4, 62]. Шындығында, баланың әріптерді бұлайша дыбыстауы дұрыс. Әріптердің атын бұлай айта отырып, оқушы сол дауыссыз дыбыстын тоғыз түрленімінің ішінен неғұрлым тәуелсіз түрін тауып отыр, сондықтан әріптің атауы да дәл солай болуға тиіс. Ал әріптердің [эс], [ка], [эл], [эм], [эн], [эң] деген атаулары қысқарған сөзді былай қойғанда, қазақтың кәдімгі жай сөздерін оқуға үйлеспейді.

Сонымен, белгілі бір дауыссыздың тоғыз түрлі нұсқасының ішінде қалайда біреуі әліпбидегі сол дауыссызды білдіретін әріптің аты болуы шарт. Ал дауыссыздың тоғыз нұсқасының ішінде неғұрлым дыбыстық ортаға тәуелсізі осы дауыссызды белгілейтін әріптің атауы ретінде алынуға тиіс. Міне, осыны негізге ала отырып, әліпбидегі әріптердің аттарын былайша атауға болады:

1.*б*[бы], *ғ* [ғы], *д* [ды], *ж* [жы], *з* [зы], *к* [кы], *п* [пы], *с* [сы], *ш* [шы];

2. *к, г* әріптері тек жіңішке дауыссызды таңбалайтын болғандықтан, олар [кі], [гі] түрінде айтылады;

3. Үнділерді білдіретін әріптер былайша бірыңғай аталуға тиіс: а) *м* [мы]. *н* [ны], ал *ң* [ың], *л* [ыл], *р* [ыр], *й* [ій]. Бұлай болатыны [ң], [л], [р], [й] үнділерінің алдында селбеспе дауысты болады; ә) [й] дыбысы тәуелсіз позицияда жіңішке [ій] түрінде дыбысталады. Сондықтан [й] дыбысын белгілейтін *й* әрпінің әліпбидегі атауы [ій] түрінде жіңішке айтылуға тиіс. *Й* әрпі [ій] түрінде жіңішке дыбысталады. Міне, осындай негіздерге сүйене отырып, қазақ сөздерінің жазылуында қолданылатын әріптердің әліпбидегі атын былай деп алуға болады:

Қазақ әліпбиі

Баспа түрі		Әріптердің аты
бас әріп	кіші әріп	
А	а	а
Ә	ә	ә
Б	б	бы
В	в	ве
Г	г	гі
Ғ	ғ	ғы
Д	д	ды
Е	е	е
Ё		йо
Ж	ж	жы
З	з	зы
И	и	и
Й	й	ій
К	к	кі
Қ	қ	қы
Л	л	ыл
М	м	мы
Н	н	ны
Ң	ң	ың
О	о	о

Ө	ө	ө
П	п	пы
Р	р	ыр
С	с	сы
Т	т	ты
У	у	ұу
Ұ	ұ	ұ
Ү	ү	ү
Ф	ф	эф
Х	х	хы
Һ	һ	һы
Ц	ц	це
Ч	ч	че
Ш	ш	шы
Щ	щ	ша
Ъ	ъ	айыру белгісі
Ы	ы	ы
І	і	і
Ь	ь	жіңішкелік белгісі
Э	э	э
Ю	ю	ю
Я	я	я

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966, – 330б.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. – Москва, 1960, – 14б.
3. Орфографический словарь русского языка. – Москва, 1986, – 12б.
4. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: «Мектеп», 1988, – 62б.

АРША ЖАЗУЫ ТУРАЛЫ[44]

Жазу – ой мен сезімді графикалық тәсіл арқылы бейнелеудің ерекше жүйесі. Жазу – жалпы адамзат қоғамының даму кезеңіндегі жаңалықтардың ең ұлысы, белгілі-бір этнос мәдениетінің даму деңгейін көрсететін өлшемдердің (параметрлердің) негізгілерінің бірі. Жазу феноменінің филогенездік және онтогенездік деп аталатын екі түрлі эволюциясы бар. Филогенездік эволюция жалпы адамзаттық дамуға байланысты, ал онтогенездік эволюция – белгілі-бір этноска тән құбылыс. Жазусызу эволюциясында оның пиктографиялық жазу – «белгілі бір идеяны суретпен көрсету»; идеографиялық жазу – «белгілі бір сөзді шартты таңбамен бейнелеу»; дыбыстық жазу – «сөздегі дыбыстарды белгілі бір әріптермен беру» түрлері болды. Қазақстан аумағында әртүрлі архио-тарихи деректерге қарағанда жазудың осы аталмыш эволюциялық сатылары болғандығы байқалады. Алайда қоғамда жазусызу мәдениеті, жазба тіл бірден қалыптаса қоймайтыны белгілі. Жазу-сызуларды пайдаланған өзге де этностар тәрізді қазақтар да жазуды мәдени-әлеуметтік өмірінде қолдану барысында аса күрделі ойларды объективтендіретін тілдік құрылымдар жасап, этномәдени кеңістікте жазба тілдің негізін қалыптастырды. Жазудың игі әсерінің барысында мәдени-тілдік ұжымның когнитивтік санасында жазба тілге тән аса күрделі құрылымдардың синтаксистік модельдері пайда болды.

Жазудың және оның типтері мен түрлерінің графикалық, таңбалық ерекшеліктері жағынан әлі де болса ашылмай жатқан лингвистикалық, археологиялық жайттары аз емес. Солардың бірі – шартты түрде ***арша жазуы*** немесе ***хат сәрби*** деп аталатын араб жазуының бір варианты (суретті қараңыз).

Арша жазуы – лингвистика және мәдениет тарихында ғылыми-терминологиялық айналымға түсе қоймаған, филолог, археолог, этнологтардың көпшілігіне дерлік бейтаныс ұғым.

Белгілі түркітанушы, көрнекті этнограф Әбубәкір Диваев (1856-1933) 1917 жылы Ферғана алабына барған сапарында Орта Азиядағы араб жазбалы түркі халықтары арасында тараған, бұрын өзіне беймәлім, әріптердің таңбалану кейпі шырша, арша ағаштарының бұтағына аса ұқсас бір жазуға кезіккенін айтып, араға біраз жыл салып барып, 1928 жылы Ташкент шаһарында басылып шыққан «Год работы казахского высшего педагогического института» деген жинаққа «Кипарисоподобные письмена» деген мақала жариялайды [1, 81-82]. Мақалада автор жазудың бұл түрі туралы барлық мәліметті Ферғанадағы жергілікті тұрғын Бекболат Сәлиев деген кісіден алғандығын айтады. Белгілі диалектолог ғалым Сапарғали Омарбеков Ә. Диваевтың жоғарыда аталған хабарлама-мақаласына сүйене отырып, «хат сәрби» деген тақырыппен ҚСЭде шағын мақала жариялады, бірақ оны арша жазуы деп көрсетті [2]. Кейіннен автор ҚСЭ-дегі бұл мақаласын кеңейтіп, «Ана тілі» газетіне бастырған [3]. Ғалымның жорамалдауынша, арша жазуы жаппай ел арасынан мұсылманша сауаты тереңірек, қоғамдағы мәдениеті жоғарырақ деген топтардың ішіне көбірек тараған. Көбіне-көп ол қоғамның осы тобының бір-бірімен хат арқылы құпияласуы үшін қызмет еткен жазу тәрізді.

Арша жазуы туралы келесі мәлімет көрнекті этнолог ғалым Н. Әлімбайдың ғылыми жобасымен және жетекшілігімен жарық көрген бестомдық «Қазақтың

[44] *Мақала «Қазақстан археологиясы мен этнологиясы:өткені, бүгіні және болашағы. VII Оразбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағыб – Алматы: Ғылым, 2015 ж. жарияланған.*

этнографиялық категориялар, ұғымдар мен жазуларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» [4, 158-159] атты еңбекте берілген. Лұғаттық мақала авторы жоғарыда аталған зерттеушілердің айтқандарын негізге ала отырып, арша жазуын тілдік-мәдени тұрғыдан сипаттаған.

Арша жазу/хат сәрби – жазылуы және оқылуы абжад жүйесіне негізделген 28 араб әріптерінен тұратын арша ағашы бейнелес жазу. Ол абжад жүйесі бойынша 1) АБДЖЕД, 2) ГАУВАЗ, 3) ХУТТЫ, 4) КАЛЯМАН, 5) САГФАЦ, 6) КАРАШАД, 7) САХАЗ, 8) ЗАЗАГ деп аталатын 8 топқа бөлінеді. Бұлар әріптердің тәртібі мен орналасуын көрсететін шартты атаулар. Әуелде бұлардың мағынасы болған, дұғалық қасиетке ие деген де пікір бар.

Арша жазуда тік таяқша сызық алынады, ал оның сол және оң жағындағы көлбей сызылған кішкене сызықшалар сөздің қалай оқу керектігін көрсетеді. Тік сызықтың оң жағында белгіленетін көлбеу кішкене сызық сегіз топтағы әріптің қайсына кіретінін, ал сол жақтағы кішкене көлбеу сызық аталмыш топ ішіндегі әріптердің реті бойынша оқылады. *Бала* деген сөзді аршамен жазу үшін бірінші *б* әрпінің қай топқа кіретінін білу керек, яғни бұл әріптің абжад тобына кіретінін байқаймыз. Тік таяқшаның оң жағына бір көлбеу сызық белгіленеді, абжадтағы әріп қатары екінші болғандықтан, сол жаққа көлбеу екі сызық жазылады; *а* әрпі абжадтағы бірінші топқа жататындықтан тік сызықтың оң жағында көлбеу бір сызықша және абжадтағы қатар реті бірінші тұрғандықтан сол жақта бір сызықша қойылады. Ал *л* әрпі төртінші топтағы рет қатары екінші болып тұрғандықтан, тік сызықтың оң жағына төрт көлбеу, сол жағы кішкене екі сызықпен белгіленеді; ал *а* әрпі, жоғарыда айтылғандай, түрде таңбаланады. Сонымен, *бала* сөзінің аршамен жазылуын былайша көрсетуге болады: (а) (л) (а) (б).



Арша жазуы туралы тақырыпты қайта қозғап отырған себебіміз «Туркестанский сборник» атты жинақтың [5,63-65] бес жүз елу бесінші томында Базарбай тауына жақын жерде, Елекке құятын өзеннің жоғарғы жағында Шашқан теміржол стансасы жағында «Қыз мола» деген ерекше ескерткіш байырғы бір кезде көшіп-

қонып жүргенде, қайтыс болған байдың қызына арналғаны туралы археологиялық тұрғыдан қысқаша сипаттама берілген. Құлпытастың бір жағында шыршаның суреті қашалып жасалғаны былайша сипатталған: «Пьедсталъ состоитъ изъ двухъ плитъ, нижняя иметь форму правильнаго прямоугольника, а верхняя имъетъ съ двухъ узкихъ стороны такой же формы, какъ описанный выръзъ на монолить. На одномъ изъ боковъ виднъютсятри въ видъ елки, нацарапанныя ножемъ или остроконечнымъ орудіемъ, сдъланная повидимому» дей келіп автор, «Это сообщеніе записано со словъ Д.Н. Соколова, а рисунокъ также испосполнено указаніимъ» деп ескерту берген. Аталмыш жинақта 74 нөмірмен «Қыз мола» құлпытасының суреті берілген (қараңыз):



«Қыз мола» құлпытасындағы таңба, біздің байқауымызша, сурет емес, Қазақстан жерінен табылған арша жазу екеніне шүбә келтіруге болмас деп ойлаймыз. Алайда бұл таңбаны көріп, алғаш түсіргендер оны сурет деп ұғып, ондағы арша қылқандарының саны мен орналасуына мән бермеген. Өйткені арша жазу туралы мәлімет ол кезде археолог, этнолог, тіл мамандары үшін белгісіз еді. Әрине, ендігі жерде «Қыз мола» құлпытасы сақталса, мәселенің анық-қанығына жету үшін археолог ғалымдардың зерттеуі аса маңызды болар еді.

Пайдаланған әдебиет:

1. Диваев А.А. Кипарисоподобные письмена // Год работы казахского высшего педагогического института.–Ташкент: Изд. Казпедвуза, 1928.

2. ҚСЭ. 11-т. – Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакциясы, 1977.

3. Омарбеков С. Тұран топырағында туған арша жазу // Ана тілі газеті, 19.05.1994.

4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том,– Алматы. 2012. – 734 б.

5. Туркестанский сборник статей относящихся до Средней Азии вообще Туркестанского края в особенности Составляемый В.И. Межовым. Том 555. –Ташкент, 1915.

ЖАҢА ӘЛІПБИ КРИТЕРИЙЛЕРІ[45]

Ұсынылған жобаларды саралау кезеңінің өз қиындықтары бар. Солардың негізгілерінің бірі – «жақсы» деп танылатын «жобаны» анықтаудың лингвистикалық критерийлерін белгілеу. Жобаларды сараптауда жетекші тіл мамандарының қатысуымен түзілген латын графикасы негізіндегі жаңа әліпби құрастырудың негізгі критерийлері былай белгіленді:

– әліпбидегі әріптердің саны тілдің негізі дыбыстарының (фонемалардың) санынан алшақ болмауы;

– әліпбидегі әріптер тілдің негізі дыбыстық заңы – үндесімді дұрыс бейнелейтін болуы;

– басы артық таңбалардың, белгілердің, яғни дыбыстық мәні жоқ әріптің болмауы;

– латын жүйелі әліпбиге иероглиф жүйесіндегі, болмаса дәйекше араб, кирил жазу жүйелеріне тән басқа графикалық элементтердің болмауы;

– үйренуге жеңіл, қолдануға қолайлы болуы, яғни қазақ тілі дауыстыларының жуан-жіңішке болып жұп құрауын негізгі критерийлердің бірі ретінде алу;

– көзшалым үшін оңтайлы, яғи әріпүсті, әріпасты қосалқы таңбалардың (диакритиканың) шектен тыс көп болмауы;

– латын әліпбиі қорындағы әріптерді мүмкіндігінше толық пайдалану, тек аса қажет болған жағдайда қалыптасқан стандартты таңбаларды пайдалану *(профессор Н.Уәли);*

– латын графикасына негізделген әліпби жаңа сөздерді, мәтіндерді оңай оқуға, жазуға, ұғуға ыңғайлы болуы тиіс;

– әліпбиде диграфтар, триграфтар болмауы керек, себебі олар жазудың негізгі үнемдеу принципіне қарсы шығады;

– диакритикалық таңбалар да мейлінше аз болу керек және олар қазақ тілінің фонологиялық жүйесін толық көрсетуі қажет;

– әлемдегі әліпбилердің тәжірибесін ескеру керек;

– латын графикасына негізделген түркі тілдеріндегі әліпбилермен сабақтастық, сәйкестік болу керек;

– латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің ұлттық бейнесі болуы керек *(профессор З.Базарбаева)*;

– әліпби тілдің төл дыбыс құрамын қоспасыз қамтуға; сөздің үндесім әуезін бұзбауға; морфем тұрқын сақтауға; буынның дыбыс желісін қысқартпауға тиіс;

– бір дыбыс бір таңбамен белгілену керек: әр дыбыстың жеке-жеке таңбалануы қол дағдыны оңай қалыптастырады; көзтанымды жеңілдетеді; жазылым (орфография) мен айтылым (орфоэпия) өзара үйлесімін табады; әдістемелік ережелердің санын көп қысқартады;

– қазақ тілінің төл дауысты/дауыссыз дыбыс құрамын дәл анықтай білу керек, басқаша айтқанда, академиялық еңбектерде көрсетілген дыбыс құрамының сыртынан дыбыс іздеп әуре болмау керек;

– «бір дыбыс – бір таңба» ұстанымына орай әрбір таңбаның бір ғана оқылым үлгісі болу қажет;

---

[45] *Мақала «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы» атты ұжымдық монография, – Алматы: Қазақ тілі, 2016, З.Базарбаева, Ә.Жүнісбекпен бірлескен авторлықта жарияланған.*

– төл сөздердің жазылымында қосарлы таңба пайдаланылмау керек;

– бір таңбаның тірек сұлбасы екі дыбысты ғана белгілеуге жұмсалу керек, мысалы, о-ө [о-ö] т.б. тәрізді;

– дыбыстардың үндесім жұптарының тірек тұрқы (сұлбасы) ортақ болу керек, мысалы, ы-і [і-і] т.б. тәрізді;

– дыбыстарды қосақтап белгілеу тәжірибесінен аулақ болу керек, мысалы, [ое, ng] т.б. тәрізді;

– төл (ұлтық) әліпбидің құрамында апостроф тәрізді жапсырма белгілер болмау керек, мысалы, [о’, к’] т.б. тәрізді;

– жоба дәйекті болу үшін, міндетті түрде, қазақ тілі дыбыстарының фонетикасингармонологиялық (фонологиялық) моделі құрастырылып, әрбір дыбыстың модельдегі орны көрсетілу қажет. Модельде орны табылмаған дыбыс – қазақ тілінің дыбысы емес *(профессор Ә.Жүнісбек)*.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ЖАҢА ӘЛІПБИГЕ КӨШІРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[46]

Кіріспе. Әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшесі ретінде жоғары экономикалық, ғылыми, мәдени және адами әлеуеті мол Қазақстанның ары қарайғы дамуы ендігі жерде еліміздің жаһандану үрдісіне тереңдей және кең ауқыммен ене түсуіне байланысты. Бұл мәселеде қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру маңызды рөл атқарады.

Қазақ жазуын латын әрпіне кешірудің концепциясы (әрі қарай – Концепция) Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 ақпанда жарияланған «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан», 2012 ж. 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жаңа Жолдауына, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында Қазақстан халқының рухани дамуын және үш тұғырлы тілдік саясаты туралы айтқан ой-пікірлеріне сәйкес жасалды.

Концепцияда қазақ жазуын латын әрпіне көшіру қажеттігі негізделіп, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Түркіменстан республикаларының латын әліпбиіне көшкен тәжірибесін ескере отырып, латын негізіндегі әліпиге көшудің негізгі кезеңдері мен механизмдері айқындалады. Концепция мақсатты бағдарлама жасауға, сондай-ақ қазақ жазуын латын әрпіне көшіру үшін оңды жағдай туғызатын құқықтық-нормалық актілер жасауға негіз болады.

Концепцияның мақсат-міндеттері. Аталмыш Концепцияның мақсаты қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшіруге байланысты мемлекеттің тіл саясаты мен азаматтық қоғам қызметінің тұжырымды (концептуалды) негізін жасау болып табылады.

Жоғарыда қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін барлық күш-қуатты келесі міндеттерді шешуге бағыттау қажет:

– қазақ жазуын жаңа әліпбиге көшіру бағытында қолайлы жағдайларды қалыптастыру үшін мәдени, ұлттық, білім беру және мемлекеттік тіл саясатын жетілдіру;

– қазақ жазуын жаңа әліпбиге көшірудің технологиялық жағдайларын қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды қолдану және осы латын графикасы негізінде Қазақстанның әлемдік тіл кеңістігіне енуі;

– әлем елдеріндегі латын графикасына көшу үрдісіндегі іс-тәжірибелерін есепке ала отырып, латын графикасына көшудің қазақ моделін қалыптастыру;

– қазақ жазуын латын графикасына көшіруді ұйымдастырудың әдістемелік және экономикалық тетіктерін жасау.

Қазақ жазуын латын графикасына көшірудің болашақтағы көрінісі. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру қазақстандық қоғамның әлеуметтік, саяси және мәдени өмірдегі күрделі әрі бірқалыпты емес, оның әртүрлі жіктерінде қарама-қайшы реакциялар тудыратын үрдіс болатынын жоққа шығаруға болмайды. Осыған қарамастан, бұл үрдістің Қазақстанның орта және ұзақ мерзімдік болашақ дамуында позитивті мәні болатындығы еш күмән тудырмайды.

---

[46] *Мақала «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы» атты ұжымдық монография, – Алматы: Қазақ тілі, 2016 ж. Р.Қадыржанов, А.Фазылжановамен бірлескен авторлықта жарияланған.*

Қазақ жазуының жаңа әліпбиге көшуін Қазақстанның қазіргі жаһандану үрдісіне тереңдеп, әрі ауқымды түрде ену тұрғысынан қарастыру қажет. Ақпараттық және коммуникациялық байланыс технологиялары, оның ішінде, жаппай компьютерлендіру, интернет, мобильді телефон жүйесі, спутниктік телевидение т.б. жаһандану үрдісінің технологиялық негізі болып саналады.

Аталған технологиялардың ұдайы әрі кеңінен тарауы латын графикасының бүкіләлемдік ақпараттық кеңістікте басым орынға ие болуына алып келері анық. Латын графикасы қазіргі әлемде ең кеңінен қолданылатын жүйе болып табылады. Қазақ жазуының латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшуі, бір жағынан, қазақ тілінің әлемдік ақпараттық кеңістікке тиімді түрде енуінің алғышарттарын қалыптастырса, екіншіден, Қазақстанда ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың кеңінен таралуына мүмкіндік жасайды.

Қазақ жазуының латын графикасына көшуі қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда принципті түрде ерекше мәнге ие. Қазіргі таңда қазақ тілі қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың басты факторы ретінде қарастырылады. Тілдің басқа да қырларының аса қажеттілігін мойындай отырып, жазудың ой мазмұнын графикалық таңба ретінде жеткізу жолдарының бірі екендігін естен шығармау қажет. Жазу ой мен сезімді объективтендіруде, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесінде де өзіндік дербес мәнге ие. Көптеген халықтар үшін олардың жазуы ұлттық мәдениет пен бірегейліктің ең басты элементі болып табылады. Бірқатар әлем ұлттарының, соның ішінде Түркия елінің іс-тәжірибелері жазудың ауысуы біртұтас ұлттық бірегейліктің алмасуында шешуші қадамдарының бірі екенін көрсетеді.

Қазақтың ұлттық бірегейлігін қалыптастыру және нығайтуда оның түркі бірегейлігіне сәйкестігі үлкен маңызға ие. Қазақтың ұлттық сана-сезімінің түркі дүние санатына жатуы мәдени, тарихи, тіл және т.б. қатынастарда қайталанбас мазмұнға ие. Бұл фактіні сезіну қазақтардың 1980-1990 жылдардың басындағы ұлттық рухының ояну үрдісінде маңызды рөл атқарып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекеттілігінің құрылуына себеп болды. Қазақтардың түркілік бірегейлігі үнемі қолдау тауып отыруы қажет, өйтпеген жағдайда ұлттық санада басқа бірегейліктер басым орын алып, қазақтардың ұлттық бірегейлігіне теріс ықпал етуі мүмкін.

Қазақ халқының түркілік бірегейлігін нығайтудың маңызды тетігінің бірі – қазақ жазуының латын графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшуі болып табылмақ.

Қазірдің өзінде алты түркі тектес мемлекеттің төртеуі жазу-сызуын латын графикасына ауыстырды. Қазақстанның осы елдер қатарына қосылуы түркі халықтарының мәдени, тілдік және т.б байланыстарының нығаюында позитивті рөл атқаруға тиіс.

Қазақ жазу-сызуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру Қазақстан егемендігінің жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде нығаюының куәсі болып саналады.

Өткен кезеңдерде қазақ тілінің жазуына сыртқы жағдаяттар мен сыртқы мәдени өркениеттер ықпалы күштеп таңылды. Қазіргі кезде қазақ жазу-сызуын латын графикасына көшіру бірауызды болмаса да, Қазақстандық қоғамның ерікті де саналы таңдауы болып табылады.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру Қазақстан Республикасында Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайта түспек. Таяу арада, қысқа мерзім ішінде бұл мәселе бойынша түбегейлі өзгерістердің бола қоюы екіталай. Алайда келешекте, латын графикасының негізінде білім алған қазіргі өскелең ұрпағымыз

өмірге араласқан кезде қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесінің шынайы кемеліне келуі мен қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің арта түсуіне қол жеткізуге болады.

Қазақ жазуын латын графикасына көшірудің негізгі қағидаттары мен құқықтық негіздері. Қазақ жазуын латын графикасына көшіру төмендегідей қағидаттарға (принциптері) негізделеді:

– адам және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

– эволюциялық және кезеңдік ұстанымды сақтау;

– көшіру барысында әлеуметтік-саяси, мәдени-тарихи, ақпараттық технологиялық, лингвистикалық және экономикалық аспектілерді үйлестіріп отыру;

– билік пен азаматтық қоғамның өзара диалог пен ынтымақтастықта болуы;

– Қазақстандағы барлық этникалық топтардың мүдделерін ескеру.

Концепцияны әзірлеу және жүзеге асырудың құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакті, «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заңы, «Қазақстан–2030» стратегиясы, «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру Стратегиясы», 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауы, 2012 ж. 14 желтоқсандағы «Қазақстан–2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жаңа Жолдауы, Қазақстан Республикасында мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру тұжырымдамасы – Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту тұжырымдамасы болып табылады.

Концепцияны жүзеге асырудың жолдары мен тетіктері. Концепцияны жүзеге асырудың жалпы алғанда негізгі тетіктері мыналар болып табылады:

– Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық келісімдер мен пактілерді ескере отырып, ұлттық заңнаманы жетілдіру және үйлесімділігін сақтау;

– мемлекеттің ұлттық саясаты;

– мемлекеттің білім беру саясаты;

– мемлекеттің мәдени саясаты;

– мемлекеттің тіл саясаты;

– қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру барысында оның таяу және орта мерзімді келешекте Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін тигізетін экономикалық тетіктерін әзірлеу;

– ақпараттық-технологияның талабына жаңа әліпби негізіндегі қазақ жазуын және өзге де лингвистикалық жағдайлардың үйлесімді болуын ескеру;

– Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан және Түрікменстанның латын графикасына көшіру тәжірибесіне сүйену;

– азаматтық қоғам институттарының ұлттық, мәдени, білім беру, тілдік және тағы да басқа салалардағы рөлін көтеру;

– қазақ жазуын латын графикасына көшіруде жан-жақты ақпараттық-түсініктемелік жұмыстар жүргізу;

– қазақ жазуын латын графикасына көшірудің Мемлекеттік бағдарламасын жасау және олардың кезеңдерін анықтау.

Ұлттық саясат. Қазақстанда әлеуметтік-саяси жағынан біртұтас ұлт қалыптастыруға бағытталған ұлттық саясат жалпықазақстандық азаматтық қоғам негізінде жүзеге асырылады. Мұндай қауымдастық жетекші ұлттың маңайына топтасуға тиіс азаматтық ұлт немесе мемлекеттік құраушы этнос – қазақ деп аталады. Ондай ахуалдың тек Қазақстанда орын алып отырғандығында емес, бұл жалпы әлемдік

тәжірибе болып саналады. Мемлекет азаматтық ұлт шеңберінде олардың этникалық және басқа да әркелкілігіне қатыссыз өзінің барлық азаматтарына тең құқықтар ұсынады. Сонымен бірге, бұл арада негізгі, жетекші ұлттың мәселелері мен қажеттілігін ешқашан тасада қалдырмайды.

Ұлттық құрылыстың осындай моделі аталмыш мемлекетте тұратын қалған басқа этностар мемлекет құраушы ұлттың жетекшілігін мойындаған жағдайда табысты болуы мүмкін. Бұл үшін ірі ұлттың күшті бірегейлігі болуы керек. Жетекші, мемлекет құраушы этнос ретіндегі қазақтардың өзге мәдениеттердің ықпалына ұшырамайтындай анық бірегейлігінің болмауы Қазақстанда азаматтық ұлттың қалыптасуын күрделендіріп отыр.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру ұзақ мерзімді келешекте қазақтардың ұлттық бірегейлігін нығайтуға ықпал етер іс-шаралардың бірі болуға тиіс.

Таяу арада мұндай іс-шара айтарлықтай нәтиже бермеуі мүмкін, керісінше, тіпті орыс тілді және қазақ элитасының арасындағы тіл және өзге де мәселелер бойынша жікті тереңдету ықтимал. Бұл жерде тек қазақтар ғана емес, орыс және өзге де этникалық топтардың мүдделерін ескеру қажет. Осы мәселеде Қазақстан халқы Ассамблеясы, ұлттық-мәдени орталықтар, саяси партиялар, БАҚ және азаматтық қоғамның басқа да институттары үлкен рөл атқаруы мүмкін.

Тіл саясаты. Қазақ жазуын латын графикасына көшіру қазақ және орыс тілдері арасындағы қарым-қатынастарының жаңа қырынан ашылуына мүмкіндік туғызады. Келешекте бұл шара қазақ жазу тұғырының нығаюына алып келетіні анық, бірақ жақын, таяу уақыттарда орта және аға буын өкілдерінің латын графикасын меңгеруінде қиындықтардың тууына әкеліп, бұның өкілдерінің латын графикасында белгілі бір қарама-қайшылықтарды туғызуы мүмкін.

Жалпы алғанда, орыс тілді азаматтардың (қазақтардың біраз бөлігін қоскқанда) Қазақстанда орыс тілі жойылады деп қауіптенуі орынсыз. Біздің елде қазақ жазуы мемлекеттік тіл мәртебесіне ие, ал орыс тілі мемлекеттік мекемелерде және өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қазақ жазуымен қатар қолданылады. Қазақ тілінің жазуын латын графикасына көшіру қазақ және орыс тілдерінің мәртебесіне ешбір кері әсер етпейді.

Қазақстандағы қазақ-орыс қостілділігі ұзақ мерзімдік құбылыс. Тіпті Қазақстан халқының орыстар мен басқа орыс тілді европалық ұлттардың санының азаюының өзі орыс тілінің этнолингвистикалық қарым-қатынастар саласында жойылуына әкелмейді. Қазақ жазуының рөлі өсуімен қатар, Қазақстанда терең мәдени-тарихи тамырлары бар әлемдік тілдердің бірі ретінде қолданылатын орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде қала береді. Сондықтан ауыл, қала, алаң, көше атауларын, маңдайша жазуларын латын және кирилица әрпінде де қалдырған жөн. Сол жағдайда латын графикасының негізінде білім алғандар кириллицадағы оқу мен жазуды ұмытпайды деген сенімді жоққа шығаруға болмайды.

Жалпы, тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары мемлекеттік тіл саясатының институционалды формасы елеулі өзгерістерге ұшырай қоймады. Сонымен қатар, қазақ жазуының латын графикасына көшуі бұл саясатқа белгілі бір өзгерістерді енгізуді қажет етуі мүмкін.

Мәдени саясат және мәдени мұраны сақтау. Қазақ жазуын латын графикасына көшуі барысында туындайтын басты мәселе бұл болашақ ұрпақ үшін қазақ халқының кирилица негізінде жазылған бай мәдени мұрасын сақтап қалу. Кириллицада жарық көрген көркем әдебиет шығармалары, халық өнері, тарихы, мәдениеті

бойынша шығармалары, әлемдік әдебиеттің қазақ тіліне аударылған туындылары, энциклопедиялар, публицистика және т.б. түгелдей латын графикасының негізінде қайта шығарылуы тиіс. Өйткені бұл шаралар іске асырылмаса, ұрпақтар арасындағы мәдени сабақтастық үзіліп, қазақ мәдениетінің дамуына нұқсан келтіруі мүмкін.

Мәдени мұраны сақтап қалу, біріншіден, болашақ ұрпақты кириллица негізінде оқу және жазуға үйрету, екіншіден, «Мәдени мұра» бағдарламасын ары қарай жалғастыру, кириллицада жарық көрген шығармаларды іріктеп, қажеттісін қайта басып шығару арқылы шешуге болады. Мәдени трансформацияның маңызды аспектісі – кітап шығару және баспа жүйесін жаңаша жолға қою. Бұл үшін қысқа мерзімде полиграфиялық мекемелерді қазіргі заманға сай типографиялық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету қажет. Бұл шара арнайы техникалық, медициналық, ауылшаруашылық әдебиеттер, анықтамалар, энциклопедиялар және оқулықтардың басым бөлігін қайта басып шығаруға мүмкіндік туғызады.

Білім беру саясаты. Білім беру саласы латын графикасына көшу үрдісінде маңызды орын алады. Бұл үрдіс барысында білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырайтыны анық. Бірінші кезекте латын алфавиті негізінде білім беретін мамандарды даярлау қажет, бұл үшін мектеп және жоғары оқу орындары оқытушыларын жаңа графика негізінде қайта даярлау қажет. Аға буын өкілдері үшін латын графикасын үйретін арнайы курстар ашу керек. Мектептер, жоғары оқу орындары үшін латын графикасымен жазылған жаңа әдебиеттер шығаруды жолға қою қажет. Осы және басқа да шараларды қысқа мерзімде жүргізу керек болады.

Ақпараттық-түсініктемелік жұмыстар. Қазақ жазуын латын графикасына көшіруде мемлекет пен азаматтық қоғамның ақпараттық-түсініктемелік жұмыстар саласындағы қызметі ерекше маңызды. Қазірдің өзінде латын графикасына көшіру мәселелерін талқылау барысында қазақ зиялыларының арасында бұл шараны қолдамаушылық байқалуда. Латын графикасына көшу іс жүзіне асырыла бастағанда мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар тарапынан жаппай қарсылық туындауы да мүмкін.

Осы тұрғыдан алғанда қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қоғамымыздың барлық топтары мемлекеттің болашағы мол стратегиясы ретінде қабылдауын қамтамасыз ететін Қазақстанның қоғамдық пікірін қалыптастыратындай іс-шаралар жүргізу қажет.

Бұл жұмыста латын графикасына көшудің болашақ мүмкіндіктерін халық арасына түсіндіру мен ұғындыру мақсатында беделді тұлғалар мен мемлекеттік қайраткерлердің пікірін жариялайтын БАҚ-тың рөлі зор.

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің мемлекеттік бағдарламасының жобасы

Іс-шаралар мазмұны	Орындаушылар
Ұйымдастыру және дайындық мәселелері	
Латын графикасына көшу жұмысын ұйымдастыру және басқару ісімен айналысатын мемлекеттік комиссия құру	ҚР Президенті әкімшілігі. ҚР Білім және ғылым министрлігі. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі

Министірліктерде, мемлекеттік комитеттерде, Ведомстволарда, облыстық, қалалық ,аудандық әкімдіктерде, ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарында жұмыс топтарын құру, жоспарлар әзірлеу және бекіту.	Министрліктердің, мемкомитеттердің, ведомстволардың, облыстық, қалалық, аудандық әкімдіктердің, ғылыми мекемелердің, ЖОО басшылары
Халық арасында қазақ жазуын латын графикасына көшірудің тиімділігі жөнінде түсіндіру және насихаттау жұмыстарын жүргізу, бұқаралық ақпарат құралдарында латын графикасында дайындалған жекелеген мақалаларды жариялау, радио және телеарналарда арнайы оқыту бағдарламаларын ұсыну.	ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Шетелдерге іссапарларға шығу, тәжірибелерін зерттеу және жинақтау, қорытындыларын бұрынғы зерттеу нәтижелерімен салыстыру, талдау жасау, қорыту.	ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Халық арасында әлеуметтік зерттеулер жүргізу, қоғамдық пікірлерге талдау жасау.	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Қазақстанда 30-40 жж. қолданыста болған латын жазуының тәжірибесін талдау, оң және теріс тұстарын сараптау**.**	ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
«Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің» Тұжырымдамасы жобасын әзірлеу, бекітуге ұсыну.	ҚР Президенті әкімшілігі. ҚР Білім және ғылым министрлігі. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің өзекті мәселелері бойынша «дөңгелек үстел» ұйымдастыру.	ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Жұмыс топтарынан келіп түскен әліпби жобаларын талқылау, сараптау. Жаңа жазу жобасын мәтіндерге түсіру, орфографиялық және орфоэпиялық, дидактикалық және әдістемелік сараптамадан өткізу. Көшудің моделін таңдап, тиімді нұсқасын анықтау.	Мемлекеттік комиссия ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Латын әліпбиіне негізделген жаңа жазу жобасын енгізудің қоғамдық-экономикалық, мәдени-әлеуметтік және лингвистикалық мәселелері бойынша халықаралық, республикалық деңгейлерде конференциялар ұйымдастыру.	ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Латын әліпбиінің стандартын дайындау, талқылау, бекітуге ұсыну**.**	ҚР Президенті әкімшілігі. ҚР Білім және ғылым министрлігі. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мемстандарт. ҚазмемГТЗИ
Материалдық-техникалық базаны даярлау	
Компьютерлік бағдарламаларды дайындау және енгізу, мемлекеттік мекемелерге тарату.	ҚР Білім және ғылым министрлігі, КазмемГТЗИ, салалық министрліктер. қарамағында баспалар мен баспаханалары бар министрліктер мен мекемелер, әкімдіктер.
Баспаханаларды латын клавиатуралы құрал-саймандармен жабдықтау. Ведомстволар, ұйымдар мен мекемелер компьютерлерінің қаріптерін латын әріптерімен жаңадан жабдықтау.	ҚР Білім және ғылым министрлігі, КазмемГТЗИ, салалық министрліктер. қарамағында баспалар мен баспаханалары бар министрліктер мен мекемелер, әкімдіктер.

Латын әліпбиі мен орфографиясын үйрету және оқытуды ұйымдастыру	
Жаңа әліпби мен орфография, орфоэпияны оқыту ісін ұйымдастыру: кәсіби біліктілікті арттыру мекемелерінің оқытушыларын, мектепалды даярлық мекемелерінің тәрбиешілері мен әдіскерлерін, орта және арнаулы орта білім беру мекемелерінің мұғалімдерін, ЖО профессор-оқытушылар құрамын оқыту; министрліктер мен ведомстволардың, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, әскери мекемелердің қызметкерлерін, жұмысшылар мен ауылшаруашылық қызметкерлерін оқыту: жұмыс істемейтіндер мен зейнеткерлерді, жалпы тілек білдірушілерді оқытып-үйрету.	ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі ҚР Қаржы министрлігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Салалық ведомстволар, әкімдіктер.
Халыққа білім беру жүйесінде жүзеге асыру мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиеленушілеріне: қазақ тілінде оқытатын мектеп оқушыларына. - I сынып - II сынып - III сынып - IV сынып - V сынып - VI сынып - VII сынып - VIII сынып - IX сынып - X сынып - XI сынып - XII сынып 6) өзге тілде оқытатын мектеп оқушыларына: - II-IV сыныптар - V-VIII сыныптар - IX-XII сыныптар кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінің оқушыларына; жоғары оқу орындарының студенттеріне:	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық ведомстволар
Оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар мен ғылыми әдебиеттер даярлау	
Жаңа әліпби мен орфографияны оқытушыларға үйретуге арналған бағдарламалар мен оқу құралдарын даярлау және басып шығару.	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық Ведомстволар
Мектепке дейінгі мекемелерге арналған оқулықтар мен көрнекі құралдарды даярлау және шығару.	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық Ведомстволар, ғылыми-зерттеу институттары

Орта мектеп сыныптарына арнап оқулықтар мен оқу құралдарын, көрнекі құралдар кешенін даярлау және шығару: - I сынып - II сынып - III сынып - IV сынып - V сынып - VI сынып - VII сынып - VIII сынып - IX сынып - X сынып - XI сынып - XII сынып	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық Ведомстволар
Кәсіптік-техникалық білім беру мекемелеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау және басып шығару.	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық Ведомстволар
Жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау және басып шығару	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық Ведомстволар
Өз бетінше оқып-үйренушілерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау және басып шығару.	ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, салалық Ведомстволар
Тұрақты «Орфографиялық комиссия» құру, орфографиялық, терминологиялық және ономастикалық комиссиялардың жұмысын үйлестіру.	ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
«Орфографиялық және орфоэпиялық негізгі Ережелерді» әзірлеу, орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктерді, анықтағыштарды даярлау және басып шығару.	ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Терминологиялық және ономастикалық сөздіктерді, анықтағыштарды даярлау және басып шығару.	ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Географиялық карталар мен атластар, әкімшілік-территориялық анықтағыштарды даярлау, басып шығару.	ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Бұқаралық ақпарат құралдарын жаңа әліпбиге көшіру	
Республикалық және жергілікті баспасөзді бірте-бірте жаңа әліпбиге көшіру	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Баспаларды жаңа әліпбиге көшіру	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Телеарналарды жаңа әліпбиге көшіру	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Нормативті-құқықтық, әкімшілік-аумақтық анықтамаларды дайындау; жаңа графикаға негізделген іскағаздар жүргізу құжаттары мен бланкілерді дайындап, шығару; барлық мекемелерде іскағаздарын жүргізу ісін латын графикасына көшіру	ҚР Әділет министрлігі, салалық ведомстволар мен министрліктер

Латын графикасында жазуды дамыту	
Ғылыми еңбектерді, нормативті-құқықтық және басқа да құжаттарды латын графикасына аудару және барлық мекемелерде іскағаздарын жүргізу ісін латын графикасына көшіру	ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР Әділет министрлігі, салалық ведомстволар мен министрліктер
Қала, ауыл, көше т.б. атауларды латын графикасына көшіру, мемлекеттік мекемелердегі маңдайша жазуларды латынға көшіру	Әкімдіктер
ҚР азаматтарының жеке құжаттарын, құқықтық, дипломатиялық құжаттарды латын әліпбиіне көшіру	ҚР Әділет министрлігі ҚР Сыртқы істер министрлігі
Банк жүйесін латыншалау: құнды қағаздар, латын таңбасындағы жаңа банкноттар даярлау және енгізу	ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі ҚР Ұлттық банкі
Қорытынды кезең	
Кирил әрпімен шыққан қажетті ғылыми, көркем шығармалар аудару	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
Латын әліпбиіне көшуді аяқтау	

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИІН ТҮЗУ ПРИНЦИПТЕРІ[47]

Әліпби, графика және орфография – лингвистика ғылымының жеке салалары. Көп жағдайда әліпби құру, жазу теориясының, орфография ережелерін біріздендіру мәселелерінің шегі ажыратылмай, аралас қарастырылып жатады. Негізінде орфография қағидалары мен ережелері әліпби қалыптасқаннан кейін, яғни әріп инвентарі (құрамы) түгенделіп, тәртібі реттелгеннен кейін жасалады.

Қазақ ұлттық әліпбиін құрудың негізгі қағидаларын А.Байтұрсынұлы қалыптастырып, кейін оның дамуына латын және кирил графикасының негізінде қазақ әліпбилерін жасаған тілші-ғалымдар, сондай-ақ қазіргі қазақ фонетикасы, фонологиясы мен графикасы, тіл мәдениеті, орфография мен орфоэпиясы, жазу теориясы салаларын зерттеуші ғалымдар елеулі үлес қосты. Олардың тұжырымдары мен зерттеулері қазіргі латын графикасына негізделген ұлттық қазақ әліпбиін құрудың жаңа принциптерін ұсынуда негізге алынды.

Принциптердің негізгі типтері

1. Бұл құжатта ұсынылған әліпби құру принциптерінің бір бөлігі **тұрақты, өзгермейтін** сипатқа ие. Мысалы, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіндегі негізгі латын әріптерін сақтау принципі немесе әліпбиге диграф, полиграфтарды енгізбеу принципі осындай типке жатады. Демек, егер ұсынылған жобада осы принциптердің біреуі қалыс қалып немесе толықтай ескерілмеген болса, онда бұл жобаны жаңа әліпби құру принциптеріне сәйкес келмейді деп есептеу қажет.

2. Жаңа әліпби құру принциптерінің ішінде негізгі, яғни базалық болып саналатын типі кейбір **ауытқуларға жол береді**. Мысалы, «бір фонема – бір әріп» принципі әліпби құрылымында ескерілуі тиіс, бірақ бұл жағдайда оңтайлы дыбыстық-әріптік жазудың, жазу теориясының критерийлеріне сәйкес ол толық сақталмауы да мүмкін. Мысалы, әліпбидің жобасында бір негізгі дыбыс – фонеманың екі түрлі реңкіне – вариантына арнап екі әріпті алуға болады немесе керісінше екі фонеманы бір әріппен таңбалауға да жол берілуі мүмкін. Алайда екіден көп фонеманы бір әріппен таңбалау тиімсіз саналады.

3. Принциптердің үшінші типіне жаңа әліпби құрамын түзуде қолдануға мүмкіндік берілген, **рұқсат етілген** қағида түрлері жатады. Бұндай принциптің маңыздылығы құрастырушының қолдану мақсатын нақты дәйектейтін дәлелдерін талап етуімен ерекшеленеді. Егер қолданылып отырған принцип жобаның сапасын, тиімділігін, оңтайлылығын арттыратынын құрастырушы дәлелдей алса, бұл принципті қолдануын дұрыс әрі қажет деп санау керек. Мысалы, мұндай принциптерге латын қарпі негізіндегі әліпбиге басқа гомогенді графикадағы әріп таңбаларын пайдалану мүмкіндігі жатады.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін құру принциптері

І тип: өзгермейтін, тұрақты принцип

1. Халықтың ұлттық рухының, ұлттық тілінің өзіндік ерекше дыбыс байлығының әліпбиде көріну принципі. Халықтың ұлттық рухы, ұлттық сөзінің дыбыстық реңкі қарым-қатынас құралы ретінде оның тілінде көрініс табады. Және жаңа әліпбиге дейін қолданылған графика типінде де сақталады.

---

[47] *«Латын әліпбиі: теория, әдістеме және насихат» атты конференция жинағы, 2019. М.Жүсіпов, З.Базарбаева, А.Фазылжановамен бірлескен авторлықта жазылған.*

2. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінде латын негізін сақтау принципі.

3. Латын әріптерін қазақ тілінің үндестік заңындағы ерекшеліктеріне және қазақ тілінің дыбысталуына бейімдеу принципі.

4. Әріп – графикалық таңбалар жиынтығының принципі (екі баспа Аа*, екі көркем жазу Аа).*

5. Қосымша графикалық элементтерді (диакритикалық таңбаларды) мүмкіндігінше аз қолдану принципі.

6. Әріп құрылымындағы қосымша элементтерді (нүкте, сызықша т.б.) әліпбиге жүйелі енгізу (монобағыттылық) принципі. Мысалы, терең тіл арты, көмей дыбыстары үшін бір ғана диакритика, ал кейбір мұрынжолды дауыссыз дыбыстар *(ң)* үшін бір, сондай-ақ жіңішке дауысты дыбыстар *ә, ө, ү, і* үшін т.б. бір түрлісін ғана алу, себебі аталғандар факультативті (қосымша) сипатқа ие.

7. Әліпбиге диграфтар мен полиграфтарды енгізбеу принципі.

8. Тілдегі біртұтас әліпби принципі. Қазақтың байырғы төл сөздерін жазу үшін де, кірме сөздерді жазуға да лайықты ортақ әліпби.

9. Әліпби құрудағы тұтастық пен өзгермеу принципі. Ұсынылған принциптер түрлі өзгерістерге ұшырамауы тиіс.

10. Әліпбиде адамның естуі арқылы қабылданған фонема, дыбыстың әріптерін бейнелеу принципі. Яғни бұл мағына ажыратқыш дыбыстар (фонемалар) адамның есту қабілеті арқылы қалыптасып, бүкіл ұлттық біріккен естілім жүйесі арқылы санада сақталады, сол арқылы сөздер бір-бірінен ажыратылады. Әліпби тіл тұтынушылардың орта деңгейінің есту мүмкіндігіне сүйеніп жасалады. Әліпби дыбысжазғыш техникалық құралдардан шыққан естілім мүмкіндіктеріне негізделіп жасалмайды.

11. Әліпбидің әдеби тіл нормасына сәйкес болу принципі. Әліпбиде жеке әлеуметтік топтар мен өңірлер тіліне тән дыбыстар көрсетілмейді.

12. Көру арқылы қабылдау, оқу, жазу, ауызша және жазбаша тілде тану, мағынаны айыру мүмкіндігін ескеру үшін әліпби әріптерінің тез жатталғыш, көзшалым мен қолшалымға қарапайым болу принципі.

13. Әліпби – оқыту және үйрету құралы принципі. Әліпби, ең алдымен, оқыту (оқу) үшін қалыптасады. Мектепте оқушылар оқып үйренеді. Олар әліпбиді меңгеру арқылы басқа ғылым салаларын игереді. Әліпби тек қана ересек адамдардың ақыл-ойы мен танымдық мүмкіндігін ескеріп жасалмайды.

14. Орфографиялық ережелерді оңтайландыру және тарылту негізінде графема жүйесін құру принципі.

15. Әліпби мен тілдің дыбыстық құрылымының техникалық құрылғы мүмкіндіктеріне бейімделмей, керісінше: техникалық құрылғылардың тіл ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне, дыбыс құрылымына бейімделу принципі.

II тип: өзгермелі принцип

16. Фонологиялық принцип. Жазуда лингвальді моносингармониялық сипатты сөз негізінде жасалған қазақтың дыбысталу тілінің айқын көрінуі.

17. Фонема – дыбыстар (жиынтығы) класы принципі. Фонеманы білдіретін графема оның барлық дыбыстық реңкін, шептік (позициялық) түрленуін, яғни фонеманың варианттары мен инварианттарын толық бейнелей білуі тиіс. Мысалы, *-ып, -ір* жұрнақтары бірінші еріндік буыннан кейін екінші буын қатарында тұрып, *-ұп, -үп* күйінде *<көріп> [көрүп]* айтылуы мүмкін. Бірақ әліпбиде бұл жағдай үшін тек бір ғана |і| әрпі қолданылады, себебі қазақ тілінде *-ұп, -үп* жұрнақтары жоқ. Немесе,

мысалы,<ы> фонемасы әлсіз шепте (позицияда) [м] күйінде дыбысталады: *нан–нанба [намба]*. Бірақ |н| графемасы сақталады, себебі сөздің түбірі *нан*.

18. Қазақ тілін тұтынушылардың санасында жеке психобейнелер ретінде сақталған бірнеше фонемалық жеке әріптердің жазуда және әліпбиде тұтас берілу принципі.

19. Бір мағына ажыратқыш дыбыс – бір әріп принципі. Тілде дыбыстар көп. Бірақ олардың барлығы сөз мағынасы мен грамматикалық формаларын ажырата бермейді. Әріппен мағына ажыратушы дыбыстар, яғни (инвариант) фонемалар таңбаланады. Егер әліпбидегі әріптер тілдегі фонемалардан көп немесе аз берілетін болса, бұл жағдай тілдің дыбыстық жүйесін тарылтып, орфография мен орфоэпия ережелерін қалыптастыруда күрделі қиындықтар тудырады (Мысалы, ағылшын, өзбек тілдері). Алайда «жақсы жазудың теориясы» бойынша бұл принципті қасаң ұстанған жазу икемсіз, аморфты келеді.

20. Қазақ сөзінің морфологиялық құрылымын сақтау принципі.

21. Негізгі акустика-артикуляциялық қасиеттеріне қарай оларға тән дәстүрлі графемаларды алу, бір дыбыс кластарын өздеріне дәстүр бойынша телінген графема кластарымен таңбалау принципі. Мысалы, дауысты дыбыстарды таңбалау үшін дауыссыздарды білдіретін дәстүрлі графемаларды қолданудың қажеті жоқ. Сондайақ қатаң дауыссыздарды білдіретін графемаларды ұяң дауыссыздарды таңбалау үшін қолданудың қажеті жоқ немесе керісінше.

22. Екі, бірақ одан артық емес тіл дыбыстарын (фонеманы) таңбалау үшін күрделі қосымша элементтері бар (негізгі сызбасы) бір тірек графеманы екі түрлі қолдану принципі. Мысалы, графеманың негізгі элементі |о| дыбысын, одан тыс |ö| формасында пайдалануға болады. Бұл жағдайдағы дауысты дыбысты білдіретін қосымша диакритика бір дифференциалды қасиетін (жуан-жіңішке) ажырататын жуан, ашық, еріндік дауысты жұп корреляттарын білдіру үшін қолданылады.

23. Фонеманың коррелятив жұптарын бейнелейтін тірек графемаға сәйкес келуін сақтау принципі. Мысалы, <а> – <ә> фонемаларының коррелятив жұбын таңбалауда |а| тірек графемасы қолданылады, соған сәйкес <а> дыбысы |а| графемасымен таңбаланады, ал оның жіңішке жұбы <ә> – |?| графемасымен таңбаланады.

24. Сөздегі әрбір буынның дыбыстық құрамын толық таңбалау принципі.

25. Түркітілдес халықтардың латын графикасы негізіндегі ұлттық әліпбилерінің графемалық жүйесіне сәйкестендіру принципі.

III тип: ықтимал принциптер

1. Латын графемасы негізіндегі әліпбиге басқа гомогенді графикадағы әріптік таңбаларды пайдалану ықтималдығы принципі. Мысалы, қазақ және украин кирил әліпбиінде латыннан алынған <і> әріптік таңба қолданылады. Қазіргі әзербайжанның латын әліпбиінде түркіленген кирилше <ә> әріптік таңбасы қолданылады.

Үш түрлі фонеманы таңбалайтын әртүрлі қосымша элементтері бар бір тірек графеманың үш түрлілігін пайдалану ықтималдығы принципі. Мысалы, |u| графеманың берілген үш нұсқасы |u|, |?|, |ű| үш түрлі фонеманы таныту үшін қолданылуы мүмкін. Олар: <у> (дауыссыз, үнді, еріндік, ызың дыбыс), <ұ> (дауысты, жуан, қысаң, еріндік дыбыс), <ү> (дауысты, жіңішке, қысаң, еріндік дыбыс).

Ғылыми-терминологиялық аппарат

Әліпби – таңбалардың стандартты жиынтығына негізделген жазу формасы, әріптер тізбесі, жазу жүйесінің таңбалары. Әліпбиде таңбалар – әріптер тілдің фонемасын білдіреді, бірақ «дыбыс ↔ әріп» сәйкестігінің толық сақталуы сирек

байқалады және ауызша тілдің даму үдерісіне қарай жазу да қарапайым сипатқа ие бола алады. Әліпби пиктографиялық (идеографиялық) жазудан ерекшеленеді. Себебі пиктографиялық жазуда таңбалар ұғымды (шумерлік клинопись) білдіреді. Ал морфемді және логографиялық жазуда жеке морфеманы (қытай жазуы) немесе сөзді білдіретін таңбалар болады.

Әріп – жазудағы фонеманы білдіру үшін қолданылатын графикалық таңба немесе оның басқа таңбалармен тіркескен түрі.

Фонема варианты – белгілі бір позицияда (шепте) белгіленген фонеманың түрленуі (яғни оның фонологиялық шепте көрінуіне қарай әр алуан болуы), белгілі бір фонемамен артикуляциялық, акустикалық сапасына қарай үйлесуі.

Мысалы, *ақ* сөзінің соңында келетін <қ> фонема нұсқасының [аға-еке] тіркесуіндегі [ғ] «ағеке» сөзіндегі [ғ] фонемасының басқа инвариантымен сәйкес келуі. Осылайша, фонема нұсқасы сигнификативті әлсіз шепте көрініп, «аллофон» терминімен де қолданылуы мүмкін.

Фонема вариациясы – сигнификативті тұрғыдан күшті, перцептивтік тұрғыдан әлсіз фонологиялық шепте көрініп, фонеманы жүзеге асыратын дыбыс (басқаша айтқанда, аллофон). Осылайша фонемалық қарама-қарсылықты (оппозицияны) тудырады. Мысалы, ызың, қатаң дауыссыз [с] дыбысы шұғыл қатаң [т] дауыссыз дыбысының алдында тұрса, аффрикат [ц] (айтса) дыбысына түрленеді. Вариациялар графикада таңбаланбайды.

Графема – жазудың өте ұсақ мағына ажыратқыш бірлігі, тіл бірлігінің оның графикалық бейнесіне (тұрпат межесіне) сәйкес қатынасын білдіретін жазу жүйесіндегі минималды таңба: фонеманың әліпбилік фонографиялық жазудағы әріпке сәйкестігі, буынның буындағы графикалық символдарға сәйкестігі, сөз-ұғымдардың логографиялық жазудағы иероглифке сәйкестігі. Ал қазақ жазуы – *фонографиялық* жазу.

Графика – жазудағы барлық құралдардың жиынтығы, жазу әріптері мен тіл дыбыстары (фонема) арасындағы қатынастар жүйесі. Қазіргі қазақ графикасының негізгі құрамдас бірліктері – әріптер мен тыныс белгілері.

Диграф – нақты, дербес мағыналы екі әріп, екі әріптен тұратын құрамды жазу таңбасы. Диграф жазудағы фонемалардың және олардың варианттарын таңбалау үшін қолданылады. Ағылшын тілінде *th, ch, sh* т.б. диграфтар қолданылады.

Фонеманың айырым белгісі – белгілі бір фонеманы басқа фонемалармен қарама-қарсы қою арқылы анықталған белгі, оның мағына ажыратқыш белгісі (вокалды – вокалды емес, консонантты – консонантты емес, дауысты – дауыссыз, еріндік – езулік т.б.).

Тіл дыбыстары – фонемалар.

Фонема инварианты – дыбыстың нақты жүзеге асырылуындағы барлық негізгі қасиеттерін бойына жинайтын бірлік. Белгілі бір болмыстың нақты түрленімдерінен тыс дерексіз белгіленуі. Варианттарды тудыратын жалпы қасиеттер мен белгілер жиынтығының көрінісі және ол қасиеттердің әрбір вариантқа тән белгіленуі. Инвариант жеке объект ретінде қалыптаспайды, сондай-ақ «негізгі вариант» ретінде де бола алмайды (мысалы, фонема – түрлі функционалды белгілердің бірігуінен өзінің нақты қасиетіне орай жүзеге асқан инвариант, бірақ фонеманың өзі айтылмайды). Инвариант ұғымы – тілдік материалды таптастырудың, жіктеп, реттеудің құралы. Вариант пен инвариант бір-біріне қарама-қарсы қойылады.

Коррелят – өзара байланысқан, өзара қатынастағы тілдік бірліктер қатарының немесе жұбының бір мүшесі.

Корреляция – екі немесе одан да көп тілдік бірліктердің сәйкестік, тәуелділік қатынасы. Фонологиялық корреляция: барлық белгілері бойынша сәйкес келетін, бірақ бір белгісі бойынша қарама-қарсы болатын жұп фонемалардың қатары. Ұяң-қатаң белгілері бойынша дауыссыз корреляциясы: [б-п], [д-т]. Жуан-жіңішке белгілері бойынша дауысты корреляциясы: [о-ө].

Орфография – жазуда сөздің берілуі мен грамматикалық формаларының тұтастығы. Осы тұтастықты қамтитын ережелер жиынтығы және осы мәселені зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Орфоэпия – тілдің айтылым нұсқасын және оның тілдік дәстүрге сай дұрыс айтылымын іріктеп көрсететін фонетика саласы. Тілдегі айтылым нормасының жүйесі.

Жазу – белгілі бір тілдік ақпаратты, басқа да мағына элементтерін (қай кезде айтылған уақыт сипатына қарамастан) жеткізуге, қалыптастыруға арналған таңбалық жүйе. Жазу – адамзат тілінің қалыптасуының бір формасы.

Жазба (письменность) – аралық қашықтықта тілді жеткізуге мүмкіндік беретін, айтылған уақытында сақтауға негіз болатын графикалық таңбалар жүйесінің көмегімен дыбыстық тіл құралдары арқылы жасалатын қарым-қатынас құралы. Жазбада тілдің фонетикалық элементтерін бейнелейтін абстрактілі символдар қолданылады. Мысалы, үнді-еуропа тілдерінде көне египеттік, көне ариялық пиктографиялық жазу формасына ұқсас қарапайым ұғым бейнелері қолданылуы мүмкін. Жазуды ерекше таңбалық жүйе ретінде грамматология, эпиграфия, палеография салалары зерттейді.

Полиграф – жазуда фонема мен оның негізгі варианттарын бейнелеуге арналған екі, үш не одан да көп әріптен тұратын құрамды жазу таңбалары. Неміс тілінде *tsch, sch* т.б. полиграфтар қолданылады.

Фонема – тілдің дыбыстық қабатындағы ең кішкентай бірлік. Фонемада өзіндік жеке лексикалық немесе грамматикалық мағына болмайды, бірақ ол тілдің маңызды бірліктерін (морфема және сөз) ажырату үшін қызмет етеді:

1) бір фонеманы екінші түріне өзгерту арқылы басқа сөз тудыруға болады (от-өт-ат-ет-ұт-үт);

2) фонема ретінің тәртібін өзгерту арқылы да басқа сөз тудыруға болады (<қас> – <сақ>);

3) фонеманы алып тастау арқылы да басқа сөз жасауға болады: (<к>үйші –үйші);

Фонология – тіл дыбыстарын функционалды, мағына ажыратқыш қатынаста зерттейтін лингвистика саласы. Дыбыстың артикуляторлық-акустикалық белгілерін зерттейтін фонетика саласын фонологиямен шатастырмау қажет.

ТАЛДАУ, ТАЛҒАУ ЖӘНЕ САРАЛАУ: ҮМІТ ПЕН КҮДІК[48]

Үмітшілдердің айтуынша, орыс әліпбиі (кирилл әліпбиі) ұлт тілдерін ассимиляциялау мақсатын көздеп, кезінде зорлықпен, күштеумен танылған. Тоталитарлық қоғамның унитарлық саясатының салдарынан арылуымыз қажет деп, өзбектер де, әзірбайжандар да, түрікпендер де, молдавандар да латынға көшті, ал қазақтар шешек шыққан үйдей шетте жалғыз қала бермек пе? Түркі тілдестер бір әліпби кеңістігінде болғаны дұрыс (саяси фактор).

Ғылым да, білім де Батыста (Батыс деп отырғаны – Батыс Еуропа, Солтүстік Америка елдері), солардың озық технологиясын игергендер экономикалық жағдайын түзей бастады. Өркениеттің кең өрісіндегі елдермен әліпбиіміз де бір кеңістікте болуы қажет. Бәсекелеске қабілетті 50 елдің қатарынан орын алу жалпы ұлттық идеяға айналып отыр. Интернет жүйесіне кіріп, қазақ тілінің коммуникациялық ақпарат тарату, алу ауқымы кеңейеді (саяси-әлеуметтік фактор).

Қазіргі әліпбиде басы артық әріптер көп, емле ережелерін қайта қарау қажет, орыс тілінің жазу тәртібімен қазақ әліпбиінің кіндігі байланып қалған. Мұндай түйткілдерден жазу-сызуымызды арылту үшін латынға көшу қажет (лингвистикалық фактор).

Күдікшілдердің айтуынша:

Үшінші рет қаріп (шрифт) ауыстырудан не пайда? Жетпіс жыл бойғы рухани дүниеміздің келер ұрпақ тағы да көз жазып қалып, аға буын жаңа жазуды үйрене алмай, сауатсыз болып қалады (әлеуметтік-психологиялық фактор).

Ел жағдайы шүкіршілік дегенмен, әліпби ауыстыру қыруар қаржыны қажет етеді (экономикалық фактор).

Әліпби ауыстыру саясатын еліміздегі орыстілді отандастарымыз хош ала қоя ма? 8 мың шақырым шекаралас көршілеріміз де құптай қоймас, Ресейден теріс айналып, Батысқа бет түзеді деп түсінбей ме (саяси фактор).

Әліпбиді өзгертпей-ақ, кем-кетіктерді ішінара жөндеуге болады (лингвистикалық фактор).

Орыс жазуына жетпіс жыл бойы бауыр басып қалдық, исі сіңіп қалды, сондықтан әліпби ауыстыру жұртшылыққа қиын тиеді (психологиялық фактор).

Әліпби ауыстырып, латынға көшпесе де, экономикасы көш ілгері Жапония, Оңтүстік Корея тәрізді елдер бар. Қытай тәрізді алып ел бұл мәселені жылы жауып қойды. Одақтас елдің санатында болған грузин, армян елдері әліпби ауыстырамыз деп басын ауыртып жатқан жоқ. Олай болса, әліпби парадын жасаудың не қажеті бар? (әлеуметтік-мәдени фактор).

Міне, әліпби саясатымен байланысты 10-15 жылдан бері пікірталас, пікірсайыстың қысқаша мазмұны осы айтылғандарға саяды. Екі жақтың да өз дәлелдері мен пайымдаулары бар. Мұндай қарама-қарсы пікірлердің болуы либералды қоғамда орынды деп есептеледі.

Орыс жазуын латынға көшіру мәселесі Ресейдің өзінде батысқа терезе ашқан Петр патша заманында да сөз болған. Бірақ Православие шіркеуінің Византиядан кейінгі гүлденген Отаны болған Ресейдің ол кезде латын жазуына көшуі діни фактормен байланысты мүмкін болмай қалды.

---

[48] *Мақала «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы» атты жинақ, – Алматы: Арыс, 2007 ж. жарияланған.*

Жұртшылыққа жақсы белгілі, өткен ғасырдың 20-жылдары «ғаламдық революция» идеясымен «рухтанған» революцияшылдар орыс жазуын латынға көшіруді сөз етті, тіпті, 1928-30 жылдары Н.Ф. Яковлев басқарған үкімет комиссиясы орыс тілі үшін латын әліпбиінің үш түрлі жобасын жасады. Соңында большевиктер «ғаламдық революциядан» бас тартып әліпби ауыстыру да күн тәртібінен түсіп қалды. Оның орнына Ресей сияқты алып елде социализмнің салтанат құра алатыны жөнінде идея басшылыққа алынды. Тоталитарлық жүйе мұндай идеяны жүзеге асыру үшін елді, алдымен, бір жазуға (әрине, орыс жазуына) көшіріп, бара-бара бір тілде (әрине, орыс тілінде) сөйлету мақсатын көздеді. Түпкі мақсатты бүркемелеу үшін алдымен, ұлт тілдері жазуын латынға көшірді. Латынға көшкен, өзінің жазу-сызу дәстүрінен айырылып қалған, ал жаңа әліпбиге әлі бауыр баса қоймаған ұлттарды ендігі кезекте кирилшеге көшіру қиын бола қойған жоқ. Алайда грузин, армян тәрізді халықтарға жазу дәстүрі бар деп «кеңшілік» жасалғаны, ал әзірбайжан, өзбек, татар тәрізді жазу дәстүрі әріден келе жатқан елдерге «таршылық» жасалғаны түсініксіз еді. Сол тұстағы ұлтсыздандыру саясаты әліпби ауыстыруға ерекше мән берді. ТМД құрамындағы кейбір елдердің кирилшеден бас тартып, латынға көшуіндегі негізгі факторлардың бірі тоталитарлық жүйедегі саясатқа қарсылық еді. Ал олардың басқа әліпбиді емес, латынды таңдауы ғылым-білім жетістіктерін үйрену, батыстың озық технологиясын меңгеру, өндіріс қатынастарын қайта құру, экономикалық саясатынан тағылым алу т.б. тәрізді саяси-экономикалық фактормен байланысты болса керек.

Қазіргі кезде Ресей ғалымы С.А. Арутюнов жаһанданумен байланысты бір кездері орыс тілі әліпбиінің латынға көшіру мүмкіндігін жоққа шығармай отыр.

Әліпби ауыстыруды мақұл көріп және әліпби таңдауда қазақ зиялыларының да латынға қарай жығылып отырғаны осындай саяси, мәдени-әлеуметтік факторлармен байланысты.

Латын әліпбиінің ғылыми-техникалық прогреспен байланысты екенін, әрине, ешкім жоққа шығара алмайды. Қай ел болмасын ғылым-білім, техника, технология жағынан ілгерілеуді көздейді. Олай болса, Қытай сияқты алып ел неге иероглифті тастап, прогреспен байланысты әліпбиге көшпейді? Жапон, Корей елдері латынға көшпей-ақ ғылым-білім, техника, технология жағынан қатарынан озбаса, артта қалып қойған жоқ деген күдікті сұрақтың көлденең тұратыны да белгілі. Қытай елінің бір кезде (өткен ғасырдың 60-жылдары) латынға көшуді ниет еткені белгілі. Өйткені иероглифтің қолайсыз жағы да, қолайлы жағы да бар. Қолайлы жағы бұдан екі мың жыл бұрынғы біздің жыл санауымызға дейінгі Цинь жазуы, Ши Хуанди дәуіріндегі жазбаларды да қазіргі дыбыстау жүйесімен оқи береді. Ол заманында айтылмыш иероглифтің қалай дыбысталатыны белгісіз болса да, бүгінгі тілдің дыбыстық нормасымен оқи береді.

Қолайсыз жағы иероглиф-таңбаны жаттап алуға тура келеді. Сөз қанша болса, иероглиф-таңба да сонша. Иероглиф-таңбаны көбірек білген адам жазба коммуникацияда қиналмайды. Сондықтан қытай зиялылары дыбыс жүйелі жазуға көшуді де ойластырды және басқа әліпбиді емес, ғылыми-техникалық прогреспен байланысты болғандықтан латын әліпбиін таңдады.

Бірақ олардың әліпби реформасы жүзеге аспай қалды. Оның үлкен бір себебі қытай тілінің диалектілерімен сөйлеушілері, бір-бірінен шалғай жатқан провинцияның тұрғындары бір-бірімен ауызша каналдан гөрі, жазба коммуникация арқылы оңай түсініседі. Ал Пекин диалектісін дыбыстық жазу жүйесіне негіз етіп алғанмен, миллиондаған қытай оны түсінбес еді.

Жер жүзіндегі ұлт-ұлысты жазу-сызуына қарай дәстүрлі жазуы бар тілдер және жазу-сызуын өзге бір тілдерден қабылдаған тілдер деп екіге бөлуге болады. Дәстүрлі жазуы бар тілдер дегеннің өзі біршама шартты. Өйткені дәстүрлі жазуы бар тілдер әліпбиінде бір кездегі финикий, арамей, қытай, санскрит, грек, соғды, латын жазулары негіз болды. Мысалы, жапон, корей, вьетнам халықтары қытай иероглифін қолданды. Жазу-сызуына іштей, ішінара реформа жасағанмен, Оңтүстік Корея, Жапон елдері дәстүр сабақтастығынан жаңылған жоқ. Сол сияқты грузин, армяндар да кеңестік дәуірде «кеңшілік көріп», дәстүр жалғастығы мен сабақтастығын сақтап қалды. Егер бұл аталған халықтар әлдеқандай себептермен дәстүрлі жазуынан қол үзіп қалса, әліпби әуресімен бас ауыртатын мемлекеттердің қатарына қосылар еді және олардың да әліпби таңдауда латынға жіп тағуын жоққа шығара алмас едік.

Көкейге күдік ұялатар сауалдардың бірі: «біз көпэтникалы республикамыз, көршіміз – алып Ресей. Қазақстан ұлтаралық келісімді, дінаралық сыйластықты, еларалық ынтымақтастықты өз саясатында дәйекті ұстануға тырысады. Батысқа бет бұрғанымыз қалай? Ұстанып отырған негізгі ішкі-сыртқы саясатымызбен әліпби саясаты үйлесе ме?» – деген күдіктің болатыны да рас. Алайда ел-елдің тәуелсіздігін мойындап, егемендігін қолдаған славян мемлекеттері көршілестерінің ұлт тілін көркейтеміз, оның жазу-сызуын жөндейміз деген мәдени-әлеуметтік шарасына түсініспікпен қарайтындай парасаты жетеді деп ойлаймыз. Әрине, пиғылы теріс айдапсал саясаткерлер әр елде бар. Мәдени-әлеуметтік шараны саясаттың ойыншығына айналдырып, өз мүддесіне пайдаланып қалуды көздейтіндерді жоқ деуге болмайды. Егер осы әлеуметтік-мәдени шараны зиялы қауым БАҚ арқылы жалпақ жұртшылыққа объективті түрде жеткізе алса, оның негізінде лингвистикалық, мәдени-әлеуметтік факторлар жатқанын ашып көрсете алса, құба-құп болып, мәдени-әлеуметтік шараны бұрмалап көрсететін теріс пиғылды саяси астардың әсері соншалықты бола қоймас.

Жалпақ жұртшылық әліпби саясатында мәдени-әлеуметтік негіз жатқанын жете түсінуге тиіс.

Жазу-сызуға реформа жасау әр елде, әр заманда да болған. Бірақ бір замандарда әртүрлі халықтардың будда, христиан, исламды қабылдаумен байланысты, діни фактор күшті болса, ендігі бір кезде, мысалы, дүниежүзілік революция, СССР-де коммунизм орнату идеясымен байланысты саяси факторлар бірінші орында тұрды. Сондай-ақ қайсыбір тұста халықты жаппай сауаттандыру тәрізді мәдени-әлеуметтік фактор басым болуы ықтимал.

Әсіресе қоғамның бетбұрыс жасаған өтпелі кезеңінде саяси фактор күшті болады, ал қоғамдағы қиындықтар бірте-бірте шешіліп, сабасына түскен кезде, қоғам тұрақты даму жолына түсе бастаған тұста тілдік, психологиялық факторлар бірінші кезекке шығады. Біздің ойымызша, Республика Президенті Н. Назарбаевтың латынға көшудің мүмкіндігін қарастыру жөнінде ұсынысты 1991 жылы емес, дәл осы кезде (2006 ж.) айтуының бір себебі осында ма деп ойлаймыз. 1991 жылдардың басында зиялы қауым көтерген әліпби мәселесін Президент ұмыт қалдырып, дәл бүгінгі күні еске алған жоқ. Қазақстанның тұрақты даму жолына түсуін күтіп, «ғалымдар не дейді, жұртшылық қалай қарайды» деп, зиялы қауымның асықпай бір шешімге келуіне, өзара пікір сайыстыруына мүмкіндік берді. Сондықтан «мәселені ұмыт қылдырып, оған әлдеқандай себептермен табан астында қайта оралды» деуге болмайды.

Қалың жұртшылықтың бәрі бірдей қазіргі қазақ жазуының жай-күйінен толық хабардар дей алмаймыз. Олардың ішінде әліпби ауыстыруды қаріп (шрифт) ауыстыру

деп түсінетіндер аз емес. Мәселе тек қаріп (шрифт) ауыстырып, бір таңбаның орнына екінші бір таңбаны алуда емес, қазақ жазуының әліпбиін өзгерту арқылы графикалық құрылымын, орфографиялық жүйесін өзгерту қажеттілігінде болып отыр. Жалпақ жұртшылықтың бәрі бірдей қазіргі жазу жүйесінің қазақ тілінің дыбыстық құрамына, оның дәстүрлі нормаларына, стильдік құралдары мен риторикалық тәсілдеріне тигізетін кері әсерін байқай бермейді.

Болашақ тілдік субъектілер мен тілдік тұлғалардың санасына қазіргі жазудың басқаша ықпал ететін жайттары бірте-бірте байқала бастады. Осымен байланысты академик Ә.Т. Қайдар бастаған тіл мамандары дабыл қағып, қоғамдық ойға қозғау салды.

Сондықтан да, әліпби ауыстыру саясатында негізгі фактор – лингвистикалық фактор екеніне ерекше мән беруіміз керек. Бірақ лингвистикалық факторды негізге алғанда, мынадай ғылыми принципті естен шығаруға болмайды. Мысалы, латын жазуына көшу кирилл, иероглиф, араб т.б. әліпбилердің кемшілігінен, жарамсыздығынан деуге болмайды. Бұлай деу ғылыми-лингвистикалық принциппен үйлеспейді. Қандай да болмасын әліпбиді нақты бір тілге икемді етіп қолдану бар да, икемге келтіру, оңтайлы етіп ала алмай, зардабын тарту бар. Оңтайлы әліпби тілдің жүйесіне, нормаларына, заңдылықтарына сәйкес болатыны белгілі.

Қазіргі әліпбиіміз оңтайлы әліпби болмай отыр: тілдің дыбыстық жүйесімен де толық сәйкеспейді. Мысалы, қазақ тілінің дыбыстық құрамы 9 дауысты, 19 дауыссыздан тұрады. Негізгі тілдік дыбыстардың (фонемалардың саны – 28, ал әліпбидегі әріптердің саны – 42. Әріптің саны негізгі дыбыстардың санынан екі есеге асып кеткен. Бұл – әліпбидің оңтайлы, тиімді екенін көрсететін лингвистикалық критериймен мүлдем үйлеспейді. Әліпбидің тиімділігін бағалаудың критерийі бойынша, әліпбидегі әріптердің саны негізгі дыбыстардан соншалықты алшақ кетпеуі керек, негізгі дыбыстармен тең түсіп жатса дұрыс, ал әріп саны негізгі дыбыстардан аздап кем болса, одан да жақсы болып есептеледі. Мысалы, А. Байтұрсынұлы әліпбиіндегі (төте жазу) әріптің саны негізгі дыбыстан кемірек. Орыс тілі әліпбиіндегі әріптің саны негізгі дыбыстардан аз, сол сияқты ағылшын, неміс т.б. елдердің әліпбиіндегі әріптің саны негізгі дыбыстардан әлдеқайда кем.

Әліпбидегі әріптердің саны шамадан тыс көп болуы мектеп табалдырығын аттаған оқушыларымызға да оңай тимейді.

Ана тілінің дыбыстарын бейнелейтін әріптерді мектепке келген балдырғандарымыз дыбысқа (уәжге) сүйеніп, тез үйреніп алады. Сөйтіп, дыбыс пен әріптің байланысы оқушы санасында білімге айналады. Ал *ъ,ь,ц,щ...* тәрізді таңбаларды дыбыстық уәжі болмағандықтан, жаттап алуына тура келеді. Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне қатыссыз әріптерді жаттап, миға салмақ түсіреді. Бұл – мәселенің лингвистикалық-психологиялық жағы. 42 әріппен байланысты бұл қайшылықты, әсіресе, ұстаздар қауымы жақсы біледі. Бұл жайт, жоғарыда айтқанымыздай, кирилше әліпбидің түкке алғысыздығынан емес, я болмаса, кирилшені әуелде тіліміздің жүйесіне сай етіп ұқсата алмаған тіл мамандарының да кемшілігі емес. Қазақ лингвистерінің кәсіби біліктілік деңгейі қай кезде де төмен болған жоқ. Әліпбидегі түйткілдің түп тамыры тоталитарлық жүйенің Кеңестер одағындағы тілдерді, ұлттарды бірте-бірте ассимиляциялау саясатымен байланысты болды. Кеңестік кеңістікте халықтарды бір тілге көшіріп, Бабыл мұнарасын орнатып, көктегі коммунизмге қол жеткізбек болған идеологиялық қысымның салдарынан кирилше әліпбиіміз бұрмалауға түсті. Қазақ әліпбиіне енгізілген *в,ъ,ь,ц,щ...* тәрізді әріптер, алдымен, халықаралық терминдерді,

советизмдерді, онимдерді (жалқы есімдерді) орыс орфографиясымен жазу үшін енгізілген. Сонымен, қазақ әліпбиі таза ұлттық әліпби болмай, қосамжар әліпби болды. Қазақ орфографиясы да сиам егіздері сияқты, қосамжар орфография болып шықты. Қазақ мәтіндерінде қазақша жазылатын сөздер мен бөтен тілдің бөркін киген сөздер аралас-құралас жүрді. Сөйтіп, советизмдерді, интернационализмдерді, онимдерді Орталық орыс орфографиясымен бұлжытпай жазу үшін *ч,щ,ю,я,ъ,ь,ц...* тәрізді әріптерді енгізуге тіл мамандарын мәжбүрледі.

Шын мәнінде, жазба коммуникация үшін 28 әріп те жеткілікті еді. Ал 13-14 әріп шеттілдік сөзді орыс орфографиясымен жазу үшін әліпби құрамына кіргізілді. Сөйтіп, емле жүйесі басқа тілдің ережесіне кіріптар болып қалды. Өркениетті елдердің әліпбиіндегі әріптер әдетте өздеріндегі негізгі тілдік дыбыстарды (фонемаларды) таңбалайды, ал басқа тілдің сөзін жазу үшін арнайы әріп сайлап қоймайды. Өздерінің төл сөздеріндегі дыбыстарды белгілейтін әріппен шүршіттің сөзі болса да жаза береді.

Сонымен, қазақ әліпбиіндегі дыбыстардың бір бөлігі қазақ тілінің, екінші бөлігі орыс тілінің дыбыстарын белгілейтін құранды әліпби, қосамжар орфография болып шықты. Бұның салдарынан шеттілдік сөздерді дыбыстық жақтан игерудің тілдік механизмдері жұмыс істемей қалды. Тіл тегершіктерінің бірі жұмыс істемей қалса, бұл – дабыл қағатын жай. Орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінің дыбыс жүйесімен жымдасып, жарасым табудың орнына, алабөтен оқшауланып қалды. Бұрынғы кезде *плетен – белетен, купарос – көкбараз, вершок – бершек* деп орыс сөзін өз тілінің тәртібімен бауырына басты. Енді қазақ тілінің сөздік құрамында дыбыстық тезге түспеген, өңделіп, игерілмеген өгей сөздердің үйірі көбей берді, көбейе берді.

Қазақ жазуының ұлттық сипатынан ауытқып, басқа жаққа бет алып бара жатқанын айқынырақ елестету үшін газет, журнал, ғылыми кітап, оқулықтардың кезкелгенін алып, мәтіндегі сөздерді орфографиясына қарай топтастырып, таразылап көріңіз, таразының бір басында қазақ тілінің заңдылығымен, екінші басында бөгде тілдің тәртібімен жазылған алабөтен сөз үйірін байқайсыз. Жыл өткен сайын, «импортталған» сөздердің саны еселеп көбейіп келеді. Мұның өзі қазақ тілінің ежелден келе жатқан дәстүрлі нормасының бұзылу қаупін күшейте түседі, ал дәстүрлі нормасынан айырылған тіл қанаты қайрылған құстай дәрменсіз болып, қоғамдық қызметін ойдағыдай атқара алмайды.

Мен бұл жерде мәселені қолдан қоюлатып отырған жоқпын. Әрине, кірме сөзге «Қытай қорғанын» салсаңыз да тоқтата алмайсыз. Оларды тілдің өз мүлкіне айналдырып, мағыналық жақтан ғана емес, дыбыстық тұрғыдан да игеру қажет. Олай болмаған жағдайда орфоэпиялық ережеміз, дыбыстау нормамыз да дәрменсіз күйге түседі. Ұлттық университет, ұлттық академия, ұлттық әдебиет, ұлттық өнер, ұлттық тәрбие, ұлттық мемлекет, ұлттық қауіпсіздік дегенді жиі айтамыз. Өйткені, бәрінің іргетасы – ұлттық тіл. Ал оның ұлттық сипатына қаяу түсіп, тіні ыдырап жататындай болса, ұлттығымызға сын емес пе?!

Қайсыбіреулер «*... республика, конституция, ламинат, капитал* т.б. тәрізді сөздерді осылай, орыс орфографиясындағыдай жаза берейік, онда тұрған не бар» дейді. Сырт қарағанда, солай ғой, бірақ бұлар басқа тілдің дыбыстық коды, сондықтан, тілімізге сенбей, оқшау, жат дүниедей болып тұр. Орыс тілі кез келген шеттілдік сөзді өзінің дыбыс жүйесіне, жазу тәртібіне салып, сіңіріп, қорытып ала қояды. Орыс жазуының ұлттық сипаты күшті. Ал біз шеттілдік сөздерді өзіміздің дыбыстық жүйемен, өзіміздің жазба тіл жүйесімен тілімізге сіңіре алмасақ, игеріп

ала алмасақ, ұлттығымыз қайсы? Алайда қоғамымыздың тұрақты дамуына, экономикасының жақсаруына әсер ететін күшті факторлардың бірі ұлттық идея емес пе? Республика Президенті ұлттың дамуын тілдің дамуымен, ұлттың болашағын тілдің болашағымен байланысты қарау идеясын ұсынып отыр. Қазіргі жазу жүйеміз ұлттық идеямен қабыса ма? Тілдің негізгі заңдылығымен үйлесім тапқан жазу ғана ұлттық болса керек. Мысалы, орыс жазуы әлемдегі ең озық жазу, өйткені, онда орыс тілінің акценттік болмысы дұрыс бейнеленген. Тіліміздің заңдылығы, дәстүрлі нормасы бойынша, төлтума сөздеріміз бірыңғай жуан, я болмаса жіңішке әуезбен айтылады. Қазақ мәтіндеріндегі сөздер, төл сөзіміз болса да, шеттілдік сөз болса да, жуан/жіңішкелік үндесімге бағынуға тиіс. Сондықтан, зиялы қауым өкілдері қазіргі жазуымызды (әліпбиді, емле ережелерін, орфографиясын) түбегейлі реформалау мәселесін қоғам алдына қойып отыр.

Енді бір сәт ана тіліміздегі сөздердің дыбыс құрамына зер салып көріңіз, олардың көбіне бірыңғай жуан, я болмаса бірыңғай жіңішке сегменттік бірліктерден тұратынын байқайсыз. Ал профессор Ә. Жүнісбековтың концепциясы бойынша, жуан/жіңішкелік сөздің ұзына бойына тән просодикалық бүтін болып табылады. Қалай десек те, сөз құрамындағы дыбыстардың өзара үндесіммен айтылуы – ерекше феномен. Мұндай үндесім сөзішілік деңгейде ғана емес, одан жоғары тұратын сөзаралық құрылымдардың құрамында да кездесетін фреквенталий екенін байқауға болады. Мысалы, 1) *ата-ана, әке-шеше, ауыл-аймақ, ата-баба, қыз-қырқын*, т.б. деген қос сөздер өзара мағыналық үйлесіммен, әрі жуан үндесіммен айтылса, *әке-шеше, үлкен-кіші, көл-көсір,* т.б. деген қос сөздердің едәуір түрі жіңішке үндесіммен айтылады; 2) *қып-қызыл, қап-қара, жіп-жіңішке* тәрізді күшейткіш буындар да жуан-жіңішкелік үндесіммен айтылады; 3) профессор С. Сәтенова көрсеткендей қазақ тіліндегі едәуір қосорамды фразеологиялық тіркестердің сыңарлары да өзара мағыналық үйлесіммен, әрі дыбыстық үндесіммен айтылады: *күн десе көзі, ай десе аузы бар; ай дер әже, қой дер қожа жоқ; алып алты, жеп жеті болмайсың; ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, алты аласы, бес бересі жоқ.* 4) едәуір мақал-мәтелдердің құрамындағы сыңарлар да жуан-жіңішке әуезбен жұп құрайды: *атасы достың – баласы дос; жақсысын айт, жаманын тақап қой; жақсы бала еліне бас болады, жаман бала еліне қас болады, арамдықты адалдық жеңеді, жамандықты амандық жеңеді, көрмеген көлде естімеген қаздың даусы бар*, т.б. тәрізді қосорамды мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздер де мағыналық үйлесіммен, дыбыстық үндесімімен сөзді әрлендіріп тұр. БАҚ мәтіндеріндегі тақырыптардың да аттары мағыналық үйлесімімен тартымды болып тұрғанын байқаймыз: *бірлескен жобаның берері көп; иесі бардың игілігі бар; айбынды сардар арамызда екен* («Егемен Қазақстан»).

Сөз ішіндегі дыбыстардың ғана емес, қос сөздердің, күшейткіш буынды сөздердің, фразеологизм, паремиологизмдердің, газет тақырыптары мен айдарларының құрамындағы сөздер мағыналық үйлесіммен, дыбыстық үндесіммен айтылуы таза лингвистикалық қана емес, сондай-ақ, тілдік ұжымның когнитивтік санасында орын тепкен эстетикалық категория.

Тіліміздегі сөз әуенінің жуан/жіңішкелік оппозициясы бұрын тек тілдік факт деп, кейініректе тілдік заңдылық және норма деп танылса, ендігі жерде бұл феноменді тілдік тұлғаның (жеке тілдік тұлғаның, тілдік ұжымның) когнитивтік санасында кодқа салынған эстетикалық ақпараттар жүйесі деп тануымыз қажет.

Мен бұл жерде негізгі тақырыптан ауытқығандай болып кеткенім байқалып тұр. Негізгі айтпағым, әрине, бұл емес. Сонымен, жоғарыда біз шеттілдік сөздердің

ондап-жүздеп кіріп жатқанын айттық. Ал ондай «импортталған» сөздер қазақтың дыбыс әуезімен жазылмайтын (айтылмайтын) болса, бөтен тілдің тәртібімен жазылса, оның салдары мен зардабы қиынға соғатыны қазірдің өзінде байқалып тұр. Олай дейтініміз, жеке тілдік тұлғаның, тілдік ұжымның когнитивтік санасында сөздің жуан/жіңішке әуезі арқылы орныққан эстетикалық таным бірте-бірте көмескі тартады. Болашақ ұрпақтың тілдік санасынан фразеологизм, мақал-мәтел, көркем мәтіндегі сөздердің әуезді үндесімі бірте-бірте жоғала бастайды. Ұлттық тіліміздің ата-бабадан келе жатқан сыры мен сипатын жоғалтып аламыз ба деген үлкен қауіп бар. Ол бүгінгі әліпбиімізбен байланысты-ау демеуге әддіміз жоқ.

Әрине, латынға көшпей-ақ қолда бар әліпбидің артығын алып, кемтігін толтырып та қазіргі жазу-сызуымыздың бет-бағдарын ұлттық сипатқа қарай бұруға болар еді. Күдікшілердің бұлай деуінде қисын жоқ емес. Өйткені қолайын тапса, қазіргі бауыр басқан кирилшемен-ақ шеттілдік ауыс-түйістерді *өперәтір (оператор), кілінійке (клиника), іреспүубілійке (республика)* деп үндесім тәртібіне бағындыруға да болар еді-ау.

Әрине, әуел бастан-ақ осындай бағытпен жүргенде, бәлкім, мемлекетіміз қазіргі кезде әліпби саясатымен бас ауыртпауы да мүмкін еді. Бірақ бүгінгі кезде «импортталған» сөздерді өзге тілдің тәртібімен жазу санаға әбден сіңісті болып, стереотипке айналды. Оны икемдеп, иіп әкеліп, тіліміздің үндесіміне үйлестіретін кез артта қалды. Қазіргі сыңаржақ қостілділік жағдаятында бұндай мүмкіндіктің ауылы тым алыстап кетті. Бір кездері «Ана тілі» апталық газеті *үніберсійтет, іністиітот* тәрізді бірер сөздердің жазылуын үндестікпен үйлестірмек болған еді, мұндай жаңалықты жұртшылық хош алмады. «Баяғыда қостілділік заманы жоқ кездегі «оқымаған» ата-әжелеріміздің сөзіне ұқсайды» деген психологиялық кедергіге тап болды. Осы тәрізді психологиялық фактормен байланысты тағы бір қиындық – мемлекеттік тілді үйренуге бет алған орыстілді отандастарымыз *хлорды – қылор, холестеринді – кәлестеріин, кластерді – кіләстер* деп жазу керек дегенге илана қоймасы кәдік. Бұл тұста да психологиялық үлкен бөгетті еңсеру қиынның қиыны.

Бір кездегі саясатпен бұрмаланған бұрынғыны қайта қаузап, қалыпқа келтірейік деген күдікшілердің уәжінен гөрі, болашаққа қарай қадам басайық дейтін үміт-шілдердің дәлелін дұрыс көреміз.

Әлгідей сөздердің жазылуын басқа «бейтаныс» кодқа салып жазсақ, реципиент-тің қабылдауы басқаша болады: *өперәтір (оператор), униберсійтет, кләстер (кластер)* т.б. сөйтіп, санадағы стереотипті, психологиялық бөгетті айналып өтеміз. Сондықтан, жазудағы бет-бағдарымызды түзеудің жолы латын әліпбиіне көшу.

Сонымен, қазіргі жазуымызды реформалау мәселесінің көтерілгеніне 15 жылдай уақыт болды. 1991 жылдан бері латын әліпбиіне көшудің ұзын-саны 60-қа жуық жобасы жасалды. Ал Орхон әліпбиіне көшу, я болмаса төте жазу әліпбиін қолдану жөнінде ұсыныс айтылғанмен, жазу мәдениетімізді жетілдірудің нақты жобалары, бірен-саран болмаса, көптеп ұсынылған жоқ. Мұның өзі қоғамдық пікірдің ара салмағы үмітшілдер жағында екенін байқатып тұр. Әрине, үмітшілдер ұсынған жобалардың көптігі оңтайлы әліпби жобасын айқындауды жеңілдете бермейді.

Ұсынылған жобаларды талғау кезеңінің өз қиындықтары бар. Солардың негіз-гілерінің бірі «жақсы» деп танылатын «жобаны» анықтаудың лингвистикалық критерийлерін белгілеу. Ондай критерий бірнешеу болуы ықтимал:

– әліпбидегі әріптердің саны тілдің негізгі дыбыстардың (фонемалардың) санынан алшақ болмауы;

– әліпбидегі әріптер тілдің негізгі дыбыстық заңы – үндесімді дұрыс бейнелейтін болуы;

– басы артық таңбалардың, белгілердің болмауы; латын жүйелі әліпбиге иероглиф жүйесіндегі, болмаса дәйекше тәрізді араб жазу жүйесіне тән басқа графикалық элементтердің болмауы;

– үйренуге жеңіл, қолдануға қолайлы болуы т.б.

Үйренуге жеңіл, қолдануға қолайлы болуы үшін қазақ тілі дауыстыларының жуан-жіңішке болып жұп құрауын негізгі критерийлердің бірі ретінде алу қажет. Мысалы, бір ғана айырым (дифференциалды) белгімен ажыратылатын дауыстылардың әрпі өзара ұқсас болуға тиіс:

дауыстыларда:

A (а) – ä (ә)
O (о) – ö (ө)
U(ұ) – ü (ү) e (е)
I (ы) – ï (і)

дауыссыздарда:

B (б) – p (п)
D (д) – t (т)
K (к) – ǩ (қ)
G (г) – ğ (ғ)
S (с) – š (ш)
Z (з) – ž (ж)
N (н) – ń (ң)
J (й), l (л), w (у), m (м), r (р)

Біздің мақсатымыз – бұл жерде әліпби түзу емес, бір-бірінен бір ғана айырым белгімен ажыратылатын дыбыстардың әрпін белгілейтін таңбаларды өзара ұқсас әріптермен белгілеу принципіне мамандардың, педагогтердің көңілін аудару.

Қазақ жазуын реформалау қажет пе, жоқ па? Қажет болса, латынға көшпейақ кирилшенің өзін де реформалауға болмай ма? Әліпби ауыстырсақ, бұрынғы рухани құндылықтарымыздың бірі – Орхон әліпбиіне көшейік, төте жазуға қайта оралайық деген ұсыныстардың төңірегіндегі пікірталасты қайта өрбіткеннен гөрі сабақталған жіптің ұшын түйетін кез жақындады. Елбасы айтқандай, латынға көшудің мүмкіндіктерін қарастыратын уақыт болды. Таңдау, талғау кезеңінен өткен сияқтымыз. Ендігі кезекте латын әліпбиі жөнінде жасалатын отыз-қырыққа жуық жобаны саралау міндеті тұр.

ТҮҢІЛМЕСКЕ ТІРЕКТІ ТІЛ ӘЛЕУЕТІНЕН ІЗДЕСЕК...[49]

Мақала авторы – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, құрмет тұтар қаламгеріміз Бексұлтан Нұржекеұлы «Түңілмеске тілек бар ма?» деп, баршамызға сұрау тастап, өзінің ойтолғағында жүрген, бүгінгі әліпби, емле мәселесін ақтарыла айтқан екен. Ана тұстан, мына тұстан батыра айтқан жерлері де жоқ емес. Олай айтпаса, ойды ой қозғаушы ма еді?

Автордың адресаты А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, профессор Е.З. Қажыбек болғанымен, қалам ұшынан шыққан сөз тіл ұстағандардың, тіл ұстартқандардың баршасына қатысты екен. Сондықтан көтерген мәселеге, айтылған жайтқа, риторикалық сұрауға адресат өзі жауабын айтқан болатын. Дегенмен, біз де қарап отырмай, өз дегенімізше үн қосайық дедік. Сонымен, хош дей отырып, ойтолғақта айтылғанның бәрі болмаса да, бірер мәселесі жөнінде әр тұстан болса да айтарымызды қысқа қайырып айтсақ дедік. Бірінші. «Дәстүрлі мәдениетімізге сіңісті болған әліппе терминін сауат ашу деп өзгерте салудың өзі – сауатсыздық» деп автордың ашына айтқан сөзін қоштамасқа әддіміз жоқ. Өйткені әліппе шәкірттің қолына ұстаған тұңғыш кітабы қара танытқан, қадір тұтатын құралы ғой. Мектеп өмірінде әліппенің соңғы бетін жабуды әліппемен қоштасу демей ме? Тәрбиелік мәні бар бұндай дәстүрді «сауат ашумен» қоштасу демек пе? Үйреншікті әліппемізге бұрынғы атауын қайтару орынды болар. Шәкірт есінде мектеп кезеңі алғашқы қоңырау, алғашқы ұстаз, алғашқы кітап, әліппемен қоштасу, соңғы қоңырау дегендермен есте қалмай ма? Екінші. Елбасымыз бағдар беріп, бағыт көрсеткен үштілділікті, әрине, бәріміз де қолдаймыз. Өйткені жаңа технологиядағы әлемдік ақпараттың көшбасшысы ағылшын тілі екені белгілі. Сондықтан ағылшын тілін үйренуді жеделдете қолға алу өзекті мәселеге айналып отыр. Заман ағымы сондай. Алайда үштілділік бағдарламасын жүзеге асыруда қиғаштықтар орын алып бара жатқан жоқ па деген күдігімізді де жасыра алмаймыз. Бес-алты жасар баланың тілдік санасында ана тілінің құрылым жүйесі жеткілікті орнықпай жатып, шет тілін үйрету мен оқытудың нәтижесі қалай болмақ? Бұл тұста да ойымыз бөтен емес. Ақиқатында, бір жағынан, тіл субъектіде өмір сүреді. Субъекті деп отырғанымыз – халық, ұлт, мына Сіз бен Біз. Екінші жағынан, жаңағы субъектілердің өзі тілде өмір сүреді. Мысалы, анамның тілі менде өмір сүреді, мен анамның тілінде өмір сүремін. Мен бұл жерде сөз ойнатып отырған жоқпын. Ал бес-алты жастан ағылшын тілінде сайрап өскен бала қай тілдің субъектісі? Әрине, ағылшын тілінің. Олай болса субъектінің санасында бес-алты жастан орнығып қалатын тіл де – ағылшын тілі. Азды-көпті ана тілін білгенімен, жүре келе ондай тілдік тұлғаның санасынан ұлтымыздың құндылықтары жоғалады. Бұл айтылғандарды білетін де, түсінетін де, жаны ауыратын, ара-тұра болса да жанайқайын білдіріп дабыл қағып жүретін білімдар жандар, өзіңіздей танымал тұлғалар жоқ емес, бар. Бары бар-ау, бірақ жалғыз-жарым дауыс қанша жерге жетер дейміз. Ал жаңағы айтылған ұлттық құндылықтар, Тұңғыш Президентіміз – Елбасымыз айтқандай, дәстүріміздің, мәдениетіміздің коды. Әсіресе ана тіліміздің лексика-фразеологиялық, паремиологиялық қорындағы мәдени тілдік бірліктер – ұлтымыздың әлеуеті аса жоғары рухани құндылықтары. Қазақтардың дәстүрлі мәдениеті материалдық игілікті жоққа шығармайды. Қайта ерінбей еңбек

[49] *Мақала «Ана тілі» газеті, 2019, 16 қазанда жарияланған.*

ет, мехнатына, бейнетіне, машақатына шыда, сонда көрген мехнатың – дәулет, машақатың – рақат, бейнетің зейнет болып қайтады дейді.

Осындағы тілдік кодты ашсақ, материалдық дүниеліктер ұлттың рухындағы жомарттық, адалдық, қайырымдылық, бауырмалдылық т.б. құндылықтармен үйлесім тапса, игілікке айналады. Ұлттың өзіне тән дәстүрлі мәдениетіндегі ағайынгершілік, жасы үлкенді қадір тұту, ақсақалдық, кішіпейілділік, ұжымшылдық т.б. құндылықтар ана сүтімен баланың бойына сіңеді. Ондай бала ана тілінің базасында шет тілін меңгеруге тиіс. Үшінші. Қаламгер ағамыз *махаббат, ләззат, іззет* тәрізділерді *махабат, ләзат, ізет* түрінде орфографиялауды жөн деп біледі. Тілімізде қосар әріппен жазылатын бұдан басқа да *күллі, әдді, мүдде* тәрізді бір алуан, бірақ саны шектеулі «жабық» жүйедегі сөздер бар. Бұлар – ескі қазақ жазба тіліне (XVI-XX ғғ. басы) төсеніш болған ортаазиялық түркі жазба тіл дағдысынан келе жатқан, ескінің көзі. Бұлайша жазу қазіргі қазақ жазуында ғана емес, өзбек, ноғай, татар, қырғыз жазба тілінде кездеседі: түрік, өзбек, қарақалпақ, қырғыз тілінде де қосармен жазылады. Бұндай сөздерді дағды бойынша жазуды жөн көреміз. Сөйлеуде әлгідей сөздерді қосарлап айту ұшыраса бермейді. Бірақ көтеріңкі стильмен нәшіне келтіріп айтатын жайттар ән әуендерінде, сахна тілінде кездеседі. Мысалы, ұлы жазушы М. Әуезов «*махаббат* сөзін құлақты аймалайтындай етіп айту керек» деген екен. Оны бір кездері Әбіш Кекілбай ағамыздың естелігінен ұшыратқан сияқты едім. Төртінші. Сөздің ұшар басында *ы, і* әріптерінің жазылу/жазылмауы, өткен жүзжылдықтың 60-шы жылдарына дейінгі кезеңде жазу тәжірибесінде кездесетін елеулі қиындықтардың бірі болатын. Мысалы: *ылақ/лақ, ырас/рас, ылақтыр/лақтыр, ілек/лек, ілес/лес, ілгек/лгек, ілеген/леген,* т.б. Мектеп өміріндегі жазу-сызуда, баспа өнімдерін шығаруда бұл қиындық орфографиялық сөздік, анықтағыштар арқылы бірте-бірте реттеле түсті. *Л, р*-ден кейін, ашық *а, ә* біршама ашық *е*-лермен келетін тұста *лақ, лас, лайық, лай, рас, рақым, ләззат, ләйлек; лебіз, лезде, рәміз, ресми, реңді* деп жазылуы *а, ә, е* дауыстыларының билігінде. Ал аталмыш жартылай дауыссыздардан соң қысаң езулік немесе дауыссыз келетін орындарды *ілгек, ілмек,іліндір, лықа, ілкімді, ірі қара, іріктеу* деп жазу орнықты. Бұл ережені, алайда, Сіз білмейді деп айтып отырған жоқпын. Басқа білмесе де, редакторлық қаламыңыздан талай-талай кітап, журнал шыққан Өзіңіз жақсы білесіз. Алайда ойыңызда «неге олай?», «неге бұлай емес?» деген күмән мен күдік жүретінін де түсінеміз. Бірақ көңілде (дәлірек айтқанда, санада) ұялап қалған күдік-күмәнді сейілте алмасақ та, осы мәселеде тағы бір уәжді айтуға тура келіп отыр. Ереже біршама тұрақталғанға дейін *ылақ/лақ, ырас/рас, ылайық/лайық* т.б. сөздер әрі-сәрі жазылып келді. Дегенмен, *лақтату, лақтау, растату, лайықсыз* тәрізді сөздер қосымшамен түрленген тұста қысаңдар көмескіленіп, көбіне сөз басында *ы, і* әріптерінсіз жазу басымырақ болды. *Рақымет, лашын, лебіз* сөздері де осылай жазыла бастады. Өйткені әрі қысаң, әрі әсіре келте дауыстылар (ы, і, ұ, ү) сөздердің буын саны артып, екпін соңғы буынға ойысқан сайын естілімі дұдамалдана түседі. Сонымен қатар бұндайда мағына ажыратуға септігі тие бермейтін әсірекелте дауыстыларды белгілемеуді тілдің ішкі әлеуеті мүмкіндік беріп отырған жазудағы ықшамдылық үрдісімен байланысты деуге болады. Тілдегі ықшамдалу үрдісі – жазу-сызу (әліпби, емле, емле сөздігі) деңгейінде де болатын құбылыс. А. Байтұрсынұлы төте жазуда 9 дауысты (а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е), 19 дауыссызды, яғни 28 дыбысты 24 әріппен беретін әліпби түзді. Бұл дыбыс санынан әріп саны кем түсетін қайталамасы (аналогы) жоқ ең таңдаулы әліпби болды. Дыбыстың санынан әліпбидегі әріп санының кем болуы – тілдің жазу-сызу

деңгейіндегі ықшамдылық, жинақылық әлеуетімен байланысты. Өткен тәжірибені еске алсақ, ерінбейімді *и* дауыссызын қосар әріппен *ыи, іи*; дәл осы сияқты қысаң әрі әсіре келте еріндік *ұ, ү* мен жарты дауысты еріндік *у* дауыссыздарын *ұу, үу* түрінде қосарлап жазу немесе *и, у* түрінде дара әріппен жазу емленің ең қиыны болды. 20-50 жылдары көптеген сөз бірде *қыйын, бірде қиын* болып әртүрлі жазылып келеді. 1957 жылғы Негізгі Ережеден кейін тұрақталып, қазіргі кезде бірізді жазылатын болды. Бесінші. Қазіргінің жазу-сызу деңгейіндегі ықшамдылық, жинақылық әлеуетімен байланысты. Қазіргі латыншада *х* әрпі алынбай, *h*-ның енгізілуі де құптарлық. Өйткені *х* таңбасының дыбыстық мәні мен шарттылығы тым көп. Бұл айтылған 9-0 әріптің басы артық, қазақ жазуы үшін қызметі (графикалық жүктемесі) жоқ екені әуел бастан белгілі болатын. Жалғыз қазақ әліпбиі емес, СССР-дегі өзге де туыстас түркі және иран текті халықтардың мысалы, тәжік әліпбиінде де осы 9 немесе 8 әріп қаздай тізіліп тұр. Бұл «тоғызды» идеологиялық күштің қысымымен жазу-сызу деңгейіндегі ықшамдылық, жинақылық әлеуетімен байланысты. Өткен тәжірибені еске алсақ, ерінбейімді *и* дауыссызын қосар. Ал қазіргі латынша қазақ әліпбиінің басы артық тоғыздардан арылуы жазу реформасындағы шешуші оң қадамның бірі деп бағалаған жөн болар. *Мүмкіншілік – мүмкіндік, қадірменді – қадірмен, сөйткендіктен – сөйткенмен, бүйткендіктен – бүйткеннен, дұрыс екендігін – дұрыс екенін* тәрізді сөздердің жазылуына келгенде редактор қаламы ықшам тұрпатқа мән беріп жатса, тіл әлеуетінің ықшамдылық, жинақылық қасиетіне сай келер еді. Қайсыбірімізде «бір-екі әріпте тұрған не бар?». Бірер әріпті үнем көргеннен «не ұтамыз?» деген ой да болады. Әңгіме тілдің өзі мүмкіндік беріп отырған әлеуетін ескерусіз қалдырмауда болып отыр. Бұл әлеует – тіліміздің орташа мөлшердегі, мысалы үш буыннан асып кетпеуіне мүмкіндік беріп, реттейтін механизм. Бұндай сөздердің саны аз емес. Әңгіме әріп санында ғана емес, олардың қолдану, қайталану жиілігінде. Күнделікті шығып жатқан газеттер, жарық көріп жатқан журнал, кітаптар, жарқыл-жұрқыл жарнамалар... қысқасы, мәселенің түптөркіні ақпараттар тасқыны заманында жазба каналдағы сөздің графикалық ықшамдылығы қолданысқа оңтайлы болуы дегенге саяды. *Ырақат* деп жазуды дұрыс-ақ дегеннің өзінде, оқушыларымыздың дұрыстықтан ауытқып, *рақат* деп жазуға итермелеп отырған нәрсе – тілдің ішкі әлеуетіндегі ықшамдылық емес пе? Бұл жағын да ойлансақ. Басқаларды айтпағанның өзінде ғалым, жазушылардың жұртшылыққа белгілі *Рымғали Нұрғалиев, Рза Қонақова, Рахметолла Райымқұлов, Қ.Рысбергенова* сынды т.б. танымал есімдердің *Ыры-ырый-ыра* болмай, осы күйде жазылуының арғы себебі тілдің ықшамдылық әлеуетінің объективтенуі емес пе? Бір тұста жалғамалық үрдісі жүрсе, екінші бір тұста ықшамдылық үрдісінің қоса жүруі тілдің ішкі әлеуетімен байланысты. Бұндай құбылыстарды зерттеу, зерделеу барысында тек өз ғылыми ортамызда бір-бірімізге ғана айтумен шектеліп жүргеніміз рас, ал жалпақ жұртшылыққа кеңінен түсіндірмей жүрген кемшілігіміз де бар. Лингводидактикалық мазмұндағы көпшілікқолды құралдар жоқтың қасы деуге болады. Алтыншы. Әсіресе жазу-сызу, әліпби, емле ережелері сияқты жалпыхалықтық сипаттағы мәселелерге келгенде әрқилы пікірлер, пікір алуандығы болатыны түсінікті жайт. Олардың қайсыбірі пікірталас барысында тиянақ тауып жатса, қайсыбірі сындарлы сөз, дәлел мен уәжге тоқталмастан, әдейі қаузаған сайын өрши түсіп жатады. Бұл жерде айтайық деп отырғанымыз «қосар» ма?, «дара» ма? деген мәселе. Таластың басы жиырма-отызыншы жылдары басталып, аяғы 1957 жылғы емле ережесінен кейін тиянақ тапқан болатын. Бұрын *сұу/су, тұу/ту, кійм/киім, қыйын/қиын* болып әрі-сәрі жазылып жүрген сөздер

1957 жылғы Ережеден кейін бір ізге түсті. Алпыс екінші жылдан күні бүгінге дейін баспа беттерінде, мектеп өмірінде осыдан қате кетіп жатса, дабыл қағылып, шу көтерілер еді. Бірақ тиянақ тапқан талас әліпби – ауыстырумен байланысты «қосар» ма?, «дара» ма? дейтін мәселе қайта сөз бола бастады. Ғылыми орта болған соң, көтерілген мәселе бәрімізді де ойландыратыны белгілі. Институтта өткен теориялық семинарда пікір білдіруге, ереженің балама жобасын жасауға, баяндама жасауымызға бәріміздің де мүмкіндігіміз болды. Институт директоры Е. Қажыбек ешкімге, ешқайсымызға тосқауыл қойған жоқ. Пікірталаста, пікір алысу да мәнді өтпеді деп айта алмаймыз. Пікір алысуда, алдымен А. Байтұрсынұлы кезіндегі төте жазуында *қиын, тиын, ит, киім* деп те, *қыйын, тыйын, иіт, кійім* деп те жазылғаны айтылды. Бара-бара бұл мәселе 1920-1930 жылдары қызу пікірталасқа, аяғы дауға айналған. Қосармен жазудың «жоқшысы» қоғам қайраткері Елдес Омарұлы болса, дарамен жазудың «жоқшысы» педагог ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытов болды. Қарама-қарсы пікірлерді саралай келіп, оларды екі форматқа түсірдік. Біріншісі – а) Елдес Омарұлынікі, екіншісі – ә) Жүсіпбек Аймауытұлынікі. Біз бұл жерде сөздің жеке басын да, олардың қосымшалармен түрленімін де екі форматқа салып байқадық. Мыңдаған, он мыңдаған сөз екі, үш таңбаға дейін ұзарады. (Кесте) Ж. Аймауытов педтехникумда оқытушы болып жүрген кезінде өзінің көзбен көріп, басынан өткен тәжірибесі жөнінде былай деген: «Мен педтехникум бітіретін жігіттерге бастауыш мектепте қыс бойы тәжірибе сабағын бергізіп келемін. Сондағы менің көзім жеткені: бір қыс оқып, хат таныған ең зерек деген балалар «у» мен «и»-ды дұрыс жаза алмайды. Олар *сұу, асұу, тұу, татұу, биле, ине, бие, сила...* деп жазады. Бірінші кластың ең тәуір оқитын балаларына жазғызып көрдім. Мысал үшін Егем Алданазарұлы деген баланың жазғанын оқып көрсетейін: *табу, тұу, ине, бие, биле.* Бұлар білмеген соң, емлеге ең жетік деген осы кластың тағы бір Жайық Жанәліұлы деген балаға жазғыздым. Оның жазғаны: *сұу, асыу, табыу, татыу, тұу, біие, ине, иә, биие, сила.* Бұл «ұу»-ларды дұрыс жазғанмен, «и»-ге келгенде біресе жалғыз *и*, біресе *ы+и* жазып шатастырады. «Сұу»-да «ұ» жазып, «асыу»-да «ы» жазған себебін сұрағанымда, «ы» естіледі деп айтады. Сондықтан жаздым, – дейді. Міне, үш жыл оқыған бала әбден көзі қанғандықтан, мұғалімнің сөзіне нанғандықтан, «ұу»-дың жазуын әрең біліп, «и»-дің жазуын біле алмай отыр. Бұларды оқытқан – дыбыс әдісіне жетік, тәжірибелі мұғалім. Ол ол ма? Үш жыл оқыған бала түгілі, 8 жыл оқып, педтехникумды бітіріп, ертең өзі оқытқалы отырған, оқытып жүрген жігіттердің өзі «сыйыр»-ға неше «ы» жазылатынына әлі күнге дауласады».

а) форматы:	**ә) форматы:**
иітіиұу (7)	итиу (4)
сұұнұу (7)	суыну (5)
іймійтұу (8)	имиту (5)
ыйманыйлығымыздың (17)	иманылығымыздың (15)
ійіліктірұу (11)	ілiктіру (8)
тарыйхый (8)	тарихи (6)
қыйұуластырұу (13)	қиуластыру (10)
ырақаттандырұу (14)	рақаттандыру (12)
сұуландырмауұмұздың (19)	суландырмауымыздың (18)
жұұұнұұұ (8)	жуынуы (6)
бұұұнұұұ (8)	буынуы (6)
ыйландырұұұ (11)	иландыруы (9)
жұұұнұсұұұ (10)	жуынысуы (8)
ійлектенүүұ (11)	илектенуі (9)

Түбір сөздің мағыналық, дыбыстық ауанына қарай сөзжасамдық қосымшалар, жұрнақ, жалғаулармен түрленуін агглютинация (жалғамалылық) заңдылығы деп аталатынын Өзіңіз атын атап, түсін түстеген қадірмен ұстаздарымыздан білдік. Сол үйренгенімізді әрі қарай пайымдасақ, жалғамалылық барша түркі, оның ішінде, қазақ тілінің ғасырлар бойы қалыптасқан жұмыс істеу механизмі (тетігі) екен. Біз осы үрдіс бойынша сөз ұзындығы жағынан ұзара береді деп түсіндік. Профессор К. Аханов студенттік аудиторияда түбірді «паравозға», қосымшаларды «вагонға» балап, түсіндіретін де, оған *құлақтандырылмағандықтарыңыздың салдарынан* деген мысал келтіретін..... Алайда тілдің «ұзару» үрдісіне қарама-қарсы үрдіс бар екенін кейінірек біле бастадық. Ол үрдіс ресми линвистикада үнемдеу заңдылығы деп аталады. Осы екі үрдіс арқылы қазақ сөзінің орташа ұзындығы негізінен үш буынды болып, реттеліп отырады. Зерттеулерімізде, көбіне тіл табиғатының жалғамалық жағына көңіл бөлінді де, үнемделу, ықшамдалу жағына айтарлықтай назар аударылмады. Тілдегі үнемдеу (экономия) заңдылығы сайып келгенде, жинақылық, ықшамдылық дегенге саяды. Жазбаша сөздің мобильділігі жинақы, ықшам болу сапасына, ең алдымен, тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінге сыйдырып беретін мақал-мәтелдерден басталатынын халық таныған қаламгер ретінде Өзіңіз жақсы білесіз. Ықшамдылық – тіл құрылымының барлық деңгейінде кездесетін үрдіс. Мысалы, синтаксистік деңгейдегі бұл *жыл/биыл, бұл күн/бүгін, алып бер/әпер, алып кел/әкел* болып ықшам нұсқаның пайда болуы жинақылықпен байланысты. Өзіңізді куәға тартсам, *диқаншы, бағбаншы, мергенші, аспазшы, шаштаразшы, мердігерші, аттестациялау, механизациялау, комбайнерші,* т.б. ықшамдалып, *диқан, бағбан, мерген, аспаз, шаштараз, мердігер, аттестаттау, механикаландыру, комбайншы* болғанын тәжірибелі баспагер, редактор ретінде қаламыңыздың лексикалық деңгейдегі ықшам нұсқаға артықшылық бергенінен де бейхабар емеспіз. Бұны Сіз білгенмен, былайғы жұрт біле бермейді-ау дегендіктен айтып отырмын. Енді дыбыстық (фонетикалық) деңгейдегі жүздеген сөздің ықшамдалу үрдісіне бірер мысал келтіруге де тура келіп отыр: *ойын* сөзіне қосымша жалғағанда *ойына* емес, *ойна; тасы (ның) тасықын* болмай *тасқын*, *ұрлық*-тың *ұрылық* болмай, *ұрлық* болуы, *жиынның жиыналыс* емес, *жиналыс* болуы осы айтылған ықшамдылықпен байланысты дегіміз келеді. Бұндай дыбыстық жақтан ықшамдалған сөздер ықшамдылық (экономия) үрдісі бойынша осылайша орфографияланып жүр. Мағынаға тигізер шарпуы жоқ бұндай сөздердің «түбір» сақтау ұстанымы бойынша жазылмайтыны белгілі. Жазу-сызудың жинақы, ықшам болып, үнемділік ұстанымына сай келуі өз алдына. Бұл жерде жаңа латынға үйретушілер мен үйренушілердің көретін қиындығы 20-50-шы жылдар аралығындағы тас өткел тайғақ кешуге қайта түсіп, мәдени жұртшылықтың, мыңдаған, сан мың мектеп оқушылары мен студент жастардың беті қайтып қалмасына кім кепіл? Психолог-педагогтардың айтуынша, шұбыртпа жазуға әдеттегіден көп энергия жұмсалып, оқуда да, жазуда да автоматизм төмендейтін көрінеді. Құрметті Бексұлтан аға, мақалаңызда *йағный* деп жазылған екен. Бәлкім *ыйағыный* шығар? Байқаусыз жазылған ба? Әлде әдейі осылай жаздыңыз ба? Ол жағын білмедім. Институт сөзін *іністіитут* деп сындырып жазыпсыз, бірақ дұрысы *іністійтуут* емес пе? Сіздің мақалаңызбен айдар ашқан «Ана тілі» газетімізге үн қосқан титулды ғалымдардың бірі дара әріпті таратып жазу керектігін айта келіп, *қыру* сөзін *қырыу? Кіру* сөзін *кіріу* деп жазғанды жөн көріпті. Ал дара әріпті (у-ды) таратып жазудың із өкшесіне түсіп жүрген доктор, профессор ағамыз бұлай жазу «абсурд», өйткені езулік пен еріндік

қатар дыбысталмайды, дұрысы *қырқу,* кіркіу дейді. Міне, осыдан тағы да талас өрби береді. Тұңғыш Президентіміз – Елбасымыз бекіткен әліпбидің құрамына w («вау»-ды) кіргізем деп жар(ғақ) құлағы жастыққа тимей жүрген сол ағамыз әріптесінің *институт* сөзін *institwt, футболды fwtbol, ресурс* терминін *reswrs* деп жазғанын мүлде теріске шығаратыны белгілі. Өйткені әліпби түзуші ғалымның жүйесі бойынша *w* әрпі графикалық контекст бойынша тек дауыстылардан кейін келеді: *taw, suw*, т.б. Бұл арада қате көрсетіп, көзге шұқиын деп отырған мен жоқ. Тиянақ тапқан жазу-сызу нормаларын әр саққа бұра тартсақ, 20-50 жылдар аралығындағы бастан өткерген «тас өткел, тайғақ кешуге» қайта түсіп, одан қайта шығу қиынның қиыны болар. Әңгіме тек қиындықта емес. Менің айтпағым, жазу-сызудағы тіл әлеуетінің өзі ықшамдылық, оңтайлылық, жинақылық тәрізді қасиеттерге мүмкіндік беріп отыр. «Түңілмеске тірек бар ма?» деп, баршамызға сұрау тастадыңыз. Тірек бар екен. Қазақ тіліне құлдық ұра қара жұмыстарын істей жүріп, сол тіректі мен тілдің ішкі әлеуетінен іздедім. Тілдің ішкі әлеуеті – оның өміршеңдігі. Әлеуеті мықты тіл – өміршең тіл. Оны ақиық алғыр ақынымыз Мұқағали Мақатаев бәрімізден бұрын сезіп те, біліп те айтқан екен: *Ал екінші бақытым – тілім менің, Тас жүректі тіліммен тілімдедім. Кей-кейде дүниеден түңілсем де, Қасиетті тілімнен түңілмедім.*

КАЗАХСКИЙ АЛФАВИТ НА ОСНОВЕ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ[50]

С обретением независимости для многих народов бывшего СССР наступили благоприятные времена для возрождения родного языка, национальной культуры, народных традиций, усвоения уроков истории. В дело возрождения нации и ее языка, которое выпадает на долю далеко не каждого поколения, включились не только ученые, интеллигенция, общественные и политические деятели, но и многие рядовые граждане страны. Одной из актуальных проблем, связанных с экономическим, политическим и культурным развитием страны, является проблема развития казахского алфавита. В этом направлении сложились четыре различных мнения. После первых публикаций в отношении перехода на латинскую графику по данному вопросу было предложено 4 направления развития казахского алфавита.

Первое предполагает сохранение кириллицы. При этом утверждается, что мы уже привыкли к русской графике, на ней напечатана почти вся наша литература, научные труды и т.д. Кроме того при смене графики в одночасье утратится накопленное годами.

Второе предлагает возвращение к арабскому алфавиту А. Байтурсынова. По мнению сторонников этого направления необходимо восстановить многовековую историю Казахстана и традиционные связи с мусульманским Востоком.

Третье направление выступает за возвращение к истокам и возрождение исконного древнетюркского письма. По мнению его сторонников это связано с проблемой общетюркского национального престижа.

Четвертое направление предлагает переход на латинскую графику, что будет продолжением начатого в других тюркоязычных государствах перехода на латинскую графику, а также создаст оптимальные условия для включения страны в мировую информационную систему.

Необходимо отметить, что первые три варианта реформы казахского алфавита пока остаются на уровне идей. Тогда как последний, латинский вариант реально и повсеместно обсуждается, о чем свидетельствует появление более 20 проектов перехода на латинскую графику. В качестве авторов выступают не только лингвисты, но и специалисты самых различных областей знаний (инженеры, математики, педагоги и т.д.)

Анализ представленных проектов показывает, что по их характеру и содержанию можно определить три направления в конструировании казахского алфавита.

Первое направление – авторы проектов стараются перевести на латинскую графику все существующие в современном казахском алфавите 42 буквы. Для них исходным, т.е. лингвистическим (фонетическим) материалом является система казахского письма на основе кириллицы.

Авторы второго направления стараются жестко привязать казахский алфавит к системе знаков на клавиатуре компьютеров. Для них исходным лингвистическим материалом является англо-латинский клавиатурный стандарт.

Авторы третьего направления при составлении казахского алфавита опираются строго на фонологическую структуру казахского языка, т.е. для них исходным лингвистическим материалом служит состав и система звуков в казахском языке.

---

[50] *Мақала «ҚР ҒА Хабарлары» журналы, 2000, №1 санында К.Хұсайынов, Ә. Жүнісбековпен бірлескен авторлықта жарияланған.*

Основным недостатком первых двух направлений является отсутствие у авторов фонологического представления о звуковом строе казахского языка (Алтай и др. 1998), вследствие чего:

1. Отсутствует различие между буквой и звуком, например, буквами *И* и *У* обозначаются отдельные гласные (тогда как в звуковой системе казахского языка нет таких гласных).

2. Не учитывается традиция обозначения гласных и согласных букв, например, предлагается согласными буквами *W, X* обозначать гласные звуки *Ы, І*.

3. Традиционно сохраняются буквы *х, н (ӈ), ю* и *я*, хотя в казахском языке нет реальных звуков, соответствующих этим буквам.

4. Без учета психологических, методических и экономических ориентиров предлагаются усложненные и неоправданные комбинации знаков, например, звук *Ә* обозначается как *AE*, звук *j – OE, i – IE* и т.д.

5. Отсутствует единая система при обозначении сингармонических вариантов звуков, например, *Ў – J* обозначается как *U – Ü,* но *A –Ə* обозначается уже по другому принципу как А – Ə (было бы оптимально обозначение как *A – Ä).*

6. Предлагается обозначать каждый мягкий гласный «апострофом», например, *A', U '* и т.д. сколько бы их ни было в составе слова, что не отвечает требованиям принципа экономичности. Не лучше ли в таком случае система Байтурсынулы (Н. Уәлиұлы, 1999, 268-281).

7. Во всех проектах неправильно интерпретирован сингармо-сегментный звуковой состав букв *И, У, Я, Ю* современного алфавита.

8. При обозначении одного звука двумя буквами не учитываются закономерности сочетания звуков, например, недопустимы связки типа *TS, CC, Ai* и др. ибо в казахском языке возможна их реализация как двух самостоятельных соседних звуков (*атса, асса, айа* и т.д.).

9. В орфоэпическом плане неправильно обозначается звук *і* сочетанием знаков *NG*, т.к. со временем это приведет к его раздельному произношению как самостоятельных звуков в речи молодых поколений.

10. Спорны предложения о сохранении некоторых знаков русского алфавита типа *е, э, ъ, ь* и т.д.

Таким образом, эти и другие моменты в той или иной степени характерны всем без исключения проектам. Многие авторы включились в составление алфавита без должной лингвистической (фонологической) подготовки. Реформу алфавита авторы понимают как механическую замену одной буквы (кириллицы) на другую (латиницу). Отчасти этим можно объяснить такое обилие проектов и участие в дискуссии большого количества авторов.

Вместе с тем совершенно очевидно, что проблему алфавита нельзя решать без соответствующего учета фонологической системы казахского языка.

Принятие любого из этих проектов или какой-то комбинации из них чревато двумя главными негативными последствиями для произносительной нормы казахского языка.

Во-первых, сохранение как исходного фонетического материала качественного «стандарта» из 42 букв (хотя в разных проектах предлагается разное их количество) не приведет к подлинной реформе национального алфавита, т.к. сохраняются существующие в настоящее время иноязычные произносительные рычаги воздействия на звуковую систему казахского языка. Меняется только внешняя окраска, а разруши-

тельное воздействие произносительной нормы русского языка будет продолжаться. Вследствие чего исключается сингармоническая адаптация интернациональных и русских заимствований по правилам казахского языка.

Во-вторых, принятие как исходного фонетического материала «стандарта» из 26 букв (латинская раскладка клавиатуры) приведет к жесткому ограничению состава и системы казахского алфавита в пределах этой раскладки. В результате также не получим подлинно национальный реформированный алфавит. Специфические просодико-сегментные свойства звукового строя казахского языка будут нивелированы и завуалированы различными двух-трех буквенно-знаковыми сочетаниями. Из системы казахского алфавита выпадут зрительные ориентиры на специфические произносительные нормы языка, алфавит станет прямолинейным.

В обоих случаях последствия могут быть следующими:

а) фундаментальная структурная основа казахского алфавита, т.е. состав и система звуков казахского языка, для восстановления и развития которых проводится реформа, не будет использована в качестве критерия и ориентира составления алфавита;

б) дополнительные методические осложнения (зрительные, психологические, тактильные и др.) будут затруднять процесс обучения письму.

При создании нового казахского алфавита на основе латинской графики более рациональным представляется фонолого-сингармоническое направление, при котором: 1) система и состав алфавита должны быть подсказаны фонологией сингармонизма в казахском языке и каждый звуковой сегмент должен иметь собственный знак; 2) алфавит и графика должны быть такими, при которых орфография будет рациональной и легкой для усвоения; 3) самое главное, алфавит и графика должны максимально облегчить обучение грамоте.

Для этого необходимо, в первую очередь, правильно определить состав и систему звуков в казахском языке (к сожалению, почти все авторы проектов алфавита не очень ясно представляют себе количественный и качественный фонетико-фонологический состав гласных и согласных казахского языка).

Ниже нами даются фонетико-фонологические описания гласных и согласных в казахском языке.

Фонетические характеристики гласных и согласных в казахском языке

Как известно, «совершенство графики определяется тем, насколько она позволяет, по возможности небольшим числом букв, полно и вместе с тем просто передавать на письме звуковую сторону языка» (Зиндер, 1979, с. 283). Следовательно, при создании нового письма для языка или при реформе существующего письма очень важно правильно определить «звуковую сторону языка». С этой целью нами проведен фонетический анализ гласных и согласных звуков казахского языка.

Гласные звуки. В казахском языкознании до сих пор нет единого мнения о составе и системе гласных звуков. Разные авторы по-разному определяют количество гласных (в пределах 11-15, об этом более подробно: Мырзабеков, 1999, с. 29-40).

Расхождения во взглядах различных ученых относительно состава гласных звуков казахского языка и их акустико-артикуляторной характеристики довольно значительные. После тщательного фонетико-фонологического анализа мы пришли к вы-

воду, что гласных в казахском языке всего 9 (Джунисбеков, 1979). Следует отметить, что «результаты фонологического и инструментального анализа дают возможность по-новому оценить приводимые в лингвистической литературе сведения о составе гласных казахского языка и их артикуляционно-акустических свойствах. Оказалось, что определяемые до сих пор как широкие гласные монофтонги *E, O, j* являются дифтонгами. Их акустическая неоднородность хорошо определяется на слух ...» (Джунисбеков, 1988, с. 34; Строй ..., 1991, с. 10).

Ниже дается фонетическая классификация гласных казахского языка (Таблица 1).

		Переднеязычные		**Среднеязычные**		**Заднеязычные**	
		негубные	**губные**	**негубные**	**губные**	**негубные**	**губные**
Монофтонги	закрытые			і	ү	ы	ұ
	открытые			ә		а	
Дифтонги				е (йе)	ө (уө)		о (уо)

Таблица 1. Гласные звуки.

Согласные звуки. Относительно количественного состава согласных и их акустико-артикуляционной характеристики так же нет единого мнения среди ученых. Сторонники акцентно-фонемного анализа состав казахских согласных определяют 23 и более фонемами (об этом более подробно: Мырзабеков, 1999, с. 53-58). Сторонники же сингармонического анализа выделяют 17 согласных звуков (Джунисбеков, 1988, с. 43). Разногласия между сторонниками акцентно-фонемного и сингармонического анализа касаются фонологического статуса І, к, ˈ, г, х, Ї, и, у (w) (Строй...,1991, с. 10-12). В исконно казахском консонантизме мы выделяем 17 согласных звуков.

Сингармонические характеристики гласных и согласных в казахском языке

Анализ звуковой структуры казахского слова позволяет выделить четыре сингармонических тембра – твердый губной, мягкий губной, твердый негубной, мягкий негубной. Следовательно, казахский язык является политембральным языком. Сингармонизм – своеобразный результат коартикуляции между гласными и согласными. Эта коартикуляция в фонологической системе казахского языка является фундаментальным артикуляционно-акустическим механизмом реализации слова. Нарушение этого механизма недопустимо. Таким образом, под сингармонизмом мы понимаем однородную тембральную организацию всех звуков, как гласных, так и согласных, составляющих фонетический облик слова в целом. Это касается и односложных, и многосложных слов (в которых однородный тембр объединяет уже слоги).

Сингармонические гласные. Из всего многообразия положения органов речи при образовании гласных **нас интересуют** только движения языка по горизонтали и участие губ, что составляет характерные артикуляционные признаки сингармонизма.

Фонетические признаки сингармонических вариантов гласных выделяются положением языка по горизонтали и лабиальной артикуляцией (Таблица 3). Гласные нижнего подъема А и Ә являются сингармоническими вариантами одного открытого

гласного, гласные верхнего подъема Ы, І, Ұ, Ү–одного закрытого гласного, сложные гласные О, Ө, Е –одного дифтонга.

Таким образом, девять гласных казахского языка являются сингармоническими вариантами **трех гласных**: открытого, закрытого и дифтонга. Система вокализма казахского языка состоит из **трех гласных**, которые реализуются в виде девяти сингармонических вариантов.

	Твердый негубной	**Мягкий негубной**	**Твердый губной**	**Мягкий губной**
Закрытый	Ы	І	Ұ	Ү
Открытый	А	Ә		
Дифтонг		Е	О	Ө

Таблица 3. Сингармонические варианты гласных.

Сингармонические согласные. До сих пор, как в теоретической, так и учебно-методической литературе каждый казахский согласный имеет одно единственное фонетическое описание.

Вместе с тем результаты анализа произносительно-слуховых характеристик исконно казахских согласных звуков подтверждают тезис о том, что «... каждый согласный – это система, состоящая из четырех сингармозвуков» [Джунисбеков, 1998, с. 43], которые между собой имеют одновременно общие и взаимоисключающие артикуляторно-акустические признаки.

На этом основании можно внести следующие новые данные в «фонемный» статус некоторых спорных согласных в казахском языке, хотя, по нашему мнению, лучше было бы говорить об их сингармоническом статусе, чем о фонологическом:

а) сильное артикуляторное и заметное слуховое различие согласных ±-К, Ғ-Г замечено всеми исследователями. Не вдаваясь в суть существующих споров вокруг этих согласных, лишь отметим, что сама проблема является сингармонической. И должна решаться на сингармоническом уровне. А сингармоническая интерпретация их фонологического статуса говорит о том, что их фонемная дифференциация не корректна.

б) для исследователей незамеченными пока остаются сингармонические артикуляторно-слуховые характеристики согласных і, Й. Здесь служит, на наш взгляд, малозаметное субъективно-перцептивное различие, хотя их сингармонические оттенки также имеют сильное артикуляционное (среднеязычно-увулярное) различие.

Безусловно, некорректной является «гласно-согласная» интерпретация звука У (W) Его место как согласного звука найдено в консонантной системе казахского языка.

Система сингармовариантов каждого согласного образуется путем противопоставления признаков по твердости-мягкости, огубленности – неогубленности. Очень важно иметь в виду, то, что в казахском языке компоненты слога взаимно предсказуемы. Следовательно, исключается появление сингармовариантов одного согласного в одинаковой фонетической позиции.

Проект казахской латинской графики

Письмо для сингармо-слогового языка, каким является казахский язык, по идее должно быть сингармо-слоговым (ср. фонологические принципы древнетюркского письма). Однако нынешняя цивилизация с ее европейскими культурно-экономиче-

скими интеграционными тенденциями диктует иное решение. Этим решением является только вариант принятия латинского алфавита, который рожден и приспособлен для акцентно-фонемных языков.

Следовательно, сущностью проблемы перехода на латинскую графику является, каким образом приспособить акцентно-фонемное латинское письмо к сингармо-слоговому казахскому языку, т.е. найти безболезненное и оптимальное лингво-экономическое решение, не искажающее «произносительные нормы» казахского языка. Специалисты хорошо знают, каким ущербным для орфоэпической нормы казахского языка является нынешний вариант кириллицы. Если не будет найден оптимальный лингвистический и учебно-методический вариант латинской графики для казахского языка, то разрушение «звукового строя языка» благодаря массовому внедрению англо-латинского компьютерного шрифтового (письменного) стандарта будет идти быстрыми темпами.

При создании нового казахского алфавита необходимо учесть опыт составления сингармонического письма, основой которого является фонология сингармонизма, т.к. каждый языковой сегмент (гласный и согласный) в казахском языке состоит из системы сингармонических вариантов. Из их сингармонически упорядоченных линейных комбинаций образуются сингармонические слоги и слова.

Алфавит сингармонического письма можно построить с опорой как на согласные (древнетюркское письмо), так и на гласные (современное казахское письмо). Если сингармонический признак (а это ведущий компонент сингармонического письма) будет включен в гласные знаки, то увеличивается число гласных букв и уменьшается число согласных букв (9: 17). И наоборот, если сингармонический признак будет включен в согласные знаки, то увеличивается число согласных букв и уменьшается число гласных букв (3:68 при лингво-лабиальном сингармонизме и 5:34 – при лингвальном сингармонизме).

Такой выбор имеет принципиальное значение. В свое время блестяще решил эту проблему А. Байтурсынов. Он вывел сингармонический признак с помощью диакритики за слово (т.е. поставил вне слова) и добился одновременного сокращения как гласных – до пяти, так и согласных – до семнадцати (имеются ввиду исконно казахские звуки).

Поскольку при нынешнем переходе на латинскую графику мы поневоле вынуждены будем придерживаться индоевропейской традиции составления алфавитов, основой сингармонического письма будут гласные. И сингармонический признак казахского слова, как и при кириллице, будет включен в гласные знаки. Таким образом, каждый гласный, сколько бы их ни было в составе слова, будет сигнализировать (нести информацию) о сингармонической произносительной модели слова. Конечно, это неимоверно избыточно и неэкономно, а также методически перегружено, однако другого выхода пока нет. Инертность и шаблонность лингвистической мысли в тюркологии, как показала дискуссия по реформированию алфавита, не позволяют предложить другие оптимальные и историко-фонологически оправданные варианты.

Результаты фонетико-сингармонического анализа будут служить лингвистической основой проекта латинской графики для казахского языка.

Как отмечалось выше, в казахском языке 9 фонетических гласных звуков. Однако фонология сингармонизма позволяет упростить систему казахского письма (алфавита). Если основой алфавита будет служить палатальный (твердость-мягкость)

сингармонизм, то в качестве опорных знаков можно принять всего 5 букв (Таблица 4) и с помощью диакритики получить еще 4 буквы.

Далее, если основой алфавита будет служить одновременно палатально-лабиальный (твердый – мягкий, губной – негубной признаки) сингармонизм, то в качестве опорных знаков можно принять всего 3 буквы и с помощью диакритики можно получить еще 6 букв. Но этот вариант тема для отдельного разговора и он здесь не рассматривается. Так как в данном случае в качестве сингармонической основы латинской графики берутся гласные знаки, необходимо будет учесть все 9 гласных звуков.

С согласными ситуация более сложная. Здесь фонология сингармонизма позволяет в качестве опорных знаков для согласных принять 17 букв, хотя фонетических (слышимых) согласных звуков в языке гораздо больше. В настоящее время мы имеем традиционный алфавит, который основан отчасти на фонологии сингармонизма, отчасти на артикуляторно-слуховом эффекте звука.

		Переднеязычные		**Среднеязычные**		**Заднеязычные**	
		Негубные	**губные**	**Негубные**	**губные**	**негубные**	**губные**
Монофтонги	закрытые					ы	Ұ
	открытые					а	
Дифтонги				е (ие)			о (уо)

Таблица 4. Лингвальные сингармонические гласные.

Вместе с тем традиционное ориентирование носителей казахского языка на субъективное слуховое восприятие и некоторые методические соображения (в плане орфоэпической нормы) делают сингармо-фонетический вариант приоритетным.

Предлагается следующий вариант алфавита на основе латинской графики (Таблица 5).

В проекте алфавита основных знаков (букв) 20 и еще 6 букв с диакритикой (точки или черточка). Всего получается 26 букв. Диакритика введена с целью облегчения обучения грамоте, т.е. у ученика существуют навыки написания опорных букв, остается только поставить над ними точку или черточку.

1. Мягкие гласные Ә=Ä, Ө=Ö, Ұ= U дополнены диакритикой (две точки), I = I (одна точка) над буквами.

2. Учитывая сильные артикуляторно-акустические различия между Қ, Ғ К,= Г целесообразно их различное обозначение (с диакритикой и без нее). Тем более, это делает казахскую графику орфоэпически гибкой.

3. Учитывая практику применения вспомогательных элементов звук ң обозначается как N, звук Ш как S.

4. Нехарактерные для казахской речи (т.е. введенные искусственно) и практически отсутствующие в речи (и нарушающие произносительные нормы) звуки X и h исключены из проекта.

5. Для удобства в практике и методике в случае с указанными буквами можно будет оставить только одну диакритику (точку или черточку). Мы пока остановились на «умлауте» (точки), можно подумать о «байтурсыновском алфавите».

Для казахского алфавита можно было бы ограничиться 26 буквами, но учитывая исторические и интеграционные связи с другими государствами, необходимы дополнительные знаки (что требует отдельного обсуждения). Хотя из алфавита исключен знак *h*, его можно использовать в связке с другими буквами. При этом знак *h* будет добавлять щелинное артикулирование к первому компоненту (см. дополнительные знаки).

В заключение отметим, что опыт введения алфавитов французского, немецкого и других языков в компьютерную технику наглядно показывает необходимость приспособления компьютера к конкретному языку, а не наоборот. Экономическая сторона проблемы имеет очень важное значение, особенно для современного Казахстана, но она не должна превалировать, оказывать разрушающее влияние на исконно казахскую произносительную норму.

	Твердые			Мягкие		
	Каз.	**Наз.**	**Лат.**	**Каз.**	**Наз.**	**Лат.**
1.	Аа	А	Aa	Әә	ә	Ää
2.	Ыы	Ы	Ii	Іі	і	Ii
3.				Ее	е	
4.	Оо	О	Oo	Өө	ө	Öö
5.	Ұұ	ұ	Uu	Үү	ү	Üü
6.	Бб	бы	Bb			
7.	Ғғ	ғы	Gg	Гг	гі	Gg
8.	Дд	ды	Dd			
9.	Жж	жы	Jj			
10.	Зз	зы	Zz			
11.	Йй	ый	Yy			
12.	Ққ	қы	Kk	Кк	кі	Kk
13.	Лл	ыл	Ll			
14.	Мм	мы	Mm			
15.	Нн	ны	Nn			
16.	Ң	ың	Nn			
17.	Пп	пы	Pp			
18.	Рр	ыр	Rr			
19.	Сс	сы	Ss			
20.	Тт	ты	Tt			
21.	Уу	ұу	Ww			
22.	Шш	шы	Ss			

Таблица 14. Проект казахского алфавита на основе латинской графики.
Дополнительные знаки:
Ф – Ff или (PH ph) В – Vv или (BH bh) Ц – TH th
Х– KH kh Ч – CH ch Щ – SH sh

Таким образом, рассмотрев важнейшие лингвистические вопросы перехода казахского языка на латинский алфавит, мы приходим к следующим выводам:

1. Основными аспектами являются полная ориентация на количественный и качественный состав современного казахского алфавита, предпочтение английского варианта латинского алфавита современной компьютерной клавиатуры, пренебрежение закономерностями фонетико-фонологической системы казахского языка.

2. В отличие от ранее опубликованных вариантов предлагаемый новый казахский алфавит на основе латинской графики базируется прежде всего на фонетико-фонологически корректно определенном составе исконно казахских гласных и согласных звуков, на закономерностях сингармонизма в казахском языке.

3. Вопрос о написании заимствованных звуков (слов) необходимо решать отдельно для каждого конкретного случая.

Литература:

1. Алтай М., т.б. Латын негізіндегі қазақ әліпбиі. Жобалар. – Алматы, 1998.

2. Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және Қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: «Ғылым», 1999.

3. Зиндер Л.Г. Общая фонетика. – Москва, 1979.

4. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1998.

5. Джунисбеков А. Гласные казахского языка. – Алматы, 1979.

6. Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова. Автореферат дис... доктора филол. наук. – Алматы, 1988.

7. Строй казахского языка. Фонетика. – Алматы, 1991.

«БАРА-БАРА ҰЛТТЫҚ ТІЛІМІЗДІҢ АТА-БАБАМЫЗДАН КЕЛЕ ЖАТҚАН СЫРЫ МЕН СИПАТЫН ЖОҒАЛТЫП АЛАМЫЗ БА?» ДЕГЕН ҮЛКЕН ҚАУІП БАР (сұхбат)[51]

– Нұргелді аға өзіңіз де білесіз, соңғы кездері «Қазақ неге әліпби ауыстыруға құмар?» дегендей екіұдай пікірлер жиі айтылып жүр. Сіз осыған қалай қарайсыз? Өзіміз өз болғалы әліпбиіміздің әлденеше рет ауысқаны шынымен де біздің осыған құмарлығымыздан ба?

– Қазақ әліпбиінің осы уақытқа дейін бірнеше рет өзгеруі ол біздің осыған құмарлығымыздан немесе әліпби ауыстырғыштығымыздан емес. Шындығын айтқанда, бізге оны күштеп ауыстырғызып келді. Егер қазаққа салса сол баяғы Байтұрсынов әліпбиінде қалатын еді. Өйткені таза лингвистикалық фактор тұрғысынан алғанда, араб графикасы негізінде жасалған Байтұрсыновтың әліпбиі мықты әліпби болатын. Бірақ бұл жерде батысқа қарай бет бұру, ғылым мен техника тіліне жақындау деген сияқты басқа да саяси-әлеуметтік, психологиялық факторлар орын алып отыр.

Негізі, біз латын жазуында бұрында болғанбыз. Бірақ ол кезде қазақты немесе одақ құрамындағы басқа да халықтарды латын жазуына көшіргенде тоталитарлық жүйе оларды «Батыстың озық ғылым білімін игерсін» демеді. Сол халықтарды өзінің дәстүрлі жазу-сызуынан қол үздіруге тырысты. Сөйтіп, бүкіл елді алдымен бір жазуға (орыс жазуына) көшіріп, бара-бара бір тілде (әрине, орыс тілінде) сөйлету мақсатын көздеді. Түпкі мақсаты бүркемелеу үшін ұлт тілдері жазуын алдымен латынға көшірді. Латынға көшкен, өзінің жазу-сызу дәстүрінен айырылып қалған, ал жаңа әліпбиге әлі бауыр баса қоймаған ұлттарды артынша кирилшеге көшіру қиын бола қойған жоқ. Сол тұстағы ұлтсыздандыру саясаты әліпбиге ерекше мән берді. Сондықтан ТМД құрамындағы өзбек, әзірбайжан, түрікпен, молдаван елдерінің соңғы жылдары кирилшеден бас тартып, латынға кетудегі негізгі факторлардың бірі де тоталитарлық жүйенің унитарлық саясатына қарсылық болды. Қазіргі кезде біздің де латынға көшуіміз қажеттілік болып отыр. Осы ретте, біраз ғалымдарымыз: «Мүмкін, мұны «латынға көшу емес, қайтып оралу» деп айту керек шығар» деп жүр. Бұл сөздің де жаны бар. Сонда жаңағыдай «қаріп ауыстыруға құмар» деген айыптаудан құтыламыз.

– Жалпы, біз кириллицадан не себепті бас тартып отырмыз?

– Оның бірнеше факторы бар. Саяси факторы – жоғарыда айтқанымыздай тоталитарлық жүйенің күшпен таңған нәрсесінен бас тарту. Ал әлеуметтік мәдени фактор дегенде – «ғылым да, білім де Батыста. Солардың озық технологиясын игергендер экономикалық жағдайларын түзей бастады. Өркениеттің кең өрісіндегі елдермен әліпбиіміз бір кеңістікте болуы қажет. Латын қарпіне көшсек қазақ тілінің Интернет жүйесіне кіру, коммуникациялық, ақпарат тарату, алу ауқымы кеңейеді» деген уәж айтылады. Менің өз ойым қазіргі заманда бұлардың бәрінен де лингвистикалық фактор маңызды болуы тиіс. Мысалы, біз латынға көшсек, не ұтамыз? Жазуымыздың мәдениеті көтеріле ме? Қолданылу жағдайы жақсарады ма?...

– Ендеше, осы жағына тереңірек тоқталып өтсеңіз? Шынымен де, лингвистикалық тұрғыдан алғанда, біз не ұтамыз?

---

[51] *Сұхбат «Айқын» газеті, 2007, 3 сәуірде жарияланған.*

– Бұл арада мынадай ғылыми принципті естен шығаруға болмайды. Мысалы, латын жазуына көшу кирилл, иероглиф, араб т.б. әліпбилердің кемшілігінен, жарамсыздығынан деуге болмайды. Бұлай деу ғылыми-лингвистикалық принциппен үйлеспейді. Қандай да болсын, әліпбиді нақты бір тілге икемді етіп қолдану бар да, икемге келтіріп, оңтайлы етіп алмай, зардабын тарту бар. Оңтайлы әліпби тілдің жүйесіне, нормаларына, заңдылықтарына сәйкес болатыны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі әліпби оңтайлы әліпби болмай отыр, тілдің дыбыстық жүйесімен де толық сәйкеспейді. Мысалы, қазақ тілінің дыбыстық құрамы 9 дауысты, 19 дауыссыздан тұрады. Негізгі тілдік дыбыстардың саны – 28, ал әліпбидегі әріптердің саны – 42. Яғни әріптің саны негізгі дыбыстардың санынан екі есеге жуық асып кеткен. Әліпбидің тиімділігін бағалаудың критерийі бойынша, әліпбидегі әріптердің саны негізгі дыбыстардан соншалықты алшақ кетпеуі керек. Негізгі дыбыстармен тең түсіп жатса, дұрыс, ал әріп саны негізі дыбыстардан аздап кем болса, одан да жақсы болып есептеледі. Мысалы, А.Байтұрсынұлы әліпбиіндегі (төте жазу) әріптің саны негізгі дыбыстан кемірек. Орыс тілі әліпбиіндегі әріптің саны да негізгі дыбыстардан аз. Сол сияқты, ағылшын, неміс т.б. елдердің әліпбиіндегі әріптің саны да негізгі дыбыстардан әлдеқайда аз.

Ана тілінің дыбыстарын бейнелейтін әріптерді мектеп табалдырығын жаңа аттаған шәкірттер дыбысқа сүйеніп, тез үйреніп алады. Сөйтіп, дыбыс пен әріптің байланысы оқушы санасында білімге айналады. Ал дыбыстық уәжі, болмағандықтан *ъ, ь, в, ф, ц, ч, щ, ю, я*... тәрізді таңбаларды баланың жаттап алуына тура келеді. Ал қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне қатыссыз бұл әріптер қазақ әліпбиіне халықаралық терминдерді, советизмдерді, онимдерді (жалқы есімдерді) орыс орфографиясымен жазу үшін енгізілді. Сөйтіп, қазақтың емле жүйесі басқа тілдің ережесіне кіріптар болып қалды. Өркениетті елдердің әліпбиіндегі әріптер әдетте өздеріндегі негізгі тілдік дыбыстарды таңбалайды, басқа тілдің сөзін жазу үшін ешкім арнайы әріп сайлап қоймайды. Өздерінің төл сөздеріндегі дыбыстарды белгілейтін әріппен шүршіттің сөзі болса да жаза береді.

Сонымен, қазақ әліпбиіндегі дыбыстардың бір бөлігі қазақ тілінің, екінші бөлігі орыс тілінің дыбыстарын белгілейтін құранды әліпби, қосамжар орфография болып шықты. Осының салдарынан шетелдік сөздерді дыбыстық жақтан игерудің тілдік механизмі жұмыс істемей қалды. Орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінің дыбыс жүйесімен жымдасып, жарасым табудың орнына алабөтен оқшауланып, дыбыстық тезге түспеген өгей сөздердің үйірі көбейген үстіне көбейе берді. Мұның өзі қазақ тілінің ежелден келе жатқан нормасының бұзылу қаупін күшейте түседі, ал дәстүрлі нормасынан айырылған тіл қанаты қайырылған құстай дәрменсіз болып, қоғамдық қызметін ойдағыдай атқара алмайды.

Мен бұл жерде мәселені қолдан қоюлатып отырған жоқпын. Әрине, кірме сөздерді Қытай қорғанын салсаңыз да, тоқтата алмайсыз. Оларды тілдің өз мүлкіне айналдырып, мағыналық жақтан ғана емес, дыбыстық тұрғыдан да игеру қажет. Олай болмаған жағдайда орфоэпиялық ережеміз, дыбыстау нормамыз да дәрменсіз күйге түседі.

Қайсыбіреулер «...*республика, конституция, ламинат, капитал*, т.б. тәрізді сөздерді осылай, орыс орфографиясындағыдай жаза берейік, онда тұрған не бар?» дейді. Сырт қарағанда, солай. Бірақ бұлар басқа тілдің дыбыстық коды. Сондықтан тілімізге сіңбей, оқшау, жат дүниедей болып тұр. Орыс тілі кез келген шеттілдік сөзді өзінің дыбыс жүйесіне, жазу тәртібіне салып, сіңіріп, қорытып ала қояды. Яғни

орыс жазуының ұлттық сипаты күшті. Біз де сол сияқты шеттілдік сөздерді өзіміздің дыбыстық және жазба тіл жүйесімен тілімізге сіңіре алмасақ, игеріп ала алмасақ, ұлттығымыз қайсы? Тілдің негізгі заңдылығымен үйлесім тапқан жазу ғана ұлттық болса керек.

Қазір «ұлттық идея» деген көтеріліп жатыр. «Ол мемлекетіміздің дамуының негізі болуы керек дейміз. Міне, сол ұлттық, идеяның негізгі мәселесі осы тілмен, жазумен ұштасып жатыр.

– Ал қазақ тілінің дәстүрлі нормасының өлшемі қандай? Немесе оның бұзылуы тілімізге нақты қандай зиян келтіріп отыр?

– Жазу өте дұрыс болуы керек, тілдің жүйесіне сай болуы керек. Олай болмаса, үлкен зардабы тиеді. Мысалы, қазақтың сөзін алсаң, өте әуезді болып келеді, құлақты аймалап тұрады. Бұл ретте, ол бірыңғай жуан айтылатын және бірыңғай жіңішке айтылатын болып, екі топқа бөлінеді. Сөз құрамындағы дыбыстардың өзара үндесіммен айтылуы ерекше феномен. Мұндай үндесім сөзішілік деңгейде ғана емес, сөзаралық құрылымдардың құрамында да кездеседі. Мысалы *ауыл-аймақ, ата-баба, қыз-қырқын* сияқты басқа да қос сөздер өзара мағыналық үйлесіммен, әрі жуан үндесіммен айтылса, *әке-шеше, үлкен-кіші, көл-көсір* деген тәріздес қос сөздердің едәуір түрі жіңішке үндесіммен айтылады. Тіпті фразеологиялық тіркестердің, мақал-мәтелдердің сыңарлары да өзара мағыналық, үйлесімімен, дыбыстық, үндесімімен тартымды болып тұрады. Мысалы, «Алып алты, жеп жеті болмайсың» немесе «Жақсы бала еліне бас болады, жаман бала еліне қас болады» деген сияқты... Қорыта айтқанда, сөз ішіндегі дыбыстардың ғана емес, қос сөздердің, күшейткіш буынды сөздердің, фразеологизм, паремиологизмдердің үндесіммен, үйлесіммен айтылуы таза лингвистикалық қана емес, эстетикалық та категория, эстетикалық та категория, эстетикалық таным.

Тіліміздегі сөз әуезінің, жуан, жіңішкелік оппозициясы бұрын тек тілдік факт делініп, кейініректе тілдік заңдылық және норма деп танылса, ендігі жерде бұл феноменді тілдік тұлғаның, тілдік ұжымның когнитивтік санасында кодқа салынған эстетикалық ақпараттар жүйесі деп тануымыз керек.

Жоғарыда шеттілдік сөздердің тілімізге оңдап, жүздеп кіріп жатқанын айттық. Бірақ басқалары сияқты, орыс тілі де жүйесі мүлде басқа тіл. Онда буындардың жуаны да, жіңішкесі де, бәрі аралас жүреді. Орыс сөздерін өз орфографиясы бойынша жазатындықтан, біздің оған етіміз үйренді. Бірақ сол «импортталған» сөздер қазақтың дыбыс әуезімен жазылмайтын, айтылмайтын болса, ары қарай да бөтен тілдің тәртібімен жазыла берсе, оның салдары мен зардабы қиынға соғатыны қазірдің өзінде байқалып отыр. Олай дейтініміз, жеке тілдік тұлғаның, тілдік ұжымның когнитивтік санасында сөздің жуан, жіңішке әуезі арқылы орныққан эстетикалық таным бірте-бірте көмескі тартады. Фразеологизм, мақал-мәтел сияқты басқа да көркем мәтінді сөздердің әуезді үндесімі болашақ ұрпақтың санасынан бірте-бірте жоғала бастайды. Сөйтіп, «бара-бара ұлттық тіліміздің ата-бабамыздан келе жатқан сыры мен сипатын жоғалтып аламыз ба?» деген үлкен қауіп бар.

– Ал емле-ереже мәселесіндегі келеңсіздіктерді латын қарпіне көшпей-ақ, кирилл жазуында қалып та жөндеуге болмай ма?

– Ондай да ойлар айтылған. «Кирил әліпбиіндегі артық, таңбаларды алып тастайық та, өз тілімізде бар 29 дыбысты ғана қалдырайық. Сөйтіп, тіліміздің заңдылықтарын сақтап жазайық» деген ұсыныстар болды. Рас, латынға көшпей-ақ, қолда бар әліпбидің артығын алып, кемін толықтырып та қазіргі жазу-сызуымыздың бет

бағдарын ұлттық сипатқа қарай бұруға болар еді. Бірақ, оған жұрт көнбейді. Бұл жерде үлкен стереотип отыр «Импортталған» сөздерді өзге тілдің тәртібімен жазу санаға әбден сіңіп кетті. Қазір қандай заман? Қостілділік заманы. Қазақ тіліне енген орыс сөзін қазақ тілінің заңдылығы бойынша жазсаң, оны жұрт қазір «архаизм» деп ұғады, бүгінгі заманның емес, баяғы «оқымаған», қостілділіктен хабарсыз ата-бабаларымыздың сөзі сияқты қабылдайды. Мысалы, «*хлорды – қылор, холестеринді – кәлестерійн, кластерді – кіләстер* деп жазу керек» дегенге жұрт қазір өлтірсең де иланбайды. Мұндай психологиялық үлкен бөгетті еңсеру – қиынның қиыны. Ал әлгіндей сөздердің жазылуын басқа «бейтаныс» кодқа салып жазсақ, жұрттың қабылдауы да басқаша болады. Мысалы, *operatir* (оператор), *kilaster* (кластер) деген сияқты. Сөйтіп, санадағы стереотипті, психологиялық бөгетті айналып өтеміз. Сондықтан жазудағы бет-бағдарымызды түзеудің бірден-бір жолы – латын әліпбиіне көшу болып тұр.

Қалың жұртшылықтың бәрі бірдей қазіргі қазақ жазуының жай-күйінен толық хабардар дей алмаймыз. Олардың ішінде әліпби ауыстыруды қаріп ауыстыру деп түсінетіндер де аз емес. Шын негізінде, қазіргі жазу жүйесі қазақ тілінің дыбыстық құрамына, оның дәстүрлі нормаларына, стильдік құралдары мен риторикалық тәсілдеріне кері әсерін тигізіп отыр. Сол себепті де бұл жердегі мәселе тек қаріп ауыстырып, бір таңбаның орнына екінші бір таңбаны алуда емес, қазақ жазуының әліпбиін өзгерту арқылы оның графикалық құрылымын орфографиялық жүйесін өзгертуде болып отыр.

– Егер латынға көшетін болсақ, бұл шара қанша жылда жүзеге асуы тиіс?

– Бұл бір-екі жылдың ішінде, апай-топай емес, асықпай жүзеге асырылуы тиіс шара. Мысалы, бірінші сыныпқа барған бала мектепті бітіріп шыққанша он екі жыл өтетін болса, бұл да соншама уақыт аралығын қамтуы керек. Алдымен дайындық болуы тиіс. Мәселен, газет-журнал беттеріндегі, теледидар титрларындағы кішігірім ақпараттардан бастап, латын жазуда берілетін нәрселердің көлемін бірте-бірте ұлғайта беру керек. Сонда елдің көзі үйренеді, жаттығады. Бір жағынан, бұл біздің қоғамға соншалықты таңсық та, тосын да нәрсе емес. Жастардың компьютермен жұмыс істемейтіні жоқ, латын қарпін онсыз да біледі. Сол сияқты, қазіргі үлкен кісілердің өзі де кезінде мектепте ағылшын, француз, неміс тілін оқыған қазақтар. Ал ол тілдердің әліпбиіндегі таңбалар латын қарпінен соншалықты алшақ емес.

– Біз латын әліпбиін кезінде де қолдандық қой. Оны қазір де тура сол күйінде пайдалануға болмай ма? Біз қолданған бұрынғы латын әліпбиінің қандай артық-кем тұстары болды?

– Қазір бізде латын әліпбиіне байланысты 60-70 жоба бар. Осы мәселеге ат салысып жүрген адамдардың біразы «өзіміз кезінде пайдаланған латын әліпбиін сол күйінде алайық» десе, енді біразы «ол кезде жағдай да, әріп пен дыбыстың байланысы да, тіпті түсінік те басқалау болды. Сондықтан қазіргі әліпбиді басқаша түзейік» деген пікірде. Ендігі маңызды кезең сол 60-70 жобаның ішінен ең тиімдісін таңдап алып, мамандар оны орфография, фонология сияқты басқа да жақтарынан жан-жақты қарастырулары керек. Ол үшін біз әліпби жобасын таңдаудың, лингвистикалық ортақ критерийін белгілеуіміз керек. Ондай критерий бірнешеу болуы ықтимал. Мысалы, әріптер санының тілдегі негізгі дыбыстардың санынан алшақ кетпеуі, әліпбидегі әріптер тілдің негізгі дыбыстық заңы үндесімді дұрыс бейнелеуі: басы артық таңбалардың, белгілердің болмауы, латын жүйелі әліпбиде

иероглиф жүйесіндегі, болмаса дәйекше тәрізді араб жүйесіне тән басқа графикалық элементтердің болмауы; үйренуге жеңіл, қолайлы болуы, т.б.

Үйренуге жеңіл, қолайлы болуы үшін қазақ тілі дауыстыларының жуан-жіңішке болып жұп құрауын негізгі критерийлердің бірі ретінде алу қажет. Мысалы бір ғана айырым белгімен ажыратылатын дауыстылардың әрпі өзара ұқсас болуы тиіс. Мысалы, дауыстыларда: o (о) – δ (ө); u (ұ) – й (ү); i (ы) – Ї (і); дауыссыздарда: k (к) – k`(қ); g (г) – g`(ғ); z (з) – z` (ж); n (н) – n`(ң) деген сияқты.

– Ал әліпби саясаты еліміздің ұстанып отырған негізгі ішкі-сыртқы саясатымен қаншалықты үйлеседі? Мысалы, қазірдің өзінде «Қазақстан әліпби арқылы Ресейден іргесін аулақ салмақшы» деген сыңайлас сөздер айтыла бастады ғой...

– Иә, «Біз көп этникалы республикамыз, көршіміз алып Ресей. Қазақстан ұлтаралық келісімді, дінаралық сыйластықты, еларалық ынтымақтастықты өз саясатында дәйекті ұстануға тырысады. Батысқа бет бұрғанымызға басқалар қалай қарайды?» деген күдіктің болғаны да, болатыны да рас. Бірақ ел-елдің тәуелсіздігін мойындап, егемендігін қолдаған славян мемлекеттері көршілестерінің «ұлт тілін көркейтеміз, онын жазу-сызуын жөндейміз» деген мәдени-әлеуметтік шарасына түсініспікпен қарайтындай парасаты жетеді деп ойлаймыз. Әрине, пиғылы теріс айдапсал саясаткерлер әр елде бар. Мәдени-әлеуметтік шараны саясаттың ойыншығына айналдырып, өз мүддесіне пайдаланып қалуды көздейтіндерді жоқ деуге болмайды. Бірақ жалпақ жұртшылық әліпби саясатында, негізінен лингвистикалық фактор жатқанын жете түсінуге тиіс.

– Әңгімеңізге рақмет.

ОРФОГРАФИЯҒА ОҢТАЙЛЫ ӘЛІПБИ КЕРЕК (сұхбат)[52]

Соңғы кездері газет-журнал, сайт басылым беттерінде жаңа әліпбидегі кейбір таңбаларға байланысты ғалымдар арасында келіспеушілік байқалады. Ой алшақтығын туғызған ол қандай таңбалар? Оның жазылу мен оқылымдағы ерекшеліктері қандай? Орфографияға оңтайлы әліпби қажет пе?

Міне, осы сұрақтардың жауабын іздеп Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институының бас ғылыми қызметкері, білікті ғалым филология ғылымдарының докторы Нұргелді Уәли мырзаға жолыққан едік. Әңгіме өзегі көп талқысында жүрген әліпбидегі кейбір таңбалар мен олардың жазылудағы ыңғайлылығы.

Алматы қаласында қарашаның 6-сы күні «Достық үйінде» «Қазақ тілінің жаңа әліпбиі: Тіл мамандарының ортақ тұжырымы» атты ғылыми-практикалық дөңгелек үстел өткен екен.

«Жаңа әліпби: тіл мамандарының ортақ тұжырымы» дегенге қарағанда Институт ғалымдары бірауызды болып бір пәтуаға келген сыңайлы. Көптеген оқырмандарымыз да осылай ойлағанға ұқсайды. Алайда республикалық басылымдарда, өзге де ақпарат көздерінде, жарияланымдарға қарағанда Институт ғалымдарының ішінде аталмыш жобаны қолдамайтындары да бар екен.

– Сонымен, Институт ғалымдары кеңесінде қаралып, таныстырылымнан өткен, «Жаңа әліпби» жобасы туралы, атап айтқанда, орфографиялық сөздіктердің түгелге дерлік басылымдарына қатысқан негізгі құрастырушылардың бірі, қазақ орфографиясының ғылыми-практикалық мәселелерімен шұғылданушы тіл маманы ретінде Сіздің пікіріңізді білгісі келеді. «Аттың жақсысы арбада сыналады» дегендей, әліпбидің дұрысы орфографияда сыналады. Сонымен, Орфография «көзімен» қарағанда «Жаңа әліпби» жөнінде ойыңыз қалай?

– Алдымен айтарым – хабар алмай қалғандықтан, Сіз айтып отырған «Дөңгелек үстелдің» мәжілісіне қатыса алмадым. Қатыспасам да, онда қабылданған әліпбимен, «Қарарымен», танысып шықтым. Сіз «Жоба», «Таныстырылым» деп отырсыз. Қарарда, «таныстырылым», «жоба» деген ұғымды білдіретін атаулар жоқ және Институт ғалымдары кеңесінде қаралған жоқ.

– Институт кеңесінде талқыланбауында, «Жоба», «Таныстырылым» сияқты «кілт» сөздердің болмауында себеп, не бір мән бар шығар?

– Ол жағын біле алмадым. Бәлкім, Институт директоры профессор Ерден Қажыбек мырза «Жаңа әліпби» түзуде өзінің тікелей қатысы болғандықтан, «директорлық билікке» салмайын дегені болар. Ал жаңағыдай, сіз айтқан «кілт» атаулардың болмауын нақты біле алмадым. Мүмкін, күллі тіл мамандарының «түпкілікті шешімі» дегілері келген шығар? Солай да болуы ықтимал. Негізгі мәселе бұл емес.

– Дұрыс айтасыз, онда негізгі мәселеге көшейік. Бұл – танымал титулды ғалымдардың ұсынып отырған жобасы, жай әуесқойлық емес. Әдетте ғылыми этикада сөзді жақсыдан бастаушы еді ғой.

– «Жаңа әліпбидің» тиімді жағы да, ойланатын жағы да жоқ емес. Тиімді тұсы дегеніміз – *sh* қосарының «өлі әріпсіз» *s*-мен берілуі; жіңішке дауыстылардың бірыңғай *ä, ö, ü* түрінде таңбалануы. Ал дауыссыздарға қойылатын диакритикалық белгілердің біртектес болуын ойластырған жөн сияқты.

[52] *Сұхбат «Abai.kz» сайты, 2020, 11 мамырда жарияланған.*

– Кешіріңіз, «ойластыру» дегеніңізді біздің оқырмандарымыз сырғытпа сөз деп қалады.

– Бұныңыз да жөн шығар. Айталық, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл қазына» орталығы түрлі әліпби жобаларында кездесетін диакритикалық (акут, диграф, умлаут, бревис т.б.) белгілер бойынша сауалнама жүргізіп, оған әлеуметтаным лингвистикасы бойынша талдаулар жасаған. Сондайларға сүйену керек.

– «Өлі әріп» дегеніңіз қызық екен. Шамасы, дыбыстық мәні жоқ, қосалқы қызметі бар әріпті айтып отырсыз ғой. Қазіргі кезде ұсынылып жатқан жобаларда Ұлттық тілге тән дыбыс ерекшеліктерін «өлі әріппен» беру жиі ұшырасады.

– Оныңыз рас. Қазақ тіліндегі дыбыстардың жарым-жартысына жуығын (ә, д, ұ, ү, і, ғ, қ, ң) «өлі әріппен» беретін жобалар да жоқ емес.

– Сонымен, бұндай «өлі әріптерден» «Жаңа әліпби» жобасының аулақ болуын орынды деп отырсыз. Жақсысын айттыңыз. Ал қазақта, «Жақсысын айт, жаманын тақап қой» дейді ғой. Келіспейтіндеріңіз болса, әрине. Ондайда оқырмандарымыз, өзіңіз білесіз, айтқаныңыздағы «Меніңшеден» гөрі дәлелге қарайды.

– «Жаңа әліпбиді» орфографиялық тұрғыдан қолдауға болмайтын себептерді айтуға тура келеді. «Жаңа әліпбиді» ең түйткілді деген тұстарына тоқталып көрейік. Әдетте, әліпбидің қандайы болмасын кемшілігі де, артықшылығы да жазу арқылы тексерілгенде байқалады. «Дөңгелек үстел» назарына ұсынылған әліпбиде w әрпі енгізілген екен. Бұл әріп (w) қазақтың төл дауыссыз дыбысын таңбалайды деп көрсетілген: taw (тау), sawap (сауап). Бұрын су, бу, жу жазылатын сөздерді ендігі жерде әріп ашып сұу, жұу, бұу деп жазуға тура келді.

– «Әріп ашу» дегеніңіз жаңа термин сияқты. Бұндай сөздердегі у әрпінің тасасында тұрған ұ+у дыбыстарын ашып жазуды дұрыс санайтындар да бар ғой.

– Әріп ашу. Тасымал ашу. Буын ашу. Әріп ашу графикалық деңгейдегі, тасымал ашу орфографиялық деңгейдегі, ал буын ашу фонетикалық деңгейдегі ерекшеліктерге жатады. Сондықтан контексі әр басқа. Бірақ жұртшылыққа мәлім, қазақ тілі жалғамалы тіл ғой. Кез-келген мәтінде сөздің жеке тұлғасынан гөрі оның қосымшалармен түрленімдері әлдеқайда жиі кездеседі. Өйткені сөздің түрленімінсіз (формаларынсыз) ешқандай коммуникация жүзеге аспайтыны белгілі. Бұндайда сөздің өзімен қоса түрленімдерін қалай орфографиялаймыз? Орфографиялап көрейік. «Жаңа әліпбимен» жазылатын сөздерді түрленімге түскендегі жазылымын «Жаңа әліпбимен» мысалы, *су – сұу* сөзінің түрленімдік тізбе қатарын жұртшылық төмендегідей жазуға мәжбүр болады

Су (2 әріп) – *сұу* (3 әріп)

Сууы (4 әріп) – *сұұұ* (6 әріп)

Суиын (5 әріп) – *сұұйұн* (7 әріп)

Суыну (5 әріп) – *сұұұну* (7 әріп)

– Бұл жерде «Жаңа әліпби» жобасына кіргізілген дабл-ю-дың (w) орфографияланыуындағы қиындық «басы артық әріптердің» көбеюіне саяды дейсіз ғой? «Жаңа әліпбидегі» «дабл-ю» әрпін неге қолдамайтыныңыздың бір себебі осы ғой.

– Мәселе бұнымен шектелмейді, орфографиялағанда кесе-көлденең тағы бір қиындыққа тап боламыз. Мысалы, *сұұұнұұ* деп жазамыз ба? Әлде *суыныуы* дейміз бе? Даудың басы осы бастан-ақ қылтиып тұр. *Оқұұ* деген дұрыс па? *Оқыуы* деген жөн бе? Мәселенің бұл айтылғандардан басқа да қиын жерлері, әсіресе, бір сөздің шенінде дабл-ю (w) мен *і*-нің аралас-құралас келетін тұстарымен байланысты. Мысалы, *қиуластыруы* дегенді жазармандарымыз қалай жазады? Ойланып көрсін.

«Жаңа әліпби» бойынша орфография түзушілеріміз оны амалсыз *қыйұуластырұуұ* деп жазып көрсетеді. Қазіргі қоғами өмірде жүрдек сөзге айналған *рухани, уақыт, тарихи* сияқты қайталамасы (рекуренттілігі) жоғары сөздер медиа-масс құралдарында, ішкі-сыртқы жарнамаларда, экрандағы жүгіртпе жазуларда т.б. ақпарат көздерінде қалай орфографияланбақ? Әрине, орфографиялануын, мысалы, *тарыйхый, ырұуханый/ұрұуханый; ұуақыт, үуәделесұуұ, ұуағдаласұуұ* деп жазуын жазып береміз-ау. Алайда бұндай үлгіні жазу деуден гөрі транскрипция дейді.

– Сонда қандай қиын әліпби болса да, орфография мамандары жазуын жазып, сөздігін түзіп те береді, бірақ Орфография «көзімен» қарағанда жалпақ жұртшылыққа қиын тиеді деп, күмән келтіргеніңізді байқап отырмыз.

– Әрине, жұртшылықтың сауатын ойлау керек. Өйткені жазу-сызу – әлеуметтік мәнділікке ие ерекше категория. «Төл» ме? «Төл емес» пе?

– «Жаңа әліпби» бойынша і әрпімен «төл» сөз болса, іні, кім, тіл, дін деп жазылады және солай оқылады. Ал «төл емес» болса, жаңағы і әрпімен ministr, internet деп жазасыз, бірақ [министр], [интернет] деп оқисыз. Бұл қалай? Міне, әліпбиге бейжай қарамайтын оқырмандарымыздың бір білгісі келетіні осы мәселе.

– Бір әріптің «төл» сөз болса, бұлай, «төл» емес болса, олай жазылады деп орфографияланууын «олай-бұлайға» салып бұлталақтату ешбір талапқа сай келмейтін тиянақсыздық болып шығады. Айталық, *injil* сөзін [инжіл] деп оқисыз ба? Әлде [інжіл] деп оқисыз ба? Ал *injir* атауы [инжир] болып оқыла ма? Немесе [інжір] деп оқыла ма? Қайсысын қалай оқып, қайсын қалай жазарда оқырман-жазармандарымыз «төл», «төл емес» деп сұрыптап отырмақ па? Бұл – бұл ма?! Мәселенің біз қауіптенбей тұра алмайтын тағы бір тұсы бар. Күні бүгін-ақ қазақ тілін шама-шарқынша білетін орыс тілді, ағылшын тілді білімді азаматтарымыз *іні, ілім, іскер* дегендерді [ини, ини], [илим], [искер] деп сөйлейтіні анық. Бүгін болмаса, ертең-ақ ана сүтімен ауызданған қазақтілді жас буынға бұл «жаңалық» жұғысты болып, дұбара айтылымдар етек алып кетпесіне кім кепіл?

Дәл осыған ұқсас көңілімізде ұялаған бір күдікті айтпауымызға тағы болмай тұр. *Ақтау, Қаратау, Алатау, Ұлытау, Көкшетау, Медеу* тәрізді тарихи-мәдени ономастикалық атауларды *Ақтаw, Қаратаw, Алатаw, Ұлытаw, Көкшетаw, Медеw* деп дабл-ю әрпімен жазуын жазармыз-ау, бірақ бұларды күні бүгіннен-ақ *Ақтав, Қаратав, Алатав, Медев* деуге бейімделіп, дағды алып кеткен ауызды қойдыра алмай әлекке түсеміз бе деп күдіктенемін. Шарттылық па? Заңдылық па?

– Сонымен, сұу дегендегі [F] мен [У]-ды у деп дара әріппен таңбалау, айтуыңызға қарағанда, әріп санын көбейте бермей, орфографиялауды оңтайландыратын шарттылық деп түсінуге болатын сияқты. Бұндай шарттылық, мысалы, ағылшын тіліндегі text (текст) xeroxs (ксерокс), fax (факс), boxing (бокс) дегендерді еске түсіреді. Осыған еліктеу сияқты көрінбей ме?

– Жоқ! Сырт қарағанда солай көрінуі де мүмкін. Шеттілдік жазудағы бұндайлар біздің ұлттық жазу-сызуымыз үшін өнеге тұтар үлгі емес.

Ал қазақ орфографиясы дәстүріндегі [ұ] мен [у]-ды бір таңбаға сыйдырып беруді шарттылықтан гөрі заңдылық деуге болады.

Атап айтқанда, біріншіден, [ұ] қысаң әрі қысқа (келте) дауысты, ал [у] дауыссыз болғанмен, онда созылыңқы вокалды элемент басым. Сондықтан оны А. Байтұрсынұлы жарты дауысты деп дәл таныған. Екіншіден, [ұ] да, [у] да ерінбейім дыбыстар санатына жатады. Міне, осы ортақ қасиеттері жағынан бұлар *ту, бу, қу, су* сияқты сөздерде, яғни дауыссыздардан соң келген орындарда бір-бірімен кірігіп,

ал дауыс жағынан бір-бірімен ұласып, созылыңқы сипаттағы кіріккен дыбыстық бірлікке айналады.

Осы тәрізді *уақыт, уәде, уыз, уыс* сияқты сөздердің бас шенінде жазылатын *у* әрпі, байқауымызша, кіріккен созылыңқы дыбыстық бірлікті таңбалайды.

Ал *тау, бау* дегендегі [у] ерінбейім дауыссыз болғандықтан, ашық, езубейімді [а]-мен кіріге алмайды. Өйткені бірі езулік [а], екіншісі еріндік [у] болып кіріге алмағандықтан, дауыстыдан соң тұрған соң [у]-дың вокалді созылыңқы сипаты да болмайды. Сондықтан *тау, бау* дегендегі [у]-ды мектеп өмірінде мұғалімдер «шолақ у» деп дәл атаған.

[И] дауыссызының да мән-жайы осы тәрізді. *И* әрпінің дыбыстық мәнін ашатын болсақ,[і+и]. Бұндағы [і] қысаң, келте, езулік дауысты. Ал [и] де езубейім және дауыс (вокалды элемент) басым, сондықтан бұл дыбысты да жарты дауыстылар санатында қараған. Сөйтіп, *ине, игі, иіл* дегендегі [і] мен [и]-дің екеуі де езубейім болып, бір-бірімен кірігіп, созылыңқы сипаттағы кіріккен дыбыстық бірлікке айналады.

Илан, иман сөздеріндегі *и* әрпінің дыбыстық мәні [ы+й], олардың бір-бірімен кірігуін де осылайша түсіндіруге болады. Ал *ай, той, әйнек, сүй* дегендегі *и* әрпі дауыстылардан кейін келгенде қосар сыңарсыз (вокал элементсіз) дауыссыз жалаң [и]-ді таңбалайды, өйткені ілеспе вокал элемент алдыңғы дауыстымен астасып кетеді. Мектептегі ұстаздарымыз кезінде бұндай [и]-ді шолақ *й* деп үйреткен.

– Осы айтылғандарға орай кісі есімдерінің төлқұжатта жазылуы қалай болмақ? Ерекше құқықтық мәні бар төлқұжаттарда «төл» немесе «төл емес» деген еркіндік жүрмейтіні мәлім. Сонымен бірге көрнекті тұлғалардың есімі қалай жазылады? Әлде өз алдына жеке «Ереже» бола ма?

– «Жаңа әліпбимен» байланысты тағы бір түйткілдің түйіні кісі есімдерімен байланысты. *Әл-Фараби, Ясауи* сынды прецедентті тұлғалардың есімі қалай жазылмақ? «Төл емес» деушілер *Әл Фараби, Иасауи* десе, ал кірме емес «төл» деушілер *Әл Фарабый, Ыйасауый* деп жазылады деп әрі-сәрі күй кешері сөзсіз. Әр кімнің өз уәжі бар демекші, *Сейілбек Исаев* болса «төл сөзіміз», сондықтан *Сейілбек Ыйсайев* деп, ал *Александр Исаев* болса, «төл емес» кірме сондықтан *Александр Исаев* деп жазамыз деушілер де табылады. *Фариза, Фаузия, Фатима* сынды есімдерді «төл» деп танушылар *Фарыйза, Фаузыйа, Фатыйма* деп, ал оларды кірме, «төл емес» деп *танушылар Фаузия, Фариза, Фатима* деп жазамыз дер. Алайда құжаттанушы мекемелер «сұрыптаудағы» бұндай уәжге құлақ аса қояды дегенге сеніңкіремеймін.

Сонымен, дей келгенде, «дабл-ю» жазу-сызудағы шиеленісе беретін түйіндер мен түйткілдерді көбейтеді. Әсіресе 30-жылдар мен 57-жылдар аралығындағы қазақ жазуының бастан кешкен қиындығы қайталанып, одан бетер көбейе береді. Ал 1957 жылғы «Ережеден» кейін «и» мен «у»-дың орфографиялануы бір ізге түсті. Баршамыздың ұстазымыз – профессор Мәулен Балақаев оны бірден-бір дұрыс шешім болды деп, еске алып отыратын. Әсте тарих тағылымын ұмытуға болмас.

Сонымен, «и» мен «у»-ды орфографиялауда, яғни төлтума сөздерімізді де, шет-тілдік сөздерді де таңбалаудың ең тиімді әрі оңтайлы әмбебап сипатын тәжірибе тағылымы көрсетіп отыр. Жиырма-отызыншы жылдардан қазіргі заманға дейінгі арғы-бергі көрнекті ғалымдарымыздың қазақ жазу-сызуын бірізге салып жетілдірудегі, бұл табысын, қазіргіше айтқанда, креативтіліктің нышаны деп таныған жөн болар. Бұған да тоқтамайтындарға айтарым: алпыс жылдан астам, атап айтқанда, жеті буын үш ұрпақтың қатесіз жазған қалам-қағазының өзін куәға тартам.

– Сонда сөздегі таңба (сурет) көбейген сайын қалың қауым, қарапайым жұрт-шылық кібіртіктеп оқып, кібіртіктеп жазатындай күйге түсе ме деп қауіптеніп отырсыз ғой.

- Қиындық қай жерде болса, қауіп сол жерде. «Қиындық» деп отырғаным жазуда болсын, жазғанды оқуда болсын автоматизмнің бәсеңдеуі. Ал қауіп дегенім – рухани жаңғыруымыздың іргелі бір саласы – латын графикасына негізделген әліпбиге көшуден жұртшылықтың күдер үзе бастауына себеп осылар болмай ма?

– Дабл-ю бойынша жер-су атаулары қалай жазылмақ?

– Әліпби жобасындағы дабл-ю (w) көңілімізге тағы бір күдік ұялатып тұрғанын айтпауымызға болмай тұр. *Ақтау, Қаратау, Алатау, Ұлытау, Көкшетау, Медеу* тәрізді тарихи-мәдени ономастикалық атауларды *Ақtaw, Қаратaw, Алатaw, Ұлытaw, Көкшетaw, Медеw* деп жазуын жазармыз-ау, бірақ бұларды күні бүгіннен-ақ *Ақтав, Қаратав, Алатав, Медев* деуге бейімделіп, дағды алып кеткен ауызды қойдыра алмай әлекке түсеміз бе деп секем алып отырмын.

Сөз соңында айтарымыз, баспасөз беттерінде, мектеп тәжірибесінде орныққан *и* мен *у* әріптерінің орфографиялануынан еш қате кетіп, жұртшылық қиындық көріп жатқан жоқ. Олай болса, сын тезінде сыннан өтіп, жазу тәжірибесінде 63 жылдан бері дәстүрлі нормаға айналып орныққан *и* мен *у* әріптерінің жазылуына «төңкеріс» жасаудың аяғы нәтижелі болады деп үміттене алмай отырмын.

– Пікір айтқанның, пікірлесу барысында сын айтқанның да еш айып-шамы жоқ. Сындарлы сөз ойға ой қосады. Орфографияға оңтайлы әліпби керек екенін айтып, ойыңызды ортаға салып, әңгімелескеніңізге рақмет.

ҚАЗАҚ ОРФОГРАФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПІ ТУРАЛЫ[53]

Қазақ совет тіл білімінің негізін салушылардың бірі, қазақ филологиясындағы тұңғыш профессор (1932 ж.), қазақ совет мектептеріне арналған алғашқы қазақ тілі программасының (Алматы, 1936 ж.) және тұңғыш оқулығының (Алматы, 1936 ж.) авторы, ғалым-ұстаз – Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың туғанына (1899-1938 жж.) үстіміздегі жылдың желтоқсанында 90 жыл толады.

1937 жылғы зұлматтың құрбаны болған Құдайберген Жұбанов небәрі 39 жыл өмір сүріпті. Аз ғана ғұмыр кешкен ғалым-ұстаз көптеген құнды еңбек қалдырды. Солардың ішінде, жарты ғасыр өтсе де, күні бүгінге дейін өз құнын жоймаған, әлі де терең талданып, жете игерілмей жатқан зерттеулері мен ғылыми-теориялық топшылаулары бар.

Осыған байланысты Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының қызметкерлері Н. Уәлиев, Ә. Жүнісбеков өздерінің журнал редакциясына жолдаған мақалаларында профессор Қ. Жұбановтың орфография, фонетика саласындағы зерттеулерін талдай отырып, ғалым мұрасын қазақ тіл білімінің әлі де тиянақты шешімін таппай келе жатқан мәселелерімен байланыстыра сөз етеді.

Профессор Құдайберген Жұбанов – қазақ жазуы мен орфографиясы бойынша аса ірі фонетист ғалым ретінде де, халық ағарту саласындағы қайраткері ретінде де іргелі зерттеулер жазып, практикалық маңызды жұмыстар атқарған ғалым.

Ғалымның ғылыми мұрасын өткен күндердің мұрасы ретінде қарастыру бар да, оның теориялық тұжырымдарына қайта үңіліп, бүгінгі ізденіс зерттеулерге арқау етіп алу бар.

Ғалым мұраларының бір саласы кезінде күн тәртібінде тұрған тіл құрылысы проблемаларын шешіп беріп, зерттеу нәтижелері, ұсыныс, пікірлері тіл практикасында бірте-бірте орныға түскен еңбектер болса, екінші бір саласы – өз кезеңінен озық тұрған теориялық ізденістері мен зерттеулері.

Қазақ тілінің программалары, емле жобалары, алфавит мәселелері т. б. жөнінде зерттеу еңбектерінің қолданбалы мәні зор болды. Бір ғана мысал, *ый, (ій)* дыбыстарын *и* және *уу, (үу)* дыбыстарын *у* арқылы бір ғана таңбамен белгілеу жөніндегі Қ. Жұбановтың жазу теориясына негізделген жобасы қазақ орфографиясында бірте-бірте орнығып, 1957 жылғы Ережеде біржола заңдастырылды.

Ал ғалымның біріккен сөздер, буын жігі, тарихи фонетика және этимология, орфография мәселелері т.б. сала-сала зерттеулері қазақ тіл білімінің хрестоматиялық беттері деуге болады. Мәселен, жазу нормаларын сөз етсе де, қазақ орфографиясының ғылыми негіздеріне қатысты мәселелерді қарастырса да, ғалымның бұл аталған салалардағы еңбектеріне зерттеуші тоқталмай өте алмайды.

Ғалымның жазу, орфография жөніндегі теориялық зерттеулерін бағдарға ала отырып, әлі де басы ашылмаған мәселелерді сөз етуге болады. Солардың бірі – қазақ орфографиясының принципі. Бұл жөнінде де Қ. Жұбановтың зерттеулері, айтқан

[53] *Мақала «Қазақстан мектебі» журналы, 1989, №12 санында Ә.Жүнісбековпен бірлескен авторлықта жарияланған.*

ойлары, сөйлеген сөздері мен ұсыныс пікірлері қазіргі жазу нормаларының жай-күйін бағдарлауға, емле принциптерінің кейбір мотивтерін қайта қарауға ойтүрткі болады.

Кезінде проф. Қ. Жұбанов «емле негізіне қожа сол тілдің жаратылыс заңы болуға керек. Тіліміздің жаратылысына қарасақ, емле дыбыс негізді (фонетикалық принцип негізді – Н. У.) болуға керек» (Қазақ жаңа әліп кіндік комитеті 1929 жылдың 2-4 июнь күндері өткізген ғылыми принцип күллі түркі тілдері орфографиялық конференцияда сөйлеген сөзі. Стенографиялық есеп. Қызылорда. 1930, 81-90 б.) деген болатын.

Ал соңғы онжылдықтардағы оқулықтар мен зерттеулерге назар аударсақ, қазіргі кездің өзінде қазақ орфографиясындағы жетекші принцип жөнді айқындалмаған деуге болады.

Мысалы, кей оқулықтарда: «Қазақ орфографиясының негізгі принципі – морфологиялық принцип. Морфологиялық принцип күллі түркі тілдері үшін қолайлы принцип болып саналады. Бұлай дейтініміз түркі тілдерінің табиғаты, атап айтқанда, ондағы сөздердің морфологиялық құрылысы және олардың түбір тұлғасының сақталу ерекшелігі – осылардың бәрі жазуда морфологиялық принципті басты принцип етіп алуды қалайды. Түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі үшін морфологиялық принцип ең жанасымды, ең қолайлы деуіміз де осыдан» (Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1973, 542–6.)

Десе, кейбір зерттеулерде қазақ орфографиясы фонетика-морфологиялық принципке негізделген деп тұжырымдайды (С. К. Кеңесбаев, Г. Г. Мұсабаев, Қ.Неталиева. Орфография казахского языка. Кітапта: Орфография тюркских литературных языков СССР. М. «Наука», 1973, 103–6.).

Міне, осы аталған үш бағытты қазіргі жазу нормасы тұрғысынан қысқаша салыстыра қарауға тура келеді. Алдымен морфологиялық принцип жайында.

«...Сөздерге сөз тудырушы аффикстер мен сөз түрлендіруші аффикстер жалғанғанда, екі сөз бірігіп немесе өзара тіркесіп айтылғанда, сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуы өзгеріп, әр түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырайды. Морфологиялық принцип дыбысталудағы бұл ерекшеліктерді ескермей, сөз құрамындағы сыңарлардың жеке тұрғандағы қалпын сақтап жазуды басшылыққа алады.

Мысалы: *басшы* (*башшы* емес), *ұшсын* (*ұшшсын* емес), *сәнқой* (сәңқой емес), *көрінбеді* (*көрімбеді* емес), *қазанқап* (*қазанғап* емес), *әркім* (*әргім* емес), *көзқарас* – (*көзғарас* емес), *Сарыарқа* (*Сарарқа* емес).

Осында айтылғандай, морфологиялық принцип бойынша сөздің морфемалық құрамы сақталып жазылуы тиіс. Бірақ қазіргі жазу тәжірибеміздің орныққан нормалары осы талапқа толық жауап бере ала ма? Алдымен мынадай топтағы сөздердің жазылуына назар аударайық: бұлардың морфемалық құрамы өзгеріссіз жазылған деуге болмайды. Мысалы, *ақ – ағар* (*ақар* емес), *орын – орна* (*орына* емес), *сарын – сарна* (*сарына* емес); *жақ – жағын* (*жақын* емес), *тақ – тағын* (*тақын* емес), *бақ – бағын* (*бақын* емес), *ойын – ойна* (*ойына* емес), *сары – сарғай* (*сарығай* емес); *қозы – қоздау* (*қозылау* емес); *халық – халқы* (*халықы* емес), *мүлік – мүлкі* (*мүлігі* емес), *әріп – әрпі (әрібі* емес), *қап – қабы* (*қапы* емес), *сап-сабы* (*сапы* емес), *көп – көбі* (*көпі* емес). Сондай-ақ морфологиялық принцип бойынша қосымшалардың бір ғана нұсқасының, мысалы «-лар» формасының алынуы керек те, қалғандары (-дар, -дер, -тар, -тер) оның жай ғана дыбыстық өзгерістері ретінде жазуда еленбеуі тиіс.

Міне, бұл тәрізді сөздердің жазылуын морфологиялық принцип бойынша түсіндіруге болмайды және қазақ орфографиясындағы жетекші принциптің морфо-

логиялық деген тұжырымына шүбәмен қарауға тура келеді. Морфемалық құрамы дыбыстық өзгеріске түскен күйде, яғни фонетикалық принциппен жазылатын сөздердің саны «түбірі» сақталып жазылатын сөздерден аз емес. Осындай себепке байланысты соңғы кездегі зерттеулерде қазақ орфографиясының фонетика-морфологиялық принципке негізделгендігі жөніндегі пікірлер пайда бола бастады.

Профессор Қ. Жұбанов қазақ жазуы фонетикалық принципті ұстануы керек деген үзік-үзік кесімді ойында болды. Ғалымның сол кездегі сүйенген негізі мен ғылыми дәлелдері қандай? Ғалым мұрасын оқи отырып, осы сұраққа жауап іздесек, экстралингвистикалық және таза лингвистикалық екі түрлі жайтты аңғарамыз. Біріншісі – Қ.Жұбанов тіл практикасы саласында демократияшыл көзқарасты дәйекті ұстанушы әрі оны орнықтырушылардың бірі болған ғалым. Ғалымның бұқарашыл платформасы жазу, терминология, емле, орфографиялық принциптер туралы ойлары мен зерттеулерінен айқын танылады.

Тілдің әліппесінен бастап жоғары сатысына жеткенше төңкеріс (революция – Н. У.) практикасының, ілім мен техниканың бір игілігін сөзбен айтып, ашып бере алатындай дәрежеге жеткізуінің өзі де – емле мен терминологиядан аулақ болмақ емес. Мәдениетті тандап, жасап шығарушы тап та, оны керек қылушы тап та – еңбекші тап болған соң, емле мен терминология қызметі сол қалың еңбекшінің қолын мәдениетке жеткізуге бағытталуы тиіс. Онда емле мен терминологияның мәні әсіресе зор болады. Сондықтан емлені қайта тексергенде ең алдымен оны қалың елге, еңбекші бұқараға түсінікті, жеңіл етіп беру жағын ескерген жөн. «Қазір біз туыс жүйелі (морфологиялық) емлені қабылдасақ, бізде де ағылшындықтардікі және басқа елдердікі сияқты дәстүрлі жазу болады» (Жұбанов Қ. – Стенографиялық есеп, 81–90 б.) – дейді ғалым. Шындығында, морфологиялық принцип бойынша көп вариантты қосымшалардың бір ғана нұсқасы таңбалануы керек те, қалғандары еленбеуі тиіс. Бұл бағыт, әрине, жазба тілдегі шарттылықты көбейтеді. «Көптік жалғауының қазақша төрт түрі бар. Біз оның бәрін тастап, жалғыз «лар» – дегенді ұстап қала алмаймыз. Мұнан оқыту жұмысы ауырлайды, сауаттану жұмысы қиындайды. Сауаттану жұмысы тез жүру үшін жазуда сөз естілуіне жақын болуы керек» (сол жерде). Оппоненттерімен пікірталаста ғалымның мұндай қарапайым мысалға жүгінуінің себебі жоқ емес. Морфологиялық принцип бойынша қосымшалардың қалыптасқан варианттарын бөліп, бір ғана нұсқаға артықшылық беру тілдің қалыптасқан шындығынан қол үзу болар еді.

Емле ережелері мен принциптерін белгілеуде ғалым экстралингвистикалық, әлеуметтік факторларға сүйеніп қоймай, таза лингвистикалық дәлелдерге де иек артады. «Жалғауды туыс жүйесімен жазу үшін оның тарихын, бұрын қалай жазылып жүргенін, қысқасы, алғашқы нұсқасын білу керек. Жалғаудың қай түрі тұңғыш, қай түрі кенже екенін бұл күнгі тіл білімі тап басып анықтай алмайды. Мәселен, «дар» көне ме, әлде «лар» ескі ме – оны дәлелдеу қиын» (сол жерде). Тіпті реконструкция әдісімен бұл формалардың негізін тапсақ та, қазіргі жазу практикасында оның соншалықты үлкен мәнге ие бола қоюы неғайып.

Сонымен, Қ. Жұбановтың пікірінше қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сай келетін бірден-бір принцип – фонетикалық принцип. Егер олай болса, фонетикалық принципке қарама-қарсы қойылып, яғни «морфологиялық принцип» деген айдармен таңбаланып жүрген сөздер – *басшы* (башшы), *түнгі* (түнгі), *бізсіз* (бізсіз) т. б. сөздердің жазылу нормасын қалай түсінеміз? Мұндай топтағы сөздердің саны едәуір және өз жүйесі бар. Сондықтан оларды «Ереже ескертусіз болмайды» деген

рубрикаға жатқызу тіл шындығына сай келмейді. Тегінде, бұл топтағы сөздердің жазылуын фонетикалық принципке толығымен қарсы қоюдың өзі дұрыс па? Әрине, фонетикалық принципті «қалай естілсе, солай жазылады» деп түсінсек, онда *басшы, түнгі, бізсіз* т.б. сөздер морфологиялық принципке негізделген сияқты көрінуі мүмкін. Бұл жерде фонетикалық принциптің өзін анықтап алу қажет. Қ. Жұбанов «жазуда сөз естілуіне жақын болу керек» дейді, яғни бұл ұғым «қалай естілсе, солай жазылады» деген формуламен бірдей емес. «Фонетикалық принцип, дәлірек айтқанда – фонематикалық принцип, әрине «қалай естілсе, солай жаз» дегенді білдірмейді» (Зиндер Л. Р. Очерк общей теории письма. Ленинград, 1987, 91-96) – делінген.

Шындығында, фонетикалық принципті «қалай естілсе, солай жазылады» деп түсіну принцип туралы түсінігімізді шатастырып, жазу тәжірибесінде оны дұрыс қолдануға кедергі келтіруі мүмкін. Егер «сөз қалай естілсе, солай жазылады» қағидасына сүйенсек, *түн* деген сөзді *тунь* деп жазып, *тын* деген сөзді *тынь* түрінде жазып, (н) дыбысының жуан-жіңішкелігін жеке таңбалармен белгілеуіміз керек болар еді. Бірақ бұлай жазу фонетикалық принциптің емес, фонетикалық транскрипцияның міндеті. Қазақ жазуында (н), (т) тәрізді дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі арнайы таңбаланбайды. Әрине, жазу мен транскрипция – бұрыннан екі бөлек нәрсе. Дыбыс жазуы дыбысталған сөздің дәл көшірмесі емес; оның қызметі – алдымен ой мен сезімді жеткізу. Сондықтан дыбыс жазуында фонологиялық тұрғыдан кейбір дыбыстық құбылыстар еленбейді. Жазу теориясының әрі-жігерлі зерттеушісі Л. В. Щербаның пікірі: «Көпшілікке көрінгендей біздің практикалық жазу тілі, тілдің нәзік дыбыстық нұсқаларын толық білдірмесе де, толық болмауы тиіс емес», т.б. деген ойлар бар.

Жазу теориясына қатысты бұл мәселені Қ. Жұбанов дер кезінде көтерген болатын. Дыбыстық қоршауға тәуелді кез келген дыбыстық құбылысты жазуда таңбалай беру – Қ. Жұбанов айтқандай, ультрафонетикалық бағытқа (Ультрафонетик) бой ұру болар еді. Бірақ мәселенің қиындығы мынада: фонологиялық жүктемесі жоқ, яғни фонологиялық мәні жоқ немесе ультрафонетикалық құбылыстарды қалай ажыратамыз? Фонема теориясы бойынша бір фонеманың бірнеше реңкі болуы ықтимал; фонетикалық қоршау болса, фонеманың реңкі де өзгереді. Бірақ олардың ішінде фонетикалық қоршауға тәуелсіз негізгі реңк, ал фонетикалық ортаға тәуелділері – қосымша реңк болады. Фонологиялық жазудың ерекшелігі бойынша фонемалардың негізгі реңкі таңбаланады да, фонетикалық қоршауға тәуелді реңктер еленбейді. Мысалы «жұмысшы» дегенді «жұмұсшұ» деп жазбай, «жұмысшы» деп жазу себебін осы тұрғыдан түсінуге болады. *С/Ш* алмасуы фонетикалық ортаға тәуелді, яғни *с* мен *ш* іргелес келген барлық жағдайда с фонемасы (ш) реңкіне көшеді. Бұл іргелестікте (с)-тың басқа альтернациясы болмайды. Осы типтес өзгерістерді шартты түрде жалпы фонетикалық алмасу деуге болады. Бұл топтағы дыбыс алмасулардың өздеріне тән белгілері бар.

Жалпы фонетикалық алмасулардың морфемаларға қатысы жоқ. Мейлі, ол үстеу жасайтын қосымша мен қалау рай тұлғасы болсын немесе шартты райдың жұрнағы болсын, сондай-ақ «жоқтықты» білдіретін аффикс болсын, бәрібір талғампаздық болмайды. Фонема реңктері талғаусыз өзгере береді: *қуша* – (қушша), *ыссы* – (ышшы), *безсе* – (бессе), *бізсіз (біссіз)*. Мұндай қасиет жоқ, мысалы *к-ф, к-г, п-б* өзгерістері белгілі бір морфемалардың аясында болады: *тұрақ – тұрағы, бұлақ – бұлағы, қазақ – қазағы*, бірақ *қазақы* (сын есім), *қырық – қырығы* (сын есім), бірақ *қырық* (этнографизм), *дарақ – дарағы, бірақ дарақы* (сын есім), *тақ – тағыл*, бірақ

тақыл (зат есім), *бақ – бағы,* бірақ *бақы* (зат есім), *қап – қабы* бірақ *қапы қалу*, сап – *сабы*, бірақ *еңбек сапында* т.б. Белгілі бір морфемалардың аясында болатын мұндай өзгерістерді алдыңғы типтегі алмасулардан бөлектеп, морфонологиялық алмасулар деп атауға болады. Әрине, морфонологиялық алмасулар да фонетикалық алмасу, бірақ бұл алмасулар белгілі бір морфемалардың жүйесінде ғана көрінеді. Мысалы, көптік жалғауының дауыстылар мен *у, й* сонарларынан соң (-лар, -лер) вариант түрінде болуы осы морфемаға қатысты: *қала-лар, тау-лар, тай-лар.*

Тап осы жүйе *-лық, -лік* аффикстерінде де қайталанады: *қалалық, таулық, тайлық.* Бірақ өзге морфемада, мысалы септік жалғауында, бұл жүйе басқаша сипат алады: *қала-да, тау-да, тай-да.*

Жалпы фонетикалық алмасудың морфонологиялық алмасудан тағы бір айырмашылығы бар. Егер орфоэпиялық нормадан әдейі ауытқи отырып, артикуляциялық жақтан әнтек нық айтуға тырыссақ, қосымша реңктегі фонема өзінің негізгі реңкіне көшуге мүмкіндік алады: *(башшы) – (басшы), (кешегелді) – (кеше келді)* т.б. Мектеп мұғалімдері оқыту процесінде, дикторлар радиодан ән тексін үйреткенде, мұндай мүмкіндікті нормадан әдейі ауытқи отырып, ара-тұра пайдаланып отырады. Тіпті сөз мағынасын айқынырақ ажырату үшін кей контексте (к-ні әнтек нық айтып, фонеманың негізгі реңкте дыбыстауға тырыссақ) мысалы *(сексеуілдің күлу) – сексеуілдің күлі, салыстырыңыз (сексеуілдің гүлу) – сексеуілдің гүлі.*

Ал морфонологиялық алмасулар орфоэпиялық нормадан бұлайша әдейі ауытқуға ырық бермейді. Мысалы: *ақ – ағар*, сөзін «ақар» түрінде дыбыстаудың мәні жоқ.

Дыбыстардың жалпы фонетикалық алмасуы мен морфонологиялық алмасуы бір сөздің шенінде де кездеседі. Мысалы, (к) фонемасының сөз қолданыста бірнеше реңкі болуы ықтимал: 1. (қырық) дегендегі (к) – негізгі реңк, 2. (қырығы) дегендегі (ғ) – фонетикалық қоршауға біршама тәуелсіз реңк, морфонологиялық алмасу. 3. (отызғырық) – отыз-қырық дегендегі (ғ) – фонетикалық қоршауға тәуелді реңк, жалпы фонетикалық алмасу, 4. қырық (этнографизм), қырық – қырығы, қырық – тарихи алмасу.

Осы салыстырудан байқайтынымыз – қазіргі жазу нормасында жалпы фонетикалық алмасуларға қатысты дыбыстық өзгерістер жазуда арнайы таңбаланбайды да, бұған керісінше, морфонологиялық алмасулар жазуда жүйелі түрде бейнеленіп отырады. Осы тұрғыдан қарағанда профессор Қ.Жұбановтың «қазақ емлесі дыбыс негізі болуы керек» дейтін тезисін жалпы фонетикалық алмасудың жазу-сызуда еленбеу ерекшелігімен, сондай-ақ морфонологиялық алмасулардың арнайы таңбаланатын сипатымен ұштастыра қарауға болады.

ҚАЗАҚ ОРФОГРАФИЯСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ[54]

Қазақ орфографиясы ережелерінің концепциясының – (бұдан әрі қарай – Емле концепциясы) **мақсаты:** Латыннегізді жаңа әліпби бойынша қазақ тілінің орфографиялық нормаларын ұсынатын және тұрақтандыратын, жаңа әліпби бойынша дұрыс жазу мәдениетін қалыптастыратын ортологиялық еңбектердің ғылыми негіздері мен басты қағидаттарын айқындап беру.

Емле концепциясының міндеттері: а) латыннегізді әліпби бойынша кейбір әріптердің жазылу нормасын кодификациялау; ә) базалық норма бойынша сөздерді бірыңғай жуан немесе жіңішке жазу; б) соған сәйкес қосымшалардың жуан немесе жіңішке жазылуы; в) сөздердің езубейімді үндестікпен жазылуы; г) қазақтың төл әдеби тіліндегі емлесі қиын сөздердің орфографиялану ерекшеліктерін ұсыну; ғ) латыннегізді әліпбиде жоқ *ц, щ, ё, я, ю* әріптерінің жазылу ережелерін негіздеу; д) күрделі сөздердің (біріккен, кіріккен, тіркесті сөздер, қос сөздер) орфографиясын кодификациялаудың тетіктерін көрсету; е) бас әріппен жазылатын сөздердің орфографиясын тұжырымдау.

Әліпби ауыстыру жазу-сызуға түбегейлі реформа жасау болып есептеледі. Ал жалпыхалықтық сипаттағы мұндай бетбұрыс қоғам мүшелерін бейжай қалдырмайтын мәдени-әлеуметтік күрмеуі қиын мәселе болғандықтан, әліпби таңдау мен саралауда селективті үрдіс басым сипат алып, қоғамдық санада екіұдайлық күшейе түседі: қолдау да, күмәндану да, қарсылық та болады. Кемшіліктің тасасында артықшылық, артықшылықтың тасасында кемшілік көрінбей жатады. Көшер-көшпестен бұрын қолданыстағы әліпбидің артықшылығы мен кемшілігіне жұртшылық назар аудармай қоймайды. «Көшсек пе, көшпесек пе?» деген сұрау толас тауып, жұртшылық латын әліпбиіне көшуге тоқталды. Ендігі жерде жазу-сызудың ұлттық сипатын сақтауда әлемдік тәжірибеде жиі кездесетін детерминатив нұсқаларының (диакритикалық, диграфтық, апострофтық, акут тәрізділердің) бірін таңдау әліпби объектісінің өзекті мәселесіне айналды.

Қазіргі жаһандану заманында қоғамдық өмірдің қай саласында болмасын «уақыт бюджеті» барған сайын шектеулі болып барады. Содан болар, өмірдің қай қырында болмасын, ұтқырлық (мобильность), жылдамдық, ықшамдылық, жинақылық, икемділік ерекше мән алып отыр. Бұндай талаптар, әрине, бұрыннан да бар, бірақ олар кезінде жай ғана қатардағы талаптардың бірі болды. Қазіргідей өткір мән ала қоймаған еді. Қоғам ендігі жерде, өмірдің қай саласында болмасын, цифрландыру мен IT технологиясы заманында шұбалаңқылықтан тез арылып, ықшамдылыққа, жинақылыққа бет бұрып, жинақы, жылдам, ықшам, икемді болудың ресурстарын іздей бастады. Осы тұрғыдан қарағанда, 42 әріптен құралған әліпбидің бірден көзге ұрып тұратыны – шұбалаңқылығы. Бұрын 30 әріптің айналасындағы әліпбимен де күнелткен қазақ жазуына ендігі тұста қысқартып, ықшам, жинақы сипат беру қажеттілігі туып отыр. Осы талапқа орай қоғами жұртшылық компьютерлік технологияға икемді 32 әріптен тұратын латын әліпбиінің *ноқатты* (акут) түріне тоқталды.

Қазіргі қазақ қоғамындағы латынға бетбұрыстың ұлттық рухты жаңғыртумен байланысты себептері бар. Жұртшылыққа белгілі, кирилше әліпби халықты еріктен

[54] *Мақала А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (кітапша), – Алматы, 2018 ж. жарияланған.*

тыс күштеумен әміршілдік жолмен сырттан таңылды. Ұлтты орыстандыру мақсатын көздеген бұл саяси-идеологиялық әрекет қазақтың жазу-сызуын кирилше әліпбиге көшіруден басталды. Ал XX ғасырдың 30-жылдардағы латын әліпбиі кирилшеге көшірудің «көпірі» болды. Сөйтіп, халық өзінің жиған-терген араб әліпбиіндегі жазба мұраларымен байланысты руханилықтан қол үзіп қалды. Осылайша тарихи сананың түкпірінен орын тепкен әліпби жөніндегі түйткілді жайт тәуелсіздікпен, ұлттық рухтың қайта жаңғыруымен байланысты қоғамдық ойға қозғау салды. Бұл айтылғандар, тұжыра келгенде, латынға бетбұрыстың негізгі себептерінің бірі болды. Қайсыбіріміздің ойлағанымыздай, кирилдегі 42 әріпті 32 етіп, жамап-жасқап, үйренген дағдымен жүре беруге де болар еді, бірақ санада қалған түйткілден арылмай рухани түлеу болмайтыны белгілі.

Бұдан кейінгі бір айтарлықтай себеп – жаһандану үрдісіне байланысты латын әліпбиі жарты әлемнің жазу-сызуына негіз болған әліпбиге айналды және ақпараттық жаңа технологияға сай, ең икемді, ақпараттық алыс-беріске ықшам әрі қолайлы екенін танытты. Осы айтылғандар латын әліпбиіне көшуге себеп болған жайттардың тілден тысқары, яғни тілдік емес жағы, сонымен қатар әліпбиді қалай да реформалауға қоғамды мәжбүр етіп отырған оның тілдік жағы. Әліпби ауыстыру – жай ғана қаріп (шрифт) ауыстыру емес, қазақ жазу-сызуы өткен кезеңдерде де 29-32 әріптен тұратын әліпбиді де пайдаланған, бірақ ұлттық сипатынан айырылмаған еді. Жұртшылыққа мәлім, қазіргі кирилшедегі әліпби әріптерінің үштен бірі орыс тілінен енген сөздерді бұлжытпастан, орыс орфографиясының ауанымен таңбалауға мәжбүрледі. Сөйтіп, жазба тіліміз ұлттық сипатынан айырылған жартыкеш жазу болды.

Осының салдарынан мәдени қарым-қатынаспен байланысты өзге тілдерден енген атаулар мен сөздерді мағыналық-дыбыстық жақтан игерудің ана тіліміздегі *тілдік механизмі* жұмыс істемей қалды. Дегенмен, өткенге салауат. І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев және олармен қанаттаса шыққан Р.Сыздық сынды аса көрнекті тілтанушы ғалымдарымыз Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми негізін қалап кеткен қазақ жазуының ұлттық сипатын сақтауға, әліпби түзу мен емле ережелерінің нормалануы мен қалыптасуы аясында оң шешімдер тауып, жазба тілдің графика-орфографиялық жүйесін оңтайландыруға, емле ережелерін жасауға ерекше күш салды. Өткеннен алатын тағылым да, тәжірибе де жоқ емес.

Емле ережелерінде басшылыққа алатын ғылыми принциптер. Ұлттық жазу-сызу мәдениетінің жоғары деңгейде болуы оның әліпби жүйесімен, негізгі орфографиялық ережелерімен және осы ережелерді басшылыққа ала отырып жасалатын ортологиялық лексикографияның *(орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктердің)* түзілуіне, сонымен қатар ортологиялық құралдардың *(орфографиялық анықтағыштар, біріккен сөздердің емлесі, жалқы есімдердің емлесі т.б.)* ойдағыдай жасалуымен байланысты. Жазу мәдениетінің жақсара түсуін алдымен негізгі орфографиялық ереженің ұстанатын басты ғылыми принциптері айқындайды. Ал орфографиялық негізгі ереже өз бастауын әліпбиден алады. Әліпбидің ойдағыдай екені/емесі сөздің орфографиялануынан байқалады.

Сондықтан орфографиялық ережеде басшылыққа алынатын негізгі принципті айқындап алу керек. Өйткені осы кезге дейін бұл мәселенің басы ашылмай, бірде *морфологиялық*, бірде *фонетикалық,* бірде *аралас-құралас принцип* делініп келді. Соңғы кезеңдерде *фонематикалық принцип* деп атала бастады. Негізгі орфографиялық принципті айқындап, соған сай ереже түзуде, инструмент ретінде мына схеманы ұсынамыз.

Алдымен халық тілінің **дыбыстық қорындағы** мағына ажырататын тоғыз дауысты және он тоғыз дауыссыз дыбыстың инварианттарын негізге аламыз:

а (а), á (ә), е (е), о (о), ó (ө), у (ы), і (і), u (ұ), ú (ү);

б (б), g (г), ǵ (ғ), d (д), j (ж), z (з), ı (й), k (к), q (қ), l (л), m (м), n (н), ń (ң), р (п), r (р), s (с), t (т), ý (у), sh (ш).

Бұларға қоса ескі жазба тіл арқылы жазылымда орныққан f (*ф),h (h, х)* дыбыстарын білдіретін әріптер бар.

Аталмыш инварианттар мағына ажырататын қызметіне орай, фонологияда *фонема*, жазуда *графема* деп аталады. Синтагматикалық қатарға түскенде, әрбір инварианттың 1) негізгі реңкі 2) түрі және 3) түрленімі болады.

Ай десек, *а* негізгі реңкі, ал *жай, шай* десек «*ə*» түрінде өзгеше жіңішке реңк алады да, *ән* дегендегі *ə*-мен реңктес сипатта болады. Өйткені *а*-ның бұл реңкі «*ж*», «*ш*» мен «*й*»-ға тәуелді. Бірақ қосымшалар жуан болып, *жайлау, шайқа* түрінде қосылатындықтан және мағынаға әсер етпейтіндіктен, аталмыш реңк жазылымда ескерілмейді. Ал айтылымда инварианттың бұл реңкі (түрі) аса маңызды. Бұлай деп отырған себебіміз, жазылым мен айтылымның тепе-тең түсе бермейтін ерекшеліктері бар, сондықтан жазба сөзді ауызша кодқа, ал ауызша сөзді жазба кодқа салудың жүйесі басқа.

Инварианттар түрленімінің кейбір типтері **парадигмадағы дыбыстық бірліктерді қайталайды.** Мысалы, *ұшса* дегендегі *с* айтылымда парадигмадағы *ш*-ға сәйкес келеді. Өйткені сөз ішінде *ш* мен *с* синтагмалық бір қатарда тұра алмайды. Орфоэпиялық сөздікте *ұшша* түрінде берілетіні сондықтан. Синтагмада *с*-ның *ш*-ға бейімделуі ұлттық тілдің орфоэпиялық қалыптанған нормасы. Бірақ, мағынаға әсері болмағандықтан, жазу жүйесінде еленбей, «сыртта» қалып қояды.

Инварианттар түрленімінің тағы бір ерекше типі бар. **Инварианттар парадигмасында мүлде ұшыраспай, ал синтагматикада ерекше түрленімге жататын дыбыстық реңктер кездеседі.** Мысалы, *айтса* дегендегі *с*-мен *сана* дегендегі *с* тепе-тең емес. *Сана* дегендегі *с* парадигмадағы инварианттың негізгі реңкі болса, синтагматикада *айтса* дегендегі *с*-ның дыбыстық мәні, парадигмада мүлде жоқ *ц*-ға жуықтайды: *айт[ц]а.* Инвариант реңкінің дыбыстық қордағы бұл типі *с*-ның *т*-мен қатарласа, *м-дан кейін* тұруымен ғана байланысты. Айтылымда аса маңызды бірақ жазылымда ескерілмейді.

Тұжыра айтқанда, 19 дауыссыз бен 9 дауысты инварианттардың жазылымда негізгі реңктері бойынша орфографияланатыны, ал қосымша реңктердің ескерілмейтіні қазақ жазуының фонематикалық ерекшелігін танытады. Осы ерекшелікке сәйкес, орфографиямыздың негізгі принципі **фонематикалық принцип** болып саналады.

Графемалар ортологиясы. Дыбыстық жазудың типологиясында ұлттық тілдің дыбыстық ерекшеліктерін беруге сәйкес графикада детерминатив белгілерді (*апостроф, диграф, триграф, умляут, акут* т.б.) қолданатын нұсқалары бар. Флективті тілдерде, негізінен, диграфтық, триграфтық, апострофтық тәрізді графикалық белгілерді қолдану олардың типологиялық табиғатына жақын, әрі қолайлы, өйткені сөзжасамдық, сөзтүрленімдік, сөзжалғамдық мағыналық бірліктер түбір сөздің ішкі құрылымында жүзеге асады. Ал қазақ тілінде, сондай-ақ өзге де түркі тілдерінде, бұндай мағыналық бірліктер *түбір+туынды түбір+сөз түрленім+сөзжалғам* болып, жалғамалы жолмен жүзеге асатындықтан, апостроф, диграфқа қарағанда **акут** белгісіне негізделген әліпбидің тиімді екені байқалады.

Байырғы қазақ тілінде, өзге де түркі тілдеріндегідей, сегіз жұп дауысты дыбыс болды: **а – ä, о – ö; ұ – ү, ы – і.** Бұл ерекшелікті зерттеушілердің «куб» моделінен

байқауға болады. Қазақ тілінде бірінші реттегі *ä*-нің қысаңдауы (ä > е) бұл жұптық қатынастың өзгеріп, тоғыз дауыстыдан құралған *а – ә; е; о – ө; ұ – ү; ы – і* жүйесінің қалыптасуына себеп болды. Сөйтіп, халық тілінің вокализм жүйесінде жартылай ашық [**ᵻе**] дауыстысы пайда болды. Ал *ä*-нің бастапқы орнын халық тілінің дыбыстық қорындағы пайда болған жіңішке ашық дауысты басты. Мысалы, *аға+еке > әке; ажа+еке > әже; апа+еке > әпке* т.б. Осы қатар араб мәдениетінің ықпалы әсерінен *хәріп – әріп, хауа – әуе, әдет, әдебиет, әдеп* т.б. мәдени-әлеуметтік атаулардың енуіне байланысты толыға түсіп, екінші реттегі [ə]-нің вокализм жүйесіндегі орнын бекемдей түсті. Бұны айтып отырған себебіміз – араб тілінен енген едәуір сөздің дыбыстық ерекшеліктері халық тілінің дыбыстық қорындағы жуан дауыссыздардың, мысалы, [**қ**]-ның көмейге таяу айтылатын фонетикалық матрицада бар, бірақ фонологиялық қызметі жоқ жаңа бір вариацияларының пайда болуына әсер етті. Тілдің дыбыстық қорындағы бірліктердің әлеуеттік мүмкіндіктерін кеңейтті. Оларды орфографияда жүйелі, бірізді пайдалануға, жол ашу тиімді болмақ. Мысалы, *хазірет, хикмет, хакім, Хұт (жұлдыз), хұсни, хұснихат* т.б.

Қосар [ұу], [үү], [ый], [ій] дыбыс тіркестерінің орфограммасы. Жазылымда бір әріппен *у* және *и* түрінде таңбаланатын дауысты-дауыссыздардың тіркесі «қысқа дауыстылар», «шолақ дауыстылар», «тел әріптер», «жарты дауыстылар» деп әрқилы аталып келгені белгілі.

Кезінде А.Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі [ы], [ұ] қысқа естілетін дыбыстар, ал [й], [у] дыбыстарын жарты дауысты деп, олардың жазылуын *азу, қару, жабу; қиын, киім т.б.* деп көрсеткен. Ғалымның бұл ережесі қазақ жазуының базасындағы құндылықтардың бірі ретінде танылып, кирилше жазу орфографиясында (1957) бұл үлгі қайта жаңғырды. 1957 ж. ережеге дейін бірде *қыйын,* бірде *қиын,* бірде *жабу,* бірде *жабұу* болып, әрі-сәрі жазылып жүрген сөздер *қиын, киім, жабу, азу* делініп бір ізге түсіріліп, өз шешімін тапқаны мәлім.

Қазақ тіліндегі [**у**] дыбысы дауыстылардан соң жалаң [**у**] болып, айтылымда [**тау**], [**дәу**] түрінде дыбысталады, жазылымы да солай. Ал дауыссыздан соң келсе, [**ұу**], [**үү**] түрінде [**тұу**], [**түзүу**] болып айтылады, *тұу* деп жазылса да, *ту* деп жазылса да әртүрлі оқылмайды, айтылымдарында айырма жоқ. Сондықтан кезінде А.Байтұрсынұлының төте жазуындағы бұл үлгі (1912 ж.) кирилше әліпбиде тиянақ тауып, дәстүрге айналды.

Өйткені қосарлап таңбаланса да, даралап таңбаланса да айтылымында, А.Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, еш айырма жоқ. Екіншіден, жазу-сызуға қойылатын жинақылық, ықшамдылық талабына сай келетіндіктен, аталмыш дыбыс тіркестерінің дара түрде таңбалануы дәстүрге айналды. Ендігі жерде қазақ жазуының латын әліпбиіне көшуімен байланысты шұбалаңқылыққа ұрынбау үшін А.Байтұрсынұлы көрсетіп берген үлгіге артықшылық беру қажет дейтін дәстүрлі пікір бар.

Сондай-ақ жазудағы аталмыш дәстүрлі норманы қайта қарау керек, дыбыстар, морфемалардың буын жігі әріп тасасында бүркеленбей жазылуға тиіс дейтін де пікір жоқ емес. Мысалы, *қыйын, жабұу, кійім,* т.б.

Дәстүрлі бірінші пікір бойынша *ұйыту, киіну, тарихи, кейіту* тәрізді т.б. сөздер латын әліпбиімен төмендегіше орфографияланады*:*

*ııytý (*5 таңба)	*Saıası (*6 аңба)
*kııný (*5 таңба)	*ıakı (*4 таңба)

*tarıhı (*6 таңба) *ıaǵnı (*5 таңба)
*keıitý (*6 таңба) *ýlanýy (*6 таңба)

Ал екінші пікір бойынша бұл типтес сөздер латын әліпбиінде қосар әріппен төмендегіше орфографияланады:

uıytuý (6 таңба) *saıasyı (7 таңба)*
kiiinúý (7 таңба) *iıákii (6 таңба)*
taryıhyı(8 таңба) *yıaǵnyı (7 таңба)*
keıitúý (7 таңба) *uýlanuýy(8 таңба)*

Сондықтан екі тел дыбысты бір әріппен *жиын, суар* деп орфографиялауды дәстүрлі норма бойынша теріске шығарумен келісе қоюға болмайды. Ерін қатысы жағынан [**ұу**], сондай-ақ езу қатысы жағынан [**ый, ій**] түрінде бір-бірімен кірігіп кеткен тел дыбыстарды (қосар дыбыстарды) бір әріппен орфографиялау орынды деп танылады. Қосар дыбыстарды бұлайша орфографиялаудың тағы бір өзіндік артықшылығы – сөздегі әріп санының азды-көпті ықшамдалуына мүмкіндік береді.

Бұлайша бір-бірімен артикуляциялық, үн мен дауыс қатысы жағынан контаминацияланған екі дыбысты жазылымда бір әріппен берудің тиімді жағы бар. Бұндай үлгі интерминдердің де, төлтума атаулардың да орфографиялануын бірізденді-реді. Мысалы: а) төлтума атаулар: *tý, táý, dáý, taý.* ә) интерминдер: *unıversıtet, ınstıtýt, ýran, últra.*

Түптеп келгенде, *и* де, *й* де бір ғана үнді дауыссыздың дыбыстық мағынасын білдіреді. Қазақ тілінің дыбыстық қорында мағыналық бірліктерді ажырататын негізгі дыбыстардың құрамында бір ғана еріндік емес *и* бар. Қысқа [**й**] және [**и**] дейтін екі түрлі дыбыс жоқ. *Ай* деп жазылса да, *аи* деп жазылса да оқылуы – [**аи**]. Мысалы, *Айман, Иса* деген сөздер латын графикасы бойынша бір ғана «ı» әрпімен *Aıman, Isa* болып жазылады. Орыс тілінің орфографиясының ырқымен *магний, кальций, йога, йод, йота* деп жазылған халықаралық терминдер ендігі жерде латын әліпбиі бойынша *magnı, kalsı, ıoga, ıod, ıota* болып таңбаланады.

Тек шеттілдік қана емес, *кию, кую, ою, кею, қою; сия, жая, қия, оя, жоя, тұщы, ащы, кеще* сияқты қазақ тілінің төл сөздерінің жазылуында да қолданылылған [**йұу**], [**йүу**], [**йа**], [**шш**] сияқты бірнеше дыбысты бір әріппен берудің графемасы ретінде жұмсалған **ю, я, щ** әріптері *kıý, kúıý, oıý, keıý, qoıý; sıa, jaıa, qıa, oıa, joıa, tushshy, ashshy, keshshe* түрінде орфографияланады.

Нақтырақ айтсақ, сөз соңында және ортасында *ию*-мен берілетін сөздерде *ю* (йу) орнына у жазылады. Себебі екі *и* (ı) қатарлас келетіндіктен, екі *ı* -дің біреуі ғана жазылады. Мысалы, *кию – kıý (киу),* қию – *qıý (қиу), ию-ıý (иу)*. Қалған жағдайда және бірбуынды сөздерде *ю* орнына *йу* жазылады. Мысалы, *ою – оıý – ойу (о-йу), аю – аıý – айу (а-йу)*.

Я әрпінің жазылуы. Жаңа әліпбиде бұл әріп жоқ. Сондықтан кирилше жазудағы *я*-ның орнына латыннегізді әліпбиде кейде *ıа* әріп тіркесі жазылады, кейде *а* жазылады. Сөз басында кездесетін *Ясауи, япыр-ау, яғни, ядро, яhуди*, т.б. сөздерде *ıа*-мен таңбаланады. Жаңа әліпбиде *и* мен *й* дыбысына бір ғана *Iı* әріптік таңбасы берілгендіктен және өзінен кейін *а* жалғасатын болғандықтан, оны дауыссыз *й* дыбысы деп танимыз, соған орай тасымалға бөлеміз. Мысалы, *Iasaýı* – Ia -sa -ýı, *ıaǵnı* – ıaǵ – nı.

Сөз ортасында және сөз соңында з*иятқер, қиямет, алдияр* сияқты сөздерде *и (ı)* соңынан *я (ıа)* жазылғанда екі «*ı*» қатар келеді. Сондықтан бір *ı (и)* түсіріліп жазылуы тиіс. Мысалы, *zıatker* (зиаткер), *qıamet* (қиамет), *aldıar* (алдиар) деп жазылады. Демек, бұрынғы *я* орнында *а* жазылады.

Сөз соңында кездесетін *я*-ға байланысты емле де нақ осындай болуы тиіс. Мысалы, *мия – mıa (миа), автономия – avtonomıa (автономиа), биология – bıologıa (биологиа), химия – hımıa (химиа), Әсия – Ásıa (Әсиа).*

Шетел сөздерінің орфографиялануы. Кирилл әліпбиі орыс тілі үшін, оның дыбыстық құрылымына, грамматикалық ерекшеліктеріне адекватты ең озық фонологиялық әліпби болды. Оның ең негізгі дейтіндей басты жетістігі, біріншіден, мағыналық бірліктерді ажырататын 42 дыбыс (фонема), 32 әріппен берілді; ал дыбыстық бірліктердің санынан әріптің саны кем түсіп жататын болса, ондай әліпби жазу теориясында жақсы әліпбилер санатына жатады. Жазу теориясында әліпбиді бағалаудың бір өлшемі осы. Екіншіден, орыс тіліндегі дауыстылардың дауыссыз дыбыстардың билігінде болу заңдылығы графика, орфографиясында мықтап ескерілген.

Үшіншіден, екі-үш дыбысты (фонеманы) бір әріпке теліп беруі және әліпби құрамында дыбысталмайтын *өлі әріптердің* (*ь, ъ*) функциясының ерекше болуы орыс тілі графикасы мен орфографиясы үшін аса маңызды болды.

Алайда қазақ тілі үшін кирил әліпбиіндегі *өлі әріп* (ь,ъ), сондай-ақ екі-үш дыбысқа *ортақ теліме әріптердің* (ю, я) және *ц, щ, ё,* э-лардың ұлттық тіліміз үшін графемалық жүктемесі болған жоқ. Бұлар орыс тілінен енген сөздерді орыс тілінің орфографиясы бойынша жазу үшін қолданылды. Сөйтіп, кирилше қазақ әліпбиі гетерогенді сипатта, соған сәйкес қазақ тілінің орфографиясы қосамжар орфографияға айналды. Орфографиялық негізгі ереженің жартысына жуығы орыс тілі сөздерінің жазылуына қатысты болды.

Қазіргі кезде орфографиялануы қиын шетелдік терминдердің қатары жылдан-жылға көбейіп келеді. Әліпби ауыстырумен байланысты жазу-сызуға ұлттық сипат беру қауырт көтеріле бастағаны мәлім.

Ю әрпінің жазылуы. Жаңа әліпбиде бұл әріп жоқ. Дегенмен, осы әріппен таңбаланған сөздер өте көп. *Ю* латыннегізді әліпбиде *ıý*-мен немесе *ý*-мен таңбаланады.

Орыс тіліндегі жіңішке дауыссыз фонемадан кейін *ю*-мен келетін сөздерде *ý* жазылады. Мысалы *парашют – parashýt, абсолют – absolýt, полюс – pólýs, глюкоза – gilýkoza, люкс – lýks, дебют – debýt, салют – sálýt*, валюта – válýta, *бюджет – býdjet, бюрократия – býrokratıa, продюсер – prodýser, сюжет – sýjet, бюллетень – býleten.*

Орыс орфографиясы бойынша сөз басындағы *ю* әрпімен жазылып келген *Юпитер, юра* тәрізді терминдер латын әліпбиі негізінде *Iýpıter, ıýra* түрінде жазылады.

Сондай-ақ *ь* белгісінен кейін келетін *ю*-дың орнына *ıý* жазылады. Мысалы: компьютер – *kompıýter*, Кьюри – *kıýrı*.

Ё әрпінің жазылуы. Кирилше қазақ әліпбиіндегі графемалық мәні жоқ, басы артық әріптердің қатарына жататын *ё* әрпі ұшырасатын *дирижёр, манёвр, режиссёр, дублёр* т.б. тәрізді орыс орфографиясына бейімделген интертерминдер ендігі жерде латын әліпбиі бойынша *dırıjor, manevr, rejıssor, dýbler* түрінде таңбаланады. Яғни кейбір сөздерде *ё* орнына *о* немесе *е* жазылады. Оның емлелік ережелері анықтағышта нақтыланады.

Э әрпінің жазылуы. Кирилше әліпбидегі басы артық әріптердің қатарына э әрпі жатады. Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де [**Э**] мен [**е**] дыбыстық

мағынасы бірдей, сондықтан *аэроалаң, геоэкология, электр* сөздері латыннегізді әліпби бойынша *aeroalań, geoekologıa, elektr* түрінде орфографияланады.

Щ әрпінің жазылуы. *Ащы, тұщы* дегендегі қатар келген [**шш**] дыбысын білдіретін *щ* әрпі латын әліпбиі бойынша *ш* [*ashshy*], [*tushshy*], [*keshshe*] түрінде жазылады.

Сөз ортасында және сөз соңында келгенде *щ* әрпі айтылымда қазақ тіліндегі *ш* дыбысынан еш айырмасы жоқ. Сондықтан *училище, плащ, щи, прапорщик* сияқты сөздер жазылымда қазақша айтылымына сәйкес *ýchılıshe, plash, shı, praporshık* түрінде таңбаланады.

Ц әрпінің жазылуы. Орыс әліпбиіндегі *ц* әрпі шеттілдік сөздерді өз тілінің заңдылықтарына бейімдеу үшін алынған. Ал қазақ тілінің бірде-бір төл тума сөзі *ц* әрпімен жазылмайтыны белгілі. Яғни графемалық қызметі орыс тіліндегі шеттілдік терминдер қалай жазылса, қазақ әліпбиіндегі *ц* әрпі солай жазу үшін қолданылады. Ендігі жерде сөз басында *ц* әрпі келетін терминдер **s** әрпі арқылы жазылуға тиіс. Мысалы: *sıfr, seıtnot, sýnamı, sellofan*. Ал сөз ортасы мен аяғында келетін *ц* әрпі латыннегізді әліпби бойынша *ts* түрінде жазылмақ. Мысалы: *medıtsına, vıtse, konstıtýtsıa, abzats, kvarts.*

Бұл тұста *медицина, вице, конституция, абзац, кварс, асетон* деп, «бір ғана типке жататын дыбысты екі түрлі позициялық графемамен белгілемей, бір ғана орфограммамен жазу тиімді» дейтін де пікір бар. Оның емлелік ережелері анықтағышта нақтыланады.

Ч әрпінің жазылуы. Орыс әліпбиіндегі *ч* әрпімен келетін *Сочи*, *Чехов, Чикаго* атаулары *Sochı, Chehov,Chıkago* түрінде орфографияланады.

Х және h әрпінің жазылуы. Жаңа әліпби бойынша *х* мен *h* қызметін бір ғана әріп *Hh* атқарады. Сондықтан *х* және *h* дыбыстарының орнына *Hh* жазылады. Мысалы, *hat, jahan, horeograf, habar, gaýhar, qaharman*.

-ль дыбыстар тіркесі бар шетел сөздерінің орфографиясы. Шет тілінен енген *альт, альтернация т.б.* терминдердің дыбыстық құрамындағы *-ль* тәрізді жіңішке дауыссыздармен келеді. Қазақ тілі дауыссыздарының жуан/жіңішке инварианттары жоқ. Айтылымда дауыссыздардың жуан/жіңішкелігі дауыстылардың жуан/жіңішкелігіне байланысты. *Альт, альтернация, альфа, альтиметр, факультет, фольклор, вальс, ансамбль* тәрізді едәуір терминдік атауларда дауыссыз дыбыстардың жіңішкелік тұрпатын дауыстының билігімен жазу тиімді болып табылады. Мысалы: *ált, álternatsıa, álfa, áltımetr, fákýltet, fólklor, váls, ánsambl* т.б. Өйткені, А.Байтұрсынұлы айтқандай, дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі дауыстылардың билігінде болады.

Ь белгісімен жазылған сөздердің емлесі жеке қарастырылады. Себебі *ь* белгісі әрдайым түсіріліп жазылмайды, кейде орнына қосымша *и* немес *е* дыбыстарының қажеттілігі байқалады. Мысалы, *барьер – barıer* (*barer* emes*), интерьер – ınterıer* (*ınterer* emes*), рельеф – relıef* (*relef* emes), *пьеса – pıesa* (*pesa* emes), *курьер – kýrıer (kýrer* emes).

Бильярд, коньяк, итальян, фортепьяно сияқты сөздерде «ь» белгісінен кейінгі *я* латыннегізді әліпбиде *ıa* әріп тіркесімен таңбаланады. Мысалы, *билиард – bılıard, италиан – ıtalıan, фортепиано – fortepıano.*

Ст дауыссыздарының сөз аяғында келуі қазақ тілінің дыбыстық заңымен үйлесе қоймайтыны белгілі. Мысалы, *анархист, социалист, журналист, коммунист, формалист, манифест* т.б. қоғамдық-саяси, ғылыми терминдер идеологиялық қысым бойынша орыс тілінің емле ережесімен жасалды. Бірақ қосымша жалғанғанда

анархиске, социалиске, журналиске, коммуниске, формалиске, манифеске делініп, қазақ тіліне біршама икемделеді. Дегенмен бұндай терминдерді *anarhıs, sosıalıs, jýrnalıs, kommýnıs, formalıs, manıfes, ensıklopedıs, programmıs, separatıs, everes* деп, тіл заңдылығына толық икемдеп жазу тиімді болмақ.

лл, сс, мм дыбыстар тіркесіне біткен сөздердің бір сыңары түсіріліп жазылады. Сонымен қатар, *класс, металл, прогресс*, *грамм, берилл, масс-медиа, конгресс-холл, пресс-релиз* т.б. атаулардың да орфографиялануын ережеде қайта қарау керектігі – сөз аяғының «геминант» дыбыстарға аяқталуы қазақ тілінің дыбыстық заңымен сәйкеспейтіндіктен, болашақ ережеде бұндай терминдер *клас – klas, метал – metal, прогрес – progres, грам – gram,берил – berıl, мас-медиа – mas-medıa, конгрес-хол – kongres-hol, прес-релиз – pres-relız* түрінде орфографиялануы қажет, өйткені сөздің жазылуын «қызметсіз» тұрған басы артық әріптерден арылтуды орынды деп есептейміз.

Сөз аяғында [**б**] [**г**] дыбыстары қолданылмайды, сондықтан *штаб, клуб, педагог, демагог* т.б. атауларды *штап, клуп, педагок, демагок* деп орфографиялау қажет деген пікір орынды болып саналмайды. Дәстүр бойынша бұл типтес сөздер қосымшалармен түрленгенде: *штабы, клубы, педагогі, демагогі* т.б.түрінде жазылады.

Сонымен бірге, жарнамаларда, ресми қолданыстарда цитаталық принцип бойынша жазылатын шетелдік брендтердің атаулары (*тойота, нокиа, айфон, самсунг т.б.)* ортологиялық құралдар (сөздіктер, анықтағыштар) арқылы реттелуі керек. Сол сияқты, коммуникативтік қажеттіліктен туындаған *уик-энд, сэкондхэнд, респект, инстаграм, фейсбук, лайк, гугл, блогер, гаджет, веб-сайт, пиар, хостел, френд, шопинг,* сондай-ақ жеміс-жидек, тағам атаулары – *фаст-фуд, фишбургер, мангостин, маракуйя, артишок, питахайя, папайя), PhD докторант, VIP-зал, онлайн, офлайн, веб-сайт – Web-сайт, PR* (*пиар)* т.б. сөздердің жазылу нормасы да ортологиялық құралдар арқылы реттеліп отыруға тиіс.

Күрделі сөздердің орфографиясы. Бөлек және бірге жазылатын сөздер қазақ орфографиясындағы аса күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Әуелден қалыптасқан дәстүр бойынша жеке түрде айтылатын, қолданылатын сөздер босаралықпен бөлек жазылады. Лексикографиялық еңбектердегі реестрлік қатар түзетін лексикалық бірліктер яғни түбір, туынды түбірлер бөлек жазылатын сөздердің ерекше тобына жатады. Жазылымда босаралықпен жазылатын сөздерге шылаулар жатады. Сондай-ақ тұрақты сөз тіркестерінің әр сыңары босаралықпен таңбаланады. Бұл дәстүр нормаға айналып, жазу тәжірибесінде тұрақтана түсті. Алайда сөздердің бірге не бөлек тұлғалануы бірте-бірте өз шешімін тауып келеді. Жазу тәжірибесінде сөздерді бірге жазу үрдісі күшейе түсті. Бұл үрдістің орфограммасының реттелуі белгілі модель арқылы жүзеге асқаны айқындалып отыр.

Атаулық мән алған және жұрнақ жалғану арқылы бір ұғымды білдіретін сөзге айналған тұрақты тіркестердің бірге жазылуы тұрақталды: *ақкөңіл, ақкөңілді, ақкөңілділік; ержүрек, ержүректік; басбұзар, басбұзарлық; безбүйрек, безбүйректік; ақпейіл, ақпейілділік; аққұлақ, аққұлақтану т.б.; бас қатыру – басқатырушылық; тізе қосу – тізеқосушылық; көре алмау – көреалмаушылық* т.б.

-лық/-лік, -шылық/-шілік, -лы/-лі жұрнақтары арқылы бірге жазылатын сөздердің қатары молайды: *бұғышаруашылық, малшаруашылық; жантүршігерлік, жатжерлік, адамсүйгіштік; ашатұяқты, сүтқоректі, көпшілікқолды, ауырдәулетті т.б.*

Сонымен қатар, *отқасалар, есікашар, бақанаттар, атқамінер, тұсаукесер* т.б. сөздер белгілі модель бойынша жүзеге асырылып келеді. Бұлар әуелдегі өзінің

отқа салу, есік ашу, тұсау кесу деген денотаттық семантикасынан коннотативтік семантикаға көшу арқылы біріккен сөздердің типіне жатады. *Көңілшай, келіншай, шүкіршай, кеңесшай* дегендер де біріккен сөздердің осы аталған типін құрайды.

Бірге жазылатын сөздердің аталмыш типтері ережеде тиісінше қамтылмақ.

Ережеде бөлек жазылатын тіркесті атаулар, тіркесті терминдердің әр сыңары екпінмен айтылатындықтан, дәстүр бойынша бөлек жазылады.

Компоненттері грамматикалық, қатынаста яғни анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста айтылатындықтан, сөз тіркестерінің сыңарлары қалыптасқан дәстүрге сай бөлек жазылады: *ақ үй, боз үй, қара үй, ағаш үй* т.б. бірақ осыларға тұрпат межесі ұқсас, ал мазмұн межесі әр басқа *ақүй аманат, ақмал, аққоянның жұты, іріқара* тәрізді атаулар бірге жазылады.

Сөздердің тасымалдануы. Тасымал мен буын жігінің жазу тәртібінде сәйкес келетін және сәйкес келмейтін тұстары бар. Айталық, [**а-бай**] деп буындалғанымен, *А-бай* делініп тасымалданбайды. Себебі жолдың соңындағы [*а*] да, келесі жолға шығарылған [-бай] да мағыналық екіұштылық туғызады. *А, солай ма?* дегендегі [а] айтылымда жеке буын болғанымен, жазылымда ескерілмейді. Буын мен әріп тасымалының бір-бірімен қиылысатын тұстары бар да, бірін-бірі дәлме-дәл қайталамайтын тұстары бар. Мысалы, *емле* сөзі *е-мі-ле* түрінде буындалады, *ем-ле* деп тасымалданады. Сөздің дыбысталуы ауызша тілдің (орфоэпияның) объектісі болса, тасымал жазба тілдің (орфографияның) объектісі болып саналады. Тасымал тәртібі бұрынғы жазу дәстүрін сақтайды, кейбір тұстары анықтағыштар арқылы көрсетіледі.

Бас әріппен жазылатын сөздердің емлесі бұрынғы жазу дәстүрімен сәйкес болып келеді, ал кейбір тұстары анықтағыштар арқылы нақтыланады.

Қорытынды. Назарға ұсынылып отырған бұл Жобада:

– қазақ орфографиясының негізгі ережелерінің ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуы;

– тәжірибеде сыннан өтіп, дәстүрге айналған базалық нормалардың сақталуы;

– техникалық жақтан қазақ орфографиясының қолдануға оңтайлы, мобильді, жинақы болуы;

– халық тілінің дыбыстық қор әлеуетінің кеңірек қамтыла түсуі;

– жаһандану үрдісінде жазу-сызудың ұлттық сипатының сақталып, космополиттік әсірелікке ұшырамауы, т.б.

Бұл айтылғандар, түптеп келгенде, орфографиялық ережелер түзудің негізгі ұстанымдары болмақ.

ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ-ТАҒЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ ТУРАЛЫ[55]

Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қоғамдық санамызға мықтап қозғау салған рухани жаңғыру идеясымен ұштасып жатқан тарихи шешім. Тоқталған әліпбиіміздің соңғы нұсқасы да мәдени жұртшылықтың назарында тұр.

Осы соңғы нұсқа бойынша алдымен Орфографиялық ереженің ғылыми негіздемесі (концепциясы) жасалды, осыған сәйкес А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында 2017-2018 жылдар аралығында Орфографиялық негізгі ереженің бастапқы жобасы әзірленді. Мәдениет және спорт министрлігінің Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Ереже концепциясының таныстырылымы Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінде өткен мәжілісте тыңдалды. Ереженің алғашқы нұсқасы Зеренді, Қапшағай қалаларында әріптестеріміздің ресми сараптамасынан өтті. Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен мәжілісте Ереженің негізгі жобасының таныстырылымы тыңдалды. Бұл жайында құлағы түрік жұртшылық хабардар. Әрине, Ереже тақыр жерде жасалған жоқ. Бұған дейін де жасалған ережелер, орфографиялық сөздіктер, анықтағыштардың негізге алынғанын атап айтамыз. Аталмыш Ереженің бастапқы нұсқасы – Институттың ұжымдық өнімі.

Әліпбидегі әріптердің құрамы және ұлттық сипаты. Алдағы уақыттағы атқарылатын әдістеме, түсіндірме, талдау, саралау, жұмыстарының бір саласы әліпби құрамындағы әріптердің қызметіне, олардың дыбыстық мағыналарына байланысты болуы керек. Өйткені «А.Байтұрсынұлы 28 әріптен тұратын әліпби жасаған, соны негізге алу керек» деген жаңсақ сөздер масс-медиа хабарларында аз айтылмай жүрген жоқ. Шындығында, олай емес. А. Байтұрсынұлы 19 дауыссыздан, 5 дауыстыдан тұратын, 24 әріпке негізделген әліпби түзді. Жалпы халық тіліндегі 19 дауыссызды және 9 дауыстыны дәл бере отырып, оларды *сүйеутаяқ* (диакритикалық белгі) арқылы 24 әріпке сыйғызып, ең озық әліпби үлгісін жасады. «Дала уалаяты», «Айқап», т.б. ескі қазақ жазба тілі мұраларында кездесетін *h, ф* дыбыстарын белгілейтін әріптер төте жазуда ескерілген жоқ. Бірақ, түбінде, *һәм, фәни, фазыл* тәріздес сөздердегі дыбыстарды таңбалайтын әріптерді төте жазу әліпбиіне енгізудің керектігін А.Байтұрсынұлы жоққа шығарған емес. Бұған, бәлкім, Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірі – Міржақып Дулатовтың (бүркеншік аты – Азамат Алашұғлы): «А.Байтұрсыновтың жазу тәртібін ұнатқанымнан басқа қосарым мынау: «Қазақ әліппесіне **ф, х**-да кірсе екен деймін. Таза қазақ сөзінде болмаса да қазақ тіліне кірген араб, парсы сөздерінде һәм: «Ахмет, Мұхамеджан, Фазыл...» деген секілді қазақ аттарында бұл екі хәріп көп ұшырайды. **Ф** мен **х** әліппеге кіргенменен жазу тәртібіне қиыншылық келтірмейді. Естілуінде де, жазылуында да бұлардан айыра алмастай ұқсас хәріптер жоқ» деген пікірі себеп болса керек. («Айқап», 1912. №8, 181-185 бб.).

Сонымен, жаңа әліпби құрамындағы әріптерді үш топқа топтастыруға болады.

1. Жалпыхалықтық тілдің дыбыстық қорындағы мағына ажыратын дыбыстардың дыбыстық мәнін білдіретін әріптер: *a, á, e, o, ó, u, ú, y, i* (тоғыз дауысты); *b, g,*

[55] *Мақала «Латын әліпбиіне көшу: ғылыми-тәжірибелік негіздер, даму процесі және негізгі мәселелер» атты конференция жинағы, – Астана, 2018 ж. жарияланған.*

ǵ, d, j, z, ı, k, q, l, m, n, ń, p, r, s, sh, t, ý (он тоғыз дауысты) бұлар мағына ажырататын дыбыстық бірліктердің әліпбидегі қатары (парадигмасы).

2. Ескі қазақ жазба тілінде қолданылған [х], [h], [ф] дыбыстарын білдіретін **x/h** және **ф**: *һәм, қаһарман, хәмта/һәмта, хауіз/ һәуіз, хан/һан; саф ауа, саф көңіл, саф алтын, фазыл,* т.б.

3. Ал жаңа әліпбидегі **v** (в), **ch** (ч) әріптері халықаралық терминдер мен атаулардың жазылуын оңтайландыру үшін берілген». Әліпби құрамын айтқанда тағы бір ескеретін жайт, әліпбидегі 32 әріптің 31-інің бас әрпі және кіші әрпі бар, ал ***ң*** әрпінің бас әрпі жоқ.

Міне, осы үш топтан тұратын әріптер қазақ тілінің ұлттық жазба тіл қорындағы мағыналық жүктемесі бар дыбыстық бірліктердің таңбасы болып табылады. Әліпбидегі әріптер айтылымдағы кез келген дыбыстарды емес, мағына ажыратуға септігі бар дыбыстық мәнділіктерді білдіреді.

Жаңа әліпбиге көшудің түпкі мәні жазу-сызуды (писменность) реформалау. Төңкеріс жасау емес. Әліпби өзгертуді бір әріпті, тіпті қаріпті (шрифті) алмастыру деп түсінсек, түсінігіміздің тым таяз болғаны. Реформаның түпкі мәні, жазу-сызуымызға ұлттық сипат беру. Алдымен жаңа әліпбиіміздің ұлттық сипатын танып, түсіну үшін оның құрамына назар аударық. Біріншіден, әліпбидің негізгі іргетасы, жоғарыда айтылғандай, жалпыхалықтық тілдегі 9 дауысты мен 19 дауыссыз. Екіншіден, ескі қазақ жазба тіліндегі кезеңнен келе жатқан **x/h, ф** әріптері. Бұлар алдымен жазба мәтіндерде қолданылып, дағдыға айналған, сондықтан әліпбидің ұлттық сипатына алабөтендігі жоқ. Үшіншіден, **v** (в), **ch** (ч) әріптері халықаралық терминдер мен атаулардың орфографиялануын оңтайландырудың тиімді тәсілі ретінде алынған.

Ереженің әліпбимен байланысын кейбір түйінді тұстарын, «неге олай?», «неге бұлай емес?» дейтін мәселелердің шешімін жұртшылыққа түсіндіріп отыру кезектегі аса қажетті міндеттердің бірі болып саналады.

Әліпбидегі әріптердің атаулары. Солардың бірі – Елбасымыз Жарлығымен бекітілген әліпбидегі (19.02.2018) әріптердің атаулары жазу-сызудағы түйінді мәселелердің бірінен саналады. Әріптердің халықаралық атаулары бар да, халықтық атаулары бар. Біріншісі ғылыми зерттеулерде қолданылады. Біз Ережеде халықтық атауларға сүйендік. Халықтық атауда, мысалы, *б-бы, д-ды, с-сы, т-ты*....т.б. деп аталады. Басқа әріптердің аталуы да солай. Бұлай болу себебі тіл дыбыстарының қоғамдық санадағы бейнесі, ойдан шығарылған нәрсе емес. **Г** мен **к** әріптерінің жіңішке түрде берілуі олардың үнемі жіңішке буындарда кездесуіне байланысты, сондықтан бұлардың дыбыстық аталуы *кі, гі* түрінде берілген. Бұл жерде тағы да сұраудан-сұрау туындай береді. Неге ***и*** әрпінің дыбысталуы ***йи***, ал ***у*** әрпінің дыбысталуы ***ұу***? Бұлай болуы тілдік санада дыбыстық бейнесінің жіңішке ій түрінде ұғынылуы. Ал **у** әрпінің **ұу** болуы жуан буынды сөздердегі дыбыстық образымен байланысты. Сонымен тіл дыбыстарының қоғамдық санадағы бейнесі – олардың моделі іспетті. Бұл – автоматизм түрінде жұмыс істейтін модель. Бұларды Орфографиялық ереженің негіздемесінде, ереженің өзінде нақтылау міндетті емес. Осындай ерекшеліктер болашақта орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерде немесе анықтағыштарда егжей-тегжейлі түсіндірілетін болады.

Орфографиялық сөздіктегі негізгі принциптер. Ереженің түсіндіруді қажет ететін түйінді мәселелерінің бірі – орфографиялық сөздіктің басшылыққа алатын негізгі принципі. Бұл жөнінде әртүрлі пікірлердің болғаны белгілі. Морфологиялық

па? Фонетикалық па? Немесе фонематикалық па? Осыларға қысқаша тоқтала кетуге тура келеді.

Морфологиялық принцип дегеніміз – мектеп сөзімен айтқанда, түбір сақтау. Біздер, орфографиямен шұғылданушылар, фактологиялық материалдарға сүйенеміз. Мысалы, *қазақ, қазағы* дейсіз, солай жазасыз, бірақ *қазаг* деген түбір жоқ қой, ал *қазақы* десеңіз, басқа мағына. *Тірлік* деп жазасыз, түбір сақтап *тірілік* деп жазбайсыз. Сол сияқты *тасқын* деп жазасыз, бірақ түбірі *тасы* болса да *тасықын* деп жазбайсыз. *Егіннің* түбірі *ек* болса да *егін* деп жазасыз. Себебі сіз бұл жерде мағына ажыратуға дәнекер дыбыстарды (бұларды ғылыми сөзде фонема дейді) жазып отырсыз. *Фонематикалық* принцип дегеніміз осы. Ережеде фонематикалық принциптің негізге алыну себебі осы айтылғандарға саяды.

Ал *фонетикалық принцип* қалай айтылса, солай жазу; қалай естілсе, солай жазу дегенге саяды. Рас, кейде *дала, қала, ана, бала, ел-жұрт* т.б. жазылуы даусыз сөздердің айтылуына, соған сай жазылуына қарап, фонетикалық жазу екен деуге болмайды. Айталық, *қашша* деп айтсаңыз не естісеңіз, оның айтылымы да, естілімі де бірдей. Бірақ мағыналары әр басқа. Фонематикалық жазу сол әр басқа мағынаны береді: *қазша* (*қаз* сияқты), *қашса* (*қашатын* болса), тағы бір мағынасы *қасша (дұшпанша)*. Осы типтес сөздерді мағына ажырататын дыбыстар бойынша жазу фонематикалық ұстанымға жатады. Түбір сақтап жазу дегеніміз де осы принциптің аясына кіреді.

Сингармобуынды сөздердің орфографиялануы. Ұлттық жазу-сызуымыздың Ережесі сингармонизм заңдылығына сүйенетіндігі белгілі. Бірақ бұл тұста қай сингармонизм екенін, яғни езубейімді үндестік пе, әлде ерінбейімді үндестік пе? Қайсысы екенін түсіндіре кетуге тура келеді. Біз жазба дәстүрге айналған А.Байтұрсынұлының сингармонизміне, Халел Досмұхамедұлы айтқан сингармонизмге сүйендік. Бұл – сөздердің жуан, жіңішке болып жазылуын негізге алатын **езубейімді сингармонизм.** Ғылымда бұны **лингвалды сингармонизм** дейді. Мысалы, *қойымыздың, қойшымызға, үйлерімізге, түйелеріміздің* т.б. Ал еріндік сингармонизмді жақтаушылар әсіресе 90-жылдары қызуқанды айтыстың алаңына айналдырған болатын. Кезінде тәжірибе ретінде ерінбейімді (лабиалды) үндестікті жазып көргенімізде оның жазу-сызуымыздың жартысына жуығын қамтитынын байқадық. Ол айтыстың беті қайтқандай болды. Бірақ қазіргі кезде де ара-тұра айтылып жүр. Егер біз ерінбейімді сингармонизмді ұстансақ, *қойұмұздұң, қойшұмұз, үйлөрұмүзгө, түйөлөрұмүздұң* т.б. деп жазғанболаредік. Алайдажазармандарымыздың қоғамдық санасы бұндай «жаңашылдықты» қабылдай қоймасы белгілі. Сондықтан орфоэпиялық ережеде А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы негіздеген езубейімді сингармонизмді базалық норма деп таныдық.

Сөздің дыбыстық құрамының орфографиялануы түсіндіруді қажет ететін қиындықтардың бірі.

Алдымен айқындап алайық. Сөздің дыбыстық құрамының қатары «бір дауысты, бір дауыссыз немесе бір дауыссыз, бір дауысты» болып айтылатын *алыс, алақан, асыл; терек, дала, жалаң* т.б. сөздер де, сөз ішінде қатар келетін дауыссыздары да бар: *қарт, алты, орта, арқа, алқа, тіпті* үш дауыссыз қатар айтылатын *сырттан, жұмыртқа, кесіртке, омыртқа* тәрізді ауыр буынды сөздер де бар. Анығы осы.

Ал қиындық үнді мен үнді дыбыстың аралығындағы қысаң **ы, і, ұ, ү** дауыстыларының орфографиялануы, мысалы, *емле ме, еміле ме; мемлекет пе, мемілекет пе?*

Емле әуелден екі, *мемлекет* үш буынды болып жазылып жүр. Бұларды, *еміле* деп үш буынға, *мемілекет* деп төрт буынға айналдыру не үшін қажет? *Мәміле,*

мәлімет, құрылыс, топырақ, жапырақ тәрізді сөздер бірізділікпен дәстүр бойынша үш буынды түрде жазылып жүр.

Ал түбірдегі қысаң дауыстылар туынды түбірде түсіріліп жазылады*: опыр > опрық, тірі > тірлік, сарын > сарна, орын > орна, ойын > ойна, бауыр > баурай, қойын > қойнау, үрік > үркек, бұйыр > бұйрық, ұры > ұрлық, ұрла; жиын > жина; жинақ* т.б.

Бұл жерде «Бір дауысты, бір дауыссыз» деген формула жүрмейді. Себебі екі буынды түбірдің қосымша жалғанғанда үш буынды болып ұзармай, екі буынды болуы тілдің ішкі табиғатына тән *үнемдеу, ықшамдау заңдылығымен*, яғни жалғамалы тілдің буын санын ұзартпай, тілдің өзін-өзі реттеу механизмімен байланысты.

Дара және қосар дыбыстардың орфографиялануы. *У, и* әріптерімен жазылып жүрген *ту, су, бу* тәрізді сөздерді *тұу, сұу,бұу* деп жазу керек пе? – дейтін сұраумен байланысты түсіндіруді қажет ететін түйінді мәселелердің бірі. Бұл жерде сүйенетіміз: **тағылым, дәлел, уәж**. Осыларға сүйеніп, бір тоқтамға келдік. Тағылымға, дәлелге, уәжге тоқталмасақ, жазу реформасы бітіспес айтыс алаңына айналар еді.

Әуелі сөзді тағылымнан**,** өмір тәжірибесінен бастайық. А.Байтұрсынұлы кезіндегі төте жазуда *қиын, тиын, ит, киім деп те, қыйын, тыйын, ійт, кійім* деп те жазған. Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, педагог-қаламгер Жүсіпбек Аймауытов: «Мен педтеқникум бітіретін жігіттерге бастауыш мектепте қыс бойы тәжірибе сабағын бергізіп келемін. Сондағы менің көзім жеткені: бір қыс оқып, хат танығаң ең зерек деген балалар «**у**» мен «**и**»-ды дұрыс жаза алмайды. Олар *сұу, асұу, тұу, татұу, биле, ине, бие, сила...* деп жазады.

Бірінші кластың ең тәуір оқитын балаларына жазғызып көрдім. Мысал үшін Егем Алданазаруұлы деген баланың жазғанын оқып көрсетейін: *табу, тұу, ине, бие, биле*. Бұлар білмеген соң, емлеге ең жетік деген кластың тағы бір Жайық Жанәліұлы деген балаға жазғыздым. Оның жазғаны: *сұу, асыу, табыу, татыу, тұу, біше, ине, иә, бише, сила.* Бұл «ұу»-ларды дұрыс жазғанмен, «и»-ге келгенде біресе жалғыз и**,** біресе ы+и деп шатастырады. «*Сұу*»-да «ұ» жазып, «*асыу*»-да «ы» жазған себебін сұрағанымда, «ы» естіледі деп айтады. Сондықтан жаздым, – дейді. Міне, үш жыл оқыған бала әбден көзі қанғандықтан, мұғалімнің сөзіне нанғандықтан, «ұу»-дың жазуын әрең біліп, «и»-дің жазуын біле алмай отыр. Бұларды оқытқан – дыбыс әдісіне жетік, тәжірибелі мұғалім. Ол ол ма? Үш жыл оқыған бала түгілі, 8 жыл оқып, педтеқникумды бітіріп, ертең өзі оқытқалы отырған, оқытып жүрген жігіттердің өзі «сыйыр»-ға неше «ы» жазылатынына әлі күнге дауласады. Бұл не?» – деп қосар дыбыстарды бір әріппен таңбалауды жөн санаған.

30-жылдардағы латында да солай*: тұу* деп те, *ту* деп те жазылды. Кирилше жазуда, 1957 жылғы ережеге дейін *тұу* деп те, *ту* деп те жазылған болатын. Осы қиындықтан тағылым алуымызға болады.

1957 жылғы Ережеден кейін бұндай ала-құла, әрі-сәрі жазу бірізге түсті. Егер ережеде кемшілік болса, осы күнге дейін ала-құлалықтан арыла алмай жүрген болар едік. Қай газетті алып қарасақ та, *у, и* әріптерінің жазылуынан кеткен қатені көрген жоқпыз. Егер өмір сынынан өткен тәжірибеден тағылым алмасақ, күні ертең-ақ баяғы ала-құлалық қайталанбай қоймас. Тағылымға тоқтамасақ, тағы да тайғақ кешуде жүреміз. **Тағылым** дейтініміз осы.

Дәлел. Дәлел мынау: *у* да, *и* де А.Байтұрсынұлы айтқандай, жарты дауысты. [тұу] дегенде *у* жарты дауысты, *ұ* қысқа дауысты, екеуі де еріндік. Осы қасиеттері жағынан бірегейленіп, бір бүтінге айналған дыбыстық бірлік. *Тұу* деп жазсаңыз да, *ту* деп жазсаңыз да айтылымында айырма жоқ.

Уәж. Уәж мынау: Әңгіме тек *бу, су, ту* сияқты, бір буынды сөздер ғана емес. Әдетте орфографиямен шұғылданушылар бірер сөзбен ғана шектелмей, фактологиялық материалдарды кеңінен жинап, соған сүйенеді. Оны саралайды, әр нұсқасын жазып, салыстырады: *игеру (5 әріп) – ійгерүү (7 әріп), игерісу (7 әріп) – ійгерісүү (9 әріп); қуу (3 әріп) – құуұу (5 әріп); ауру (4 әріп) – ауырұу (6 әріп); суыну (5 әріп) – сұуынұу (7 әріп)*.

Ал халықаралық терминдер мен прецедентті атауларды да қосар *-ый/-ій, -ұу/-үу* түрінде де жазып көрдік: *криминологиа (12 әріп) – кріймійнологійа (15 әріп), университеті (12 әріп) – үунійверсійтеті (15 әріп), Иури Гагарин (11 әріп) – Ыйұурій Гагарійн (15 әріп)* т.б. халықаралық терминдер мен прецедентті атауларға келгенде, оппоненттер тарапынан «біз тек төл сөздерімізді ғана *-ый/ -ій, -ұу/үу* деп жазамыз» дегендей де уәж айтылды. Бұндай уәжге де тоқталу қиын болды, өйткені мыңдаған жазарманымыз *иман/ыйман, уәкіл/ууәкіл, Уәзипа/Ууәзійпа, уәжіп/ууәжіп, Уәлихан/Ууәлійхан, Иса/Ыйса, Исатай/Ыйсатай, Иран/Ыйран* т.б. сөздер мен атауларды жазарда төл ме, төл емес пе деп «сұрыптап» отырмақ па? Дара не қосармен жазу санаулы сөздердің ғана орфографиялануы емес, күллі Емлеміздің шамамен үштен бірін құрайтын аса ауқымды жүйе. Оны өзгерту – өзгеріс емес, төңкеріс болар еді.

Әліпби реформасы қоғамымызда 7 жас пен 70 жастан асқанға дейінгі мүшелерін қамтитын әлеуметтік аса ауқымды және кезек күттірмейтін рухани жаңғыру. Реформа дегеніміз, жалпы айтқанда, түп негізін сақтай отырып өзгерту. Жазу-сызуда да солай. Жазу-сызу – біздің түп негізі бар рухани дүниеміз. Ал түп негізінен айырылса, ол өзгеріс емес, төңкеріс болар еді.

Кирилшедегі әріптердің баламалары. Ережедегі тарқатып айтар тұстардың бірі – кирилшедегі ё (іо) , ц (с), щ (sh), ъ, ь, э (е), ю (ıý), я (ıа) әріптерінің баламасын оңтайлы түрде орфографиялау. Бұл тұста, байқауымызша, *э, ц, ё* әріптерін *е, с, ио* түрінде таңбалау соншалық қиындық келтіре қоймайды. Мысалы, elektr (електр), sement (семент), aseton (асетон) түрінде жазуға болады. Сондай-ақ сөз басында келетін *я, ю* әріптерін юмор – іýmor (иумор), юнкер – ıýnker (иункер), ягуар – ıagýar (иагуар), ядро – ıadro (иадро), яхта – ıahta (иахта), юнга – ıýnga (иунга) деп таңбалау дау тудыра қоймайды. Бірақ қиындық *ю, я* әріптерінің екі дыбысты емес, бір [у], бір [а]-ны және сөз ішінде қатар тұрған алдыңғы дауыссыздың жіңішкелігін білдіретін қызметімен байланысты. Мысалы: Таня – Tanıa (Таниа) ма, Танә – Taná (Танә) ма?; Сондай-ақ Любовь деген жалқы есім, Лиубөв немесе Лубөв деп жазылуы керек пе? *Парашют, сюита, сюрреализм, сюзерен, сюжет, салют, фюзеляж* сөздерін, жедел сауалнамада көрсетілгендей, жұртшылық parashýt (парашут), sıýta (сиута), sýrrealızm (сурреализм), sýzeren (сузерен), sýjet (сужет), salýt (салут), fýzelıaj (фузелаж) деп жазуға бейім. Қиындық осында. Бұл тұста мәселені ашық қалдырмай шешуге тура келеді.

Жіптің ұшын түйіп айтқанда: қазақ орфографиясының негізгі ережелерінің ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуы көзделген; тәжірибеде сыннан өтіп, дәстүрге айналған базалық нормалары сақталған; техникалық жақтан қазақ орфографиясының қолдануға оңтайлы, мобильді, жинақы болуы ескерілген; халық тілінің дыбыстық қор әлеуетінің кеңірек қамтылу жағы қарастырылған; жаһандану үрдісінде жазу-сызудың ұлттық сипатының сақталып, космополиттік әсіреліккe ұшырамауы көзделген.

ЖАҢА ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕНІҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ТУРАЛЫ[56]

Бірінші. Қазіргі кирилше әліпбидегі 42 әріптен бес-алтауы ғана қысқартылыпты деп, жаңа латынша әліпбиімізді қомсына бермейік дегім келеді. Қысқартылған бесеу емес, 10 әріп: ***ё, й, х, ц, щ, ь, ъ, э, ю, я.*** Бұл 10 әріптің басы артық, қазақ жазуы үшін қызметі (графикалық жүктемесі) жоқ екені әуел бастан белгілі болатын. Жалғыз қазақ әліпбиі емес, СССР-дағы өзге де туыстас түркі және иран текті халықтардың мысалы, тәжік әліпбиінде де осы 9 немесе 8 әріп қаздай тізіліп тұр. Бұл «тоғызды» идеологиялық күштің қысымымен сырттан сыналап кіргізілгені де баршамызға аян. Осы аталған әріптерсіз де қазақтар жазуын жазып, оқуын оқи беретіні күмәнсіз еді.

Ал қазіргі латынша қазақ әліпбиінің басы артық оннан арылуы жазу реформасындағы шешуші оң қадамның бірі деп бағалаған жөн болар.

Екінші. Әсіресе жазу-сызу, әліпби, емле ережелері сияқты жалпыхалықтық сипаттағы мәселелерге келгенде әрқилы пікірлер, пікіралуандығы болатыны түсінікті жайт. Олардың қайсыбірі пікірталас барысында тиянақ тауып жатса, қайсыбірі сындарлы сөз, дәлел мен уәжге тоқталмастан, әдейі қаузаған сайын өрши түсіп жатады.

Бұл жерде айтайық деп отырғанымыз: «қосар» ма?, «дара» ма? деген мәселе. Таластың басы жиырма-отызыншы жылдары басталып, аяғы 1957 жылғы емле ережесінен кейін тиянақ тапқан болатын. Бұрын *сұу/су, тұу/ту, кійім/киім, қыйын/қиын* болып әрі-сәрі жазылып жүрген сөздер 1957 жылғы Ережеден кейін бірізге түсті. Алпыс екі жылдан күні бүгінге дейін баспа беттерінде, мектеп өмірінде осыдан қате кетіп жатса, дабыл қағылып, шу көтерілер еді. Бірақ тиянақ тапқан талас әліпби ауыстырумен байланысты «қосар» ма?, «дара» ма? дейтін мәселе қайта сөз бола бастады. Ғылыми орта болған соң, көтерілген мәселе бәрімізді де ойландыратыны белгілі. Институтта өткен ғылыми кеңес, теориялық семинарда пікір білдіруге, ереженің балама жобасын, баяндама жасауымызға бәріміздің де мүмкіндігіміз болды. Пікірталас та, пікір алысу да мәнді өтпеді деп айта алмаймыз.

Пікір алысуда, алдымен А. Байтұрсынұлы кезіндегі төте жазуында *қиын, тиын, ит, киім* деп те, *қыйын, тыйын, иіт, кійім* деп те жазылғаны айтылды. Бара-бара бұл мәселе 1920-1930 жылдары қызу пікірталасқа, аяғы дауға айналған. Қосармен жазудың «жоқшысы» қоғам қайраткері, ғалым Елдес Омарұлы болса, дарамен жазудың «жоқшысы» педагог ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытов болды. Қарама-қарсы пікірлерді саралай келіп, оларды екі форматқа түсірдік. Біріншісі – а) Елдес Омарұлынікі, екіншісі – ә) Жүсіпбек Аймауытұлынікі. Біз бұл жерде сөздің жеке басын да, олардың қосымшалармен түрленімін де екі форматқа салып байқадық. Мыңдаған, он мыңдаған сөз екі, үш таңбаға дейін ұзарады.

а) форматы:		ә) форматы:	
іитіиүу *(7)*	iitiıúý *(7)*	итиу *(4)*	ıtıý *(4)*
сұұңұу *(7)*	suýunuý *(7)*	суыну *(5)*	sýyný *(5)*
іймійтүу *(8)*	iimiıtúý *(8)*	имиту *(5)*	ımıtý *(5)*

[56] *Мақала «Жаңа әліпби: емле, әдістеме және халықаралық тәжірибе» атты ғылыми-практикалық конференция жинағында 2019 ж. жарияланған.*

ыйманыйлығымыздың *(17)*	yımanyılyǵymyzdyń *(17)*	иманилығымыздың *(15)*	ımanılyǵymyzdyń *(15)*
ійіліктірүу *(11)*	iıiliktirúý *(11)*	иліктіру *(8)*	ılıktirý *(8)*
тарыйхый *(8)*	taryıhyı *(8)*	тарихи *(6)*	tarıhı *(6)*
қыйұуластырұу *(13)*	qyıuýlastyruý *(13)*	қиуластыру *(10)*	qıýlastyrý *(10)*
ырақаттандырұу *(14)*	yraqattandyruý *(14)*	рақаттандыру *(12)*	raqattandyrý *(12)*
сұуландырұұмұздұң *(18)*	suýlandyruýumuzduń *(18)*	суландыруымыздың *(16)*	sýlandyrýymyzdyń *(16)*
жұұңұұ *(8)*	juýunuýu *(8)*	жуынуы *(6)*	jýynýy *(6)*
бұұңұұ *(8)*	buýunuýu *(8)*	буынуы *(6)*	býynýy *(6)*
ыйландырұұ *(11)*	yılandyruýu *(11)*	иландыруы *(9)*	ılandyrýy *(9)*
жұұңұсұұ *(10)*	juýunusuýu *(10)*	жуынысуы *(8)*	jýynysýy *(8)*
ійлектенүүү *(11)*	iılektenúýú *(11)*	илектенуі *(9)*	ılektenýi *(9)*

Ж.Аймауытов педтехникумда оқытушы болып жүрген кезінде өзінің көзбен көріп, басынан өткен тәжірибесі жөнінде былай деген: «Мен педтехникум бітіретін жігіттерге бастауыш мектепте қыс бойы тәжірибе сабағын бергізіп келемін. Сондағы менің көзім жеткені: бір қыс оқып, хат танған ең зерек деген балалар «у» мен «и»-ды дұрыс жаза алмайды. Олар сұу, асұу, тұу, татұу, биле, ине, бие, сила... деп жазады.

Бірінші кластың ең тәуір оқитын балаларына жазғызып көрдім. Мысал үшін Егем Алданазарұлы деген баланың жазғанын оқып көрсетейін: табу, тұу, ине, бие, биле. Бұлар білмеген соң, емлеге ең жетік деген осы кластың тағы бір Жайық Жанәліұлы деген балаға жазғыздым. Оның жазғаны: сұу, асыу, табыу, татыу, тұу, біие, ине, иә, биие, сила. Бұл «ұу»-ларды дұрыс жазғанмен, «и»-ге келгенде біресе жалғыз и, біресе ы+и жазып шатастырады. «Сұу»-да «ұ» жазып, «асыу»-да «ы» жазған себебін сұрағанымда, «ы» естіледі деп айтады. Сондықтан жаздым, – дейді. Міне, үш жыл оқыған бала әбден көзі қанғандықтан, мұғалімнің сөзіне нанғандықтан, «ұу»-дың жазуын әрең біліп, «и»-дің жазуын біле алмай отыр. Бұларды оқытқан – дыбыс әдісіне жетік, тәжірибелі мұғалім. Ол ол ма? Үш жыл оқыған бала түгілі, 8 жыл оқып, педтехникумды бітіріп, ертең өзі оқытқалы отырған, оқытып жүрген жігіттердің өзі «сыйыр»-ға неше «ы» жазылатынына әлі күнге дауласады».

Үшінші. Ықшамдылық – тіл құрылымының барлық деңгейінде кездесетін үрдіс. Мысалы, синтаксистік деңгейдегі *бұл жыл/биыл, бұл күн/ бүгін, алып бер/әпер, алып кел/әкел* болып ықшам нұсқаның пайда болуы жинақылықпен байланысты.

Енді дыбыстық (фонетикалық) деңгейдегі жүздеген сөздің ықшамдалу үрдісіне бірер мысал келтіруге де тура келіп отыр: ойын сөзіне қосымша жалғағанда *ойына емес, ойна; тасы* (ның) *тасықын* болмай *тасқын, ұрлық*-тың *ұрылық* болмай, *ұрлық* болуы, *жиын*-ның *жиыналыс* емес, *жиналыс* болуы осы айтылған ықшамдылықпен байланысты дегіміз келеді. Бұндай дыбыстық жақтан ықшамдалған сөздер ықшамдылық (экономия) үрдісі бойынша осылайша орфографияланып жүр. Мағынаға тигізер шарпуы жоқ бұндай сөздердің «түбір» сақтау ұстанымы бойынша жазылмайтыны белгілі.

Жазу-сызудың жинақы, ықшам болып, үнемділік ұстанымына сай келуі өз алдына. Бұл жерде жаңа латынға үйретушілер мен үйренушілердің көретін қиындығы 20-50–жылдар аралығындағы тас өткел, тайғақ кешуге қайта түсіп, мәдени

жұртшылықтың, мыңдаған, сан мың мектеп оқушылары мен студент жастардың беті қайтып қалмасына кім кепіл?

Психолог-педагогтардың айтуынша, шұбыртпа жазуға әдеттегіден көп энергия жұмсалып, оқуда да, жазуда да автоматизм төмендейтін көрінеді.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасымыз бекіткен әліпбидің құрамына *w* («дабл-ю»-ды) кіргіземіз деп жар(ғақ) құлағы жастыққа тимей жүрген сол ағамыз әріптесі Б.Қалиевтің *институт* сөзін *institwt, футболды – fwtbol, ресурс* терминін *reswrs* деп жазғанын мүлде теріске шығаратыны белгілі. Өйткені әліпби түзуші ғалым Ә.Жүнісбектің жүйесі бойынша w әрпі графикалық контекст бойынша тек дауыстылардан кейін келеді: *taw, suw* т.б. Сөйтіп, мәселенің басы еліктеу, аяғы солықтау болып кетеді.

Төртінші. Сөздің ұшар басында қысаң ***ы, і*** дауыстыларын білдіретін ***ы, і*** әріптерінің жазылу/жазылмауы, бұрынғыға көз жіберсек, өткен жүзжылдықтың 60-ыншы жылдарына дейінгі кезеңде жазу тәжірибесінде кездесетін елеулі қиындықтардың бірі болатын. Мысалы: *ылақ/лақ, ырас/рас, ылақтыр/лақтыр, ілек/лек, ілес/лес, ілгек/лгек, ілеген/леген* т.б. Мектеп өміріндегі жазу-сызуда, баспа өнімдерін шығаруда бұл қиындық орфографиялық сөздік, анықтағыштар арқылы бірте-бірте реттеле түсті. *Л, р*-ден кейін, ашық *а, ә* біршама ашық *е*-лермен келетін тұста *лақ, лас, лайық, лай, рас, рақым, ләззат, ләйлек; лебіз, лезде, рәміз, ресми, реңді* деп жазылуы *а, ә, е* дауыстыларының билігінде. Ал аталмыш жартылай дауыстылардан соң қысаң езулік немесе дауыссыз келетін орындарды *ілгек, ілмек, іліндір, ілкімді, ірі қара, іріктеу* деп жазу орнықты.

Ырақат деп жазуды дұрыс-ақ дегеннің өзінде, оқушыларымыздың дұрыстықтан ауытқып, *рақат* түрінде жазуға итермелеп отырған нәрсе – тілдің ішкі әлеуетіндегі ықшамдылық емес пе? Бұл жағын да ойлансақ.

Басқаларды айтпағанның өзінде ғалым, жазушылардың жұртшылыққа белгілі *Рымғали Нұрғалиев, Рза Қонақова, Рым Кененбаев, Рахметолла Райымқұлов, Қ.Рысбергенова* сынды т.б. танымал есімдердің *Ыры-ырый-ыра* болмай, осы күйде жазылуының арғы себебі тілдің ықшамдылық әлеуетінің объективтенуі емес пе? Бір тұста жалғамалық үрдісі жүрсе, екінші бір тұста ықшамдылық үрдісінің қоса жүруі тілдің ішкі әлеуетімен байланысты.

Ереже біршама тұрақталғанға дейін *ылақ/лақ, ырас/рас, ылайық/ лайық* т.б. сөздер әрі-сәрі жазылып келді. Дегенмен *лақтату, лақтау, растату, лайықсыз* тәрізді сөздер қосымшамен түрленген тұста қысаңдар көмескіленіп, көбіне сөз басында *ы, і* әріптерінсіз жазу басы мырақ болды. *Рақымет, лашын, лебіз* сөздері де осылай жазыла бастады. Өйткені әрі қысаң, әрі әсіре келте дауыстылар *(ы, і, ұ, ү)* сөздердің буын саны артып, екпін соңғы буынға ойысқан сайын естілімі дұдамалдана түседі. Сонымен қатар бұндайда мағына ажыратуға септігі тие бермейтін әсіре келте дауыстыларды белгілемеуді тілдің ішкі әлеуеті мүмкіндік беріп отырған жазудағы ықшамдылық үрдісімен байланысты деуге болады.

Тілдегі ықшамдалу үрдісі – жазу-сызу (әліпби, емле, емле сөздігі) деңгейінде де болатын құбылыс. А. Байтұрсынұлы төте жазуда 9 дауысты *(а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е),* 19 дауыссызды, яғни 28 дыбысты 24 әріппен беретін әліпби түзді. Бұл дыбыс санынан әріп саны кем түсетін қайталамасы (аналогі) жоқ ең таңдаулы әліпби болды. Дыбыстың санынан әліпбидегі әріп санының кем болуы – тілдің жазу-сызу деңгейіндегі ықшамдылық, жинақылық әлеуетімен байланысты.

Жазу-сызу деңгейіндегі ықшамдауға әсіре қысқа, қысаң, езулік пен жарты дауысты, созылыңқылау, ерінбейімді *и* дауыссызы қосар әріппен *ыи, іи*; дәл осы

сияқты қысаң әрі әсіре келте еріндік *ұ, ү* мен жарты дауысты еріндік *у* дауыссыздарын *ұу, үу* түрінде қосарлап жазу немесе *и, у* түрінде дара әріппен жазу емленің ең қиыны болды. 20-50 жылдары көптеген сөз бірде *қыйын, сыйыр,* бірде *қиын, сиыр* болып әртүрлі жазылып келді. 1957 жылғы Негізгі Ережеден кейін тұрақталып, қазіргі кезде бірізді жазылатын болды.

Бесінші. *Махаббат, ләззат, іззет* тәрізділерді *махабат, ләзат, ізет* түрінде орфографиялауды жөн деп біледі. Тілімізде қосар әріппен жазылатын бұдан басқа да *күллі, әдді, мүдде* тәрізді біралуан, бірақ саны шектеулі «жабық» жүйедегі сөздер бар. Бұлар – ескі қазақ жазба тіліне (XVI-XX ғғ. басы) төсеніш болған *ортаазиялық түркі жазба тіл* дағдысынан келе жатқан, ескінің көзі. Бұлайша жазу қазіргі қазақ жазуында ғана емес, өзбек, ноғай, татар, қырғыз жазба тілінде кездеседі: түрік, өзбек, қарақалпақ, қырғыз тілінде де қосармен жазылады. Бұндай сөздерді дағды бойынша жазуды жөн көреміз. Сөйлеуде әлгіндей сөздерді қосарлап айту ұшыраса бермейді. Бірақ көтеріңкі стильмен нәшіне келтіріп айтатын жайттар ән әуендерінде, сахна тілінде кездеседі. Мысалы, ұлы жазушы М.Әуезов «*махаббат* сөзін құлақты аймалайтындай етіп айту керек» деген екен. Оны бір кездері Әбіш Кекілбай ағамыздың естелігінен ұшыратқан сияқты едім.

Зерттеу, зерделеу өз ғалым ортамызда бір-бірімізге ғана айтумен шектеліп, жалпақ жұртшылыққа кеңінен түсіндіре алмай жүргендіктен лингводидактикалық мазмұндағы көпшілікқолды құралдар жоқтың қасы деуге болады.

БІРІККЕН СӨЗ ТУРАЛЫ[57]

Қазақ тілінде бір алуан сөзді бірге не бөлек таңбалау осы күнге дейін күн тәртібінен түспей келе жатқан күрделі мәселелердің бірі болып табылады.

Бүгінгі тіл ғылымы деңгейінің жоғары екеніне, қарқынды дамуына қарамастан, жекелеген тұстары болмаса, сөздерді бірге/бөлек таңбалау жайы түбегейлі шешімін тапқан жоқ. Қазақ тілі білімінде де солай. Дегенмен, бірге/бөлек жазылуы даулы көрінетін сөздердің едәуір бөлігі практика арқылы болсын, ғылыми-теориялық негізде болсын бірізге түсіріліп, жүйеге салынды.

Біріккен сөз тәрізді аса күрделі құбылысты танып-білуде профессор Қ.Жұбановтың [1] ғылыми-лингвистикалық концепциясының мәні айрықша болды. Біріккен сөз құбылысын лексикология, морфология, сөзжасам, синтаксис, орфография ыңғайында қарастырған зерттеулерде проф. Қ.Жұбановтың концепциясында көрсетілген белгілер негізге алынған деуге болады.

Г.Жәркешова «Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі біріккен сөздер» [4]; «Біріккен сөздердің кейбір мәселелері» [5]; т.б. зерттеулерінде екі сөздің бір мағына беретіні, сөйлемнің бір мүшесі болып жұмсалатыны, сөз жігінде дыбыстық өзгеріске ұшырайтыны, бір екпінмен айтылатыны тәрізді белгілерді негізге алады. Профессор М. Балақаев [6] біріккен сөздерді сөз тіркестерінің құрылымымен салыстыра отырып, оларды сөз тіркесінің бір сыңары болып жұмсалатынын көрсетеді: **бозторғай** – *құлақты бозторғай, сақара бозторғайы, сібір бозторғайы;* **қараторғай** – *бозғылт қараторғай, қара қараторғай, күлгін қараторғай* т.б.

Біріккен сөздердің үлгісі «Орфографиялық негізгі ережеде» (1938, 1957, 1983) беріліп, әсіресе академик Р.Сыздықтың ғылыми редакциясымен шыққан үлкен «Орфографиялық сөздіктің» [2] және «Анықтағыштың» [3] басылымдарында екі түбірден құралған терминдердің, жан-жануарлар, өсімдік, тұрмыс, шаруашылық заттары, салт-дәстүр т.б. атаулары бірге таңбаланып, нормаға түсті.

Қазақ тіл білімінде сөздердің дыбыстық жамылғысы жағынан бірігуі, негізінен, сегменттік бірліктер деңгейінде қарастырылды. Қатар келген екі сөздің құрамындағы дауысты/дауыссыздардың түсіп қалуы немесе өзге бір дыбыстарға алмасуы (*қазанғап, бұл жыл – бұ жыл – биыл; қол қап – қолғап* т.б.) сөздің формалық жақтан бірігуінің белгісі ретінде алынды.

Алайда екі сөздің формалық жақтан бірігуін тек сегменттік бірліктер деңгейінде қарау жеткіліксіз екені байқала бастады. Бұл құбылыс, түптеп келгенде, ондаған ғана сөздің көлемімен шектеледі.

Кіріккен сөзге байланысты профессор А. Ысқақов [7] екпін кіріккен сөзді жай сөз тіркесінен әрі ерекшелендіретін, әрі ажыратын негізгі белгінің бірі [7,105] дей отырып, «Біріккен сөз деп, компоненттері мағына жағынан да, форма жағынан да елеулі өзгерістерге ұшырамай-ақ өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағына білдіретін күрделі сөзді айтамыз» дейді [7,106].

Ал, шынында, сөздердің материалдық жағынан бірігуі тек сегменттік деңгейде ғана жүзеге асатын құбылыс па? Суперсегменттік деңгейдегі белгілер сөздің біріккендігінің көрсеткіші бола ала ма? Бұл мәселені кезінде профессор кіріккендіктің ерекше тұлғалық белгісі ретінде көрсеткен болатын.

---

[57] *Мақала «ҚР ҒА Хабарлары» журналы, Филология сериясы, – Алматы: Ғылым, 2006 ж. жарияланған.*

Сондай-ақ мағынаны біртұтас құбылыс ретінде ала отырып, сөздердің мазмұн жағынан бірігуін қарастырудың әдіс-тәсілі әлі де жеткіліксіз болып отырғанын байқаймыз. Мағынаның ішкі құрылымдық бірліктеріне тән ерекшелікке тереңдеп бармай, екі сөз бірігіп, басқа бір жаңа мағынаны береді деген жалпылама тұжырыммен мәселе шешілмейтіні де белгілі болды. Мұндайда, бәрібір, екі сөздің бірігуі, жаңа мағына беруі немесе әрқайсысы өзінің дербестігін сақтап қалуы т.б. мәселелер кейбір тұстарда шешілмеген, даулы күйде қалып қояды.

Осымен байланысты Қ.Күдериновaның [8] мазмұндағы «жаңалықты» күрделі семантикалық құрылым ретінде ала отырып, мағыналық өзгерістерді оның ішкі құрылымындағы элементтердің сыр-сипатынан іздейтін, сөз мағынасының ішкі құрылысындағы өзгерістерді сигнификаттық (семалық бөлшектерден), денотаттық, коннотаттық, прагматикалық компоненттерден іздейтін зерттеу монографиясы мен мақалалары жарық көрді. Екі сөздің тіркесінде лексемалардың мазмұнындағы кейбір компоненттер өзгеріп, қайсыбірі өзгеріске ұшырамауы ықтимал. Зерттеуші біріккендіктің мағына деңгейіндегі белгілерін осы аталған компоненттердің ерекшеліктерінен іздестірудің мәні айрықша екеніне ерекше көңіл бөлді.

Алайда қазіргі кездің өзінде бірге/бөлек жазылуы даулы көрінетін сөздердің саны олардың тиянақ тапқан түрлерінен әлі де болса аз емес. Сонымен бірге әр түрлі басылымдарда, әсіресе мерзімді баспасөз беттерінде сөздерді біріктіріп жазу үрдісі соңғы 10-15 жылда күшейе түсті. Бірге/бөлек жазылуы даулы көрінетін жаңа ұғымдар пайда болды. Мұндайда орфография сөз байлығын арттыруға тежеу болмауға тиіс. Сондықтан біріккен сөздердің өзге ұқсас құбылыстармен ортақтасатын және олардан өзгешеленетін тұстарын іздестіріп, олардың орфографияlануын негіздей түсу қажет. Бұл ретте Қ. Жұбановтың ой-тұжырымдарының ретроспективті де, перспективті де маңызы ерекше екені байқалады.

Біріккен сөзді (Қ. Жұбановтың терминологиясы бойынша *кіріккен сөз* – Н. У.) өзге де ұқсас құбылыстармен салыстыра келіп, ғалым олардың айырым белгілерін айқындап, анықтамасын былай деп көрсетті:

«Бірнеше сөз қосылып, бір ғана екпінге – ең соңғысының екпініне бағынып, кейде бәрінің не біреуінің сыртқы формасы өзгеріп, не өзгермей-ақ, бәрінің не біреуінің бұрынғы мағынасы өзгеріп, сондықтан бәрі жиналып, бір-ақ нәрсенің аты болып, бір-ақ мағына беретін, сөйлемде бір-ақ мүше болып, бір-ақ сөздің орнына жүретін болса, осыны кіріккен сөз дейміз» [1,249].

Осы анықтаманы біршама таратып айтсақ, біріккен сөздің ғалым көрсеткен белгілерінің бірнеше деңгейге қатысты екенін байқаймыз:

- бір екпінге бағынатыны – суперсегменттік деңгей (1);
- сыртқы формасының өзгеру/өзгермеуі– сегменттік деңгей (2);
- бәрінің/біреуінің мағынасының өзгеруі – коннотативтік деңгей (3);
- бір нәрсенің аты болуы – денотативтік деңгей (4);
- бір мағына беруі – сигнификативтік деңгей (5);
- сөйлемде бір мүше болып жұмсалуы – синтаксистік деңгей (6);
- бір сөздің орнына жұмсалуы – лексемалық деңгей (7).

Қ. Жұбановтың концепциясы, біріншіден, сөздердің біріккендігін материалдық жақтан тек сегментті бірліктер ғана емес, суперсегментті бірліктер деңгейінде қарау; екіншіден, мазмұн межедегі өзгерістерді мағынаның ішкі құрылымдық компоненттері деңгейінде қарастыру, үшіншіден, біріккен сөз статусын форма мен мазмұнның бірлігі тұрғысынан кешенді түрде қарау дегенге саяды. Өйткені мазмұндағы өзгеріс

форма жағынан қолдау тапса, сондай-ақ форма жағындағы өзгеріс мазмұн жағынан қолдау тапса ғана, ондай күрделі құрылымдар біріккен сөз ретінде жазуда бірге тұлғалануға тиіс.

Күрделі атауларды бірге немесе бөлек таңбалауды тек жазудағы шарттылық деп түсінбеу керек. Әдетте қатар келген белгілі бір сөздерді босаралықпен, я болмаса босаралықсыз таңбалау олардың мазмұнына қатысты визуалды ақпарат беріп тұрады. Таңбалар арасындағы босаралық олардың әрқайсының мағыналық, формалық дербестігін, ал босаралықсыздық бұлардың біртұтастығын көрсетеді. Осымен байланысты күрделі таңбалық құрылымдарды босаралықпен/босаралықсыз таңбалауды форма мен мазмұнның бірлігі тұрғысынан қарауға тура келеді.

Біріккен сөз екі таңбаның жай ғана механикалық тұрғыдағы қосындысы емес. Екі таңба (А, В) бірігіп, жаңа сипаттағы таңбаға (С) айналу үшін, бірігуге тиіс екі таңба әр түрлі деңгейдегі азды-көпті а) мағыналық, ә) формалық (материалдық) өзгеріске ұшырауы шарт. Сондықтан біріккен сөздерді айқындау үшін оларды алдымен мазмұн меже, тұрпат меже тұрғысынан қарастыру қажет. Олай болса, бірігуге тиіс таңбалардың семантикалық құрылымын денотат, сигнификат теориясы тұрғысынан қараудың мәні айрықша. Бұл ретте бірігуге тиіс белгілі бір екі таңбаның әрқайсының семантикалық құрылымындағы денотаттық, сигнификаттық компоненттерді өзара салыстырып көруге болады.

Сөз мағынасы – бірнеше компоненттік қабаттардан тұратын күрделі семантикалық құрылым. Бұл құрылым ақиқат дүниемен де, идеалды дүниемен де байланысты.

Қайсыбір сөздің ақиқат дүниеде меншіктеп алған «басыбайлы» денотаты болады. Лексикалық бірліктің белгілі бір объектіні меңзеуі оның денотаттық мағынасы болып табылады. Денотаттық мағына заттық ойлаумен, деректі ойлаумен байланысты. Денотаттық мағына тек материалдық объектіні ғана емес, сезім, эмоция, психикалық күй, қатыстылық т.б. тәрізді материалдық емес нәрселерді де білдіреді.

Сөз мағынасындағы денотат ақиқаттағы объектіні, яғни объективті мәнділікті, ал сигнификат сол объектінің өзі емес, оның мәнді белгілерінің санадағы сәулеленуінің нәтижесін, яғни идеалды мәнділікті меңзейді. Сөйтіп, сөз мағынасының семантикалық құрылымы негізгі екі қабаттан, я болмаса екі компоненттен құралады деуге болады. Әрине, бұл екі қабаттың мағыналық құрылымындағы алатын орны барлық сөзде бірдей болып отырмайды. Мысалы, деректі, заттық мәндегі сөздердің мағына құрылымында денотат қабат басым болса, абстракті лексикада сигнификат қабат басым.

Лексикалық мағынадағы сигнификаттық қабат дегеніміз – индивид санасындағы ақиқат дүние фрагментінің бейнеленуі туралы ақпарат.

Сигнификат – заттың, ситуацияның өзі емес, бірақ сол заттарды, құбылыстарды, ситуацияларды мәнді белгілері арқылы бір класқа біріктіретін, оларды өзге класқа енетін зат, құбылыс, ситуациялардан ажыратып тұратын қасиет, белгілері туралы ақпарат.

Сөз ақиқат дүниедегі белгілі бір затты, ситуацияны атап қана қоймайды, сонымен бірге ол рационалды танымның нәтижесі ретінде сол заттың адам санасындағы абстракциялануын да таңбалайды.

Адам санасындағы рационалды танымның нәтижесі ретінде ақиқаттағы заттың дерексізденген түрдегі бейнесі сөз арқылы орнығып, тиянақ табады.

Индивид санасында ақиқаттағы нәрсе, зат, ситуация тұтас күйінде (фотодағыдай) бейнеленбейді, бірақ олардың мәнді саналатын қайсыбір белгілері ғана

көрініс табады. Сөйтіп, адам санасында, я болмаса тілдік ұжымның санасында ақиқат өмірдің идеалды түрі пайда болады. Міне, ақиқаттағы заттың, нәрсенің, ситуацияның индивид санасында орныққан идеалды бейнесі сөздің сигнификаттық мағынасы болып табылады. Сигнификат қабат сөз мағынасының негізгі компоненті деп саналады.

Сөз мағынасының семантикалық құрылымындағы сигнификаттық компонент – таным процесінің нәтижесі. Таным процесі – өте күрделі құбылыс. Мысалы, ақиқат дүниедегі зат, құбылыс, уақиға, ситуация рецепторлық мүшелердің бірін тітіркендірудің барысында санада сол нәрсенің бейнесі пайда болады. Бірақ ол айнаға түскендей ақиқаттың «көшірмесі» емес. Ол белгілі бір объектінің санадағы ойша суреті немесе ойбейнесі (фото емес, картинка). Мысалы, адам санасында *алма ағаш* «діңі», «бұтақтары», «жапырақтары», «қызғылт, домалақ жемісі» бар нәрсе түрінде бейнеленеді. Бұл – ақиқат дүние үзігінің (фрагментінің) ойбейнесі. Санадағы ойсурет объектінің фотокөшірмесі емес, керісінше, аса мәнді деп танылған *дің, бұтақ, жапырақ, жеміс, қызыл* т.б. тәрізді белгілердің жиынтығы. Бұлар ойсурет түріндегі «алма ағаш» қонцептісінің құрылымдық элементтері. Алайда санадағы құрылымдық белгілердің, элементтердің, бөлік, бөлшектердің бәрі бірдей вербалдануы, яғни тілдік ақиқатқа айналуы шарт емес. Егер *бұтағында алмасы бар жеміс ағашы* десек, бұл – ақиқат дүние үзігінің когнитивтік санадағы вербалдануы. Санада бейнеленген объекті және оның элементтері *бұтақ, алма жеміс, ағаш* деген тілдік бірліктер арқылы объективтеніп, тілдік ақиқатқа айналған. Таным процесінің барысында ақиқат дүниеден алынған бұл ақпарат осы күйде санада қалып қоймай, әрі қарай да өңдеуден өтуі ықтимал. Атап айтқанда, когнитивтік санада жинақталған ақпараттық мәні төмен компоненттердің беймәнделіп (деактуализацияланып), редукциялануы мүмкін. Когнитивтік санада ондай маңызы төмендеген, беймәнді элементтер редукцияланады: *[бұтағында] – алма[сы бар жеміс] ағашы>алма ағаш[ы] >алма ағаш* (түсініктірек болу үшін редукцияланған элементтерді тік жақшамен белгілеп отырмыз).

Бұдан әрі қарай өмірлік мәні, қажеттілігіне қарай, ақиқат дүниедегі объектіден алынған ақпарат өңделіп, ұғым деңгейіне көтеріледі. Сөйтіп, санада «алма жемісі өсетін ағаш» деген ұғым пайда болады. Бұл ұғымның материалдық жамылғышы *алма ағаш* деген лексемалармен берілген. Осы лексемалардың (сөздің) ұғымдық жағы – сөз мағынасындағы сигнификаттық компонент, я болмаса сигнификаттық мағына.

Сонымен когнитивтік санада ақиқаттағы белгілі бір объектімен байланысты семантикалық құрылым пайда болды. Бұл семантикалық құрылымның сигнификаттық компоненті «алма жемісі өсетін ағаш» деген ұғымды көрсетіп тұрса, денотаттық компоненті «алма» және «ағаш» деген екі басқа денотатты емес, бір ғана денотатты, яғни ақиқаттағы бір ғана объектіні көрсетіп тұр. Таңбаның сыртқы формасы *алма* және *ағаш* деген екі лексема болғанмен, екі лексема бір денотатты меңзеп тұр. Екі лексеманың ортақ денотаты біреу ғана.

Ақиқаттағы белгілі бір объекті жайында ақпараттардың когнитивтік санада өңдеуден өтіп, сигнификаттық (ұғымдық), денотаттық (заттық) компоненттер түзуі және бұл компоненттердің арнайы лексемамен (лексемалармен) вербалдануы (тілдік ақиқатқа айналуы) мәселенің мазмұндық жағы.

Алайда жоғарыда, сөз басында айтқанымыздай, мәселенің тек мазмұндық жағымен шектелу біріккен сөз феноменін тану үшін жеткіліксіз. Сондықтан форма (материалдық) тұрғыдағы өзгеріске де назар аударуымыз керек. Өйткені белгілі бір

таңбаның мазмұнындағы сапалық өзгеріс өзінің «жекеменшік» формасының болуын қалайды. «Жекеменшік» формасы болмаса, ондай мазмұн жаңа сападағы құбылыс ретінде танылмауға тиіс. Сөйтіп, мазмұндағы өзгеріс практикалық сұранысқа байланысты қалайда формадағы өзгерістің болуын қажетсінеді.

Енді жоғарыда айтылған мысалға форма тұрғысынан қарастыру үшін қайта оралайық. Мысалы, «бұтағында алмасы бар жеміс ағашы» деген аталым – ақиқат дүние үзігінің когнитивтік санадағы ойсурет түріндегі бейнесі. Сезімдік қабылдау арқылы алынған ақпараттар білімге айналады да, объекті және оның элементтері, сол элементтердің өзара қатынасы білім мазмұнын құрайды. Білім мазмұны лексемалар, грамматикалық тұлғалар арқылы объективтенеді. Бұл – ақиқат дүние фрагментінің үйірлі сөзбен берілген аталымы (номинациясы). Осы аталған *үйірлі сөздің* құрамындағы тілдік бірліктердің әрқайсының өзді-өзінің екпіні болады.

Бұл жерде түсініктірек болу үшін сөз екпіні түскен дауыстыларды бас әріппен бейнелейміз: *бұтағынд[а] алмас[ы] б[а]р жем[і]с ағаш[ы]*. Осы күрделі таңбаны өзінің меншікті материалдық формасына қарай үйірлі сөздеп атауға болады.

Егер осы үйірлі сөзбен репрезентацияланған ақпарат-білім когнитивтік санада әрі қарай өңдеуге түсіп, мазмұн жағынан, форма жағынан *алм[а] ағаш[ы]* болып редукцияланауы мүмкін. Бұл күрделі таңбаны *ырғақты сөз* деп атауға болады. Үйірлі, ырғақты аталым компоненттерінің әрқайсының өзіне тән екпіні болады.

Таным процесінің барысында когнитивтік санадағы ақпараттың одан әрі қарай өңделуі ықтимал. Мұндай жағдайда мазмұндағы ақпараттық мәні босаң элементтер редукцияланауы шарт. Ендігі жерде әрі қарайғы ықшамдалудың барысында күрделі таңбаны құрайтын әр лексеманың бас-басына екпіні болмай *алмағ[ы]ш* түрінде айтылып, бір екпінге бағынады. Күрделі таңбаның мұндай материалдық формасын *бунақты аталым* деуге болады.

Күрделі таңбалардың мазмұн межесі қандай өзгеріске тап болса, соған сәйкес олардың тұрпат межесі де қалайда бір өзгерісті қалайды. Жаңа мазмұн жаңа форма іздеуге мәжбүр болады.

Мұндағы, *алмағаш* дегендегі, екі лексема *(алма* және *ағаш)* мазмұн жағынан ортақ, бір денотатты нұсқап тұрса, форма жағынан бір екпінмен айтылып тұр. Сонымен, мазмұн меже жағынан екі лексема ортақ бір денотатқа (ақиқаттағы бір ғана объектіге), ал форма жағынан бір екпінге байланған күрделі таңбалар біріккен сөз деп танылып, жазылуда бірге тұлғаланады. Осылайша біз біріккен сөзді форма мен мазмұнның бірлігі ретінде қараймыз.

Белгілі бір лексеманың семантикалық, құрылымындағы денотаттық компонент ақиқат дүниедегі зат, құбылыс ситуацияның өкілі болып табылады, яғни объективті дүниедегі тілдік емес мәнділікті меңзеп тұрады. Бұл – сөздің денотаттық мағынасы.

Ақиқат дүниедегі белгілі бір заттың, құбылыстың, ситуацияның, жинақтап айтқанда объектінің, осылайша мәнді деп танылған белгілерінің санада ұғым түрінде бейнеленуін сигнификат деп білеміз.

Жоғарыда келтірілген схема бойынша *қой қора* деген күрделі таңбаны мазмұн меже және тұрпат меже тұрғысынан талдап көруге болады. Әуелде тілдік ұжымның когнитивтік санасында ақиқат дүниенің үзігі (фрагмент) *қой, қамайтын, қора* түріндегі бөліктер бойынша бейнеленеді. Бұл ақиқат дүниедегі объектінің ойсуреті. *Қой, қама, қора* дегендер санадағы қарапайым ойсурет. Осы ойсурет – тілдік қоғамдастықтың ақиқат дүние үзігі жөнінде ұжымдық санасында орын тепкен білімі. Осы ақпараттар ұжымдық санада жинақталып, өңделіп вербалданған білімге айналады. Бұл білімнің,

я болмаса ақпараттың осы күйде жаңғыртылуы да, парактикалық қажеттілікке қарай әрі қарай да өңделер санадағы қарапайым ойсурет. Осы ойсурет – тілдік қоғамдастықтың ақиқат дүние үзігі жөнінде ұжымдық санасында орын тепкен білімі. *Қой[ды] [қамайтын] қора > қой[дың] қора[сы] >қой қора.* Осылайша құрылымдық жақтан редукцияланудың нәтижесінде тілдік бірліктерден тек *қой* және *қора* деген екі лексема қалғанын байқаймыз. Бұл лексемалар бас-басына әр басқа денотатты көрсетіп тұрған жоқ. Екеуіне ортақ денотат (объект) біреу ғана. Олай болса, екі лексеманың ортақ денотатының болуы «біріккендіктің» белгісі. Алайда бұл күрделі таңбаның мазмұнындағы өзгерісі жеке форма арқылы тиянақ табуы шарт. Сонда ғана толық мәнінде біріккен сөз болады. Бұл жерде күрделі таңба мазмұндағы өзгеріске сәйкес дербес формаға ие болған. Атап айтқанда, *қой* лексемасы өзінің жеке екпінін жоғалтып, біршама материалдық дербестігінен айырылған: [қойғор[а]].

Мазмұндық, формалық өзгеріске түскен мұндай күрделі таңба графикалық тұрғыдан да тиянақ табу, яғни орфографияда бұл типтес құрылымдар *қойқора* делініп босаралықсыз таңбалануға тиіс.

Сонымен, *қойды қамайтын қора* десек, бұл – ақиқат дүние үзігінің санадағы прототипі. Формасы жағынан үйірлі сөз түріндегі аталым; *қойдың қорасы, қой қорасы* дегендер ырғақты сөз түріндегі аталым; *қойқора* десек, бунақты сөз түріндегі аталым (фонетикалық сөз).

Қазақ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесіндегі бунақты сөз түріндегі аталымдардың сыны едәуір. Біздің ойымызша, мазмұны жағынан да, формасы жағынан да тиянақталған, аудиобосаралықсыз осы тәрізді айтылатын аталымдар графикалық жақтан да тиянақ тауып, бірге тұлғалануға тиіс. Мысалы: *атқора, сиырқора, атарба, өгізарба, қолшана, итшана, тасжол, теміржол, жүкмәшине* т.б.

Осындай құрылымдардың негізінде қазақ тілінде сөзжасамдық модель қалыптасқан. Алайда сөзжасамдық тәсілдер парадигмасындағы бұл типтің әлеуеттік мүмкіндігі сөзқолданымда ескерілмей келеді. Анығырақ айтқанда коммуникативтік бірліктерді жасауға қызмет ететін модель номинативтік модельдің орнына жұмсалып, дағдылы қызметінен ауытқыған. Мысалы, неге *газ құбыры,* я болмаса *әуе жолы;* неге *демалыс үйі?* Мұндай құралымдарды *газқұбыр, әуежол, газпеш, ғарышайлақ, ғарышкеме, демалысүй* түрінде тұлғалауға болар еді. Салыстырыңыз: *теміржол (темір жолы* емес), *атарба (ат арбасы* емес), *тасжол (тас жолы* емес), *тандырпеш (тандыр пеші* емес), т.б.

Осы аталған мысалдардың ішінен *ғарыш кемесі* деген құралымды жоғарыда айтылған схемамен талдап көрейік. Тілдік ұжымның санасында «ғарышқа ұшатын кеме», бір жағынан, ақиқат дүние үзігінің санадағы «сәулесі», екінші жағынан, санада сәулеленген бұл объект *ғарыш, ұш, кеме* деген лексемалар арқылы объективтенген. Алайда санада сәулеленген ақиқат дүниенің үзігіне тән белгілердің аса мәнділері орныгып, сөйлеушіге де, тыңдаушыға да «бесенеден белгілі» болып келетін ақпараттық мәні төмендегі компоненттер беймәнделеді (деактуализацияланады). Ақпараттық мәні төмен элементтер санада кейінгі планға ығыстырылады: ғарыш[*қа ұшатын*] *кеме > ғарыш*[тың] *кемесі.* Бұл жерде *ғарыш кемесі* деген аталым әлі де атау ретінде, сөзжасамдық процесс ретінде аяқталған жоқ. Сөзжасамдық процесс аяқталу үшін *ғарышкеме* болуға тиіс. *Ғарыш кемесі* деген аталымда екі денотаттың бір-біріне қатыстылығы (синтаксистік қатынас) көмескіленген жоқ.

Ал *ғарышкеме* дегендегі *ғарыш* пен *кеме* лексемасы екі басқа денотатты нұсқап тұрған жоқ, яғни бірі «ғарышты», екіншісі «кемені» меңзеген деуге болмайды. Екі

лексема ортақ бір денотатты «нұсқап» тұр. Мысалы, *кеше Байқоңырдан ғарышкеме ұшырылды* деген айтылымда актуал денотат (референт) біреу ғана. Ол – ғарышкеме «Протон-2».

Міне, екі лексеманың бас-басына денотаты болмай, бір ғана объектіні нұсқауы күрделі таңбаның мазмұн межедегі бір ұғымды білдіруі болып табылады.

Алайда мазмұн межедегі өзгеріс форманың да өзгеруінің, өзінің меншікті формасының болуын қалайды. Егер осы қажетсіну материалдық жақтан қолдау тапса, күрделі таңба біріккен сөзге айналады. Мысалы, *ғарыш кемесі* дегенде әр лексеманың басыбайлы екпіні болса, *ғарышкем[е]* дегенде сөз екпіні біреу ғана, яғни екі сөздің арасында «саңлау» (аудиобосаралық) қалмайды. Олай болса, мазмұн межедегі өзгеріс, тұрпат меже тұрғысынан қолдау тапты деуге болады. Сөйтіп, күрделі таңба мазмұн жағынан да, форма жағынан да ықшамдалып, біріккен сөзге айналады. Ал мұндай күрделі құралымдарды графикалық тұрғыдан да «саңлаусыз» (босаралықсыз) таңбалау сөздердің біріккендігі туралы ақпарат береді.

Жоғарыда біз белгілі бір күрделі таңбаны біріккен сөз деп тану үшін олардың мазмұнына формасы сәйкес болуы шарт екенін, мазмұндағы өзгеріс формадағы өзгерістің болуын қалайтынына тоқталдық. Ал мазмұндағы өзгеріс форма жағынан қолдау таппаса, ондай құбылыс біріккен сөз деп танылмайды. Мысалы, *ғалымдар үйі* дегенде *ғалым* және *үй* деген екі лексема бар. Екі лексеманың бас-басына денотаты жоқ денотат (объект) екеуіне де ортақ. Алайда мазмұндағы тұтастық форма жағынан қолдау таппаған. Атап айтқанда *ғалымд[а]р* деген компоненттің, *үйі* деген компоненттің суперсегменттік тұрғыдан дербестігі сақталған, яғни әрқайсының жекедара екпіні бар. Бұл типтес күрделі құралымдар мазмұн тұтастығына қарамастан біріккен сөздер типіне жатпайды. Сондықтан олар босаралықпен *ғалымдар үйі* түрінде орфографияланады.

Баспасөз беттерінде бірде *ауыл шаруашылығы* деп бөлек, бірде *ауылшаруашылық* делініп бірге жазылып жүрген едәуір сөз бар. Бұлай болуы, әрине, тегін емес. Мазмұн межесі бірдей құрылымды бірде бөлек, бірде бірге жазу олардың тұлғалық жымдасуы мен жымдаспауын интуитивті сезінгендіктен болар. Шынында, *ау[ы]л шаруалышығ[ы]* дегенге қарағанда *ауылшаруашылық* деген тіркес бір екпінге байланып дыбыстық жағынан жымдасып тұрғаны дау туғыза қоймайды. Мазмұн меже жағынан да, тұрпат меже жағынан да жымдасып тұрған мұндай күрделі құралымдарды бірге жазу орфографияда ескерілуге тиіс. Мысалы, *егіншаруашылық, сушаруашылық басқармасы* дегендегі екі лексема мазмұн жағынан бірігіп, белгілі бір объектінің қай салаға қатыстылығын көрсетіп тұр.

Форма жағынан бір екпінге бағынатын, ал мазмұн тұрғысынан бір ғана денотатты меңзейтін *шетел, шеттіл* тәрізді екі лексеманы бірге жазып қою фактісі жазу тәжірибесінде жиі кездеседі. Олай болатыны екі лексема бір екпінге бағынған және бір ғана объектіні (денотатты) меңзеп тұр. Мысалы, *шет* және *ел* деген екі лексеманың референті (денотаты) *Ресей* не *Түркия,* болмаса, *Германия* т.б. болуы ықтимал. Сондай-ақ екі лексеманың сигнификаттық мағынасы «бөгде мемлекет», «бөтен жұрт» деген бір ұғымды білдіреді. Осы тәрізді құрылымға *шеттіл* тәрізді күрделі таңбаларды жатқызуға болады. Алайда мұндай күрделі құрылымдар сырт қарағанда, *шет ауыл, шет үй, шет көше* тәрізді еркін тіркеске әсіресе форма жағынан өте ұқсас, дегенмен айырмасы бар екенін аңғаруға болады. Мысалы, *шет үй, шет көше, шет аудан* дегендер – сөйлеу кезінде жасалатын, яғни құралымы жағынан тұрақты емес құрылымдар. Ал *шеттіл, шетел* дегендер құрамы жағынан

тұрақты сөйлеу кезінде жасалмайтын, «дайын» күйде қолданылатын құралымдар. *Шет аудан* деген мен *шетел* дегеннің дискреттілігі бірдей емес. Сөз ағымында *шет аудан* сөзі «шет» және «аудан» деген үзіктерге бөлінсе, *шетел* бір ғана үзік (дискретті бірлік) деп танылады. Бұларды *кәсіподақ, баспасөз, өнеркәсіп, кәсіпорын, бессайыс, үшсайыс, қызқуу* тәрізді бірге тұлғаланатын бірліктердің қатарында қарауға болады.

Қазіргі басылымдарда, әсіресе мерзімді баспасөз беттерінде *жезмойын, жезқанат, салтбас, жезкиік, жезөкше, жалғызбас, жалғызбасты ана, жалғызбастылық, жалғызілікті, жалғызіліктілік* т.б. тәрізді сөздерді «бірге жазып қою» жиі кездеседі. Орфографиялық нормадан ауытқыған газет, журналдарды жазғырмас бұрын, автордың оларды неге бірге жазып қоятынын аталмыш сөздердің болмысынан іздеу қажет тәрізді. Шынында, бұл сөздер дыбыстық жақтан (тұрпат меже жағынан) жымдасып, бір екпінмен, яғни аудиалды босаралықсыз айтылатындықтан, ал мазмұн межедегі сигнификаттық компоненттердің элементтері ұйысып, бір ұғымды білдіретіндіктен, лексемалары ақиқат дүниедегі өзінің «меншікті» денотатынан алшақтағандықтан немесе қол үзгендіктен «бірге жазып қою» дағдыға айналып барады. Мұндағы *мойын, қанат, бас, жез* тәрізді лексема өзінің ақиқат дүниедегі «меншікті» денотатын меңзеп тұрған жоқ, басқа денотаттың репрезентанты болып жұмсалып тұр: *мойын* – «ат», *қанат* – «құс», *бас* – «әйел» т.б.

Сондай-ақ, *жезтаңдай, жезөкше, жезбұйда, жезмойын, жезқанат, жезкиік* дегендердің қазіргі тілдік ұжым үшін уәжі белгісіз, ішкі формасы тасаланған: неге *жез,* неге *өкше,* неге *жез,* неге *қанат?* т.б.

Күрделі құрылымдар компонентінің ішкі формасының тасалануы, уәжділігінің көмескіленуі мазмұн жағынан «біріккендікті», ал бір екпінмен айтылуы форма жағынан біріккендігі байқалады.

Сонымен, екі сөзді біріккен деп тану үшін а) екі лексеманың материалдық жақтан бірігуін, яғни бір екпінге бағынып, аудиобосаралықсыз дыбысталуын, ә) мағыналық жақтан бір ұғымға (сигнификат, денотатқа) байлануын, б) сөйлеу кезінде жасалмай, үнемі дайын күйде қолданылуын, в) аталымдық қызметте жұмсалуын, негізге алу қажет екенін байқаймыз. Бір екпінге бағынған, бір ұғымға байланған, үнемі даяр күйде қолданылатын, аталымдық қызметте жұмсалатын екі сөз біріккен сөз деп аталады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жұбанов Қ.Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
2. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы, 1963 (1972; 1978; 1988; 2001).
3. Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. –Алматы: Мектеп, 1959. –224 б.; Екінші басылым: – Алматы, 1974, –272 б.; Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
4. Жәркешова Г. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі біріккен сөздер // филол. ғыл.канд … дисс. автореф. – Алматы, 1949.
5. Жәркешова Г. Біріккен сөздердің кейбір мәселелері. Қазақ ССР Ғыл. академиясының хабарлары. Филол. сериясы, 1954. – №135.
6. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1987. – 272 б.
7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991; – 384 б.
8. Күдеринова Қ. Бірге, бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы, 2005. – 138 б.

ЖАҢА ЕМЛЕ: ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС[58]

Әліпби түзу аса жауапты бастапқы кезең болса, ендігі кезекте негізгі орфографиялық ереже түзу осы кезеңнің қисынды жалғасы болып табылатыны белгілі. Бұл кезең әртүрлі ортологиялық құралдары (емле ережелерінің анықтағыштары, ономастикалық атаулардың анықтағыштары, т.б.) және ортологиялық лексикография түзудің (орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктер құрастырудың) бастамасы болып саналады. Қазақ орфографиясы негізгі ережелері – латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі бойынша дұрыс жазуды көрсететін құқықтық күші бар құжат. Сонымен қатар латын негізді жаңа әліпби бойынша қазақ тілінің орфографиялық нормаларын тұрақтандыратын жаңа әліпби бойынша дұрыс жазу мәдениетін қалыптастыратын басты нормативті қағидалар болып саналады. Емле ережелерінің негізінде орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер, анықтағыштар осы ережелерге сәйкес құрастырылмақ. Ұлттық жазу-сызудың емле ережелерін жасауда алдымен ескерілетін заңдылықтар мен ерекшеліктер негізге алынды. Олар: тілдің жалғамалы (агглютинация) заңдылығы; тілдің ықшамдалу заңдылығы; тіл дыбыстарының үндестігі (дауыстылардың дауыссыздармен үндестігі) және дауыссыздардың бір-бірімен үйлесімділік заңы. Осы айтылған заңдылықтар мен ерекшеліктер аясында жазба тілдің жаңа Ережесінің нұсқасы жасалды. Ережеде латын негізді әліпби бойынша қазақ тілі дыбыстарының репрезентанттары болып табылатын әріптердің үндестікпен, үйлестікпен жазылу нормасы көрсетілді; сөздерді бірыңғай жуан немесе жіңішке жазу, соған сәйкес қосымшалардың жуан немесе жіңішке жазу үлгісі берілді; қосар дыбыстардың (ұу/үу, ый/ій) дара әріппен (у, и әріптерімен) таңбалануының үлгісі ұсынылды; қазақтың төл әдеби тіліндегі емлесі қиын сөздердің орфографиялану ерекшеліктері көрсетілді; латын негізді әліпбиде жоқ *ё, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ* әріптерінің жазылу баламасы берілді; бейүндес буынды кірме сөздерге қосымша жалғаудың орфографиялану тәртібі көрсетілді; халықаралық терминдер мен атаулардың (шетел тілдік сөздердің) орфографиялану үлгісі берілді; күрделі сөздердің (біріккен, кіріккен, тіркесті сөздер, қос сөздер) және бас әріппен жазылатын атаулардың емлесі, сондай-ақ тасымалдаудың тәртіптері көрсетілді. Ал жаңа ереже жобасында қазақ орфографиясының негізгі ережелерінің ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуы; тәжірибеде сыннан өтіп, дәстүрге айналған базалық нормалардың сақталуы; техникалық жақтан қазақ орфографиясының қолдануға оңтайлы, мобильді, жинақы болуы; халық тілінің дыбыстық қор әлеуетінің кеңірек қамтыла түсуі; жаһандану үрдісінде жазу-сызудың ұлттық сипатының сақталып, космополиттік әсірелікке ұшырамауы көзделіп, орфографиялық ережелер түзудің басшылыққа алынған негізгі ұстанымдары болды.

[58] *Мақала «Ана тілі» газеті, 2018, қыркүйек, №37(1451) санында жарияланған.*

ҚАЛАЙ ЖАЗҒАНЫМЫЗ ДҰРЫС? ҚЫРКҮЙЕК/ҚЫРГҮЙЕК; КӨКӨНІС/КӨГӨНІС; ШЕКАРА/ШЕГАРА СӨЗДЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ ЖАЙЫНДА[59]

Бұл сұрауға бірден жауап бермес бұрын аздап шегініс жасауымызға тура келеді. «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің» алғашқы толық, ғылыми басылымы 1963 ж. ҚазССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының әзірлеуімен жарық көрген еді. Көптеген сөздің орфографиялануы бірізге түсіп, жазу мәдениетін көтеруге едәуір септігін тигізген бұл сөздік негізінен «түбір сақтау» ұстанымын басшылыққа алған болатын. *Шекара* сияқты сөздер осы ұстаным бойынша жазылды. Алайда... Түбір сақтау ұстанымынан кейбір ауытқулар ұлы жазушы М.Әуезовтің «Қаракөз» пьесасынан басталған екен. Аға буын ғалымдардан естуімізше, Мұхтар Әуезов *Қаракөз* демей, *Қарагөз* деп жазуды қалам ұстаған мәдени жұртшылықтан қолқалап, қалап алған екен. Бірақ мәселенің барысы бір ғана *Қарагөз* деп жазумен тына қоймаса керек. Сол кездерден басталып, етек ала бастаған түйткілді түйіннің шешімін іздеген ғалым апайымыз Рәбиға Сыздық болатын. Өйткені Рәбиға апай атап көрсеткендей, радионың құлағын бұрап қалсаңыз да, телевизордың тетігін басып қалсаңыз да қыздарымыздың әп-әдемі әуезді есімін әншілеріміздің өзі *Меңді[қ]ыз-ау, Меңдіқыз* деп «қақалап» айтатыны әдетке айналған еді. Сөз ішіндегі дыбыстардың үндесім мен үйлесімі бұзылды. Мектеп өмірінде *Аманкелді, Жанкелді* деген тұлғалар есімін *-...келді, -...келділер*-мен «ке-келеп» айту көбейе түсті. Сахна төрінде, ақпарат құралдарында *ше[к]ара, кө[к]өніс, қыр[к]үйек* деп «ке-келеп» айту әдетке айналып та кетті. Осы тұста сөздің айтылу нормаларын көрсететін Р.Сыздықтың «Сөз сазы», Қ.Неталиеваның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» де жарық көрді. Қазақ сөзінің айтылу нормаларының бұзылуы жайында лингвистикалық оптимизммен бірталай өткір мақалалар да жарияланды. Бірақ нәтиже ойдағыдай бола қоймады. Осындай жағдайда жиілігі жоғары, күндегісін-күнде естіп жүрген сөздердің жазылуында түбір қуалап жазудан «шегініп», орфографиялық сөздіктерде *қыргүйек, көгөніс, шегара* сөздерін сындырып жазуға тура келді. *Шегара, шег- шегін, шектен* (шықпау) дегендер, түптеп келгенде, бір түбірден өрбіген ұялас сөздер. Сол сияқты *көгөніс, көгал, көгілдір, көгершін, көгаршын, көгілжім* сөздерінің түбірі *көк*. Бірақ бұларды ешкім түбір қуалап *көкал, көкілдір, көкілжім, көкаршын, көкершін* деп айтпайды, айтпаған соң түбір қуалап жазбайды да. Ал *қыркүйек/қыргүйек* атауындағы *қыр* мен *күйек* сөздерінің арасында мағыналық байланыс тасаланған. Неге *қыр*? Неге *күйек*? Қырдың «күйекке», күйектің «қырға» қандай қатысы бар? В.А.Куфтин «Календарь и первобытная астрономия киргиз-казацкого народа» (1916 ж.) деген мақаласында *қыркүйек* атауын *қырық үйек* «стрижка густой шерсти» деп көрсеткен. Шындығында, күзем жүн қыркүйек айында қырқылады, яғни ай аты мен шаруашылық ұйымдастыру науқанымен сәйкес келеді. Әзірге біз сүйене қоярлық басқаша этимология жоқ. Бірақ бұл этимологияны құлай құптап та, тұтасымен терістеп те отырған жоқпыз. Өз ойымызша, бұл атауды «қыр күйегі», қыр жануарларының, ашатұяқ қоңыр аңдардың (бөкен, қарақұйрық, тауешкі т.б.) – күйті келмеген, күйекашарға дейінгі мезгілі, соның басқы кезі ме екен деп те ойлаймыз. Бұл шақ қырдағы, қоңыр аңдарға табиғаттың өзі күйек байлап қойған мезгіл болса керек. Осы мезгілдің бас кезі *қыркүйек* деген ай атауына негіз болуы ықтимал. Қоңыр аңдардың күйті келіп, күйекашар кезі

[59] *Мақала Жамбыл облыстық қоғамдық-саяси «Aq jol» газеті, 2020, 21 қыркүйекте жарияланған.*

әдетте қарашаның аяғы, желтоқсанның басына тура келеді. Бұл кезде күйтойнақтан шыққан қырдың ашатұяқтары көкектің (қазіргіше сәуірдің) аяғы, мамырдың бас шенінде, анық бес айда жаппай төлдей бастайды. Бұны айтып отырған себебіміз халқымыздың дәстүрлі төлтума ай атаулары табиғатпен, сондағы құбылыстармен мағыналық байланыста болып келеді. Ал ай атауының емлесіне келсек, *көгал, көгорай, көгаршын, қазанғап, қолғап* дегендердің ізімен *қыргүйек* деп жазудың әбестігі жоқ деп ойлаймыз. Сонымен, қысқаша айтқанда, *шегара, қыркүйек, көгөніс* деп жазу, сайып келгенде, сөз сыңарларының 1) мағыналық, 2) дыбыстық және екпін (просодикалық) жағынан кірігуінің графикалық нышаны болып табылады. Орфографиялық сөздікті құрастырушы ортологиялық лексикография мамандарының мәдени жұртшылыққа, әсіресе мәселе көтеріп, ойтүрткі болған Нұртөре Жүсіп, Есенкүл Кәпқызы сынды тіл жанашырларына айтар уәжі, міне, осындай.

ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ КОДИФИКАЦИЯЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ[60]

Қазіргі қазақ әдеби тілінің өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасқан орфоэпиялық нормалары бар. Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, **біріншіден**, жергілікті ерекшелікке қарама-қарсы қойылады. Салыстырыңыз: жергілікті ерекшеліктерде: *жылқыдар, баладар, көңлі, маңлай, оңла, чаш, чыбық, құдағай, бопа (сәби)* т.б. әдеби тілде: *жылқылар, балалар, көңді, маңдай, онда, шаш, шыбық, құдағи, бөпе,* т.б. Мұндай жергілікті ерекшеліктерге С.Аманжолов, Ж.Досқараев, Н.Сауранбаев, Ш.Сарыбаев, С.Омарбеков, О.Нақысбеков, Ә.Нұрмағамбетов т.б. қазақ диалектологтерінің еңбектерінде сипаттама, талдау жасалып, олардың, меншікті территориясы айқындалған және ғылыми-лингвистикалық рефлексиясы айтарлықтай деңгейде деуге болады. **Екіншіден**, әдеби тілдің орфографиялық нормасы, бейәдеби қарапайым сөйлеу тіліне тән дыбыстық элементтерге қарама-қарсы қойылады. Салыстырыңыз: бейәдеби қарапайым сөйлеу тілінде *берсей, бересаш, келатыр, баратыр, босашы, бошы, боп отыр, бері геш, кеп жүр, айал, дұспан, дүния,* т.б. Әдеби тілде *берсеңші, бере салшы, келе жатыр, бара жатыр, барсаңшы, болшы, болып жатыр, бері келші, келіп жүр, әйел, дұшпан, дүние,* т.б. **Үшіншіден**, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы Б. Әбілқасымов [1] зерттеу материалдарында көрсетілген ескі қазақ жазба тілінің дыбыстық элементтеріне қарама-қарсы қойылады: *нәсіп айласа, жәмиғат, ғиззатлу, хұрметлу, мақсұт, хас (хас дұшпан)* т.б.

Төртіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы кодификацияланған жазба тілдік элементтерге қарама-қарсы қойылады [жұмұшшұ] – *жұмысшы*, [шегара] – *шекара*, [кәсіб'одақ] – *кәсіподақ*, [қашша] – *қазша* т.б.

Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасын сақтаудың мәдени-әлеуметтік мәні айрықша. Өйткені норма тілді тұтынушылардың басын біріктіреді. Дыбыстаудағы ортақ заңдылықты сақтамай, әркім өз бетінше сөйлесе, сөзді ұғыну қиынға түсіп, коммуникацияның ойдағыдай өтуіне нұқсан келеді. Сөйлеушінің сөз мәдениетінің төмендігін, сауатсыздығын көрсетіп, тыңдаушыға жағымсыз әсер етеді.

Әдеби тілдің ауызша нормасы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін таяныш етеді. Алайда халық тілінің дыбыс жүйесіндегі әр алуан вариванттардың едәуір бөлігі тіл жұмсау тәжірибесінде халық тілінің сөз үлгілерінен таңдалып, сұрыпталады. Нормалардың қалыптасуындағы байырғы кездегі ақын, жыраулар, билер тәрізді ауызша сөз майталмандарының шаршытоп алдындағы сөзі, кейінгі кезеңдерде сахна, радио, телевизия хабарларының рөлі айрықша болды. Солар арқылы қалыптасқан үлгілер әдеби тілдің ауызша нормасы деп танылады.

Әдеби тілдің ауызша нормасы әсіресе радио, телехабар арналарының кеңеюі, сахна өнерінің дамуы, шаршытоп алдындағы сөздің жаңа түрлері мен типтерінің пайда болуы, аудитория алдындағы сөздің әлеуметтік мәнінің жоғарылай түсуі ауызша сөздің орфоэпиялық нормаларының бекіп, сарапануына ықпал еткен маңызды фактор болды.

Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына байланысты қиындықтың бірі жазу тәртібімен байланысты, өйткені жазба сөздің өзіне тән жүйесі бар да, ауызша сөздің өзіне тән жүйесі бар. Сондықтан жазба мәтінді оқығанда жазба сөзге тән кодты ауызша сөзге тән кодқа көшіре білу қажет. Жазғанды оқу дегеніміз жазба кодты

[60] *Мақала ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 2007, №4 санында жарияланған.*

ауызша кодқа көшіру. Дыбысталған сөз бен қағазға түскен сөздің жүйесі дәлме-дәл сәйкес келмейді. Жазу-сызу тарихында ауызша таңбалар мен жазба таңбалардың өзара тепе-тең түскен жүйесі болған емес. Тіпті, ондай тепе-тең түсетін жазба жүйенің қажеті жоқ. Ауызша сөздің небір физикалық, материалдық элементтері «қағаз сыртында» қалып қояды да, мағынаға қызмет ететіндері ғана ескеріледі. Ал жазба сөзді оқығанда «қағаз сыртында» қалып қойған материалдық элементтер қайтадан қалпына келтірілуге тиіс. Олай болмаған жағдайда ауыздан шыққан сөздің тұрпаты бұзылып, кедір-бұдыры көбейеді.

Қазақ жазуы негізінен фонематикалық принципті ұстанады. Фонематикалық принцип дегеніміз жазуда фонемалардың дыбыстық қоршауға неғұрлым тәуелсіз дыбыстық реңкін таңбалау деген ұғымды білдіреді. Мысалы, [өˈшˈш˚ˈү] деген сөзді фонемалардың дыбыстық қоршауға тәуелсіз реңкі бойынша жазсақ, *өсші* түрінде таңбаланады. 1) <с> -ның [ш]-ға өзгерісі ескерілмейді. 2) сөз басындағы еріндік дыбыстың алдында келетін ілеспе дыбыс [у], 3) екі [ш][ш] қатар келгендегі созылыңқылық [ш:], 4) [ш’]-ның дауыстының ыңғайындағы жіңішке тембрі, 5) еріндік тембрі [ш˚] еленбейді, 6) *і* фонемасының *ү* дыбысы болып айтылуы.

Жазба кодты ауызшаға дұрыс ауыстыру (жазылғанда ауызша сөз нормасына сай дыбыстау) немесе керісінше, ауызша сөзді жазба кодқа көшірудің мән-жайын фонема теориясымен байланысты түсіндіруге болады.

Фонема – абстракті ұғым. Фонемалар индивидтің, тілдік ұжымның санасында белгілі бір тілдік дыбыстың образы түрінде бейнеленеді және сананың бақылауынан тыс өмір сүреді.

Тілдік ұжымның санасында осылайша қалыптасқан 19 дауыссыз, 9 дауысты фонема бар екенін А. Байтұрсынұлы дәл анықтады.

Орфографияның, орфоэпиялық нормалардың тілдік базасы бар да, теориялық базасы бар. Тілдік базасы – сөздің халық тіліндегі дыбысталу жүйесі: *бас, аяқ, қол, ғалам, әлем, оқиға, уақиға*, т.б. Орфоэпиялық норма тілдің конвенционалды сипатына тәуелді: тілдік ұжым *[бас], [тау], [бала’]* деп дыбыстайды, бұларды басқаша дыбыстау мүмкін емес.

Әдетте парадигмадағы дыбыстық бірліктер (тілдік санада вертикал қатардағы вертуалды бірліктер) *а, ә, о, ө, ы, і, ұ, ү, е* және *б, п, д, т, қ, к, ғ, г, с, ш, з, ж, й, р, р, л, м, н, ң, у* синтагмалық қатынасқа түскенде парадигмадағыға сәйкессе, кей тұста парадигмадағымен сәйкеспей, түрленіп кететін жағдайлары болады. Парадигмадағы дыбыстың санынан синтагмалық тізбекке түскендегі дыбыстың саны әлдеқайда көп болады. Міне, мәселенің осы тұсында шешімі қиын түйіндер болады. Мұндайда орфоэпия қалайда бір теориялық базаға сүйенуі тиіс. Қазақ орфоэпиясының теориялық базасының мәселелері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Р.Сыздық, Ә.Жүнісбеков т.б. зерттеулерінде жазылады. Сөздің бірыңғай жуан/жіңішке айтылып, сөз ішіндегі дыбыстардың бір-біріне ілгерінді/кейінді ықпал ететіні, бірін-бірі игеретіні, артикуляциялық, акустикалық жақтан бір-біріне бейімделетіні айқындалады.

Міне, дыбыстардың синтагмалық қатардағы қатынасқа түсетіндегі күйін: қатаңдардың ұяңдануы, ұяңдардың қатаңдануы, жиылыңқылардың жайылыңқы, жайылыңқылардың жиылыңқы болуы, жуысыңқылардың тоғысыңқы, тоғысыңқылардың жуасыңқы т.б болуы – академик Р. Сыздықтың «Сөз сазы» кітабында жеке сөз, микромәтін деңгейінде талданып, көрсетілді [2]. Сөйтіп, автор орфоэпиялық норманы кодификациялауда дыбысталған сөздің тілдік базасын негізге ала отырып,

сегменттік, суперсегменттік (буын, пауза, ырғақты тип, интонация) деңгейде қазіргі орфоэпиялық норманы 36 бапқа топтастырып жүйелеп береді. Әдеби тілдің дәстүрлі орфоэпиялық нормасын саралап берудің нәтижесінде орфоэпиялық норманы кодификациялаудың негізі жасалды.

Орфоэпиялық нормаларды кодификациялау ісі практикаға сүйенумен бірге теориялық тұрғыдан қарастыруды да қажет етеді. Әсіресе шаршытоп алдындағы сөздің түрлері мен жанрлары көбейіп отырған кезде, ауызша сөз арналары қоғамдық-әлеуметтік маңыз алып отырған тұста орфоэпиялық нормаларды теориялық тұрғыдан тиянақтап отырудың маңызы айрықша. Бұл ретте оның теориялық мәселелері фонема, фонология ілімдерімен тығыз байланысты қаралатыны белгілі.

Тілдің мағыналық бірліктерін бір-бірінен ажыратуға қабілеті бар парадигмадағы фонологиялық бірліктер (19 дауыссыз, 9 дауысты) синтагмалық қатынасқа, яғни көлбеу тізбекке түскенде уақыт жағынан бірінен кейін бірі келе отырып, әртүрлі дыбыстық реңкте объективтенеді.

Мысалы, *тас* дегендегі [с] индивидтің, тілдік ұжымның психикалық санасындағы осы дауыссыздың дыбыстық образына сәйкес келсе, та[с]-ша дегендегі <с> көршілес [ш]-ның әсерінен түрленіп, [ш] түрінде айтылады. Сөйтіп, психикадағы, яғни парадигмадағы <с>*шана* дегендегі өзге бір [ш]-ның дыбыстық образына сәйкес келеді. МФМ өкілдері психикадағы, яғни парадигмадағы өзге бір дыбысқа ұқсап кететін түрленімін вариант деп атайды. Мысалы, кө[з] дегендегі, <з> парадигмадағы инвариант <з>, ал синтагмалық қатынасқа түскенде бұл <з> әлсіз позицияда [с] түрінде дыбысталады. [к°ɪөс°ɪсү°ɪз] (көзсіз), сөйтіп, ол *сөн* дегендегі инвариант <с>-ның әлді позициядағы репрезентантына сәйкес келеді.

Фонема теориясы бойынша, әр фонема – инварианттың дыбыс шоғыры болады. Ол шоғыр инварианттың синтагмалық қатынасқа түскендегі әртүрлі дыбыстық қоршауына (позицияға) байланысты түзіледі. Мысалы, <з> фонема-инварианттың әлсіз позицияда [ж], [ш:], [с] түріндегі варианттары бар. Осы фонеманың жалпы әлді және әлсіз позицияларда әзірге бізге белгілі 16 дыбыстық репрезентанты бар. Ал осы дыбыстық репрезентанттар инвариант фонеманың дыбыс шоғырын (қорын) құрайды.

Осы кезге дейін орфоэпиялық норманың тілдік базасы ретінде фонема-инварианттың әлсіз позициядағы дыбыстық өзгерісі, яғни варианттары негізге алынды: [ағалма] *ақ алма*, [ақпілек] *ақ білек* т.б.

Алайда фонема теориясы бойынша инвариант-фонеманың әлсіз позициядағы дыбыстық түрінде ғана жүзеге аспайды, оның *вариация* деп аталатын түрленімі де болады.

Парадигмадағы фонемалардың қайсыбірі (инвариант-фонемалар) синтагмалық қатынасқа (көлбеу, шынжыр қатар тізбекке) түскенде, олар сол тілдің фонологиялық парадигмасында жоқ өзгеше бір дыбыстық реңкте материалданады. Мысалы [атцыз] *атсыз,* [қатчы] *хатшы*, [авайвол] *абай бол* т.б.

Парадигмадағы фонеманың синтагмалық қатынсқа түскенде, сол тілдің фонологиялық парадигмасында жоқ өзгеше бір дыбыстық реңкте объективтенуі **вариция** деп аталады. [атцыз], [қатчы], [авай вол] т.б. дегендегі [ц], [ч], [в] қазақ тілінің фонологиялық пардигмасында жоқ. Біз бұл жерде дыбыстық өзгерістерді жуық шамамен *ц,ч,в* таңбаларымен беріп отырмыз. Алайда бұлар дәлме-дәл орыс тіліндегідей дыбысталады деп түсінбеу керек.

Қазіргі орфоэпияда инвариант фонемалардың вариант түрі едәуір жүйеленді, оның вариация түрін зерттеу енді-енді қолға алынып, Ә. Жүнісбековтың басқаруымен

шыққан «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінде» (2005) [3] біралуан вариациялар көрсетілді.

Қазақ фонетикасында фонемалардың вариациялары көрсетілді.

Қазақ фонетикасында фонемалардың вариант, варицияя түрлерін және оларға белгілі бір фонемалардың дыбыс қорын (шоғырын) құрайтын ерекше түзілім ретінде қараудың, жоғары мектеп оқулықтарына, оқу құралдарына, бағдарламаларына енгізіп, орфоэпиялық сөздікте, анықтағыштарда көрсетіп, сөз фонетикасының құрылымы ретінде танудың теориялық әрі практикалық мәні айрықша болмақ.

Орфоэпиялық норманы кодификациялаушылар осы кезге дейін көбіне варианттарды көрсетумен шектелді, өйткені МФМ-інің ілімін дәйекті ұстанып жүрген фонолог М. Жүсіпов сынды зерттеушілер қозғау салғанға дейін қазақ фонологиясында инвариант, вариант, вариация позицияның түрлері мен типтері туралы ұғымдар ғылыми айналымға ене қойған жоқ болатын [4].

Алайда вариация деп арнайы атамаса да, кейбір тілдік фактілер зерттеу материалдарында көрсетіліп отырды. Мысалы, сөздің ұшар басында *о, ө (ө)* дауыстыларының алдында ілеспе [у]-дың естілгеніне Н.И. Ильминский назар аударып, Р. Сыздық *отан, отын, орын* т.б. сөздердің қосамжар [у]-мен [уотан] түрінде айтылатынын норма ретінде атап көрсетті.

Сондай-ақ *ет, ешкі* тәрізді сөздерде <е>-нің [је] түріндегі; екі дауысты аралығында <б>-ның ерін жуысыңқысы [в] түрінде айтылатыны жөнінде І. Кеңесбаев, Р. Сыздықова, Ә. Жүнісбеков, А. Айғабылов т.б. зерттеушілердің тұжырымдары мен пікірлері бар.

Аталмыш құбылыстар М.Дүйсебаеваның [5], Қ.Неталиеваның [6] орфоэпиялық сөздіктерінде және Р.Сыздықтың «Сөз сазы» анықтағышында кодификацияланған норма ретінде тіркелді.

Морфонологиялық құбылыстарға жататын өзгерістерді фонетикалық құбылыстардан ажырата (А.Айғабылов), фонетикалық өзгерістердің өзін вариант, вариацияға саралау (М.Жүсіпов), фонемалардың дыбыстық қорын айқындау т.б. тәрізді зерттеулердің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларды кодификациялауда мәні айрықша.

Алайда айтылу, жазылу нормасы даулы көрінетін немесе дәстүрге айналып қалыптасқан нормаларды қайта қарау жөнінде сын-пікірлер айтатын «оппоненттер» көбейді. Мұның өзі сол айтылған даулы мәселелерге азды-көпті тоқталуды қажет етеді.

Осы тәрізді сөздерді неге бірыңғай жуан, бірыңғай жіңішке түрде жазып, үндестік заңын сақтамаймыз, орфографиялық сөздік үндестік заңын бұзып отыр дегендей сыңай танытатын мақалалар жарық көріп жатады. Әрине, мәселенің байыбына бармай сөздердің *шай, жай*, т.б. жазылуын орфографиялық сөздік дұрыс көрсетпей отыр, мұндай сөздер *шәй, жәй* деп жазылуға тиіс деп ақыл айтқан болады.

Бәлкім, осыларды сынаушылар айтқандай үндестікке бағындырған болып, *кәйтіп (айтайын, кәсиет, мұғалым, кітәп, қадыр, қазыр, кәнден, қабыр, қауып (қауып төнген жоқ), қауыпсыз, қауыпты, қауыпсыздық* деп жазуға болар. Алайда мұндай сөздердің саны бұл көрсетілген сөздермен шектелмейді. Мысалы, *құдірет* сөзін *күдірет/құдырат*, *тақсірет* сөзін *тәксірет, тақсырат, харакет* сөзін *кәрекет, ақырет* дегенді *әкірет/ақырат, рақымет, қасірет* сөздерін *рақымет, кәсірет, Ақымет* деуге болмайды. Бұлай деу тілдік базада жоқ. Сондай-ақ *шай, жай, шай*-сөздерінің қара басын *шәй, жәй, шәй* – деп жазуға болар-ау, бірақ *шайға шақыр,*

шайлық пұл дегенді *шәйге шақыр, шәйлік пұл*, *кірді шайқа* дегенді *кірді шәйке* демесі бәрімізге аян. *Бар байлығым* деген мәтелдегі *байлығым, шайлығым* жуан түрде ұйқасып тұрған сөздер.

Шынында, «бейүндес сөздер» деп аталған бұл құбылыс фонологиялық тұрғыдан арнайы қарастыруды қажет етеді.

Алдымен *жай, жай-, шай, шай-* сөздерінің дыбысталуы жайына назар аударуға тура келеді.

А. Байтұрсынұлының айтуынша, дауыссыздардың жуан/жіңішкелік сипаты дауыстылардың ырқында болды. Мысалы: [таң], [тең]. Бұл – тілдің негізгі қағидасы. Алайда аталмыш фонетикалық тәртіптен ауытқитын тілдік фактілер де кездеседі. Солардың бірі [ш] мен [й]-дің, [ж] мен [й]-дің аралығындағы [а]-ның дауыссыздарды өз ырқына көндірмей, керісінше, солардың әсеріне ұшырап, палатизациялануы. Түркі тілдерінде кездесетін бұл құбылысқа кезінде татар ғалымы Г. Шараф көңіл бөлген екен [7].

Алайда [жәй], [шәй] дегендегі [ә] дауыстысын <а>-ның түрленімі емес, әуелден бар <ә>, ол «ж» – «й»-дің әсері емес дейтін де көзқарас бар. Мұндай көзқарасты ұстанушылар орфографияда, *жай, шай* деп кодификациялауды сөздікшілердің білместігі деп түсінеді және норманы қайта қарау керек деп біледі.

Әрине, бұл пікірді құптай салуға болмайды. Себебі аталмыш сөздердегі дауысты «нағыз» [ә]-нің өзі болса, осы түбірден өрбіген сөздерге қосымша неге бірыңғай бастан аяқ жіңішке нұсқада жалғанбайды? Мысалы, *шәйке, жәйкел, жәйләуге, шәйге шақыр, жәйтке* деп айту тілдік базада жоқ. Бұл тұлғалардағы дауысты шын мәнінде жіңішке болса, оларға қосымша ешбір ауытқусыз-ақ бірыңғай жіңішке жалғанар еді. Оған ешбір фонетикалық кедергі жоқ. Сөздің қара басы [жәй], [шәй] деп жіңішке тұрпатта айтылғанмен, қосымшалармен түрленгенде, олардың түптұлғасы *жай, шай* екенін байқауға болады: *шайқа, жайқал, жайлауға, шайға шақыр* т.б. Бұлар *жай, шай* тұлғаларының түптұлғасындағы дауыстының <а > екенін танытатын тілдік фактілер.

Әдетте, фонема теориясында белгілі бір дыбыстардың орын талғайтын, орын талғамайтын жағдайларына назар аудару маңызды. Мысалы, сөз ішіндегі кейбір «орын» <а> үшін қолайлы болса, қайсыбір орын «қолайсыз» болып келеді. Атап айтқанда,<а> фонема үшін [ж] мен [й]-дің, [ш] мен [й]-дің аралығы қолайсыз орын, сондықтан ортаға бейімделіп, реңін өзгертуге тырысады.Сондықтан мұндағы <а> фонемасы *жай, шай* сөздерінде [ә] түрінде дыбысталады. <а>-ның осындай әлсіз жағдайдағы [ә] реңкі, әлді жағдайындағы <ә>-нің ([ән] дегендегі [ә]-нің реңкіне ұқсап кетеді. Ал фонемаграфиялық жазудың тәртібінде фонемалардың әлсіз жағдайдағы реңкі таңбаланбайды: *шай* [шәй].

Сондай-ақ <а> инварианты үшін жоғарыда сөз болған *қасиет, тақсірет, қаупті, қадірлі* сөздеріндегі дыбыстық жағдай қолайлы орын болып саналады. Сондықтан «ортаға» бейімделіп, өзгешелеу реңк алады (палатализацияланады). Субъективті қабылдауда жуан/жіңішкелігі көмескілеу сезіледі. Жуан/жіңішкелік перцепциясы көмескілеу *қасиет, тақсірет* сөздерінің орфоэпиялық нормасын былайша көрсетуге болады: [тәхсірет], [қәсійет]. Мұндағы [ä] инвариант <а>-ның әлсіз жағдайдағы вариациясы.

Сөйтіп, <а> инвариант фонеманың әлсіз позицияда [ә] варианты және [ä] вариациясы бар деуге болады. Сонда<а> инварианттың әлді және әлсіз позицияда [а], [ә], [ä] реңктері түріндегі дыбыс шоғыры бар екенін байқаймыз. Оны төмендегіше көрсетуге болады:

<a> - [а] [алтын] (әлді позиция) инвариантқа барынша сәйкес реңк

<a> - [ə] [шəй] шай (әлсіз позиция) вариант

<a> - [ä] [тäхсірет] тақсірет (әлсіз позиция) вариация

Сонымен, қазақ тілінде *шай, жай* сөзіндегі дауысты іргелес дауыссыздардың әсерінен жіңішкеріп, [жəй], [шəй] түрінде айтылады. Бұл құбылысқа инвариант теориясы тұрғысынан назар аударсақ, мұндағы [ə] дауыстысы әлсіз жағдайдағы (позициядағы) инвариант <а>-ның варианты болып табылады. Қазақ жазуының ұстанған принципі фонемографиялық принцип болғандықтан, фонеманың әлсіз позициядағы түрленімдері (варианттары мен вариациялары) жазуда ескерілмейді. Сондықтан сөздің *жай, шай* түрінде таңбалануы орфографиялық сөздік арқылы кодификацияланған.

Міне, бұл айтылғандар орфографиялық та, орфоэпиялық та нормаларға қатысты жайт. Ал нормадағы мұндай қайшылықты жайтты айқындап, кодификациялауда инвариант, вариант, вариацияға байланысты теориялық ұстанымдарға назар аудару қажет деп білеміз.

Мұндай сөздер де, жоғарыда аталған азын-аулақ икемдеуге келеді-ау деген сөздер де ырыққа көне бермейтіндей көрінді. Шынында, үндесім икеміне көне бермейтін тек шеттілдік қана емес, төлтума сөздер де бар: *мұнікі, онікі, ауылдікі, таудікі, көгорай, көккарға, көкпар, қағылез т.б.*

Сондай-ақ [й], [л], [ң], [р], [у] үнділері сөздің үнемі басында келе бермейді, сондықтан ілеспе қысаң дауыстылармен айтылады: [ійод], [ылақ], [ырақымет] т.б. Фонемалардың аталмыш жағдайы сигнификативтік жүктемесі әлсіз болғандықтан, жазуда елене бермейді.

Фонемалардың «қолайсыз» жағдайға икемделіп, қызмет атқару тәсілдері мен амалдарын белгілі бір сөздердің орфография, орфоэпиялық нормаларын кодификациялауда ескерудің айрықша мәні бар. Инвариантты вариант пен вариациядан, вариантты вариациядан ажырата білу жазу, дыбыстау нормаларына кодификациялауда белгілі бір жүйені ұстануға тиянақ болады.

Бұл айтылып отырғандарымыз орфография, орфоэпиялық нормаларды кодификациялаушыларға да, олардың оппоненттеріне де белгілі жайт.

Ойымызды қайталап отырсақ та, мәселенің басын ашу үшін айтамыз. Қоғамға қызмет етіп, өзінің міндетін атқарып жатқан соң, оның құрылымына әсер ететін әртүрлі жайттар болады. Мысалы, шеттілден сөз енеді [құрмет, рақмет], сөз бен сөз бірігеді (бірақ <бір+ғана-ақ) сөз бен тіркесіп бір ырғақпен айтылып, бір екпінге бағынады ([ағешкі] ақ ешкі). Сөз дыбыстық жақтан ықшамдалады. ([кеботыр] келіп отыр) т.б. Сөйтіп, белгілі бір фонемалар үшін жаңа позициялар пайда болады. Бұлардың қайсыбірі фонемалар үшін «қолайлы» болса, қайсыбірі «қолайсыз» болады. Фонема «қолайсыз» жағдайда тұрса да, тілдің табиғи заңдылығына, нормасына сәйкес икемделіп түрленуіне сол тілдің әлеуеті (потенциалы) жетіп жатады, сондықтан оны айқындау, танып білуге тура келеді. Мысалы, қазақ тілінде араб тілінен енген *құрмет* деген сөз бар. Сөздің «басы жуан, аяғы жіңішке» болып, қазақ тілінің үндесімімен үйлеспей тұрған сияқты. Егер үйлесім тезіне түссе [күрмет] немесе [құрмат] болар еді. Бірақ бұлай деу донор тілдегі түпнұсқадан мүлде оқшау келеді. Тілдегі ауыс-түйіс тәртібі бойынша, кірме сөз, бір жағынан түпнұсқадан алшақтамау, екіншіден, импорттап алған тілдің заңына бағынуға тиіс. Осы екі үрдіс бір-біріне қарама-қарсы болмауы керек, керісінше, бір-бірімен үйлесімді болуға тиіс.

Ал біздің байқауымызша, *құрмет, тақсірет, хазірет* тәрізді сөздер үндесім заңы бойынша игерілген сөздер. Алдымен, бұл тезисіміз түсінікті болу үшін, [к], [к] дыбыстарының жайына тоқталайық. Қалыптасқан көзқарас бойынша <к> фонемасы жуан дауыс тембрі [к], жіңішке дауыс тембрі [к] түрінде дыбысталады. Бұл – қазақ тілінің дыбыстық нормасы: [қайда], [кейде] т.б.

Алайда [к]-ның әлсіз позицияда жіңішке түрі (варианты) бар екені байқалады: [құрмет] [тақсірет]. *Кемел* сөзіндегі [к] жіңішке тембрмен айтылып, *қамал* сөзінің [қамал] түрінде жуан тембрмен айтылуы да бар. Тілдік факт ретінде бұл жайтты елемеуге болмайды. Бұл орфографиялық шарттылық немесе бөтен тілдің тәртібі деп те көрінуі мүмкін. Алайда төлтума сөздерімізде *көгорай, көгал* дегендегі [к]-нің тембрін жіңішке деуге болмайды. Салыстырсақ [когорай], *көгаршын, көкпар*. Бұлар ауыс-түйіс сөз емес, қазақтың өзінің төлтумасы.

[к]-ның жіңішке тембрінің пайда болуын әсер ететін факторға назар аударайық. Сөздің соңғы буындарындағы жіңішке дауыстылар бірінші буындағы дауыстының палатизациялануына, ал ол өз кезегінде [к]-ның жіңішке тембрлі реңк алуына әсер етеді. Сөйтіп, [к] дауыссызының вариациясы пайда болады: [күдірет] құдірет, [қäсійет] қасиет, [қäзір] қазір т.б.

Ал осы аталған сөздердің кейбірінің, *кәсиет* (сөйл. Тілі), *кәзір* (сөйл.тілі), *үрмет* (диал.) тәрізді варианттары да бар. Бұл – сөздің «қолайсыз жағдайға» вариация арқылы бейімделуі болса, екінші жолы басындағы дауыссыздың жіңішке тембрлі вариант, я болмаса, дауыссызды айту тәсілімен де «қиындықтан» жол табады, бірақ бұл аталған соңғы тәсіл бірер сөзбен ғана шектеледі.

Сонымен [к]-нің әдеттегі жіңішке тембрінен басқа жуын тембрге, [к]-ның әдеттегі жуан тембрінен басқа жіңішке тембрлі болып келуі вариация деңгейіндегі сингармонизм, я болмаса сингармовариация деуге болады. [к]-нің жіңішке тембрлі болуына әсер ететін іргелес дауыстыны да вариация деп танимыз. Мысалы, [қäуесет] *қауесет* дегендегі [ä] соңғы буындағы сигнификативті-перцептивті позициядағы [е]-нің әсерінен палатализацияланған дауысты, яғни әлсіз жағдайдағы <а>-ның вариациясы. Ол парадигмадағы <ә>, я болмаса күшті позициядағы [ә] бірдей емес, аталмыш вариацияның перцепциясы кәдімгі [а]-дан жіңішке, ал [ә]-ден әнтек жуанырақ деп көрсетуге болады.

Осы тәрізді ерекшелік, біздің байқауымызша, [ғ] мен [г] дауыссыздарында да бар екені байқалады. Атап айтқанда, [ғ]-ның жіңішке тембрлі вариациясы мына тәрізді әлсіз позицияда кездеседі: [ағешкі] *ақ ешкі,* [ғäзійз] *ғазиз.*

Өзге тілден импортталған мұндай сөздер қазақ тілінің негізгі дыбыс заңдылығы бойынша игерілетіні мәлім. Мұндайда едәуір сөздің басына [к], [ғ] дыбыстарын түсіріп айту позициялық игерудің бір жолы болса керек. *Қали – Әли, Ғалым – Әлім, Қалибек – Әлібек, ғылым – ілім, ғылыми – іліми т.б.*

Әуелде *Қали, Ғалым, Қалимжан, Ғалымжан* т.б. тәрізді сөздердің құрамындағы дауыстылар біршама палатализацияланған дауыстылар болуы, ал [к], [ғ] дауыссыздары соған сәйкес жіңішке тембрлі болуы ықтимал: [қäл їй] [қälїйжän] [ғälїмжän]. Өйткені *Қалидың [алый], Ғалымның [алым], Ғалымжанның [алымжан], Ғазиздің [азыз] болмай, Әли, Әлім, Әзіз* түрінде игерілуі осыған меңзейді.

Қазақ тілінде ерін үндестігі жөнінде А. Байтұрсынұлы еріндіктердің бас буында келетінін басқа буынды сүймейтінін атап айтады, сондықтан әлсіз жағдайдағысын жазуда таңбаламайды [8]. Әрине, А. Байтұрсынұлына дейін қазақ сөзінің хатқа түскен үлгілерінде ерін дауыстыларының әлсіз жағдайда (ды-

быстық қоршауға тәуелді жағдайда) белгіленетін де, белгіленбейтін де тұстары бар.

Н.И. Ильминский т.б. түркітанушылардың өз зерттеулерінде ерін үндестігін көрсетуі бірізді емес, екінші буындағы еріндікті кей сөзде көрсеткенмен, келесі бір сөзде басқаша таңбалайды: *өзүм, өздері, өзен* т.б. (Ильминский).

В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский сөздің соңғы буынына дейін ерін үндестігін жазуда көрсеткенмен, оның буындарға қарай әлсірей беретінін ескертеді, сондай-ақ [о] дыбысынан кейін езулік жуан дауыстылардың келе беретінін, ерін үндестігінің қырғыз тілімен бірдей еместігіне назар аударады.

Әдеби тілде (жазу нормасын еске алғанда) ерін үндестігінің еленбейтінін айта келіп, І. Кеңесбаев «ерін үндестігінің күші үш буыннан аспайды: әсіресе екі буынды сөздерде ерін дауыстысымен келген алғашқы буынның еріндік ықпалы анық сезіліп тұрады, үшінші буында солғындай сезіледі деп көрсетеді [9].

Қазақ тілінде ерін үндестігі сөздің екінші буынынан әрі қарай сақталмайды немесе әлсірей береді деген дәстүрлі көзқарас орфоэпиялық нормаы, орфографиялық нормаы кодификациялауда М. Дүйсебаеваның зерттеуінде (1973), Қ. Неталиева құрастырған «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінде» (1977), Р. Сыздықтың «Сөз сазы» анықтағышында (1985, 1995) негізге алынды.

1990 жылы А. Байтұрсынұлынан бері келе жатқан бұл дәстүр сөздің басқы буындарымен шектелмейді, үндесімнің бұл түрі сөзді тұтасымен қамтиды деген (Ә. Жүнісбек, С. Мырзабеков) тезис ұсынды [10]. «Жазуда соңғы буындарда еріндік белгіленбегендіктен, ерін үндестігі әлсіреп, сөздің айтылу нормасы бұзылып, бәрін бұзған жазу, жазу теріс болмаса, бәрі дұрыс еді» дегендей ойға саяды.

Бұл айтылғандардың қай-қайсы болсын, ден қойып, көңіл аударарлық және теориялық тұрғыдан негіздеуді қажет ететін пікірлер.

Мұндай құбылысты айқындауда фонологиядағы теориялық ұстанымдарға назар аударуға тура келеді. А. Байтұрсынұлының ұстанымы бойынша, тұрпат бөлек болғанмен, тұлғасы бір сөздер болады. Мұндай сөздер тұлғасы бойынша жазылады: *сенбеді (сембеді* емес). Еріндіктің бас буында келетінін таңбалап, басқа буындағысын бас буынның әсері деп, жазуда елемеу, мысалы, *күлкі (күлкү* емес), ғалымның осы ұстанымын көрсетеді.

Дәстүрлі көзқарас бойынша, *күлкі, үлкен* деген сөздердің екінші буындағы <і>, <е> фонемалары өздерінің негізгі реңкі бойынша таңбаланған, ал олардың [ү], [ө] түрінде дыбысталуы бірінші буындағы еріндіктің әсері деп түсіндіріледі.

Алайда екінші, үшінші буындағы, одан әрі қарайғы буындардағы дауыстылар езуліктер емес, әуелден түптұлғалық еріндіктер мәртебесіндегі бірліктер дейтін де көзқарас бар. Бұл жерде дәстүрлі ұстанымға басымдылық береміз, өйткені, байқауымызша, екінші буында «нағыз» еріндік болса, әрі қарайғы буындарда еріндіктердің солғындап кетуіне әсер ететін фонетикалық жағдай жоқ, олай болса, дауыстылардың еріндік белгілерінің өзінен-өзі көмескіленіп кету мүмкіндігі жоққа тән.

Тағы бір назар аударатын жайт: екінші буындағы дауыстының әуелден түптұлғалық еріндіктер еместігі. Бұлай деуімізге салыстырма тарихи фонетиканың материалдары себеп болып отыр: мысалы, қазақ тілінде *үй,* татар тілінде *өй,* қаз, *үйде*, тат. *өйдә;* қаз. *үйдегі,* тат. *өйдәге*, қаз. *үйдегілерге,* тат. *өйдәгеләргә*; қаз. *төлерге*, хак. *төлирге;* қаз. *көрер*, хак. *көрер,* хак. көрер; қаз. *күрек*, әзерб,. ұйғ. *күрәк*; қаз. *жүген,* башқ. *юган,* әзерб. *йүйән,* хак., шор *чуген;* қаз. *жүрек,* ұйғ. *жүрәк* т.б. бұл мысаладар Ф.Г. Исхаковтың зерттеуінен алынды [11].

Күлкі сөзінің екінші буындағы дауысты [күлкү] инвариант <і>-нің әлсіз позициядағы [ү] түрінде репрезентациялануы. Ол күшті позициядағы [ү]-ге естілімі жағынан сәйкес келеді. Әлсіз позициядағы инвариант фонеманың (<і>-нің) әлді позициядағы инвариантқа (<ү>лкен) ұқсас келуі вариант деп аталады. Ал *күлкілеріміздің* дегендегі үшінші төртінші буында еріндік белгілері солғындап кететін дауыстылар <і> инварианттың вариациялары болып табылады.

Әдетте варианттар парадигмадағы белгілі бір фонемаға ұқсас болып тұрса, вариацияларда ондай ұқсастық болмайды, яғни вариация парадигмадағы фонеманың бірде-біріне ұқсап тұрмайды. Мысалы, *күлкіміздің* дегендегі соңғы буындардағы дауыстыны парадигмадағы <ү>-мен бірдей деуге болмайды.

Сонымен, *күлкіміздің* дегендегі бірінші буындағы <ү> инвариант, екінші буындағы [ү] вариант, ал үшінші және әрі қарайғы буындарындағы дауысты <і> инварианттың вариациялары /ү/ деп танимыз: к<ү>лк[ү]м[ү]зд/ү/ң. Алғашқы буында еріндік анық сөз мағынасын ажыратады және естілімі күшті, яғни сигнификативті және перцевтивті күшті, екінші буында сөз мағынасын ажыратпайды, естілімі күшті, яғни сигнификативті әлсіз, ал перцевтивті күшті, үшінші және әрі қарайғы буындарда естілімі солғын, яғни сигнификативті және перцевтивті әлсіз позиция.

Сонымен, еріндік дауыстыдан соң басталатын сөздердің екінші буынында анық еріндік, ал әрі қарайғы буындардағы дауыстылардың, еріндік белгілерінің солғындай беретін ерекшелігін ескере келіп, оларды үш жаққа ажыратып, орфоэпиялық норманың инвариант <ү>, вариант [ү] және вариация /ү/ түрінде кездесетінін көрсеттік.

Біз кодификацияланған нормасы даулы көрінетін жайттарға тоқтала келіп, олардың әлді, әлсіз позициямен байланысты инвариант, вариант, вариация түрінде зерттелу қажеттігіне ерекше назар аудару керектігін баса айтамыз.

Пайдаланған әдебиет:

1. Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 224б.
2. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2004. – 780 б.
3. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 216 б.
4. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград, 1970. – с. 204.
5. Сыздықова Р. Сөз сазы. Сөзді дұрыс айту нормалары. – Алматы, 1983. –75б.
6. Неталиева Қ. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 399 б.
7. Дүйсебаева М. Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. – Алматы, 1973. –75 б.
8. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1989.
9. Кеңесбаев І. Фонетика // Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954. –283б.
10. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі. – Алматы, 2002.
11. Исхаков Ф.Т. Гармония гласных в тюркских языках // Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. I. Фонетика. – Москва, 1955. – с. 122-159.

МӘУЛЕН БАЛАҚАЕВ – ҒЫЛЫМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ[61]

Алдымыздағы аяулы ұстаздарымыз М.Балақаевтың, І.Кеңесбаевтың және Ғ.Мұсабаевтың туғандарына биыл – жүз жыл. Қазақ тіл ғылымының тарихына да солай ғасыр таянды. Бұл аралықта шыққан ұлт лингвистерін шамамен мынадай үш буынға бөліп қарастыруға болады: *біріншісі* – А.Байтұрсынұлы бастаған Қ.Жұбанов пен Т.Шонанов қатарлылар; *екіншісі* – аталмыш мерейтойгерлер және оларға тұстастар мен өкшелестер; *үшіншісі* – ғылымға негізінен тәуелсіздік жылдарында келгендердің легі.

М.Балақаев ғылымда, ұстаздық жолда алпыс жылдан аса уақыт бойы үздіксіз қызмет етті. Оның осы аралықта тіл білімі саласында қалам тартпаған саласы жоқ. Бастауыш, орта және жоғары мектеп оқушылары мен студенттеріне арнап ондаған оқулық, оқу құралдарын, әлденеше жүз ғылыми мақала, бірсыпыра монографиялық зерттеулер, арнайы нұсқаулық кітаптар мен типтік оқу бағдарламаларын жазды. Қазақ тілінің лексикографиялық, терминологиялық, орфографиялық жүйелерін қалыптастыруға да көп жыл атсалысты. Сөйтіп, артына бай мұра қалдырды. Алайда ұсынылып отырған кітапқа тақырыбы жағынан өте әртарап, сала-сала боп осылай кете беретін бұл қыруар еңбектердің ішінен ең іріктілері: уақыт сынынан өткен, ғылым мен білімнің қазіргі заманғы стандартына, қоғам дамуының бүгінгі сұранысына, бүгінгі мұрат-мүддесіне лайық дегендері ғана кірді. Солардың ішінде Қазақстанда ғана емес, түркология атты байтақ үлкен ғылымда ғалым есіміне жұртты айрықша қанық еткен де, атын шығарған да, әсіресе оның сөз тіркесі синтаксисі мен қазақ тілі мәдениеті жөніндегі ізденулері болды. М. Балақаев шығармашылығында шынында осы бағыттағы еңбектерінің орны бөлек. Өйткені оны ғылымды ұйымдастырушы деуімізге де, ең алдымен оның, міне, осы сала еңбектері мұрындық болып отыр. Ендеше қазақ тіл білімінің ғасырға жуық осы межелі асуында жұртшылық назарын А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде талай жыл қанатының астына алып, ғылымның килы қырсырын үзбей санамызға сіңірген ұстазымыз М. Балақаев шығармашылығының әлі күнге көп айтылмай, еленбей жүрген, қағаберіс қалып келе жатқан бір маңызды қырына аударғанды жөн көріп отырмыз. Ол – оның, жоғарыда айттық, ғылымды ұйымдастырушы ретіндегі қызметі.

Ғылымды ұйымдастырушы деп кімді айтады – жауап беріп көрейік. Қазақ тілінің қазіргі синтаксис деңгейі үлкен екі саладан тұрады: сөйлем синтаксисінен және сөз тіркесі синтаксисінен. Соңғы сала қазақ тіл білімінде алғаш өткен ғасырдың елуінші жылдарынан былай ғана сөз бола бастады. М.Балақаевтың еңбектерінде. Мысалы, оның С.Е.Маловтың жетпіс жасқа толған мерейтойының қарсаңында Мәскеуде шыққан *«Тюркологический сборник»* жинағының бірінші санындағы (1951) «О комбинированном управлении прямого дополнения в казахском языке», ҚазССР ҒА-ның *Хабаршысындағы* (1952) «Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің кейбір

[61] *Мақала М.Балақаевтың «Қазақ тіл білімінің мәселелері» А., 2008 атты кітабының алғы сөзі ретінде професcор Ербол Жанпейісовпен авторлық бірлестікте жарияланған.*

мәселелері», одақтық «Воспросы языкознания» журналындағы (1956) «Типы именных словосочетаний в казахском языке» іспетті ғылыми мақалаларында. Ол осы бағыттағы көп жылғы ізденулерінің негізінде кешікпей «Основные типы словосочетаний в казахском языке» (1957) атты жеке кітабын шығарды.

Бұл – тек қазақтың ғана емес, ортаазиялық түрік халықтарының да лингвистикасындағы сөз тіркесі жөніндегі тұңғыш монографиялық зерттеу-тін. Автор еңбегінің кіріспесінде былай деп жазады: «Ұсынылып отырған жұмыстың негізі Қазақ мемлекеттік университетінің студенттеріне сөз тіркесі арнайы курсынан әлденеше жыл үзбей дәріс оқу процесінде қаланған болатын. Дәріс оқу барысында жиналған нақты тілдік материалдар мен осы салаға қатысты түркологиядағы, орыс ғалымдарының еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар кейін де талай пысықталып, қатаң ғылыми жүйеге келтірілді. Ғалымның бұл аталмыш зерттеуі көзі тірісінде өңделіп, толықтырылып бірнеше рет басылды. Одақтық түрколог тар назарын да аударды. Оны КСРО ҒА-ның корреспондент мүшелері Н.К. Дмитриев, А.К. Боровков сынды ғалымдар жоғары бағалады. А.К. Боровков бұл еңбек туралы мысалы былай деп жазды: «Первые исследования по теории синтаксиса, типологии словосочетания (Е.Убрятова, М.Балакаев) намечают широкий круг вопросов, очень интересных и перспективных». М.Балақаев былайғы жерде сөз тіркесі проблемасынан аспиранттарға, ізденушілерге тақырыптар беріп, оларға кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғатып, синтаксистің осы жаңа саласынан ондаған білікті мамандар қатарын тәрбиелеп шығарды. Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетте кезінде өзі жолға қойған «Сөз тіркесі» арнайы курсы қазір Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында оқылады. Ол сөз тіркесі синтаксисін қазақ тіл білімінде алғаш осылай қалыптастырды, осылай оны аяғынан тік тұрғызды. Оның сөз тіркесі синтаксисі мектебі де қазақ тіл білімінде, түркологияда, міне, осылай қалыптасты.

М.Балақаев 1941 жылы «Халық мұғалімі» журналының бірінші-екінші сандарында «Қазақтың әдебиет тілінің өсу жолы» дейтін көлемді мақала жариялады. Ол тіл білімінің бұл саласына былайғы жерде де уақ-уақ айналып соғып, оның нормасы, функционалдық стильдері сияқты әртүрлі мәселелерін зерттей жүріп, осы бағытта бірге еңбек жазуға ең әуелі М. Томанов пен мені, кейінірек Р.Ғ. Сыздықова екеумізді тартты. Сөйтіп, «Қазақ әдеби тілінің мәселелері» (1961), «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1968) дейтін университеттер мен институттардың филология факультетінің студенттеріне арналған тұңғыш көмекші құрал да, тұңғыш оқу құралы да жасалды. Тікелей М. Балақаевтың ұйымдастыруымен, тікелей М. Балақаевтың басқаруымен. Алғы сөзде айтылғандай: «Қазақ әдеби тілінің қалыптасу, даму тарихын баяндайтын жүйелі оқулық не оқу құралы бұларға дейін шынында болған жоқ. Ұсынылып отырған оқу құралы – әдеби тіліміздің екі ғасыр ішіндегі даму тарихын жүйелі түрде баяндаудың тұңғыш бастамасы». Шынында, бұл басылым жоғары оқу орындарында әдеби тіл тарихын дербес пән ретінде қалыптастырудың, оның тұрақты оқулығын жасаудың алғашқы қадамы-тын. Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетте әдеби тілдің стильдік жүйесінің дербес курс ретінде оқытыла бастауына да Мәкең (Мәулен Балақаев) өзі мұрындық болды. Өзі бастап бағдарламасын жасады, өзі бастап дәріс оқыды. Дәріс оқумен қатар қасына тағы шәкірттерін (Б.Манасбаевты, М.Томанов пен мені) алып, «Қазақ тілінің стилистикасы» атты оқулық дайындауға кірісті. Бұл да – жоғары оқу орындарының филология факультетінің студенттеріне арналған, қазақ тіл ғылымы тарихындағы бірінші оқулық-тын. Алғашқы тәжірибе-тін. Ол бүгінде үш қайтара (1966, 1974, 2005 жылдары) басылып шықты. Ғалым тарапынан

атқарылған, міне, бұл істер де кезінде Республикамыздағы жоғары мектептердің оқу базасын нығайту, сөйтіп, студенттерге сапалы білім беру, қоғамға білікті маман кадрлар дайындау бағытындағы әлеуетін арттыруға мейлі өте аз мөлшерде болса да себін тигізді.

М.Балақаевтың бұл (әріптестері қызығарлық) ұйымдастырушылық қызметі оның шығармашылығынан, сондай-ақ мына бір тұсынан да айқын аңғарылады. Ол 1947 жылы «Тіл мәдениетіндегі елеулі қателер» деп аталатын мақала жариялады. Осы тақырыптан 1989 жылға дейін (40 жылдан аса уақыт бойы) бір сәт те қол үзген емес. Тезис, жеке ғылыми мақала, кітап түрінде үзбей өз пікірін, ұстанымын жазып, оларды үнемі жариялап отырды. Бәрінде де сол тіл мәдениеті, тіл жатықтығы, сөз қолдану мәдениеті, баспасөз тілінің мәдениеті, тіл өнері, сөз өнері, сөйлеу мәдениеті, әдеби тіл мәдениеті, жазу мәдениеті, сөз мәдениеті, оқушының тіл мәдениеті, жастардың тіл мәдениеті, жазушының сөз мәдениеті төңірегінде толғанды. Бәрін де сол қазақ тілінің қамын жей отырып, оның іш-мазмұны мен сырт сымбатының жарасымын, ертеңін ойлай отырып жазды. Осы мақсатпен ұзақ жылдар өзі дәріс оқыған Қазақ ұлттық университетінде тіл мәдениетінің тұрақты түрде арнайы курс ретінде оқылуына тікелей бастамашы болды: оның тағы да тұңғыш типтік оқу бағдарламасы мен оқу құралын дайындап, көзі тірісінде екі рет (1965 және 1971 жылдары) кітап етіп жариялады. Бұл арнайы курс кешікпей Қазақстанның өзге жоғары оқу орындарында да оқыла бастады. Дербес жаңа пән ретінде қалыптасты. Ол өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында Тіл білімі институтының басшылығы алдында да «Тіл мәдениеті» бөлімін ашу туралы мәселе қойды. Ұсыныс түсіністікпен қабылданды. Институт құрамындағы бұл жаңа құрылымның ең бір жетекші бөлімге айналуына да Балақаев өзі жетек, ұйытқы болды. Оның қазақ тілінің мәдениеті мектебі де, міне, осылай қалыптасты. Сөйтіп, қазақ тіл біліміндегі бұл үлкен саланы да қырық жыл бойы осылай бір өзі алып жүрді. Бұл жаңа саланың да пұшпағын қырық жыл бойы өзі иледі. Жоғарыда айтылғандардан көрінеу бір нәрсе – М. Балақаевтың ғылымды ұйымдастырудағы қызметінің, қарым-қамтымасының осыншалықты ауқымдылығы. Ғылымды ұйымдастырушы деп оның, міне, осындай, ноқтабасы тұлғаларын айтса болады.

Сонымен *сөз тіркесі синтаксисі, тіл мәдениеті* дейтін тұтас екі үлкен саланың бастауында түрған да, оларды бүгінгі қазақ тіл біліміне ендірген де, қалыптастырған да – Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстан ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Мәулен Балақаев. Осы жерде айрықша бір бөле айтатын нәрсе: Балақайұлы Мәулендейін жеке тұлғаның сөз тіркесі синтаксисі мен тіл мәдениетіне бұлай әрі көшбасшы болып, әрі оларды ары қарай дамытып, ақырында екеуін бірдей қазақ тіл білімінің жаңа дербес салалары ретінде қалыптастыруы ғылымда жалпы сирек кездесетін құбылыс саналады. Ол бұнымен қоса жоғары оқу орындарында өтілетін қазақ әдеби тілінің тарихы, қазақ тілінің стилистикасы, қазақ тілінің мәдениеті дейтін негізгі пәндердің тұңғыш оқу құралдары мен оқулықтарының жазылуына да алғаш өзі ұйытқы болды және өзі бастап, бірге жазысты. Бұл айтылғандардан М. Балақаев шығармашылығы сөз болғанда әдетте *бірінші, алғашқы, тұңғыш, тырнақалды* тәрізді сипаттамалардың ауызға жиі алынатыны, сірә, түсінікті болса керек. Ғалымның жүзжылдық мерейтойына орай дайындалған осы кітапқа бұрын жарық көрген, қазір іздесеңіз таптырмайтын «Современный казахский язык» (1959), «Қазақ тілінің мәдениеті» (1971), «Қазақ

тілінің стилистикасы» (1974), «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» (1984), «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту» (1989) атты іргелі зерттеу еңбектері мен әр жылдары жарық көрген ғылыми-теориялық мақалаларын оқырман назарына ұсынып отыруымыздың бір себебі осымен байланысты. Осы жерде әсіресе көңіл аударайық дегеніміз: ол ғылымды ұйымдастырушы ретіндегі жоғарыда аталған сан сала қыруар жұмысты өзі еңбек еткен А. Байтұрсынұлы институты мен әл-Фараби университетінде Құдай берген сол данадай маңғаз, баладай аңқау кішік қалпында, жалаулатпай, жар салмай, қашанғы қарапайым, сабырлы, алды кең, байсал мінезімен, дабырасыз, дақпыртсыз, елеусіз жүріп тындырды. Әредік әдемі жымиып қойып, ешкімге зіл-зәрі жоқ әзілін де айта жүріп.

Мәулен Балақаев қазақ тіл білімінің аясын, міне, осылай кеңітті, ғылымды, міне, осылай ұйымдастырды. Ғылымды ұйымдастыру – үлкен сөз. Өте үлкен. Сөз – әдетте жоғарыдағыдай тұтас бір қауым игілігіне, ел мүддесіне қалтқысыз қызмет ететін биік мұратты игі істен өрбісе ғана үлкен.

ҒАЛЫМНЫҢ ҒЫЛЫМДАҒЫ ҒИБРАТЫ[62]

Сыздық (Құтқожина) Рәбиға Ғалиқызы (әкесінің толық аты Сәтіғали) 1924 жылғы тамыздың 17-сінде Ақтөбе облысының Ойыл қалашығында қызметкер отбасында дүниеге келді.

Рәбиға Ғалиқызы еңбек жолындағы алғашқы қадамын 1940 жылы Ақтөбе облысының Алға станциясындағы бастауыш мектепте ұстаздық жұмыстан бастады. 1942-1945 жылдары Темір қаласындағы орта мектепте мұғалім, педучилищеде оқытушы болды. Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген соң (1945-1947), осы институттың аспирантурасында оқыды (1947-1951). 1951-1957 жылдары Қазақтың оқу-педогогика баспасында (қазіргі «Мектеп») редактор, редакция меңгерушісі болып қызмет істеді. Р. Сыздық 1957 жылдан Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясында әуелі кіші ғылыми қызметкер (1957-1980), бөлім меңгерушісі (1961-1967; 1980-1994) болып жемісті қызмет етті. Қазір осы институттың бас ғылыми қызметкері.

Р.Сыздық 1959 ж. «Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық, 1971 ж. «Абай шығармаларының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 1979 ж. ол Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды.

Р.Сыздық жан-жақты және ауқымы мол ғылыми-зерттеу еңбектерінің негізгі арқауы қазақ тілінің, түркітану ғылымының өзекті мәселелері болып табылады. Әсіресе солардың ішінде ғалымның ұзақ жылдар бойы үзбей қалам тартып, жете зерттеген саласы қазақ әдеби тілі тарихының мәселелері деуге болады.

Әрине, әдеби тілді, онын тарихын зерттеуде бұл нысананы әртүрлі қырынан қарастыруға болады. Қазақ тіл біліміндегі әдеби тілдің тарихы жекелеген әдеби үлгілерді зерттеуден, олардың лексика-грамматикалық ерекшеліктерін ашудан басталған. Бұл, бір жағынан, сол үлгіні жасаушы қаламгердің тілін зерттеу болып табылса, екінші жағынан, қаламгер өмір сүрген сол кезеңдегі, дәуірдегі әдеби тілдің өзін де зерттеу болып саналады.

Міне, сондықтан академик Р. Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі» (1968) деген көлемді ғылыми монографиясы – ұлы ақынның тілін лингвистикалық тұрғыдан қарастырған еңбек қана емес, соңдай-ақ сол кезеңдегі, синхрондық бөліктегі әдеби тілдің негізгі ерекшеліктері мен басты сипаттарын айқындаған іргелі зерттеу. Осы еңбегі үшін ғалымға ҚР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығы берілгені белгілі (1995).

Ғалым қазақ әдеби тілін қалыптастыру мен дамытудағы ұлы ақынның қосқан үлесі мен орнын айқындай отырып, лексика-морфологиялық ерекшелігін жан-жақты терең зерттей келе, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілінің жай-күйін ашады. Оны ақын шығармаларының тілімен сабақтастыра, байланыстыра отырып, суреткер қолданған қазақтың төл сөздері мен түрлі лексика-грамматикалық қаттау-қабаттарға талдау жасайды. Ұлы ақынның тыңнан қосқан, ескіні жандандырған қолданыстарын, олардың жұмсалу себептері мен дәлелдерін көрсетеді. «Абай – қазақтың қазіргі ұлттық жазба әдеби тілінің негізін қалаушы» деген тұжырым қазақ

---

[62] *Мақала «Түркітану мен қазақ филологиясының дамуы: ғылыми мұра және ғалым феномені» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинағы, 2014, К.Хұсайыновпен бірлескен авторлықта жарияланған.*

филологиясында бұрыннан да бар болатын. Бұл пікірді Р. Сыздық да қостайды. Бірақ осы тұжырымды ғалым Абай шығармаларының тілін тұтас, жан-жақты зерттей отырып дәлелдеп береді. Поэзия синтаксисіне Абай енгізген өзгешеліктер мен жаңалықтарды ашқан, оған нақты талдаулар жасаған ғалымның «Абай өлеңдерінің синтаксисі» (1970) деп аталатын монографиясы қазақ тіл білімінде өлең синтаксисін ең алғаш зерттеген, оның құрылым-құрылыстарына тән негізгі белгілерді көрсеткен бірден-бір және бірегей еңбек.

Абай тілін жүйелі түрде зерттеудегі ғалымның өзі белгілеген тәртібімен жоғарыда көрсетілген екі монографиядан соң, «Абайдың сөз өрнегі» атты үшінші кітабында ұлы ақынның поэтикалық тілі, көркемдік сипаты, көріктеу құралдарының тілдік механизмі сөз болып, ұлы ақынның тіл көркемдігін танытудың кілті бұрынды-соңды айтылып келген пікірлер мен еңбектерден басқаша бұраумен ашылады, қазақ тілінің поэтикасы жөнінде соны талдаулар мен жаңа ой-тұжырымдар айтылады. Аталмыш еңбек ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойына орай «Санат» баспасынан 1995 ж. жарық көрді. Сондай-ақ «Абай энциклопедиясында» («Атамұра»1995) ұлы ақынның тілі мен стиліне қатысты көлемді ғылыми-теориялық мақалалар топтамасын берді. Абай тілін жан-жақты зерттеген осы еңбектері үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алды.

Қазақ әдеби тілінің тарихын ендігі жерде жеке үлгілер арқылы ғана емес, біртұтас түрде зерттеуді Р. Сыздық сонау 1960 жылдардың өзінде қолға алған болатын. Осының нәтижесінде профессор М. Балақаев, Е. Жанпейісовпен бірлесіп жазған «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1968) жарыққа шықты. Осы аталған оқу құралының «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілі» деген сүбелі тарауы Р. Сыздықтың қаламынан шықты. Дегенмен алпысыншы жылдары қазақ әдеби тілінің тарихын қай кезден бастау қажет, оның алғашқы өкілдері кімдер, үлгілері қандай, қандай дәуірлер мен кезеңдерге бөлінеді деген т.б. аса өзекті мәселелерді былай қойғанда, тіпті әдеби тілдің мәртебесін анықтаудың өзі әлі толық шешімін таппаған-ды. Сол кездегі дәстүрлі көзқарас бойынша жазба тіл ғана әдеби тіл бола алады деген пікір, орыс тіл біліміндегі тәрізді, қазақ филологиясында да басты болатын. Осымен байланысты әдеби тіл үлгілерінің алғаш хатқа түсе бастаған кезі шамамен XVIII ғасырдың ортасы деп танылып, соған сәйкес қазақ әдеби тілінің бастау алуы осы тұсқа келеді деген тұжырым үстем болды. Алайда Р. Сыздық мұндай пікірдің қайшылықтарын көрсете келіп, «XVIII-XIX ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы» (1984) деген монографиясында басқаша бағыт ұстанады.

Шындығында, әдеби тіл мәртебесін тек жазу-сызумен байланысты деп білу тілдік әрі уақыт жағынан өте жақын бір кезеңде туған үлгілердің бәрі хатқа түскендіктен әдеби, ал екіншісін ауызша тарағандықтан, әдеби емес деп тану, сондай-ақ аты-жөні, шығармалары ел жадында сақталған, сөз қолданыста дербестігі айқын көрінетін суреткер туындыларын ауызша тарағандықтан, әдеби тіл үлгісіне жатпайды деп білу шындыққа жанаса қоймайды. Сондықтан зерттеуші әдеби тілдің негізгі мәнін жазу-сызудан іздемейді. Тілдің әдебилігін ол мәдени-рухани дүниелердің жасалуында, қоғамдық мәні бар іс-қимылдарды ұйымдастырудың құралы болуында, тілдік амал-тәсілдердің сараланын, жұмсалуында, сөйтіп, тұрақтанған тілдік нормалардың жалпы жұртшылыққа ортақ болуында деп біледі. Ғалымның пайымдауынша, бұл жерде, ауызша тіл тәрізді, жазба тіл де әдеби тілдің қызмет етуінің формасы ғана. Міне, мұндай көзқарас бойынша, әдеби тіл халықтың поэтикалық сөз өнері, әдет-ғұрып, билік заңдары тілі ретінде жазуға дейінгі кезеңде де қызмет етуі мүмкін.

Сонымен, Р. Сыздық XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулардың тілін арнайы талдай келіп, олардың шығармаларын әдеби тілдің жазбаға дейінгі кезеңіне жататын үлгілер деп таниды. Ал бұл кезеңде қызмет еткен тілді жазба дәуірге дейінгі ауызша әдеби тіл деп, терминологиялық мазмұн беріп атайды. Сөйтіп, әдеби тіл өзінің нормалық қасиетін тек жазу арқылы ғана орнықтырмайды, ауызша сөз қолданыс (ауызекі тараған өлең-жырлар, шешендік сөз үлгілері, ауызша шежіре т.б.) арқылы бекіте, жетілдіре түседі. Зерттеуші, әсіресе әдеби тіл нормаларын қалыптастыруда ақын-жыраулар шығармаларын бұлжытпай жатқа айтып, жұртқа тарататын жыршылық, мектеп өкілдерінің орнын айрықша бағалайды. Осы еңбекте (XVIII-XIX ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы, 1984) және оның көлемі толықтырылған, мазмұны тереңдетілген екінші басылымы – «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғ.)» (1993) деп аталатын кітабында алғаш рет бір жағынан, ауызша әдеби тіл үлгілерінің, яғни XV-XVIII ғ. ақын-жыраулар шығармалары тілінің фольклор тілімен ортақ белгілерінің болу себептері ашылса, екінші жағынан, олардың өзді-өзіне тән айырмалары мен белгілері саралана түседі. Сондай-ақ ауызша әдеби тілдің жазба тілден айырмашылығы мен ұқсас тұстары да айқындалады. Тағы да бір айта кететін жайт – ғалым қазақ әдеби тілінің бес ғасырлық тарихын баяндайтын соңғы басылымда («Қазақ әдеби тілінің тарихы» 1993) қазақ әдеби тілі тарихын жеке пән түрінде қазақ тіл білімінің дербес саласы ретінде бір жүйеге салып, бас-аяғын бүтіндеп берді. Сөйтіп, Р. Сыздықтың бұл саладағы іргелі зерттеулеріндегі негізгі тұжырымдар мен пайымдаулар қазақ тіл білімінде әдеби тіл, әдеби тіл тарихы бойынша жаңа бағытқа айналып, орныға түсті.

Профессор Р. Сыздықтың түркітану саласындағы зерттеулері, бір жағынан, қазақ тілінің тарихы, қазақ әдеби тілінің тарихымен ұштасып жатады. Солардың ішінде зерттеушілердің «Язык Жами'ат-тауарих Жалаири» (1989) деген монографиясын ерекше атауға болады. Тарақ таңбалы жалайырдан шыққан Қадырғали бидің жылнамалары туралы арғы-бергі кезеңдердегі зерттеулерге сын көзімен қараған автор бұл ескерткіштің лексика-грамматикалық құрылымына талдау жасай отырып, алдымен ондағы оғыз, қыпшақ тілдеріне ортақ элементтерді саралайды, оны туыстас тілдердің дерегімен салыстырады. Ескерткіш тіліндегі әр текті тілдік белгілерді талдай келіп, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне орай қалыптасқан, өзге туыстас тілдерде қайталамасы жоқ қазақы сөз өрнектерін айқындайды. Олар, негізінен тұрақты сөз тіркестері мен бейнелі сөз орамдары болып келеді. Сондай-ақ ғалым ескерткіште қазіргі қазақ тілінде мүлде қолданылмайтын, бірақ XV-XVIII ғ. қазақ ақын-жыраулырының тілінде белсенді жұмсалған элементтерді табады. Сөйтіп, ғалымның бір жағынан, «Жами' ат-тауарих» тілінен қазіргі қазақ тіліне үндес белгілерді көрсетуі, екінші жағынан, XV-XVIII қазақ ақын-жыраулары тілі мен осы ескерткіш тіліне тән ортақ белгілерді, жарыспалы құбылыстарды ашуын аталмыш зерттеудің аса бір бағалы жағы деуге болады. Сонымен, бұл еңбекте Қадырғали Жалайырдың «Жами' ат-тауарихы» тілдік жағынан да, рухани мәдениет жағынан да қазақ халқының байырғы дәуірінен қалған мұра екені ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәлелденеді.

Сондай-ақ Р. Сыздықтың тарихшы-ғалым М. Қойгелдиевпен бірге жазған «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» (1991) деген кітабы жарық көрді. Студенттер мен аспиранттардың, ізденушілерді пайдалануына лайықтап жазылған бұл еңбекте XVI ғасырдағы қазақ авторының шығармасы тарихи және тілдік тұрғыдан кеңінен баяндалады. Екі кітаптың екеуінде де ескерткіш мәтіні араб

жазуынан қазіргі қазақ жазуына көшіріліп берілуін де ерекше бағалау қажет. Бұл – ескерткіштің 140 жылдан кейін екінші рет жарық көруі болды (алғаш рет 1854 жылы ескерткіштің бір ғана қолжазба нұсқасын Қазан университетінің профессоры И.Н. Березин жариялаған болатын) Р. Сыздық Березин нұсқасын кейін табылған екінші қолжазба тексімен салыстырып берген.

Р.Сыздық түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің тарихына хронологиялық тұрғыдан әрі қарай жылжып, Қожа Ахмет Ясауи (XII ғ.) мұрасының «Самарқанд немесе Залеман нұсқасы» деп аталатын қолжазбасы бойынша оның тілін лексика-грамматикалық, көркемдік және текстологиялық талдау тұрғысынан зерттеп шықты. Әлеуметтік мәнділігі аса жоғары бұл еңбек Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің қолдауымен 2004 жылы қыркүйек айында «Яссауи хикметтерінің тілі» деген атпен «Сөздік-словарь» баспасынан жарық көрді.

Р.Сыздық әдеби тіл тарихын, ортағасырлық жазба ескерткіштер тілін зерттеумен қатар, тарихи лексика мәселелерін де арнайы қарастырды. Ғалымның «Сөздер сөйлейді» (1980, 1994) деген еңбегі – осы саладағы ізденістің нәтижесі. Тарихи лексикология бойынша бірден-бір оқу құралы болған бұл еңбек 1994 жылы толықтырылып, өңделіп, екінші рет жарық көрді. Кітапта тарихи, лиро-эпостық жырларда, ақын-жыраулар тілінде, тұрақты тіркестер құрамында мақал-мәтелдерде кездесетін көне сөздердің байырғы мағыналары, түп-төркіні ашылып, семантикалық өзгерістеріне талдау жасалады. Сондықтан аталмыш еңбек тек тіл мамандары ғана емес, байырғы көркем мұраларды сүйсіне оқитын былайғы жұртшылық үшін де бағалы зерттеудің бірі болды.

Р.Сыздық лингводидактика саласындағы жұмыстарға ерте кезден араласып, оқулықтар мен оқу құралдарын жазып, бағдарламалар түзді. Атап айтқанда, ол орыс мектептерінің жоғары кластары үшін «Қазақ тілі» оқулықтарын (1952-1953), «Үлкендерге арналған әліппені» (1958, 1963), «Ересектерді оқытудың программасын» (1958), университеттер, мединституттарда «Қазақ әдеби тілі тарихын оқытудың программасын» (1965, 1969, 1975) жазысуға ат салысты.

Ғалымның ұзақ жылдар бойы аса өнімді еңбек етіп, жемісті зерттеулер беріп келе жатқан саласы – тіл мәдениеті мен қолданбалы лингвистика. Бұл ретте ғалымның шешендік сөз туралы, сөз қолданыс пен әдеби норма т.б. мәселелерге арналған бірқатар теориялық зерттеулері ғылыми жинақтарда («Жазушы және сөз мәдениеті», «Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі», т.б.) және ғылыми журналдарда жарияланды. Сонымен қатар тілдік нормаға арналған «Тілдік норма және оның қалыптануы» (2001) деген атпен шыққан жеке монографиясы қазақ тіл білімінде норма мәселесін теориялық тұрғыдан арнайы сөз еткен тұңғыш ізденіс болып табылады.

Мұнда бүгінгі әдеби тіліміздің қолданысында қалыптанған лексика-грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық көркемдік заңдылықтарды жүйелеп көрсетумен қатар, олардан уәжді-уәжсіз ауытқитын сәттерді де салалап береді. Ғалым бұл зерттеуінде тілдік нормалардың түрлері мен типтеріне тоқтала отырып, әдеби тілдік норманың негізінде тілдік жүйе мен заңдылықтар жатқанына назар аударады. Әдеби тіл нормасының қазіргі қалып-күйін көрсете келіп, басым варианттардың түрлерін айқындайды.

Сонымен бірге жұртшылықтың тіл мәдениетін көтеретін, қоғамдық-мәдени өмірде орны ерекше саналатын практикалық құралдар («Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі», 1960, 1974, 1988, 2001, 2005) жазуға қатысып, емле ережелерін жүйелеген («Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жөнінде анықтағыш», 1959, 1974, 1994,

2000), орфоэпиялық нормаларды тиянақтаған («Сөз сазы». Алматы. 1983, 1995, 2000) еңбектер жариялады. Бұлар қазақ тілі нормаларын кодификациялауда өзіндік орны ерекше еңбектер деп бағаланады.

Ғалымның тікелей басқаруымен және белсене қатысуымен «Қазақ орфографиясы негізгі ережелерінің жаңа нұсқасы» жасалды. Негізгі ереженің жаңа редакциясы кезінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен 1983 жылдың 25 тамызында бекітілді.

Р.Сыздық мерзімді баспасөз беттерінде тіл мәдениетінің көкейкесті мәселелерін көтерген, қоғамдық ойға қозғау салған аса көлемді мақалалар жариялаумен бірге, театр, теледидар, баспа ұжымдарында, газет-журналдар редакцияларында, жоғарғы оқу орындары мен орта мектептерде әдеби тіл нормаларын насихаттау, қалың көпшіліктің тіл мәдениетін көтеретін шараларды (ғылыми-практикалық конференциялар, әңгіме-дәрістер, дөңгелек үстелдер т.б.) өткізу тәрізді игі істерге ұйытқы болып, басшылық жасап, оларға белсене қатысты.

Репрессияға ұшыраған аса көрнекті ғылым мен қоғам қайраткерлері, қазақ тіл білімінің негізін қалаушылар А. Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов сынды ғалымдардың өмірі мен ғылыми еңбектері туралы Р.Сыздық алғашқы болып, очерк жазып, кітапшалар шығарды. Оның Қ. Жұбанов туралы «Ғалым-азамат» (1966, 2004), А. Байтұрсынұлы туралы «Ахмет Байтұрынов» (1990) деген кітапшалары жұртшылыққа кеңінен мәлім.

Осындай игі істермен қатар ғалым Қ.Жұбановтың, А.Байтұрсынұлының, Халел Досмұхамедовтің ғылыми мұрасын баспаға әзірлеу жұмыстарымен де шұғылданды. Р.Сыздық пен Е.Жұбановтың редакциясымен Құдайберген Жұбановтың «Исследования по казахскому языку» (Алма-Ата, 1966, 362 с.); Р.Сыздық мен Ш.Сарыбаевтың редакциясымен А.Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» (Алматы, 1992, 448-б.). Р.Сыздықтың бас редакторлығымен Халел Досмұхамедовтің «Таңдамалы» (Алматы, 1998) деген көлемді еңбектері жарық көрді.

Р. Сыздықтың жауапты редакторлығымен іргелі ғылыми монографиялар (Қ. Өмірәлиев Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. – Алматы, 1983, 240-б.; Х. Нұрмаханов. Сөз және шеберлік. – Алматы, 1987, 288-б.; Б. Әбілқасымов. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ тілі. – Алматы, 1982, 224-б. т.б.), жекелеген ғылыми жинақтар (Жазушы және сөз мәдениеті, 1983, 152-б.; Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі, Алматы, 1987 т.б.) және «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (1988, 2001) жарыққа шықты. Сондай-ақ Р.Сыздық «Абай тілінің сөздігі» (1968), он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1974-1986) т.б. көлемді лексикографиялық еңбектерді редакциялау жұмыстарына қатысты.

Бұл салада әсіресе алғаш жарық көрген академиялық «Қазақша-орысша сөздіктің» жауапты редакторы ретінде ғалым (К.Ш. Хұсайыновпен бірге) қыруар уақыты мен күш-қайратын жұмсады. Өйткені академиялық екі тілді Сөздіктің өз қиындығы бар. Аса терең лексикографиялық біліктілікті айтпағанның өзінде, екі тілдің материалдарын жүйелеп, салалап, лексикографиялау көп еңбекті қажет етеді. Әдеби тілдің лексика-фразеологиялық байлығын молырақ қамтып, ұлттық идиоматиканы екінші тілге дәлірек беруді көздеген бұл Сөздік мемлекеттік тілді оқып үйренушілер үшін де, зерттеушілер үшін де, қазақ тіліне қызығып, ден қойған жұртшылық үшін де бағалы еңбек болды.

Р. Сыздық Үрімжі қаласында (Қытай Халық Республикасы) өткен «Шыңжаң халықтары тілі мен жазуы» атты конференцияның (1956), II, V Бүкілодақтық түркология конференцияларының (Алматы, 1976; Фрунзе, 1985), «Тілдердің диа-

лектіден жоғары формалары» деген бүкілодақтық симпозиумның (Мәскеу, 1978), Типологиялық зерттеулер жөнінде өткен бүкілодақгық конференцияның (Мәскеу-Ленинград, 1983); 1989 ж. Элазиг (Түркия), 1990 ж. Алматыда өткен II, III Халықаралық совет-түрік коллоквиумының; Анкарада (Түркия) болған «Түркі тілдерінің тұрақты құрылтайының» (1993) т.б. ғылыми-практикалық, теориялық, конференциялардың жұмыстарына қатысып, әдеби тіл, тіл тарихы, әліпби мен жазудың аса өзекті теориялық, типологиялық мәселелеріне арналған баяндамалар жасады.

Р.Сыздық ғылыми конференцияларда жасаған баяндамаларында, сөйлеген сөздерінде әрдайым ғылыми жұртшылыққа ой тастап, келелі мәселелер қозғап отырды. Бұл жөнінде кезінде академик жазушылар М.О. Әуезов, Ғ. Мүсірепов өздерінің жылы лебіздерін білдірген болатын. «Рәбиға Сыздықтың сөзіне, – деп жазады академик М.Әуезов, – конференцияға қатысушылар айрықша ырза болды деп санаймыз. Оның сөзіндегі бір ерекшелік: тіл мамандары мен әдебиетшілерге қатар айтар орынды, кенеулі ойы бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл құдіреті мейлінше жеткілікті екендігін аңғартты» (Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы: Ғылым, 1961, 351-б.).

Р.Сыздық ұзақ жылдар бойы ғылым кадрларын даярлау ісіне үзбей ат салысып келеді. Оның ғылыми басшылығымен бес докторлық, жиырма бір кандидаттық диссертация қорғалды. Р. Сыздық Қазақ ССР Ғылым академиясының Филология ғылымдары бойынша біріккен кеңесінің ғалым-хатшысы (1969-1975), 1975 жылдан бері ҚР Ұлттық ҒА-ның А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы докторлық, кандидаттық диссертация қорғау жөніндегі Мамандандырылған кеңестің, 1990-1994 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің филология ғылымының докторы дәрежесін беру жөніндегі Мамандандырылған кеңесінің мүшесі ретінде осы аталған кеңестердің жұмыстарына үзбей қатысып келеді.

Ғалым университеттер (Алматы, Қарағанды) мен пединституттардың (Алматы, Семей, Ақтөбе) филология факультеттерінде абайтану, қазақ әдеби тілінің тарихы, сөз мәдениеті бойынша арнаулы курстардан дәрістер оқып, студенттердің ғылыми жұмыстарына басшылық жасап келеді.

Р.Сыздық Қазақ ССР-інің «Тіл туралы заңының жобасын» жасау жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары болды, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов мұралары жөніндегі республика үкіметі тарапынан құрылған комиссияның мүшесі ретінде республиканың саяси-мәдени өміріндегі елеулі мәні бар істерге белсене қатысты.

Р. Сыздықтың іргелі ғылыми зерттеу еңбектері тек республика көлемінде ғана емес, одан тыс елдердегі жұртшылыққа кеңінен мәлім. Ғалымның Түркияның халықаралық «Dil kurumu» лингвистикалық қоғамының корреспондент мүшелігіне ұсынылуы – осының бір айғағы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Р.Сыздықтың ғылыми-педагогтік қызметі, ғылымды дамытудағы, ғылым кадрларын даярлаудағы еңбектері Үкімет тарапынан жоғары бағаланып, бірнеше мәрте (1961, 1973, 1982) Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. 1971 ж. «Құрмет Белгісі» орденінің иегері атанды. 1984 жылы Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері құрметті атағы берілді, есімі Қазақ ССР-інің «Құрметті Алтын кітабына» жазылды (1981), Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың (1995), ҚР Мемлекеттік сыйлықтың (1996) лауреаты атағына ие болды. 1945 жылы «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталды.

АРҚАЛАП АЗАМАТТЫҢ АУЫР ЖҮГІН[63]

Қазақ тіл білімі сан-салалы ғылымға айналды. Оның әрқилы мәселелерімен академиямыздың Тіл білім институты, жоғары мектеп кафедралары шұғылданып жатады. Осындай коллективтерден өсіп, есейіп шыққан ғалымдарымызды еңбегі арқылы ел біледі.

Солардың ішінде жемісті еңбек етіп жүрген, есімін де, еңбегін де ерекше ризашылықпен айтуға болатын ғалымдарымыздың бірі – Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Шора Шамғалиұлы Сарыбаев.

Қазақ тіл білімінің мәселелері бойынша онға жуық кітап жазып, жүзге тарта мақала жариялауы зерттеушінің тіл майданына үлкен ғылыми дайындықпен келгенін көрсетеді. Бұл еңбектің дені қазақ тіл білімінің аса бір қиын саласы – диалектологияға арналған деуге болады. Әсіресе, ғалымның аймақтық лексикографияның ғылыми-теориялық мәселесі жөніндегі монографиялық іргелі зерттеуі («Казахская региональная лексикография», «Наука». – Алматы (1976 г.) түркі диалектологиясындағы жаңа бір бағытты танытады.

Әрине, әдеби тілді байытып, қорландырып отыратын нәрлі бастаудың бірі – халық тілі. Халық тілінің аса мол қазына екендігі ертеден айтылып жүрген ақиқат. Ал сондай ұшан-теңіз сөз байлығының ішінен диалекті атаулардың лексикалық типтерін саралап, олардың кәсіби сөздерге, кітаби, қарапайым лексикаға қарым-қатынас аса қажет болса, әдеби тіл мен диалектілік лексиканың өзара байланысын арнайы қарастырудың да маңызы айрықша. Онсыз халық тілі байлығының бір арнасы – диалект сөздерді әдеби тілді тиімді, ысырапсыз пайдалану мәселесі күңгірт тартып, көмескі көрініп тұрары сөзсіз.

Диалектолог ғалымның зерттеулері мен ізденістері тек аталмыш еңбекпен шектелмейді. Ш.Ш.Сарыбаевтың ғылыми жетекшілігімен қазақ тілінің тұңғыш диалектологиялық атласы жасалып, «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» (1969 ж.) түзілді. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері» деп аталатын жинақтың жеті шығарылымы жарық көрді. Осындай коллективтік еңбектердің жазылуы мен жарық көруіне ұйытқы бола жүріп, ол «Қазақ диалектологиясы» атты (Ғ. Қалиевпен бірге) оқулық (1967, 1979 ж.ж.) жазды. Кітап – жоғары мектеп жұртшылығының қажетін өтеп отырған сапалы оқулықтардың бірі.

Осылайша қазақ тіл білімінің диалектология деп аталатын дербес саласын тыңғылықты әрі терең зерттеген ғалым «Ғалым диалектологиясының очеркі» деген тағы бір тың еңбегін баспаға әзірлеп отыр.

Ғалымның белсене араласып, қызыға қолға алып жүрген тағы бір саласы – қазақ тілі грамматикасының мәселелері. Ол «Қазақ тіліндегі одағайлар», «Еліктеуіш сөздер» деген екі кітап жазды. Өзге де әріптестерімен бірлесе отырып қазіргі қазақ тілінің грамматикасын («Современный казахский язык», 1962) жазуға белсене қатысты. Қазақ тілшілерінің коллективтік бұл еңбегі түркі тілдес республикалардағы 1970-1980 жылдарда шыға бастаған жаңа грамматикалар сериясын ашқандығы жөнінде СССР Ғылым академиясы атап көрсетті («Вопросы языкознания», М., 1984, №6).

---

[63] *Мақала «Қазақстан мұғалімі» газеті, 1985, 1 наурызда ғалым М.Балақаевпен бірлескен авторлықта жарияланған.*

Көп жылдардан бері лексикографиялық жұмыстарға да қатысуы зерттеуші қаламының тағы бір қырын танытқандай. Ол – «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966 ж.), «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі», (1969 ж.), «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» (1985 ж.) тәрізді үлкенді-кішілі сөздіктерді түзушілердің бірі.

Әдебиеттану ғылымына қатысты көркем әдебиет тілі, эпос шығармаларының текстологиясы, Жаяу Мұсаның жаңадан табылған еңбектерін жариялау, А.С.Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аудару жөнінде жарық көрген мақалалары да ғылыми жұртшылыққа кеңінен мәлім. Ғалымның моңғол мен қазақ тілдеріне ортақ материалдар негізінде жазған біралуан зерттеуі алтай тіл білімінің келелі мәселелеріне арналған деуге болады.

«Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» деп аталатын, жалпы көлемі 50 баспа табақ, төрт томдық еңбек Ш.Сарыбаевты еліміздегі аса ірі библиограф ретінде танытты.

Әр ғалымның өзгеге ұқсамайтын, басқаларды қайталамайтын қасиеттері болатыны сөзсіз. Қашан болмасын оның ғылыми істерді ұйымдастыруға қызу араласып, «ыстығына күйіп, суығына тоңып», көбірек тер төгіп жүретінін қызметтестері жиі байқайды. Бұл да екінің бірінен табыла бермейтін қабілет. Басқаларын айтпағанның өзінде, «Түркі тілдерінің диалектологиясы бойынша өткен Бүкілодақтық конференцияның» (Алматы, 1973 ж.), 1976 жылы «Бүкілодақтық түркология конференциясының» ғалым хатшысы болып, бізге ғана емес, Москва, Ленинград, туыстас республика түркологтарына да мәлім болатын. Сол жылдары Тіл білімі институтының атына келіп түскен талай жылы лебіздерде конференция хатшысының есімі жақсы жағынан аталып, жиі айтылғанын естідік.

Шораның қазақ ғылымының тарихын насихаттайтын көп коллекциясының ішінен, әсіресе Шоқан Уәлихановқа арналғандарын ерекше атағымыз келеді. Бірнеше ондаған папкалардан тұратын бұл коллекцияның материалдары – Шоқанға арналған келешектегі музейдің лайықты экспонаттары болуға жарайтын құнды дүниелер.

«Терек еккен жерінде көктейді» дегендей, Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл білім институтының табалдырығын аттаған сонау 1954 жылдан бері Шора Шамғалиұлы Сарыбаев табан аудармастан осы коллективте қызмет етіп, осы коллективпен бірге қайнасып, жемісті еңбек етіп келеді. Ол – жиырма жылдан астам уақыт бөлім меңгерушісі, көп жылдан бері институт директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары. Сондай-ақ докторлық, кандидаттық диссертация қорғау жөніндегі ғылыми советте, Тіл тарихы мен диалектология жөніндегі бүкілодақтық советте айрықша қызмет атқарып келеді. Он шақты ғылым кандидатын баулып, бірнеше монографиялық еңбектерге жауапты редактор болуы да ерекше атап айтарлықтай еңбек. Кемел жасқа көп тәжірибе жинақтап, мол білім арқалап аяқ басқан ғалымға, еңбегімен абыройға бөленген азаматқа қиындығы көп, игілігі мол ғылымға әлі де ұзақ қызмет көрсете беріңіз демекпіз.

ТІЛ ТАМЫРЫН ТЕРЕҢНЕН ТАРТҚАН ТҮРКІТАНУШЫ ҒАЛЫМ[64]

Белгілі түркітанушы ғалым Әжібай Керімұлымен Қазақ мемлекеттік университетінде қатар оқыдым. 1970-1980 жылдары Тіл білімі институтында қызметтес болдым. Бұл күнде екеуміз екі мекемеде қызмет еткенмен қарым-қатынасымыз үзілген емес. Бір-бірімізбен кітаптар алмасып, ғылым-білім туралы пікірлесіп жүреміз.

Биыл Әжібай Керімұлының ұстаздық етκеніне 47 жыл болып, жасы 75-ке толып отыр. Жақсы білетін әріптестерімнің бірі болғандықтан, өмір жолы, ғылым жолы туралы шағын мақала көлемінде шолу жасауды жөн санадым.

Ол 1939 жылы 1 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Жаныс ата ауылында дүниеге келді. 1954 жылы осы ауылда 7 жылдық мектепті, ал 1957 жылы аудан орталығы – Шолаққорғанда орта мектепті тамамдады. Мектепті бітірген бойда жоғары оқу орнына баруға жағдайы келмегендіктен, Тасты қаракөл совхозында 2 жыл әртүрлі қара жұмыс істеп, 1958 жылы желтоқсан айында әскери қызметке шақырылды. Үш жылдық әскери қызметін өтеп келген соң, 1962 жылы Қазақ мемлекеттік университеттің филология факультетіне түсіп, оны 1967 жылы ойдағыдай бітіріп шықты. Университетті бітірген соң 2 жыл Созақ ауданында орналасқан Жамбыл атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. 1969 жылы қазан айында Қазақ ССР Ғылым академиясындағы Тіл білімі институтына аға лаборант болып қабылданды. 1972 жылы осы институттағы аспирантураға түсіп, оны 1975 жылы бітірді. Аспирантураны бітірген соң Тіл білімі институтындағы Түркология және қазақ тілі тарихы бөліміне кіші ғылыми қызметкер болып орналасты.

1980 жылғы 15 ақпанда кандидаттық диссертациясын қорғады. Сол жылы өзі бітірген Қазақ мемлекеттік университетіндегі (қазіргі Әл-Фараби атындағы ұлттық университет) Жалпы тіл білімі кафедрасына доценттік қызметке шақырылды. Бұл кезде аталған университетте әдебиеттануға кіріспе және әдебиет теориясынан З.Қабдоллов, XX ғасырдағы қазақ әдебиетінен Б. Кенжебаев, қазақ халық ауыз әдебиетінен М.Жолдасбеков, тіл біліміне кіріспе және жалпы тіл білімінен К.Аханов, морфологиядан М.Маманов, синтаксистен Мәулен Балақаев, О. Төлегенов сабақ берді. 1980 жылдан 1993 жылға дейін осы аталған ұлағатты ұстаздарының біразымен қызметтес болды; үлгі-өнегесін алды; іс-тәжірибелерінен үйренді. Әсіресе ерекше қадір тұтатын ұстазы Ыбырайым Есенғұлұлы Мамановқа жақын жүрді. Өйткені ол кісі Әжекеңді өзіне шәкірт еткісі келді. «Қазақ тіліндегі күрделі етістіктердің мәні» деп аталатын диплом жұмысының тақырыбын 3 курстың соңында беріп қойған болатын. Университетке алып қалғысы да келіп еді, бірақ оның реті келмеді.

1993 жылдан 2000 жылға дейін Қазақ ауылшаруашылық институтындағы қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, ал 2000 жылдан 2002 жылға дейін Қазақ мемлекеттік аграрлық университетіндегі қазақ және орыс тілдері кафедрасында доценттік қызмет атқарды. 2002 жылдан күні бүгінге дейін Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Түркология ғылыми-зерттеу институтында жетекші ғылыми қызметкер болып істеп келеді. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры.

Ә. Керімұлы шығармашылық жолын мақала, очерк жазудан бастаған екен. 1941 жылғы желтоқсан айында әкесі Керім майданға алынып, сонда опат болды. Анасы

[64] *Мақала «Qazaq gazetteri» порталы, 2014 ж. жарияланған.*

Дәлихан үйелмелі-сүйелмелі 6 баламен 30-ға толар-толмасында жесір қалды. Соғыс жылдары таңның атысы, күннің батысы колхоздың қара жұмысын істей жүріп, балаларын бағып-қақты, тәрбиеледі, жетілдірді.

Алматыда жүріп анасына деген ыстық ықыласы мен сағынышы туралы жазылған «Жол тосып жүрген болар-ау» деп аталатын мақаласы «Лениншіл жас» (қазіргі Жас Алаш) газетінде «Өмірдің өзі – новелла» деген айдарымен жарияланды (11.12.1971).

Әкелері әскерге алынғанда балалардың үлкені – Есенбек 8-9 жаста екен. Осы ағасы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін сырттай бітіріп, үйленеді. Өзінен кейінгі іні-қарындастарын да оқытып, үйлендіріп, жеке үй етіп шығарды. Сөйтіп, жас та болса, әке орнына әке, аға орнына аға қызметін қатар атқарды. Ағаға деген риза көңілден жазылған «Ағалардан айналдым» деген мақаласы да «Лениншіл жас» газетінде «Шіркін-ай, осы туралы жазылса!?» деген айдармен басылды (21.02.1973). Өзі 2 жыл сабақ берген мектеп өмірінен жазылған бірнеше мақалалары да кезінде республикалық баспа беттерінде жарияланды. Солардың бірі – «Сәуле оқуды қалай үйренді?» деп аталатын мақаласы «Қазақстан мұғалімі» деген газетінде «Педагогикалық очерк» айдарымен жарық көрген (05.08.1971).

Тіл-тілдің сөздік құрамында бұл күнде мағынасы ұмыт болған немесе күңгірт тартқан сөздер болады. Ондай сөздер, көбінесе, тұрақты тіркестердің, мақал-мәтелдердің құрамында, сондай-ақ қос сөздердің сыңарында жиірек кездеседі. Тіл білімі институтына аға лаборант болып орналасқаннан кейін Ә. Керімұлын осындай сөздер көбірек қызықтырады. *Қансоқта, мір, мәр, шер, машайық, оразы, ұша* сияқты оннан астам сөздердің этимологиясын ашты. **Жығасы жығылды** тіркесіндегі *жыға* сөзінің төркіні туралы жазылған мақаласы «Жұлдыз» журналының 1972 жылғы 8-санында басылды. Қалғандары «Қазақстан мектебі» (1972, №2), «Қазақстан әйелдері» (1983, №10) журналдарында және «Ана тілі» газетінде жарияланды. Бұл мақалалар сол кезде Тіл білімі институты директорының орынбасары Әбдуәли Қайдардың көзіне шалынады да: «Тіл тарихын зерттеуге бейімің бар екен» деп, «М.Қашқари сөздігіндегі мақал-мәтелдер және оның қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі» деген тақырыпты ұсынып, жоспарын да жасап береді.

1973 жылы сәуір айының ортасында Алматыға ғылыми іссапармен аты әлемге әйгілі түркітанушы, әрі жерлесіміз Әмір Нәжіп келді. Тіл білімі институты қызметкерлеріне XI-XIV ғасырларда араб әрпімен жазылған әдеби мұралар туралы дәріс оқыды. Сол жолы Институт басшыларына өзі көптен бері айналысып жүрген осы сала бойынша Қазақстаннан да шәкірттер дайындағысы келгенін айтқан екен. Әбдуәли аға: «Біз қайда кетеді дейсің, үлкен ғалымның үлгісін ал, лабораториясымен таныс» деп Ә. Керімұлын Әмір Нәжіпке шәкірт етіп Мәскеуге жібереді. Ә. Нәжіп шәкіртіне «Ескі түркі ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XIV ғасыр)» деген тақырып беріп, ойдағыдай қорғатады. Жұмыс жетекшісінің көңілінен шығады. Бір хатында:

«Әжібай!

Сәлем. Бүгін бандерольмен диссертацияны жібердім. Өте жақсы. Диссертацияны қорғауды күтпей-ақ басып шығару жолын қараңыз. Әбдуәлимен, Ісметпен сөйлесіңіз. Алдыңғы жылдың планына кірсе, жақсы болар еді. Біз ылғи кеш қаламыз. Басқадан бұрын шықса, өте жақсы болар еді. Редакторы болсын деп тапса, өзім қол қоямын.

Барлық мұсылман халқына, үй ішіне сәлем.

Ақ жол болсын!

Құрметпен Наджип

25. VIII-79. Москва».

Ә. Керімұлының бұл еңбегі Әмір Нәжіптің редакторлығымен қазақ (2005 ж.) және орыс (2009 ж.) тілдерінде жеке-жеке кітап болып, жарық көрді.

Диссертация қорғағаннан кейінгі жерде ғалым тіл тарихы мәселесімен, оның ішінде, XI-XIV ғасырларда жазылған ескерткіштердің қазақ тіліне қатысы туралы мәселемен айналысып келеді. І. Кеңесбаевпен бірге жазған «Мухаббат-наме» ескерткішіндегі қазақ тіліне қатысты кей элементтер жайында» деп аталатын мақаласы «Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары» жинағында жарияланды. Әр жылдары әртүрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген «Алтын Орда аймағында жазылған ескерткіштер», «Қ.А. Ясауи хикметтерінің зерттелу тарихынан», «Сүлеймен Бақырғани мұрасының зерттелуі», «Нәһжул-фәрадис» жәдігерінің зерттелуі мен тілі туралы қысқаша мағлұматтар», «Құтадғу білік» жәдігерінің зерттелуі мен тілі туралы қысқаша мағлұматтар» деп аталатын мақалалары өз алдына бір шоғыр.

Ә. Нәжіп, І. Кеңесбаев, Н.Ф. Катанов сынды әйгілі түркітанушылардың өмірі мен еңбегі туралы да мақалалар жазды. Ә. Нәжіп, А. Байтұрсынов, Н.Ф. Катанов туралы жазған мақалалары ағылшын тіліне аударылып, «Түркі әлемінің тарихи тұлғалары» (Түркістан, 2009) деген жинақта жарияланды.

Тіл тарихына байланысты жазылған бірнеше еңбектерге рецензия жазып, оннан астам кандидаттық диссертацияларға оппонент болғанын да атап өткеніміз жөн.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Әдеби жәдігерлер» атты серия бойынша 20 томдық басылым жарық көргені белгілі. Осы құнды басылымға Сәйф Сарайидің «Гүлстан би-т-түрки» («түркіше Гүлстан») шығармасы мен Құтбтың «Хұсрау мен Шырын» дастаны да енген болатын.

«Гүлстан би-т-түрки» шығармасы – парсы-тәжік әдебиетінің классигі Сағдидің «Гүлстан» дастанының еркін аудармасы. Шығарманы парсы тілінен ескі түркі тіліне, яғни қыпшақ-оғыз әдеби тіліне алғаш аударған Алтын орданың астанасы – Сарай қаласында тұрған талантты ақын Сәйф Сарайи. Аударма 1391 жылы Мысырда жасалған. Көлемі 372 бет. Әр бетте 13 жолдан жазу бар. Қолжазба Лейден университетінің кітапханасында сақтаулы.

Бұл ескерткішті Әжібай Керімұлы қазақ тіліне толық аударып шықты. Аударма «Әдеби жәдігерлер» сериясының 9-томына енді. Онда осы құнды әдеби ескерткіштің мейлінше түпнұсқаға жақындатылған қазақша аудармасымен қатар ғылыми түсініктемесі, сөздігі, әдеби жәдігер мәтінінің факсимилесі де берілген.

«Хұсрау мен Шырын» 1342 жылы Алтын орда территориясында жазылған. Авторы – Құтб. Ол Әзірбайжанның ұлы ақыны Низамидің парсы тілінде жазылған осы аттас романын еркін аударып шыққан. Түпнұсқа сақталмаған. 1383 жылы Египетте көшірілген қолжазба Париждің ұлттық кітапханасында сақтаулы. Көшіруші – қыпшақ руынан шыққан Берке Фақиқ деген ақын. Еңбектің көлемі – 238 бет. Әр бетте 42 өлең жолы бар. Зерттеушілердің айтуынша, «Хұсрау мен Шырын» оғыз-қыпшақ әдеби тілінде жазылған. Бұл ескерткішті де оғыз-қыпшақ тілінен қазіргі қазақ тіліне Әжібай Керімұлы толық аударып шықты. Аударма «Әдеби жәдігерлер» сериясының 16-томына енді. Онда осы дастанның түпнұсқаға жақындатылған аудармасымен қатар қолжазбаның факсимилесі, шығарма туралы түсініктеме мақала, түсіндірме сөздік берілген.

Жалпы, көне (ескі) түркі тілдерінде араб әрпімен жазылған ескерткіштерді қазіргі қазақ тіліне аудару оңай шаруа емес. Өйткені ол мұралардың тілінде араб-парсы сөздері молынан қолданылған. Көнерген сөздер мен көнерген грамматикалық формалар да аз емес. Бұл мәселеге байланысты осы саланың ірі мамандарының

бірі Әбжан Құрысжанұлы: «Аудармашы аударылуға тиісті шығарманы түпнұсқа күйінде оқи алатын болуы шарт. Ол шығарманы қай уақытта, қай жерде, қандай тілде жазылғанын анықтап алған артық болмайды. Сол анықталып отырған тілдер бойынша тәржімашының арнаулы мамандығы болса, ол тілдер туралы жазып, жарияланып жүрген еңбектері жарық көріп жүрсе, әрине, ол нұр үстіне нұр болар еді» дейді [1].

Ә. Керімұлы Қазақ мемлекеттік университетінде араб тілін шет тілі ретінде 4 жыл оқып, соңында мемлекеттік емтихан тапсырды. Жоғарыда аталған екі ескерткішті де жетекшісі Әмір Нәжіптің басшылығымен аспирант кезінде түпнұсқаларынан оқып, машықтанды. Осы ескерткіштер тілінен кандидаттық диссертация қорғады. «Гүлстан», «Хұсрау мен Шырын» және «Мұхаббат-наме» ескерткіштерінен бірнеше үзінділер аударылып, 2005 жылы Түркістан қаласында жарияланған «Ескі түркі ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XIV ғасыр) деп аталатын монографиясының соңында қосымша ретінде берді. Ол қосымшада аталған ескерткіштерден аударылған мәтіндердің факсимилесі мен транскрипциясы қоса берілген болатын. «Гүлстаннан» теріп алынған дидактикалық материалдар негізінде жазылған «Ғасырлардан жеткен сөз», «Ғибраты мол сөздер» деп аталатын мақалалары «Ұлағат» журналында жарияланды.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген әрқайсысы 480 беттен тұратын Ә.Керімұлының осы екі еңбегін де оқып шықтым. Аударма ұнады. Сіреспе аударма емес, түпнұсқаға жақын аударылған ғылыми аударма. Ғасырлардан ғасырларға ұласып келе жатқан классикалық туынды ғой, оқырмандарға берері мол. «Гүлстан» 2010 жылдың соңына қарай 3000 данамен «Таймас үйінен» жарық көрді. Тез таралып кетті. Қазір баспа үйінде де, сатылуда да жоқ. Редакторының айтуына қарағанда, шыққан бойда қоңырау шалу арқылы бұл басылымды сұрастырғандар да болған екен...

2002 жылы, 9-12 қазанда, Түркістан қаласында «Қазіргі заманғы түркология ғылымының өзекті мәселелері және алдағы міндеттері» деген тақырыпта Бірінші халықаралық түркология конгресі болды. Оны Ғылым орталығының директоры профессор Шәкір Ыбыраев ұйымдастырды. Бұл конгресс осы бағытта әр 2 жыл сайын – 2004, 2009, 2011, 2013 жылдары болып өтті. Ә.Керімұлы осы конгрестердің бәріне қатысып, баяндама жасады. Баяндама мәтіндері конгресс жинағында басылды. 2009 жылы «Алтаистика және түркологиядағы кешенді зерттеудің өзекті мәселелері» деп аталған конгреске де қатысып, онда «Сүлеймен Бақырғани мұралары» деген тақырыпқа баяндама жасады. Ол баяндама да осы конгрестің материалдары жарияланған жинақта басылды (Көкшетау, 1-бөлім, 2009 ж. 157-162 бб.).

Ауылшаруашылық институтында қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болып жүрген кезінде мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты бірнеше конференция ұйымдастырды. Оған көрнекті тіл мамандары Өмірзақ Айтбайұлы, Бақытжан Хасанов, Әлімхан Жүнісбек қатысып, тілдерді дамыту мен қолдану жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның маңызы, қазақ тілін үйретуге ынталандырудың нақты жолдары мен әдіс-тәсілдері, мәселенің саяси-әлеуметтік жай-күйі, қазақ әліпбиі сияқты көпшіліктің көкейінде жүрген өзекті мәселелер туралы баяндама жасады. Ол мазмұнды баяндамаларды ауылшаруашылық институтының студенттерімен бірге оқытушылар тыңдады.

Мемлекеттік тіл мәртебесі туралы Павлодарда өткен конференцияға өзі де қатысып, баяндама жасады. Мемлекеттік тіл туралы жазылған «Тіл тағдыры өз

қолымызда», «Тіліміздің көсегесін өзіміз көгертпесек...» атты мақалалары жинақтарда жарияланды.

Ә. Керімұлы 1993 жылдан 2002 жылға дейін Қазақ ауылшаруашылық институтында (қазіргі Ұлттық аграрлық университеті) орыс тобындағы студенттерге қазақ тілінен сабақ берді. Бұл игілікті ісін Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде әрі қарай жалғастырды. Орыс тобындағы студенттерге арналған оқу бағдарламасын жасады. З. Әбсеметовамен бірге экология және медицина факультеттерінің орыс бөлімі студенттеріне арналған қазақ тілі оқу әдістемелік құралын шығарды. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, оның қолданылу аясын кеңейте түсуге қосқан осындай азды-көпті еңбектері ескеріліп, Халықаралық қазақ тілі қоғамы Алғыс Грамотасымен марапатталды.

Ә. Керімұлы – ғылыми жұмыспен педагогтық жұмысты қатар алып жүрген ғалым. 1980-1993 жылдары Қазақ мемлекеттік университетіндегі филология және шығыстану факультеттерінде тіл біліміне кіріспе, жалпы тіл білімі, түрік тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы деп аталатын теориялық пәндерден дәріс оқып, семинар сабақтарын жүргізді. Араб бөлімінде оқитын студенттерге «XIII-XIV ғасырларда жазылған көне қыпшақ ескерткіштері тілі» атты арнаулы курстан сабақ берді. Осы курстың тұңғыш бағдарламасын да өзі жасаған болатын.

Ә. Керімұлы бұл ісін де әлі жалғастырып келеді. Өткен оқу жылында Қ.А. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетіндегі түрік тілі кафедрасындағы 1-курс магистранттарына «Түркітануға кіріспе», «Көне қыпшақ ескерткіштері тілі» деген пәндерден лекция оқып, бір магистранттың магистрлік диссертациясына жетекшілік етіп, қорғатты. Халықаралық түркі академиясында «Орта ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің аудармасы, текстологиясы және зерттелуі тақырыбы (жобасы)» бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізумен айналысып жүр. Әріптесім Ә.Керімұлына зор денсаулық, шығармашылық табыс, отбасылық бақыт тілеймін.

ӘЛІМХАН ЖҮНІСБЕК 70 ЖАСТА[65]

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан ЖҮНІСБЕК 1938 жылы 12 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданы (қазіргі Отырар ауданы), Қарғалы аулында дүниеге келген. 1955 жылы Түркістан қаласындағы № 19 қазақ орта мектебін бітіреді. Мектеп бітірген соң 1955-1958 жылдары туған аулындағы «Арыс» кеңшарының (совхозының) «Қарғалы» бөлімшесінде жұмысшы болып істейді. 1958 жылы Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түсіп, 1963 жылы бітіріп шығады.

Университет бітірісімен 1963 жылы (қазіргі Санкт-Петербург университеті) Л.В. Щерба атындағы Фонетика лабораториясында тәлімгер-зерттеуші болады. Сол жылдары өзінің теориялық білімін жетілдірумен қатар, «құралды» фонетиканың білікті маманы болып оралады.

Ленинград университетінің профессоры Л.Р. Зиндердің ғылыми жетекшілігімен 1969 жылы «Қазақ тілінің дауысты дыбыстары» атты тақырыпта филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін, 1989 жылы «Түркі тілдеріндегі сөз просодикасы және қазақ тіліндегі сингармонизм» атты тақырыпта филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғап шығады. Бүгінде профессор Ә. Жүнісбек ғалым ретінде аяғына тұрып кетуіне «Ленинград фонетика мектебінің» тікелей сүйеу болғанын, ұстазы жайлы «тірлігі – тәрбие, білгені алып», тағдырына ризашылығын білдіріп отырады.

1999 жылы профессор ғылыми атағын алады.

Профессор Ә.Жүнісбек – қазақ тілтанымында өзіндік орны бар ғалым. О баста-ақ, теориялық тілтанымдағы жылдар бойы сіресіп қалыптасып қалған «еуропаөзімшіл» (европоцентристік) бағытқа қарсы алғаш көтерілгендердің бірі болды. Түркі (қазақ) тілдеріне орынсыз таңылып келген жаңсақ тілдік бірліктердің басын ашып беруден бастады [1] және өз дәйектемелерін «еуропаөзімшіл» танымға ұйып қалған, азулы да абыройлы ғылым өкілдерінің алдында тартынбай ұсынумен болды [2]. Сөйтіп, қазақ тілінің оқулықтары мен оқу-құралдарында тіптен, ғылыми зерттелімдердің өзінде әбден орнығып алған «сөздік екпіннің» қазақ тілінің табиғатына жат фонетиклық құбылыс екенін дәлелдеп шықты. Мұның өзі қазақ тілтанымының фонетика саласындағы күрделі өзгерістердің басталуына себеп болды. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс жүйесін зерттеудің әдістері мен ғылыми аппараты түбегейлі өзгерді.

Мұның өзі жалпы тілтанымның да (общая фонетика) ғылыми аппаратына түбегейлі өзгерістер енгізу керектігін көрсетеді. Ендеше, ең күрделі де қиын зерттелімдер профессор Ә. Жүнісбектің әлі алдында тұр. Өйткені тілтанымдағы «еуропаөзімшілдіктің» тоңы әлі жіби қойған жоқ, «еуропаөзімшілдердің» беті бері қарай қойған жоқ.

Қазақ тілінің жасалым негізінің (артикуляциялық базасының) үлгісі (моделін) мен оның сипаттамасын алғаш рет ұсынып отыр. Сөйтіп, қазақ фонетикасының толық төл атаулар (терминдер) сөздігін құрастырды. Сөздіктің ерекшелігі – үнді-еуропа тілдерінде жоқ, қазақ (түркі) тілінде бар фонетикалық құбылыстарға (ұғымдарға)

[65] *Мақала «Тілтаным» журналы, 2008, №2 (30) санында жарияланған.*

жаңадан атаулар берілген, олар сөзтізбеге көптеп енгізілген. Ал фонетикаға арналған еуро-классикалық сөздіктер, негізінен, үнді-еуропа тілдеріне тән атауларды ғана қамтиды. Ондай біржақты сөздіктер түркі тілдерінің зерттеліміне барлық жағдайда жарай бермейді: түркілік құбылыстарды не жартыкеш түсіндіреді, не жаңсақ түсіндіреді.

Қазіргі кезде үндесім зандылығының негізінде компьютер түйметақтасын (клавиатурасын) қазақ тіліне икемдеу идеясын ұсынып, оның лингвистикалық негіздемесін жасау үстінде. Егер бұл ой жүзеге асатын болса, онда «үндесім түйметақта» (сингармоническая клавиатура) арқылы қазақ мәтін терімін жеңілдету мен жылдамдатудың төте амалы табылады.

Профессор Ә. Жүнісбек қазіргі күн тәртібінде тұрған латын әліпбиі мәселесіне де өз үлесін қосып келеді [3].

Профессорлар К. Хұсайын және Н. Уәлимен бірігіп, латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының екі түрлі жобасы жасалып, дайын тұр. Біріншісі, «Ұлттық жоба» деп аталып, дәйекші-диакритиктер арқылы қазақ тілі дыбыстары жеке-жеке таңбаланып беріліп отыр. Ал екіншісі, А. Байтұрсынұлы көрсеткен қазақ тілінің жуан/жіңішке әуезді үндесім ерекшелігін ескеріп, латын түйметақтасынан шығып кетпейтін «Интернет жоба» ұсынылып отыр. Әлеми ақпарат кеңістігіне шыққан қазақ тілінің қолданыс аясы кеңіп, зәрулігі артары сөзсіз.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру жолында да ғалым еңбегі аз емес. Орыс мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу-құралдарын дайындаумен қатар, балабақшадан бастап, ересектерге дейінгі өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретудің тың әдістемесі (қазақ тілін грамматикасыз оқыту) мен оқулықтарын ұсынып келеді. Көпшілікке арналған теледидар сабақтарын дайындап, алғаш жүргізген де өзі болатын. Алматы, Астана, Ақтөбе, Орал, Өскемен, Шымкент т.б. қалалардағы Тіл үйрету орталықтары семинарларының жұмысын ұйымдастырып, тіл үйрету әдістемелерін орыстілді мектептер мен мекемелердегі қазақ тілі мұғалімдерінің арасына таратумен келеді. Әдіскер ретінде ұсынып отырған оқу-құралдары компьютер бағдарламаларына жеңіл икемделіп («Қазақ тілінің компьютер сабақтары», Астана, 2007), интерактив тақталарына оңай қондырылады (Казахский язык без грамматики. «Арыс» баспасы, – Алматы, 2007).

Өскемендегі Шығыс-Қазақстан техникалық университетінің, Алматыдағы С.Демирел университетінің ұстаздары мен шәкірттері бүгінгі фонетика ғылымының жаңалықтарымен танысып отырады.

Ғалым қаламынан 150-ге тарта ғылыми еңбектер, 15 шақты оқулық пен оқу құралдар жарияланып, қазақ тілінің көрнекі ойын-құралдары құрастырылған, ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым докторы және 10 ғылым кандидаты дайындалған. Қазақ тілінің өзекжарды мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында ойын білдіріп, пікір-сайысқа араласып, «дөңгелек үстелдерге» үзбей қатысып тұрады.

Профессор Ә. Жүнісбек – әр жылдары Халықаралық ИНТАС қорының (бұрынғы Кеңес республикаларының ғалымдарына көмек қоры), Халықаралық «Сорос-Қазақстан» қорының (үш дүркін), Аджип ККО компаниясы гранттарының иегері, Қазақстанның «Ұлттық идея» бағдарламасы бойынша тақырып жетекшісі.

2007 жылы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталды.

Ә. Жүнісбек Тіл білімі институтында кіші ғылыми қызметкер болып бастап, аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болып жалғастырып, қазіргі кезде бас ғылыми қызметкер дәрежесінде зерттеуін жалғастырып келеді.

Әдебиет:

1. Жунисбек А. Есть ли словесное ударение в казахском языке?. Звуковой строй языка. – Москва,1979. – с. 104-108.
2. Жунисбек А. Проблемы просодии тюркского слова. XI Международный конгресс фонетических наук. – Таллин, 1987. – с.321-323.
3. Жүнісбек Ә. Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. – Орал, 2007.

Х.АРҒЫНБАЕВ – ЭТНОЛИНГВИСТ ҒАЛЫМ[66]

Аса көрнекті ғалым Х.Арғынбаевтың зерттеулерінің мән-мазмұнына қарағанда оны тек этнограф, этнолог деп танумен шектелмей, этнолингвист зерттеуші деп бағалау қажет. Ғалымның өзге әріптестеріне қарағанда шоқтығы биік тұратындығы да сондықтан.

Этнолингвистика ғылымы – тілтаным ғылымының этнология ғылымымен тоғысуынан XX ғасырдың орта шенінен аса өмірге келген ғылымның жаңа бір саласы. Алайда бұл ғылым саласы жаңа болғанымен, оның бастамы, түп негізі әріден келе жатқанын жоққа шығаруға болмайды.

Тілтаным мен этнография этностың өмірімен, дүниетанымымен тікелей байланысты [1, 8-29]. Жалпы, лингвистикада тілді сол тілдің иесі халықтың тұрмыс-тіршілігінсіз, таным-білімінсіз жеке имманентті жүйе ретінде қарау бір кездегі атақты ғалым Ф. Соссюрдің тілді таза лингвистикалық тұрғыдан қарайтын доктринасының үстемдік алуымен байланысты болды. Дегенмен, осыған қарамастан, қазақ зерттеушілерінің арасында этностың кәсібі мен тұрмысына, салт-дәстүріне, шаруашылығына, қолөнеріне қатысты лексика-фразеологиялық атауларды кеңінен қарастыра отырып, олардың лексикалық мағынасын, мәдени семантикасын дәлме-дәл аша отырып, этномәдени объектінің, заттық мәдениеттің артефактілерінің болмысын, ерекшелігін сипаттайтын этнографиялық деректерді қатарластыра қарастырған зерттеушілер де болды. Бұл ретте *Ғ. Себепов, С. Қасиманов, Ә. Тәжімұратов, Х. Арғынбаев* тәрізді зерттеушілердің үркердей шоғырын айтуға болады. Бұлардың еңбектері этнолингвистиканың бастау алған көзі болды. Мысалы, мал шаруашылығына, егіншілікке, салт-дәстүрге, қолөнерге байланысты жоғарыдағы зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде зерттеп отырған нысандар тек тілдік жағынан ғана емес, этнографиялық, мәдениеттанымдық жағынан да сипатталып талданды. Мәселен, Х. Арғынбаев «Қазақ халқының қолөнері» атты еңбегінде заттық мәдениеттің этнос өміріндегі орнын айта келіп, ондағы атаулардың лексикалық мағынасын лингвистикалық тәсілмен дәл аша білді. Өзіндік зерттеу әдісіне байыптап қарасақ, бұл ерекшелік Х. Арғынбаевта өте мол кездеседі. Зерттеуші алдымен халықтық терминдерді қамтып, оларды мәдени семантикалық топтарға бөліп, классификация жасай отырып, әрқайсысының лексикалық мағынасын лексикограф мамандарша аша білген.

Мәселен, төсек ағаштың түрлерін әлеуметтік ерекшеліктер және жергілікті ерекшеліктер деп тұңғыш рет ажыратып көрсетеді. Олардың этномәдени мазмұнын ашады. Зерттеушінің өз сөзімен айтқанда:

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ арасында кең тараған ағаштан жасалатын жиһазының бірі – төсек ағаш (Ел арасында «төсек ағаш» атауы «төсағаш», «кереует» деп те аталатын болған. Бұдан кейінгі жерде көпшілік арасына кең таралған «төсағаш» атауын қолдануды мақұл көріп отырмыз). Жазба деректер мен музей коллекцияларын және ел арасынан өзіміз жинаған деректерді салыстыра отырып жүргізген зерттеу негізінде Қазақстан жерінде кездесетін төсек ағаштардың сыртқы кескініне қарай жіктегенде, оның бірнеше түрінің болғандығы анықталды. Қазақстанның солтүстік, оңтүстік-

[66] *Мақала «II Арғынбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы, – Алматы: Ғылым, 2014 ж. жарияланған.*

шығыс және орталық аймақтарына кең тараған төсек ағаштың ең көне түрінің екі басы тым шалқақ және жайдақ болады, төрт аяғы ішке қарай кіріңкі не тік келеді; екінші түрі – өткен ғасырда Қазақстанның шығыс және оңтүстік аймақтарында кездесетін бастары тым шалқақ алты не сегіз аяқты төсек ағаштар; үшінші түрі – А.И. Якоби деректері бойынша, Омбы мен Павлодар төңірегінде кездесетін бір жақ басы тым шалқақ, аяқ жағында мүлде сүйеніші болмайтын кушетка тәрізденген төсектер; төртінші түрі Торғай өңірінде кездеседі. Оның тіп-тік төрт аяғы және екі басы әлдеқайда қысқа болумен бірге, сәл ғана шалқақтанып барып жоғарғы жағы имектеу келеді; бесінші түрі – Ақтөбе атырабынан кездесетін бастары түзу ағаштан жасалып, сәл ғана шалқақ орналасатын төсектер, алтыншы түрі – Семей, Өскемен төңірегінде кездесетін төрт аяқты, үсті жазық, екі басында бір сүйемдей ғана тік орнатылған сүйеніші бар төсек ағаш; жетінші түрі – Қазақстанның солтүстік-шығысында кездесетін орыс үлгісімен жасалған төсек ағаштар.

Қолда бар деректерге қарағанда, төсек ағаштың осы айтылған түрлерінің әрқайсысында жергілікті және әлеуметтік ерекшеліктер анық байқалады. Жергілікті ерекшеліктер негізінен, жалпы жасалу тәсіліне, шеберлер ісінің әдісіне байланысты болса, әлеуметтік ерекшеліктер оның бет жағының оюланып, сүйектеліп, күмістеліп безендірілуімен бірге, көксауыр, шұға, асыл тастардың, түсті шынылардың да кеңінен қолданылуына немесе ешбір әшекейсіз жасалуына байланысты болған. Жоғарыда айтылған көркемдік ерекшеліктеріне қарай сырлы төсек, оюлы төсек, сүйектелген төсек, күмістелген төсек немесе жай ағаш төсек делініп те атала береді.

Төсек ағаштың барлық түріне тән ортақ ерекшеліктің бірі – олардың бет жағы ғана көркемделетіндігі мен қалған бөліктерінің көркемделмейтіндігі және барлық бөліктерінің өмірге бейімделіп алмалы-салмалы болып жасалатындығы [2, 35-36].

Кей тұста атаулардың шығу төркініне де (этимологиясына да) талдау жасаған. Бұл ретте мәселен, *сықаурын, мор, мор салу, морлау, обын, обын салу, ырғақ, сағана, қақсал ағаш, көктеу, тыныке, тынықелеу, сырсауыт, қобы, қобылау* тәрізді терминдерге дәлме-дәл анықтама (дефиниция) бере отырып, аталып отырған заттардың әрқайсысын этнограф ретінде сипаттайды, олардың ел тұрмысындағы алатын орны мен маңызын ашып көрсетеді [2, 10-11].

Х.Арғынбаевты қазақ лексикографтары этнолингвист ретінде тани отырып, қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде, он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» лұғаттық мақаланың дефициясын ашуда кеңінен пайдаланды. Әрине, бір өкініштісі, ғалымның еңбектерінде кездесетін халықтық терминдер әлі де болса ұлттың сөз байлығын молынан қамтитын түсіндірме сөздіктеріне енбей жатқаны баршылық.

Х.Арғынбаевтың өз кезіндегі басқа да ғалым әріптестерінен бір мойын озық тұратыны – халықтың жергілікті тілдік, этнографиялық ерекшеліктерін және соған байланысты сөз байлығын молынан жинап, жақсы білетіндігі. Бұл жағынан ол белгілі диалектолог ғалымдар санатына кіреді десек артық айтқандық емес. Экспедиция кезінде құнды материалдарды әр аймақтағы информатордың өз аузынан жазып алып, көзбен көріп отырып сипаттама берген. Мәселен, зерттеуші *кежім теру, орама теру, қара теру, иекше (кимешек)* тәрізді халықтық терминдерді оңтүстік өңірдегі қазақтар арасынан жинаған материалдары негізінде бірінші рет ғылыми айналымға енгізді. Бұл жайындағы ғалымның жинаған аймақтық деректеріне тіл мамандары мен этнологтар болашақта ерекше көңіл бөлуі қажет [3, 37].

Тағы бір ауыз толтырып айтарлық жайт – ол этнографиялық зерттеулерінде фольклорға, ел аузында айтылып жүрген ауызша деректерге, аңыз әңгімелер мен әпсаналарға айырықша көңіл бөлген ғалым. Мысалы, мал шаруашылығы жайында жазылған еңбегінде *Жұпар қорығы* туралы экологиялық мазмұндағы, жермен байланысты құқықтық қатынасты аңғартатын аңызды келтірген [4, 37].

Соның бірі төмендегі тарихи әңгіме. *Көп жылдар бойы еліне жайлы қоныс іздеген Асанқайғы Жиделібайсынға көшпек болып дайындыққа кірісіпті. Мұны естіген жесір жеңгесі Жұпар бәйбіше қайнысына келіп жөн сұраса, Асанқайғы үш жылға дейін төрт түлікті төлдетпей, ту ұстап қоңдандырып алып қозғалатындығын айтады. Жұпар бәйбіше көш жолында кездесетін қандай қиындықтардың бар екенін сұрағанда, Асанқайғы жол үстінде «хан қорығы» деп аталатын көлемді жайылымның кездесетіндігін айта келіп, ол арадан тоқтамай тез өтпесе, қарақшы-хан жендеттерінің елге жәбір көрсететіндігін баяндайды.*

Жұпар ауылына келіп, дереу дайындыққа кіріседі. Отыз ұлына біркелкі киім, қару-жарақ, он ақбоз ат, он қара ат, он торы ат дайындайды. Ту бие етін мейіздеп кептіреді. Екі жылқының терісінен саба тіккізеді. Киіз үй жабдықтары мен үй жиһаздарын, ыдыс-аяқты мұқият әзірлейді.

Мерзімді үш жыл өткен соң Асанқайғы жолға шығады. Ал Жұпар балаларымен әдейі көш соңында болады. Асанқайғы хан қорығынан суыт өтіп кетеді де, Жұпар көші қорықтың дәл ортасына келгенде қасақана арбаның мұрындығын сындырады, бар жүкті түсіріп, көп малды қорыққа еркін қаптатып еру боп қалады. Бұл жағдайды естіген хан нөкерлерімен дереу аттанады. Мұндай істің боларын алдынала білген Жұпар сақадай сайланған ұлдарын түгелдей ауыл маңындағы биік төбе сыртына бой тасалатып қояды.

Сөйткенше болмай хан да жетіп, бәйбішеден жөн сұрайды. Сонда Жұпар: «Алдияр-тақсыр, жесір әйел едім, көш-жөнекей осы араға келгенде арбам қирап, көшкен елден қалып қойдым. Алсаң бас, міне, әйтпесе төреңізге құлдық, көш-жөнекей болса да сусын ішіңіз», – дейді.

Хан сөзге келіп, дәм татуға ризашылық білдіреді. «Хан иеме ашық далада дастарқан жаймаймын, үй тігіңдер», деп келіндеріне бұйрық береді Жұпар бәйбіше. Дереу 8 қанат ақ үй тігіліп, мейізделген сар қымыз сапырылады да, тай қазандар да көтеріледі. Сол уақытта ауыл сыртындағы биік төбенің қалтарысынан қару-жарақ асынған ылғи ақбоз атты он жігіт шыға келіп, бәйбішенің алдын ала айтуынша қатар түзеген күйінде хан отырған үйге келіп түседі. Қару-жарақтарын үйдің іргесіне сүйей салып, сәлем беріп, үйге кіреді де бәйбішеден төмен қаз-қатар отырысады. Әлден уақытта жаңағы төбеден он қара атты, одан соң он торы атты жігіттер жоғарыда айтылған тәртіппен үйге кіріп отырысады. Жігіттердің біркелкі жарасымды киімдері мен қару-жарақтары, өздерінің сұстылығы мен әдептілігі, үй-ішінің салтанаты мен көрсетіліп жатқан сый-сияпат ханға әбден ұнағандықтан, ол шешіле сөйлеп, әңгіме арасында «мына жігіттердің бәрі де өз балаңыз ба?», деген сауал қояды бәйбішеге. Сонда бәйбіше: «Хан жаманы жер қориды, әйел жаманы ер қориды» деген ғой бұрынғылар. Мен еріме өзімнің үстіме тағы екі әйел алғызған едім. Үшеуіміздің осы отырған 30 ұл туды, бәрі де өзімдікі ғой деп ті. Хан сөзден жеңіліп, қызғыштай қорып жүрген жерін бәйбішеге беріп, оларды сол арада қалдырыпты. Осыдан барып, бұл қорық ақылды бәйбішенің атымен «Жұпар қорығы» атанып ты дейді халық аңызы.

Нұрсан Әлімбайдың ғылыми жобасымен және жетекшілігімен жасалып, үстіміздегі жылы аяқталған 5 томдық «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» атты іргелі еңбекте [5] көрнекті ғалым Х.Арғынбаевтың зерттеулері, материалдары, терминдерге берген дефинициялық анықтамалары, көрнекі сызбалары мен иллюстрациялары кеңінен пайдаланылды. Зерттеушінің этнография, мәдениеттану саласында жазған еңбектері энциклопедияның сәтті шығуына айтарлықтай жәрдемі тиді деп атап айтуды орынды деп білеміз.

Х.Арғынбаев – этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты саналы түрде сарапқа салып, зерттеуіне өзек еткен ғалым. Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана сақталып, кейінгі ұрпақтың жадында сақталады дегенді өз ұстанымына айналдырған, оны этносты танып-білудің қайнар көзі, кәусар бұлағы деген бағытты ұстанған көрнекті ғалым Х.Арғынбаевтың қазіргі жаңа сала – лингвомәдениеттану ғылымында да орны ерекше.

Өзінің ұлттық сипатын, елдігін сақтау, ұлттық құндылықтар дүниесін түгендеу, оның мән-мазмұнын, қадір-қасиетін бағалау қай халықтың, қай елдің, қай ұлттың болмасын толғақты мәселесіне айналып отырған қазіргі таңда Х. Арғынбаев еңбектері тілдік семантиканы мәдени семантикамен ұштастыра зерттейтін лингвомәдениеттану ғылымы үшін де аса құнды.

Гуманитарлық ғылым салалары қазіргі кезде тек тілдік семантикамен шектеліп қалмай, этномәдени семантикаға көңіл бөле бастады. Осымен байланысты айтарымыз: Х. Арғынбаев еңбектерінде тілдік әрі мәдени семантикаға қатысты дерек көздері аса мол. Бұған ерекше көңіл бөлу қажет, өйткені этнос мүшесінің болмысында тіл құзыреттілігімен қатар мәдени-танымдық құзыреттіліктің болуы өте-мөте қажетті шарттардың бірі. Қазіргі заманда осы екі құзыреттіліктің бір тұлғаның бойынан табыла қоюы екіталай. Бұл – дабыл қағатын жайға айналып отыр.

Ұлттық мәдени құндылықтар дүниесіне аксиологиялық тұрғыда баға беруде, оларды қайта бағалауда Х.Арғынбаевтың ой-тұжырымдары қазіргі кезде де басшылыққа алуға тұрарлық десек артық айтқандық емес. Мәселен, «Қазақ халқындағы семья мен неке» атты еңбегінде қазақ әйелінің жағдайына орыс чиновниктерінің теріс баға бергенін, ол бағаның қазақ халқының болмысына тән емес екенін былайша ашып көрсетеді: *«Негізінен, қазақ халқы әйел салтанатына көп көңіл бөлетін десек қателеспейміз. Жоқшылық зардабын шеккен кедей әйелдерінің халінің мүшкіл, тағдырының адам төзгісіз нашарлығын халық характерінің қаталдығынан емес, әлеуметтік теңсіздіктен іздеу керек. Өйткені үй жұмысының ауырлығын жеке көтерген кедей әйелдерінің жағдайы тым нашар деген күнде олардың ерлерінің көрген күні қандай? Өмір ауыртпалығын тең көтеріп жүрген жоқ па екен олар? Міне, осы жағдайға көптеген орыс чиновниктері жазған еңбектерде мән берілмей, халық өмірін теріс, біржақты баяндаған.*

Сән-салтанат құруды көксейтін ірі байларды былай қойып, өз шаруасы өзіне жетерлік орта қазақ семьясының ең алдымен әйел салтанатына көңіл бөлгендігін кім жоққа шығарады. Шамасы келген семьяда киімнің асылын әйел киетіндігі, алтын-күмістен жасалатын өте қымбат сәнді әшекейлердің әйелге арналатындығы, өте әдемі және қымбат ер-тұрмандар мен жүрісі жайлы жорғалардың, әдемі сәйгүліктерді парлап жеккен пәуескелердің әйелге арналатындығы кімге құпия? Әйел сыйламайтын халықта мұндай жағдай кездесер ме екен? Әрине жоқ. «Әйел – ердің көркі» деген қағида халық творчествосында тегін тумаған болар. Аты аңызға

айналған ақылды, тапқыр аналардың ісін кейінгі ұрпаққа үлгі есебінде әңгіме-жыр ету ауыз әдебиет үлгілерінде өте жиі кездеседі. Халық оларды мадақтап, мақтан етеді» [6, 72].

Әрине, бұл қысқа мақалада аса көрнекті ғалымның зерттеулерінің этнолингвистикалық қырларын бастан-аяқ түгендеп шығу мүмкін емес. Бұл тұста біз олардың негізгі бағыт-бағдарларына ғана тоқталдық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әбдуәли Қайдар. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
2. Арғынбаев Х.Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Өнер, 1987.
3. Арғынбаев Х., Захарова И.В. 1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция жұмысының қорытындысы // ТИИАЭ АН КазССР. Т.12. Новое материалы по археологии и этнографии Казахстана. – Алма-Ата, 1961. – с.92-118;
4. Арғынбаев Х.Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы: Ғылым, 1969.
5. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1 том. – Алматы: РПК «DPS», 2011; 2-4 том, Алматы: РПК «Слон», 2012-2014; 5 том. – Алматы: Азия Арна, 2014; Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай.
6. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). – Алматы: Ғылым, 1973.

«МЕН АЙТПАСАМ, КІМ АЙТАДЫ...»[67]

– Өзіңіз туралы өз аузыңыздан естісек?

Туған жылым – 1945, шілденің бірі; туған жерім – Алматы облысы (бұрынғы Талдықорған облысы), Көксу ауданы, Еңбекшіқазақ ауылы. Онжылдық мектепті бітірген соң (1963), Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп (1963), осы оқу орнын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірдім (1968).

Студент кезімде есте қалаларлық жайт – Орта Азия және Қазақстан университеттері студенттерінің Самарқанд қаласында өткен ғылыми конференциясына (1965) қатысуым болды. Бұдан соң Болгария Халық Республикасы София қаласындағы Климент Охридкский атындағы университеттің түрік тілдері кафедрасында зерттеушілік талабы бар үздік студент қатарында оқу тәжірибесінен өттім (10.08.1966 – 10.09.1966). Студент кезден зерттеушілік жұмысқа бағыттаған аса қадірменді ұстазым, көрнекті ғалым Ыбырайым Есенғұлұлы Маманов еді. Осыған қарағанда, ғылым жолында қазақ тілінің қыр-сырын зерттесем деген талабым кездейсоқ емес сияқты көрінеді.

Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институтында аспирантурада оқыдым (1968-1971), кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер; ал 1995-2009 жылдар аралығында Тіл білімі институты директорының орынбасары болып істедім. Ғылыми зерттеушілік, ғылыми ұйымдастырушылық жұмыстарымен шұғылдана жүріп, кандидаттық (1993), докторлық (2007) диссертация қорғадым; тіл білімі мамандығы бойынша профессор атағы берілді (2011). Қазір Институттың бас ғылыми қызметкерімін. Өзім туралы қысқаша айтқанда осы.

– Ғылымға қызығушылық неден басталды?

– Өзіміз көзін көрген, дәрісін тыңдап тағылым алған аса көрнекті ғалымдарымыз І. Кеңесбаев, М. Балақаев, Ы. Маманов ғылымдағы өздері кешкен өмір жолын еске алғанда қазақ тіл ғылымының іргетасын қалаған А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов сынды әйгілі тұлғалардың еңбектерін айрықша бағалап үлгі, ұстаз тұтып еске алатын еді. Әсіресе, академик Р.Сыздықованың, профессор Қ. Жұбанов, А. Байтұрсынов туралы өмірбаяны мен еңбектеріне қатысты жазған зерттеулері, алқалы жиында қызықтыра айтқан баяндамалары ғылым жолын таңдауда ықпал етіп, мен үшін өнегелі мектепке айналды; білім-танымымызды кеңейе түсуге, олардың зерттеулерін өз бетімізше оқып, игеруге түрткі болды. Кезінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінің ғылыми мән-маңызы жөнінде менің де арнайы ғылыми мақалалар жазуыма себеп болды, әлі де болса олар туралы жазсам дейтін жайттар аз емес.

Қазақ тіл біліміндегі көшбасшы ғалым, көптеген тіл маманының ұстазы болған акад. І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, С.Аманжолов, А.Ысқақов, Т.Қордабаев өзге де аға буын ақсақал ғалымдарымыз қазақ тілінің фонетика, лексика-фразеология, грамматика курстары жөніндегі өз еңбектерінде «тілді өз ішінде ғана қарастыратын» құрылымдық лингвистиканың теориялық негіздеріне сүйене отырып, қазақ тілінің ең шағын бірлігі дыбыстан (фонемадан) бастап, ең күрделі бірлігі синтаксистік құрылымдарды жүйелі түрде анықтап берді. Көптеген тіл маманының ғылыми

---

[67] *Сұхбат «Менің ғылымдағы өмірім. Ғалымдармен 21 сұхбат» атты жинақ, – Алматы, 2014 ж. жарияланған.*

жолдағы ізденісі осы бағытпен, зерттеулері тілдік жүйе ретінде қарастыратын құрылымдық лингвистика саласына орай қалыптасты.

Академик І. Кеңесбаевтың көлемді (70 баспа табақ), әрі он мыңнан астам фразеологизмдерді қамтыған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (1977) қазақ тіл білімі тарихындағы ең сүбелі еңбек болды. Ұлт мәдениетінің тіліміздегі маңыздылары халықтың ғасырлар бойы жасаған өрнекті сөз орамдарында сақталған ғой. Бұндай көлемді Сөздік қазіргі заманғы түркі дүниесіндегі алғаш жарық көрген, баламасы жоқ еңбек десек, қателесе қоймаспыз деймін. Бұл еңбекті еске алып отырған себебім, – аспирантурада Ісмет ағаның жетекшілігімен оқи жүріп, осы аталған Сөздіктің әртүрлі жұмыстарына жәрдемші ретінде қатыстым. Мен үшін фразеология саласы ғылыми тәлімгерлік лаборатория болды. Әуелдегі қызығушылық келекеле зерттеушілікпен ұласып, кейінгі жылдары «Фразеологизм және тілдік норма» (1998 ж) деген монографиям жарық көрді. Нақты сандық мағыналы сөздердің абстракцияланып, өзгеше ұғымдардың атауы ретінде жұмсалуын қарастырып көрген мақалалар топтамасының бір нұсқасы «Жұмбақ жетілер», «Жұмбақ сандар» деген атпен «Жалын» журналында жарияланды.

Сондағы түйгенім: ғылымға деген қызығушылық өздігінен болмайды. Бұл саладағы жазған-сызғандарым, сірә, Ісмет ағайдың аталмыш Сөздігімен байланысты төрт-бес жылдай жанында жәрдемші болып жақын жүргендіктен болар деп те ойлаймын.

Тағы бір атап айтатын жайт, профессор М. Балақаев қазақ тілі мәдениетін зерттеуді алғаш қолға алған, тіл мәдениетін жеке пән ретінде қалыптастырған ғалым еді. Мәкеңнің осы салада мақалалары мен монографиясы шыққанға дейін «тіл мәдениеті» деген түсінік тар ғана аяда болды. Әсіресе мектеп мұғалімдері, зиялы қауым «тіл мәдениеті» деген ұғымды *сыпайы сөйлеу, сіз-біз* дейтін қарапайым түсінік аясында ғана ұғынды. Ал, шын мәнінде, Мәулен аға тіл мәдениетін әдеби тілдік норма тұрғысынан ғылыми негіздеп берді. Тіл мәдениетінің ең өзекті мәселесін тілдік норма деп ала отырып, қазақ қоғамында әдеби норма туралы ғылыми ұғымды қалыптастырды. Сөйтіп, профессор Мәулен аға тіл мәдениеті деген түсінікті терминологиялық ұғым деңгейіне көтерді. Әдеби мен әдеби еместің жігін ашып берді. Тіл білімі институтында Мәкеңнің күш салуымен, Ісмет ағаның, Қоғамдық ғалымдар бөлімшесінің қолдауымен Институтта «Тіл мәдениеті» бөлімі ашылды. Бұл бөлімнің бірінші меңгерушісі М. Балақаевтың өзі болды.

Осы бөлімде жұмыс істеп жүріп, «Сөз этикеті» туралы шағын мақала жаздым, ол кезде ғылыми атақ-дәрежесі жоқ, кіші ғылыми қызметкерге мақала жариялау қиын еді. Мақаламды Мәулен ағайға көрсеттім, оқып шығып, мазмұнын толықтыратын пікірін айтып, келесі күні сол пікірін жазба түрінде алып келді де, «мынаның аяғында М. Балақаев деген фамилия тұрса, мақалаң тоқтаусыз өтеді» – деп әзілдеп, мақаланы «Мәдениет және тұрмыс» журналына ұсынды. Мәкең ара-тұра қызметкерлерімен әдемі, өте сыпайы әзілдесетін. Есімі мектептегі кезіміздегі оқулығынан таныс ұлағатты ғалым Мәкеңдей ұстазымызбен авторлас болу ғылымдағы ізденіс жолын жаңа бастаған мен үшін мақтаныш еді. Тұңғыш рет қазақ тіл білімінде сөз этикетіне байланысты жазылған сол мақала әлі күнге дейін «қоржынымда» сақтаулы.

М. Балақаев тіл мәдениеті мәселелерін негізінен әдеби тілдік норма тұрғысынан сөз етті дедік. Атап айтқанда, варианттарды әдеби-әдеби емес, сондай-ақ диалектизмдерді, бейәдеби элементтерді, қарапайым сөздерді әдеби тіл аумағынан тыс қары деп қарастырды. Сөйтіп, қазақ тіл білімінде ғалымның тіл мәдениеті жөніндегі

зерттеулері оның жеке пән ретінде қалыптасуына негіз болды. М. Балақаевтың әдеби тіл нормасы жөніндегі пайымдаулары мен мерзімді баспасөз бетінде жарияланған мақалалары сол кездегі қалам ұстаған зиялы қауымның, мектеп мұғалімдерінің әдеби тіл нормасы туралы түсінігін кеңінен қалыптастыруға ықпал етті.

Алайда *әдеби тіл нормасы* деген терминологиялық ұғым бұл пәннің бір ғана қыры еді. Осы бөлімдегі зерттеудің кейбір нәтижелері көпшілікке арналған, «Студенттік меридиан» деген форматпен «Сөз мәдениеті» атты кітапта жарық көрді (Алматы, Мектеп, 1984).

Зерттеуші ретінде қалыптасуыма ықпал еткен қадірменді ұстазым академик Рәбиға апа Сыздықова осы кітаптың алғысөзін жазып, жарыққа шығуына «жолдама» берді. Осы аталған жұмысымда қазақ тіл білімінде алғаш рет *тіл мәдениеті* деген терминологиялық ұғым мен *сөз мәдениеті* ұғымын ажырата қарау керектігін негіздедім. «Тіл мәдениеті» («языковая культура») деген ұғым жалпы тілдің мәдениетін көтеруге қажетті, атап айтқанда, орфографиялық, орфоэпиялық, түсіндірме сөздіктер, грамматикалар, анықтағыштар тәрізді нормативті «тіл дүниеліктерін», жұртшылықтың пайдалануына қажетті көмекші әдебиет т.б. қоғамдық-әлеуметтік мәні айрықша ортологиялық құралдар әзірлеу дегенге саяды. Тіл мәдениеті дегеннің ұғымы кең. Ол көбіне-көп қарым-қатынас құралы болып табылатын, тілді жетілдіре беру, ұштай түсу дегенге саяды.

Ал «сөз мәдениеті» («культура речи») деген ұғым қарым-қатынас құралы болып саналатын тілді сөйлеушінің, жазушының, әлеуметтік топтардың өмірде қалай пайдалануы, қалай игеруі, оның әр қилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл, тиімді қолдануы, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алуы дегенді білдіреді. Сонымен, сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді аңғартады.

Әуелде орфографиялық сөздік құрастырып, орфографиялық норманы кодификациялау (заңдастыру), негізінен, тілдік тәжірибеге сүйенді. Алайда тілдік тәжірибеде жазу мәдениетіне қатысты ала-құлалықтар көп кездесетін. Сондықтан орфографиялық норманы кодификациялаудың ғылыми негіздерін ашумен шұғылдану аса қажет еді. Осымен байланысты Р.Сыздықтың жетекшілігімен жазылған «Қазақ орфографиясының фонологиялық негіздері» (1993 ж.) атты зерттеу жұмысымызда қазіргі қазақ жазуының негізгі ұстанымы фонемалық принцип екенін алғаш рет айқындап бердік. Атап айтқанда, зерттеу еңбектеріміздің негізгі нәтижелері мен қол жеткен жетістіктер өздігінен бола қойған жоқ, ол бір жағынан, құрылымдық лингвистиканың ғылыми-теориялық бағыттарымен байланыста болса, екінші жағынан, М. Балақаев, Р.Ғ. Сыздық сынды аса көрнекті ғалым-ұстаздарымыздың ақыл-кеңесі мен шәкіртіне деген қамқорлығының арқасы деп білемін. Осы аталған ғалым-ұстаздарымыздың редакторлығымен орфографиялық сөздіктің 5-6 басылымы жарық көріп, жазу мәдениетін көтеруге ықпалын тигізді. Бұндай нормативті сөздікке қатысуым тіл ортологиясымен байланысты ғылыми жолдағы бір мектеп іспетті болды.

Рәбиға апа Сыздықова алпыс жылдан астам табан аудармастан Тіл білімі институтында күні бүгінге дейін жұмыс істеп келеді. Бір өзі «бір Институттың өніміне» татырлық еңбек берді десем, әдетте айтылатын әсіре сөз емес, шындығы солай. Жұмыс үстелім Рәкеңнің үстелімен отыз бес жыл қатар болды.

«XVIII-XIX ғғ. қазақ әдеби тілінің тарихы» (Алматы, 1984), «Язык «Жамиғ ат тауарих» Жалаири» (Алма-Ата, 1989), белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Қойгелдиевпен бірге жазған «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» (Алматы: Қазақ университеті. 1991), «Ясауи «Хикметтерінің тілі» (Алматы: «Сөздік-словарь». 2004) тәрізді іргелі еңбектерін жазып жатқан кезінде ерекше бір жаңалық болатынын іштей сезетінмін. Бұл аталған кітаптар қазақ филологиясы мен түркітану ғылымында өшпес орны бар еңбектер болды. Әсіресе ғалымның татар бауырластарымыздың еншісінде жүрген Жалаиридің «Жамиғ ат тауарихын» қазақ халқының мәдени-тілдік әрі тарихи фактісі ретінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, ұлтымызға табыстыруы айрықша бағалануы тиіс еді. Бірақ менің айтайын дегенім бұл емес, ғалымның ғылымды ғылым үшін емес, ғылымды қоғам үшін, ұлттың игілігі үшін деп бірінші кезекке қоятын ұстанымы еді.

Тіл арқылы этносты тану идеясын ұстанған академик Ә. Қайдаров қазақ тіл білімінің дербес саласы ретінде этнолингвистика бағытын қалыптастырды. Қазақ тілтанымында академик Ә. Қайдардың ұзақ жылғы ғылыми ізденісінің нәтижесінде «Қазақтар ана тілі әлемінде» деп аталатын үш томдық іргелі еңбегі (Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. Т. 1. – 784 б. Қазақтар ана тілі әлемінде: / этнолингвистикалық сөздік – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. Т. 2. Қоғам. – 2013. – 728 бет. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік / –Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. Т. 3: Табиғат. – 2013. – 608 б.) ғалымның қол жеткізген аса зор табысы деуімізге болды. Оны қазақ тілтаным ғылымының көтерілген бір биігі десек артық айтқандық емес. Олай дейтініміз этнолингвистикалық мектептің қалыптасуы Ә. Қайдаровтың зерттеулерімен тығыз байланысты болды. Профессор М.М. Копыленко этнолингвистиканың көрнекті өкілі, теоретигі болса, белгілі ғалым, профессор Е. Жанпейісовтің М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы этнографиялық лексиканы талдап-саралап шығуы, филология ғылымдарының докторы Р. Шойбековтің қазақ қолөнерімен байланысты лексика-семантикалық зерттеулері мен түсіндірме сөздіктері (Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1991, Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993, Қазақ қолөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сардар, 2011), филология ғылымдарының докторы Ж. Манкееваның халық тіліндегі мәдени лексиканың этносемантикалық тұрғыдан қарастырған еңбегі (Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.) қазақ этнолингвистикасының жарқын бір көрінісі іспетті бағаланады. Бұл жайтты еске алып отырған себебім: осы сала менің де зерттеуші ретінде ерекше қызығуыма, ғылыми мақалалар топтамасын жазуыма түрткі болды («Қамшы», «Бір тәуліктегі шақ атаулары», «Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі», «Халқымыздың байырғы күн қайыруы», «Әйел бейнесінің мақал-мәтелдердегі көрінісі» т.б.).

Бұл бағыт бүгінгі таңда әлемдік лингвистикада ерекше қарқын алған лингвомәдениеттану саласымен астасып кетті. Тілтаным ғылымының лингвомәдениеттану саласы тілдік семантикамен мәдени семантиканы біртұтас бірлікте қарайтын ғылыми бағытқа айналды.

Осы кезге дейін қазақ тіл білімінде, жасыратыны жоқ, жалаң тілдік семантикамен шектелу басым болды. Ал жалаң тілдік семантикамен шектелу жеткіліксіз екенін уақыттың өзі көрсетіп отыр.

– Бастан өткерген ғылыми басшылық қызметтеріңіз туралы білсек дей отырып, «мен айтпасам, кім айтпақ?» дейтін жайттар болды ма? Осыны білгіміз келеді.

– Он бес жылға жуық Тіл білімі институты директорының орынбасары болдым. Бұл қызметке келуіме, ғылыми ұйымдастыру жұмысына қатысуыма белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Көбей Шахметұлы Хұсайынов себепкер болды. Көбекеңмен Қазақ Мемлекеттік университетін (Бұл күнде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті) қатар бітірдік (1968). Тіл білімі институтының аспирантурасында бірге оқыдық. Алымды да, қарымды ғалым екенін ол алғашқы кезден-ақ басқаларымызға қарағанда ертерек таныта білді. Институттың ғалым хатшысы, бірнеше жыл директордың орынбасары болды, қысқасы, ол Институт директорлығы қызметіне (1995-2009) едәуір ғылыми ұйымдастыру тәжірибесін жинақтап келді.

Ол кез, академиялық институттың ғылыми әлеуеті жоғары болғанмен, бюджет қысқарып, жұмыс орындары жабылып жатқан өтпелі кезеңнің қиын шағы еді. Осындай кезде Институт қызметкерлерінің екі-үш ай бойы айлық ала алмай жүрген кездері болды. Көбекең Институтты таратып алмай, жоғары деңгейдегі ғылыми әлеуетін төмендетпей ұстап тұруды ең бірінші міндет деп білді. Ол «Себеп іздемей, амал іздейік» дейтін іс-қимылдың адамы екенін танытты. Қаржы көзін іздестіре жүріп, Институттың ғылыми кітапханасын құрды. Төртінші қабаттағы жарғанаттар ұя салған «соқыр бөлмелерді» (техникалық бөлмелерді) қаржы тауып, бес бөлменің бір метрлік қабырғасын ойдырып, терезе салдырды, бөлмелерді, дәлізді санитарлық талапқа сай етіп, жұмыс орнына айналдырды. Академияның іс басқармасынан рұқсат алып, осы бес бөлмені субарендаға беріп, институттың есепшотына азды-көпті қаржы түсірді. Осының бәрін бюджеттен бір тиын алмай жасатты. Қазіргі күні тіпті көзі көрген адамдардың есінен шығып та кеткен болар. Бұл жайтты көзі көріп, көңілі сенген «мен айтпасам, кім айтпақ?»

«Мен айтпасам, кім айтпақ?» дегеннен еске түседі. Әсіресе жас ғалымдардың материалдық жағдайы өте қиын еді. Қазақ тілін зерттейтін институт болғандықтан, олардың барлығы дерлік ауылдан келген, баспанасыз еді. Жатаханалар «приватизацияланып» кеткен. Оның үстіне бюджеттің қысқартылуына байланысты жалақы мәселесі ара-тұра қайта қаралып жатты. Осы жайт ғылыми кеңесте де қаралды. Жалақыны жаппай қысқартуға тура келген шақ еді. Сол кезде академик Шора Шамғалиұлы Сарыбаевтың ғылыми кеңесте айтқан ұсынысы әлі күнге дейін есімде: *«Қиын жағдай екенін білеміз, Көбей, жастардың онсыз да мардымсыз жалақысын қысқартпа, мына МЕНІҢ, ӘБДУӘЛИДІҢ, РӘБИҒАНЫҢ жалақысын (айлығын) қысқартып, жастарға жәрдем бер»,* – деген. Институттың Шора ағай сынды аға буын ғалымдарының бұл ниеті олардың рухани мәдениетінің қандай деңгейде екенін байқататын болғандықтан, осы бір шағын эпизодты айтпасыма болмай отырғанын түсінерсіз деп ойлаймын.

Әрине, Көбей Шахметұлының да, Ш.Ш. Сарыбаевтың да ғылымдағы тұлғасы өз алдына. Көбекеңнің ғылыми саладағы ерекше еңбегінің бірі – ғылыми ұйымдастырумен, шұғылдана жүріп, авторлығымен және редакторлығымен үлкен «Қазақша-Орысша сөздікті» (Казахско-русский словарь. – Алматы, 2001. – 1005 б.) шығаруы еді. Аталмыш Сөздікті шығару Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылған (1946) алғашқы жылдардың өзінде-ақ күн тәртібіне қойылған екен. Бұндай сөздік өзге ұлт өкілдері үшін ұлттық тілдің дүниесіне кірер қақпа іспетті, сондай-ақ зерттеуші ғалымдар үшін де маңызы өлшеусіз еді. Бірақ солай бола тұра, қазақша-орысша сөздікті құрастыру ісі бірнеше рет сәтсіз аяқталып отырды. Көбей екеуміздің институттағы қызметімізді бастаған алғашқы жылдары, өткен ғасырдың 70-жылдардың басында

Мәскеу баспасына кеткен Сөздіктің қолжазбасы жарамсыз деп танылып, бірнеше мәрте қайыра қайтарылғаны есімде.

Институт директоры ретінде ғылыми ұйымдастыруды, редакторлық, әрі авторлық жұмысты қолға ала жүріп, Көбей Шахметұлы академик Р. Сыздықпен бірлесе отырып, Сөздіктің жұмысын сәтті аяқтап шықты. Бұл ретте Сөздіктің негізгі редакторы болған Р. Сыздықтың жұмсаған көз майы мен жүрек майы, көз нұры мен жүрек нұры ерекше болғанын, көзіміз көргендіктен, айтпасқа әддіміз жоқ.

Көбей Шахметұлы Институтта келелі ғылыми жұмыстарды ұжымдасып, шығармашылық топ болып атқаруды жолға қойды. Осының нәтижесінде акад. Ш.Ш. Сарыбаевтың редакторлығымен үлкен «Орысша-Қазақша сөздік» жарық көрді (Русско-казахский словарь: 70 000 слов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005). Бір кездері академик Н.Т.Сауранбаевтың редакторлығымен Мәскеуден шыққан екітілді «Орысша-Қазақша сөздік» (1954) көп ретте жаңартылды. «Сөздікті» тұтынушылардың бір буыны өткен соң-ақ практикалық тұрғыдан Сөздік атаулы қолдануға қолайлы болмай, «қартайып» қалатыны белгілі. Уақыт аралығын 25-30 жылмен есептегенде Сөздікті пайдаланушылар уақыт өте келе «ата буынға», одан кейінгілер «бала буынға» айналды да, «немере буынның» пайдалануына қолайсыз болып қалатыны лексикография тарихынан белгілі жайт.

Ш.Ш. Сарыбаевтың басқаруымен шыққан «Орысша-Қазақша сөздіктің» корпусы қазіргі уақыт талабына сай, көп жаңартылды. Сөздікті құрастыруға филология ғылымдарының докторлары *О. Нақысбеков, Ә. Нұрмағанбетов, С. Бизақов* т.б. тәжірибелі ғалымдар қатысты, ал бұл ауқымды жұмыс *Қ. Айдарбек, О. Жұбаева, А. Фазылжанова* тәрізді жастар үшін нағыз лексикографиялық лаборатория іспетті еді.

Институттың ғылыми қызметінің негізгі бір саласы мемлекеттік тілдің лингвистикалық базасын жасауға бағытталды. Белгілі ғалым филология ғылымдарының докторы *Е.Н. Жанпейісовтің* редакторлық басшылығымен, академиктер *С. Исаев, М. Серғалиев;* филология ғылымдарының докторлары *Н. Оралбаева, Р. Әміров, А. Айғабылов, Ә. Жүнісбеков, З. Базарбаева* т.б. қатысуымен шыққан «Қазақ грамматикасы» (Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 бет) атты көлемді еңбек, солардың бірегейі деп айтуға тұрарлық болды, әсіресе жастардың ғылыми зерттеу дағдылары мен білімдерін жетілдіруде академиялық грамматиканың орны ерекше деп саналады.

Мемлекеттік тілдің лингвистикалық базасын жасауда жоғарыда аталған екі Сөздік пен академиялық «Қазақ грамматикасы» айтарлықтай зор еңбектер ретінде бағаланды.

– Ғылым жолындағы өзгерістер туралы айта отырсаңыз?

– Менің, мен ғана емес-ау, өзге де зерттеушілердің ғылыми жолы өз кезінде лингвистикада үстемдік құрған ғылыми-теориялық бағыттармен байланысты еді. Бір кездері тілтанымды (языкознание) дербес ғылым саласы ретінде оны күллі ғылыми қоғамға мойындатқан ғылыми-теориялық бағыт *салыстырмалы тарихи тіл білімі* болды.

Тіл ғылымының адамзат қоғамында ғылым ретінде мойындалуы, әрине, XVIII ғасырдағы еуропада *салыстырмалы тіл білімінің* дүниеге келуімен байланысты. Әлемдегі тілдердің генетикалық туыстығын салыстырма тіл білімі анықтап берді. Бұл – саясат терминмен айтсақ, тіл ғылымы саласындағы б і р і н ш і «р е в о л ю ц и я» болды. Зерттеуші компаративистердің қолданған түптіл (праязык) инструменті та-

рихи фонетиканың теориялық негізін қалады. Әрине, түптілді реконструкциялау өзіндік мақсат емес. Ол тарихи дыбыс алмасудың заңдылықтарын айқындаудың зерттеуші қолындағы құралы болды. Ал бұдан әлдеқайда көп жыл бұрын атақты ғалым М. Қашқаридың XI ғасырдағы «Диуани-лұғати ат-түрік» атты салыстырмалы сөздігі түркі компаративистикасындағы теңдесі жоқ зерттеу болды. Ғалымның осы аталған салыстырмалы сөздігін өз зерттеулерінде әйгілі шығыстанушылар, түркітанушылар қай кезде болмасын әрдайым негізге алып отырды.

Түркі тілдеріндегі тарихи дыбыс алмасу, морфологиялық бірліктерді диахрондық қабатта салыстыра зерттеудің праязык инструменті арқылы түркі тілдерінің генетикалық туыстығының алыс-жақындығы олардың бұлғар, қыпшақ, оғыз, қарлұқ, ұйғыр, қырғыз тәрізді топтарды құрайтыны; біздің ана тіліміз қазақ тілінің қыпшақ, оның ішінде қыпшақ-ноғай тобына жататын ең жақын туыстығы осы салыстырмалы тарихи әдіспен анықталды. Қазақ тіл білімінде бізден бұрынғы аға буын ғалымдардың өкілі осы мектептен өткені мәлім.

Айта кетер бір өкінішті жайт – тарихи-салыстырмалы тіл білімінің әдістерін негізге ала отырып, *қазақ тілінің тарихын* жазу керек еді. Алайда осы күнге дейін қазақ тілінің тарихы жазылмағаны өкінішті-ақ. Кешенді сипатта зерттеліп жазылатын бұндай іргелі еңбектер, әдетте, *гранттық қаржыландыру* арқылы емес, *арнайы бюджеттік қаржыландыру* арқылы жүзеге асатынын еске сала кеткіміз келеді.

Тағы бір өкініштісі, тарихи-салыстырмалы фонетика арқылы этимологиялық сөздік құрастыру қазақ тіл білімінде кенжелеп қалды. Осы ретте ғалымдардың қоржынында жатқан (Ғ. Әнестің, Н. Уәлидің) «Қазақ лексикасының тарихи-этимологиялық сөздігінің» қолжазбасы қаржылық қолдау көрсе, баспаға беруге біршама дайын деуге болды. Салыстырмалы-тарихи әдістің әлі де болса, ана тіліміздің тарихи қабаттарын айқындауда берері жоқ емес, бірақ «берерін беріп болмай» бұл теориялық мектеп қазіргі буын зерттеушілердің назарынан ығыса бастады.

Бір кездері тіл ғылымын адамзат қоғамына мойындатқан компаративистикалық лингвистика бірте-бірте ығысып, көшбасшылық орнын *құрылымдық лингвистикаға* бере бастады. Ф. Соссюрдің постулаттары мен доктринасы тіл ғылымын жаңа бір белеске көтерген е к і н ш і «р е в о л ю ц и я» болды. Тілді құрылымдық жүйе ретінде қарастырған бұл доктрина структурализм бағытына негіз болды. Тіл ерекше таңбалар жүйесі ретінде қарастырылды. Құрылымдық лингвистиканың негізгі инструменті тілдік таңба деп танылды. Тілдік таңбалардың құрылымы, оны құрайтын элементтер айқындалды. Тілдің ең шағын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін бірлігі (единицасы) сондай-ақ ең үлкен, ең көлемді бірліктері айқындалды. Ол бірліктер өзара иерархиялық қатынаста болатыны, сөйтіп, жүйе құрайтыны іргелі теорияға айналды. Әрбір құрылымдық элементтің қызметі, мағынасы, құрылымның құрылыс материалы бола алатындығы көрсетілді.

Алайда ғылым дүниесі тоқтаусыз дамып, тоқыраусыз ілгеріліп отыратын жанды құбылыстардың бірі. Атап айтқанда, Ф. Соссюрдің доктринасы негізіндегі структуралық лингвистика XX ғ. аяғына таман өзінің көшбасшылық позициясын *когнитивтік лингвистикаға* берді. Когнитивтік лингвистика, саясат терминімен айтқанда, бұл да тіл ғылымындағы ү ш і н ш і «р е в о л ю ц и я» болды. Структуралық лингвистика тіл ғылымының зерттеу объектісін мүлде тарылтып тастады. Тілдің болмысымен байланысты мәнділіктер – ойлау мен мидың қызметі, «адам» – «қоғам» – «табиғат» тіл ғылымының шеткері елеусіз жатқан аймағындай көрінді. Адамды адам еткен тіл десек, тілді зерттеуде адам тысқары қалды. Тіл «адамсыз»

зерттелді. Когниция – адамның, тілдік ұжымның миындағы әрекеттер, олардың сөзі, тілдік дүниеліктері (речь) арқылы объективтенеді деген ұстанымды негізге алды. Осы құбылысты зерттейтін когнитивтік лингвистиканың ғылыми ұстанымы антропоцентристік бағыт болды. Тіл – адами, қоғами құбылыс. Түптеп келгенде, когнитивтік лингвистиканың мәні тілдік ұжымның (этностың, халықтың, ұлттың) санасындағы әрекеттерді тіл, сөз арқылы айқындау дегенге саяды. Адамның, тілдік ұжымның санасындағы танымдық әрекеттердің формасы *концепті* деп танылды. Концепті, біздіңше, жалаң мақсат емес, ол – зерттеу инструментіне айналды.

Ана тіліміздегі материалдық, рухани дүниеліктерге байланысты атаулар мен ұғымдарды концепті тұрғысынан қарастыруымызға осы жайт бірден-бір себеп болды.

Когнитивтік лингвистиканы заманның өз толғағы туғызды. Дүниені, барша әлемді моноұлтқа айналдыру идеясы – яғни бірұлтты қоғам, бірұлтты мәдениеттің болуы «жаһанияттың идеологиясы», Қысқасы, қоғамда ұлтсызданған адамдардың типтері кездесе бастады.

Қысқаша ой жіберсек, адамзат қоғамы мәдениеттің небір кезеңдерін басынан өткерді: атап айтқанда, адамдар еңбектің қол құралдарын жасады. Сол құралдармен егін екті, мал бақты; заттық мәдениеттің түр-түрін қол құрал күшімен жасады. Сонымен қатар өмір тәжірибесінен өндіргіш күшке қатысты білім де жинақтады.

Бұндай білімдер жүйесі рухани мәдениеттің дамуына да негіз болды. Мәдениеттің *өркениет* кезеңінде адамзат қоғамы еңбек құралдарының түр-түрлерін жетілдіре бастады. Осымен байланысты адамдардың да тұрмысы мен санасы өзгерді, еңбек өнімділігіне қол жеткізді. Келе-келе машиналар заманы туды. Адамдар дене күшімен, яғни қолмен (қайла, күрекпен) атқарылатын жұмысты машинаға «тапсырды». Ал адамның өзі машина басқарушы типке айналды. Енді осыған сәйкес қоғамның әлеуметтік құрылымы өзгерді: жетілген техника заманында он, жиырма, жүз, мың адамның жұмысын машина басқарушы бір адам ғана атқарды. Күрек-кетпеннен қолы босаған адам қоғамдағы әлеуметтік саланың әр алуан мамандары ретінде дәрігер, мұғалім, механик, инженер т.б. болып, игілікті істер атқарды. Адамзат мәдениетінде адами-қоғами өзгерістер күшейіп, ғылыми-техникалық прогресс барған сайын үдей түсті. Бұл кезеңнің ерекшелігі сол – мимен істелетін, миға күш салатын жұмыстарды электронды есептеуіш машиналар, суперкомпьютерлер атқарып, әлемді ғаламтор шырмай бастады.

Уақытты көп алатын ми жұмысына компьютерлер «киліккен» соң, адамдардың еңбек уақытынан тыс «компьютерлік бос уақыты» көбейді. Ғаламтор торабында бірінен-бірі өткен небір бос уақытты толтыратын «бағдарламалар» көбейді. Ұялы телефондар интернетке қосылды. Осылайша миы компьютерленген адамдардың типтері кездесе бастады. Ондайлар айналасында не болып жатқанына бейжай қарайтын, өз қызықтары өздерінде болып, рухани әлемнен оқшаулана түсті. «Компьютер адамның құлы болудан қалып, адам компьютердің құлына айналды ма?» деген күдікті ой – менің емес, заманның, уақыттың сұрауы.

Адамзат қоғамның заттық, материалдық игілікті өндіруі бұрын-соңды болмаған жедел дамудың даңғыл жолына түсті. Моральдық жақтан ескіріп, физикалық жақтан тозып үлгермей-ақ түрлендірілген сан алуан заттық дүниелер тұтынушыларды шырмаған торға айналды. Бұл құбылыс экономикалық жағынан бір қалыпты тұрақты даму емес, тұрағы жоқ даму сияқты көрінеді. Сөйтіп, материалдық игілікті өндіру қарқыны үдей түскен сайын қоғамда әсіретұтынушы адамдардың типтерін көбейте түскендей көрінеді.

Қазіргі қоғамның мәдени кеңістігінде эстетикалық санасы тобырлық мәдениетпен (массовая культура) суарылған әлеуметтік жіктің жылдан-жылға көбейе түскені байқалмай қалмайды. Сөйтіп, адамдардың тобырлық мәдени типі қалыптасып жатқаны да шындық.

Қысқасы, *ұлтсызданған сана, әсіретұтынушылық сана, компьютерленген сана, тобырлық мәдени сана,* түптеп келгенде, ұлттық сана-сезімнен алшақтап бара жатқан жаһаныяттың жергілікті өнімдері деуге болады. Жаһаныяттың бұндай өнімдері қай ұлт, қай ел болмасын тіл тәрбиесі осал, тіл білуі мардымсыз, тілге жеңіл-желпі қарайтын ортада өсіп-өнгіштеу келеді.

Өзінің ұлттық сипатын, елдігін сақтау, ұлттық құндылықтар дүниесін түгендеу, оның мән-мазмұнын, қадір-қасиетін бағалау қай халықтың, қай елдің, қай ұлттың болмасын толғақты мәселесіне айналып отыр деуге болады.

Материалдық даму мен рухани дамудың арасы алшақтай түсуі бүгінгі таңдағы ғылыми зерттеудің күн тәртібіне қойылып отыр. Қоғамның рухани дамуы мен материалдық дамуы арасындағы қайшылық гуманитарлық-қоғамдық саладағы ғалымдардың осы мәселеге ерекше мән беруіне әсер етті.

Еліміздің білім беру ордаларында маңдайалды кәсіби маман даярлауға ерекше ден қойып отырған ғалым педагогтарды шәкірттерінің рухани мәдениетінің деңгейі алаңдата бастады. Осымен байланысты *тіл өміршеңдігі* (витальность языка), *тіл бірегейлігі* (языковая идентичность), *ұлт бірегейлігі* (национальная идентичность), *этнос бірегейлігі* (этническая идентичность) мәселелері гуманитарлық ғылымда өзекті тақырыпқа айналды. Осындай тақырыпқа атсалысуымызға тура келді.

– Ғылым жолында жаңа бағыт: концептология, аксиология, лингвомәдениеттаным жайында жазып жүргендеріңізден жалпы хабардармыз. Ал нақтырағын өз аузыңыздан білгіміз келеді.

– Тәрбие басы – тіл. Алайда тілді тек коммуникативтік құрал ғана деп, бір жақтан түсіну тым жеткіліксіз. Олай дейтініміз – тілде екі түрлі білімдер жүйесі бар. Біріншісі – тілдік білім, яғни тілдің лексика-фразеологиясындағы мағыналар. Сөз мағынасы этномәдени тілдік ұжымның санасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан білімнің айрықша түрі. Екіншісі – тілдік емес, дәстүрлі білімдер жүйесі. Білімнің бұл түрі – этностың (халық, ұлт) өмір тәжірибесінен ғасырлар бойы жинақталған, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан этнос санасындағы дәстүрлі дүниетанымы. Білім «тілдік емес» деп аталғанымен, ол ұжымдық санада тіл арқылы орнығып, тіл бірліктері арқылы объективтенеді. Лингвомәдениеттанушы бұл жерде тілдік семантиканы ғана емес, тілдік материал арқылы этнос санасындағы білімдерді анықтап, интерпретациялайды.

Жалаң тілдік білім жеткіліксіз. Яғни лексика, фразеологиялық бірліктердің (единицалардың) мағынасын білу, яғни тілдік семантиканы білу жеткіліксіз, бұл ретте сол тілдік бірліктердің аясында құрылымданып, танымдық бірлікке айналған білімдердің, – мәдени онимдер семантикасын айқындаудың орны айрықша. Тек қана тілдік семантикамен мен шектелген тіл иелменінің (носитель языка) мәдени кеңістігі, мәдени-тілдік құзыреті шектеулі болады. Екі түрлі білім – бірі тілдік (лексика-фразеологиялық мағына), екіншісі – тілдік емес дәстүрлі білімдердің бірлігі, бір-бірімен астаса келіп, санада мәдени-тілдік кеңістікті қалыптастырады.

Этнос санасындағы дәстүрлі білімдер жүйесі тілде, оның лексика-фразеологиялық бірліктерінде (единицаларында) сақталған. Әртүрлі ұғымдар, атаулар арқылы санада тіркеліп, орнығып отырады. Ұғымдар түріндегі таным-білім сөз

арқылы объективтенеді (репрезенттеледі). Бұндай ой-санадағы ұғымдар тілде лексикалық мағына түрінде қалыптасады да, тілдің лексикалық семантикалық бірлігіне (единицасына) айналады. Ал осы аталған лексика-семантикалық бірліктің аясында мәдени-ұлттық семантикалық құрылым пайда болады.

Лексикалық семантика мен мәдени семантиканы білдіретін танымдық байланысты тілдің лексика-фразеологиялық бірліктері ой-санада құрылымдана келіп, тілдік ұжымның санасында концептілік бірлік түзеді. Белгілі бір тілдік ұжымның санасындағы құрылымданған білімдер концепті формасында өмір сүреді.

Әр халықтың, ұлттың тарихи даму барысында жасалып, тілдік санасында сақтаған мәдени-рухани байлығы болады. Заттық мәдениет, рухани мәдениет, дене мәдениеті дегендер ұлттық мәдениеттің түрлері мен салалары. Этномәдени қордың дүниеліктері тілдің жинақтаушы, ұластырушы (трансформациялаушы) және қайта жаңғыртушы (ретрансляциялаушы) қызметі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, ұлттың әрі қарайғы мәдени-рухани дамуының іргетасы болады. Олардың практикада, өмір тәжірибесінде қолданылмайтын түрлері де жиі кездесуі мүмкін. Алайда ондайларды «күні өткен» керексіз дүниеліктер деп, материалдық және рухани құндылықтар қатарынан шығарып, мансұқ ету көрсоқырлық болар еді. Ондай архаикалық дүниеліктер ұлт мәдениетінің дамудың қандай сатыларынан өткенін, ұлттың өзін-өзі қалай дамытып отырғанын келер ұрпақ аңғара отырып, олар да өз кезегінде өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың жолын іздестіреді.

Халықтың дәстүрлі рухани мәдениетімен байланысты санадағы концепт түріндегі білімнің, жоғарыда айтылғандай, мәдени-тілдік бірліктер арқылы айқындалатыны белгілі. Алайда концептінің тілдік және тілдік емес мән-мағыналарын құрайтын мәдени код үнемі «*ашық*» бола бермейді, яғни өзінен-өзі түсінікті бола қоймайды. Бұндай мәдени семантикадағы *жабық кодтарды* ашу этномәдени концептілерді дұрыс интерпретциялау қазіргі тіл ғылымында өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Мәдени-тілдік таңбаларға мәдени нышанды (маркерлі) лексика, фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер (паремиологизмдер), тұрақты теңеулер, халықтық метафоралар, символдар, эталондар, прецедентті мәтіндер, прецедентті онимдер жатады. Бұларды, жинақтап айтқанда, мәдени онимдер (культуронимы) деп атауға болады. Ал халық шығармашылығы, фольклор, көркем сөз зергерлерінің көркем туындылары, айрықша эстетикалық таңбалар жүйесіне, тарихи, діни мифологиялық мәтіндер танымдық-тағылымдық таңбалар жүйесіне жатады. Осы таңбалардағы кодқа салынған тілдік-мәдени ақпараттарды аша білу тіл иелменінің лингвомәдени құзыреттілігін көрсетеді.

Бұны айтып отырған себебіміз, мысалы, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде *құдаласу, қалыңмал* тәрізді ғұрыптық салттардағы мәдени кодтар дұрыс ашылмағандықтан, «құдалық», «қалыңмал» ғұрпы «қызды сату», «қызды саудалау» деп мәні теріс түсіндірілгені (интерпетацияланғаны) белгілі.

Ұлттық құндылықтар дүниесін аксиологиялық тұрғыдан тануда белгілі бір концептідегі мәдени-тілдік кодтарды ғылыми негізде ашудың тәсілдері мен жолдарын іздестіру, қарастыру, түптеп келгенде, мәдени-тілдік құзыреттілікке саяды. Ал мәдени-тілдік құзыреттілік жетпеген жағдайда этномәдени концептілердің мазмұны дұрыс ашылмай, теріс қорытынды жасалуы ықтимал.

Мәселен, отырықшылық өмір жағдайымен байланысты, әсіресе, соқамен жер жырту, қолөнер түрлері мен сауданың дамуы негізінде адамзат қоғамы әрі қарайғы

прогреске қол жеткізсе, ал көшпенді малшылық артта қалып, тоқырауға ұшырап, көшпенді елдің мәдениеті мен тұрмысының дамуына кедергі болған деген біржақты тұжырым зерттеушілердің еңбегінде аз кездеспейді. Қазақтың көшпелі малшылық мәдениетіне «саяси-идеологиялық тапсырысты» айтпағанның өзінде, қайсыбір зерттеушілер аксиологиялық тұрғыдан дұрыс баға бермеді, себебі олар үшін мәдени код жабық еді. Мысалы, олардың ойынша, қазақ малшылары мал басын көбейте берген, яғни экстенсивті малшылық болған. Малшылықтың интенсивті түрін дамытпаған. Расында, қазақ малшылығында жабы көп өсіріледі. Өйткені қыр отына жайылған, бірнеше шақырымдық жайылымдағы шөптің алуан түрін шалып жейтін жылқының еті, қазы-қартасы аса дәмді, ал қымызы астың асылы болды. Қыр шөбіне жайылған жылқы етімен сүтінің азықтық сапасы отырықшылық мәдениетінде қолға қараған қол бала жылқының азықтық сапасынан әлдеқайда жоғары болған.

Сонымен қатар көшпенді малшылықты отырықшы егіншілікке қарама-қарсы қойып, көшпенді өмір салтын ұстанған елде мәдениет болмайды; рухани мәдениеті, саяси, қоғамдық көзқарасы төмен болады деп қорытынды жасайтын тұжырымдар тарихнамалық зерттеулерде аз кездеспейді. Сондай-ақ көшпелі қазақ қоғамының артта қалушылығы көшпелі малшылардың өндіріс күшінің, яғни еңбек құралдары түрлерінің жарамсыз және тым қарабайыр болуымен байланысты дейтін пікірлер де аз ұшыраспайды.

Ал бұндай сыңаржақ қорытындыдан Н.Н. Мацкевич, Г.Н. Семенюк сынды тарихшылардың пайымдауы мүлде басқаша.

Мәселен, Г.Н. Семенюк өндіргіш күш тек еңбек құралдары ғана емес, адамның өзі де өндіргіш күшке жататынын, ал бұл жағынан көшпенділердің *тәжірибесі, білімі, өндіріс дағдысы* айтарлықтай жоғары деңгейде болғанын, осылар еңбек құралдарының орнын толтыратынын, тіпті көшпенді малшылыққа тән қарапайым еңбек құралдарының өзі өндіріс саласындағы өзіндік маңызын жоғалтпағанын атап айтады.

Н.Н. Мацкевич, Г.Н. Семенюк қателескен жоқ. 50-70 шақырымдық ат жарыста, әскери жорықтарда қазақ малшысы өсірген қазақтың қыр аты қуса, жететін, қашса, құтқаратын жүйріктігін, күштілігін, ұзақ жолға төзімділігін көзбен көріп, көңілі сенген еуропалықтар оны жоғары бағалаған.

Бұл – малшының дене еңбегі ғана емес. Бұл – олардың өндіргіш күші болып табылатын, Г.Н. Семенюк айтқандай, тәжірибесі, кәсіби білімі.

Бұл жерде ғалымның *тәжірибесі, дағды, білім* деп отырғаны – көшпелі малшы қауымның когнитивтік санасында ежелден келе жатқан дәстүрлі білімдер жүйесі. Ол әр алуандылығымен ерекшеленеді: халықтық ветеринария, халықтық зоотехника (малдан алынатын өнім түрлерін тиімді тәсілдерімен өндіру), қырдағы-ойдағы нәбататтар мен хайуанаттар әлемі, халықтық астрономия, халықтық метеорология; жер бедерін аудандастыратын халықтық география тәрізді малшы қауымның жыл он екі ай табиғатпен бетпе-бет келуі, өмір тәжірибесі дәстүрлі білімдер жүйесін қалыптастырған.

Осы жүйеде кездесетін этностың тілдік мәдени кеңістігіндегі әр алуан атаулар мен фразеологизмдерде, прецедентті мәтіндерде кодқа салынған таным-білімге қатысты сан түрлі ақпараттар бар. Атап айтқанда, малшы қауым төрт түліктің өзді-өзіне тән ерекшеліктері, жейтін отының түр-түрлері, жыл бойы жейтін шөбінің түрлері мен маусымдық шөбі; жайылымның маусымдық түрлері *(көктеу, жайлау, күздеу, қыстау),* шаруашылық жүргізудің маусымдық іс-шаралары *(қысырақ матау; үйір құру; айғырды үйірге салу, қосқа шығу т.б), өріс аудару, жайылым қуалау,*

күйек байлау, күйек шешу, күйек алу т.б. тәрізді маусымдық науқан жұмыстары өмір тәжірибесінде сыннан өткен білімге жатады. Сондай-ақ бұндай аса маңызды іс-шаралар мен жұмыстарды шаруашылық жүргізудің арнайы күнтізбесінсіз атқару мүмкін емес. Шаруашылық күнтізбесіне сүйенбеген жылқышы құрығын, қойшы таяғын ұстап, малынан айырылып қалады. Қысқасы, когнитивтік санадағы «Тоғыс есебі», «Үркер» тәрізді танымдық бірліктегі тілдік-мәдени кодқа салынған «ашық» және «жабық» ақпараттарды талдау елегінен өткізудің барысында Тоғыс есебі әмбебап емес, шаруашылық күнтізбесі деген қорытындыға келдік.

Сондықтан көшпенді малшы қауым қазақ сахарасының табиғи ерекшелігіне байланысты құрылған *тоғыс есебі* деп аталатын арнайы күнтізбе жүйесін жасады. Халықтың астрономиялық білімдер жүйесі негіз болған *тоғыс есебі* күнтізбесін мәдени-тілдік семантиканы өзара ұштастыра зерттейтін жаңа әдіс тұрғысынан талдай келіп, бұл феноменнің түптеп келгенде, өндіргіш күштің дамуына ықпал еткен, әрі көшпенді малшылықтың рухани-мәдени дүниесінің бірі ғана емес, бірегейі болып табылатынын айқындадық.

– Мемлекеттік саясат және ғылымның дамуы туралы жеке ой-пікіріңізді білсек дейміз.

– Ғылымның дамуы мен ғалымдағы тұлғалардың нәтижелі еңбектері, жеткен жетістіктерінің бірден-бір факторы мемлекеттік саясатпен байланысты болатынын атап айтамыз.

Елдің егемендікке қол жеткізуінің арқасында мемлекеттік тіл ерекше құндылық деп танылып, тәуелсіздік, сөз бостандығы, демократия тәрізді базалық құндылықтардың алдыңғы қатарынан орын алды. Елбасы – ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деп, ана тілімізді ең басты құндылығымыз – тәуелсіздікпен бір қатарға қойды. Осымен байланысты еліміздің егемендігін, рухани қауіпсіздігін, тіл мен ұлт бірегейлігін нығайтуға бағытталған, Елбасының тікелей тапсырмасымен және қадағалауымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» атты ұлттық-стратегиялық жобаның маңызы аса жоғары, аясы кең, ауқымы аса зор болды. Оның ғылымды, ғылыми терминологияны дамытудағы орнын да ерекше деп бағалаймыз. Сондай-ақ басқасын былай қойып, соңғы он бес жылдардың көлемінде гуманитарлық саланың өзін ғана айтқанда, ғылымдағы қол жеткен жетістіктер мен табыстарымыз мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасымен тікелей байланысты болғанын атап айтамыз. Осы бағдарлама аясында онбестомдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» жарық көргені мәдени жұртшылыққа мәлім (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-15 том. – Алматы, 2011.). Сөздіктің қазіргі заман сұранысына сай жасалғаны және еліміздегі тілдік жағдаятқа тікелей байланысты болғаны ғылыми жобаның концепциясынан айқын аңғарылады.

Дамыған елдерде техникалық ғылым ерекше қарқынмен ілгерілеу үстінде. Техникалық ғылым қоғамның материалдық мүлкін жетілдіріп, дамылсыз дамытып отыратын интеллектуалдық өндіргіш күшке айналды. Ақпараттық технология, нанотехнологиялық, инновациялық технология – ғылыми техника саласындағы интеллектуал ғалымдардың ақыл-ойының аса зор табысы. Көптеген елде, әсіресе Жапония, Батыс Еуропа елдерінде техникалық ғылымға, интеллектуал ғалымдарға ерекше көңіл бөлуі – мемлекеттің ғылым саласындағы саясаты.

Сөйтіп, ғалым дүниесі іргелі ғылымдар және техникалық ғылымдар болып екіге жарылып отыр. Мемлекеттің ғылымдағы саясаты осы екі саланың қайсысына басымдық беруге байланысты.

Адамды, халықты, ұлтты субъект ретінде қарайтын гуманитарлық-қоғамдық ғылымдар жаратылыстану ғылымдарымен бірге іргелі ғылым саласына жатады. Гуманитарлық-қоғамдық ғылымдар, әрине, ғылыми-техникалық ғылымдармен салыстырғанда нәтижесі қолма-қол көрінбейді.

Егер ғылым дүниесі тек табиғатты өзгертуге, оның беретінін еселеп алуға, бермесін «тартып алатындай» жаппай технарлық мәдениетке бой ұрса, қалай болмақ? Адамның қоғамдағы болмысы, адам болып қалмағы толеранттылық, ізгілік, адамгершілік, қанағат, ар-ұят тәрізді рухани іргелі категориялармен байланысты. Ал рухани дүниеліктер жеке санадан, қоғамдық санадан ығыса бастаса, бұл – аса қауіпті. Адамзаттың өз ажалы өзінен болмақ. Сондықтан адамның, қоғамның, ұлттың, рухани дүниесін зерттейтін іргелі ғылымның гуманитарлық-қоғамдық саласының дамуы мемлекеттің осы салаға басымдық беруіне байланысты. Осы саясатқа кері әсер етуге тырысатын, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарды мойындай қоймайтын технарлық көзқарастағы ғылыми тұлғалар да бар. Бұл жайт гуманитарлық-қоғамдық ғылымдарға қолдау көрсетуді қажет етеді.

– Алдымен ғылымдағы ұжыммен, уақытша шығармашылық топпен қол жеткізген жетістіктер деп нені айтар едіңіз?

– Ғылымдағы жеке тұлға ретіндегі жетістіктерді соңына қалдыра тұрып, алдымен ғылыми ұжымның (шығармашылық топтың) мүшесі әрі жетекшісі ретіндегі ортақ жетістіктерімізді айтқан жөн болар. Бұл ретте мен он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігін» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-15 том. – Алматы, 2011.) атап айтар едім. Аталмыш Сөздікте сөз байлығы тіркеліп қана қоймай, олардың мән-мағыналарын жүйелеу арқылы әдеби тілдің нормалық сипаты жаңа бір деңгейге көтерілді. Бұл Сөздік қазақ тіл білімінде жаңа типтегі сөздік индустриясын қалыптастырудың бастамы болды. Қолға алынуға тиіс көне, сирек сөздердің сөздігін, шет тілдік сөздігін, этномәдени сөздердің сөздігін жасауға, этимологиялық, стилистикалық сөздіктерді құрастыруға, түркі тілдерінің кең ауқымды тарихи-салыстырмалы сөздігін жасауға және тарихи-лексикологиялық, теориялық зерттеулерге негіз болатындай мол материал Сөздікте жинақталып жүйеге түсірілді. Осы айтылғандармен байланысты Сөздікті бүгінгі таңдағы ғылыми-теориялық сұранысқа сәйкес жасалған лексикографиялық жаңалығы мол еңбек деп тани отырып, мәдени-ғылыми жұртшылық оның лингвистикалық қырларына қатысты ғана емес, сондай-ақ мәдени-әлеуметтік сұранысқа толық жауап беретіндей мәдени факт ретінде өз бағасын берді.

Сөздіктегі сөз әлемінен халқымыздың экономикалық-шаруашылық, саяси-әлеуметтік өмірін, мәдени-рухани дүниесін, таным-білімін, дәстүрлі мәдениетін, мінез-құлқын, көршілес елдермен, жеті ықылым жұртпен қарым-қатынасын аңғаруға болады. Сондай-ақ Сөздік белгілі бір әлеуметтік топқа, жікке ғана емес, барша жұртшылыққа бағышталған. Атап айтқанда, мектеп мұғалімдері мен оқушылар, жоғары мектеп оқытушылары мен студенттері, БАҚ қызметкері мен саясаткерлер, аудармашылар, бағдарламашылар (программистер), бизнес өкілдері, қысқасы, қоғамдық өмірдегі әр алуан мамандық иелері Сөздіктің әлеуетті қолданушылары болып табылады. Көтеріп тұрған жүгіне қарай бұндай лексикографиялық еңбектің қатаң терминологиялық мағынадағы атауы жоқ, ал бейресми түрде «Үлкен сөздік» деп аталады. Үлкен сөздік жыл сайын жасалмайды, ұлттың мәдениеті үлкен деңгейге көтерілген тарихи кезеңде жасалады.

Сөздікті құрастыруға және редакциялық жұмыстарға бұрыннан тәжірибесі бар белгілі ғалымдар, филология ғылымдарының докторы профессор *Т. Жанұзақов,*

С. Бизақов, Ж. Манкеева, Р. Шойбеков т.б. қатысты. Осындай көп томдық ауқымды еңбектің орындалу барысында *Қ. Күдеринова, О. Жұбаева, А. Жаңабекова, А. Фазылжанова, А. Үдербаев* т.б. жас ғалымдар Сөздікке ерекше еңбек сіңіріп, лексикографиялық мектептен өтті.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігімен, еліміздің егемендігімен байланысты бұндай еңбектің жарық көруіне сол кездегі ҚР Мәдениет министрі *Мұхтар Құлмұхаммед* мырзаның ерекше қолдау көрсеткенін, осы ведомоствоның Тіл комитетінің басшысы болған *Шерубай Құрманбайұлы* жәрдемін және осы Сөздікті шығаруға атсалысқан «Арыс» баспасының *(Ғ. Әнесов)* қызметін атап айтуға болады.

Әдетте, Сөздік тілдің белгілі бір кезеңіндегі лексика-фразеологиялық байлығын толық көрсете алған қасиетімен жақсы деп танылды. Ондай сөздік тек лексикографтардың еңбегі немесе тіл иегерлерінің тұтынатын анықтамалық құралы ғана емес, елдің мәдени өміріндегі елеулі құбылыс, ұлттық мәдениеттің аса маңызды компоненті ретінде бағаланды.

Еліміздің егемендігімен, тәуелсіздігімен байланысты дүниеге келген бұл Сөздік – ұлт мәдениетіне олжа салған тіл мамандарының соңғы жылдардағы ең қарымды еңбегі.

Мұндай іргелі еңбек 5-7 жыл аралығында өңделіп, толықтырылған жаңа басылыммен жарық көріп отыруға тиіс. Себебі, қазіргі қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтар әлдеқайда қарқынды, оны бұрынғы тоқырау кезеңімен салыстыруға мүлде болмайды. Сөздік жаңартылып-жаңғыртылып отырмаса, лезде «қартайып», қоғам сұранысына жауап бере алмайды. Мәдени-ғылыми салада осы мәселе ескерусіз қалмауға тиіс екенін де еске салғымыз келеді.

Сонымен, «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» – ұжымдық еңбек. Ұжымдасып, ынтымақтасып атқарған ғылыми шығармашылық кейде «Жеке батыр» болудан гөрі тиімді, жемісті болар деп те ойлаймын.

Бұлай деп ойлауымның тағы бір себебі бар. Көрнекті этнолог ғалым *Нұрсан Әлімбай* мырзаның ғылыми жобасы мен концепциясы бойынша жасалып, 2011-2014 жылдары жарық көрген «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» деп аталатын бестомдық ұжымдық еңбектің негізгі авторларының бірі ретінде қатыстым. Қазақ мәдениетінде ғана емес, күллі түркітану әлемінде тұңғыш рет жарық көріп отырған бұл айтулы еңбек ғылыми ұйымдастырудың, ұжымдасудың жарқын бір үлгісі іспетті деуіме болады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» ғылыми жобасын, концепциясын жасап, ғылыми редакциясын басқаруым, сондай-ақ жоғарыда айтылған «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» атты іргелі еңбектің негізгі авторының бірі ретінде қатысуым ғылым жолындағы ең бір айтулы кезең болды деп есептеймін.

– Енді ғылымдағы жеке тұлға ретіндегі жетістіктеріңізге тоқталсаңыз?

– Зерттеушінің ғылымдағы жеке тұлға ретінде өз жетістігі жөнінде айтуы қиындау ғой. Ол жайында басқалар айтып жатса бірсәрі... Дегенмен, сұрау берген соң, айтып көрейін. Қазақ сөз мәдениеті жайында ұзақ жылғы ізденісімнің нәтижесі «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» деген диссертациялық зерттеу болды. Бұрын «Қазақ тілі мәдениеті» көбінесе практикалық пән ретінде ғана ұғынылатын. Мектеп оқулықтарында бұл пәнге орын да берілмейтін еді. Осы пәнді «Сөз мәдениеті» деген терминологиялық атаумен теориялық жаңа деңгейге көтердім десем, артық айтқандық бола қоймас деп ойлаймын. Аталмыш еңбегім қазақ тіл білімінде сөз мәдениетін

теориялық пән ретінде қалыптасуы мен дамуына өзіндік үлес қосқан зерттеу болды деп бағаланды. Сөз мәдениеті тілдік, коммуникативтік, прагматикалық, когнитивтік, лингомәдени, этикалық тұрғыдан қарастырылып, оның негізгі белгілері түгенделіп біртұтас пән түрінде берілді. Сөздің коммуникативтік сапасын объективті түрде айқындаудың, мәтінді интерпретациялаудың, тілдік нормаларды кодификациялаудың теориясын жасау жолындағы әрі қарайғы ғылыми зерттеулерге мұрындық болды.

Аталмыш зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары, материалдары жоғары мектептерде сөз мәдениеті, стилистика, когнитивтік лингвистика, коммуникация теориясы бойынша оқылатын лекциялық курстарда пайдаланылады бастады.

Сөз мәдениетін зерттеу қазіргі жаһандану кезеңінде академиялық формада қала бермеуге тиіс. Қазіргі заманда, сөз мәдениеті тілдің өміршеңдігін (vitalus), тілдік кеңістікті, тілдік ортаны қалыптастырып, тілдік тұлғаның ұлттық болмасын сақтап, өзге тілдің басқыншылығына қарсы күресетін тіл ғылымының саласы болуға тиіс; сондықтан сөз мәдениетінің объектісін кеңейтіп, жан-жақты қарауды, сондай-ақ лингоэкологиялық бағытты да бағдарға алған едім.

Осындай ізденістің нәтижесінде жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған «Қазақ тілі. Сөз мәдениеті» деп аталатын оқулығымның үш басылымы жарық көрді. Осы оқулықтың жүйесімен басқа да оқулықтар мен оқу құралдары шыға бастады.

– *Тілтаным ғылымы: қазақ жазуын жетілдірудің өзекті мәселелері мен келелі міндеттері туралы айтсаңыз.*

– Бұған мен қазақ жазуын латын қарпіне көшірумен байланысты мәселелерді жатқызамын. Ғылыми-мәдени жұртшылықтың едәуір бөлігінің пайымдауынша, қазақ жазуын дамытудың, жетілдірудің бірден-бір жолы – латын графикасына көшу. Бұл жөнінде тіл мамандарының қолға алуымен *Ә. Қайдар, Н.Уәли, Ә. Жүнісбек, З. Базарбаева, Қ. Күдеринова, А. Фазылжанова* т.б. зерттеулерімен ұсынған әліпби жобалары бар. Осы бағыттағы зерттеудің негізінде жазудың ұлттық және ұлттық емес сипаты айқындалды. А. Байтұрсынұлының төте жазу феномені ғылымда нағыз ұлттық жазу деген бағасын алды. Олай дейтініміз, А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде 9 дауысты, 19 дауыссызға негізделген әліпби жасады. Қазақ жазуын латынға көшіруде тіл мамандары негізінен А. Байтұрсынұлының фонологиялық жүйедегі ғылыми ұстанымын негізге алды. Болашақ әліпбидің қазақ тілі дыбыстық жүйесінің онтологиялық болмысына сәйкестігі қазіргі таңда тіл мамандарының негізгі ұстанымы болды. Алайда техникалық ғылымдар саласының өкілдері қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіруде «компьютер тақтасына сәйкестендіру» концепциясын негізгі ұстаным етіп алды. Бұл концепция, қазақтың төл дыбыстарын (*ә, ө, ұ, ү, ы, і; ғ, қ)* белгілейтін әріптерді қос-қосынан қосарлап береді. Бұлай ету, түптеп келгенде, тілді компьютерге бейімдеу болып табылады. Біздің, тіл мамандарының концепциясы бойынша, керісінше, компьютер тілдің дыбыстық жүйесіне бейімделуі тиіс. Халықтың тұрмыстағы қарапайым мысалымен айтқанда, «етікші етікті аяққа бейімдеп тігеді, етікке қарап аяқты бейімдемейді».

– *Тілдердің үштұғырлығы және қазақ тілінің даму жағдаяты туралы не айтар едіңіз?*

– Бұл ғылыми негіздеуді қажет ететін аса күрделі мәселелердің бірі. Аталмыш мәселенің дұрыс шешім табуы, біздің ойымызша, *әлемдік тіл жағдаяты* мен *жеке тіл жағдаятын* салыстыра қараумен байланысты. Әлемдік тіл жағдаятында кез келген мемлекеттегі зиялы қауымға жататын тілдік тұлға бір ғана тілді білумен

шектелмейді, өзінің ана тілін жақсы меңгерген тілдік тұлға тіларалық қатынаста (коммуникацияда) ағылшын, француз, неміс, испан тәрізді т.б. шет тілдерін біледі, яғни *полилингва құбылысы* тілдік үрдіске айналған.

Полилингва құбылысының тілдік үрдіске айнала бастауы әлемнің жаһандану жағдаятымен тығыз байланысты. Осындай әлемдік тіл жағдаятынан Қазақстанның да шеткері тұра алмайтыны белгілі. Қазақстандық тілдік тұлғалардың да бір ғана тілмен шектелмей, ана тілімен қоса екі-үш тілді қатар меңгеруі қазіргі заманның талабына айналып отыр. Кейбір белгілі тіл мамандарының болжауынша, түптеп келгенде, әлемдік тіл жағдаятында ағылшын тілі ғана тіларалық қатынас қызметін атқармақ. Себебі халықаралық саяси форумдарда саясатшылар, халықаралық ғылыми конгрестер мен мәжілістерде ғалымдар, негізінен, ағылшын тілінде қарым-қатынас жасап ақпарат алысуы негізгі үрдіске айналып барады. Ақпарат беру, ақпарат алу әлемдік тіл жағдаятында ағылшын тілінің монополиясына айналып, бұл тіл бәсекелестіктің басында тұр.

Бұл айтып отырғанымыз – әлемдік тіл жағдаятына қатысты, ал өзіміздің еліміздегі *жеке тіл жағдаятына* келетін болсақ, Қазақстандағы тілдік тұлғалар, ең алдымен, мемлекеттік тілді, сонымен қатар орыс, ағылшын тілдерін де білуі негізгі үрдістің біріне айналмақ. Қазақ тілін жетік білетін тілдік тұлға, өзінің ана тілі арқылы өзге елдің де мәдениетін тани алады, өз мәдениетін өзгеге де таныта біледі. Сонымен қатар, өз ана тілін өзге тілдермен салыстырудың барысында, туған тілінің құдіреті мен қасиетін жақсы сезінеді. Сондай-ақ өзінің ана тілі – қазақ тілін де әр алуан ақпараттармен байыта алады.

Тіл маманы ретінде әртүрлі аудиторияларда «қазақ, орыс, ағылшын тілдері өзара бәсекелес бола ала ма?» деген сұрауға менің жауап беруіме тура келді. Сондағы айтқаным: құқықтық мәртебесі бар қазақ тілі өз елінде, өз жерінде бәсекенің басында тұрмақ. Ағылшын тілі халықаралық қатынастарда саяси, ғылыми ақпараттарды өз иелігіне меншіктеп алды десек те, еліміздегі тіл жағдаятында ағылшын тілі көркем өнеріміздің, көркем әдебиетіміздің, дәстүрлі және қазіргі мәдениетіміздің, ғылым мен біліміміздің, бұқаралық ақпарат құралдарымыздың, басқару саласының тілі бола алмайтыны белгілі. Бұл жағынан ағылшын тілі де, орыс тілі де қазақ тілімен еш уақытта бәсекелесе алмайды. Ана тілінен қол үзіп, тек ағылшын тілін білсем жеткілікті, ғылымда, саясатта танымал тұлға боламын деу шалағайлық болар. Ара-тұра біздің елімізде де ондайлардың кездесетінін көріп те, естіп те жүрміз. Мысалы, Ресейде, Германияда, Францияда немесе Испанияда өзінің ана тілінен қол үзіп ағылшынға айналған орысты Ресейден, немісті Германиядан, французды Франциядан, испанды Испаниядан кездестіре қоюымыз екіталай. Өйткені олар өз ана тілін өзге тілден жоғары қояды. Өзінің ана тіліне атүсті қарайтындардың есіне осы жайтты салғымыз келеді.

– «Ғылымдағы өзімнің ізбасарларым» деп кімдерді айта аласыз және олар қандай жетістіктерге қол жеткізді?

– Ғылымдағы сабақтастықтың болуы, ғылымның дамуы үшін ғылым кадрларын даярлау аса маңызды екені айтпасада түсінікті. Менің бір байқағаным, *ұстаз, шәкірт, ізбасар* атауларының мағынасы қазіргі кезде құнсызданып кеткен сияқты көрінеді. Ал, шынында, ғылымда екі субъектінің, – жетекші мен ізденуші арасында интеллектуалдық энергия мен рухани байланыс болса, сонда ғана ізденуші (аспирант, докторант) жетекшісін *ұстазым* деп қадір тұтады, ал ұстаз да ізденушісін *шәкіртім* деп, жүрек сөзімен айтады. Шынайы ұстаз бен шәкірттің арасында интеллектуалдық

энергия да, рухани байланыс та үзілмей жалғаса береді. Өзімнің шұғылданып жүрген салам бойынша 13 ғылым кандидатын, 2 ғылым докторын даярладым. Олардың ішінде *филология ғылымдарының докторы, профессор Құралай Күдеринова; филология ғылымдарының кандидаттары мен доценттері Жанат Исаева, Гүлжиһан Сынасапова, Гүлфар Мамырбекова, Айгүл Әмірбекова, Орынғазы Әбутәліп, Назира Әміржанова* өз зерттеулерін тереңдетіп, дамытып, оқулықтар мен оқу құралдарын, сөздіктер шығарып, өз саласында танымал болғандар. Шығарған кітаптарын, жазған зерттеу мақалаларын арнайы жіберіп тұрады, менің де жазған-сызғандарымды қалдырмай оқып жүреді. Біріміз ұстаз, біріміз шәкірт дегендей. Дегенмен олардың ішінде орны бөлек шәкіртім бар: қаламымды Құралай ұстаса деймін.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз ... 3

I СӨЗ МӘДЕНИЕТІ. СӨЗ ҚИСЫНЫ

Сен дұрыс сөйлей білесің бе? ... 4
Сөз мәдениеті туралы ... 5
Сөз мәдениетіне жаңаша көзқарас ... 7
Сөз мәдениетіне сергектік керек ... 13
Тіл мәдениетіне көңіл бөлейік ... 17
Сөйлеу тілінің формалды-коммуникативтік сипаты ... 18
Сөз байлығын саралаудың негізгі нәтижелері («қазақ әдеби тілінің сөздігі» туралы) ... 26
Сөз жасау қисыны хақында ... 33
Жаңа сөздердің қолданылуы жайында ... 35
Тілдік жүйе – норма – узус және олардың ортақ тұстары мен айырым белгілері ... 37
Тілдік орта үшін күрес ... 42
Тіл экологиясы ... 54
Терминология және тілдік норма ... 57
М.Әуезовтің тұрақты сөз тіркесін қолдану ерекшеліктері жайында ... 65
Көсем қолданған бейнелі сөздер ... 68
Сөз талғамы – көркем тіл кепілі немесе көркем әдебиет стиліндегі контраст туралы ... 70
Көркем әдебиет тіліндегі стильдік контраст ... 74
Эпос өрнектері ... 80
Көркемдік кілті ... 82
Тіл заңдылығы мен сөз сыры ... 86
Сөз табиғаты және көркем тіл ... 91
Бұқаралық коммуникация және сөз мәдениеті ... 98
Бұқаралық коммуникация және сөз ықпалдастығы ... 107
Бұқаралық ақпарат құралдары және оның тілдік, коммуникативтік нормалары ... 120
Бұқаралық коммуникациядағы ақпараттық норма мен тілдік норманың үйлесімі ... 136
Радио, телехабар субъектілерінің ерекшеліктері: коммуникативтік тұлға факторлары ... 144
Жаңа қолданыстардағы вариантты лық және оларды кодификациялаудың негіздері ... 152
Жаңа қолданыстардың типтері мен түрлері және оларды кодификациялау туралы ... 162
Қазақ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесіндегі жаңалықтар және олардың нормалануы туралы ... 170
Қазіргі бақ тіліндегі сөз бедерлеу тәсілдері ... 179
«Оралман» сөзін олқы көрмейік ... 186
Ескі жара немесе жаңғырған ойлар (сұхбат) ... 188
Диалектизмдер құбыжық емес (сұхбат) ... 192

II ӘЛІПБИ. ЖАЗУ ТЕОРИЯСЫ

Жазу ... 195
Әліпби ортологиясы ... 206
Ұлттық сана және «әліпби» концептісі ... 210
Жазба коммуникация және оның ауызша коммуникациядан өзгешеліктері мен артықшылықтары ... 213
Ауызша сөз бен жазба сөздің коммуникативтік статусы туралы ... 218
А.Байтұрсынұлы – ұлттық жазудың негізін қалаушы ... 230
Ахмет байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы ... 237
А. Байтұрсынұлының дәйекшесі негізіндегі интернет әліпби ... 244
А.Байтұрсынұлы әліпбиінің фонологиялық негіздері туралы ... 250
Профессор қ. Жұбановтың буын туралы теориялық тұжырымдары ... 255
Арша жазуы туралы ... 260
Жаңа әліпби критерийлері ... 263
Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру тұжырымдамасының жобасы ... 265
Латын графикасына негізделген қазақ ұлттық әліпбиін түзу принциптері ... 274
Талдау, талғау және саралау: үміт пен күдік ... 279
Түңілмеске тіректі тіл әлеуетінен іздесек ... 287
Казахский алфавит на основе латинской графики ... 293
«Бара-бара ұлттық тіліміздің ата-бабамыздан келе жатқан сыры мен сипатын жоғалтып аламыз ба?» Деген үлкен қауіп бар (сұхбат) ... 302
Орфографияға оңтайлы әліпби керек (сұхбат) ... 307

III ОРФОГРАФИЯ. ОРФОЭПИЯ

Қазақ орфографиясының негізгі принципі туралы ... 312
Қазақ орфографиясы ережелерінің концепциясы ... 317
Емле ережелерінің танымдық-тағылымдық негіздері туралы ... 326
Жаңа орфографиялық ереженің лингводидактикалық негіздері туралы ... 331
Біріккен сөз туралы ... 335
Жаңа емле: ой. Пікір. Ұсыныс ... 343
Қалай жазғанымыз дұрыс? Қыркүйек/қыргүйек; көкөніс/көгөніс; шекара/шегара сөздерінің емлесі жайында ... 344
Орфоэпиялық нормаларды кодификациялаудың теориялық негіздері ... 346

IV ТҰЛҒАЛАРҒА ТАҒЗЫМ

Мәулен балақаев – ғылымды ұйымдастырушы ... 355
Ғалымның ғылымдағы ғибраты ... 359

Арқалап азаматтың ауыр жүгін 365
Тіл тамырын тереңнен тартқан түркітанушы ғалым 367
Х.Арғынбаев – этнолингвист ғалым 375
«Мен айтпасам, кім айтады...» 380

Нұргелді Уәли

ТІЛТАНЫМДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Екінші кітап

Корректор: *Ж. Тұрғынбаева*
Беттеген: *Т. Есжанов*
Мұқабасын көркемдеген: *Р. Скаков*

Басуға 12.11.2025 жылы қол қойылды. Пішімі 70x100 $^{1}/_{16}$.
Қаріп түрі «Times New Roman». Қағазы офсеттік.
Көлемі 25 б.т. Таралымы 100 дана.

050010, Алматы қ. Құрманғазы көшесі, 29
ҚР ҒЖБМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Тел./факс: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61

«Асыл» баспасы
Байланыс номері: + 7 701 930 24 16